■ МЕРЕЙ

Жарқыраса Оғлан Алатау оттары



Бүгін – Қазақстанның ең бай тарихы газеттерінің бірі, Жетісу өңірінің жалғыз апталығы «Огни Алатау» газетінің 90 жылдық мерейтойы. Газеттің барлық оқырмандары мен достары осынау мерейлі датаны әлеуметтік желіге жылу сыйлап, өз кезегінің басқа да прогрессшіл қайраткерлердің пікірлері және қамқоршысы, Жетісу өлкесін құрушы Герасим Алексеевич Колпаковский нақ сол кезде «Публикации по «Семиреченской области» деген атпен басылымды тұрақты түрде шығарып тұру жөнінде ұйғаң берді. Аталған басылымның аты көп кешікпей-ақ «Семиреченские областные ведомости» болып өзгеріп, 1918 жылдың көктеміне дейін солай аталып келді.

Бұл бүгін басылымымыздың жасын есептеудің тұғырлы нүктесі болып саналады.

Газет хабарландыру сипатындағы барынша маңызды материалдарды сол кездің өзінде көрнекі жерлерінде қазақ тілінде де (араб графикасымен) бере бастады.

Дегенмен, Жетісуда жаңа өкімет орнағанның кейін газет тақырыбындағы көп жылдардың бері сақталының келе жатқан тұрақтылық жойылды. 1918 жылдың наурызынан бастап бүтінгі атауымен оның алғашқы нөмірі шыққан 1963 жылдың 1 мамырына дейін газеттің аты (мынадай ретпен) «Заря Свободы», «Вестник Семиреченского трудового народа», Голос Семиречья», «Правда», «Семиреченская правда», «Джетысуская правда», «Джетысуская искра», «Красная Знамя», «Социалистическая Алма-Ата», «Жетісу» – «Семиречье», «Алма-Атинская правда» болып талай рет өзгерді.

Газетіміздің аты қанша рет өзгергенімен оның редакциялық құрамы мен шығармашылық негізі өзгерген емес, ал газеттің өзі Жетісу өлкесінің, республикамыздың, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және әлемдік қоғамдастықтың сан-салалы өмірін сол қалпында әділдіктен ауытқымай көрсетіп, барлық тарихи және ағымдағы оқиғалардың, құбылыстар мен өзекті мәселелердің айнасы болып келеді. Мұның өзі шынайы қазақстандық патриотизм сезімі біріктірген көркекті қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлердің, жазушылар мен ғалымдардың, өнер қайраткерлерінің, селолық, аудандық, жұмысшы және әскери тілшілердің, әр жастағы адамдардың және түрлі ұлттар, мамандықтар мен әлеуметтік топтар өкілдерінің, қайталанбас ғажайып тағдырларын суреттейтін беттерден айқын көрінеді.

Аталған тақырыптарға арналған жүйелі тарихи-публицистикалық материалдар (көп ретте «Что в имени твоем, газета наша? Из прошлого – близкого и далекого» деген жалпы айдармен) үлкен қоғамдық резонанс тудырып, 2009 жылы «Огни Алатау»-ға 140 жыл толу фактісін ресми бекітудің қажеттігіне жұртшылықтың көзін жеткізе түсті.

Мерзімді басылымдардың нақты жасын айқындаудың осындай оқиғалары бұған дейін болып па еді? Иә, болған. Мәселен, Санкт Петербургтегі бүгінде әріптестерміз 2008 жылы өздерінің облыстық газеті – қазіргі кезде өзіне қайтарылған «Санкт Петербургские Ведомости» атымен белгілі бұрынғы «Ленинградская правда» газетінің нақты жасын айқындады. «Ведомостидің» бірінші нөмірі 1728 жылы Петербург Ғылым академиясының жанынан, Петр Бірінші қайтыс болғаннан кейін үш жылдан соң шықарып көрген екен. 1917 жылы (оқырман кезде «Петроградские» деп аталған) «Ведомости» жабылады, бірақ нақ сол жылы полиграфиялық және қаржылық базасында 1918 жылдан бастап «Ленинградская правда» шыға бастайды.

Дегенмен, біздер питерліктер сөйтті екен деп «Огниді» нақты басылымның 140 жыл толуына орай, жарты ғасырға жуық уақыт бойы берік орнықкен өзімізден атымызды өзгертпеуіміз келмейді. Ортақ тарихымызға соңғы жылдар мен оның жылдықтарында болған барлық өзгерістердің изтижесінде «Огни» өз бойына отандық және шетелдік журналистиканың үздік дәстүрлерін сіңіре білді, ал Қазақстан нақты тәуелсіздік алғаннан кейін кемшіліктерден арылуға тырысты. Дегенмен, мұның өзі біздер газет шығарудың шыңына жеттік дегенді білдірмесе керек.

«Огни Алатау» өз кезінде Жетісудың экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқаны үшін жоғары мемлекеттік марапат Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болған болатын. Мұны біз еңбегімізге берілген лайықты награда, ортақ өмірбаянымыз бен данқты жылнамамыз деп білеміз. Көптеген оқырмандарымыздың, «Огниді» ғылыми-шығармашылық белсенділерінің пікірінше газеттің сөз тек Жетісу өлкесінде ғана емес, одан сырт жерлерде де беделді. 2007 жылдың жазында «Огни Алатаудың» республикалық журналистикадағы ең беделді сыйлық – «Алтын Жұлдызбен» марапатталғаны да сол себепті болса керек. Мұндай награда бізді алдағы уақытта да қол жеткен кәсібилігімізді төмендетпеуге, керісінше, оны газетімздің көптеген авторына, олардың біліктілігіне сүйене отырып, дәйім көтеріп отыруға міндеттейді.

Екі облыстық газет «Жетісу» мен «Огни Алатау» көптеген жыл бойы ынтымақтаса еңбек етіп, ортақ мәселелерді бірлесе шешіп келеді. Міне, «Жетісу» газетінің 90 жылдығының да төбесі көрініп тұр. Соған орай, барлықтарыңызды ортақ мерекемен құттықтаймыз!

Валерий ОВЕРКО,
«Огни Алатау» газетінің бас редакторы.

Бағыты айқын басылым

Баспасөз – заманға үн десек, сол үлкен әлемде өзіндік бет-бағдары, айтар ойы, салмақты орны бар басылымдардың қатарында «Огни Алатау» газеті жүр. Ол қоғам дамуының кай кезеңінде, қандай да бір өткелең түстарында болатын уақыт тынысын дөп басты, ел мен жер тарихының шынайы шежіресіне айналды. Сонымен де тұғыры биік, топшысы бекем.

Қазақ елі азаматтық алған тұстағы редакция ұжымының сан-салалы жұмысын сараптар болсаңыз – екінші тынысымыз ашылғанымен, дағдарар едіңіз. Ел алдында өзіндік орны бар Жетісу өлкесінің, ірге басқан өрнекті істерін, сәулетіне дәулеті сай тыныс-тіршілігін барынша жарқырата көрсетіп келеді.

Ендеше, беделді басылымның келешегі бұдан да кемел болса керек.

Мерейтой құшағында отырған газет ұжымы мен мындаған оқырманын айтулы қуанышпен құттықтай отырып, айтар әңгіме, жазар дүние еселеніп, шығармашылық шабыт арылмасын дегіміз келеді ақ ниетпен!

Алматы облыстық "Жетісу" газеті редакциясы атынан.

Ел редакторы
Ж. ШҰҒЫЛАЕВ

■ ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

Елбасының халыққа Жолдауынан кейін, халық қалаулылары елдіміздегідей аралап, ондағы ел-жұртпен кездесуді дәстүрге айналдырып келеді. Сенатор Төлеген МҰҚАМЕТЖАНОВ та І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттерімен кездесіп, жаңа Жолдаудың елімізді өркендеуіне қосар үлесі жайында әңгіме өрбітті. Кездесуде Талдықорған қаласының әкімі Сәкен ЖЫЛҚАЙДАРОВ және ЖМУ-ның ректоры Есенгелді МЕДЕУОВ те болды.

ТЫҢДАРМАН ӘНДІ БІЛСЕ ДЕ

оның авторын біле бермейді

Қажет АНДАС

Сөз кезегінде халық қалаулысы алдымен Жолдаудың басым бағыттары жөнінде кеңінен тоқталды.

– Елбасының биылғы Жолдауы құнды идеялармен елімізді өркендеуіне серпін беріп, халықтың әлеуметтік дамуын іске асыруда өрелі міндеттерді алға қойып отыр. Біз ең алдымен әр бірімізді осы Жолдауға қатысымыз бар екенін білуге тиіспіз. Жолдау дегеніміз – алға қойылған мақсат. Әрине, Жолдауда белгіленген шараларды ешкім келіп бізге істеп бермейді. Оны өз деңгейінде орындауға бәріміз күш салуымыз керек. Сонда ғана елімізді өркениетті өреге шығаруға боламыз, – деді сөзін түйіндеп.

Басқосуда жолдауда көрсетілген білім беру саласын қолдау мен жастардың өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып шындалуына жасалып жатқан жақсы жағдайлар төңірегінде ойлар ортаға түсті. Сонымен бірге, депутаттың да тағы бір қыры ашылды. Студенттер сенатордың жеке өмірімен де танысу орайына не болды.

Кездесуде қойылған сұрақтар өте көп болды.

– Сіздің өнер жолына түсуіңізге не себеп болды? – деген студент сұрағына.

– Мен тұңғыш әнімді он екі жасымда жазған едім, басында ауыл мектебінде оқытушы бола жүріп, бірден консерваторияға құжаттарымды өткіздім. Жиырма жеті жасымда бірінші курстың табалдырығын аттаған едім. Алайда, өнерге деген сүйіспеншілік мені осы бикке жеткізді, – деп жауап берді өмірбаяны жайында тоқталып. Төлеген Мұқаметжанов тек депутат қана емес, елге танымал композитор және ақын. Оның әуеніне жазылған "Күс жолы", "Заман-ай", "Інкәрім-ай", "Бесбалалық" сияқты жүректі елжіретіп, көңілді тебірентетін лирикалық сарыны басым әндерін жұрт сүйіп тыңдайды. Кездесуге бірнеше әнтаспасы мен жыр жинағын да ала келіпті. Жанадан жазылған "Көктем" атты әуеннің тұсауы осы университет студенттері алдында кесілді.

– Халық құмарта тыңдайтын әндерді тек орындаушылар арқылы ғана таныды. Ал оның авторын біле бермейді, – деп ағынан ақтарылған халық қалаулысы толассыз қойылған сұрақтарға құрғақ сөзбен ғана емес, музыка тілімен жауап қайырып отырды. Көпшілік ел арасында кеңінен таралып, естіген құлақты елітіп жететін бірталай әуендердің авторының кім екенін де осы сәтте ғана білді.

■ ТАҒАЙЫНДАУ

Басты талап – сапалы қызмет



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бейсенбі күні облыс әкімдігінің кіші мәжіліс залында жаңа тағайындауларға байланысты отырыс болып өтті. Оны ашып, жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ конвкторды таныстыра келіп, сөз кезегін Қазақстан Республикасы мемлекеттік істер жөніндегі Агенттігінің төрағасы Габидолла Әбдірахымов берген:

– Қазіргі күні елімізде атқарылып жатқан саяси және қоғамдық шараларға байланысты түрлі жаңа тағайындаулар болып жатқаны белгілі. Бүгін сіздердің араларыңызға осындай бір жағымды жаңалықпен келіп отырған жайымыз бар, – деді Габидолла Рахматаллаұлы сөзінің басында. – Мемлекеттік істер жөніндегі Агенттіктің Алматы облысы бойынша аймақтық басқармасының бастығы, облыстық Тәртіптік кеңестің төрағасы Рүстем Кабидоллаұлы Жолмаманың басқа қызметке ауысуына байланысты бұл орынға Серікбай Өрікбайұлы Нұрғисаевты тағайындағалы отырмыз.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университетті, Жоғарғы партия мектебін және Қазақ Мемлекеттік басқару академиясын тамамдаған экономист, саясаттанушы, экономика ғылымының кандидаты Серікбай Өрікбайұлы бұрын да көптеген жерде жоғарғы лауазымды қызметтер атқарған болатын. Сіздер оны Қызылорда облысының әкімі, Президент Әкімшілігінің және Президенттің кеңесшісі және Президент Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы болып еңбек еткен кездерінен жақсы білетін боларсыздар. Сондықтан бұған дейін де өзінің іскерлігімен, адалдығымен, еңбекке деген қарым-қабілетімен көрініп жүрген Серікбай Нұрғисаевты Елбасының келісімімен Мемлекеттік істер жөніндегі Агенттіктің аймақтық басқармасына бастық етіп тағайындауды жөн көріп отырмыз. Және од өзіне жүктелген міндетті абыроймен аткарып шығатынына сенімдіміз.

Осыдан кейін сөз алған **Серікбай Нұрғисаев** өзінің Алматы облысында тұтанымен республиканың көптеген аймақтарында еңбек өткенін айта келіп, өзіне көрсетілп отырған сенім үшін жұртшылыққа алғысын білдірді.

– Қызметке тағайындалып отырғаным бір бүгін емес, сондықтан адамдармен қарым-қатынас жасауды меңгердім деп ойлаймын. Және қай жерде жұмыс жасасам да ешқимнің сонына түсіп, біреумен ермегім жұмыстан. Бұл қызметте де мемлекеттік талап деңгейінде өзгерушбен қарым-қатынас жасаймын деп ойлаймын. Бірлесе еңбек өткенде ғана ортақ мақсатқа жететін болады.

Біздің алдымызға бүгінгідей мемлекеттік қызметкерлердің сапасын арттыру, халыққа көрсетілетін қызметті жетілдіру мақсаттары қойылып отыр. Алдағы уақытта осыған байланысты жаңа заңнамалар қабылданып, талаптар да күшейе түспек. Сонымен бірге «Нұр Отан» партиясымен бірлесе отырып, жемқорлыққа қарсы ешкы беруді де дәйекті жүргіземіз. Айналып келгенде осының барлығы жұртшылықтың мемлекеттік қызметкерлерге деген сенімін нығайтып, әлеуметтік әділдіктің орнығуына мүмкіндік беруі керек, – деді жаңадан сайланған басқарма төрағасы.

Өз кезегінде сөз алған **Рүстем Жолдаман** екі жарым жыл Алматы облысында еңбек өте жүріп, Жетісудың қожасын жұртымен, еңбеккор адамдарымен тұыстас болып кеткенін айтып өтті. Сол сияқты Еуропалық оқыту орталығының директоры қызметінде де халыққа пайдасын тигізе беретіндігіне сенім білдірді.

Жаңалас соңынан Тынышбай Досымбекұлы жаңадан тағайындалған басқарма бастығын қызмет орындауына отырғызып, жұмысына табыс, денсаулық тіледі.

■ КАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Балаларға үкілі үміт сыйла»

Бүгінде «Айналайын» балалар үйінде 150-ге жуық бала тәрбиеленіп жатыр. Олардың бәрі де өмірлерін бір кезде ата-ана, туыстарымен, республикалық бұқаралық ақпарат құралдарымен жүздесу арқылы өткізеді. Сонын ішінде бізге «Адал-Дидар» үкілі ақ бақ ақпаның ең құрғақ «Жанұя» ұлттық ақпаның ұйымдастырған «Балаларға үкілі үміт сыйла» атты конкурстық бағдарламада өзге де ақпаратқа тәрбиеленіп, комплекстік жүргізілетіндігін тәнір етті. Аталмыш конкурстық бағдарламаны ұйымдастырушы қоғамдық бірлестіктің қолдауымен өткен «Мұғалімдер» комплексінің ең негізгі мен «Нұр Отан» Халықтық демократиялық партиясы. Қайырымдылық шарасының өтуіне ұйытқы болған «Нұр Отан» ХДП Елбасының қолдауымен өткен «Ақжайық» балалар үйінде хореограф Бағдат Ағыр: – Таңқалдым, қазақ ұлтын бөп болсаңыз дағы мәнге-жайдың мәнсіздігі. Осы қатар бөгеттен қайтпаса, болашақта бір мәнсіздің бөгеттен қалыптасқандығына сенімсіздік, – деді.

Қайырымдылық шарасының жалғасын көрсеткен «Айналайын» балалар үйі тәрбиеленушілерінің және оқушылардың түрлі қызығушылықтарын ескерген облыстық балалар үйінің оқушылары Жанна Бейсенбаева.

Сәрбін ҚАСЫМБЕККЫЗЫ.

«Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы мен «Қамқор XXI ғасыр» корпоративті қорының бірлесе ұйымдастыруымен 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында «Аналар – асыл жандар» атты кеш өтті. Оған облысымызға елеулі еңбек сіңірген ардагер және «Алтын Алқа», «Күміс Алқалы» көп балалы аналар қатысып, гамаша жыр шашумен өрнектелген тағылымды шараның куәсі болды.

«Аналар – асыл жандар»

халық партиясы өткізген тағылымды кеш

Алма ЕСЕНБАЕВА

Облысымыздың әр шалғайынан осы кездесуге арнайы келген аналарымызға арнап, «Нұр Отан» ХДП Алматы облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары **Айтбай Сейітов** тілегін жеткізді.

– Бүгін шын мәнісінде ерекше күн. Тіршілігің тыныстында тағы да бір жылдың күлімдеп, тән шіпаның атқынан көктемі келді. Көктеммен бірге асыл жанды аналардың, аяулы аналар мен әжелердің гамаша мерекесі келіп жетті.

Бүгінгі таңда әйелдер қауымы Елбасымның анаға, балаға деген қамқорлығын нақты сезінуде. Бұл Елбасымның Қазақстан халқына жасаған үлкен сыйы деп қабылдағанымыз дұрыс болар. Елбасы әр жылы өзінің дәстүрлі Жолдауында аналар мен балалар мәселесін назардан тыс қалдырып көрген емес. Бұл да қашқа дейінгі сәбиді күтіп-бағуға берілетін жәрдемақының көлемі өсіп, бала күтімінен үйде отырған аналарға жалақысының 40 пайызын аударып отыратын әлеуметтік қор құрылды. Оның мен қатар отбасының бала санына байланысты берілетін қосымша көмектердің де көлемі жыл сайын артып келеді, бұл сіздерге деген үлкен қамқорлық деп білемін. Ақ жаулықты аналарымызды осы «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан кеш бағдарламасының бастауын Алматы облысының Талдықорған қаласында тұратын Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Ұлттық Ән және би өнері академиясының профессоры Ғазиза Әлжанова ашып берді.

Ғазиза Әлжанова өзінің сахнадағы шығармашылық жолын 1960 жылы Қазақ мемлекеттік филармониясының солисі ретінде бастаған. Ол 1966 жылы Ленинградта өткен Бүкілодақтық конкурстың лауреаты, 1967 жылы Азия чемпионы, күміс жүлде иегері Динара Жұмабекованы ерекше атаған болатын.

Парасат пен пайым, ұлағат пен ізгілік жолын көрсетуші аналарымызды кеш барысында сөзге тартып, қысқаша сұхбат жүргізген «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы Алматы облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Айтбай Сейітов:

«Отбасында көп бала болған жақсы ма, әлде бір баламен шектелген дұрыс па?» – деген сауал қойды.

Оған **Жамбыл** ауданынан келген «Адал-Дидар» ана Сүйін Бибігүл жауап берді.

– Отбасында көп бала болғаны жақсы. Мен өзім 11 баланың өмірге әкелдім, қазір сондардың қызығын көріп отырмын. «Үлды – үйге, қызды – қияға» деп жылдырдым. Енді үйленбеген есімде балам ғана қалды. Бүгінде 21 немерем бар. Оларын алды оқу бітіріп, тұрмыс құратын жасқа да жетіп қалды. Сондықтан осында отырған қыздарға қазақтың санын көбейту үшін өмірге көп бала алып келіңдер және оларды дұрыс тәрбиелеуге үлес қосыңдар деген ақылымды айтар едім. Ол үшін әке мен шеше балаларына үлгі-өнеге көрсете білуі керек. Бір үйде тұратын ерлі-зайыпты адамдар бір-бірін сыйлауы қажет, ояа сыйластықтың өзі балалардың бойына үлгі болғанын да ұмтып отбасы бегуының жолын кесіп тастайды. Ешқандай ұрыс-керіс болып түссе де бір-бірін ренжітпеуге тырысу керек. Ренжіткен күннің өзінде «Кешір мені!» деген сөзден аттап өтпеу керек. Ана мен әкенің бақытты болуы балаларының бақытты болуына жол ашады, – деді.

Ақсуат ауылынан келген, 30 жыл өзін шаруашылығында еңбек етіп, қазір қызметінен өскірулен Қаз. ССР Мемлекеттік сыйлығы иегері атанып, әлемге жетекшілік болған Таңатова Қайныш апамыз:

– Айналайын, бақытты болу ұрпақ өсіру. Қасындағы қосағының гүлі болып, өмір бойы жанынай бер деп бата берер едім, – деді.

«Күйеубалаларыңның қандай болғанын қалар едіңіз?» деген сұраққа отбасындағы келіскенің, «Нұр Отан» ХДП Қапшағай қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары Зауреш Қайбекова:

– Мен күйеубалаларымның ел-жұртын қадірлеп, үлкенді, ананы сыйлайтын, тәрбиелі, талапты болғанын қалар едім. Ең бастысы туған елін, жерін сүйсін, оған адал қызмет өтесін, қасық қаны қалғанша Отанын қорғауға дайр тұлға ұлтымастан бақыт деп айтар едім, – деді жылы ұғынып.

Осындай әдемі сыр-сұхбаттан соң кештің демеушілері «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы мен «Қамқор XXI ғасыр» корпоративті қорын аналарымыздың пайдасына қаржы жауып, арнайы сәлемдесу-құттықтаулар тарту етті. Кеш «Айналайын» балалар үйінің балаларының әдемі концерттік бағдарламасымен жалғасын тауып, ән мен күйге ұласты.

■ ЖАҢАЛЫҚ



"ІҢКӘРІМ-АЙ" КІМГЕ АРНАЛҒАН?

Бұл күндері "ау" дегеніне әнішімін деп жүрген талайды тәубесіне келтіріп, қайнағы бұзылмаған қазақы өнеріміздің түбі желбіреткен халқымыздың дүлдүл әншісі, Қазақстан Республикасының халық артісі, Татарстанның халық артісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, "Құрмет" орденінің иегері Нұржамал Үсенбаева І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында жетісулық тыңдармандарына өз концертін ұсынды.

Қаламыздағы Мұқан Төлебаев атындағы оркестрдің сүйемелдеуінде Шәмші Қалдаяқов, Мұқан Төлебаев, Манарбек Ержанов сияқты халық сазгерлерінің жүректі тербеген "Қайықта", "Ғашығым", "Ақмарал", "Арыс жағасында" қатарлы туындылары мен әлем мойындаған шет ел композиторларының шығармаларын орындап, сахна әрін кіргізіп, тыңдармандарын тағы бір сұлу сезімге бөледі.

Бұл кеште Парламент Сенатының депутаты Төлеген Мұқаметжанов өзі жазған бірнеше туындысын орындай келіп, "Інкәрім-ай" әнінің шығу тарихы туралы айтып берді. Сенатор бұл әнді осы кештің қонағы, халықтың әнші қызы, әзіңе сүйікті жары Нұржамал Үсенбаевага арнап жазған екен.

Екі сағатқа созылған ән кеші бір демде өте шықты. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда Республика сарайына шығып бір ән айтса, "жұлдыз" болып шыға келетін әнші көп. Ондай қолдан жасалған әншінің биіктігі қолжетім жерде ғана болады, ал Алланың нұры түсіп, бағы жанған адамның жұлдызы биікте оған тек алыстан қарап, сүйсініп қана отырасың. Сүйкті әнішіміздің концерті көңілге осындай жылы әсер қалдырды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Шәкірттері мақтанышы

Талдықорған қаласындағы спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың шыдығанына 5 жыл толды. Осы жылдарда интернат тәрбиеленушілері талай байрақты жарыстарға қатысып, мерейлері үстем болып оралды. Халықаралық турнирлер, бірінші ликтер мен басқа да мәртебелі жарыстар көптеген жастың жолын ашты. Ұл-қыздарымыздың спорт әлеміндегі орнын анықтады. Қазіргі қара шаңырақ дал бүгін ұлкен қуаныш үстінде. Жыл басталысымен жалау көтерген жарыстардан мектеп тәрбиеленушілері алтын, күміс және қашсы аралас жүлделерді мейлінше көп әкелінті. Спортшы балалар жастар мен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионаттарында да жүлделерді жаңбырша жаудырууда.

Жақында осы мектеп-интернатта артта калған спорттық жылды корытындылауға байланысты салтанатты рәсім өтті. Онда облысымыздың ғана емес, республикамыздың намысын халықаралық, құрлықтық және әлемдік додаларда табысты қорғап жүрген оқушылар мен оларды осынау биіктерге жеткізген жаттықтырушылар мараттатылды. Олардың арасында білім шаңырағындағы оқу-жаттығу бағдарламасына енгізіп бірақ спорт түрлерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері бар.

Елімізді әлдуанның орындалуымен басталған салтанатта сөз алған мектеп-интернат директоры Рамиль Хамитов бүгінде осында тәрбиеленіп жатқан ұлдар мен қыздар арасында Азия мен Азия және Олимпиадалық ойындардың болашақ чемпиондарының барлығына сенетінін айтып, оқушыларының жетістіктеріне шаттанатынын жеткізді.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ.



СУРЕТТЕ: Елтай селолық округі әкімінің орынбасары Бақыт ЖҰМАНБАЕВА.

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН АРУ

ретіне жыл тауып, әр нұсқа есте қалырлықтай өткізіп, мемлекеттік қызметкерге пайдалған талап биігінен шыққан кешпін.

Селолық округ аумағындағы Бөрсөк, Елтай, Ишаш, Кемпіртөбе, Чапай, Мәдениет, Қарасу, Жаңақұмбөгет, Бөлдіқожа шілі мектептерінде қалыптан тыс-балаларын қортпен әр мектепке шешуде әрқашан ұйымдастырушылық қабілеттіне ерекшеленетін ер тебіне әр түрлі дағдыларын шыңдайды. Ол қызметтінде әлеуметтік жағынан жетілмеген категориядағы отбасыларын қамқорлыққа алып, оларға көмек көрсетуге орын, «Балам бақыт деген әр тәрбиешінің мақтанышы» ғашық.

Аймақтағы шағын және орта кәсіпкерлердің қаңуына да үлкен қолдаған, олармен байланысын нығайтуда. Сонын нәтижесінде округтегі халықтың жұмыспен қамтылуы жақсарып, әлеуметтік тұрмыстық жағдайлары да уақыт өткен сайын көтеріп келеді.

Ауыл көркі – тұрғындардың бақуатшылығы мен тұнық жерге деген мәтық көзқарасының өзгеруінде деген, отбасында ғана емес, қоғамдық жұмыстың да тиімділік пен ұстамға құрылымының басын қосқан Бақыт шілі мектебінде тәрбиеші, әдістемеші, тағы басқа қызметтің он шақырым тәбұлақ бір сәт те есінен шықпаған.

Бақыт – табалдырықтан басталады деуші еді. Осы орайда Бақытқа өмірінің жалғасы жарасын, Жолдасы Талғат Құлтөбеқұлы ешкуі айтқырын, Дидарындай қыздарының өсіруі, ұлдарын жақсылықтың жалғастыруда. Қай кезде болмасын жұмыстың мейірім шуағы төгілсін, күлімсіреп тұрғанын жанның ерекшеліктерінің әдіс ықпалын мен үлкенге деген құрмет сезім жетерлі адамы ерекшеліктің айқындайды. Осы орындай жақырлық кеңесті.

К. Ж. ЖҰМБЫЛОВА.

ЕЛТАЙ АУЫЛЫ,
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

Қыз-келіншектер жырлайды

Ана ұғымға көбелек

Мейлің бір сәт ғажайыпсің нәп-дәлдей тұрсың,
Жанарыңда қанша ғасырлар нәзік тұрық,
Кез келген де сұлулық тұрғың келмейді,
Қарс тұрып қапқан ұрып қопатын.

Сенен аттың неміде асау жүрегім,
Тағдырыңның талқан кезде тұнжырын.
Ымырасыз сөзіңнің тасқын ағынынан,
Алпыс досың-қасың қашып барғым келеді.

Әлпетіңе бір күн келер әжім, бір өкпің,
Ал шашыңа ептеп өмір қонады.
Бақ құстының балауыз қанатындай,
Ұшып келіп әлдебір мұңайды.

***

Түн ойдың түрлетіп, түрлеп,
Әлдебір терістер сүреді.
Бір күннен ауырған бір күнім,
Сағыныш сағымды сағым құр,
Үн-түнсіз мұңайам.

Шыңдалмай жасалмайтын бір ғана,
Жалғыз ғұмырдың жемісі.
Жауабын таппаған шешімге,
Тіршілік сұрақ сұрады.
Жүректің тағдырды мекендеп,
Бедсіз қай күнді өткіздің?
Алыстан барады көрбеген,
Шаттығың шайқалған шақтағы
Ақ тәнім желтоқсай... ақырап
Қортық түн көйнегін құшады...

***

Салқынмен сәлемдесіп,
Жүрек бір алып ұшқан.
Самалда, сезбедің мұң,
Сен айсың аспандағы,
Жұлдызды көрмеген түн!
Мен айға ұмтылатын
Бір жемісті көбелекпін...

Қанаттың көзін күйдің,
Тұтқыны ем сезімімнің,
Көңілін құстан күй,
Өзің де көңілсіз қыз,
Сағынған-сарғайған мұң,
Ғажайып түсіне енемін,
Ақ құрма бөлмешем...
Шалықтап ояндым.

***

Салқынды таң атыр асаң күн,
Өткендегі өткен де мазақ таң.
Жаңғырған айдарға ақпалық,
Есіліп таптың да тозақтың.

Кетуге тырбанам, құтылып,
Тұщыны тұндырсе жұтылып.
Алатын сезімге артылып
Кетерің бір күні құтылып.

Таң оқиға тұлпарың түсіп жүр,
Тыныштық-ұлы сұлулық тыныштық.
Періштеге де ешкім жоқ, перім де,
Аспан, жер арасы тұрағым.

Таң алды жарқырап жаңарып,
Шолпандай құлпырып дәрі тым.
Ғалаздың кезегін жаттығ-ай,
Қиялдың тұңғиық қиянын.

Қосылмас ешқашан түз пен тау,
Алысқан арманның бұлағы.
Бәлсіз де көңілім жоқтығын,
Тіршіліктің іздейді жұмағын.

Гүлманат ӘУЕЛХАН.

Туған жер көктемі

Бұлтық сенің, туған жер, көктемің де,
Көлеңкеде бітпер өткенің де.
Артта қалған есімдер ел ұмытпы,
Алдан үміт күтеді, өскелең.

Қойнауыңда тарихи бабаларың,
Қасқар ізі тағы да балаларың.
Көктем сайын жасыңа үміт артып,
Ел қуанар күздерге дайларың.

Жылы атық көктемің тағы келді,
Елестетіп өткенді ары-бері.
Көктем күнің нұр беріп, тау қойнауы
Жаңа жайқалу, жайқалым маған енді.

Ел үміті көктемде, әр күнің де.
Ерлік дәуірі, бау-бақшаң, тіл, сұлу де
Күлт берген халқыма, о, тұған жер,
Ерекшелеп даналық бар үнінде.

Шығар жол айқын

Мінезі – тұлпар, көңілі – сұңқар қазағым,
Аз емес ауыр күндерде көрген азабың.
Даламдай даңғыл, тұлғаң асқақ шыңыңдай,
Барлық шыдам үлгері басқан қадамың.

Білмейді кімдер қан төккен зұлым
жендеттер,
Қырғынмен елім қырық жыл одан
қорегендің.
Аранды қасқыр – қас жаулар тұлым
заманда
Мақсат қып тұтты ұрпақты тегіс
жойғанды.

Ауырға түзіп, қымыз жеріп келеміз,
Алқынып жүрек, сыздайды сызат денеміз.
Бодан да бойдың адамның арын өртеген,
Тілінде ұлы ғұлама сөзің.

Жетпіс жыл қысқа қамытты шешіп
тастадық,
Елемей ел бет тәлкісі қайта бастадық,
Азаттық қадам қашанда тәй-тәй
болғанмен
Құламай тұрдың, нықтады алға
басқаның.
Мұзытқан шың сағалап келді дағдарыс,
Гүлдеді әлем от тілек сынды бар қалмыс.
Толағай тауқым, әлемді өрт шалса да,
Міз бақпай тұрсың, көкірек толған
ар-намыс.

Елбасың қолдап, қорғасың ойым толғады,
Жолдауың жолдас, көңілге сенім орнады.
Даңдарлай шыңар жалқымыз айқын
бұл сынап,
Жаратқан ием жолыңды өзі оңдады.

Ақ тілек

Сағынатын жұрек, сағатым,
Түсіктер ұзақ барады.
Пәлсіз ақ жоға алдында,
Түйдегінші қалы – дәлелі.
Бүгіннен ертең бастаған.
Кімде жоқ ішкі, тәтті арман,
Тағдай жат тақат тілейін,
Жақсылық үлгі — қартайғанда.

Жеткен ұстаз қанат
Өскірсін ұл-қызың қол-қа
Бірінің қолы орамын
Ұмытпай мына ұлға

Құралай НАУРЫЗБЕККЫЗЫ.

Көңілімді жадыратқан көктемдей

Қарлығаш жүзді жарық етіпсің әйнектің,
Жылу беріп құрғақ тіршілік күлшесің.
Тәп-тәтті сөзің, шырынымсың, балымсың,
Қырда жеткен ғана шіпті сұлдесің.

Өмірімнің мағынасы, көпсің,
Шаттығым да, қуанышым, сәнсің,
Көңілімді жадыратқан көктемдей,
Жүрегімнің сүйеулі қорғасың.

Тәлімгерлігіңмен, тәлімгерлігіңмен,
Мылтықтың қос жағары көзіңмен,
Ғұлама ұлдарың әлемдерін энді ашқан,
Қалың қызың қылықтарың өзіңмен.

Тілің сенің шекерден тәтті ғой,
Күлкің күлкіз тау суындай сылдырлап,
Жаңа өмірді қалыптайсың мың болып,
Көпірсің-ау, әлі талай сан сұрақ.

Сөз құдіретіне ақын жеттің, құлдығың,
Мен сен үшін болам биік мұхтарың,
Парасатты, ақылды боп бойжеткен.
Басқа өткелек болар әлі ғұмырың.

Пір-кәлдеден Алаш, сенің ақпасың,
Өрісе жүзің көкке жеспесін бақ тасың,
Жалынды ағыл, көкіректің сәні көтеріп,
Жатпасын Тәңірім несібенің қақпасын!

Г. ТЫНЫБАЕВА.

Қайда кетіп барасың күндерім-ай

Қайда кетіп барасың күндерім-ай,
Бірде ашай жылт етіп, бірде бұлт.
Қалыпқа үстап өтпенді жүгірсем де,
Ішсе алмай ішіне жүгіремін-ай.

Кеше ғана он бес пен он сегізден,
Орын алып ұзақтарға ерке қыз ем.
Он бес түсіп жиырма бес артқан болды,
Қайран жастық қайдасың қайт келші.

Ақ отауым түріліп ашып кірдім,
Бесік жырын айтуды ғанибет қылдым.
Жер бетінің жеті алмай қызығын
Отыз бестің белесін басып тұрмын.

Нәзіктікпен өнерпаз бірдеңесің,
Қорқаулығың ғұрыптасып, күн де кешер.
Пендеге берер жасың қиса төңір,
Ешу, аттыс ...тоқсан мен жүз де келер.

Сені қайдан әперем күн тәбәрікін-ай,
Қолға келмейтіннің жазығын-ай.
Жетпесем де соңыңнан жүгірейін,
Қымбаттым ғой алтынның заңғарын-ай.

Мазасыз шақ

Сағынғанға сәлем кетіп, сері үміт,
Көкірегімде күзе алмадым көрініп.
Тұңғиықтың тынығынан тығыққан,
Жас көңілді жазық қылды көміріп.

Көңіл әлемін көрінбейді кермемде,
Өзімен өзім мәжбүр болдым жеңгізуге.
Күлкім тілем өлекседей құздағы
Жұмыланған жүрек жатыр кеудемде.

***

Ауаға да ақпар ағып бір түнық,
Еркін тыныс ала алмадым түнімнің.
Күзгі шақтай жапырақша жабысқан,
Жанарымда тамшылар түр іркілің.

Еркін өскен шіркін едім бір елік.
Тау қорымға қалдым неге тіресіп.
Ұшырып әйдар ұялжыған ұятын,
Ағы қайтының ағуылсыз түр емін.

Тұрғасың ба мұндай шақта күйремей.
Күлш жүрген күннің өзі бір мерей.
Жаным сылай майырылып түр менің,
Оқиғаның оққа түскен иненей.

Гүлзұр ОРАЗБАЙҚЫЗЫ.

Есімде әлі

Есімде әлі, соз жылы көктем еді,
Сол күні шыдар несер төккен еді.
Балауса балбырлаған ақ жүзімізді,
Көктемгі майда самал өткен еді.

Есімде әлі, түнжырай қарағанын,
Қиялмен қамасыңа балағанын.
«Ойымды үқ» дегендей үнсіз тұрып,
Шашыңды саусалықпен тарағанын.

Есімде әлі, сырыңды айта алмадың,
Қыжылың бір сөзіңді қайталадың.
Жанарыңның ұшқыны жеткізсе де,
Қыз қылықтан өзірік байқамадым.

Есімде әлі жалыңды көздерің де,
Жаныма гүл ескізін сездерің де
Әдемі сол шақтарды есіме алам.
Тосылып, жабырқаған кездерімде.

Өкініштің-ақ, бармадық тым ұзаққа,
Баз сезім ақылым да тұр тұрақта.
Өлеңің қызғырмен жуайынды,
Жүректің түбіндегі сөз сызат...

Тілім менің

Тілім менің, наркескендей қисық,
Ой жемісін сен арқалы түйсіне.

Авда ҚҰРТАЙҚЫЗЫ.

Билік құрған екен-ау өмір деген

Мұқағали ізімен...

Жарықтың мен кеземіз әлірменен,
Кей кездерде қуанып, көңілденем.
Расында, Мұқағали айтқандайын,
«Билік құрған екен-ау өмір деген».

Өмірдің әсіл асылы биігінен,
Кей кездерде құлайсың биігінен.
Табылмас бір жан адам арасынан,
Жұбататын көтеріп иегінен.

Бәлсіз өзер жақсы жұрмыс, жақсы айлық,
Шықпас сенің жеңілмейтін аймалықтан.
Кейбіреулер дос болуға қазір жайық,
Басыңа қиын кездер келсе кезде.
Артыңнан «қара мысық» ерсең кезде,
Достарың жұртқа тастап кете берер,
«Достық» деп адал сөзін берсең жерде.
Алдыңғы өз орныңды бұл өмірден,
Ар-намыс қайнап тұрсә әр кеудеңде.

***

Қызық ш,
Бұл дүниеге қарарға.
Айтылмышым, сіздің қандай бағаңыз?
Бір кездері оттай ашуын жасық та,
Аяусыз шоқ боп быжғын қаламыз.

Жылытады тағы әлі бұл жалған,
Өмір деген ақ қардан құралған.
Шіркін адамы бұл жүлгенімің заңына,
Талай жандар бұйырған жардан құлаған.

Тырысады бақытты өмір сүруге,
Тырысады жақсы тұрып, жүруге.
Бұл өмірдің заңы қатал соншама,
Келмей қалар шаман сенің күтуге.

Таппынасың бық шығға өрлеуге,
Қатт кетсе дер кезінде жандеуге.
Бірақ, бәлдер үйренгенбіз адамдар,
Бір Алладан басқаға еш көнбеуге.

***

Көп адам бар тағдырдан сағы сынған,
«Қалдым» деп мына өмірдің ағысынан.
Асығып барар жағын тағы білмей,
Әйтеуір, дәмі бәтіп, жаны тынған.

Кей адамдар асығып бара жатыр,
Осы жазбар не істер екен, қара да тұр!
Біреуінің жолында ақ жол жатса,
Біреуінің алдында қара жатыр.

Ақ жозменен жүріп өткен пенделер,
Талдыры да өмірі де өкерер.
Тасымағын асып тұрсаң біреуден,
Өзіңе де жерге түсер күн келер.

Қара жолмен жүрін өтер пенделер,
Болашақта не болады.
Кім көрер?
Қара жолмен жүрсең-дағы адал бол,
Сонда сенің бар ғұмырың өнделер.

Жұлдыз АҚАНБАЕВА.

Асыл ана

Асыл ана, алаңдауы неге мұнды жанарың,
Ақталмады бүгінгі күн бұлттай төнген қабағың
Бақытымды құрбан етем, сұранамын жаратқан,
Көрсетпеш көз жасын асыл жанды ананың.

Сен күрсінсең, мен қалайша жұлдыз болмын жанамын?
Сен адассаң, мен қалайша адал жолды табамын?
Мейлі адасақ жоз табамыз, іздеп ана
Тек өтінем көрмейікші мұң
Асыл ана – тірегім, дауыл
Қорғайтұғын қайыдан
Өмір жолын көрсететін
Тәңірім!

Ауыл мұғалімі

ҰСТАЗ-АНА БАҚЫТЫ



Ауыл мектебі – алтын ұямыз. Онда талай шәкірт шыңдалып өсіп, балашаққа бастайтын білім мен тәрбие алады. Бұл ретте аскан еңбеккорлық пен қажымас қайраттың үлгісін көрсетіп, осы жүкті талмай көтеріп келе жатқан ауыл мұғалімінің, оның ішінде әйелдер қауымының еңбегі ерен.Күндіз-түні, жас ұрпақты тәрбиелеу жолында талмай қызмет ететін мұғалімнің еңбегін бірміз бағалай білсек, бірміз ескермей жатамыз. «Ұстаздық ету – өзгенің бақытын аялау, өзіңің уақытын аяу» демекші, бар саналы ғұмырын шәкірт тәрбиесіне арнаған тағылымды талімгер, ұлағатты ұстаз-ана Райхан Тайрабекова Алакөл ауданы Үшбұлақ ауылындағы Г. Безродных атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып, содан 1974 жылдан бері қызмет етіп келеді. Бүгінде осы мектепке қарасты Кенес ауылының шағын мектеп меңгерушісі.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

Талай шәкіртгің қолына алғаш қалам ұстатып, әріп танытып, білім негізі қаланатын бастауыш сыныпта талмай еңбек етіп келе жатқан ұстаз үшін бұлғы жыл айрықша. Қырық жылға жуық еңбегінің жемісін көріп, зейнеткерлікке шыққалы отыр. Осы жылдар ішінде мыңдаған шәкіртті мәпелеп, бастауыштан қанат қақтырған ұстаз ең бірінші балалардың таза сөйлеп, сауатты жаза білуіне, ойын анық та еркін жеткізуіне мән береді. Дүниетанымын арттырып, ұлттық негізде білім-тәрбие беруге барынша күш салды.

– Мектептегі барлық оқушы мұғалімге бірдей көрінгенімен, олардың әрбірі ашылмаған бір-бір арал. Балалардың жан-дүниесін, ішкі сезімін түсініп, соған сай бағалай білу үшін ұстазға бірінші кезекте сезімталдық қасиет қажет. Әр баланың жанын түсінуге, ішкі сырын ұғынуға үнемі талпыныс жасап отыратын ұстаз – нағыз ұстаз, – дейді өмірлік тәжірибесімен бөлісken Райхан Сабырқызы. –Қазіргі балалардың бір ерекшелігі – олар өздерінің көзқарасын еркін білдіре алады. Бұрын біз балаларды тыйып тастап отыратынбыз. Бала сөйлемеу керек, артық сөз айтпау керек деп. Қазір ондай жоқ. Керісінше, "айта гой" деп баланың ішкі ойын біліп, жан-дүниесін зерттеуге тырысамыз. Біз осылайша баланың ішкі мүмкіндігін ашып, оның еркін өсіп-жетілуіне жағдай жасауымыз керек, – дейді.

Әр сабақ – қайталанбас өнер, шығармашылық десек, оны бала жанына жеткізе білу ұстаздың шеберлігіне тікелей байланысты. Қай тақырыпты да тапқырлықпен, баланың бойына сіңірер терең тағылымымен өткізетін ұстаздың ұзақ жылғы тәжірибесі бұл ретте көмекке келері хақ. Уақыт талабынан қалыспай, жас ұрпаққа білім берудің озық технологияларын қолдануға да терең мән беруінің өзі ұстаздың өз ісіне деген сүйіспеншілігін аңғартса керек. Осы өмірлік таңдаған мамандығына деген адалдығының белгісі болар, Райхан Сабырқызының балалары да ұстаздық жолды қуды. Үлкен қызы Гүлжан – Талдықорған қаласындағы №14 орта мектеп-гимназиясында, екінші қызы Айжан – №17 орта мектепте бастауыш сынып мұғалімдері болып еңбек етеді. Ал ұлы Ержан – Алакөл ауданындағы Үшбұлақ ауылы мектебінде сызу және бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі. Ана өнегесін жалына сіңіріп өскен балаларының да ой қосқе деген ұстық ұлпетты ерекше: «Анам еліне еленді, халқына қалаулы еңбек етті. Үлкендерге ізет қылып, кішіге көмектесуді міндет қорді. Және бізге білгенін үйретіп, ұстаздық жолына нық қадам басуымызға мықпал етті», – дейді қызы Гүлжан. Ұлағатты ұстаз балаларының ғана емес, қаншама шәкірт жүрегінде өшпес із қалдырды. Ұстаздық мамандықтың мәртебелігі де осында болар.

Спорт деген бір сикыр

ҚАЙСАР ҚЫЗ

Көктем – аппақ әлемге оранған қытымыр қыстың ақ көрпесін сілкіп тастап, Табиғат-ананың үйқысынан оянып, сан түрлі түске боялатын мерзімі. Сол көгілдір көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурызды. Халықаралық әйелдер мерекесі – сұлулық пен назіктік мерекесі дейміз. Дегенмен, назіктіктеріне қарамастан ер-жігіттермен бірге білек сыбанып, қызмет істеп жүрген сымбатты әкелеріміз бен қарақөз қарындастарымыз қашшама?! Қызметті былай қойғанда, жігіттердің өзі жүрекіне қатысатын спорттың ауыр атлетика, күрес, шығыс жекпе-жек сынды түрлерінде де қарлығаштарымыз батылдықпен өнер көрсетуде. Ендеше, мереке қарсанында спорттың ең қиын түрінің бірімен айналысатын қайсар қыз туралы жазғанды жөн көрдік.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ,
"Жетісу"

Он жеті жасар Шолпан Шалқыбаева джиу-джитсумен шұғылданады. Үштөбелік өрен күрестің аталған түрін жастайынан жанына серік еткен. Алғашқыда Үштөбе қаласында бастап, кейін Талдықорған қаласындағы білікті жаттықтырушы Нұржан Елкеевтің қолдастында шыңдалуда. Қазіргі уақытта Шолпан Талдықорған экономикалық-технологиялық колледжінің студенті. Мамандығы бойынша дәріс ала жүріп, спортқа да уақыт табады. Осы уақыт ішінде Шолпан талай байрақты бәсекелерде бағын сынап, жеңіс тұғырына көтерілген. Мәселен, Талдықорған қаласында жалауын көтерген облыстық бірішілікте екі тұжырым бойынша бірінші және екінші орынды жеңіп алды. Бұл қайсар қыздың ірі додалардың ішіндегі алғашқы жеңісі еді. Қос медальмен тоқтап қалмады. Жарысты жеңіспен бастаған спортшыға бапкері Нұржан үлкен үміт артты. Чемпионатта жасындай жарқылдаған жас қыздың алар асулары алда екеніне толық сенім білдіріп, шеберлігін шыңдай түсуге қолдау көрсетті. Қарағанды қаласында джиу-джитсу федерацияларының арасында жалау көтерген жарыста да Шолпанның жолы болды. Облыс намысын абыроймен қорғап қайтты. Бәсекенің бірінші күнінен бастап қарсыластарын шақ қалтырған жеңісулық шебер шешуші сәттерде ғана сүрініп, үшінші орынды



қанағат тұтты. Қола жүлде Шолпан үшін алтын медальға тең. Бұл жүлде оның намысын оған ары жанытты. 2009 жылы дзюдодан облыс ортасында өткен бірінші-шілікте екінші орын алып, Тараз қаласында жалауын көтеретін Қазақстан чемпионатына шеберлік байқау құқығына ие болды. Республикамыздың кіл мықтысы бақ қосқан додада Шолпан жақсы өнер көрсетті. Жас болса да жеңіске деген құлшынысының арқасында ақтық сынға дейін қарсылық шақ келтірмеді. Финалда ғана қарсыласына есе беріп қойды. Осылайша ол дзюдодан Қазақстан Республикасының қожа жүлдегері атанды.

Бұдан кейін Шолпан Астана қаласында өткен әлем бірішілігіне қатысып қайтты. Облыс, республика көлеміндегі тағамдігін шаңын қиған Талдықорғандық қыз бұл жолы әлем мықтыларымен жекпе-жекке шықты. Қандай спортшыға болмасын әлемдік деңгейде өнер көрсету үлкен жауапкершілік жүктейді. Бақ пен бақ сынатын шақта өжеттік танытты. Әлемнің қола жүлдегері атанды. Бұл – он жеті қасар қыз үшін үлкен жетістік. Міне, айтпаса бір-екі жылдың ішінде үштөбелік арудың қол жеткізген табысы осынды. Ал алдағы уақытта алтынның алқа тағары анық. Алға қойған мақсаты көп. Арманы спорт шеберлігін орындап, дзюдодан Олимпиада ойындарында қазақ елінің абыройын асқақтату. Олай болса сәттілік тілейміз!

Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.

Мөлтек сыр

Көңіл нұры

Қыс қайтып, көктем шықты. Ұзақ ұйқыдан оянғандай жерімізге жан бітіп, өлір қайта бастады. Жаңы нәзік әндер қауымда қыр гүліндей құлпырып шыға келді. Сол себептен болар, көктемді алғашқы айы тек әндерге арналғандай...

Айнұр ӘБДІРАХЫМ
"Жетісу"

Расында, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні біз үшін ерекше мереке. Себебі бұл күні еркектер қауымы бізді барынша еркелетіп, алаканында аялайды. Сонымен қатар, сыйлықсыз да қалмаймыз.

Жасыратыны жоқ, әйелге күнде сыйлық сыйлап, оның ықыласын шақын қағып жүру біздің еркектерге жат қылық. Ондай адамдарға өзіміз де ерсі қараймыз. Өйткені менталитетіміз басқа. Бірақ 8 наурызда әкеміз бен ағаларымыз, інілеріміз бен достарымыз, әріптестеріміз мерекемізбен құттықтамаса іштей ренжіп қалатынымыз тағы бар.

Әлі есімде, оқушы кезімде-ақ «Сыйлыққа не алады екенмін?», – деген оймен наурыз айын тағаттана күтетінмін. Мені ғана емес, барлық сыныптас қыздың да ойын осы сұрақ мазалайтын. Әсіресе, бастауыш сыныптарда қызық еді! Ұлдардың «Халықаралық әйелдер мерекесіне» дайындалып жүргені бірден білініп қалатын. Сабақ біткеннен кейін сынып жетекшіміз: «Ұлдар қалыңдар, ал қыздар үйлеріне қайта беріңдер», – деп айтқанда «жігіттеріміздің» көзі: «Көрдіңдер ме? Біз апаймен жеке сейлесеміз. Ол сендерге арналмаған құпия», – дегендей жалт-жұлт ететін. Келесі күні де олар жиналып алып сыбырласқан сайын біздер, яғни «мереке иелері» бір-бірімізге көз қиығымызбен қарап: «Мыналар біз үшін әлек болып жүр ғой», – дегендей жымыңдап қоятынбыз. Сынып жетекшіміз де ол туралы лам-мим деп аузын ашпайтын. Сондықтан ұлдар олардың сөншалықты жасырынып неге дайындалып жүргенінен бізді расында, бейхабар деп ойлайтын. Біз де білмейтіндей: «Сыбырласпай не болғанын айтсаңдаршы?», – деп арасында, сызылатынбыз әлгі жерде. Сейтіп жүріп барлығымыз аңсаған сол мерекеге орай ететін шараға дайындаламыз. Әйтеуір не керек, күндердің күнінде сары күздей сарғайып күткен шарамыз басталады. Біріншіден, әдеттегідей аналарымызды құттықтап, оларға еңбек сабағында қолымызбен арнайы жасаған сыйлығымызды ұсынамыз. Одан кейін шараға қатысып отырған ұстаздарды, сынып жетекшімізді құттықтаймыз, ән салып, би билейміз. Сол уақытта ұлдар жағы сөмкелерін ақтарып, абыр-сабыр бола бастайды. Ішіндегі пысықтары сыйлықтарын алдын ала сөмкелерінен алып дайындап қойған. Ол уақытта ақша жинап, барлығына бірдей сыйлық алу деген жоқ, әркімнің сыйлығы әртүрлі. Яғни кімге қандай сыйлықтың бұйыратыны бізге де қызық еді. Бірақ біз бірінші сыныптан-ақ өз таңдауымызбен сыйлықты кімге сыйлап, кімнен алатынымызды белгілеп алғанбыз. Сондықтан жаңағы абыр-сабырдың арасынан әркім көзімен өзіне белгіленген сыныптасын іздейтін.

Маған белгіленген Аскар есімді сыныптасым елден ерекше түрлі-түсті үлкен «пакет» көтеріп келетін. Оның ішінде не жоқ дейсіз?.. Өшіргіш, дәптер, сағыз, қалам сияқты ұсақ-түйектің бәрі бар. Себебі Аскар сыйлығым ұнасын деген ниетпен мектепке жақын жерде ұсақ-түйек сататын өпкесінің дүкеніндегі әр затымың бір-бір данасын пакетке сала береді екен. Әпкесі сататын тауар түрі көбейген сайын менің алатын пакетім де жыл сайын жуырлай түсті. Осылайша мен бастауыш сыныпты бітіргенше 8 наурызда сыйлыққа қарық болатынмын. Өз кезегімде мен де оған жақсы сыйлық жасауға тырысатынмын. Сейтіп, бірімізді-бірміз қуантып жүре беретінбіз. Басқалары да алған сыйлықтарына риза болып, алғыстарын айтып жататын. Міне, балалық шағымдағы 8 наурыз – әйелдер мерекесі осылайша есте қалды.

Бір ерекшелігі, оқушы болсақ та біздің арамызда бір-бірімізге кітап сыйлайтын жақсы үрдіс болатын. Өкінішке қарай, бүгінгі оқушылар ол үрдісті жалғастыра алмаған сияқты. Себебі, жасыратыны жоқ, қазіргі жастар кітапқа қызығушылық танытпайды. Сондықтан оқушылар біреуден сыйлыққа кітап алса, оны мектептен шығып бара жатып тастай салудан тайынбайды. Оған өзім де талай куә болған едім. Сыйлықтың үлкен-кішісі болмайтынын, ең бастысы көңілден шығып, рәсіміз шығылас екенін олар қайдан білсін.

Мазалама ананың тыныштығын

Әлеңін жазған Жұмабек ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ.
Әнін жазған Жұмаш ТҰРДИЕВ.

Күл-суық, елемеген ғұн ыстығын,
Тыңдаңдар керек болса жұрмысты мың.
Жүзінде ойнайды нұр кетсе мысығын,
Анаңды мазалама тыныштығын.

Ұйықтасын, тыныштығын мазалама,
Жыр-әнің өксіз ақын жазға ұла ма.
Күйбеңі күнделікті бір бітпейді,
Ісінен жаңылмайды абзал ана.

Ісінен асыл ана жаңылмаған,
Қуана қонақ келсе қабылдаған.
Бір үйдің тыныштығын сақтаған жұрмысын,
Көз ілім қырандайын дамылдаған.

Көз ілім дамылдаған қырандайын,
Анаға ұйықтап жатқан жыр арнайын.
Жүзінде ойнасын нұр.
Мазалама,
Ой, бізге құдірет қой құдайдайын.



Құттықтаймыз!

ӘДІЛХАН ТОРҒАНҰЛЫН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

[illegible]

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: құдалары – **Тұяқбай** мен **Мәриям**, қызы – Елерке, күйеубаласы – **Асылхан**.

Бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжі мен облыстық «Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігі «Қазақстан халықтарының достығы: тарихи тағылымдар мен ұлттық құндылықтар» атты облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

БІРЛІК – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Аталмыш шара осымен екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Мұндағы біздің мақсатымыз – қазақстандық ұлтаралық келісім моделін насихаттау, ұлттар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуда өз үлесімізді қосу, – деді кеше облыстық «Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жанарт Кәрипік жиналғандарды конференцияның күн тәртібімен таныстырып.

Конференция жұмысы «Ұлтаралық келісім – бірлік пен бейбітшілік кепілі», «Білім беру жүйесіндегі инновация: ұлттық мәселелер мен әлемдік үрдістер» және «Үш тұғырлы тіл» таңдау тиімділігі мен қажеттілігі» тақырыбымен үш секцияға бөлінді.

Келесі кезекте І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұратбек Иманғазинов пен бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжінің атқарушы директоры Анар Жүсімбаева және облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы директорының орынбасары Гаухар Жарылғапбетова сөз сөйлеп, конференция қатысушыларына сәттілік тіледі.

Пленарлық мәжіліс «Көне дәуір әдеби мұраларының еуропалық гуманитарлық ғылымындағы орны» тақырыбына арналған баяндамамен басталды. Сонымен қатар, «Қазақстан – достықтың киелі бесігі», «Физика саласындағы ұлттық құндылықтар көрінісі», «Көп тілді білім берудің ұлттық моделін қалыптастырудағы маңызы» және «Білім беру жүйесіндегі инновация және инновациялық ұғымдар» атты баяндамалар тыңдалды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◈ УНИВЕРСИТЕТКЕ – 80 ЖЫЛ

ВЕЛОСИПЕДКЕ МІНДІ

Өткен аптада университет ұжымы 80 жылдық мерейтойымен қатар, жетінші қысқы Азиада ойындарының құрметі үшін Қазақ ұлттық аграрлық университеті велосипедпен жүріп өту дәстүрін өткізуге мұрындық болды.

Аталған игілікті шараға университет студенттерінен бастап ардагерлері және ауданның спорттың бұл түріне аса ынтызарлық танытушылары белсенділікпен атсалысты. Велоспорттың бұл түрін университет ректоры Тілектес Есполовтың өзі бастап жүрді.

Велошабандоздардың керуені әл-Фараби даңғылы мен Төттімбет көшелерінің қиылысынан бастап, университет стадионына жеткенде табан тіреді. Ректор Тілектес Есполов велошарыска қатысушылар алдында сөз сөйлеп, өз атынан жылы лебіздерін білдірді. Жеңімпаздарға әртүрлі номинациялар бойынша арнаулы сыйлықтар тапсырылды. Олардың арасында велоспорттың шебері, ардагер Серік Әлімжанов пен тоғыз жасар балауса балғын Максим Попугаев бар. Қалың көп бөлігін басып өткен велошабандоздар бұл шараны өте сәтті аяқтады.

Қанат ТӘКЕБАЕВ.



Велобәйгеге қатысушылар.

◈ КӨРМЕ

ЖАҢАША ЖАҢҒЫРЫҚ

Сан ғасырлық тарих үдерісінде халқымыздың қолөнер саласынан ерекше дүние қосқан үлесі мол болды. Әйтсе де, ... [illegible] **Гүлшат Жұрғатаның жаңа көрмесі осындай ойға жетеледі.**

Қанат АЙДАС, «Жетісу»

[illegible]

◈ БАЙҚАУ

ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ

«Жетісу жастары ұйымының конгресі» жастар қоғамдық бірлестігі «Бірлікпен берік іргеміз» тақырыбында облыстық өлеңдер байқауын өткізді. Оған барлығы 28 шығарма қатысты. Өлеңдер ұлтаралық келісім, достық, бірлік тақырыбына арналды.

Мемлекеттік жастар саясатын үйлестіру, жастар арасында патриоттық сезім мен патриоттық рухты көтеру, қазақстандық ұлтаралық келісім моделін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шара, сонымен қатар жастардың шығармашылығын қолдау көрсетуді көздейді.

Байқау нәтижесінде І орын Ақсу ауданы Мағжан станциясындағы орта мектептің оқушысы Дана Ермекоеваға бұйырды. Ал ІІ орынға Талдықорған қаласындағы бизнес, құқық және жаңа технологиялар колледжінің студенті Нәзгүл Әбішева, ІІІ орынға Қапшағай қаласындағы Д. Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебінің оқушысы Айдын Өмірбек ие болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

◈ МАМАН МІНБЕРІ

Еліміздің нарықтық экономикаға аяқ басып, басқарудың экономикалық әдіс-тәсілдері орнауына байланысты бүгінгі қоғамда құқықтық қатынастардың маңызы арта түседі. Бұл жерде еліміздегі мемлекеттік және қоғамдық құрылымның өзгеруінен азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау мәселесі де өзінің өзектілігін айқындады. Осы жағдайлар адамның қарапайым ғана еңбек етуге деген құқығын жаңа мазмұнға көтерді.

Ягни, адамның еңбек ету құқығы көп жағдайда қоғам дамуының бағыт-бағдарын белгілейтін болған.

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстан Республикасының заңдары 1948 жылдың 10 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында бекітілген адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы негізінде азаматтардың еңбек етуге деген құқығын қорғайды. Осы құжаттың 23-бабында көрсетілгендей, әрбір жұмыс жасаушы өзін және отбасын лайықты тұрмыспен қамтамасыз ете алатындай әділ әрі қанағаттанарлық жалақы талап ете алады. Сонымен бірге, олар өзге де әлеуметтік жеңілдіктер алуға құқылы.

Қазақстан Конституциясының 24-бабында әрбір адам атқарған жұмысы үшін еңбекақы беруді талап етуге құқылы және оның мөлшері республиканың заңнамалық құжаттарында бекітілген төменгі жалақыдан кем болмауы қажеттігі туралы айтылған. Сонымен бірге, еңбек жағдайы, қауіпсіздігі мен гигиенасы талапқа сай болуына да кепілдік берілген. Сол сияқты ҚР Еңбек Кодексінің 4-бабында еңбек саласында қандайда бір кемсітушілікке жол берілмейтіні айтылады.

Азаматтардың еңбек ету құқығын бақылау барысында прокуратура қызметкерлері меншік сипатына қарамастан барлық жерлерде, мекеме ұжымдарда азаматтардың конституцияда, өзге де нормативтік актілерде бекітілген еңбек ету құқығын қорғауды басшылыққа алады. Бүгіндері әлемді торлаған экономикалық және қаржылық дағдарысқа байланысты барлық мемлекеттерде өндіріс пен өнеркәсіп көлемі күрт төмендеп, жұмыс орындары қысқарып, әлеуметтік мәселелер бас көтеріп жатқаны жасырын емес. Осыған байланысты дағдарыс кезеңінде азаматтардың еңбек құқығын қорғау құқық қорғау органдары мен жергілікті атқарушы биліктің бірге іс-әрекетке көшу керектігін туындатады.

Талдықорған қалалық прокуратурасының жарлығымен барлық бақылаушы органдар тарапынан құрылған жұмыс комиссиясы еңбек қатынастары саласын күнделікті қадағалауға алғанын айта кету керек. Осылайша прокуратура қызметкерлері мемлекеттік еңбек инспекторымен бірлесе отырып жұмыс берушілердің мерзімінде жалақы бермеу фактілері бойынша тексерулер жүргізілді. Тексеру барысында көптеген жұмыс берушілердің ҚР Конституциясының 24-бабында, ҚР Еңбек Кодексінің 2-бабының 5-тармағында көрсетілген талаптарды орындамай отырғаны, яғни жасалынған жұмыс үшін еңбекақы төлемегені анықталған. Осы жағдайларға байланысты еңбек инспекторлары «Әкімшілік құқық бұзу туралы» Заңға сәйкес кінәлі азаматтарды жауапқа тартып, айып салды. Ал, Талдықорған қалалық прокуратурасы ҚР Конституциясының 83-бабына және «Прокуратура туралы» ҚР Заңының 24-бабына орай заңдылықты қалпына келтіру жайында ескерту жасалынды. Осы ескертуге байланысты жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасында еңбек шарты жасалынып, олардың жалақы қарыздары толығымен өтелгенін айта кету керек. Тек осы мәселе бойынша ғана қалалық прокуратура 150 адамның конституциялық құқықтарын қорғады.

Жалпы, қалалық прокуратура азаматтардың еңбек құқығын қорғаумен тұрақты түрде айналысады. Сол себепті бұл салада жіберілген кемшіліктер жайлы біздің сенім телефондарымызға хабарласуға болады: 27-17-71, 27-31-31

Сонымен қатар, азаматтар еңбек құқығын қорғау мәселесі бойынша Талдықорған қаласы, Абылайхан көшесіндегі 160/169 мекенжайына келіп, шағымдана алады.

Ж. ИМАШЕВА,
Талдықорған қаласы прокурорының көмекшісі, 3-сыныптағы заңгер.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарқан ауданы Қойлық ауылында орналасқан Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектебіне жоғары білімді математика пәні мұғалімі керек екендігін хабарлаймыз. Баспанамен қамтамасыз етеміз, сонымен қатар ауылдық жерге келген мамандарға қосымша көтерме қаржы беріледі.

МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІ.

◈ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БАЙҚАУЫ

БАЙЫПТЫ БЕТБҰРЫС

3. Дәрігерлік көрсеткіштерге және дәрі-дәрмектік формуларға сай дәрілердің қамтамасыз ету;

4. Дәрігерлік көрсеткіштерге сай қан препараттары мен оның құрамдас компоненттерінің қамтамасыз ету;

5.Науқастың күтімі мен тамақтанумын қамтамасыз ету.

Кеудеңің ісу қуысының, мойын мен бастағы, тері мен жұмсақ тіндердің қатерлі ісіп қатерсіз ісіктеріне сай және гинекологиялық, урологиялық, маммологиялық хирургиялық көлемі кіреді.

Мекемемізде пайдаланатын ақпараттық технологиялар: ісі қуысының сан кезіндегі ауытқуметрлерінің үшін Cell saver аппаратын қолдану, УДЗ-дің бақылаумымен нефростомия, өкпе, көкірдек және бронхтарды стентгеу.

МКҚК «Алматы аймақтық онкологиялық диспансері» С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университетінің онкология кафедрасының базасы болып табылады.

Диспансерде жұмыс істейтін мамандардың біліктілігінің «сынақ сертификаты» бар, сонын ішінде екінші санатты – 1 дәрігер, бірінші санатты – 1 дәрігер, жоғары санатты – 7 дәрігер, 2 медицина ғылымының кандидаты, 1 зеннәулым сынақ қанды үшін қабылдаған шеңберге сай.

Орта буынды медицина қызметкерлерінің барлығының «сынақ сертификаты» бар, сонын ішінде екінші санатты – 1, бірінші санатты – 11, жоғары санатты – 20.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Қазыбек бек бекетінің аумағында ауруханасы 2011 жылы тегін медициналық көмектің кепілді көлемінде медициналық көмек көрсету түрлерін хабарлайды.

– Мамандандырылған стационарлық 15 орынды төсек, жоспарланған 470 жағдайға арналған.

– Мамандандырылған күндізгі стационар бөлімі 6 орынды төсек, жоспарланған 300 жағдайға, консерваторлық көмектер көрсетіледі.

Тұрғындарға қызмет көрсететін біліктілік санаты бар сертификатты мамандар:

– Жоғары біліктілік санаты бар – 2 дәрігер, 3 мейірбике;
– Бірінші біліктілік санаты бар – 4 мейірбике;
– Екінші біліктілік санаты бар – 1 мейірбике;
– Біліктілік санатынсыз сертификаты бар – 2 дәрігер, 3 мейірбике қызмет көрсетеді. **Тел.: 8 7277034024.**

ӘКІМШІЛІК.

Государственное казенное предприятие «Центральная районная больница Балхашского района» Алматинской области объявляет о размещении у них гарантированном объеме бесплатной медицинской помощи на 2011год по следующим оказываемым видам и формам медицинской помощи:

Квалифицированная, стационарозаменяющая на 90 коек (из них терапевтическое отделение – 30, педиатрическое отделение – 20, хирургическое отделение – 25, родильное отделение – 15) на 2500 планируемых случаев.

Квалифицированная, стационарозаменяющая на 20 коек, на 1600 планируемых случаев. Инновационные технологии в лечении не применяется.

Имеется в наличии сертификаты специалистов с присвоением квалификационной категории, из них:

высшей категории – 4 врач., 5 средних медицинских работников;
первой категории – 5 средних медицинских работников;
второй категории – 3 средних медицинских работников.

Без присвоения квалификационной категории – 5 врачей и 22 средних медицинских работника.

Алматинская обл. Балхашский р-н. С. Баканас, ул. Алметова, 14.
Тел. приемная: 8 7277395485, 8 7277395179.

"Первый Цивзавод" ЖШС-ға қажет: ашығу өндірісі және шарап жасау инженер-технологі.

Біліктілікке талап: жоғары кәсіби (техникалық) білімнің болуы және мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Түйіндеме жіберу мекенжайы: **ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Түймебаев кенті, №11 өнеркәсіптік база, тел/факс:**
+7 (727) 2964397 немесе
эл.поштаға:
algaziyeva@hotmail.com

Ақсу ауданы, Қызылағаш ауылының қаласы **Шәлекен Қазыбекованың** атынан туралығы «Қазыбекованың» жеке шаруа қожалығына жеңіл-желпі автокөлігін сатылады.

Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы басшылығы және барлық бастықтары 2011 жылдың 18 сәуірде сағат 15.00-дан 16.00-ге дейін Алматы облысы бойынша «Мұр Отан» ХДП қоғамның бірлестігі бөлімінде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

● *Сақтықты естен шығармайық!*

ТЕМІР-ЖОЛДАҒЫ ТӘРТІП ҚАТАЛ

Теміржол – стратегиялық қауіпті аймақ болып саналады. Сондықтан шұйын жолдан тек арнайы көлірлер мен өтпе жолдар арқылы ғана өту керек. Ал желінің кез келген тұсынан күш келгімен, мал айдал өту, арнайы оқшауланған жерлерді мал жаюға қатаң тыйым салынған. Сондай-ақ, теміржол мен оның бойына отырғызылған ағаштарды, қар тоқтататын қоршауларды, дабыл берігшті және байланыс құралдарын бұздырудың соңы да жақсылыққа апармайды. Жүктерді тиеу және түсіру кезінде белгіленген келемдерді сақтамаудың, жол табанына қозғалысқа кедергі келтіретін заттарды төсеу, лақтыру және қалдыру да орын толмас екіншілерге ұрындарауы әбден мүмкін. Осыларды алдын ала ескерте отырып, жоғарыдағы талаптардың сақталмауы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 439-бабымен қарастырылған әкімшілік жауапкершілікке әкелп соқтыратынын естеріңізге сала кеткенді жөн көріп отырмыз.

А. БАЙБОСЫНОВ,
Кеңсу станциясы ЖТП-нің қызметкері.

Райымбек ауданы әкімдігі мен мәслихат, ардагерлер кеңесі Медеуік су электр станциясы директорлар кеңесінің төрағасы, «Берлік» құрылыс акционерлік қоғамының президенті, ғаламмал азамат Станкин Белгожасқа қарындасы

Лиханың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 440.
ТАРАЛЫМЫ — 42 717.
ИНДЕКСІ — 65489.

Қазақша редактор:
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.

Компьютерге теліленде
Ә бөлімінің дизайнері
Қабылбай Батыр көшесі,
32-үй, 2-қабат

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Жарнамадан түскен ақшалардың шығыны ресейлік авторлардың шығармаларын Алты мыңжылдық бөлігінің материалдарын қолданғанымыздың.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнын мен мәтіндік жарнама берушілер жауапты.

Газет әтпасқа ұш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы түсіп редакция жауап бермейді.

«Жетісу» газетінің коммерциялық емес ортақтығында тарылып, бөлінеді.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақсылық НҰРҒОЖАЕВ

МЕКЕНЖАЙ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Қазақстан - 2030

Қазақта «Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады» деген аталы сөз бар. Осынау ұлағатты сөзді берік ұстанып, мемлекеттік саясатқа сай жүйелі түрде жұмыс жүргізіп жүрген әкімдеріміздің бірі - Ұйғыр ауданының әкімі Көкімчан Омаров. Қызмет бабында «Ырыс алды - ынтымақ» деген даналықты жадына түйіп, жерінің құтын, елінің берекесін кіргізіп, мемлекеттік саясатқа сай мемлекеттік бағдарламаларды өз мәнінде дұрыс жүргізу білімділікті, табандылықты қажет етеді.

Жағрапиялық орналасу ыңғайына орай Ұйғыр ауданы аумағын Жетіген - Қорғас теміржолы басып өтеді. Қалжат кеден бекеті аз алдына. Дүниежүзілік стандартқа сай өнім шығаруға толғын отырған «КазРостБройлер» құс фабрикасы тағы бар. Таңғажайып тамаша табиғатымен тамсантып, туризм саласын дамытып отырған Шарын шатқалы да осы аудан аумағында. Өндірісті өркендете дамытып, құнарлы топырағынан кірпіш күйдіріп, аудан, облыс сұранысына орай өнім шығарып отырған кірпіш зауыттары өз алдына тағы бар. Бұл салалардың жұмысы жоғары деңгейде ұйлесім тауып, аудан экономикасының өркендеп, өсуіне қомақты үлесін қосып отырғаны ақиқат.

Ата Заңымыздың 1-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп анық жазылған. Соны жадына түйіп, халықтың көкейіндегі көп дүниені деп басып жүрген Ұйғыр ауданының әкімі Көкімчан Омаровтан алған арнаулы сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.



Көкімчан ОМАРОВ, Ұйғыр ауданының әкімі

Бақ берерде елге ырыс қонады

Жетісу
Нұрбол ӨЛДІБАЕВ

«КазРостБройлер» құс фабрикасында өндірілген ет республикамыздың барлық облыстарында сұраныс тудырып отыр. Таскарасу өндірістік кооперативінде дайындалатын жүгері тұқымын көп жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтары тапсырыс беріп алып, ұтымды пайдалануда.

– Көкімчан Аванұлы, аграрлы ауданда ауылді әлімені ауыл шаруашылығы саласынан бастасаңыз.

– Бүгінет таңда Ұйғыр ауданында 10 өндірістік кооператив, 12 жауапкершілігі шектеулі серіктестік, бір мемлекеттік мекеме, 2783 шаруа қожалығы еліміздегі аграрлық саясатқа сай жұмыс істейді. Бұл құрылымдарға қойылып отырған басты талап – өнім сапалылығын арттыру болып табылады. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдері – ет, сүт, жеміс-жидек, жүгері дәнін сыртқа шығарып сатуға мүмкіндік туып отыр. Нақты мысал ретінде «КазРостБройлер» құс фабрикасында өндірілген ет республикамыздың барлық облыстарында сұраныс тудырып отыр. Таскарасу өндірістік кооперативінде дайындалатын жүгері тұқымын көп жылдан бері Солтүстік Қазақстан облысының шаруашылықтары тапсырыс беріп алып, ұтымды пайдалануда. Сөз реті келгенде айта кетсек, осы өндірістік кооператив тұқым сапасын жақсартуды дұрыс жолға қойып, жүгері, жаздық, күздік бидай тұқымдарын сұрыптау жұмысымен айналысып, ауданымыздағы ауыл-шаруашылық құрылымдары сұранысты-рын толық қанағаттандырып отыр. Еңбегінің өтеуі ретінде жыл сайын 4,5 – 5 млн. теңгеге жуық өтемақыны Үкімет тарапынан алып отыр. Сапалы жұмыс өткендігінің куәсінмыздағы өзге де ауылшаруашылық құрылымдары толық түсініп, барлық жылы 3 млн. 517 мың теңге өтемақы алды.

Егін шаруашылығын жақсартуды, өнім түсімділігін молайтудың байырғы жолы – минералдық тыңайтқыштарды пайдалану да дұрыс жолға қойылған. Нақты мысал ретінде былтырғы жылы арзандатылған минералдық тыңайтқыштың 69 тоннасына ауылшаруашылық құрылымдарының өтінім беріліп, соның 27 тоннасы алынып, пайдаланылды. Мұның сыртында Абылай шаруа қожалығы 60 тонна, «Үзбек» шаруа қожалығы 20 тонна, «КазРостБройлер» ЖШС 54 тонна минералдық тыңайтқыш алса, «Диана» шаруа қожалығы 15 тонна нитроаммофосты өз қаражаттарына сатып алды. Тағы бір баса айтатын жайт, жоғарыда тізбеленген көрсеткіштің сыртында ауданымыздағы шаруа қожалықтары өз күштерімен 20 мың тонна органикалық тыңайтқыштарды алып, егіс алқаптарына пайдаланды.

Ауданымыздағы ауыл шаруашылығы саласына пайдаланылатын жерлердің басым бөлігі суармалы жер болғандықтан ауыл аумағындағы үзенді-сінділі тоғандарды тиімді пайдалану басты мәселенің бірі болып табылады. Бұл ретте жерге дән сепсек, дәнге нәр беретін құнарлы топырақ, ал топыраққа құнар беретін су екендігін әсте ұмытпаған жөн. Сырт көзге елеусіздеу болғанымен егілген өнімді дер кезінде суарып тұру үшін ірілі-ұсақты тоғандардың, каналдардың тигізетін пайдасы зор. Соған орай бұл мәселені мемлекеттік бағдарламаларға енгізіп, заңнамаға сәйкес, жүйелі жұмыс жүргізе білу керек. Іле білсек, ол біздің тарапымыздан өткарған қандай да бір жұмыстың баянды-лығын, бүгінгі күнін ғана емес, ертеңгі күнін қажеттілігін өтеуге жарайтындығын анғартады. Сондықтан Шарын, Таскарасу, Сүмбе, Қырғысай, Ават, Дардамты ауылдық округтерінде су пайдаланылатын кооперативтер талапқа сай лицензия алып, жүйелі түрде зан шеңберінде жұмыс жүргізуде. Осы жеті ауылдық округтегі су пайдаланатын кооперативтер ауылдағы ірілі-ұсақты ауыл шаруашылығы құрылымдарының су пайдалану сальтын едуір жеңілдетіп отыр.

– Кезінде облысымызда жүзім өндіру бағдарламасы жұмысын бастап, соның негізгі өзегінің бірі Ұйғыр ауданында орын тепкен еді. Енділі жүзім өнімі осы салаға бүрсің?

– Ауданымызда жүзім өндіру жұмысы жылдан жылға ұлғайып, сапасы артып, соған сәйкес сұраным да көбеюде. Осы ұста мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүйелі түрде жұмыс жүргізудің бір артықшылығын айтсам, республикамызға танымал «Бақус» акционерлік қоғамы 2009 жылдан бері жүзім өнімінің бағасын көтеріді бері бұл сала жұмысы алға басып берді. Бұрын жүзім алқаптарын пайдаланбай кеткен шаруа қожалықтары алқаптарына қайта оралып, ауа райының қолайсыздығына қарамастан барлық жылы 584 гектар жер жүзімдіктен 2783 тонна өнім өндірді. Сондай-ақ, 504 гектар жерден 4285 тонна жеміс-жидек өнімі жиналды. Жалпы ауданаумағында бұрыннан сақталған ескі бақтарды қосқанда 1229 гектар жерде жеміс-жидек өсіріліп, халық қажеттілігіне пайдаланылуда. Сөз реті келгенде мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін тағы қайталасақ, 2007 жылдан бері мемлекеттік бағдарламаға сәйкес 309 гектар жерге жеміс-жидек отырғызылды, ягни жаңартылды. Осы жеміс-жидек отырғызылған жердің 209 гектарына ауданымыздағы ауылшаруашылық құрылымдары 88 млн. теңгеден астам субсидия алып, дұрыс, заңға сәйкес пайдаланды. Баса айтар жайт, сол бақтарда өнгізілген жаңа әдіс тамшылатып суғару болып отыр.

Жоғарыда айтқанымыздай, жерге нәр беретін суды мысқалсыз пайдаланып, қажеттіліктерді дұрыс өтеу үшін ағымдағы жылы аудан аумағындағы каналдарды толығымен күрделі жөндеуден өткізу үшін облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы арқылы 75 млн. теңге қаражат бөлу қарастырылған. Мұның сыртынан Шарын ауылдық округіндегі дамбаны көтеріп, күрделі жөндеуден өткізу үшін ауданның төтенше жағдайлар басқармасы арқылы 63 млн. теңге бөлінді. Сол сияқты Қарадала учаскесіндегі артезиан құдықтарын зерделеуден өткізуге 100 мың теңге қарастырылған. Оқырманға түсінікті болу үшін бір мағлұмат бере кетсек, жалпы ауданаумағында ауыл шаруашылығына жарамды 165876 гектар жер бар. Соның ішінде 21300 гектар жер суармалы егістік, 12229 гектар жер жемісжидек жағаштары, 729 гектар игерілметен жер, 5076 гектар жер шабындық, 123668 гектар жайылымдық жер болып саналады.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарына техникалық қызмет көрсету үшін ауданымызда 7 техникалық жөндеу станциясы жұмыс істейді. Әрине, уақыт талабына сәйкес, ауыл шаруашылығы техникаларына қажетті қосалқы бөлшектерді өндіріс орнынан көтерме бағамен сатып әкеліп, ауданымыздағы бірнеше дүкен сатуда. Баса айтар жайт, ауылшаруашылық құрылымдары түрлі қоңыздықтарды жеңіп, жаңа техниканы сатып әкелігі, пайдалануда. Қажетті ақпараттар мен ауылшаруашылық құрылымдарын дер кезінде хабарландыра білудің нәтижесінде осыдан бірер жыл бұрын ауданымызда «Шарын несие серіктестігі» құрылып, ау баста оған 34 шаруа қожалығы мүше болған еді. Бүгінде олардың саны екі есеге артты. Атқарған жұмысына көңіл бөлсек, 197 млн. теңге несие алып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге жұмсауда. Сол сияқты «Облыстық қаржылай қолдау қоры» аудандық филиалы шаруа қожалықтарына қолдау көрсетуде. Барлық жылы осы ұжым арқылы 37 млн. теңге қаражатты ауылшаруашылық құрылымдары алып, кәжеттеріне жаратты.

Елдің тарапынан жақсы қолдау тауып, жүйелі түрде жұмысын жүргізіп кеткен бір бағдарлама – облыс әкімінің «Жайлау» бағдарламасы болып саналады. Ауылдық округтердегі төрт түлік малдың 70 пайыздан астамы жайлауға шығарылып, қоңы көтерілін келеді. Сөз реті келгенде мемлекеттік бағдарламаға сәйкес атқарып жатқан жұмысымыздан тағы бір мәлметті келтіре кетсек, ағымдағы жылы 25913 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын себу көзделуде. Әрине, оның 1800 гектар жеріне күздік бидай себілсе, 1,5 гектар жеріне жаздық бидай, 8170 гектар жеріне жүгері, 1430 гектар жеріне арпа, 972 гектар жеріне күнбағыс, 820 гектар жеріне көкөніс, 305 гектар жеріне картоп, 10852 гектар жеріне көпжылдық шөп егіледі. Тұтастай алғанда, ағымдағы жылы мал шаруашылығы саласы бойынша өндірілетін өнім көлемі 17 млрд.412 млн. теңге болады деп күтілуде. «КазРостБройлер» құс фабрикасы ауданымыздың бір мыңнан астам адамын жұмыспен камтиды. Былтыр 23 тонна құс етін өткізсе, биыл сол көрсеткішті 28800 тоннаға жеткізіп, ауданымыз бойынша өндіретін ет өнімінің 68 пайызын орындайды. Барлық жылының тағы бір жетістігін айтсақ, ауданымыздағы «Диана 2» шаруа қожалығы жаңа технологиямен 80 тонналық жүзім сақтайтын қойма ашып, бүгінгі күні 40 тонна жүзімді сақтауда.

– Халықты жұмыспен қамту, жүйелі әлеуметтік сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы не айтасыз?

– Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына, әлбетте Елбасы Жарлығына және тағы басқа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, сыбайласқан жемқорлықтың жолын кесу мақсатында заңнама шеңберінде бірқатар жұмыстар атқарылуда. Аудан әкімдігі жанынан үш адамнан тұратын тәртіптік комиссия құрылып, жұмыс жүргізуде. Әрине, алғашқы кезекте олардың ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметкерлерге Ата Заңымыз, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы, Ар-намыс Кодексі бойынша заңгерлік кеңестер беріліп, заңнама талабы түсіндірілген. Мемлекеттік қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа байланысты зан бұзушылықтар орын алып жатса, тәртіптік комиссия отырыстарында мектеп жұмысын аяқтауға 172 млн. 19 мың теңге қаражат бөлініп отыр. Шонжы, Тиірмен, Актам, Кіші Дикан ауылдарындағы ауызсу жүйелерін жаңартып, қайта салу үшін 280 млн. теңге бөлінсе, Шарын және Таскарасу ауылдарына Шарын өзенінің бас арнасы мен тоскауылдарын қалпына келтіру жұмыстарына 63 млн. 775 мың теңге қарастырылды, елді мекендерді көркейту және абаттандыруға 58 млн. 71 мың теңге, аудан аумағындағы автокөлік жолдарын жөндеуді қамтамасыз етуге 70 млн. теңге, Таскарасу орта мектебін күрделі жөндеуге 100 млн. теңге қаражат бөлінді.

Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, әрқандай жұмыстың көзін таба білсеңіз, рет-ретімен заңнама шеңберінде бастаған ісіңіз алға басып берері хақ, «Өлі разы болмай, тірі байымайды» демекші, ауыл сыртындағы бейіттерді, түрмыстық қалдықтар тастайтын полигондарды қоршауға 648 млн. теңге бөлініп, 638 жұмыс орны ашылып, ел де разы. Ең бастысы, бөлінген қаражат заңнама талабына сәйкес толық игерілді.

Біле білсек, мұның бәрі мемлекет тарапынан халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, тұрмысын түзеуге, ауылдарды абаттандыруға көрсетіліп жатқан жанды көмек. Сондықтан Елбасы ағымдағы жылдың 21 қаңтарында «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауында тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктерімізді қорытындылап, жаңа әлеуметтік саясаттың ең маңызды үш саласына – білім, денсаулық сақтау, тілдерді дамытуға баса назар аударғаны мәлім. Елбасы салып берген негізде мемлекеттік саясатқа сай жүйелі жұмыс жүргізе білудің нәтижесінде ауданымызда ағымдағы жылдың бірінші қаңтарында тіркелген жұмыссыздық деңгейі 5,8 пайызды құрады, бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,7 есеге төмен. Орташа айлық жалақы 47729 теңге болып, 2009 жылмен салыстырғанда 9302 теңгеге өсті. Бұл да әлеуметтік салада атқарылған жұмыстардың жүйелі жемісі.

– Көкімчан Аванұлы, сіз басқарып отырған ауданда ауыл мәдениетін өркендетуге, тілдерді дамытуға байланысты жүйелі жұмыс жүргізілуде. Оны статистикалық мәліметтер растайды. Сондықтан осы салалар бойынша атқарып отырған жұмыстар ретін айтып өтсеңіз?

– Заңнамаға сәйкес, мемлекеттік бағдарламалар негізінде облыстық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту басқармаларының жұмыс жоспарларына орай аудандық құрылымдарда жүйелі жұмыс жүргізілуде. Елбасының дәстүрлі Жолдауларын халыққа өз мәнінде жеткізуде атқарылатын жұмыстар өз алдына. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруда да ауданымызда «Айбынды жастар» атты жастар қоғамдық бірлестігі құрылып, ән талабына сәйкес тіркеуден өтіп, жұмыс жүргізуде. Әрине, сол жастардың ұйытқы болуымен форумдар және тағы басқа жиындар өткізілін тұрады. Осынау игі шараларды өз мәнінде жүзеге асыру мақсатында барлық жылы аудандық бюджеттен бір млн. теңге қаралтырылып, өз мәнінде жұмсалды. Ел мен жерді құрметтеу, патриотизм тұрғысында «Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіздік тіреті», «Менің елім – Қазақстан!», «Ата Заң - айбыным» деген тақырыптар аясында бірнеше ауылда жастар форумы өткізілді. Сондай-ақ, «Жастар - ел болашағы» деген тақырып аясында нашакорлыққа қарсы акция ұйымдастырылды. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің, аудан имамының, кәсіптік мектеп студенттері және жоғары сынып оқушыларының қатысуымен «Дәстүрлі емес діндердің қоғамға кері әсері», «Дін және жастар» атты семинарлар мен «дөңгелек үстелдер» мемлекеттік саясатқа сай ұйымдастырылып, өз уақытында өткізілін тұрады. Бұл басқосулардың барлығында дини бірлестіктер туралы түсініктер беріліп, дини экстремизм мен терроризмді болдырмаудың алдын алу шаралары қарастырылады. Сөйтіп, жастардың санасына жақсы дүниелерді сіңіру негізгі мақсатқа айналған. Үрпақтар сабақтастығын жалғастыру, тұрғындар арасында этносаралық татулықты нығайту да жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жүйелі түрде шаралар өткізіп тұру дәстүрге айналған. Сонын барлығының бел ортасында ауданымыздағы қоғамдық ұйым мүшелері жүреді. Ерекше айтар бір жайт, аудан әкімдігінің мәжіліс залында мемлекеттік рәміздер туралы жиын болды. Онда заңнама талабы тұрғындарға жан-жақты түсіндіріліп, ұғындырылды. Барлық жылының қорытындысы бойынша ауданымыздағы мемлекеттік басқару мекемелерінде мемлекеттік тілді қолдану 92,9 пайыз болды. Сөз реті келгенде айта кетсек, «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламасы мен облыс әкімінің «Облыстың аудандары мен қалаларының мәдени күндерін өткізу туралы» өкімін жүзеге асыру мақсатында мәдени шараларға өте тығылықты дайындалған халық әдеби жоғары деңгейде әрі қызғылықты етіп өткізе білді.

– Білім, дене шынықтыру және спорт салалары туралы не айтасыз?

– Ауданымызда 32 орта мектеп, бір орталау мектеп, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, бір мектеп жанындағы интернат, «Балбөбек» балалар бақшасы, коррекциялық кабинет жұмыс істейді. Онда 1937 мұғалім еңбек етеді. Олардың 90 пайыздан астамы жоғары білімді мамандар. Рас, біздің ауданымызда да оқушылар білім ордаларына тасымалданады. Ең бастысы, бұл жұмыска үлкен жауапкершілікпен қарап, бұлдіршіндерді сабағынан кешіктірмеуге ерекше көңіл бөлінген. Барлық мектептерде түрлі пәндер бойынша оқушылар арасында олимпиадалар ұйымдастырылып, жеңімпаздары облыстық, республикалық бәсекелерге жіберіліп отырылады. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев оқушыларынан республикалық байқауда екі оқушымыз, жыр алыбы Жамбыл тақырыбындағы айтыста бір оқушымыз жүлделі орынды жеңіп алды. Ұстаздар арасында жүлдегер атанғандары өз алдына.

–Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, жалпы құқық мәселесі туралы айтып, сұхбатымызды түйіндесек.

– Елбасының «Ынтымақты елде бақ тұрар» деген қанатты сөзі бар. Осынау ұлағатты талім ала отырып, біз тұзыры берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы түгел елімізді мәртебесін одан әрі арттыруымыз қажет. Құдайға шүкір, елімізде тыныштық орнап, өрісіміз малға толды. Ата Заңымызға сәйкес азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау басты міндетіміз. Бұл ретте құқық қорғау органдары тарапынан жүйелі түрде жұмыс жүргізілуде. Барлық ауылдық округтердегі учаскелік полиция пункттері ұзақсыз, заңнама талабына сәйкес жұмыс істегендігінің нәтижесінде барлық жылы ауданымызда ұлтаралық және жалпай тәртіпсіздік фактілері болған жоқ. Рас, статистикалық мәліметке сүйенсек, былтырғы жылы барлық салалар бойынша 191 қылмыс тіркелген.

Негізінен заңнаманы білу, сыйлау, құрметтеу сынды құндылықтардан тұратын құқықтық мәдениетімізді дамытудың мәні зор. Бұл мәселені құқық қорғау органдарында, сот жүйесінде өтетін жиындарда ғана емес, жалпыхалықтық бұқаралық басқосуларда ерекше айтып, жұрттың назарын аударып отыруды дағдыға айналдырғанымын. Кімде-кім қандай да бір жағдаймен заңнама талабын бұзды ма, ол Ата Заңымызға сәйкес сот алдында жауап беруге міндетті. Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабы, 1-тармағында «Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» деп анық жазылған. Қорыта айтқанда, Ата Заңымызға сәйкес мемлекеттік міндеттемізді адал аткару – басты парызымыз. Сол міндетке жетіп, ел игілігі үшін еңбек етудеміз.

– Әңгімеңіз е рахмет!

ОТБАСЫ –

Жас отау жарысы



«Отан отбасынан басталады». Дегенмен, соңғы жылдары отбасы құндылықтары деген түсінік өз бағасын жоғалтып бара жатқандай. Салдарынан жаңа отбасын құрғандар арасында ажырасу да көбейіп кетті. Осындай ұлттығымыздың, салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрыптарымыздың сақталуына қауіп төндіретін мәселелердің алдын алу мақсатында «Жетісу жастары» жастар орталығы осымен үшінші жыл қатарынан «Жас отау» атты облыстық байқау өткізді. Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен бұл шараға ниет білдірген 13 жұптың оны қатысты.

Жетісу
Қажет АНДАС

Байқау басталмас бұрын жиналғандар әр жұптың арнайы жасаған отбасылық фотокөрмесін тамашалады. Онда жастардың үйленгеннен бүгінгі күнге дейінгі өткізген ең қызықты сәттері бейнеленген. Сонымен қатар, екі жастың жұмысында, оқуында жеткен жетістіктері алған Мақтау қағаздары мен медальдары арқылы көрсетілген. Отбасымен бірігін жасаған шығармашылық туындылары да көрмеден үйлесімді орын тапқан.

Салтанатты рәсім ардагер әжелер ансамблінің жетекшісі Алтын Бүркейқызының ақ тілегімен басталды. Сонымен қатар, «Хабар» агенттігінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі Тілеуқабыл Мыңқасарұлы мен облыстық ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Ғалиасқар Сарыбаевтар жастарға сәттілік тіледі.

Зал толы болды. Көрермендер сахнаға шыққан әр жұпқа қызу қолдау көрсетіп, қобалжыған сәттерінде жігер беріп отырды. Өз кезегінде үміткерлер де жанкүйерлерінің үмітін ақтауға тырысты.

Алғашқы болып отбасымен таныстыру үшін сахнаға Алакөл ауданынан келген Жанғелді Немербаев пен Айнұр Рахипбекова шықты. Олар өздерін таныстыру барысында үлкен экраннан «Отбасындағы бір күн» тақырыбымен түсірілген DVD форматындағы бейнебаянды көрсетті. Бейнебаянда отбасы келіні Айнұр Рахипбекованың шәй құйып, төрдегі ақсақалдың асқа бата беруі көрсетілген. Міне, осындай қысқа ғана бейнебаян арқылы алакөлдік жұп қазақ отбасының үлгісін көрсете білді. Сонымен қатар, көрермендер мен әділқазылар алқасына ұнағаны – алғашқы жұп өздерін таныстыруға қазақтың қара домбырасымен шықты.

Өкінішке қарай, техникалық ақаулықтың салдарынан болар, сахнаға шыққан келесі жұптар бейнебаянды көрсетпеді. Дегенмен, барлығы жақсы дайындалған екен, бір-бірінен қалыспады. Таныстыру турында талдықорғандық Бекзат Ағиярұлы мен Гүлжан Әсетқызының жұбы да ерекшеленді. Олар театрландырылған көріністе бір-бірімен танысып, ата-тегін, өмірлік ұстанымын, кәсібін білісіп, өздерін өзгелерге де таныстыра білді. Ілелік Нұрлан мен Зинагүл Қоңырбаевтардың отбасы да сахнаға үш баласымен шығып, көрерменнің көңілін баурап алды.

Байқаудың екінші турында жұптар өз өнерлерін ортаға салды. Мұнда көксулық Берік пен Маржан Кәрімовтар ерекше көзге түсті. Бұл жұп билеу үшін бәріне белгілі үнділік «Танцор диско» фильміндегі «Дэнс» әнін таңдапты. Дайындығы төмен болса да ешкімге ұқсамаған Кәрімовтар көздеген мақсаттарына жетіп, жиналғандарды күлкіге бөледі. Талдықорғандық Бақытбек Садықов пен Әлия Шанайхан болса, грузин биін паш етті. Ал текелілік Тәкен Жұманқұлов пен Торғын Тұрлыбаевалар жетімдер туралы өлең оқып, қазіргі күннің өзекті проблемасын көтерді.

Байқаудың үшінші турында үміткерлер қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы турасында қойылған сұрақтарға жауап берді. Бұл турда, өкінішке қарай, бар жоғы екі сұрақтың өзіне толық жауап бергендер аз болды. Төртінші турда жұптар әділқазыларға отбасымен дайындаған ас мәзірін ұсынды. Міне, осындай төрт турдың нәтижесінде талдықорғандық кәсіби биші-лердің жұбы Бекзат Агиярұлы мен Гүлжан Әсетқызы жеңіске жетті. Жеңімпаздарға үйге ең қажетті үлкен тоңазытқыш табыс етілді. Екінші орын мен теледидар алакөлдік Жанғелді Немербаев пен Айнұр Рахипбековаға бұйырды. Ал Іле ауданынан бала-шағасымен келген Нұрлан мен Зинагүл Қоңырбаевтар жүлделі үшінші орын мен музыкалық орталыққа ие болды.

Қалған жеті жұп «Көрермен көзайымы», «Ең талқыр жұп», «Ең жарасымды жұп», «Ең ынабатты жұп», «Ең білімді жұп», «Ең әдемі жұп» және «Ең өнерлі жұп» номинацияларының бойынша марапатталды. Барлық өмірлерінің қызықты сәттерін тамашалап жүріңдер деген ниеттен DVD ойнағыш табыс етілді.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

НАМЫС

Жетісу
Сенбі
20 тамыз,
2011 жыл
11

СПОРТ әлем елшісі



Бөлімді жүргізуші Ришад ТҰРҒАНБАЕВ.

Спортшыларға құрмет

«Спорт – әлем елшісі» деп бекер айтылмаған. Ел намысын қорғап, сырт елдерде көк байрақты көтерген спортшыларымыз көп.

Өткен жыл да Қазақстан спортшыларының толайым табысымен аяқталды. Ел мерейін асқақтатқан байрақты бәсекелерде Алматы облысы сандықтарының мерейінің үстем, жеңісінің қомақты болғаны айта кеткеніміз абзал. Әсіресе, қыздардың «Жетісу» волейболшылар командасының, әзтемірлердің, балуандарға қоса боксшыларымыздың да ел мәртебесін асырып тастағаны сөзсіз. Бұл – бір аймаққа ғана емес, күллі елімізге ортақ қуаныш.

Осыған орай облыс басшылары спортшылардың Спорт күні кәсіби мерекесіне орай облыстық деңе шынықтыру және туризм басқармасының басшыларын, жетісулық ардагер спортшыларды қабылдап, мерекелемек құттықтады.

2011 жыл – еліміз үшін ерекше жыл. Бұл жылда болған айтулы жаңалық ретінде жыл басында елімізде VII қысқы Азиада ойындарының өткенін зор мақтанышпен айтуға болады. Мемлекет басшысының дәстүрлі Жолдауында айтылғандай, саламатты өмір салтын насихаттап, осы салада қол жеткізген жетістіктерімізді елдің ары дамыта беру маңызды міндет болып табылады.



Қазақстан спортына орасан үлес қосып, айбарымызды асқақтатып, атымызды алты құрлыққа жеткізген ардагер спортшылардың еңбегін бағалаған облыс басшылары оларды «Құрмет грамотасымен», «Алғыс хаттармен» марапаттады. Атап айтсақ, "Жетісу" кәсіпкой волейбол клубының бас жаттықтырушысы сының қола жүлдегері Мәулен Мамыров риясыз қоңілдерімен алғыстарын білдіріп жатты.

ТАБИҒАТ – ТАЛ БЕСІГІМІЗ

Отанымыздың басты байлығының бірі болып табылатын орманды қорғау - ортақ міндетіміз. Бұл бағытағы жұмыстарда орман шаруашылығына аса үлкен жауапкершілік жүктелін, қорғауға қатысты шараларды ұйымдастыру міндеттелген. Әсіресе, қоршаған ортаны өрттен сақтау, оның алдын алу, заңсыз кесуді болдырмауға баса назар аударылады. Өрттердің көбі орман қорына жапсарлас орналасқан шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылығы ұйымдарының жайылымдық та, шабындықтарда сабан және өзге де өсімдік қалдықтарын жағу салдарынан болады. Бұл жағдай тек теріс жерлерде ғана емес, таулы аймақтарда да тіркеледі. Сондай-ақ, табиғат аясында демалушылар мен малшылардың, жергілікті тұрғындардың өрт қауіпсіздігін сақтамауы да орны толмас оқиғаларға ұрындыратын кездер аз емес.

Мемлекеттік орман қоры аумағында жұмыс жүргізетін немесе шысалдары бар жеке тұлғалар, ұйымдардың басшылары өрт қауіпі бар маусым басталар алдында, ал мәдени-бұқаралық және басқа да шаралардың өткізілуіне жауапты тұлғалар демалушылар орманға келер немесе кетер алдында



ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Күз мезгілдерінде орманның өртену қаупі 40 пайызға артады. Сондықтан, көктем мен күз мезгілдерінде өрттің алдын алу шараларын күшейту, дайындық жұмыстарын уақытылы жасауды қамтамасыз еткен жөн.

Орманды өрттен қорғау мақсатында барлық сала өкілдері бірлесе отырып (мемлекеттік өрттен қорғау қызметі, аудандық және ауылдық әкімдіктер, мемлекеттік орман күзеті, жеке шаруа қожалықтары, полиция және т.б.), нақты әрі ауқымды шараларды қолға алуға тиісті. Өрттің шығуына себепкер болған кінәлі адамдар заң ауқымында әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарылғанда ғана сақтық шараларын үнемі естеріңде ұстап, өкінішті оқиғадан сабақ алады. Дегенмен, ормашылар көбіне өртке кінәлі жандарды таба алмайды. Сондықтан бірінші кезекте Орман Кодексінің, Өртпен қорғау ережесінің бұлжымастан сақталуын қамтамасыз етуге күш жұмсаған жөн. Мана айтып өткенімдей, өрттерге негізінен орман қорына жапсарлас орналасқан шаруа қожалықтарының және ауыл шаруашылығы ұйымдарының жауапсыздығы себеп болады. Осыны ескере отырып, жылдар бойы шешімін таппай келген, кезінде шаруа қожалықтарына берілп кеткен орман қоры жерлерін қайтару мәселесі қолға алынса дұрыс болар еді. 2011-2012 жылдары жүзеге асырылатын орман орналастыру жұмыстарының алдында осындай жерлер нақты иесін тапқаны жөн.

Орман пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары «Қазақстан Республикасының орман дарындағы өрт қауіпсіздігі» Ережесіне сәйкес жүргізілуі тиіс. Атап айтқанда, жас қылқан жапырақты ағаштарда, ескі өртеңдерде, бүлінген орман учаскелерінде (жел, дауыл құлатқан) кесілген ағаш қалдықтары мен дайындалған сүрек жатқан кесте-ағаштарда, шөбі қурап қалған жерлерде, сондай-ақ ағаштардың түбіне от жағуға тыйым салынады. От жағуға ені кемінде 3 метр минералдандырылған жолақтармен белгіленген алаңдарда ғана рұқсат етіледі. Жағылған от пайдаланылғаннан кейін топырақпен мұқият көмілді немесе су құйылып, өшірілді. Сонымен бірге жапып тұрған шырпының, темекі тұқылын тастауға, ағ аулау кезінде тез немесе бықсып жанатын материалдардан жасалған от тығылдарын пайдалануға, жанар-жағармай заттары сіңген сүртү материалын қалдыруға, ішten жанатын двигательдер жұмыс істеп тұрғанда отын бағына жанармай құюға, двигателінің май шашу жүйесі бұзылған машиналарды, ашық отты пайдалануға болмайды.

Орманды тұрмыстық қалдықтармен және тастандылармен ластауға, көкіс пен құрылыс қалдықтарын төгуге болмайды. Қоқысты жағу белгіленген тәртіппен арнайы бөлінген учаскелерде ғана жүргізілуі мүмкін. Онда да төмендегі талаптарды естен шығармаған абзал. Жағатын орындар (пеңіскілер немесе алаңдар) қылқан жапырақты орман шетінен немесе жеке өсіп тұрған қылқан жапырақты ағаштар мен талдардан кемінде 50 метр, жапырақты орман шетінен және жеке өсіп тұрған жапырақты ағаштардан кемінде 25 метр қашықтықта бөлінуге тиісті. Айналасы 15-20 метр радиуста құрап қалған ағаштардың, шөптектерден, кесілген ағаш қалдықтарынан, тез тұтанатын басқа да материалдардан тазартылуға және ені кемінде 3 метр, ал құрғақ топырақты қылқан жапырақты орманға жақын маңдағы учаскелерде кемінде 5 метр минералдандырылған жолақпен белгіленуге міндетті. Өрт қауп бар маусымда қоқыс жағу желісті тының немесе жауын-шашынды ауа райында арнайы бөлінген адамдардың қадағалауымен жүргізіледі. Қуаңшылық кезеңдерде қоқыс жағуға болмайды.


Мемлекеттік орман қоры өрттерінің шығу себептері жайында, сондай-ақ оларды сөндіру тәсілдері туралы нұсқаулық жүргізуге міндетті.

Елді мекендерге жақын орналасқан, тұрғындар мен туристер көп келетін орман алқаптары насихат құралдарымен (плакат, аншлаг, насихат қағаздары), өрт сөндіруге қажетті құрал-жабдықтармен толығымен қамтамасыз етілуі керек. Темекі тартатын арнайы орындар белгіленуі қажет. Осылардың уақтылы орындалуы мемлекет байлығы болып табылатын орманды өрттен қорғауға өзінің он әсерін тигізеді.

Мәулен БӘЗІЛОВ,
Алматы облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық басқармасы бастығының орынбасары.

УНИВЕРСИАДА

ӘЗІРГЕ ЖАЛҒЫЗ ҚОЛА



Жуырда Қытайдың Шеньжен қаласында биылғы универсиада өз жалауын көтерген болатын. Әлем мықтыларының басын қосқан бәсекеде Қазақстанға бұйырғаны жалғыз қола. Жеңіл атлетикадан төрт жүз метр қашықтыққа жүгіруден үшінші орынға табан тіреген Ольга Терещенко қола медальді қанжығасына байлады. Ал қалған спортшыларымызға келер болсақ, ауыр атлетикадан қос спортшымыз жарысты аяқтады. Алматы облысының түлегі Медет Жұндбаев пен Нұрсұлтан Рахатов алғашқы сындыққа ешқандай кедергісіз шығып, ең ауыр салмақтарда өнер көрсете алмай қалды. Дзюдодан Мади Құрмыбаев төртінші орыннан аса алмады. Универсиадада алдында қазақстандық мамандар алғашқы ондықта енеміз деп жоспарлаған болатын. Әзірге ондай жеңістің төбесі көрінбей тұр.



БАС ЖҮЛДЕ – 150 МЫҢ ДОЛЛАР!

Кеше Астана қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін қазақ күресінен «Қазақстан барысы» атты республикалық жүлде жалауын көтерді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орайластырылған, ұлттық спортымызды қайта жаңғырту, сондай-ақ төл спортымыздың Олимпиада ойындарының бағдарламасына енуіне ықпал жасау мақсатында ұйымдастырылған, бас жүлдеге 150 мың доллар ақша тігілген бәсекеде Алматы облысының намысын Айдос Қанлыбаев, Алмас Сатқынов, Жәнібек Дүйсенбінов және Максим Фуртаев сынды балуандар қорғайды. Боз кілемде белдесуге аттанған спортшыларымызға сәттілік тілейік.

ӨНЕР

Әр жұма сайын облыс орталығында өтетін мәдениет күндері тек ауыл мен қала тұрғындарының мәдениет алмасуына ғана жол ашпай, елді мекендегі талантты жастардың да танылуына мүмкіндік берді. Аталмыш шара аясында бес жылдан бері нешеме онсаһыбай құрылып, түрлі деңгейдегі атаққа ие болса, жас өнерпаздардың тұсауы кесіліп, үлкен өнер жолына қадам басты. Осындай игілікті іс биыл да жалғасын тапты. Үмітін үкілеген өрендер де осылайша үлкен сахнада өнер көрсетіп, жақсы қырынан таныла бастады.

Үкілі үміттер



Жетісу
Қажет АНДАС

Бұған Қарасай мен Ақсу аудандарының мәдениет күндері аясында ұйымдастырылған шара барысында көз жеткіздік. Онда қарасайлық Бексұлтан Нұрғисаев пен Камила Ақашевадан құралған дуэт тыңдармандарын сұлу сазға бөлеп, көпшіліктің алғысына кенелді.

Әрине, олардың жеткен жетістігін айта салу оңай-ақ, одан да маңыздысы, сол биікке жету жолындағы құлшыныстары дер едік. Бексұлтан мен Камила бүгінде Қарасай ауданының Іргелі ауылындағы Л. Толстой атындағы орта мектепте оқиды. Бірі 7-сыныптың, ал екіншісі 5-сыныптың бетке ұстар шәкірттері. Басында мектеп ішіндегі мәдени шараларға қатысып, өнерге бейімділігін таныта бастаған қос балдырғанның өнерін ұштай түсу керектігін ұстаздары ата-аналарына құлаққағыс етеді. Көпшілікке белгілі «Нұрташ» студиясының жетекшісі, композитор, музыка өңдеуші Нұрлан Ташев пен оның зайыбы, халық және эстрада әндерін орындаумен елге танылған Қалбибі Әбдуллаева оларға әншілік өнерді үйретуге қуана келісімін береді.

Аудандық Мәдениет үйінің жанынан ашылған студияның шығармашылық деңгейі сол өңірге мәлім. Талай таланттың көңіл көзін ашқанын ел біледі. Енді бұл шаңырақта жаңадан қосылған қос әнші дуэт құрып, сахнаға шыға бастайды. Сол студияда екі жыл шеберлігін шыңдаған олардың жеткен жетістігі де көңіл қуантарлық. Талай байқауға қатысып, топ жарған қос әнші осыған дейін «СТБ» арнасының «Балапан», «Алматы» арнасының «Әнші болғым келеді» бағдарламаларын ұйымдастырған республикалық байқауларда бас жүлдені еншілесе, өткенжылы «Ғұмыр – Дария» студиясы ұйымдастырған «Жаз мереке» байқауында жаңды дауыспен ән шырқап, III орынды жеңіп алып, ауылдастарының мерейін өсірді.


Осында бір айта кетерлігі – Іргелі ауылы аудан орталығы Қаскеленнің іргесінде дегенмен де, күн сайын мектептегі оқуын бітіре салып, жарты сағаттай жол басып Мәдениет үйіне келіп, сабақ алу оларға оңай тимейді. «Еңбегі бардың – өнбегі бар» дегендей, шіліңгір ыстық пен қақаған аяздағы табиғаттың тосын мінезіне де мойымаған Бексұлтан мен Камиланың бір рет те уақыттан кешігіп немесе студияға бармай қалған кезі болмапты. Бұл өнерге деген қызығушылықтың, өз ісіне табандылықтың көрінісі еді. Сол табандылықтарының арқасында екі жылдың ішінде ән айтудың, музыкалық аспапта ойнаудың көптеген құпиясын меңгеріп, өз қатарластарынан дара озып шығып, келешектерінен үлкен үміт күттіріп келеді.

Мұндай қайсарлықтың қайдан келгені туралы сұрап көрген едік. Олар: «Елбасы туған өлкенің өрендеріміз. Сондықтан қашанда мықты болуға тырысуымыз керек. Сондай-ақ, қазір біздің білім алуымызға, жанымызға жақын мамандықпен айналысуға бар мүмкіндік жасалуда. Мұндайда ізденбесек, күлшінбасақ бізге сын болмай ма?», – деп жауап берді.

Әлбетте, біз қазір тәуелсіз елдің іргесін бекітіп, жоғалтқанын түгендедік. Десе де, осы елдің беделін биіктететін өскелең ұрпақ. Сондықтан, олар қай саланы меңгергісі келсе де оған жағдай жасалған. Тек оларда Бексұлтан мен Камиланың талпынысындай ізденгіштік болса болғаны.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

ТАЛҒАРЛЫҚТАР ЖАРАДЫ



Жастар әмбебап Спорт сарайында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына байланысты ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақтан облыстық чемпионат өтті.

Аталмыш жарысқа облысымыздың он екі ауданынан келген қырық сегіз спортшы бақтарын сынады. Доданың салғанатты ашылуында облыстық туризм, денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Мұхит Тұрсынбайұлы сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Бәсекеге үлкен дайындықпен келген тоғызқұмалақшылар жарыстың көрігін қыздырды. Үш күнге созылған додада бірінші орынды Талғар ауданының командасы жеңіп алды. Екінші орынға Жамбыл ауданы тұрақтаса, үшінші орын Ұйғыр ауданының командасына бұйырды.

Жеңімпаздар қыркүйек айында Өскемен қаласында болатын республикалық біріншілікте облыс намысын қорғайтын болады.

Бекасыл ҚОЗЫҒҰЛОВ,
Алматы облысы тоғызқұмалақ федерациясының президенті.

КӨКЕЙКЕСТІ

КОМАНДАЛЫҚ ОЙЫНҒА КӨҢІЛ БӨЛЕЙІК!

Жекпе-жек спорт түрлерінде жоғарыдай жарқылдайтын қазақтың боксшылары мен бойжеткендері командалық ойындар мен қысқы спорт түрлерінде әлі өз үлестерін ала алмай жүр. Мұны мен өзам де бір кездей білемін, деп сөзімізін әуелгіде - волейболға қатысты до айтуға болады. Осыған орай, өзімді көптен бері толғандырып жүрген ойларымнан бөлісіп келеді.

Әуесі көп қазақтың ауеқобында толайым табыстармен мақтана алмаймыз. Мұнда қазақ спортшылары айтпағанда, шеберлер қатарында ойнайтын команданың өзі тапшы. Жоғарғы лигада бақ сынап жүрген 8 команда сапындағы ойыншылар да аз. Ел бірінші мықтыларының бірінен саналатын «Атырау» сапында Нариман Сүлейменов мен Биғали Жұмағазиев болса, волейболы өзгелерге қарағанда едәуір тәуір дамыған Алматы қаласы командасының сапында жалғыз қазақ жігіті жүр. Сондай-ақ, Петролавлдың «Есілінің» намысын қорғап жүрген Жақсылық Тілеулін команда-дағы қазақ ұлтының жалғыз өкілі. Дәл осындай жағдай Оралда да орын алып тұр. Оның үстіне «Конденсат» сапындағы жалқы қазақ Қайрат Байбеков ойынның кәп бөлігін қосалқы құрамда отырумен өткізеді.

Қазақ баласының ауеқобқа икемі жоқ деуге ауыз бармайды. Әуедоптың сайлығырандары – Октябрь Жарылғапов пен Заңғар Жержешев, Жанбек Сауранбаевтарды айтқанда, зайдарымыздан жөн есап қаламыз да сондықтан. Дегенмен, дәл қазіргі кезде осынау олимпиадалық ойын түрінде жаттығын спортта қазақ жастары жоқтың қасы. Ол туралы жоғарыда айттық.

1968-1970 жылдар аралығында Қазақстанда Алматының «Буревестник» атты волейбол командасы құрылды. Октябрь Жарылғапов негізін қалап, кейін Заңғар Жержешев жетекшілік етті. Кешегі Кеңестер Одағына олжа салып, Еуропа турнирінде де жеңіске бастар жолды тапты. Ағайынды Шапрандарға дейін-ақ допты алақанда ойнатып бас біткенен беделі жинады. Еуропа көлемінде күбіктарды жеңіп алғаны аз емеспе. Сонымен қатар, қыздар арасындағы волейбол ойынында Алматының «АДК» командасының аса мәртебелі жарыстарда олжа салып, абыройымызды асырғаны ұмытылған жоқ. Бұл команда Еуропа күбогын жеңіп алған болатын. Бір өкінішті: осы командалар сапында қарақөздер жоқтың қасында болды.

Қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедов – әлемдегі ең мықты баскетболшылар қатарында аталады. Осының өзінен-ақ бойшаң қазақтардың волейбол мен баскетболдан да алар орны бар екенін ұғынамыз. КСРО құрама командасының капитаны ретінде алаңда он жыл бойы атой салған Әлжан ағамыз қазіргі кезде Мәскеуде университеттің қыздар командасын жаттық тырып жүрген жаны бір Бойынның ұзындығы 2 метрден асатын чемпионымызды жағдайын жасап, елімізге шақыруға неңіз кедергі болып отырғанын ешкім тап басып айта алмайды. Қалай болғанда да, бақытын басқа елден тапқан атақты спортшының жолы туған жерге түсер емес. Данқты спортшы өз елімізге келіп баскетболшы қарақөздерден жасақталған командамызды жаттықтырса, біздің баскетболда да үлкен тойлардың болары сөзсіз екені дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Қазіргі кезде баскетболдан еліміздің жоғарғы лигасында өнер көрсететін командаларда да қазақ ұлтының өкілдері тіпті аз. Әлгі айтқан волейболдағы жағдай мұндағыға қарағанда айналайын дейсіз. Мысалы, Алматы қаласы командасында бірде-бір қазақ ойнамайды. Ел баскетболының серкесіне балануы қостанайлық «Тобыл» сапында Сұлтанов Тимурдан басқа қазақ жоқ болса, ақтаулық «Каспий» командасында ең қандасымыз кезге түсіп жүр. Керемет ойын-ермегімен жұрт жүрегін жаулап, жанкүйерлердің көзайымы болып жүрген Атыраудың «Барыс» командасының ойыншысы Рүстем Төлеудің жетістігі қуантқанымен осындай азаматтарымыз кәп болса деген тілек көңілді жиі мазалайды.

Қожатай ЖҰЗЖАСАРОВ,
волейболдан жоғары ұлттық дережедегі төреші.

Алматы облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2011 жылғы 20 сәуірдегі шешімімен "Жетісу" аңшылар мен балықшылар қоғамы» АҚ, СТН 092200005891 банкрот деп танылды. Арыз-талап хабарландыру жарияланғаннан бастап 2 ай бойы мына мекенжайда қабылданады: **Алматы облысы, Текелі қаласы, Төлебаев көшесі, 36. Тел.: 8 777 0155098.**

***

Решением СМЭС по Алматинской области ОО «общество охотников и рыбололов «Жетісу» от 20.04.2011года, рнн 092200005891 признан банкротом. Притензии принимаются в течении 2-х месяце в со дня опубликования по адресу: **Алматинская область, г. Текели, ул. М. Толебаева, 36. Тел: 87770155098.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарқан ауданы, Сарқан қаласы Абай атындағы мектеп-гимназиясы орыс тілі пәнінің мамандарын жұмысқа шақырады. Байланыс телефоны: **872839-2-19-33.**

Считать утерянный диплом серия ЖБ – II № 0040193 рег № 8444 недействительным выданный Талдыкорганским педагогическим институтом им. И. Жансугурова нынешнее название ЖГУ им. И. Жансугурова в 1994 г. на имя **Джумагуловой Гулжан Амиргалиевной** удлнч. № 030493305 выданный МЮ РК (от 16.08.10 по 15.08.20).

Райымбек ауданы Кеген селолық әкімінің № 11-123 01 11.2010 жылғы шешімімен **Асылбекова Нағиманың** атына Кеген ауылы Түп көшесі номері белгісіз, салынбаған тұрғын үйдің 0,3000 шаршы метр жерге кадастр № 03-050-120-1697, 30.12.2010 жылғы берілген мемлекеттік акт № 857980 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЕСКЕ АЛУ



Райымбек ауданы Тұйық ауылының тұрғыны, бауырымыз **Алпысбаев Бірлік Жетеңұлын** 2008 жылы 22 тамызда ажал алып кеткенінде биылғы жылы 36 жасқа толар еді. Жаны жаннатта, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Құран құсқа теңедім,
Қанаты сытар демедім.
Әжет мінез өмірде,
Бір жерден шығар деп едім.

Жарқ еткен отпай бұлып, жанып, сөніп,
Ұясын кете барлық ұлы көшпен.
Бақұлық ғұмырыңа кетсең-дағы,
Мәңгілік шырағымыз сені астем.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: әкесі, анасы, бауырлары, жары және балалары.

Балқаш ауданы, Қарой селолық округі әкімінің аппараты аталған селолық округтің бұрынғы әкімі, Қарой орманшылығының орман шебері Аманбай Бейсенбекұлына сүйікті жары

Молдабекова Нұршаш Шаяхметқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Есепші-кассир Алдабергенов ауылының тұрғыны, ардагер әкемізді **ҚОШАҚАНОВ Шәкен Қошақанұлы** мен апамыз **ҚОШАҚАНОВА Күлаш Мырзақұлқызының** отау құрғандарының 50 жыл толып отыр. Олар осы ұзақ жылдары тату-тәтті өмір сүріп, өз еңбектерімен көпке сыйлы, ағайынға құрметті бола білді. Әкемізбен анамызды бүтіндей болатын алтын той мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ата-анамызға өмірдегі бар жақсылықты тілей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнағымыз келеді.



Жан ана, жаным жанасың қарапайым.
Аяулы бізді өздерің алғанымен,
Бізді мен немерелер ортасында,
Құшағыңда атаңды деміп тағы,
Аңсағызды қас-қабағыңан ұғынып,
Сіз жүрегіз бүркемі үйірің.
Ел мінеп жүрт қадірлейді сіздерді,
Адал еңбек, таңдені терге сүйеніп.
Айналаны құлпыңдырып ән қылып,
Ата берсін алдыңыздан тағы күліп.
Біз сіздерге бақытымыз ағыңдап,
Ортаңызда жүріңіздер мәңгілік.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІ: балалары – **Қарлыға-Есет, Болат-Гүлшат, Салтанат-Назар, Шохан-Гүлбану**, немерелері – **Гүлжан-Ғалым, Гүлім-Сағадат, Бақытжан, Алмат, Сымбат, Шынғыс, Балжан, Әлихан, Уәлихан, Аянат**, шөберелері – **Нұрсат, Нұрай.**


Талай талантты білім нәрімен сусындатып, арманын ұштаған Талдықорған қаласындағы №9 орта мектептің директоры **Салима МӘМЛЕЕВА**, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары **Күлшат ТҰРҒАМБАЕВА** мен **Галия АҚШОЛАҚОВА** және сынып жетекшісі **Жанара ТОҚБАЕВАНЫ** мұғалімдер күнімен құттықтаймыз. Қашан да «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» азаматтарды тәрбиелей беруіңізге деп тілейміз.



Жас ұрпақтың ұлағатын ұштаған,
Мұғалімдер ұстаз болсаң мерейің.
Құлпы болсың мәрмәрдың тағы да,
Шын жүректен жоқтан шалқу ерейің.

Бақытты үшін баланың дүниеде,
Келесіңдер болашаққа жол ашып.
Міне, осындай ұлағатты күндерің,
Кете берсін толайым-толайы ұласып.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: 4 "а" сыныи ата-аналары.



Көксу ауданы Мұқыры ауылдық Мәдениет үйінің директоры, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Көксу аудандық мәслихатының депутаты және сол ауданның Құрметті азаматы **Нұрш СҮЛЕЙМЕНОВ** қыркүйек айының 29 жұлдызында 65 жасқа толды. Халқына қалаулы, жұртына ағулы осы бір ақсақал жанды мына бір жыр жолдары арқылы туған күнімен құттықтаймыз.

Сұлулық пәлсіз болса тартыстыра ма,
Айтылған ақпаның ақыс кеш пе?
Сөз ұлы Жетісудың Сүлейменін,
Мінеки, толған отыз алтыс беске.

Жалықпас тарихтан берекеміз,
Қалмаған қасиетті ел көнбіз.
Әрдайым бақытының ортасында,
Тұрған күн құтты болсын мерекеңіз!

Алматы облыстық «Алатау» газеті редакциясынан іниніз – Айдың Кәлімханұлы және басқа да туған-туыс, достарыңыздың.

●Жыр кеші

Ақсу ауданының Малыкбай атындағы Мәдениет үйінде оқып, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, Қазақстан спортына еңбегі сіңген жаттықтырушы, Ақсу ауданының Құрметті азаматы Жұмабек Қуанышбайұлының «Елім деп соққан жүрегім» атты жыр кеші өтті.

Ақынын қадірлеген ел

Жетісу
Қажет АҢДАС

Онда ардагер журналистер Хасен Көптілеуов пен Болат Бисұлтанұлы, жазушы Мұхаметәли Қазбанбетов, ҚР білім беру ісінің үздігі Жамалхан Мамырбекова сынды қаламгердің достары мен замандастары жылы лебіздерін білдірсе, Мәдениет үйінің директоры Болатхан Боранбаев, аудан әкімінің аппарат жетекшісі Амандос Ақышұлы құттықтады. Ал Сәтбаев, Сыдықов, Сикімов, Мамания және аудандық спорт мектептерінің оқушылары ақын өлеңінен үзінді оқып, оның өзіне жазылған әндерді орындады. Аудан әкімінің орынбасары Сәбит Қорғанбаев аудан әкімі Әскербек Дүйсенбаевтың сәлемін жеткізіп, ақынға шапан жапты.

Әсем ән, күмбірлі күй, бұрытылған бимен айшықталған жыр кеші жоғары деңгейде өтті. Кештің жас ұрпаққа қалдырған өнегесі өзгеше болу, жан жылытар өрлікпен айшықталды дей аламыз.

Әрине, қазақ әдебиетінде балуандық пен ақындықты қатар алып жүрген қаламгерлер саналулы ғана. Кешегі «Егеуқұйрықтан қайта қолға алып, сиқу-сиқу жер шалған» Махамбет, талай күштіні жіктірген Мәди мен Балуан Шолақ өлеңге өрнек салды. Бүгінде Қазақстан спортында өзіндік сүрлеуін салған Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері Асқат Жігіттің сынақты кәнігіден жас балуанының жетіліп шығуына жол ашқан Жұмабек Қуанышбайұлы да сол ұлы жалғастық келеді. «Өз елі өз ерлерін өсермесе, ел тегі кайдан ақын көмеңгерді», – деген Ілияс ақынның өнегесін үлгі етіскен Ақсу өлкесінің түлегі ғұмырының тең жартысын бозбалемнің үстінде өткізсе, қалғаның поэзияның бесігін тербетуге арнап, қалғыс дейін 6 кітап шығарып үлгерді. Әлбетте, оның өлеңдері көптігімен емес, оқырман жүрегіне жеткенімен құнды.

Спорт пен әдебиет екі сала болса да оның бір-біріне деген жақындығы мен тамырластығынан сақтау табу таланттың белгісі саналады. Осы тұрғыдан келгенде:

Ана тілім – бесік жыры анамның,
Тіл мен дінің көтергейді наза-мұң.
Сылдырлаған суын тыңдап Ақсудың,
«Дөңгелек үстел» басындағы әңгімені аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Мұрат Түсіпов қорытындылады.

Жомарт ШТМАН.
САРҚАН АУДАНЫ.

●Жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайластық жарға жығады

Мемлекеттік қызметкерлер арасындағы құқық бұзушылық жыл сайын көбейіп отыр. Облыстық қаржы полициясының мәліметіне сүйенсек, құзырлы орган жыл басынан бері сыбайлас жемқорлыққа қатысты 131 деректі анықтаған. Оның дені мемлекеттік қызметтегі науазымды тұлғалардың араласуымен 59 іс тіркелген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы мерзіммен салыстырғанда 2 есеге артқан. Лауазымды тұлғалардың бұл әрекеті кәсіпкерлердің несіп табуына кедергі келтіріп отыр. Тіпті кәсіпкерлердің құжаттарын реттеуге де пара талап еткен 20 дерек анықталып, жемқорлыққа қатыстылығы анықталған. Олардың үстінен тергеу ісі жүргізіліп, сотқа жолданған. Бұл туралы І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде өткен «Сыбайлас жемқорлыққа күрес жүргізудің саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық қырлары және кәсіпкерлікті қорғау» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция да сөз болды.

«Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы және облыстық экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті мен І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті бірлесіп ұйымдастырған шараға құқық қорғау органдарының өкілдері, университет оқытушылары және магистрлер қатысты. Онда кәсіпкерлік саласында орын алған сыбайлас жемқорлық жайы сөз болып, оның алдын алу жолдары қарастырылды.

Бұл бағдарламаның жинақ мерзімі жас жігітті қинамайды, өйткені шарт талаптарын кез келген мезетте аз уақыт ішінде тарифті ауыстыру мүмкіндігі бар.

Болашақта Абай өзін жоғары білікті хирург және үлкен тату жанұяның өнегелі отағасы ретінде көреді. Ол үшін жеке пәтер болуы қажеттілігін толық сезінеді. Жоғары оқу орнын аяқтап, жұмысқа тұрғанынан кейін жас жігіт пәтерді иемдене алады.

Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі тұтынушыларға алдын ала жинақсыз берілетін заемдарды да ұсынады. Бұл мақсатта алдын ала тұрғын үй несиесі бар және пайыздық мөлшерлеме жылдық – 11% төмендетілген (тиімді мөлшерлеме – жылдық 15,1% дейін).

«Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қазақстандықтарға пәтер сатып алуға, құрылыс және жөндеу жұмыстарына заемдар ұсынады. Жинақ жасау барысында жинақ үстіне жыл сайын жылдық 2 % сыйақы мөлшерлемесі мен мемлекет тарапынан 20% көлемде (200 айлық есептеу көрсеткішіне дейін) сыйлық ақы тағайындалатыны қызықтырады. Ұзын сөздің қысқасы, салымшы жинақтайды - «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» есептеп көбейтеді. Осы ақиқат тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі негізінде қаланған. Өйткені жеке үй мен пәтер – ертеңгі күнге тұрақтылық пен сенімділіктің кепілі боп табылады.

Ибраһим КАППАСОВ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

САЛЫМШЫ ЖИНАҚТАЙДЫ, АЛ «ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» ЕСЕЛЕП, КӨБЕЙТЕДІ

Әр адам өз тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында қаражатын көбейтуді қалайды, талғамы мен мүмкіндігіне қарай өртүрлі жолды таңдайды, ал сабырлы мен ұқыптылардың назары «Тұрғын үй құрылыс» жинақ банкінде. Оның негізінде, баспана мәселесін шешудегі тиімді де дәлелді бағытты сілтеген тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі жатыр.

Соңғы кездері елімізде тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі қарқынды даму үстінде. Өйткені, баспана мәселесі шешілмей жүрген адамдар «өз сәтін» асыға күтуде. Пәтер сатып алу немесе үй салу – адам өміріндегі үлкен қаржылық салым. Баспана алу үшін дереу қомақты соманы жинастыру мүлдем оңай емес. Сонымен қатар, құрылыс және пәтер алу несиелерінің сан түрлі ұсыныстары бар. Қысқасы, әлі шешуін таппаған өсы мәселеге көзқарас сан түрлі болып келеді.

Тұрғын үй алуға нарықта көрсетілген барлық ұсыныстардың арасында тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне ерекше көңіл бөлген жөн. Мұндай үлгі азаматтардың тұрғын үй проблемасын мемлекетпен бірге отырып шешуге мүмкіндік береді. Жинақ жүйесі – батыс және шығыс Еуропа елдерінде баспана сатып алудың дәстүрлі атрибуты болып табылады. Неге біз шет елде баспана алу бағасының арзандығына таңданамыз, өйткені онда тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі кеңінен қолданылуда. Әрине, көпшілікте мәнді сұрақ туындайды – бағалар көтеріліп, оған қоса пәтерді жалға алып отырсақ, пәтерге қаражатты қашан жинаймыз. Сойтіп, кейде біз іс жүзінде пәтер алу мүмкіндігінен үміт үземіз. Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің барлық артықшылықтары мен кемшіліктерін ұғынған «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің» салымшылары бұл айтылғандармен толықтай келіседі.

Бізбен алғашқы сұхбаттасушы мемлекеттік қызметкерлер – Марат пен Айнұрдың отбасы. Олар бір жыл бұрын танысқан болатын. Тағдырдың қалауымен көп ұзамай үйлену тойын өткізгеннен кейін, бірден пәтер мәселесі туындады. Қазіргі шақта жас жұбайлар мерзімі 3,5 жылды құрайтын «Бастау» тарифтік бағдарламасы бойынша пәтерге қаражат жинақтауда. Тұрғын үй несиесінің пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 5% құрайды (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 5,3% дейін).

Әскери қызметкер Александр және оның жұбайы Венера «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» қызметі жөнінде таныстарынан кездейсоқ білді, мерзімі 5,5 жылды құрайтын «Өркен» тарифтік бағдарламасы бойынша шартқа отырыпты.

Тұрғын үй несиесінің пайыздық мөлшерлемесі – жылдық 4,5% (жылдық тиімді сыйақы мөлшері – 4,7% дейін). Қандай да бір жағдайға қажет болады деп есептеген ойлары дүниеге екі бірдей егіз қыз бала келгенде жүзеге асты. Ата-аналары тұрып жатқан үйлерінің тарлығына төзбей, бір бөлмелі пәтерді сатқан қаражатты жинақ шотына аударды. Тура сол уақытта несиені төмен пайыздық мөлшерлемемен алуға болатынын туралы банктің хабарландыруы шыққан болатын. Банкте оларға екі нұсқаны таңдауда ұсынды. Бірінші – алдын ала берілетін заемды өтеуді үш жылдан көп емес мерзімге ұзартуға болатын, жылдық сыйақы мөлшерлемесі – 9,5% (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 15,7% дейін) құрайтын «Жеңіл» бағдарламасы бойынша аралық тұрғын үй несиесі. Ал екінші таңдау жасалған – алдын ала берілетін заемды төмендетілген жылдық – 8,5% (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – 17,5% дейін) пайыздық мөлшерлемесі бойынша өтеу мүмкіндігі бар аралық несие.

Мемлекеттік қызметкерлер Кайрат пен Алияның отбасы кең, жеке үйді армандаған болатын... Осылайша үй құрылысына қаражатты асықпай жинақтауды жөн көрген. «Тұрғын үй құрылыс жинақ» банкінің тарифтерін ұғынып, 8,5 жылдық жинақтау мерзімді «Кемел» бағдарламасына тоқтады. Тұрғын үй несиесі бойынша сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 4% (тұрғын үй несиесінің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - 4,2% дейін).

Жыл сайын тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесінің салымшылар саны артып келе жатыр; салымшылар арасында студенттер де бар. Мысалы, медицина академиясының үшінші күре студенті Абай, өзі оқып жүріп, жұмыс жасайтындығына қарамастан, ол банк салымшысы болып табылады. 15 жыл мерзімге «Болашақ» тарифтік бағдарламасы бойынша шартқа отырған. Тұрғын үй несиесі бойынша сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 3,5% (тұрғын үй несиесінің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі - 3,6% дейін).

Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекенжайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №86 үй, тел.: 24-40-48, 24-79-72 немесе www.hcsbk.kz сайтында.

●Премьер-лига

Қазақстанның футбол біріншілігінің 31 тур ойындарын Талдықорғанның "Жетісуы" сырт алаңда Шымкенттің "Ордабасы" командасында қонақта болып қайтты. Жерлестеріміз Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионында өткен кездесуде қарсыласын 1:2 есебімен жеңіп, олжалы оралды. Ауадай қажет үш ұпай қоржынға түсті.

«ЖЕТІСУ» ЧЕМПИОНДЫҚҚА ҮМІТКЕР

Кездесудің бас төрешісі Сергей Пасконың ысқырығын күткен футболшылар бірден-ақ шабуылдатып, қауіпті жағдай туғызды. Бірінші таймның 36 минутында "Жетісудың" №11 ойыншысы Алексей Щеткиннің тепкен добы "Ордабасы" командасының қақпасынан табылды. Бұдан кейін алаң иелері басымдық танытып, ал жерлестеріміз қорғанысқа қатты мән берді. Айтқандай-ақ, шымкенттіктер есепті теңестіріп кетті. Алаң ортасынан сытылып шыққан № 4 ойыншысы Мұхтар Мұхтаров голдың авторы атанды.

Сәл салғыртшылық танытқан қонақтарға чемпиондықтан қол үзетін қауіп төне бастады. Тең ойынды қанағат тұтпаған талдықорғандық аяқдопшылар қарқынын үдете түсті. Кездесудің тең аяқталуы біздің команда үшін тиімсіз. Олай дейтініміз бізді өкшелеп келе жатқан Қарағандының "Шахтері" ел чемпиондығына бірден бір үміткер команда. Олай болса тек жеңіс керек. Мұны жақсы түсінген «Жетісудың» № 21 ойыншысы Милош Михайлов кездесудің аяқталуына шамамен үш-төрт минут қалғанда таразы басын теңеп, командасын алға шығарды. Нәтижесінде ойыншыларымыздың мерейі өсті. Олар 38 ұпаймен турнир кестесінің бірінші сатысынан ойын тұрып орын алды.

Қазанның 15 жұлдызында таңдаулы алтылықтың кездесулері аса тартысты, шиеленісті өтті дегеніміз жөн. Қарағандының "Шахтері» өз алаңында Павлодардың "Ертісін» қабылдап, 3:1 есебімен басым түсті. Сондай-ақ, «Астана» футболшылары "Ақтөбені" 3:2 есебімен тізе бүктірді.

Біздің "Жетісу" футболшылары 22 қыркүйек күнгі кезекті 31тур ойындарын өз алаңында «Шахтермен» күш сынасады. ҚР футбол федерациясының вице-президенті М. Гурман айтқандай, Қазақстан чемпионы сол күні белгілі болды. Бүгінгі күнге дейін «Шахтерда» – 36 ұпай, «Астанада» – 33 ұпай, «Ертісте» – 29 ұпай, «Ақтөбеде» – 28 ұпай және «Ордабасыда» – 25 ұпай бар. «Жетісуды» жеңіс биігінен көрейік, жерлестер!

Болат БИСҰЛТАНҰЛЫ.

АО "Тау-Кен Самрук" уведомляет о том, что подана заявка на проведение Государственной экологической экспертизы проекта поисковых работ на участке россыпного золота Предгорный Кетмень в Райымбекском и Уйгурском районах Алматинской области.

Всем заинтересованным гражданам представляются возможность выразить свое мнение в период проведении Государственной экологической экспертизы разработчику проекта ТОО «Геолог-А» по тел. **8-(727)-2 98 31 48, 8701-337 52 94**, АО «Тау-Кен Самрук» по тел.: **8-(717)-2 500 629.**

Утерянный Государственный акт на право собственности № 0083532 от 29.04.02 г с кадастровым номером 03-046-276-002 общей площадью 0,18 га принадлежащий ДГП РГП «Казахстан Темир Жолы» считать недействительным.

Алматы облысы әкімдігі, Алматы облыстық мәслихаты облыстық мәслихат аппаратының бас маманы Бижамал Әбенқызы Байтасоваға шісі **Ақпардың** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы агроөнеркәсіптік кешені қызметкерлері кәсіподағы қоғамдық бірлестігінің ұжымы Райымбек ауданды кәсіподағының төрағасы Көкімбаев Қазыбек Құлжабайұлына әкесі **Құлжабайдың** қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Орталық Азия университетінің ұжымы профессор Ақшалова Майраға туған әпкесі **Әлия Алмабекқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты катты қайғырып, көңіл айтады.

Аяулы әке, ата, бауыр, құдамыз **Әлімханов Қайыргазының** қайтыс болуына байланысты отбасына қайғырып көңіл айтамыз.

Бір топ бауыр, туыс, жолдастары, құдалары.

Газетіміздің келесі саны сенбі, 22 қазан күні шығады.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, тұрғын және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер –27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, есепшілік бөлімі – 24-35-28.

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша – 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда – 2-12-57, Панфилова – 5-12-21 Райымбекте – 2-22-05, Іледе – 2-19-33.

Газет табыс етілмесе – 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, Алматы — Болашақ ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАЛСЫРЫС – 1150.
ТАРАЛЫМЫ – 42 548.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Айгүл БАЙБОСЫНОВА.

● *Ардагерлер арамызда*

«Ауылында көрген болса жазулы тұрған хатпен тең, есік алдында төбе болса ертеулі тұрған атпен тең» деген мақалдың мәйегіне үңілсең көз алдыңа ауланың көнекөз қарияларының бейнесі келеді. Солардың бірі – ақкөлдік Бейсенбек Тостікбаев қария. Қашан көрсең де өзінің айтары бар ақсақалдың үйіне жақында ат басын бұрғанымыз бар. Сол сәттері Бейсенбек қария көптеген әңгімесінің тиесін ашып, біраз жайттан бізді хабардар етті. Әсіресе, өткен ғасырдың қаралы бір кезеңі – оба ауруының ушыққан сәттеріне куә болғанын жыр ғып айтады.



АЙТАРЫ БАР АҚСАҚАЛ

Қаралы кезеңнің куәгері ең соңында: – Сол бір індетті жылдардың зобалаңы ойыма түссе, әлгі күнге дейін жүрегім сыздайды. Соғыстан кейін ел-елді ес жиып, етек жаба бастаған тұста осы бір аты жаман аурудың ұшқыны лап ете түсті де, талай үйдің шаңырағын шайқалтып, елді есеңгіретіп кетті ғой. Төбе құйқаңды шымырлатар әпубеттан бөлек аштың тұсында мен 10 жаста едім. Бала едім. Біздің отбасы «Шаруа» мекенінде тұратын еді. Алдымыз аурудан алдымен бір жамағайынымыз көз жұмып, шешеміз Көзбала көңіл айтып барған еді. Сол жердегі ауру жұққан болар, көп ұзамай анамыз да қайтыс болды. Артынша әкем Қызықбала да осы аурудың құрбаны болып кете барды. Алғашқыда мұның оба ауруы екенін ешкім білмеді ғой. Әйтеуір жан-жақтан Ресейден, Қырғызстаннан барлығы 120-дай дәрігер келіпті. Мәскеуден келген профессор Жуков аурудың бетін алып, көптеген адамды аман алып қалыпты деп естідік. Інім Сейбек екеуміз қол ұстасып даладан қаңғып қалдық. Ауруы жұғады деп қорыққан болар, ешкім бізді үйіне кіргізбеді. Ауылда соғысқа қатысып келген Көпбосын деген кісі болатын, сол кісінің үйін паналап барсақ, ол да әйелімен бірге обадан қайтыс болған екен. Сол үйге ауылда әке-шешелері аурудан көз жұмған 15-20 шақты жетім қалған балалар жиналып, жан сақтады. Жас балаларға бұл ауру аса жұға қоймайды екен. Не десек те, сол жылдардың жазылмас жарасы жүрегімізді әлі де қан жылатады, – деп өз сөзін қорытындылады.

Әңгіме өзегіне айналып отырған Бейсенбек Тостікбаев 1936 жылы Көкжиде ауылында дүниеге келген екен. 1955 жылы орта мектепті тәмамдаған соң, еңбек жолын Ақкөл ауылындағы кітапханадан бастайды. 1957 жылы совхоз құрылғанда жай есепші болып қызмет істесе, кейіннен совхоздың бас есепшісінің көмекшісі болып қызмет атқарады. Өз ісіне жетік жанды совхоз басшылары совхоздың бас экономисі қылып тағайындайды. Бұл қызметті Бейсенбек ақсақал 12 жыл атқарыпты. Қай салада болмасын өзінің тындырымдылығымен ерекшеленген әңгіме кейіпкері кейіннен бас есепші қызметіне ауысады. Ауылда жұмыс істей жүріп, Алматы ауылшаруашылық техникумын сырттай бухгалтер-экономист мамандығы бойынша тәмамдайды.

Өткен өмір жолдарын Бейсенбек қария былай деп еске алады: – 1969 жылы қыс жылдағыдан қатты болды. Совхозда ол кезде 30 мыңдай қой болатын. Қатты қыстың салдарынан жұт келіп, 20 мың қой қырылды. Сол кездері совхозға облыстық партия комитетінің хатшысы Асанбай Асқаров, ауданнан Құсайын Бижанов, облыстық ішкі істер басқармасының бастығы, генерал Волков (аты есімде қалмапты) секілді кісілер біздің үйге атбасын бұрып, сол күні үйге жайғасты. Сондай кішіпейіл адамдар екен. Мансаптарын бұлдамай, ауылдағы жағдаймен жақын танысты.

Жолдасым Ырымбала осыдан екі жыл бұрын дүниеден өтіп кетті. Бірақ артында балалары, немерелері қалды. Өмірімнің жартысынан көп кезеңін бірге өткізген жан- жарымның орны ойсырап-ақ тұр. Тек немерелерімнің бал қылықтарына қарап, тәубе деймін, – деп, ақтады өз сөзін қария.

Қадірменді ақсақал – бүгінде құдайдың берген немерелерінің сүйікті атасы. Бейнетінің зейнетін көріп отырса да үйде қол қусырып бос отыра алмайды. Ауылдың кейбір іс-шараларының басы қасынан табылатын ақсақалдар алқасының төрағасы. Айтары бар ақсақал жайында айтар сырымыздың бір парасы осындай.

Күмісбек ЕРБАЙ.
АҚКӨЛ АУЫЛЫ,
БАЛҚАШ АУДАНЫ.

● *Іле аудандық әкімдігінің назарына*

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР, АБЗАЛ АЗАМАТ

журналист Сәдуақас Бигелдиев ортамызда жүрсе, биыл 75 жасқа толар еді

Журналистика, сөз жоқ, қызығымен қатар қиындығы да жетіп артылатын мамандықтың бірі. Содан кейін де шығар, зерттеуші ғалымдар аталған мамандық түрін жүйкеге салмақ түсіріп, стресске ұшырату жағынан алғанда денсаулыққа ең бір зиянды кәсіптердің қатарына жатқызады. Қалай дегенмен де журналистердің арасында тоқсанға жетіп, жүзге жақындағандардың көп кездесе қоймайтындығы бұл сөзімізге дәлел бола алады.



Көп жылдар бойы Жамбыл, бұрынғы Күрті аудандық газеттерінде жемісті журналистік қызмет атқарған Сәдуақас Бигелдиев те ортамызда аман-сау жүрсе, биылғы жылы 75 жасқа толар еді. Амал қанша. Сәкең бұл күнге, мұндай қуанышқа жетпеді, ұзақ жылдар бойғы бейнетінің зейнетін, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай аялап өсірген ұрпағының қызығын көрер шақта, 72 жасында дүниеден өтті.

Түрлі журналистік орталарда бола жүріп бір байқағаным – әр редакция ұжымында дерлік бірнеше талантты журналистен тұратын ұйытқы түріндегі орталық қалыптасады. Ондай тәжірибелі журналистер маман ретінде әлі толық қалыптаса қоймаған қызметкерлер мен еңбек жолын жаңа бастаған жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, бағыт-бағдар беруді, жақсылығы болса асырып, азын-аулақ кемшіліктерін түзетіп отыруды аталық, әріптестік парыз санайды. Бүгінде тарап кеткен Күрті ауданының «Шұғыла» газетіндегі осындай тәлімгер журналист Сәдуақас Бигелдіұлы болатын.

Кейін естіп-білгенімдей, Сәкең ақындар мен батырлар елі атанған Жамбыл ауданының Бұрған ауылында дүниеге келіпті. Сол себепті де кейбір материалдарына С. Бұрғанбаев деген бүркеншік ат (псевдоним) қоятын-ды. Оқырмандардың көпшілігі содан кейін де мөлдіретіп тұрып жазылған жап-жақсы материалдардың біршатарының Бигелдиевтің қолынан шыққандығын білмей де қалатын еді.

Еңбек жолын Қарақыстақ ауылында бақташы болып бастаған жас жігіт сол кездің өзінде-ақ республикалық «Лениншіл жас», аудандық «Екпінді еңбек» газетіне мақалалар жаза бастайды. Теңіз суы дәмінің тамшыдан білінетіндігі сияқты, жас тілші қаламының қарымы осы мақалаларынан байқалып, көп уақыт өтпей Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетіне қызметке шақырылады. Осылайша қызығы мен қиындығы, мәртебесі мен үлкен жауапкершілігі қатар жүретін журналистика саласындағы қызметі басталады. Бұл 1956 жылдың жүзі болатын.

Сәкең осы кезден бастап өз ауданындағы газетте 17 жыл бойы жемісті қызмет атқарды. 1973 жылы жаңа ашылған Күрті ауданына көшіп, аудандық «Шұғыла» газетіне бөлім меңгерушісі қызметіне қабылданады. Бұл басылымда да 23 жыл бойы, нақтырақ айтқанда 1997 жылы аудан жабылғанға дейін жұмыс істеді. Аудан жабылғаннан кейін де Іле аудандық газетінің Ақши ауылындағы тілшісі ретінде журналистік қызметін жалғастырды. Менің Сәкенмен қызметтес болған кезім осы жылдарға түспа-түс келеді.

Сол жылдары газетте Өтесін Құбиев ағамыз бастаған бір топ қабілетті журналистер жұмыс істеді. Бүгінде «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі қызметін атқаратын Күмісжан Байжан, өмірден ерте кеткен талантты қаламгерлер Айтуған Шаймов пен Болат Елеусінов және фототілші Бақтығали Садық, Балқаш ауданы мен Қапшағай қаласында редакторлық қызмет атқарған Жолболды Ысқақ пен қазіргі кезде Қапшағай қалалық «Нұрлы өлке» газетін басқарып отырған Алтынбай Сиқымбек, Жамбыл, Балқаш аудандық мәслихаттарында жауапты қызмет атқаратын Қажымұқан Мырзабеков пен Марат Қашқынбаев, республикалық басылымдарда жұмыс істеп жүрген Исатай Қамбаров пен Дағжан Белдеубайұлы қандай мақтауға болсын лайық еді. Алайда өзіміз «Қара шал» атап кеткен Сәкеннің – Сәдуақас Бигелдіұлының орны бөлек екендігін бәріміз мойындайтын едік. Ол кісі жасы үлкен аға ғана емес, тәжірибесі мол әріптес ретінде де тұлғаланып тұратын.

Жаңағыдай журналистердің, Сәкендей тәжірибелі әріптестің арқасында «Шұғыла» газетінің беделі жоғары болды. Аптасына үш рет шығып тұратын басылымда еңбек адамдары жайындағы очерк, суреттемелермен қатар өткір сын мақалалар мен фельетондар да бұрқырап шығып жататын. Газеттің бірнеше нөмірінде сын болмай қалса «Сынсыз газет – құнсыз газет емес пе, құр мақтай берген болмайды» деп бұлқан-талқан болатын да Сәкең еді. Құрғақ ақыл айтып қана қоймай өзі де сынды бұрқыратып жазатын. Сол кездегі сындарынан «Шилібастаудағы шикіліктер», «Қызыл автобустың хикаясы» деген өткір мақалалары есте қалыпты.

Жасыратыны жоқ, Сәкеңнің сын үшін сөз естіген кездері де болды. Бірақ кесек мінезді азамат оған мойымайтын. Бұл орайда ақын Дағжан Белдеубайұлының Қара шалға арнап жазған:

Мінезі бар ей деген де
бұй деген,
Өр кеудесін өресізге имеген.
Кесек-кесек
Қажымұқан сөздері
«Шұғыланың» жүгін
әрге сүйреген, –

деген өлең жолдары Сәкеңнің мінезін дәлме-дәл суреттейтін.

Өзінің көп жылғы журналистік қызметінде Сәкең қызыл өртке қанатымен су сепкен қарлығаштай болып газетке арыз-мұнын айта келген қаншама адамның тағдырына ара түсті, қаншама адамды жылы сөзімен болса да қолтығынан демеді. Ондай адамдардың көпшілігі Сәдуақас Бигелдіұлын осы кезге дейін ризашылық сезімімен еске алады.

Жалған айтып жағынуды, көлгірсуді сүймейтін Сәдуақас ағамыз мақаланың кемшілігі болса бетке айтатын, әлбетте, жақсы мақалаға, өткір сынға жаны сүйсініп, жадырап отыратын. Сол мінезіне орай кесілтіп жаза алмайтын журналистер оның сынынан сескеніп отыратын болса, шығармашылық азабының дәмін татқан інілері жаңа мақаласы жайындағы қандай да болсын пікірін естуге асығатын еді. Әйтеуір кейіннен көпшілігі басшылық қызметтердің тізгінін ұстаған, оқырманға қаламгерлік қуатымен белгілі болған жас толқын журналистердің қалыптасуында Сәкеңнің үлкен еңбегі бар деп сеніммен айта аламыз.

Бөліп айта кететін бір жағдай, Сәкең бала кезінде жыр алыбы Жамбыл жыраудың өзінен бата алыпты. Сөз орайы келгенде бұл жайында айта кететін болсақ, Сәкеннің әкесі Бигелді Иманұлы сол өңірге белгілі ұста болған екен. Мәскеу қаласында жыл сайын өтіп тұратын Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне үш рет барып қайтқаны да сол ұсталығының арқасы. Бұдан басқа аңшылық, диқандық кәсіпті де шебер меңгерген азаматтың ел басына күн туған ашаршылық жылдары талай ауылдасына қол ұшын беріп, ажалдан алып қалғандығын көпшілік осы күнге дейін аңыз қылып айтады. Екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі, аса қайратты адамның өзіне арнайы жасап алған кетпенін анау-мынау адам көтере алмайды екен. Мініп жүрген егізі көктемгі тасқын судан үркіп өзеннен өте алмай қалса, иығына салып көтеріп өте беретіндігі де жұртшылыққа белгілі жайт.

Сол Бигелді атамыз ісі Өскелең екеуі жолы түсіп келе қалған Жамбыл жыраудың атын тағалап береді. Ел алдынан ұстаның өзіне деген ықыласына риза болған Жәкең қоштасып тұрып:

Келгенімде бағаша-ақ,
Алдыңнан шықтың ағалап.
Өскеленмен екеуің
Атымды бердің тағалап.
Батамды бердім балаңа,
Еңбегіңді бағалап.
Өмір жасы ұзақ боп,
Жақсыны жүрсін жағалап, –

деп құлдырандап жүгіріп жүрген бала Сәдуақасқа ақ батасын арнайды.

Бабаларымыздың «Жаңбырменен жер көгереді, жауынменен ер көгереді», «Атаңнан бота қалғанша, бата қалсын» деген сөздері тегін емес. Сол айтқандай, қасиетті Жәкеңнің батасын алған Сәкең жаман болған жоқ. Би болмаса да би түсетін үй болды. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіріп, есімдері бүкіл елімізге белгілі ғұламалардан дәріс алды, айналадағы елге белгілі журналист атанып, мамандығының, өзінің жақсы қасиеттерінің арқасында талай жақсы-жайсаңдармен сыйлас, дәмдес болды.

Жақсы адамдармен сыйлас болды дегеннен шығады, Сәкең студент кезінде қазақтың С. Бердіқұлов, Ә. Дүйсенбиев, М. Мақатаев, М. Тезекбаев, Ә. Байжанбаев тәрізді біртуар ұлдарымен етене араласады, олардың біршатарымен содан кейінгі кезде де арақатынасын үзбейді.

Отбасының қамымен жүріп ауданың көлемінен ұзап кетпесе де зайыбы Айсұлу тәтеміз екеуінің кейінгі ұрпағы өсіп-өркендеді. Үлкен ұлы Махаббат Бигелдиев ұзақ жыл бойы Талғар мен Жамбыл, Қарасай аудандарында басшылық қызметтер атқарса, қазіргі кезде Талдықорған қаласының әкімі. Одан кейінгі ұлы Абай Бигелдиев те Астана қаласында Үкімет құрамында жауапты қызмет атқарады. Басқа балалары мен немерелері де елден озып, көштен қалмай тіршілік етуде.

Бұл күнде Айсұлу тәтемізд ей аяулы ана да өмірден өткен. Қаршадай кезінде қиындықты көп көріп, денсаулығын нашарлатып алған абзал жан 2002 жылы қайтыс болды. Сәкең де, Айсұлу ана да Бұрған ауылындағы ата-бабалары жатқан зиратқа жерленді.

Осы жақында ғана Алматы қаласындағы Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасында журналист Ханымбүбі Ақколова апамыздың 90 жасқа толуына орай салтанатты шара өтті. Белгілі жазушы Нағашыбек Қапалбекұлының ұйытқы болуымен өткен бұл шара барысында өмір бойы аудандық газетте қызмет істеген Ханымбүбі апамызға «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» атағының берілгендігі жария етіліп, басқа да сый-сияпаттар жасалынды. Әріптес інілері мен сіңлілері тоқсанның төріне шығып отырған әріптесімізге деген ақ тілектерін арнады. Бір кезде өзімізге де тәлім-тәрбие берген апамыздың қуанышына мерейлене отырып бір мезгілде дәл сондай еңбек еткен Сәдуақас Бигелдиевтің мұндай құрмет көрмей өмірден өткені ойыма оралды. Сол кезде көңілімізге: «Сәкең бұрынғы Күрті ауданының орталығы болған, қазіргі кезде Іле ауданына қарасты Ақши ауылында отыз жыл тұрып, еңбек етті емес пе, соған орай осындағы бір көшеге ардагер журналистің есімі берілсе ғой, шіркін» деген арман ұялады. Шындығында мұның өзі қарымды қаламгердің көп жылғы еңбегін, аудан экономикасының дамуы жолында төккен терін шынайы бағалағандық болар еді-ау. Қаламы қарымды журналист, Ақши ауылының байырғы тұрғыны Сәдуақас Бигелдиевті білетін көпшілік бұл ұсынысқа қарсы бола қоймас деп ойлаймыз.

...Сол кезде көңілімізге: «Сәкең бұрынғы Күрті ауданының орталығы болған, қазіргі кезде Іле ауданына қарасты Ақши ауылында отыз жыл тұрып, еңбек етті емес пе, соған орай осындағы бір көшеге ардагер журналистің есімі берілсе ғой, шіркін» деген арман ұялады.

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ.

● *Өнер*

Тыңға түрен салған сазгер



Алтын арқауы үзілмей келе жатқан қазақтың музыка өнерінің тамыры тереңде жатыр. Ол езгеше бояу, ерекше сезім, сырлы әуенімен де жанды елітеді. Сондықтан да кешегі Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Сегізсері сияқты даналардың ізін жалғап, өткен ғасырдың елуінші, алпысыншы жылдары қазақ музыка өнеріне сүбелі үлес қосқан тамаша композиторлар Өмірбек Байділдаев, Бекен Жамақаев, Әбілахат Есбаев, Нұрғиса Тілендиев, Кенжебек Күмісбеков, Әсет Бейсеуов, Шәмші Қалдаяқов сынды біртуар азаматтар жұлдыздай жарқырап, жұрт жүрегінен орын алды. Сол сияқты талантты сазгерлердің бірі – Мұратхан ЕГІНБАЕВ.



Белгілі ақын әрі қоғам қайраткері Кенжебек Салықов Мұратхан туралы «Біз Жетісу өңіріндегі айтулы дарындарымыз Ақын Сара, Ілияс Жансүгіров, Мұқан Төлебаевты еске алсақ, мен соларға жалғап Мұратхан Егінбаевтың да есімін атар едім. Көзге қораш көрінгенімен, тұлпар бәйге жолында айқындалады ғой. Мұратхан да өзінің тұлпарлығын солай танытып келеді» деген болатын. Әлбетте, осылай баға берілуінің де өзіндік себебі бар.

Ешқандай музыкалық білімі жоқ Мұратханның таланты ең алғаш рет тоғызыншы сыныпта оқып жүргенде (1957 ж.) Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазған «Сағындым» деген әнімен көпшілікке танылды. Сол тұста әнсүйер қауым автордың кім екенін білмесе де әнді бірден көтеріп әкетіпті. Кейін Қанат, Айтқұл Құдайбергеновтар қос дауыспен орындағанда ән жаңа қырынан танылып, сахнадан түспейтін болды. Бұл бала сазгердің тырнақалды туындысы болса да тыңнан түрен салған талантының ұшқыны еді.

Басқа мамандық иесі болғандықтан Мұқаң арнайы музыкалық білім алмаған адам. Алайда оның ән өнеріне деген ынтылысына халықтың музыкаммен ықыласы зор болды. Жетпісінші, сексенінші жылдары жазған «Аңсағанмын ауылым», «Туған елім туған жерім», «Үш арыс» әндері сол тұстағы Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, Бекболат Тілеухановтар сияқты танымал әншілердің таңдауына сай келді. Дәстүрлі әндерімен қатар Мұратханның эстрадаға арнап жазған «Сайгүлігім», «Достарым», «Сен мені есіңе аласың ба?» деген әндері Махмұт Тойшиенов, Майра Нұрменова, Майра Ілиясова, Мақпал Жүнісовалардың орындауымен әнсүйер қауымның ықыласына бөленіп, халықтық деңгейге көтерілді. Қазақ радиосының әуе толқынында шырқалып, ел арасына кең тарады. Тіпті шетелдегі қазақтар Мұратханды білмесе де, оның әндерін құмарта айтады. Осы ретте, «Үш арыс» әні туралы айтпай кетуге болмайды. Себебі, бұл ән кеңес билігінің қаны сорпа тұрған 1983 жылы жазылды.

Тар кезеңде бөлектеп
Бас қосып бір кешіп
Елден туған ел деп
Қазақтың ерлері
Абайдың інілері,
Сәкен, Ілияс, Бейімбет – деп келетін шумақ сөзімен шиыратылған рухты әнді жастардың намысын жанып, жігерін өрлетті. 1937 жылы жазықсыз атылған тұлғалардың халқының ыстық құшағына оралғанын бейнелеген бұл әуенді сол тұста тебіренбей тыңдамаған адам кемде-кем. Әуен мен мәтіннің үндестігі, оркестрге әндерді түсіріп музыка сапасына жаңалық әкелді. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде де осындай рухты әндер жастарға дем берді, қайратын тасқындатты десек артық айтқандық болмас еді.

Естеріңізде болса, 2000 жылы республикалық «Жаңа ғасыр жаңа ән» байқауында ақын Темірхан Медетбековтің сөзіне жазған «Абылай» атты әні «Елім, жерім, Қазақстаным, батырлық, бағы – тарихы» номинациясы бойынша «Гран-При» жеңіп алғаны осының дәлелі болса керек.

Елің үшін айқастың,
Жерің үшін шайқастың,
Уа, хан ием Абылай,
Ешкімен де ықпадың,
Намыс туын жықпадың,
Маңдайдағы бағым-ай
Теңіз қусап бұлқындың,
Найзағай боп сілкіндің.
Уа, хан ием Абылай! – деп есімі қазақ тарихына алтын әріппен жазылатын баба рухын тірілткен туынды жеке дауыста хор мен оркестрдің сүйемелдеуімен орындалатын шоқтығы биік ән. Ал 1991 жылы Жоңғар Алатауының төсінде үш мың киіз үй тігіліп, қазақ сарбаздарының ұлы қолбасшысы Қаракерей Қабанбай батырдың 300 жылдық мерейтойы аталып өтті. Салтанатты шарада Мұратханның ақын Ораз Жұмашевтың өлеңіне жазған «Қаракерей Қабанбай» ән-толғауы концерттік қойылымның арқауына айналып, тыңдармандардың ризашылығына бөленген еді. Бұл ән Қазақ радиосының «Алтын қорына» еніп, бүгінде телеарналарда жиі айтылып жүр. Сол сияқты «Райымбек баба» (сөзі Б. Батырбековтың) ән мен Есенгелді Балпық биі мен Қабанбай жыраудың өмірін арқау еткен «Жаушы жайсаң ұлағат» (сөзі О. Жұмашев) ән-толғауы мәдени шаралардың шырайына айналса, ақын Сәкен Иманасовтың сөзіне жазылған «Сейтулған» ән аламан бәйгенің [illegible] қашан. «Желтоқсан» (сазы Құттыбек Баяндының) күрделі музыкалық шығармалар қатарына жататын ән-толғау ретінде музыкатанушылардың жоғары бағасына ие болған туынды. Ән сөзіндегі пәлсапалық ұғымдар мен әуен үндестігінің тең түскені сонша, қай кез, қандай тарихи жағдайға болсын сай келеді. Ақын Қанипа Бұғыбаеваның сөзіне жазылған «Отан – анам», Ораз Жұмашевтің сөзіне жазылған «Майдангерлер» әні мәдени шараларда сазының сәніне айналғанын да жұрт біледі. Ал эстрадаға арнап жазған туындылары жастардың жүрегін жылытып жүргені өз алдына бір әңгіме. Иә, ақын Мұқағали Мақатаев қазақтың қара өлеңіне «шешен жауын» енгізсе, Мұратхан Егінбаев қазақ ән өнерінің түрленуіне де сондай үлес қосып келе жатыр.

Қиындығы жоқ өмір қызықсыз. Осындай жетістігінің арқасында Мұратхан Егінбаев 2003 жылы композитор Дүңгенбай Ботбаев пен Қазақстан Композиторлар одағының пленум мүшесі Мыңжасар Маңғытаевтың ықпалында Қазақстан Композиторлар одағына мүшелікке қабылданды. Әрине, ешқандай музыкалық білімі жоқ адам үшін бұл үлкен жетістік. Ол – өнер құдіретінің нәтижесі еді.

Бұған дейін де сазгердің «Әнім менің – Алашым» атты ән жинағы баспадан шығып, әнсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленгенін білеміз. Белгілі қоғам қайраткері Серік Үмбетовтің қолдауымен шыққан «Тарихи, бабалар және даналар туралы толғау әндер», «Туған ел, туған жер және отансүйгіштік туралы әндер» және «Махаббат, достық және жастық шақ туралы лирикалық әндер» сияқты үш бөлімнен тұратын кітапқа сазгердің 200-ге жуық әні енген. Оның дені халық арасында орындалып жүрген туындылар саналады. Бұл Мұратханның нағыз сазгерлік болмысын паш еткен ерекше еңбек ретінде қабылданды.

Міне, енді Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша сазгердің «Бабалар үні» атты екі томдық әндер топтамасы оқырмандар назарына ұсынылуға дайын. «Astana Press Group» баспасында басылған екі кітапта оның халық аспаптар оркестрі мен хор сүйемелдеуімен орындалатын және жеке оркестр немесе хор мен жеке дауыстарға арналған туындылары жинақталған.

Бірінші кітап мемлекет қайраткері, Қазақстанға еңбегі сіңген архитектор Шота Уәлихановтың сөзіне жазылған «Қазақ елі» әнімен басталады. Одан әрі «Қазақ елі», «Абылай», «Қаракерей Қабанбай», «Райымбек баба», «Алырақай», «Жалмәнде би Пышаным», «Абайым», «Жамбыл ата», «Шоқан», «Мұқан сазгер», «Маман Тұрысбек» сияқты батыр бабалар мен «Жолбарыс жүрек жыраулар» атты жырауларға арналған ән-толғаулар мен ұлы ақындарымыздың бейнесін сомдаған туындылары әнсүйер қауымды бей-жай қалдырмайды. Ал екінші кітапқа махаббат, сүйіспеншілік, өмірге құштарлық, патриоттық бағытта жазылған туындылары мен Астана қаласының әйшігін музыка тілімен өрнектеген әндері және күйлері енген. Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған «Өр елім» әнімен жалғасады.

Беймаза мынау заманға,
Берік қып қойдың тосқауыл.
Ұранның сенің аманда,
Адамға адам дос-бауыр.
Еркін елдің берік қып қойдың
Көгілдір тартқан жалауын, – деген шумақтағы соңғы екі тармақты қайырма ретінде сазгердің өзі қосқан. Бұл ақын өлеңіне деген қиянат емес, қайта жаңарған деуді айшықтап тұрғандай сезіледі. Осы сияқты Мұратхан шығармашылығында ақындардың сөзін өлең екшеп, әнге пайықтап отыру жиі кездеседі. Сондықтан оның туындыларындағы ән мен сөз өзара қабысып, жарасым тауып тұрады. Бұл да жас композиторларға көрсеткен үлгі-өнегесі.

Әлбетте, сазгердің дәстүрлі әндері мен эстрадаға арнап жазған әндері де жеткілікті. Десе де, кейбір мықты деген музыканттардың өзі бүгінгі күннің талабына сай оркестр мен хорға арнап ән жазудан жасқаншақтайтыны жасырын емес. Тіпті мұндай күрделі тақырыпқа екінің бірі бара бермейді. Бірақ Мұратхан Егінбаев бұл тақырыпқа жасқанбай барып, діттеген мақсатына жетті. Осылай шығар тұғырының тым биікте екендігін көрсете білді. Өйткені, оның санасынан шалқып шыққан әуен мен ырғақ дәстүрлі әншіліктің құдіретімен тыныстады. Туындылары өзінің әуезділігі мен халықтық дәстүрге жақындығымен ерекшеленді. Әндерін тыңдасаңыз, көз алдыңызға кең-байтақ қазақ даласы елестейді, жусан иісі аңқыған жұпар ауа танауыңды қытықтайды. Бірде арғымақ атқа мінген батыр бейнесі елестесе, енді бірде майдақоңыр дала пішіні жанарыңды жаулап алады. Қай қырынан келсек те, Мұратхан әндері ежелгі сақтан бері жібек үзбей келе жатқан дала музыкасының жалғасы іспетті сезіледі.

Өнерде өзәбілетін [illegible] абырой өлермейді. Ал өзіне дейінгілердің ой орамын [illegible]. Ең бастысы, ол [illegible] сазгер. Ұлттық мұрат, мемлекеттік мүддені өз қара басының пайдасынан жоғары қойған талант иесі.

Қажет АНДАС.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

Құттықтаймыз!



Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қызығынан, қызығынан іздейтін зәулім ана – **Зинахан ЖҰМАШҚЫЗЫН** 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз. Құрметті Зинахан тәте! Бетіңіз қайысқанша еңбек етіп, қиыстыға қақтырмай, тұрмысқа шоқытырмай, мейірімінді төге жүріп күтіп-баптап өсірген ұлдарының өркен жайып, бүгінде бір-бір шаңырақты құрап, өсіп-өнді – қара орманға айналды. Сол үшін ұрпақтарының сізге мәңгі қарыздар. Алла сізге күш-қуат берсін! Сүйікпен немерелеріңізді ортасында әрдайым жүзіңізден шуақ шашырап, қызығынан тоймай жүре беріңіз!

ІЗГІ НИЕТПЕН: бауырлары, сіңлілері.

«Джей Ти Ай Казахстан» Темекі компаниясы» ЖШС-не конкурстық негізде кажет: Коммерциялық директор – 1 бірлік. Үміткерге қойылатын талаптар: мамандығына сәйкес жоғары (ЖОО-дан кейінгі) білім және экономика саласы бойынша басшылық қызметте еңбек өтілі кемінде 5 жыл.

Түйіндемені мына мекенжайға жіберу керек: Қазақстан Республикасы, 040704, Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылы, күзет бөлімі немесе факс: 8 /727/ 258 82 39

● *Өнер*

«АДЫРНАНЫҢ» абыройы асқақтады

Облыстық Сүйінбай атындағы филармониянның «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамбліне орай 14 - 15 қазан аралығында Шымкент қаласында өткен «Ғасырлар үні» республикалық байқауында бас жүлдені жеңіп алып, жерлестеріміз қазақша бөлімді Қазақстан кеңе сапалардың насихаттау, фольклорлық ансамбльдердің кәсіби шеберлігін шыңдау мен ұлттық өнерге деген қызығушылықты арттыруды мақсат еткен байқауға Алматы қаласы мен Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, тағы басқа да облыстардың өнер ұжымдары қатысып, шеберлігін сарапқа салды.



Жетісу
Қажет АНДАС

Жерлестеріміз ансамбльдің сүйемелдеуімен Байжігіттің «Көксерке», Қожекеннің «Аққу», Бердікеннің «Мерке», Шоғайбайдың «Алаң», халық күйі «Жаймақоңыр», Қазанғаптың «Қаражорға» күйлерін нақышына келтіре орындаса, филармонияның әншісі Сая Есентелдинова халық әні «Айқарақөзді» шырқап, әділқазылар мен өнерсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Нәтижесінде өңіріміздің абыройын өрлеткен облыстық Сүйінбай атындағы филармониясында «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамблі бас жүлдені қанжығасына байлады. Жерлестеріміз жетекшілік өнер көрсеткен шымкенттіктер бірінші, қызылордалық өнерпаздар екінші, алматылық әріптестер үшінші орынды жеңіп алды.

Жеңіспен оралған жерлестеріміздің филармония директоры Ержан Қосбармаков бастаған әріптестері ризашылықпен қарсы алды. Әрине, жетістіліктердің жеңіс тұғырынан көрінетін де жөні бар. Өйткені, сонау сақ дәуірінен бізге жеткен ырғақ аспабын қайта жаңғыртқан қазақ өнерінің үлкен білгірі, тарихшы, этнограф Өзбекәлі Жәнібеков 1985 жылы алғашқылардың бірі болып, облыстық Сүйінбай атындағы филармониясында «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрды. Содан бері 25 жыл бойы тынымсыз еңбек еткен өнер ұжымы қазақ сахнасында ғана емес, алыс-жақын шет елдерде өнер көрсетіп, тыңдармандардың ыстық ықыласына бөленді. Бүгінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын бітірген, кәсіби деңгейі жоғары 14 өнерпаз жұмыс жасайтын ұжым Ерлан Дәуренбековтің жетекшілігінде сыбызғы, үшкірік (сазсырнай), шертер, домбыра, адырна, жетіген, қылқобыз, дауылпаз, тұяқтас, тағы басқа да музыкалық аспаптардың үнін бір арнаға тоғыстырып, халық әні мен күйлерін, халық композиторлары мен қазіргі заман сазгерлерінің туындыларын өзгеше бояу, жаңа стильмен орындап келеді.

Өнерді талай биіктен көрініп, тыңдарман қауымға ұсынатын ұжымға біз де көрсеткен айтамыз.

● *Маман мінбері*

Бүгінгі таңда облыс көлемінде АИТВ жұқпасымен ауыратын адамдар саны көбейіп кетті. Сөзімізге дәлел, үстіміздегі жылдың 8 ай ішінде аталмыш сырқатпен 119 адам тіркелген. Жалпы бұдан әрі өршітпеу мақсатында халық арасында АИТВ жұқпасының жүру жолдары мен оның алдын алу шаралары жөнінде ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Біріншіден, айта кетейік, кездейсоқ адамдармен жыныстық қатынаста болу, жезөкшелік, нашақорлар арасында ортақ инені пайдалану ауруды жұқтырып алу қаупін жоғарылатады. Осыдан бес жыл бұрын тамырға есірткі енгізгенде нашақорлар бір ине пайдаланған АИТВ инфекциясын жұқтырғандар көп тіркелген, қазіргі таңда ауруды жыныстық қатынас арқылы жұқтырғандар саны артуда.

Жұқпадан сақ болыңыз!

АИТВ – адамның иммунды тапшылық вирусы. Ал ЖИТС – АИТВ жұқпасының ең соңғы сатысы, ол жүре пайда болатын иммунды тапшылық синдромы деген мағынаны білдіреді. Вирус адам ағзасына енген соң адамның иммундық жүйесі бұзылып, көп жұқпалы аурудың бас көтеруіне себеп болады. Вирус жұқтырған адамды АИТВ-ны жұқтырушы деп те атайды.

Естеріңізде болсын, АИТВ үш қана жолмен жұғады. Атап айтсақ, қан арқылы, яғни нашақорлар есірткіні бір ыдыста араластырып, ортақ ине пайдаланғанда және кездейсоқ жыныстық қатынас арқылы, сонымен қатар ауру анадан балаға – жүктілік немесе босану, емізу кезінде жұғады. Жұқпа сүйісу, түшкіру, ортақ ыдысты, моншаны, дәретханаға пайдалану, бассейнге шомылудан және маса сияқты жәндіктердің шағуынан ауру жұқпайды.

Сөз соңында айтарымыз, сенімділік үшін әр адам өзі үшін АИТВ жұқпасына тексерілуі қажет. Ол үшін облыстық ЖИТС орталығына келіп ақысыз тексеруден өтуге болады.

ОБЛЫСТЫҚ ЖИТС-КЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӘНЕ ОНЫ АЛДЫН-АЛУ ОРТАЛЫҒЫ.

Әбен ДӘУРЕНБЕКОВ



Қазақ әдебиеті ауыр қазаға ұшырады. 72 жасында поэзия әлемінің көрнекті өкілдерінің бірі Әбен Дәуренбеков дүниеден озды.

Әбен Дәуренбеков 1939 жылы Шығыс Түркістан (ҚХР) өлкесінің Жарсу деген жерінде дүниеге келген. 1967 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Талдықорған облыстық «Жеруйық» (бұрынғы «Октябрь туы») газетінде тілші, мектептерде мұғалім болып қызмет істеген. Қай салада, қандай мекемеде қызмет істесе де ол өзінің баладай аңғал, даладай дарқан мінезімен ел көңілін жаулап алушы еді. Өлеңдегі соны соқпақ, тың сүрлеуі де ешкімге ұқсамайтын. Қаралайым ғана қазақтың қара өлең үлгісімен жазған жауһар жырлары арқылы қазақ поэзиясына өз қолтаңбасын қалдырып кетті.

«Таң», «Мелдір тамшы», "Тамшыбұлақ», «Балконнан ұшқан көгершін», «Мамыр айы» атты жыр жинақтарының авторы. Алматы облысы, Панфилов ауданының Құрметті азаматы.

ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ АҚЫН

Осы дәуірлегі қазақ әдебиеті жайында сөз болса, қадау-қадау тұлғаларды көпермегіне шегелеп отыратын әдетіміз. Соның арасында ақын Әбен Дәуренбекұлы ең бірінші еске түседі. Кеше ғана бір жылда отырып Әбекді есіне алып, оның жағдайын білуді мақсат етіп едік. Бір күн өтпей жатып сұмдық хабарды естігенде аблырап қалдым. Алланың ісіне адам араша түсе алмасы анық. Десе де, азаматтың аяулы тұлғасы мен адамгершілігі жанымда маза бермей емес. Әбен қазақ ақындарының ішіндегі қара өлеңнің қаймағын қалқып шыққан және оны өзінің шығармашылық шеберлігіне сәтті пайдалана білген ақын ретінде бағаланады. Мен марқұмның «Жалын» баспасында жарық көрген үш кітабына редактор болып едім. Сол кітаптарды оқып отырып, көпшілікке көп ойды түйіндейтінің жазыпты. Қалай шыксын. Ой мен сезімі, парасат-пайымы терең жырлар Әбенде аз емес. Поэзияда мықтап тұрақтап қалу үшін өлең жазудың техникасын жіті меңгеру, жетілдіріп отыру қажет. Әбен поэзиясының поэтикасын байытып, терделеп отырғанда, ақынның үйқасқа ерекше көңіл бөлетінін аңғаймыз. Әрине, поэзияға сезім, ой, образбен бірге бай мазмұн қажет. Үйқастар берендігін сақтап, әр жолындағы ойлардың бірін үйлесімі ескеріліп, олар етінен арылған сүйекпен тең. Демек, ақынның мықтылығы өлең жасай алумен, онда да ол «шегелегенге» ұйқасымен өлең. Әбен поэзиясы ол жағынан болат сауыт киегендей берік, мығым. Міне, осындай ұлы дүниелерді өмірге әкелген, көркем әдебиеттің көсегесін көгерткен ақын арамыздан кетті. Қазақ әдебиеті өзінің тағы бір асылын жоғалтты. Бірақ, Әбен арамыздан кетсе де оның ұлы дүниелері тарихтың ешқашан ескіріп, ұмытылып кетпейтін өшпес үлгісі болып қалуына сенімдіміз.

Жаның жәннатта, топырағың торқа болсын, Әбен!

Оразақын АСҚАР,
ақын.

ЖАЗ МІНЕЗДІ ЖАН ЕДІ

Өмір деген шіркінің басы болған соң аяғының да болатыны белгілі ғой. Соны көзімен түйсінсек те мойындағын келмей тұратыны бар. «Әбен құрдасын дүниеден өтті» деген сұмдық хабарды естігенде осы бір ақиқатты еріксіз мойындағандай болдым.

Әбен екеуіміз көп жылдар бойы қыметтес болдық. Қамал бұзар 40 жастағы қызылшылаған кезімізде Киров ауданының газетінде бірге жұмыс істедік. Бұрын «Октябрь туы» деп аталған, кейіннірек «Жеруйық» деп атын өзгертken басылымның ыстық-суығын да басымыздан бірге өткердік. Осы уақыттың ішінде отбасымызбен де тоның ішкі бауындай болып жақын араласып кеттік.

Жаздың күнінделей жайдары, жаймашуақ қалпынан еш қашан өзгермейтін Әбеннің орны қай басылымның редакциясында болсын бөлек еді. Оны үлкен мен кіші, әсіресе поэзияға құмар жас толқын өкілдері ерекше сыйлап тұратын. Сондай кезірі бөлек дара талаптың, жаз мінезді азаматтың өмірден өткеніне сенгің де келмейтін сияқты. Сенбеске тағы шара жоқ. Содан кейін де бір жылы дүниеге келген құрдас, жақын дос, ақұлы азамат, таланты ақынның рухына жаның жәннатта болсын, өзің өмірден өткеніңмен жырларың мәңгі жасай береді, жарқын бейнең жан жүрегімізден еш қашан өшпейді деген сенімдеміз.

Әли ІСҚАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

ОРНЫ ҚАЛДЫ ОЙСЫРАП

«Әбен ағамыз қайтыс болыпты» деген суық хабарды естігенде ол кісімен таныскан сонау бір сағынышты жылдар көз алдыма келді. Жалындаған жас кезімізде әлем деген тылсым сырлы дүниеге айрықша құштар болып жүрген шағымызда газеттерде жарияланған Әбен Дәуренбековтің өлеңдерін қызыға құмарта оқитын едік. Күндердің бір күнінде сол ақынмен кездесудің де сәті түсті. Қапал ауылында болған оқушылармен кездесуге барғанда талантты ақынның қолын алып, әңгімелесу бақытына ие болдық. Сол жолғы таныстығымыз осы күнге дейін жалғасып, уақыт өте келе сыйлы әріптестік, бауырлық қатынасқа ұласты. «Жеруйық» газетінде бірге қызмет атқарып, қамқор аға, сыйлас іні дәрежесінде талай жақсы күндерді бірге өткіздік деуге болады.

Бір таңғаларлығы, Әбекеңнің біреуге көңіл қалдырарлық қатты сөз айтып, дауыс көтергенін осы уақытқа дейін естіген емеспін. Қай уақытта көрсең де жайдары қалпынан танбай, күлімсіреп қана тұратын ақынның жүрегі өзгеше кең болатын. Сондай дарқан көңілді, ізгі жүректі азаматтан әйгілілып қалғанымыз анық.

Ақынның бір артықшылығы – өмірден өзі өткенмен оның ғұмырын өлеңдері жалғастырады. Сол айтқандай, ақын Әбен Дәуренбековтің екінші мәңгілік ғұмыры енді басталды деп әзіздегі жұбатып отырмыз. Сол ғұмыры шуақты болғай!

Кеңесхан РАҚЫШ,
ардагер журналист.

Тарлан талант

Кешегі Талдықорған облыстық «Жеруйық» газетінде бірге жұмыс істеген ағалы-інілі жастық жылдарымыздың тізе қалдырған әріптестерден сағынулы жылдар көз алдыма келді. Жалындаған жас кезімізде әлем деген тылсым сырлы дүниеге айрықша құштар болып жүрген шағымызда газеттерде жарияланған Әбен Дәуренбековтің өлеңдерін қызыға құмарта оқитын едік. Күндердің бір күнінде сол ақынмен кездесудің де сәті түсті. Қапал ауылында болған оқушылармен кездесуге барғанда талантты ақынның қолын алып, әңгімелесу бақытына ие болдық. Сол жолғы таныстығымыз осы күнге дейін жалғасып, уақыт өте келе сыйлы әріптестік, бауырлық қатынасқа ұласты. «Жеруйық» газетінде бірге қызмет атқарып, қамқор аға, сыйлас іні дәрежесінде талай жақсы күндерді бірге өткіздік деуге болады.

Бір таңғаларлығы, Әбекеңнің біреуге көңіл қалдырарлық қатты сөз айтып, дауыс көтергенін осы уақытқа дейін естіген емеспін. Қай уақытта көрсең де жайдары қалпынан танбай, күлімсіреп қана тұратын ақынның жүрегі өзгеше кең болатын. Сондай дарқан көңілді, ізгі жүректі азаматтан әйгілілып қалғанымыз анық.

Ақынның бір артықшылығы – өмірден өзі өткенмен оның ғұмырын өлеңдері жалғастырады. Сол айтқандай, ақын Әбен Дәуренбековтің екінші мәңгілік ғұмыры енді басталды деп әзіздегі жұбатып отырмыз. Сол ғұмыры шуақты болғай!

Кеңесхан РАҚЫШ,
ардагер журналист.

Әдебиетке адалдық

Талант – халқымтың бағы мен бақытын баянды етуімен мағыналы. Бірақ, поэзияға жан-тәнімен берілген талант иесінің үлкен парызы – әдебиетке деген адалдықтан туады. Әрине, арамызда алты Алашқа аты жеткен қарымды қаламгерлер жетерлік. Десе де, солардың арасынан шабыт пен тәмір берген дарының саудаға салып жүргендерді де кездестіріп қаламыз. Бірақ, Әбен Дәуренбекұлын бұл қатарға жатқызуға болмайды. Ол өмірде қандай қарапайым болса жаны қазаған әдебиетке де сондай таза, мінсіз бейнесімен аралады. Жалды бауыраң, жүректілі сыршыл ойға жетелейтін өлеңдерді өзінің жеке басының қажеттілігі үшін емес, қазақ әдебиетінің бұғанасын бекіту, тіреуіш тұғырды етуге арнады. Әрине, өмірдің оны мен сонына қанық ақын сүйіспеншілікке бай, сыршылдыққа бейім туындыларды жазумен әрлігіп отырғаны болып келді. Сонымен қатар, оның сөз құдіретіне деген терендігі мен ой орамының кемелділігі кімді болса да таң қалдырмай қоймайтын. Поэзияға жанылық жаратамын деп ұрандатынбай-ақ, қазақты қара өлеңінің құпы тотбас ерекшеліктерін өлеңіне арқау ете отырып, ұлан-ғайыр дүние жасады. Олар бүгінде халқының рухани қазынасына айналып үлгерді.

Мен ақын болмасам да әбекеңді қатты құрметтеуші едім. Әсіресе, оның бай тілі мен ақ, алаз жүректен шыққан өлеңдеріне құмар болатынмын. Адамды тек жақсылыққа, жайсақ күлкімен қарсы алатын, қайғы мен мұңнан тазартып, тотықұстай тұлғаларды Әбекеңнен айырылып қалдық деген жүрегім қарыс айырылғандай болды. Бірақ, оның артына қалдырған ұлағатты дүниелерін есіме алып, өлімді-өзім жұбаттым. Әбе, тәнің семсе де, жаның сенген жоқ. Алау болып пәр шашар, шуақ болып жылу құяр әлқиссаларін өсімінді ән талай бұлқ болеске жетелеп шығатынына бек сенімдімін.

Жанат АХМАДИ,
жазушы.

ЕСКЕ АЛУ



Барлық әке-шешесі арманы өмірге әкелген ұл-қыздарын адал да ардақты азамат етіп өсіру емес пе. Біздің де арманымыз сол еді. Өкінішке орай, сұм ажал тұрапап келіп, машинеге соғылып, 10 жасқа толар шағында Қарасай ауданы Қаратабы ауылының тұрғыны Рақым Сәрсенбин атындағы орта мектептің оқушысы сүйікті де сүйікті **Сейдімханова Қарлығаш** атты қызымызды алып кетті. Біздің жаңғызымыз Қарлығаштың орны ерекше, яғни біздің ақылшы бойжеткен осы қызымыз болатын. Шешесіне үлкен қолғабыс. ал сөлісі Сандуғашқа камқоршы еді. Бес жасынан мектеп табалдырығын аттағанынан бастап сыныпта оқу үздігі, староста, түрлі концерттік бағдарламалардың үздік атанып, арнайы грамоталарға ие болған еді. Кашанда жақсылық та бар еді. Өлеңдері «Балдырған» журналына жарияланған еді. Есімде Мойнақ» деген күшіне жазғаны

Мойнақ менің күшігім,
Әдемі сенің ішінен
Ақылы да тоңдырмас
Үстіндегі ыстығы.

Болашағынан үлкен үмет күттірген, өрбір сәзіне алақтамасы бар сананы да сабырлы ойлануға сөйлетін әкелді Қарлығашымыздың нұсқалы өмірінің қысқа болғаны жүрегімізді елжіретеді, жанымызды жылатады. Ақын болмасам да сөзіненшімізді мына шағын шумақпен арнаймын.

Жатқан жерің жайлы болсын,
жарқыным!
Анаңның әсте сақтап әсіретін,
әкеңнің тұ-ғыр үстап қасиетін.
Және өзім шаңырақ көтерт ем,
Мендегам деп үлкылдар әсіретін.

Әкеңе парызымды өтемекпе,
Өмірша сағдын осылар секілетін.
Жанұяма арналған қамал соқтым,
Сүйген жар, бала-шаға бекіметін.

Кездерім талай-талай болғаң екен,
Әттең-ай деп ренжіп өкінетін.
Қайтыпты қара дауыл үйге кіріп,
Қарапайым жанымтық бөгіне тым.

Жанып тұрған алауды лупалдатып,
Емес еді-ау мезгілсіз өшіретін.
Қайтып тағы жалғадың тірлігіңді қалдым,
Есемсіз мелшер ғана есіретін.

Айдынғып бақшамдағы
қызғалдақтай,
Ауырып қалдың мейлі, неге жетпей,
Жарқ-ғып, жазылмады қалдай өкпе,
Сағынамын қашанда сол ашіреттен.

Қатең болса егер бір басымда,
Ә, қалай кәйіп едің кешіретін.
Сынға тартып, қайғы толы бір күнді,
Содан мың жұрек сыздап бұлқынады.

Жазғанда жаңа таныс ән мен сөздің,
Қайғыға ұластырдың күлкіңді.
Сағынамын, қалай қиып алып кеттің,
Жан қызымды қасымдағы сүйкімді.

10 жасқа жаңа толар шағында,
Өмірің неге ерте еріпті.
Тұғыр дейсің, дәлелге артыла кім,
Сенді еді той әдемі қара шашың.

Көрінде сыңбатың да жарасатын,
Қолдан келмей қанады құлыншағым.
Өмірінің ұзағына мен едім
талпасатын
Айналайын, жан қызым Қарлығашым.

Құлағыма ән болып қонғыласың,
Әлдер жүрген күнімді әкелдіметтің.
Қалдай болар жанымсың менің
жасым
Мәңгіге де бақыт жұлқа жағымды.
Жан еді-ау ерекше бір дарынды.

Ата-шешең, бауырларың сағынды,
Қасіреттің сенің салған зардабын
Зәулімменен пайдасы жоқ, қайтейін,
Жанатта өтсе құдай сенің
жетпісін.

Шүлк шашқан күлпе еді жетімдегі
Жанып өскен сұлу еді
Ерлан-Дәуренбековтің
әйелдегі
Жазған жерің жайлы болсын,
әйелайын,
Әдемі қарағым Қасқалдағым.

САҒЫНА ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: әке-шешесі, ағасы – Дастан, Сандуғашы мен Досханы.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастығы БАЛАБИЕВА Үмсын Әбиболлақызының 2010 жылғы табысы туралы мәлімет:

– есептелген жалақының жалпы сомасы – 2960291,69 теңге;
– жеке табыс салығына ұсталынған сома – 222227,98 теңге;
– зейнетақы қорына аударылған сома – 266855,97 теңге;
– жеке меншігінде Талдықорған қаласында 2 бөлмелі пәтері бар.

«Джей Ти Ай Казахстан» Темекі компаниясы» ЖШС-не конкурстық негізде қажет: Құрылысты бақылау жөніндегі инженері – 1 бірлік. Үміткерге қойылатын талаптар: мамандығына сәйкес жоғары /ЖОО-дан кейінгі/ білім және еңбек өтіліне көңіл бөлінбейді немесе мамандығына сәйкес техникалық орта және кәсіби /арнаулы орта, кәсіби орта/ білім және еңбек өтілі I дәрежелі техник қызметінде кемінде 3 жыл.

Түйіндемені мына мекенжайға жіберу керек: Қазақстан Республикасы, 040704, Алматы облысы Іле ауданы Байсерке ауылы, күзет бөлімі немесе факс: 8 /727/ 258 82 39

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы белгілі ақын, басылымның бұрынғы қызметкері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Әбен Дәуренбековтің

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ротбек Тераубаевна әжесі

Раушанның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық мәдениет басқармасы мен облыстық халық шығармашылық орталығы және мәдениет мекемелері белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Әбен Дәуренбековтің

қайтыс болуына байланысты жайлы-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

● *Халықаралық көрме*

«Кеден қызметі – 2011»

Қазан айы қазақстандық кеденшілер үшін есте қаларлықтай жаңалықтарымен ерекшеленді. Олардың арасында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Мәскеуде өткен «Кеден қызметі – 2011» халықаралық көрмесіне қатысуы да бар.

Мәртебелі шара Кеден Одағына мүше мемлекеттердегі кедендік қызметтердің бірлескен алқасының бірінші отырысы аясында өтті. ТМД-на қатысушы мемлекеттердің кедендік қызметтерінің 53-ші отырысында аталған шараға кеден ісі жөніндегі мәселелер бойынша ТМД-ның кәсіби көрмесі деген статус берілген болатын. Көрмеге Кедендік Одаққа қатысушы елдердегі кедендік қызметтердің жетекшілері, Бүкілалемдік кеден ұйымының басшылығы мен алыс-жақын шет мемлекеттердегі кедендік қызметтің өкілдері, сондай-ақ, бизнес қауымдастықтардың жауапты тұлғалары қатысты.

Қазақстан Республикасы кеден қызметі аталған шара аукымында кеден органдарының жыл барысындағы жұмысының нәтижесін, кеден ісі саласындағы жетістіктерді, кеден қызметін ұйымдастырудағы жаңалықтарды, сондай-ақ, сыртқы экономикалық қызметке қатысасушыларға көрсетілетін кеден және кеден маңы инфрақұрылымдарының мүмкіндіктерін паш етті.

Көрмелік ақпараттық стенд жасалынып, қатысасушылар назарына Қазақстан Республикасы кеден органдарындағы жаңғыртулар жөніндегі бейнефильм ұсынылды. Сонымен бірге ақпараттық бүклеттер мен журналдар, брошюролар да өз тамашалаушыларын тапты. Көрме барысында кеденшілеріміз елміздің 20 жылда жеткен жетістіктерін де талғамды түрде таныстыра алды. ҚР ҚМ Кедендік бақылау комитетінің «Кеден қызметі – 2011» халықаралық көрмесіне қатысуын жоғары бағалаған ұйымдастырушылар қазақстандық кеденшілерді арнайы дипломмен марапаттады. Көрме барысында кеденшілер өзара тәжірибе алмасып, бірлескен әрекеттің артықшылықтарына назар аударды.

Гауһар АҚБАСОВА,
ҚР ҚМ КБК-нің қоғаммен байланыс жөніндегі бөлімінің бастығы.

● *Форум*

ЖАСТАР ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ҮШІН

«Жас Отан» жастар қанаты мен «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігі «Жастар жарқын болашақ үшін» атты облыстық жастар форумын өткізді. Оған облыс көлемінде «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшылары, үкіметтік емес ұйымдар мен жекелеу және орта арнаулы оқу орындарының жастар ісі жөніндегі жетекшілері, «Жасыл ел» штабының еңбек жасақшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

Шара басталмас бұрын «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі жомарт Қаратас жиналғандарды жұмыс жоспарымен және форумның бағыт-бағдарымен таныстырып өтті. Содан кейін әр ауданнан жиналған жастар 2 секцияға бөлініп, форум жұмысын бастап кетті. Бірінші секция жұмысы «Жетістікке апарар жол» – тақырыбына арналды. Оны «Талдықорған аймақтық әйелдерді қорғау орталығы» қоғамдық бірлестігінің психологтары Мәрал Әлдабекова мен Ирина Коршненко жүргізді. Екінші секция «Тәйм менеджмент» тақырыбында ұйымдастырылды. Бұл секцияны жүргізген «Жетісу жастары» жастар орталығының бөлім бастығы Мөлдір Жұмашева жастарға тәйм менеджменттің қыр-сырын жеткізе білді.

Жиын соңында форум қатысушыларына арнайы сертификаттар тапсырылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – **27-41-50** байланыс телефондары бас редактордың орынбасарлары – **21-01-90, 27-41-83,** жауапты хатшы – **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – **27-42-34,** санақат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – **24-36-07,** ұлыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **24-32-43,** білім және тағылым бөлімі – **24-30-57,** фототілшілер –**27-41-93,** хат және ақпарат бөлімі – **24-29-82,** есепшісат бөлімі – **24-35-28**

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша – **279-13-37** (факс), **79-13-86, 79-36-43.**

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Ұшаралда – **2-12-57** Панфиловта – **5-12-21**, Райымбекте – **2-22-05**, Іледе – **2-19-33.**

Газет табыс етілмесе – **72-59-01** телефонымен хабарласу керек.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады
№ 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
К 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

"Жетісу" газетінің компьютер отбасында терілип, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Компьютерге терілгенде 8 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС – 1.21.3. ТАРАЛЫМЫ – 42 532. ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Бақыт АБАҒАН.

● Қалқа Жапсарбаевтың туғанына – 125 жыл



АҚЫН тойы – ХАЛЫҚ тойы

Өткен апта Жетісу жұртшылығы үшін жыр кесері төгілген айтулы айтысымен есте қалар, сірә. Ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың 125 жылдығына орай Көксу өңірінде өткізілген мерекелік шара осылай деуімізге негіз береді. Тоқсан жылға жуық ғұмырының 70 жылын ақындық, композиторлық, жыршылық өнерге арнап, халқының қилы тағдырын, қаһармандық ерлік істерін асқақ шабытпен жырлаған айбарлы ақындарын елі асқар биікке тағы бір көтеріп тастады.

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Жер жаннаты Жетісудың нұр сипатты келбеті сұлулыққа, көркемдікке іңкәр адамдардың сергек санасына [illegible]

Қалқа ағамыздың 125 жылдық мерейтойына арналған шаралар Көксу ауданы Мұқыры ауылындағы [illegible]

[illegible] еш әбестігі жоқ. Себебі, өзі жоқ болса да оның мерейтойын өткізу қарсаңында Мұқыры ауылында жөнтеген игілікті шаралар атқарылғаны байқалады. Ауылдың көшелеріне асфальт төселіп, көше жарықтары қалпына келтірілді, мектеп, Мәдениет үйі және басқа да қоғамдық мекемелер көркейіп шыға келген. Тойға жиналған қауым осыдан бірер жыл бұрын ғана күрделі жөндеуден өткен, сән-салтанаты келісті ауылдық Мәдениет үйіне қарай ағылды. Себебі, мерейтой бағдарламасына сәйкес мұнда бірінші күні Қалқа Жапсарбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған республикалық ақындар айтысы өтетін еді. Айтыс десе ішкен асын жерге қоятын жырсүйер қауым зал ішіне лық толған.

Жыр додасын жүргізіп отырған Төлеужан Гүмаров алдымен айтысқа түсетін ақындарды сахнаға шығарып, әділқазылар алқасының мүшелерімен таныстырып өтті. Бірінші күні Астана қаласынан келген Айнұр Тұрсынбаева мен Жақсылық Орынбасар, Оңтүстік Қазақстан облысының намысына шың жұлқаған ақыны Ақмарал Леубаева мен ақтөбелік Төрегали Төреәлі, Батыс Қазақстан облысының ақыны Жансая Мусина мен жерлесіміз Жандарбек Бұлғақов, Алматы қаласының ақыны Фархат Мұратұлы мен талғарлық Әбдіғали Бәшләк, ордалық Талғат Мыкы мен қызылордалық Мөлдір Айтбай, астаналық Мейіржан Әзібек пен батысқазақстандық Бауыржан Қалиолла, Алматы облысынан Айбек Ережеп пен қарағандылық Бәлтебек Секетай өзара сайысқа түсті. Бұл жолы да айтыс өнерінің қазанында қайнап, алаулап жағып келе жатқан Айнұр, Ақмарал, Жансая, Жандарбек, Төрегали, Бауыржан сынды айтыскерлер өрнекті сөздеп кесте тоқып, ұшқырлығымен, тапқырлығымен тыңдарман жұртшылықты тәнті етті.

Мерейтойдың екінші күні халық ақыны Қалқа Жапсарбаевқа арналған ғылыми конференциясы басталды. «Жетісу» телеарнасының редакторы Жұмамет Жайлаубай әзірлеген 15 минуттық бейнефильмде көрермен қауым ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мол мәлімет алған еді. Осыдан кейін конференцияны жүргізіп отырған облыс әкімінің орынбасары Серік Мейірханұлы жиналған жұртшылықты ел тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына орай өткізіліп отырған салтанатты шарамен құттықтап, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында өлкемізде атқарылып жатқан игі істерден хабардар етіп өтті. Мерекелік шараны өткізуге мұрындық болып, «Халықтың шашылы Қалқасы» атты кітапты оқырмандарға тарту еткен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Нұрила Бектемірова алғашқы баяндаманы жасаса, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті ақын Сәкен Иманасов Қалқамен жүздескен сәттер туралы қызықты естеліктер айтып берді. Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, «Қазақстан энциклопедиясының» бас директоры, филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып Қалқа атамыз туралы тың мәліметтерден тұратын мазмұнды баяндама жасап, көпшіліктің ықыласына бөленсе, осы тойды ұйымдастырушылардың бірі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Оған Алатау» газетінің бас редакторы Әміре Әрін өзіне тән шешендікпен тәтті тілегін жеткізді, тойға жырдан шашу шашты. «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Жомартқали Жексенбінов осындай ауқымды шараны өткізуге атсалысқан азаматтарға ел ағасы ретінде алғысын жеткізді. Жиын соңында Көксу ауданының әкімі Мұрат Өсербаев сөз алып, ауданның бүгінгі экономикалық-әлеуметтік хал-ахуалы жайлы мәлімет беріп, жұртшылықты мерекемен құттықтады.

Ғылыми конференциядан кейін кешегі күнгі айтысқа сөз шауып, дара шыққан үш жұп қайталап жыр өнерін қыздырған. Бұл жолы Айнұр Тұрсынбаева мен Бауыржан Қалиолла, Ақмарал Леубаева мен Жандарбек Бұлғақов, Жансая Мусина мен Төрегали Төреәлі өзара айтысқа түсті. Қалқа ақынның асқақ жырлары мен дара дарыны жайлы, ел тәуелсіздігінің 20 жылдық қақында жырдан маржан төгілдірген ақындар өзара әзілді де өрлетіп, әдемі қыз беп жыл айтысын жұрт назарына ұсына білді. Соңынан қазылар алқасының тең бағасын алған Айнұр мен Жандарбек соңғы айтысқа қайтадан шығып, тамашаны көруге келген халықтың құлақ құрышын қандыратын жыр өрнегін көрсетті. Нәтижесінде өнерлерден озық өнермен ерекшеленген жерлесіміз Жандарбек Бұлғақов бас жүлдені жеңіп алып, жеңіл автокөлікке ие болды. Бірінші орынға көтерілген Айнұр да қомақты қаржылай сыйлық алды. Бұдан бұрын хабарлағанымыздай, Ақмарал мен Бауыржан қос бірдей екінші жүлдені өзара бөліссе, Жансая мен Төрегали үшінші орынды місе тұтты. Жеңімпаздармен қоса барлық айтыскер ақындар ынталандыру сыйлықтарына ие болып, «Нұр Отан» партиясының ескерткіш қаделерін алды. Айтысты тамашалап отырған аудан әкімі Мұрат Жақыбайұлы да өз атынан «Көрермен көзайымы» жүлдесін тағайындап, оны Жақсылық Орынбасардың қанжығасына байлады.

«Халқын ойлаған азаматтың рухы өрде, орны төрде болады» дегендей, бұл шара халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың өзі өлсе де сөзі ұрпақтар зердесінде мәңгілік қалғанын тағы бір айғақтаған. Тойға жиналған қауым осындай бір сезімде кеткені анық.

●Өлең өлкесінде

«Жетісу» газеті тарих дейтін шалқар көштің жүлгесінде талай қаламгерді қанаттандырды. Ұлы көш бүгінде өз жалғасын тауып келеді. Оған дәлел ретінде ақын, публицист, жазушы Қуат Қайранбаевтың шығармашылық кешін айшықтап айтуға негіз бар.

«ЖЕТІСУДЫҢ» шекпенінен шыққан

Жетісу
Кәжет АНДАС

Бұқар жыраудың: «...Елу деген жасыңыз, о да бір кошкен ел екен», – деген қисынды сөзіне жүгінсек, Қуат елуге ел пейіліне бөленген азамат болып жетті. Ең басты жетістігі – публицистика, жазушылық, ақындықтың басын бір арнаға тоғыстыра алды. Ақ жауын боп сіркіреп, жолайырықта тұрып толғанды. Міне, енді өмірдің жалын, көңілдің назын, жүректің сазын өрнектеген өлеңдерімен поэзияның биігінен көрінді. Әдебиет әлеміне жарқ етіп сөнетін найзағай болмай, көктемнің кірімсал жаңбыры болып сіркіреді.

Сабыр, сабыр жүрегім,
Сабама түс, салқында.
Сен жарысқан қайтемін,
Бірыным көп артымда.
Адалы бар өмірдің арамы
да жетерлік.

Жасы құмар қызықтан тартынбайды қартың да, – деп өзі жырлағандай, жүрегін сабырға шақырып, пендешілікке бой ұрмай, малақтауға мастанбай, ақын деген атаққа кір түсірмей, кісілік қалпымен жоғары өрледі.

Қашанда сөз өнерін қадірлеген адамды өзгелер де ұлықтайды екен. Кешке жиналған көпшіліктің арасында Қуаттың қаламының қуатын жоғары бағалағандар көп болды. Мәдениет сарайының сахнасына көтерілген облыстық мәслихаттың хатшысы Ардақ Сыдық, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Алматы облысындағы аумақтық басқармасының бастығы Серікбай Нұрғисаев, Ақсу ауданының әкімі Әскербек Дүйсенбаев сияқты ел көшін бастаған басшылар мен Жанат Ахмади, Әміре Әрін, Нүсіпбай Әбдірахым, Бейсен Құранбек секілді қаламгер әріптестері оның азаматтыққа тән болмыс-бітімі мен ақындық талантын жан-жақтылы сөз етті.

Орыстың атақты ақыны Сергей Есенин: «Поэзия да қыпқызыл майдан. Онда да аяусыз қан төгу керек», – деп жырсүйер қауымды поэзияны қорғауға шақырады. Өйткені, поэзия – мәрттік, адамгершілік, рух. Қуат соның бәрін өлеңіне сыйдырған.

Оны кеш барысында ақын өлеңін оқып тұрған жастардың алаулаған жүзінен, толқыған көңіл-күйінен аңғардық. Әрине, жүрекке жеткен жырды ғана оқырман осылай оқиды.

Несіне мұңданамын,
Түрен тартып төсіне тың
даланың,
Қазанында пімыстың
шыңдаламын.
Елім, міне, еңсесін тіктеп
алды,
Қонғандай-ақ қырандай
шыңға бағым, – деуі оның стихиясына тән. Елу жылын атап өткен ақынның шабыт қуаты да өз еңсесін тіктегенін білдік. Елді:

Ұясар салған жалыменен,
Жүре алмай кетсем соңне
тыңы
Жырларым кетпес керуеден,
Қуат боп қалсам деп шешімім, – деп таңдау жасайды. Ұлы Абайша айтқанда: « Ақылмен ойлап тапқан сөз, дәрумас бойға, сыршылар, жүректен толқып шыққан сөз, бар тамырыңды қуалар». Жүректен шыққан сөз жүректерге жол алатыны әйгілеу.

Сондықтан Қуат қандай құрметке де лайықты. Кеш барысында оған берілген облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Қазақстанның Құрметті журналисі, Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағы, Қазақстан Жазушылар одағының, «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының, облыстық ішкі саясат, мәдениет және тіл басқармаларының, облыстық халық шығармашылығы орталығының, тағы басқа салалар мен мекемелер атынан тапсырылған құттықтаулар беделінің қаншалық биік деңгейде екендігін көрсетті.

Ал сахна шырайын кіргізген Қуат Әбілұлының сөзіне жазылған әндер көпшілікті сұлу саз, сырлы әуенмен еліткені өз алдына бөлек әңгіме. Бүгінде Қуаттың өлеңіне жерлес композиторлар Мұратхан Егінбаев, Өмірсерік Арапов, Серікжамал Әжібекова, Бақберген Асқарбеков, Данияр Құрамысовтар жазған әндер мәдени шараларда орындалып жүргенін де білеміз. Осы кеште ақын сөзіне жазылған бірнеше жаңа әннің де тұсауы кесілді.

Қуат Қайранбаев жар таңдаудан да жаңылыспағанын байқадық. Дариға жеңгеміз де осындай жан. Өйткені, қазақта ақын көп десең те, мұсылмандай күйіп, суығына тоңған, баласын өсіріп, болашағын жалғаған жарларына өлең арнаған ақындар санаулы ғана. Ал аудылардың атын өлтірмейтін мұқабасына жазып, әспеттеген жан Қуаттай-ақ болатын шығар.

Бақыт деген тілектің ден
бірлігі
Тұрмыспен ек армандармен
ақ қала.
Күндер өтіп, айлар өтіп,
бір күні.

Әке болып сәби сүйдім шаттана, – дейтіні бар-ды. Жырдың қаймағын қалыңдатып, бал татыратын осындай сезім шынайылығы ғой. Інкәр сезімді осылай шалқыта жырлаған ақынның бүгінде көзінің қарашығы үш перзенті бар. Үлкен қызы докторантурада, екінші қызы магистратурада оқып жүр. Ал кенжесі Даттың ұлындай еліне қорған, жұртқа қормал болсын деп армандаған ұлы Сырым 11 сыныпта оқиды. Өнер адамдарымен пікірлесе қалсақ: «Балаларымыз жолымызды қумады» деген өкінішін жиі естиміз. Бірақ, бұл сөз Қуатқа тән емес. Себебі, ақынның ұлы Сырым өнерден құралақан еместігін дәлелдеді. Әкесінің сөзіне жазған әнін орындап, отырғандарды ду қол шапалақтатса, әкесіне арнаған өлеңін оқып қаламының қуаттанып қалғанын байқатты. Әлбетте, өнерін қадірлейтін оқырманы, мұратын жалғайтын ұрпағы бар ақынға мұнан басқа қандай бақыт керек.

Объявление ТОО «КараталТранзит»

6 декабря 2011 года ТОО «КараталТранзит» объявляет о проведении открытого тендера по закупу электроэнергии на компенсацию нормативных технических потерь и хозяйственные нужды.

Лот №1 – закуп электроэнергии на компенсацию нормативных технических потерь;

Лот №2 – закуп электроэнергии на хозяйственные нужды.

Требуемый срок поставки – 2012 год.

К участию в тендере допускаются все потенциальные поставщики, отвечающие квалификационным требованиям, указанным в пункте 13 Правил закупок субъектами естественных монополий товаров, работ и услуг, затраты на которые учитываются при утверждении тарифов (цен, ставок сборов) или их предельных уровней и тарифных смет на регулируемые услуги, утвержденных приказом председателя Агенства Республики Казахстан по регулированию естественных монополий и защите конкуренции от 6 июня 2003 года № 149-ОД.

Пакет тендерной документации можно получить в срок до 14 часов 00 минут 5 декабря 2011 года, включительно по адресу: 040008, РК, Алматинская обл., г.Талдыкорган, ул.Абылайхана 266, приемная ТОО «КараталТранзит» с 8 до 17 часов в рабочие дни или по электронной почте по адресу: Kaskad.ges@aspmk.kz, m.satov@aspmk.kz

Тендерная документация предоставляется бесплатно.

Заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются потенциальными поставщиками в ТОО «КараталТранзит» по адресу 040008, РК, Алматинская обл., г.Талдыкорган, ул.Абылайхана 266, приемная ТОО «КараталТранзит»

Окончательный срок представления тендерных заявок до 12 часов 00 минут 6 декабря 2011 г.

Конверты с тендерными заявками будут вскрываться тендерной комиссией в 14 часов 00 минут 6 декабря 2011 года местного времени по адресу 040008, РК, Алматинская обл., г.Талдыкорган, ул.Абылайхана 266, каб. директора.

Потенциальные поставщики и их представители могут присутствовать при вскрытии конвертов с тендерными заявками.

Потребители услуг (товаров, работ) субъекта естественной монополии вправе участвовать в качестве наблюдателей в проводимом ТОО «КараталТранзит» тендере по закупке товаров (работ, услуг).

Дополнительную информацию и справки можно получить по телефонам: **8 (7282) 27 17 18, 39 04 14, сот: 8 701 134 11 22, 8 777 014 79 89.**

●Айналайын, абайла!



Тәрбие сағаты

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өрт оқиғаларының 20 пайызы балалардың отпен ойнап, өрт шығаруларынан болып жатады. Әртүрлі жарақаттар алып, мерт болғандары да бар. Сондықтан да бүлдіршіндерге өрттің қауіпті екендігін түсіндіріп отыру өте қажет.

Осынау төл міндетімізге орай облыстық төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері жақында Талдықорған қаласындағы «Күншуақ» балабақшасындағы «Гүлдер» тобында тәрбие сағатын өткізді. Бүлдіршіндерге сіріңкемен ойнаудың арты қандай жағдайға әкелетіндігі мен тигізетін зардаптары түсіндірілді және өрт болғанда қандай қызмет түріне хабарлау қажет екендіктері ұғындырылды. Сонымен қатар, бүлдіршіндерге құтқарушылардың апат болған жағдайларда киетін киімдері көрсетілді.

Жанат СЕМБАЕВ,
облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі, өртке қарсы қызмет майоры.

ҰСТАЗ ТӘЛІМІ

●Мұғалім – мектеп жүрегі

Мектеп оқушыларының білім алуға деген ынтасын оятатын ұстаз десек, қателеспеспіз. Менің оқуға деген құштарлығым кезіндегі білім берген ұстаздардың және ананың сабағыма күнделікті бақылау жасауының арқасында қалыптасты. Сол себепті кезінде білім мен тәрбие берген ұстазым Рысалды ЖИЕНБАЕВА жайлы ой толғағанды жөн көрдім.



Рысалды Төлеубекқызы 1976 жылы Н. Крупская атындағы Семей педагогикалық институтын тамамдаған. Содан бері қажымай-талмай 35 жыл орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі болып, еңбек етіп келеді. Рысалды Төлеубекқызынан кезінде мен де білім-тәрбие алған едім. Ол кезде біз секілді қазақ мектебінде оқыған балаларға орыс тілін аудай қажет болды.

Рысалды Төлеубекқызының сол уақытта берген білімінің арқасында, біздің сыныптың жиырма шақты қазақ баласының барлығы жоғары білім алып, бүгінде әр салада жемісті қызмет істеуде.

Данышпан ақын Абай Құнанбаевтың өз баласын оқуға бергенде: «Мен баламды орыс тілін біл деп бердім», – деген екен.

Қазіргі уақытта да ең басты байлық – тіл. Әркім бірінші кезекте өзінің ана тілін білуге тиісті. Ал орыс тілі және өзге де шет тілдерді білу арқылы біздің дүние танымымыз артады.

Міне, осы жолда талмай еңбек етіп келе жатқан Рысалды Төлеубекқызы қазіргі кезде Қарасай ауданының Көксай ауылындағы М. Мәметова атындағы орта мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Әрине, әр жұмыстың өзіндік қиындығы, жауапкершілігі болады. Отбасында ұл мен қыз тәрбиелеген Рысалды Төлеубекқызына тәрбие ісі жаңалық емес. Үстіндің бұл істі де ұршықша иіріп отырғандығын мектепке барғанда оқушылардың адамдарды жылы қарсы алып, жол беріп, амандасуынан-ақ аңғардық.

«Ұстаз – ұлы тұлға» деп халқымыз бекер айтпаған. Мұғалімнің қолынан жақсы тәлім-тәрбие алып шыққан тұлға ешуақытта жаман болмас. Біз де Рысалды Төлеубекқызындай ұстаздың соңынан тек жақсы шәкірттер ғана еретініне кәміл сенеміз.

Қ. НҰРХАНОВ,
І. Жансүгіров атындағы ЖМУ колледжінің оқытушысы.

●Қарттарым – қазынам

Облыстық «Жетісу жастары» жастар орталығы және «Жас Отан» жастар қанатының ұйымдастыруымен Текелі қаласының қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемесі ғимаратында «Қарттарым – асыл қазынам» атты қайырымдылық акциясы өтті. Акцияға Текелі қаласының ішкі саясат бөлімі мен аталмыш мекеме қызметкерлері, Талдықорған политехникалық және Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінің белсенді студенттері, БАҚ өкілдері қатысты.

Асылдарымызды ардақтайық

Жастарды үлгжандылыққа, адамгершілікке, мейірімділік пен ізгілікке тәрбиелеуді мақсат еткен шара үлкенді құрметтеуде де үлгі көрсетті. Бұл ретте шараның ашылу салтанатында сөз алған «Жетісу жастары» жастар орталығының директоры Рустам Алпысбаев былай деді:

– Адамға әке-шешеден жақын ешкім жоқ. Алайда, соңғы кезде ақ сүт беріп, түн ұйқысын төрт бөлген ана мен асқар таудай әкенің қадірін білмей, оларды қараусыз тастап кетіп жатқандар көбейіп кетті. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» дейді дана халқымыз. Сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алу үшін басқа жастарға біріншіден, өзіміз үлгі көрсетуіміз керек. Акцияның салтанатты рәсімінен кейін Талдықорған политехникалық және Қ. Байсейітов атындағы саз колледжінің өнерлі жастары қарттарға арнайы ұйымдастырған концерттік бағдарламасын ұсынды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Ақсу ауданы, Қаракөз ауылына қарасты **Талап Ибраимовтың** атына тіркелген «Талап» шаруа қожалығы өзінің жабылатындығын жариялайды.

Алматы облыстық «Жетісу» газетінің ұжымы Алматы облыстық мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағы кеңесінің төрағасы Жолтай Балтабекұлына аяулы ұлы
Азамат Жолтайұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы кәсіподақтары одағы мен оның құрамындағы барлық салалық кәсіподақтар ұжымы «Алматы облысы әкімдігі, бюджеттік және банк құрылымдары қызметкерлері» кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жолтай Балтабековке
аяулы ұлы Азаматтың
кенеттен қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Алматы агроенеркәсіптік кешені қызметкерлері кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің ұжымы Талдықорған облыстық мемлекеттік кәсіпорындар кәсіподағының төрағасы Балтабеков Жолтай Балтабекұлына ұлы
Азаматтың
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Талдықорған аумақтық кеңесі Алматы облыстық мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағы кеңесінің төрағасы Жолтай Балтабекұлы Балтабековке ұлы
Азамат Жолтайұлының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 19 қараша, сенбі күні шығады.

БАЙЛЫҚҚА БАСТАЙТЫН ЖОЛ

●Маман мінбері

Қазақстан Республикасы «Ұлттық Банкінің» Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті қаржы және қор нарықтарының негіздері туралы оқыту мақалалары топтын жариялауды жалғастырады.

Ақша таусылып қалған кезде сіз «бұдан жалғаса беруі мүмкін емес!» – деген тұжырымға келесіз. Жалақыға дейін бірнеше күн ғана қалды, әмиянда да, карточкада да бір тиын қалмапты. Тағы да достардан немесе әріптестерден қарыз алуға тура келеді. Бір сәжабы, еңбекақыны көтергеннен кейін де жағдай өзгеретін емес. Соған қарамастан таныстарыңыздың көпшілігі осындай немесе тіпті бұдан да аз кірісімен еміп-еркін өмір сүруде, тіпті қымбат [illegible]

Алайда, келесі жалақыға дейін [illegible] Кіріс көлеміне қарамай, 30 000 теңге алатын да, сондай-ақ 300 000 теңге алатын адам да осындай жағдайға тап болуы мүмкін. Сондықтан сіз келген кірісіңіз болса да өз ақшаңызды басқара білуіңіз қажет. Жалақы өз болған кезде инвестиция туралы сөз қозғау мүмкін емес деу жаңсақ ұғым. Керісінше, нақ осы жағдайда ақша жинақтау туралы ойды «көбірек ақша болатын» белгісіз мерзімге кейінге қалдырмай, бірден бастағаныңыз жөн.

БАЙЛЫҚҚА БАСТАР АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Бір жолы қаржы тәлімгері Брайан Трейси: «Кірісті еселеуден бізді бөліп тұрған бір ғана жаңа дағды ғой» деген болатын. Жеке қаржыны басқару дағдылары толып жатыр. Олар өз шығыстарының есебін жүргізу және талдау, кірісті ұлғайту, қаржы жайындағы әдебиеттерді зерделеу, нарықты қадағалау, инвестиция жасау, жаңа қаржы құралдарын пайдалану және басқалар. Қаржылық сауаттылық деңгейі жоғарылаған және кірістілік деңгейі артқан сайын, дағды да күрделене түседі. Бастапқы кезеңде бір ғана дағдыны меңгеруге болады, бірақ мұны үнемі жалғастыру керек. Мысалы, жеке қаражатыңды басқару саласында мамандар беретін ең бірінші кеңес – «өзіңе төлеу». Бұл нені білдіреді? Өзіңіздің әр кірісіңізден 10 % жинауға кірісесіз. Әдетте, неғұрлым мұғайлы әрі сенімді ретінде банк депозиті қарастырылады. Осылайша ақшаны жинай отырып, сіз бір жылдың ішінде айлық жалақыңызбен салыстыра қарағанда қомақты сомаға ие болғаныңызды да байқамай қаласыз.

СІЗДІҢ КЕЛЕСІ ҚАДАМЫҢЫЗ

Белгілі бір сомаға ие бола отырып, сіз онымен не істейтініңіз туралы шешім қабылдай аласыз. Жұмсау керек пе? Сіз бұған дейін де осылай істейтінсіз, бірақ бұл айдың ақырында [illegible] Банкте қалдыру керек пе? Ақылға қонымдысы осы, оның үстіне депозит тұрақты кіріс әкеледі және кепілдік береді. Сіз «тағы қандай құралдар бар?» деп ойлана бастайсыз. Бұл – сіздің молшылық жолыңыздағы келесі қадамыңыз.

Толып жатқан қаржы құралдары бар. Егер жинақ ақша туралы айтатын болсақ, консервативті қаржы құралдарын қарастырған жөн, олар депозиттер немесе облигациялар. Бұған дейін айтылғанындай, олар сенімді, тұрақты және кепілдендірілген. Мысалы, барлық депозиттерді халықтың салымдарына кепілдік беру қоры сақтандырған, ал мемлекеттік облигациялар 100 %-дық кепілдікке ие. Оларды сатып ала отырып, сіз оларды кез келген уақытта сата аласыз. Бұл ретте осы құралдар бойынша кірістіліктің басқа салымдарға қарағанда төмен болатынын ескеру қажет. Олардың ұтымдылығы инфляцияны жабатындығы мен капиталды сақтауға мүмкіндік беретіндігінде.

Егер көбейту туралы айтатын болсақ, онда қор нарығының құралдарын – акция, ИПК және басқаларын қарастырған жөн. Бағалы қағаздар нарығы тәуекелге толы, оны болжау қиын, бірақ оның ерекшеліктерін білсеңіз, нарықтың қозғалысын көре алсаңыз және ақшаны қалай және қайда салуды дәл білсеңіз, аса пайдалы. Бұған қоса, инвестициялаудың консервативтік не агрессивтік стратегиясын таңдай отырып, сіз тәуекел деңгейіңізді және тиісінше кірістеріңізді өзіңіз реттей аласыз.

Қазақстан Республикасы «Ұлттық Банкінің» Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығын дамыту комитеті халқымыздың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруды жалғастыруда, оның шеңберінде дәрістер оқылады, бейнематериалдар көрсетіледі, мақалалар жарияланады. Сондай-ақ, www.finpramota.kz оқыту веб-порталы жұмысын жалғастыруда. Сіздер мұнда өз ақшаңызды тиімді басқару, өз қаражатыңызды қандай құралдарға салуға болатыны, қандай кіріс алуға болады және алдан қандай тәуекелдер шығатынын, қаржы нарығындағы алаяқтықтан қалай сақтану қажеттігі туралы және басқа да пайдалы ақпаратты біле аласыз.

Раушан БІРМАҒАМБЕТОВА,
АӨҚОК-нің бас сарапшысы,
Жанар МАЗЕМБАЕВА,
ҚР ҰБ сарапшысы.

Жетісу

МЕНШІК ИЕСІ: Алматы облыстық "Жетісу" газеті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімі

Бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-35-07, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер – 27-41-93, заң және ақпарат бөлімі – 24-29-82, есепшілер бөлімі – 24-35-28

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшарала – 2-12-57, Панфилова – 5-12-21, Райымбекте – 2-22-05, Текеде – 2-19-33.

Газет табыс етілмесе – 72-59-01 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС – 1261. ТАРАЛЫМЫ – 42 532. ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор: Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.

ҚАЗАҚСТАН тәуелсіздігіне 20 жыл

Өмір шіркін найқалуды көтермейді. Өйткені бүгінгі жетістігің ертеңге өлшем бола алмайды. Мұны тұңғыш Президентіміз жақсы біледі. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары халық үшін де, оның бірінші басшысы үшін де аса күрделі болды. Дәл осы сәтте қазақ халқы қателескен жоқ. Қиын заман, күрделі уақытта бүкіл Қазақстан халқы өз таңдауын айтты. "Кешегісі шырғалаң, ертеңгісі беймәлім, дұшпандары бармағын бүгіп, жанашырлары әліптің артын баққан қазақстандықтарды қиындықтардан кім алып шығар екен" деген кезде таңдаудың Нұрсұлтан Назарбаевқа түсуі де тегін емес еді. Өйткені, оның құрыштай берік қуатын, іскерлігі, шындықты бетке тура айтатын қайсар мінезі, көсемдігі мен шешендігі, ана сүтімен біткен алғырлығы сияқты қасиеттерін сезген халқы хан көтерді, бүкіл ел болып бірауыздан президенттікке сайлады.

Естен кетпес КЕЗДЕСУЛЕР

Мұның да өз заңдылықтары бар шығар. Өйткені, ол; "Болық болдым, мінекей" дейтін әдеттегі кырдан келгені емес. Оқиған, өмірден түйгені көп дара тұлға. Ол халқының бірауыздан таңдауын туған елінің елеме тапсырған иманы деп ұқты.

Жетісу жеріне ат басын тіреп, кинотеген шаруаларды сәтті шешкен соң ел ішін аралауға ден қойған. Оның үстіне жұрт қалай тіршілік жасап жатыр, несімен бай, несімен жұтаң? Не ойлайды, не толғантады? Ұстанған бағытымыз дұрыс па, бұрыс па? Осыларды да бәрі бегін кезде. Халықты тыңдағаны жөн. Президенттің осы сапарын бағытты айқындау, көз жеткізу сапары деп бағаладық.

Президенттің "Қайнар" корга[illegible] мұрындық болуы қажет. Жастар арасында этносаралық келісім мен отаншылдық, сезімді қастерлеу бере өрнегуге тиіс. Сондай-ақ, экстремизм мен үстемдікке, қоғамдық тәртіпті ушықтыруға бағытталған әрекеттер кешіпіп тараптың толық тойтарыс алатындай ахуал қалыптастыру қажет. Партия көсемі, ұлт лидері айтқан бұл көкейкесті жанына сүйсінеді. Ауылын шықпай әр сөйлеме, әр ойы жүрек толқытып, терең мақұлдау тұғырын отырады. Оның көсемдігі де, шешендігі де осы тұстарда айқын байқалады. Ой тереңдігіне тіл шеберлігі ұласқан сөздерін тыңдау қандай ғанибет. Сондықтан да халқы түрғыш Президентін асыға күтеді. Ең бастысы, теледидардан көріп, сөзін естігенде бір жасап қалатыны да осы қасиеттен бе дерсің. Тұңғыш Президентіміз кашанда ашығын айтады. Тоқсаныншы жылдарда туған қиыншылықтарды да халқынан жасырған жоқ. Талдықорған өңіріне алғаш келгенде: "Ал мен сайлаушарыма мүмкіндік бар, бірақ жұмақ орнатудың ауылы алыс болып тұр, – деп ағынан жарылды. – Енді қиыншылыққа сәл шыдаңдар. Алдымен экономиканы өзгерту керек. Бұрынғы жоспарлау саясаты күйреуге мен тоқырауға ұрындырды. Нарықтық экономикаға көшу ғана Қазақстанға бақытты тұрмыс беруі мүмкін.

Әлі есімізде, Нұрсұлтан Назарбаев Президент ретінде Талдықорған қаласына 1992 жылдың сәуірінде келді. Елбасының жеке ұшағы қаланың әуежайына қонған кезде қарсы алушылар да толқып, табиғат манаурап, нұрын төгіп тұрды. Маңайдағы шағын бөткейлердің бөктері алқызыл қызғалдақтарға малынған. Бұл еркіндік көктемі, дербес ел болу көктемі. Азаттық сәуірі тұңғыш Президентіне құшағын айқара ашқандай. Жұртпен жолығар алдында Елбасы қандай кәсіпорынға, шаруашылыққа немесе ауылға бармасын, алдынан арнау айтқан жастар, бата берген қариялар шығады. Бұл халыққа тән салттарымыздың қайталан оралу белгісі, тірлігіміздің жаңғырғаны қандай тамаша! Арнау айтылып, ән шырқалып, ақ ұсынып жатқан жұрттың арқа-жарқа, мәре-сәре көңіл күйін көрудің өзі де ғанибет. Президент мұнда еріккеннен келген жоқ. Ол Президент болғаннан бастап жер-жерге әкімдер тағайындады. Жарлығын шығарды.

Бүгіндері Ансар Мұсаханов басқаратын Жетісу өңірінің экономикасы, әлеуметтік саласы қарышты даму кезеңін бастан кешіруде. "Нұр Отан" партиясын кезектен тыс XIV съезіне жерлестеріміз еңбектегі жеңістерін сый қылып аттанды. Алайда алдағы алар асулар олан да биік.

Индустриялы-инновациялық жедел даму бесжылдығына межелеген жобалар жасампаздық мақсатқа арналған. Ал жасампаздық философиясы дағдарыстан кейін де өмір бар, ол жалғаса береді деген қағидадан туындайды. Партияның алдағы қызметі осы қағиданы басшылыққа алған. Съезден кейінгі түйген ой-пікірлерімізі осындай.

сында аккумулятор өндірісін бірлестірін аралауы жақсы әсер қалдырды. Мұндағы шығарылып жатқан өнімдерге алемдегі 14 мемлекет тапсырыс береді екен. Өйткені сапасы жақсы. Ыстыққа да, суыққа да төзімді. Кәсіпорынды аралап келе жатып Нұрсұлтан Назарбаев осы өнімдерді халықаралық нарыққа шығару жайын білгісі келді. Бірлестіктің бас директоры Құдыш Әжмағамбетов шетелдерге шығу жолындағы нақты ізденістерді баяндап берді. Мұнда болашақта американдықтармен бірлескен жаңа іске қосылатынын айтты.

Елбасы осы жолы Көрбұлақ ауданындағы "Нұрқазан" шаруа қожалығында да болған еді. Президент мені газет тілшісі "Социалистік Қазақстан" газетінің аға тілшісі, талантты журналист Қайнар Олжай да отырып жатты. Шығарып салуға шыққан мен кейін тұрып қалдым. Сол кезде Президент артына қарап: "Полтара қазақ", неғып тұрсың, сен де отыр, "Нұрқазанға" дейін шығарып сал", – деді. Қуана отырған мен жүрегімнің бұлқілдегенін сездім. Шаруа қожалығының басшысы Қиыпбек Жолыбаев та ұшақты көріп, қуанғаннан шашы жалбырап жүгіріп келе жатты.

Бүгінгі қоғамды рухани жаңғырту, жалпы азаматтық және дәстүрлі ұлттық құндылықтарды жастардың санасына жеткізе білу бүгінгі таңдағы көкейкесті міндеттер болып табылады. Осыған орай "Нұр Отан" партиясы өзінің идеологиялық және тәрбиелік жұмысын жандандырып, қоғамның рухани ахуалын қалыптастыруға міндеттер "Нұр Отан" партиясына үлкен жауапкершілік жүктейді. Съезде Н. Назарбаев партия қызметіне оңды баға берді. Елімізде жүзеге асырылған ерен істердің барлығында "Нұр Отан" партиясы кешбасшылық танытып, қоғамдағы әртүрлі күштердің ұйытқысына айналды, деп атап көрсетті. Бұл, әрине, жоғары баға.

Партияның жергілікті қабылдау бөлмелеріне пәтерімді жөндеп бер, төбемізден тамшы ағып тұр, зейнетақымды көтер, оқу бітіріп үйде қарап отырған баламды жұмысқа орналастыр, дәрігерлік көмек керек, дәрігерлер көріп... Бәрін бірдей шешу мүмкін емес. Бұларды шешудің бір жолы бар, ол жергілікті әр деңгейдегі әкімшіліктердің өз ауқымында әр отбасымен тікелей жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады. Сонда әр үй, әрбір жан білік назарында тұрады, кімнің неге зәру екендігінен жақсы хабардар болады. Жергілікті әкімдік қолынан келген жәрдемін көрсете алады.

Нұрсұлтан Назарбаев Біріккен Ұлттар Ұйымының мәртебелі мінберінен бастап басқа да әлемдік деңгейдегі жиындарда, өз елінде әртүрлі кездесулерде халқының атағы озып мәнерімен, шешендігімен және ақылымен айтып жүр. Салиқалы сөздері өз қолымен тарихтың алтын қорына мұра болып тіркелуде.

Мен үлкен газеттің тілшілігінде қызмет істей жүріп, Елбасымен соңғы отыз жыл ішінде жеті рет кездестім. Оның әртүрлі жағдайда айтқан лебізіне [illegible]

Сейтмұхамет МҰХАМЕТШИН,
Алматы облысының Құрметті азаматы.

ДӨНЕШ РАҚЫШЕВТІҢ ТУҒАНЫНА 85 ЖЫЛ

Танығың келсе ДӘНЕШТІ

жантайып жатып ән есті

Дәнеш Рақышевтің 85 жылдық мерейтойын облыс тұрғындарымен қатар республика ауқымындағы өнерсүйер әлемнің перзенттері жоғары деңгейде қарсы алды. Осыған орай, мектептерде тәрбие сағаты, әр өңірде еске алу кештері, қаламгерлер үстелдері, жас әншілер байқаулары өтіп, толғанды ойлар толқындап, толағай дарынның түсауы кесілді. Мұны әншіге деген халқының құрметі деп білеміз. Өңірде де облыс әкімі Ансар Мұсахановтың тапсырмасымен ұйымдастырылған іс-шараларға куә болып келеміз. Міне, енді облыстық мәдениет басқармасы және облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастыруымен І. Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында өткен әнші мерейтойына арналған республикалық әншілер байқауы қолоны ән әуенімен әрлепеді. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған дәстүрлі әнші жастар қатысып, бақтарын сынады.



Облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов бас жүлде иегері Марта Талапбергенді марапаттауда.

Жетісу

Қожет АЙДАС

Шараның бір өзгешелігі, байқау Дәнеш әндерін насихаттауды мақсат еткендіктен олар алдымен Мұқыры ауылындағы Дәнеш Рақышевтің кесенесіне гүл шоқтарын қойып, перзенттік борышын өтеді. Осыдан кейін Талдықорған қаласындағы Дәнеш Рақышев атындағы №3 мектеп-интернаттағы әншіге арналған мұражайды тамашалады.

Халықтың біртуар дарындарын өмірдің өзі сомдайды. Олар сол ұлттың мақтанышы ретінде жас буынға үлгі боза отырып, соны талапттардың жарқырап көрінуіне жол ашады. Бұл қатарда әнші, сазгер, қоғам қайраткері болған Дәнеш Рақышевті үлкен мақтанышпен айтуға болады.

Дәнеш, Дәнеш,
Ән жүзінде сөнбес күн.
Бұлбұл тұрмақ, құдіретпен
теңдестің.

Жеті әлем, жеті қайта жаралса,
Дәнештей ән сала алмайды енді ешкім, – деп ақын Ахмет Кендірбекұлы жырлағандай, бүгінгі күнге Дәнеш есімі қоғамдық тұлға ретінде тарих сахнасынан өз орнын алып үлгерді. Бұған дәлел, "Дәнештің әншілік мектебі" және осы мектептен түлеп ұшқан облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның әншілері Мырзахмет Мұқаманов, Абылай Қармысов, бастаған Дәнештің шәкірттері.

Әлбетте, әншінің көзін көріп, тәлімін алған ізбасарлары бүгінде алыс-жақын шет елдерде өнер көрсетіп, дәстүрлі әнші, әсіресе «Дәнеш мектебінің» белгілі жалғастады.

Бір қуанарлығы, бұл жолғы әншілер байқауында Дәнеш шәкірттерінің жыл сайын көбейіп келе жатқанын байқадық. Оған байқауға қатысқан үміткерлердің көптігі дәлел болады.

Жалпы байқау екі кезеңнен тұрды. Үміткерлер үш әннен орындады. Іріктеу турынан суырылып шыққандар 25 қараша күні гала-концертке тиесі жүлдені шешкен.

Гала-концертке жиналғандардың қарасы көп болды. Облыстағы зиялы қауым өкілдері, өнерсүйер қауым, жерлестері мен жастар Мәдениет сарайында ән тыңдады. Бұл әншіге деген ел құрметінің жоғары екендігін көрсетеді. Алдымен концерт әнші өмірінен түсірілген бейнефильмді тамашалады. Осыдан кейін облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов әншінің өмірі мен өнер жолын баяндай келіп, оның әсіресе ұрпаққа берер тағылымына тоқталды.

Келесі кезекте сахна төріне көтерілген Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның директоры, әділқазылар алқасының төрағасы Ержан Қосбармақов әр әуелеп, шабытты шалқытқан байқауын тартысты өтпенің айта келіп. Дәнешті қадірлеуін, құрметтейтін шәкірттерінің көбейіп келе жатқанын жеткізді.

Бұдан соң Арқа мен Алтай, батыс пен оңтүстік, Жетісу жұртының үмітін үкілеп келген үміткерлерді марапаттауға кезек берілді. Нәтижесінде, бас жүлдені Талдықорған қаласынан Марта Талапберген жеңіп алды. Ал Талдықорған қаласынан Гүлнұр Нұрасылова бірінші, алматылық Венера Қаржаубаева екінші, алматылық Заңды Ұлтқан мен талдықорғандық Абылай Қожанов үшінші жүлдеге ие етті. Панфилов ауданынан Айдан Исаев пен қарағандылық Ринат Шәбденова арнайы жүлде табыс етілді. Талдықорғаннан Елтай Толқынжан, Ақсу ауданынан Марат Шатырбиев, тағы бір талдықорғандық Аршат Исақовтарға ынталандыру жүлдесі бұйырды. Барлық жеңімпазға облыс әкімі және облыстық мәдениет басқармасынан Алғыс хаты мен ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Ән әлеміне өшпес өрнек салып, Әсет Наймανбаевтың мұрасын байтақ елге таныстырған Дәнеш Рақышевке арналған әншілер байқауы осылай шабы қуанып, көңіл толқытар тебіреніспен аяқталды. Шараның соңы әншілердің концерттік бағдарламасымен өрілді.

Әнімен тамсандырған

"Жақсы ағаны сағынып, жүрегім сыздайды. Ән аталатын зәулім-заңғардың шыңына енді іліпіп, бергенінен берері, айтқанынан айтары көп күміс көмей, жез таңдай қайран Дәнеш пен Жәнібек", – деп Елқас Бейсембек ағамыз жан сырымен бөлісіп еді. Бірақ, Жаратушының қазақ өнеріне деген көзі оң екен. Оны Дәнеш ағаның қалдырған бай мұрасының уызын қайта шайқап өнер сүйер қауымға жеткізушілердің көптігін көргенде байқадық.

Ән өнерінің ақиығын көз көргендердің барлығы оның айтқан әндері қандай биязы, назды болса мінезі де сондай болатын дейді. Жиырмадан жаңа асқан кезімде Дәнеш ағамен бір екі рет сапарлас, дастархандас болдым. Ол кездері мән бермедік, қазір өткенге көз жүгіртіп ой елегінен өткізсем, шыңында да бәлсінуді білмейтін, жымиып қана, жүзі иігінің бәрімен құшағын жая амандасады екен. Сахнадан көріп бір тамсансаңыз, әңгіме сұхбат барысында шынайы қарапайым болмысына тәнті боласыз. Атақ пен мансапқа қызықпай, халқының әнін сүю арқылы өзін халқына сүйгізе біліпті.

Осыдан біраз жыл бұрын облыс орталығындағы стадионда "Жетісу өрнегі" байқауы өтті. Күздің суық жаңбыры себелеп көрермендердің мазасын алып тұрды. Жиналған жұрт тарап кетейін десе байқаудан кейін сол кездері танымал болып жүрген жас әншілер тобы өнер көрсетеді деп жарияланып қойған болатын. Содан жаңбырлатып байқау да өз мәресіне жетті. Сахнаға эстрада жұлдызы болып жүрген төрт жігіт шықты. Қандай ән айтқаны есімде жоқ, әйтеуір, әлең айтқаннан билегені көп төрт ән айтты да сахнадан түсті, сол кезде екі сағат бойы жаңбырдың астында тұрған жұрт тағы-тағы да айтыңдар деп шуылдап кетті. Жас жігіттер еш сасластан көпшілікке қарап "сколько заплатили столько спели" деп өз жөндеріне жүре берді. Дәл сол кезде менің арт жағымда тұрған бір кісі "Қайран Дәнеш ағам-ай үш кісі отырып ән салғызшы десе айта беруші еді" деп күрсінді. Еріксіз ойыма Абайдың

"Сый дәметпе берсе алма өзге адамнан.
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан.
Сүйсінерлік адамды құрмет қыл.
Аулақ бол әнін сатып ақша қалтаннан", –

деген өлең жолдары орала берді. Неліктен екен қазақ Дәкеңе сүйсініп құрмет қылғанын түсіндім.

Көп білмейтіндіді көп білуге ұмтылғанда біледің деген сөз бар. Дарыны айдын көлдей шалқып жатқан әнші жайында көп біле бермейтінімді Дәкең жайындағы "Жадігер" хабарын дайындау барысында сездім.

Таланты таудай аға көп қырлы жақұт тасындай қай жағынан келсең де тамсандырмай қоймайды. Дәкеңнің қазақ өнеріне қосқан үлесі орасан. Дегенмен де, оның Әсетті ғажап талант екенін жұртқа мойындатқаны, Қытайда жүрген бір қазақ деп мұрнын шүйіргендерге тағы несі бар деп іздеттіргені, Әсеттің қайталанбас әндерін бізге жеткізуі айтсам әлы, естісең ертегі емес пе?

"Менен сорлы ақында әтті ме екен,
Бір сөзі баспа орнына берілмеген", –

деп әнім келер ұрпаққа жетпей қалды-ау" деп өкінген Әсет Наймανбаевты қайта дүниеге әкелген Дәнеш деп сеніммен айта аламыз. Әсеттің "Ақырғы сөзі", "Үлкен Ардағы" мен "Кіші Ардағы", "Мақпалы", "Қаракөзі" тағы басқа да толып жатқан тамаша әндері Дәкеңнің орындауында радио арқылы республика жұртшылығына кеңінен таралды.

Танға шапса талмайтын күлагер әншіге Н. Тілендиев "Дәнеш – жүз жылда біртуар дара тұлға" деп баға берген. Біз де дара тұлғаның "Арындап ән сала ма дарымаған" деп Әсет айтқандай өнер дарыған дара талантттың арындап салған әндері туған халқын өнер бесігінде талай ғасыр талмай тербететініне сенеміз.

Жұмахмет ЖАНАХМЕТҰЛЫ.

ЖАҢА ФИЛЬМ

Адалдықты аңсаған жүрек

Біткен іске сыншы көп. Әсіресе, кино өнері саласына сынның сан түрі айтылды. Біреуі мақтады, енді бірі даттады. Қанша адам болса, соншалық пікір туатыны да ақиқат. Жалпы қазіргі таңдағы қазақ киносы қандай деңгейде деген сауалға келетін болсақ, төбемізді көкке жеткізетін жаңалық болмаса да, көңіл тоярлықтай байлам жасауға болады. Жан дүниемізге жағымды әсер қалдырған жаңа фильмнің тұсауы кесілді жақында. Көзі қарақты көрермен оның жарнамасын "Қазақстан" ұлттық арнасынан көрген болатын.



Әлқисса, жақында Талдықорған қаласындағы "СИТИ ПЛЮС" кинотеатрында Қазақстан Республикасының халық әртісі, белгілі кинорежиссер Талғат Теменовтың "Менің күнәлі періштем" атты жаңа фильмі тұсауын кесті. Айтулы шараға аталмыш фильмнің режиссері әрі сценарий авторы Талғат Теменов, облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Баталов, облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов, облыстық мәдениет басқармасының бастығы Рахмет Есдәулетов және бір топ өнер иелері мен қала тұрғындары қатысты. Оқымаған кітапқа пікір айтқандай болмас үшін ең алдымен жиналған жұртшылық жарнамасы арқылы ғапық болған киноны тамашалады. Екі сағатқа жуық уақыт өткен фильм шығамасы да қазақ киносына соны серпіліс әкелгенін байқадық. Ең бастысы көрінген гүмандағы өмір бар. Бас кейіпкер Азамат (Дамир Қанақалиев) пен Айша (Құралай Анарбекова) арасындағы махаббат арқылы режиссер бүгінгі күннің бет бейнесін көрсеткен екен. Фильмнің мазмұнын айтып бергеннің еш әсері болмас. Сондықтан көзі ашық көрерменнің өзі көріп, көңіліне түйгені әлдеқайда жақсы.

Кинодан алған әсер әрі қарай әдемі әңгімемен өрістеді. Қашан да қонағын құрметтеген ел соның шынақ өнер әлемына деген мәтық ізгипатын ерекше көрсететін әдетімен фильмнің авторы Талғат Теменовті ортаға шақырып, ақ тілек, ниеттерін білдіруден бастады. Бірінші болып сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Ғаббасұлы Талғат екеуі арасындағы бірнеше жылдардан бері келе жатқан адал достықтан бастады. Сол күнгі түсаукесерге Теменовтың режиссерлігімен қоса, доска деген ұлағатын бағалап келгендігін айтты. "Қабырғадағы тақтаға қарама, дос пен қала" деген атаны өзіге куә болмақ. Доска деген құрмет тынайы пейіл, жарасымды әзілдер жиналған қауымды да ерекше өсімге бөледі. Екі саладағы екі азамат билік пен өнердің арасына салынған көпірдің беріктігін байқатты. Сөз соңында Амандық Баталов жерлестері атынан деп, саналы ғұмырындағы алтын уақытын өнердің театр және кино саласына арнаған белді жүрген Талғат Теменовтың қолына алтын сағат тақты. Жерлестері атынан делендегі айтпағанын белгілі режиссер облысындағы бұрынғы Шелек ауданының тумасы екендігі еді. Оның үстіне Талғат өнер жолын Талдықорған қаласындағы облыстық Бикен Римова атындағы драма театрынан бастаған болатын. Осыдан отыз алты жыл бұрын театр сахнасынан актер болып келген ол қазіргі таңда ұлт мақтанышына айналған өнер тарландарының бірі. Өнер әлемына сый көп. Сын болған жерде ғана өнердің шыңдалатынын тағы бір. Алғашқы фильмі "Адамдар арасындағы бөлтіріктен" бастап "Көшпенділерге" дейінгі аралықта Теменов өз қолтаңбасын қалыптастырды. Бірде сүрінді, бірде жығылды. "Мәңгі сені жазбаған сүрінуге, қайта тұрып қабын бар жүгіруге" демеп пе еді Мұқағали ақын. Талғат өз шығармашылығына осындай ұстанымымен қарады. Жаңа алға қойған мақсатын іске асырып бақты. Өмірдің өзі күрес. Жалпы, аиқц

Режиссер мықты былай дейді: "Фильмнің аты неге "Менің күнәлі періштем" аталған деп ойлаған шығарсыздар". Айтайын. Әрине, періштеде ешқандай күнә болмайды. Оны бәріміз жақсы білеміз. Бірақ, Алла тағала Адам Ата мен Хауа Ананы жаратып, екеуіне жәннатты мекен етуге рұқсат етті. Бір ғана жеме деген жемісін жеп қойғандықтан періштедей пәк Адам Ата мен Хауа Ана күнәлі болып жұмақтан қуылды. Фильмнің тақырыбында айтпағымыз осы еді?"

1 айға – 700 теңге (индексі – 36469); **3 айға** – 1300 теңге (индексі – 37469); **6 айға** – 2000 теңге (индексі – 38469); **1 жылға** – 3350 теңге (индексі – 35469).

БЮДЖЕТТІК МЕКЕМЕЛЕР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҮШІН:
1 айға – 800 теңге (индексі – 46469), **3 айға** – 1400 теңге (индексі – 47469); **6 айға** – 2100 теңге (индексі - 48469); **1 жылға** – 3650 теңге (индексі - 45469).

ЖАЛҒЫЗ ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУ:
1 айға – 900 теңге (индексі – 66469); **3 айға** – 1500 теңге (индексі – 67469); **6 айға** – 2200 теңге (индексі – 68469); **1 жылға** – 4000 теңге (индексі - 65469).



Жетісу жері табиғатымен тамсандырған болса, спортшыларымен де әлемді аузына қаратқан өлкенің бірі. Елжұрттың арасынан елінің тұлын көтеретін ерлер көптен шығады. Соңғы әлем чемпионатында қатарынан екі дүркін жеңімпаз атанған ауыр атлетші Зүлфия Чиншанло, күміс жүлдегер Майя Манеза, Светлана Подобедованың жеңісін ерлікке балауға әбден болады. Балуан Нұрмахан Тінәлиев пен Дүрен Жұмағазиевтің де елі үшін еңіреп туған ерлер екені белгілі. Демек, қазақ спорты бар. Қазақ спортының атын шығарып жүрген түрі болек, тізгелі бір олардарымыз да жетерлік. Ендеше, солардың ерлігін паш ететін басылым «Жетісу» газеті. Қашанда ақ пен қара сыналатын кезде спортшыға ең бірінші жанкүйерлердің қолдауы қажет. Ұланы жеңіс тұғырына көтерілген кезде елінде ақпараттай хабарды бірінші жеткізетін осы ақпарат құралдары. Осындай сүйінші хабарды облысымыздың басты басылымы «Жетісу» газетінен жиі оқимыз.

Мұхит ТҰРСЫНБАЙ, облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының бастығы:

РУХАНИ ДЕМЕУШІМІЗ

"Жетісу" газеті – елдің бірлігін, жетіген жетістіктерін мен табыстарын кешінен насихаттайтын, облысымыздағы сан алуан ақпараттарды оқырмандарына уақтылы жеткізіп, халықтың көкейіндегі сауалдарына жауап іздейтін, ұлттық болмысымызды қалыптастыруда үлесін жұмыс жасап отырған үлкен басылым.

Басылымның бір ерекшелігі, ел спортының кешегілерін мен жетістіктерін, жеңістерін мен жеңістерін сарапайтын зерттеу мақалалары жиі шығады. Мұндай мақалалар спортшының намысын оятып, күш-қайратын, жігерін жанытады. Сонымен қатар жұмыр жердің әр киырында жүрген қазақ спортшыларының туралы сыр шертеді. Барлығымызға мәлім алда Лондон олимпиадасы келе жатыр. Бұл ретте облысымыздың спортшылары алты жолдамаға жеңіп алды. Оның үшеуіне ауыр атлетикамен қол жеткізсе, қалғанын балуандар еншілеп. Бұған дейінгі олимпиадалық ойындарда жарлыстерімізден жеткен жетістіктер көп. Сондай-ақ жыл басында елімізден обырайын аспалдықтан қысқы Азиада ойындары да есімізден кете қойған жоқ. Байрақты бәсекеде кос бірдей жүйрігіміз алтын медальді қанжығаға байлады. Ванкувер олимпиадасының күміс жүлдегері Елена Хрусталева мен биатлоншы Дина Кенешовтың жарқын жеңісі облысымыздың мерейін өсірді. Қазақстандық талаптарымызды жеңіс медальмен әлемдік рекордтарды жаңартты. Ал осы жүлделердің басым көпшілігі Ақбұлақ пен Талғаланда спортшыларын мойынға тағылып, екі спорттық бағи рекордтар мекенине айналды. Бірінші күшпен бастаң жарлыстерімізге рухани демеуші болып, күш-жігіттерімізге тынбай қолдау көрсеткен «Жетісу» газетінің сыбаға зор деп бағалаймын.

Ұлы болған облыстық басылымның жазары таусылмасын, әлемдік жарыстарда жүлдені орындарға ілікпен спортшыларымыз жайлы жайдарман жаңалықтар мен спорт жанкүйерлеріне, оқырманға жеткізе берсін деп тілеймін.

Қазақ спортшылары мен спорт жанашырлары үшін, тіпті, қазақ оқырмандары үшін сүйінші хабарларының көп болсын дейміз!

ЖЫЛДЫҚ БАЛАМА ЖАЗЫЛУ (ай сайынғы төлемдер үшін): **заңды тұлғалар үшін** – 5050 теңге, **жалғыз жеке жазылу** – 3550 теңге, **бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін** – 3350 теңге, **зейнеткерлер үшін** – 2900 теңге.

ҚАЗАҚСТАН тәуелсіздігіне 20 жыл

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН

ОБЛЫСТЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН * * * ОБЛЫСТЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН * * * ОБЛЫСТЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН



ҮЗДІКТЕР марапатталды

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы аясындағы жұлдызды жиырма күннің бірі «Азаматтық қоғам күні» деп белгіленген болатын. Осыған орай Елордасы Астана қаласында үлкен жиын өтті. Осы жиында республика бойынша 37 үкіметтік емес ұйым өкілдері Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерекелік медаліне ие болды. Қуантарлығы – осы 37 медальдің 9-ы біздің жетісулық үкіметтік емес ұйым жетекшілеріне бұйырған. Сонымен қатар, жыл қорытындысында республика бойынша басшылық қызметтегі 10 азамат конкурс жеңімпазы атанды.

Жетісу
Айнұр ӘБДІРАХЫМ

Солардың бірі Алматы облысы әкімінің орынбасары Серік Мұқанов. Мерекелік медаль иелерін құттықтап, оларға құрмет көрсету мақсатында облыстық әкімдікте арнайы жиын өтті. Онда «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Әбілхан Ақымбеков Серік Мейірханұлына жүлдесін табыс етті, сонымен қатар Астанада атқа аталған тоғыз үкіметтік емес ұйым жетекшілерінің төсіне мерекелік медальдарын тақты. Белсенділерге «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігі атынан да Алғыс хаттар табыс етілді.

– Бұл біздің берген істеген еңбегіміздің арқасы. Жылдан жылға ел [illegible] үкіметтік емес ұйымдар қатары артып келеді. Олар саны жағынан ғана емес, сапа жағынан да үздік екендіктерін күн сайын дәлелдеп келеді, – дей келе Серік Мұқанов облыстағы үкіметтік емес ұйымдар жұмысына тоқталды.

Қазіргі таңда республика көлемінде 18 мың үкіметтік емес ұйым тіркелген. 1990 жылы олардың саны небары 57 ғана болған. Облыс бойынша деректер келтірсек, 2003 жылы үкіметтік емес ұйымдар саны 86 ғана болған. Ал қазір олардың қатары 117-ден асып барады. Бұл тұрғыда айта кетейік, тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың көптігі жағынан Талдықорған қаласынан кейін Еңбекшіқазақ ауданы келе жатыр. Өйткені Талдықорғанда 55 үкіметтік емес ұйым болса, Еңбекшіқазақта бұл көрсеткіш «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Әбілхан Ақымбековтің айтуынша, 30-ға жеткен. Бірлестік президенті берген мәліметтерге сүйенсек, биыл облыстағы үкіметтік емес ұйымдар жұмысына 15 млн. теңге қаржы бөлінген. Бұйырса келесі жылы бұл қаражат көлемі 30 млн. теңгеге жетеді деп күтілуде.

Шара соңында Серік Мұқанов қуаныш иелерін құттықтап, жақсы нәтиже көрсеткен басқа да үкіметтік емес ұйым жетекшілеріне Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясының төрайымы Гүлшара Әбдіхалықованың Алғыс хаттарын тапсырды.

ЕРКІН ЕЛІМ – таң нұрым

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында өтіп жатқан «Жұлдызды жиырма күн» аясында В. Маяковский атындағы қалалық орталық кітапханада «Жаса жайна, менің Қазақстаным!» атты әдеби-сазды кеш өтті. Оны кітапхана ұжымымен бірге «Балдаурен» клубы және № 17 мектеп-гимназиясының ұстаздары мен оқушылары өткізді.

Кешті қалалық орталық кітапхананың бөлім меңгерушісі Г. Исабаева ашып Тәуелсіз Отанымыздың 20 жылдығымен құттықтап, қысқаша тарихына тоқтала келіп, «Бұл дүниеде біздің бір ғана отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан» деп айтқан Елбасының сөзімен аяқтады. Келесі кезекте сөз алған «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығының жетекшілері Ж. Абдуллина мен Г. Бекбосынова өздерінің жасаған жұмыстары туралы қысқаша баяндамалар жасады.

Сөз кезегі арнайы шақырылған қонақтың бірі, Желтоқсан оқиғасының қатысушысы Эмил Байтұрғанұлы жасөспірімдерге Желтоқсан оқиғасы - Тәуелсіздіктің бастауы екенін айтып, ондағы жастардың өз жерін, өз елін қорғаудағы намысшыл да ер рухты ерліктері туралы әңгімелеп, болашақ ұрпақтың соларға ұқсап өсуіне тілегін білдірді.

«Балдаурен» балалар шығармашылық орталығының оқушылары әдеби-сазды қойылымды Қазақстан Республикасының Гимнімен бастап, қазақ ақындарының тәуелсіздікке арналған өлеңдерін оқып, ән-күй, бимен жалғастырды.

Сонымен қатар «Балдаурен» балалар шығармашылық орталығының әдіскері А. Сатыбалдинова және №17 мектеп-гимназиясының мұғалімдері Г. Бимолданова, М. Құдайбергенқызы, Г. Скребцова шараға белсене қатысып, өз ойларын ортаға салды. Кеш соңында кітапханашы Л. Бейсембаева «Тәуелсіз елім – таң нұрым» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады. Қорытынды сөзбен кітапхана директорының обасары Ж. Исқакова көпшілікке ризашылығын білдіріп, дарынды балаларға сыйлықтар тарту етті.

Гүлжан ҚҰРМАНҚЫЗЫ,
кітапхананың бөлім меңгерушісі.

Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығының қарсаңында Қарасаз ауылындағы өнер мектебі түрлі түсті гүлмен көмкеріліп, әсем әнмен ажарланғандай күйде. Олай болатын жөні бар. Ұжым мүшелерінің қуанышы орынды. Өйткені, 2005 жылы қайта ашылған Қарасаз өнер мектебінің тарихы әріде жатыр. Тәуелсіз ел атанған 1991 жылы Қарасаз өнер мектебі болып құрылған.

ӨРЕСІ БИІК ӨНЕР МЕКТЕБІ

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Тәуелсіздікпен тағдырлас әрі құрдас өнер мектебі мерейлі мереке құшағында тербетіліп тұр деуге әбден негіз бар. Өз тұсында айтулы азамат, музыка маманы, сазгер Амантай Шманов басқарып, ұзақ жылдар жабылып қалса да туын жықпай ұстаған өнер мектебін қазір марқұм Амантайдың жары Бақытгүл Раева басқарады.

Өнер мектебінде "Астана – тәуелсіз елдің символы" деген тақырыппен жас суретшілердің көрмесі болды. "Мен тәуелсіз елдің ұланымын" атты ашық тәрбие сағатының берері аз болған жоқ. "Жасай бер, Тәуелсіз Қазақстаным!" атты патриоттық әндер байқауы да көп көңілін серпілтті.

Мектептегі Әсем Өзбекова басшылық жасайтын жастар ұйымы өнер мектебінің директоры, жоғары білімді музыка маманы, Желтоқсан оқиғасына қатысқан Бақытгүл Раевамен сыр-сұхбат өткізді. Кездесу барысында оқушылар түрлі суреттеріне жауап алды.

Бір сөзбен айтқанда, өнер мектебіндегі музыка және сурет бөлімдері арқылы өрнегін тауып, өрмегін құрған игі шаралар мерекелік көңіл күй ауанын сездіреді.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ

«Тәуелсіздіктің жиырма шыңы – жұлдызды жиырма күн» шарасы аясында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті гуманитарлық факультеті, қазақ филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Шара Құлкметованың ұйымдастыруымен бірқатар игілікті шаралар өтті.

ШАРА АПАЙДЫҢ мазмұнды шаралары

Жетісу
Қажет АНДАС

Оның бірі Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына арналды. Оған университет оқытушылары мен студенттер және қала мектептерінің оқушылары қатысты. Шара барысында Қасым Аманжоловтың «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Нар-тәуекел» сияқты өрісті ойлар, терең сезім қуаты мен өткір тіл байлығы байқалатын өлеңдері оқылып, «Дариға», «Туған ел», «Өзім туралы» секілді әсем әндер шырқалды.

Енді бірі «Өнермен өрнектелген өлкемді айтам» тақырыбымен өткен әдеби-сазды кеш. Онда студенттер Жетісу жерінен шыққан ақын-жазушылардың өмірі мен қазақ әдебиетіне қосқан үлестерін ортаға салды. Сүйінбай, Жамбыл, Есенқұл, Балтық, Сара, Құат, Көкбайбет, Қалқа, Темірғали, Ілиястан басталып, бүгінгі таңдағы жас ақындардың шығармалары оқылып, сахналық шығармаларынан үзінді қойылды. Жергілікті қаламгерлердің өлеңдерінен шығарылған әндер орындалып, кеш думанды өтті. Мұның да өзіндік себебі бар. Өйткені, университеттің филология факультетінде «Жетісу әдебиеті» атты сабақ жүреді. Сондықтан аудиторияда алған білімдерін сахнада көрсету студенттер үшін қиын болған жоқ. Қайта практикалық тұрғыдан үлкен демеу болғаны анық.

Шараны қорытындылаған гуманитарлық факультеттің деканы Зарылбек Сыдамбекұлы шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан студенттерге алғысын білдіре келіп, мұндай шараның алдағы уақытта да жалғасатынын айтып өтті.

«ЕР ТӨСТІК» байқауының қорытындысы



Алғашында Алматы облысы бойынша өтеді деп жоспарланып, кейіннен бастамашылардың ынтасымен республикалық деңгейге көтерілген мүмкіндігі шектеулі балалар арасындағы «Ер Төстік» ертегілер конкурсы мәресіне жетті.

Мүгедек балалар арасында да шығармашылық қабілеті жоғары әрі дарынды балдырғандардың барлығын көпшілік назарына ұсынып, оларға мүмкіндігінше қолдау көрсетуді мақсат еткен байқаудың бастауында ҚР Журналистер одағының мүшесі Сандуғаш Дүйсенова мен Ескелді аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ахат Үзакбаев тұр. Бұл туралы «Айқын» газетінде бұған дейін жан-жақты жазылған болатын. Сондықтан қайтадан тоқталмай-ақ қойайын.

Ақпараттық насихат кем болды ма әлде ұйымдастырушылардан кемшілік кетті ме, қатысқандар саны күткендегідей болмады. Әйтеуір, еліміздің Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан және тағы басқа облыстарынан біраз бала конкурсқа өздері жазған ертегілерді жіберсе, Алматы облысының Талдықорған аймағындағы бірнеше ауданның балалары ғана қатысты.

Байқауға орыс және қазақ тілінде жазылған 28 шығарма келіп түсіп, әділқазылардың сынынан өтіп, бағалауға не болыпты. Күні кеше Талдықорғандағы «Ай Сер» қонақүйінің құрметті қонақтарға арналған шағын тойханасында конкурстың қорытындысы шығарылып, оған Жетісу жерінен қатысқан 9 балаға облыс аумағында орналасқан шипажайларға жолдама мен дипломдар тапсырылды. Ал байқауда бақ сынаған 28 баланың қалғаны басқа өңірлерден болғандықтан оларға арналған бағалы сыйлықтар арнайы поштамен жіберілетін болды.

Мүгедек балалар шығармашылық конкурс қорытындысына жиналған ағалары мен апайлары алдында өз өнерлерін көрсетті. Олардың тамаша ертегі жазумен бірге әнді де әуелете шырқайтынын, күмбірлетіп күй шертетінін, гитарада ойнайтынын көріп отырып, шараны ұйымдастырушылардың шарапатты қадамына нұр жаусын дедік іштей.

– Біз бұл байқауды ұйымдастыруға бюджеттен бір тиын сұрағанымыз жоқ. Құдайға шүкір, облысымызда балаларға, жүрегі тайдыр маңдайына ұмтылған балдырғандарға көмек қолын созатын кеңпейіл қалталы азаматтар баршылық. Солар көмектесті. Басты мақсатымыз, көрермендер және шығармашылық сайыс арқылы мүгедек балалардың өмірге деген құлшынысын арттыру, өздеріне деген сенімдерін ояту. Сонымен бірге, олардың ата-аналарының балалар дамуына назар аударуын ынталандыру болып еді. Ата-аналар мен балалардың бүгінгі қуанышын көріп отырып, алға қойған міндетті орындауға нақты қадам жасалды деп ойлаймын. Алдағы кезде бұл бағыттағы шаралар жалғасын табады деп үміттенемін. Мүгедек балалар да қоғамның толыққанды мүшесі екенін естен шығармайық, – деді «Демеу» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ахат Үзакбаев.

Болат БЕК.

«ТОҚЖАН» балабақшасы

той қарсаңында тұсауын кесті



Қарасай ауданына қарасты Алғабас ауылы Алматының іргесінде орналасқан. Үлкен қаламен ұштасып жатқан соң ба, мұнда көшіп келушілер көп. Елді мекеннің аумағы жыл санап кеңейе түсуде. Сондықтан, көптеген қажеттіліктер күн тәртібіне қойыла бастады. Соның бірі – балабақша мәселесі еді. Жуырда бұл оң шешімін тауып, «Тоқжан» балалар бақшасы бүлдіршіндерге есігін айқара ашты. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңындағы бұл жұмыс ұлы тойға тарту ретінде ырымдалып ұжым мүшелерін ғана емес, күллі алғабастықтарды да қуантты.

Салтанатты шараның қызыл таспа қию рәсіміне арнайы келген аудан әкімі Амангелді Дәуренбаев пен қоғам қайраткері, белгілі ғалым Шәмшә Беркімбаева балабақша ұжымын игі бастамамен құттықтап, алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Тоқжан» балабақшасы жеке құрылтайшының есебінен шаңырағын көтеріп отыр. Балабақша директоры Гүлнар Ысматова бұл істің жобасын белгілеп, оның жүзеге асуы үшін аз тер төкпепті. Бәрі сәтімен реттелуде.

Аталған балабақшаның меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, білікті ұстаз Сәуле Беркімбаева. Ол бізбен әңгімесінде:

– Қазір бұл жерде 20 бүлдіршін тәрбиеленіп жатыр. Мұндағы сыныптар, бөлмелер бүгінгі талапқа сай жабдықталған. Қажеттіліктерді түгел өскеруге тырыстық. Бүлдіршіндер әрі демалады, әрі ойнайды. Дүниетанымын да қалыптастыра бастайды.

Балабақшада екі тәрбиеші, аспазшы және медбике жұмыс істейді. Барлығы да өз мамандығын жақсы білетін, бүлдіршіндермен жұмыс істеу тәжірибесі бар білікті мамандар.

Тәрбиеленушілердің арасында қазақ балалары ғана емес, өзге ұлт өкілдерінің де бүлдіршіндері бар. Оларға тәрбие тек қазақ тілінде беріледі. Мұны балалардың ата-аналары да қалап отыр. Олар өскенде Қазақстанның нағыз патриоты атанса, еңбегіміздің ақталғаны, – деді.

Сәуле Ыдырысқызының пікірін ата-ана Мәрия Хакимова да толықтыра түсті:

– Менің Меруерт деген қызым осында тәрбиеленуде. Күн сайын ол үйге қуанып қайтады. Балабақшада болған қызықтарды баяндап айтып, барімізді мәз-мейрам қылады. «Тоқжанның» ашылғаны өте дұрыс болды. Біз оған шексіз ризамыз, – дейді.

Бүлдіршіндер әсем әндері мен мың бұралған билерімен келген қонақтарды тәнті етті. Болашақта «Тоқжан» балабақшасы бүкіл ауылға қызмет көрсететін үлкен тәрбие ошағына айналады деген сеніміміз. Лайым, солай болғай!

Б. МӘЖИТ.
ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

ШАТТЫҚ ШАЛҚЫҒАН КҮН

Тәуелсіздіктің 20 жылдық мерекесі жақындаған сайын Еңбекшіқазақ ауданында қуанышты оқиғалар қатары көбейіп келеді. Оның айқын айғағы – күрделі жөндеуден өткен саз мектебі, екі Мәдениет үйі, төрт бірдей балабақша бір күнде пайдалануға берілді. Жыл қорытындысын ажарлаған сабантойлар өтуде.

Жетісу
Баянды ЗӘКІРОВ

Сәтін салған қуанышты күндер «Тәуелсіздіктің жасыл шыңы» атты 20 жылдықты кең шеңбердегі «Мәдениет», «Шаңырақ», «Ауыл» іс-шараларымен тұспа-тұс келді. Тұрғындар қуанышын бөлісуге келген аудан әкімі Өмірзақ Тойбаев Шелек ауылындағы күрделі жөндеуден өткен саз мектебі мен 123 млн. теңгеге қайта жаңғыртылып әсем әрленген заманауи жабдықталған Мәдениет үйінің ашылу салтанатына қатысты.

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан 27 ұлт пен ұлыстан құралған 30 мыңға жуық тұрғыны бар Шелекте тұрғындардың алдында сөз сөйлеген Өмірзақ Өбдіқалықұлы жыл ішінде атқарған есебін де бере кетті. Елбасы Н. Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында қол жеткізген еліміздің ерен жетістіктерін тізге тиек етіп, ауданда атқарылған [illegible] жұмыстарға тоқталды. Тәуелсіздік құндылықтарын атап өтті. Салтанат соңы думанды ойын-сауыққа ұласты.

Игілікті істерді паш еткен салтанат [illegible] ауылында жалғасты. [illegible] «Ақбақай» ЖШС 320 орындық [illegible]

[illegible] Тұрсынғожа Өтеев Президент тапсырмаларын жүйелі жүзеге асырып келе жатқан облыс, аудан басшыларына шалғай ауыл тұрғындары атынан шексіз алғыстарын білдірді.

Қариялар Елбасына арнап ақ батасын берді. [illegible] Мұрат Тоқшыбаев бастаған өнер жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың көпшілік концертін тамашалады.

[illegible] 400-ге жуық бүлдіршінді қамтыған 4 бірдей балабақша есігін айқара ашты. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында пайдалануға берілген балабақшалар [illegible] күрделі жөндеуден өткізілген ғимарат болатын. Бүгінгі таңда пайдалануға берілген жатқан балабақшалардың құрылымы мен жағдайы [illegible]

Мемлекет қамқорлығының арқасында [illegible] Елбасы Тәуелсіздік мемлекеттік тіл [illegible] ұйымдастырылды.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ

Қоңыроленң ауылдық округінде көше ұйымдарының ісі жолға қойылған. Округке қарасты бес елді мекенде ауыл әкімі Ерғали Шоқпаровтың бастамасымен бірнеше жылдан бері әрқайсысы 5-6 адамнан құралған көшелестер ұйымы құрылған. Олардың міндеті ауылдастарын қоғамдық-саяси, науқандық жұмыстарға белсенділікпен тартып, ортада орын алған қандай да істе жұдырықтай жұмылдыру.

КӨШЕЛЕСТЕРДІҢ КӨШЕЛІ ІСІ

Солардың бірін мысалға алсақ, округ орталығы Қоңыролең ауылындағы Амангелді батыр, Малдыбай би көшелерінің ұйымын Мәдениет үйінің директоры Гүлнар Стамбекова басқарады. Құрамында [illegible] Құмысбек Мұқаев ақсақал, жігіт басы Тұрсын Сейітқазиев, жастардың өкілі Серік Қыдырбаев және бедепді азамат [illegible] сынды көше тұрғындары бар. [illegible]

[illegible] Осы көшеде құрылған «Ақмаржан» әншілер ансамблі Қарттар күні мерекесінде ауданда өткен байқауда бас жүлдені жеңіп алды. Ансамбль құрамында жастары [illegible] асқан Айшажан Бақдәулетова, Нұрбатен Досмұхамбетова, Жамиға Ахметжанова сияқты әру әнші бар.

Округтегі осындай орынды бастамалар қоңыроленділіктерді айтулы жетістіктерге бастап жүр. Айталық, осы ауылдық округ қызметкерлері 2009-2011 жылдардағы мемлекеттік мекемеде мемлекеттік тілді қолданудан облыстық байқауларында бас жүлдеге ие болған. Жыл сайынғы округтер арасындағы рейтинг қорытындысында Қоңыролең ауылдық округі бірнеше жыл қатарынан жеңімпаз атанды.

Қазір көше белсенділері ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық тойын сән-салтанатпен атқарып, ондағы сайлауды ұйымшылдықпен өткізудің қам-қарекетіне кірісті.

М. МАНАПҰЛЫ.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ



Тәжірибелі фельдшер Үлжан Әміразықызы науқасты емдеуде.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ОРЫНДАЛДЫ

Тұрғындары тығыз орналасқан Гүлдала селолық округіне қарасты Қайрат ауылын екі мыңға тарту тұрғын мекен етеді. Бұл заңды тіркеуде тұрғандары ғана. Шынтуайтына келгенде, бұл көрсеткіштің екі еселене түсетіндігін осы ауылдың фельдшерлік-акушерлік пунктінде еңбек ететін медицина мамандарының аузынан естідік.

– Ауылымыз қалаға жақын болғандықтан мұнда тұрғылықты тұрғындармен қатар пәтер жалдап тұратындардың да саны өсуде. Оларға жалпыға бірдей медициналық көмек көрсету мекемесінің жоқтығы осы кезге дейін біртадай қиындықтар туғызғаны көпшілікке мәлім болатын. Осындай қиындықты ескеріп, облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен өткен жылы басталған ФАП-тың құрылыс жұмыстары аяқталып, үстіміздегі жылдың наурыз айында пайдалануға берілді, – дейді емдеу мекемесінің тәжірибелі дәрігері Оралхан Қасенова.

– Қазір қыс мезгілі болғандықтан тұмау тиіп, суықтан шалдыққан адамдар қатарының көбейіп кетері анық. Енді оларды ауруына дауа іздеп, аудан орталығына немесе қалаға сабылмайды. Мұнда дәрігерге көрініп, ем алуларына толық мүмкіндік жасалған, – деді тәжірибелі медәрігер.

Ауыл тұрғындарының арасында қан қысымының көтерілуі, жүрек-қан тамырлары ауруларының, тыныс жолдарының жедел ауруларының жиілеуі салдарынан ФАП-тың табалдырығын аттамайтыны кемде-кем көрінеді.

– Неден екенін білмеймін, аяқастым түсіп тастадым. Соның әсерінен дәрігердің күнделікті бақылауында болып, тағайындалған дәрі-дәрмегін алып жүрмін. Бұл ФАП ашылмаса жағдайым қиын болар еді. Бүгінде шарапатын көрудемін, – дейді ауыл тұрғыны, төрт баланың анасы Гүлмира Сәрсенбаева. Мұндай пікірді 50-ден асқан Сәлима Темірбаева да құптай кетті.

Ауыл тұрғындарының денсаулығын бес саусақтай білетін фельдшер Үлжан Мамытқызы мен медбике Сәуле Өмірбековалық еңбектеріне де ауылдастары өз ризашылықтарын білдіруде.

Сонымен облыстық бюджеттен 40 млн. 90 мың теңге бөлініп, бой көтерген ФАП-тың игілігін көріп жатқан қайратлықтардың алғысын өзге айтары жоқ. Бұл да бола ел тәуелсіздігінің жемісі екені даусыз.

ҚАЙРАТ АУЫЛЫ,
ТАЛҒАР АУДАНЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ

Еліміздің Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында баспана мәселесі шешілуде деп сеніммен айтуға болады. Қазақстанда баспана жағдайларын жақсарту бойынша пәрменді механизмдер құрылуда. Тұрғын үй құрылыс бағдарламалары жүлете асырылып, азаматтардың баспана алуына қажетті несие беру және қаржыландыру көлемі ұлғайтылуда. Көрнекі мысал – "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің" тарифтік бағдарламаларының көмегімен пәтер алған, үй салған және үйіне жөндеу жасаған «шыдамды да үнемді» мыңдаған адамның жемісті тәжірибесі.

БАНК баспана мәселелерін шешу үшін

Пәтер сатып алу болмаса үй салу, тұрмыстық жағдайдың жақсартылуы – біз және біздің жақындарымыз үшін әрдайым маңызды мәселе. Отбасы үшін баспана ауданы тар болса не істеуге болады? Баспананы жалға ала беру жалықтырса? Пәтерге жақсы жөндеу жүргізіп, сапалы өңделгенін қалайсыз? Үлкен, кең үй салып алғыңыз келсе? Пайыздық мөлшері шамалы заем алғыңыз келсе, кімнің көмегіне жүгінесіз? Арзандау баспана алудың қандай мүмкіншілігі бар? Ипотека бойынша алғашқы жарнаға қаржы жетпей жатса, тағы да қандай жолдар бар? Алдыңғы алған несие бойынша ай сайынғы төлем мөлшері ыңғайсыз болып, төлемді оңтайлы қылып қайта есептеу керек болса ше?

Баспана мәселесі өзіненөзі шешілмейді, оны бір бастағасын аяғына дейін жеткізіп, біржола шешу керек. Пәтерге жөндеу жасап, реңін жақсарту, кеңейту, өз пәтеріңе немесе өз қолыңмен салған үйіңе қожайын болу. Бұл мәселелердің шешімі "Тұрғын үй құрылыс жинақ банктің" тарифтік бағдарламаларында.

Банк Қазақстанда дамуы және әлеуеті жоғары тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыруда. 2011 жылдың қарашасына дейін тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесіне қатысушылармен 267 818-ға жуық келісімшарт жасалған. Бір қарағанда жай ғана сан сияқты көрінгенмен, бұл санның артында жаңа баспанаға қолы жеткен әлеуетті жаңа қоныс-шылар қуанышты тұр.

"Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" клиенттерге бірнеше тарифтік бағдарламаны ұсынады. Жүйе ұстанымы бойынша тарифтік бағдарламалар біркатар уақыт бойы жинақтау мерзімін қажет етеді.

Бұл үдерісте салымшы баспана алуға қажетті соманың кем дегенде 50% жинауы керек. Таңдап алынған тарифтік бағдарламаның талаптарына сәйкес уақыты өткеннен кейін, жасалған тұрғын үй құрылыс жинақ шарты бойынша қажетті сома жиналған соң, бағалау көрсеткішіне қол жеткізгеннен кейін барып, Банк қалған 50%-ды 3,5% – 5,0% жылдық сыйақы мөлшерлемесімен несиеге береді. (Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 3,7 – 5,4% құрайды).

Банктің тарифтік бағдарламалары жинақтау мерзімі бойынша әртүрлі және баспана жағдайын жақсартамын деушілерге өте қолайлы. Бұл жағдайда үнемділік баспанаға қол жеткізеді. Мұндай үнемділік қажет нәрседен бас тарту емес, кейбір пайдасыз артық шығынды қысқартып, қажет бағытта жұмсауды меңзейді. Мысалы, темекі шегу: «3 миллион қазақстандықтар темекі шегеді, ал бұл жалпы халықтың 27 пайызы. Егер бір қорап темекі орта бағамен алғанда 143 теңге болса, онда бір темекі – 7 теңге. 3 миллион қазақстандықтар күніне 5 темекі шеккендей болса, онда 105 миллион теңге темекіге кетеді, ал егер күніне 10 темекі шексе – күніне 210 миллион теңге».[1] Бір сөзбен айтқанда, тек зая кеткен ақша, ал соның орнына баспана жағдайын жақсарту үшін қаржы жинай бастауға болатын еді. Сондықтан, "Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне" салынған қаржы – Сіздің стратегиялық қорыңыз. Ол қаржы күн сайын «Бастау», «Өркен», «Кемел» және «Болашақ» тарифтік бағдарламаларының көмегімен ұлғая бермек. Ол үшін жылына 2% мөлшерінде сыйақы қарастырылған (Тарифтік бағдарламаға сәйкес жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме 12,6 % дейін жетеді). Сонымен қатар жыл аяғында мемлекет тарапынан ынталандырылған сомаға 20% сыйлықақы беріледі (салымның ынталандырылатын ең жоғары сомасы 200 АЕК).

Қаржы жинап, тезірек өз пәтеріне кіргісі келетіндерге «Бастау» тарифтік бағдарламасы өте қолайлы. Басқа екі тарифтік бағдарламаға қарағанда, бұл бағдарлама бойынша жинақтау мерзімі қысқа. Салымшы қаржыны 3,5 жыл жинайды. Жинақтау уақыты өткен соң банк 6 жылға заем береді. Бұл берілетін заемның пайызы жылына 5% (жылдық тиімді сыйақысы 5,4% дейін). 5 000 000 теңгеге шарт жасаған жағдайда, жинақтау бойынша ұсынылатын ай сайынғы жарна 62 500 теңге (1,25%*5 000 000 теңге), несиені өтеу бойынша 40 000 теңге (0,80%* 5 000 000 теңге).

Уақыты бар, ұзақ мерзімде асықпай жинай алатын тұлғалар үшін «Өркен» және «Кемел» тарифтік бағдарламалары ыңғайлы. «Өркен» тарифі бойынша жинақтау мерзімі – 5,5 жылға дейін. Тұрғын үй заемы 10 жылға 4,5% пайыздық мөлшерлемемен беріледі (жылдық тиімді сыйақысы 4,8%). Бұл тарифтік бағдарлама бойынша қызмет көрсету есебі 5 000 000 теңге: ай сайынғы төлем 37 500 теңге (0,75%* 5 000 000 теңге), несиені өтеу бойынша – 25 000 теңге (0,50%*5 000 000 теңге).


«Кемел» тарифтік бағдарламасы бойынша жинақтау мерзімі 8,5 жыл немесе 102 ай. Баспаналық заем 15 жылға беріледі. Бұл тарифтік бағдарлама бойынша тұрғын үй заемының пайыздық мөлшері 4% құрайды (жылдық тиімді сыйақысы – 4,2 %). Жоғарыда көрсетілген шарттық сома бойынша ай сайынғы төлем – 25 000 теңге (0,50%* 5 000 000 теңге), заемды өтеу бойынша 17 500 теңге (0,35%*5 000 000 теңге).

Балаларының болашағын ойлап, баспанасын әзірлегісі келгендерге «Болашақ» тарифтік бағдарламасын пайдалануға болады. Балалар қаншалықты тез есейсе, жинақ сомасы да сәйкес өсе бермек және 15 жыл ішінде жинақталады. Тұрмыстық заем 25 жылға – жылдық 3,5 % пайыздық мөлшерлемемен беріледі (жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме – 3,7 % дейін). Шарттық сома бойынша ай сайынғы төлем 12 500 теңге (0,25% * 5 000 000 теңге), заемды өтеу бойынша 12 500 теңге (0,25%* 5 000 000 теңге).

"Тұрғын үй құрылыс жинақ банктің" тарифтік бағдарламалары – баспана арманына деген дұрыс қадам. Жарамды несие шарттары, төмен пайыздық мөлшерлемелер баспана мәселесін шешуге бағытталған – бұл мемлекеттік маңызды іс.

Ибрагим КАППАСОВ.

Қосымша ақпараттарды «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның аймақтық филиалынан ала аласыздар. Мекен-жайы: Талдықорған қаласы, М. Төлебаев көшесі, №86-үй, тел.: 24-40-48, 24-79-72 немесе www.hcsbk.kz сайтында.



АЛҒА, ҚАЗАҚСТАН! АЛҒА, «НҰР ОТАН»!

ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН

● *Облыстың түкпір-түкпірінен* * * * ● *Облыстың түкпір-түкпірінен*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ «ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЖИЫРМА ШЫҢЫ – ЖҰЛДЫЗДЫ ЖИЫРМА КҮН» ШЕҢБЕРІНДЕ ОБЛЫСЫМЫЗДЫҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНДЕ КӨПТЕГЕН МАЗМҰНДЫ ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ГАЗЕТІМІЗДІҢ ӨТКЕН НӨМІРЛЕРІНДЕ КЕҢІНЕН ЖАЗЫЛЫП, ОҚЫРМАНДАРҒА ДЕР КЕЗІНДЕ ЖЕТКІЗІЛДІ. ДЕСЕ ДЕ, БҮГІНГЕ ДЕЙІН ОСЫ МАҚСАТТА ӨТКЕН ШАРАЛАР ТУРАЛЫ РЕДАКЦИЯҒА ТҮСІП ЖАТҚАН ХАТТАР ЛЕГІ ҮЗІЛЕР ЕМЕС.

ЗАҢДЫ БІЛУ – МІНДЕТ

«Тәуелсіздіктің жиырма шыңы – жұлдызды жиырма күн» шеңберінде М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде Талдықорған қаласындағы заң колледжі мен І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті колледжі студенттері арасында «заңды білу міндет, орындау парыз» тақырыбымен пікір-сайыс өтті.

«Өзін-өзі таныстыру», «Іскерлік ойындар», «Жалғасын тап», «Ой толғау», «Сәйкестік тап», Тәртіп орнат», «Сауалнама» сияқты кезеңдерден тұрған сайыста екі топ та білімі мен біліктілігін барынша дәлелдеуге тырысты. Оларға төрелік еткен әділқазылар екі топтың да жақсы дайындықпен келгенін тілге тиек етіп, барлығын да жеңімпаз деп бағалады. Оларға Алғыс хат пен заттай сыйлықтар табыс етілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Аудан әкімдігінің тұрғын үй, коммуналдық-шаруашылық бөлімінің тапсырысымен 209 млн теңге қаржы бөлініп, Қаскелең өзенінің үстінен өтетін үшінші көпірдің құрылысы қолға алынған еді. Көпір құрылысын «Дәулет - Серпін 603» АҚ-ы жүргізген.

КӨПТЕН КҮТКЕН КӨПІР

Жетісу
Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ

Көпір құрылысы үстіміздегі жылдың шілде айында басталды. Ұзындығы 24 метр, көлденеңі 14 метрді құрайтын көпірдің екі жағында жаяу жүргінші жолы орналасқан. Көпірдің өзі және қосымша жолдарын қосқанда ұзындығы 1 шақырым 80 метр болып отыр. Сонымен қатар, жол бойы абаттандырылып, түнгі жүргіншілер үшін электр жарығы орнатылған. Құрылыс материалдары өзіміздің отандық зауыттардан тасымалданды.

Жуықта аталмыш көпір пайдалануға берілді. Қала тұрғындары көптеп жиналған салтанатқа аудан әкімі А.Дәуренбаев арнайы келіп, тұрғын халықты шын жүректен құттықтады. Көптің көңіліндегі жүрген көпір елдің игілігіне Тәуелсіздіктің 20 жылдығы қарсаңында пайдалануға берілген отырғанын айрықша атап өтті.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

Жарқыраған жаңа қосын

Ел тәуелсіздігінің елеулі мерейіне елен етерлік тарту әзірлеген еңбек ұжымдары қатарына «Универсал - Б» ЖШС-і құрылыс компаниясын да қосуға болады. Олар қысқа мерзім аралығында барлық жұмысшыны жұмылдыра отырып, Бесмойнақ ауылында медициналық қосынның құрылысын аяқтап шықты. Сөйтіп, облыстық бюджеттен бөлінген 36 млн. теңге тиянақты игерілді.

Жетісу
Рзбек ТЕРЛІКБАЕВ

Бұғымүйіз – Бесмойнақ тауының етегіне сұғына орналасқан ауылдағы 222 отбасында 1310 адам тұрады. Ағайындық ынтымағы кепке үлгі ләздай елді мекеннің ажары жыл санап арта түсуде. Атап айтқанда, орталық екі көшесіне түгелдей жарық орнатылып, жолы жөнделген, орта мектептің жаңадан қосымша ғимаратының іргесі көтерілмекші. Сәулетті мешіті бар, әрбір үй ауызсумен толық қамтылған, «Билайн» ұялы байланыс жүйесі жұмыс істейді.

Құрылыс компаниясының басшысы Бегдан Қожахметов меңгерушіге қосынның символдық кілтін табыстаған соң Кәбіржан қария мен аудан әкімінің орынбасары Сәлжан Мамасұлы салтанатты түрде лентасын қию құрметіне ие болды.

Әлбетте, осының бәрі тәуелсіздіктің табысы, Елбасының еліне деген зор қамқорлығының бір жемісі, бәріміздің ортақ қуанышымыз.

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

Б. Жолбарысұлы атындағы №18 орта мектеп-лицейінде "Жасампаз елдің 20 жылында" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Сынып жетекшілері Қамаш Оспанова мен Мадина Көшербаева ұйымдастырған шараға 4 «а», «б» сыныбының оқушылары қатысты.



Тағылымы мол тәрбие сағаты

Жетісу
Алма ЕСЕНБАЕВА

Тәрбие сағатының мақсаты - Желтоқсан құрбандарын еске ала отырып, жас жеткіншектерге тәуелсіздіктің құндылығын, бағасын түсіндіру болды. Осыған орай интербелсенді тақта арқылы Желтоқсан оқиғасы туралы бейнефильм көрсетіліп, сол кездегі жастардың жалынды жігері, елше, жеріне деген мықты махаббаты дәріптелді. Онда «Қазақстанның ең басты құндылығы Тәуелсіздігі. Оған қол жеткізуімізде Желтоқсан оқиғасының да үлесі бар», - деген ой жеткізіледі. Осыған орай ұстаздар, «Ата-бабамыз армандаған тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқан бүгінгі ұрпақ бақытты. Елбасы Н. Назарбаевтың бастауымен қазақ елі Тәуелсіздіктің 20 жылдығында орасан зор табыстармен қадам басып, дамудың жаңа сатысына өтіп отыр», - деп ел еркіндігінің бағасын ұғындыруға тырысты.

Тәрбие сағатының екінші бөлімінде «Тапқыр достар» ойынына орын берілді. Онда «Қыран» және «Жігер» топтары білім сайысына түсті. Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы турасындағы сұрақтарға жауап берді. «Кім жылдам?» - деп аталатын ойынның бірінші сынында «Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті кім?», «Астана қаласы қай жылы бой көтерді?», «Төл теңгеміз қай жылы шықты?», «Конституциямыз қай жылы қабылданды?» деген сауалдарға оқушылар алғырлықпен жауап берді.

«Кім тапқыр?» деп аталатын екінші сында балалардың «Тәуелсіздік» деген сөзден бірнеше сөт құрауларына тура келді.

«Сонымен сөзімді дейін...» деп аталатын үшінші сынақта Қазақстан Республикасының 20 жылдығына орай мектепте атқарылған іс-шаралар қорытындысының, осы айтулы мерекеге оқушылардың қандай үлес қосқандығы туралы айтылды. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығын арнау емен мәнді шара оқушылардың туған елге, жерге деген мақтаныш сезімін арттырып, Қазақстан тарихын тани түсумен құнды болды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында Сүйінбай атындағы облыстық филармония ұжымы түрлі концерттік бағдарламасымен көпшілікті тәнті етті.

ӨНЕРПАЗ ТАРТУЫ

Жетісу
Қажет АЙДАС

Таратып айтар болсақ, 4 желтоқсан күні М. Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі ұжымының құрылғанына 20 жыл толуына орай Алматы қаласындағы «Қазақконцерт» бірлестігінің концерт залында « Ән мен күйдің арқауы – тәуелсіздік» тақырыбымен концерт берді. Онда оркестр репертуарындағы жаңа шығармалар орындалып, талғамы жоғары алматылықтардың көңілінен шықты.

Ал 7 желтоқсанда І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнаған «Тәуелсіздігім тағдырым – арналады ән жырым!» атты концерті өтті. Сахнаның безендірілуі, олардың жаңа киім үлгілері, репертуарындағы жаңа шығармаларды орындау шеберлігі көрермен қауымның көңілінен шықты. Тыңдармандар сырлы әуен, сұлу саздан үлкен әсер алып қайтты.

ӘКЕМ, ШЕШЕМ және МЕН

Осындай тақырып шеңберінде М. Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназия жанынан ашылған мектепке дейінгі «Қарлығаш» шағын орталығының «Жұлдызша» тобында спорттық сайыс өтті. Топтың тәрбиешілері, яғни шараны ұйымдастырушылар Гүлнар ТӨЛЕУБЕКОВА мен Маржан ЕРКІНҚЫЗЫНЫҢ айтуынша, негізгі мақсат – үлкен көшке енді ілесіп келе жатқан балақайларды салауатты өмір салтына бейімдеу, оларды елжандылыққа баулу және ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың нығаюына дәнекер болу.

Сайысқа қатысқан балақайлар алдымен қолдарын жүрек тұсына қойып, Әнұранымызды беріле орындады. Одан соң әр бала Отан туралы жеке-жеке тақпақтарын айтып, соңында бәрі қосыла: «Отан, Отаң, бәрінен биік екен, Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем», – деп кішкентай жүректерінің елдеп соғатындықтарын білдірді.

Отбасылар төрт топқа бөлінді. Ойын шарты бойынша әке-шеше және бала үшеуі допты бастарымен ғана ұстап құшақтасқан күйі жүгіріп барып мәре сызығын кесуі керек. Одан соң отбасы мүшелері шеңбердің (обручтің) ішіне кіріп алып, мәреге дейін құламай жүгіруі тиіс. «Мергендер сайысында» да, «Кім жүйрікте» де әр топ өз шеберліктерін көрсете білді. Ең қызық ойын арқан тартысу болды. Кішкентай балақайлар мәре-сәре, күнделікті тұрмыстық тіршіліктен қолдары бір босамайтын, күнде-күнде жұмысқа кетіп қала беретін әке-шешелерімен бүгін бірге болып, ойнағандарына аса қуанышты секілді.

Сайыста танымдық бөлім де ұйымдастырылған. Мәселен, Дамир, Аруна, Зере, Айдын сынды балалар ел тәуелсіздігіне орайластырылған сауалдарға жауап беріп отырды.

Әділқазылардың шешімімен барлық жағынан да жүйріктік танытқан **Зеренің** отбасы, яғни **«Балдырған»** командасы **1-орынды** иеленді.

Нұр ЖАМАЛ.

Шалғай жатқан Нұра селолық округіне қарасты Қаратоған ауылында бүгінде 300-ден астам адам мекендейді. Қолында бар мал-жанын өсіріп, содан азығын айырып отырған тұрғындардың тұрмысы соңғы жылдары жаңа өмірге бет бұрып, тың серпінге ие болған. Оған ауыл іргесіндегі «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзит дәлізі мен «Жетіген – Қорғас» теміржолының салынуы тыныған түрен салғандай жаңаша қимыл-әрекет жасауға негіз болғандығын ауыл тұрғындары шынайы ризашылықпен тілге тиек етеді.

ҚАРАТОҒАНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Қуанышқа себеп болған биылғы жылдың сәуір айынан бастау алған ФАП-тың құрылыс жұмыстары толығымен аяқталып, ұлық мереке қарсаңында салтанатты түрде пайдалануға берілді.

Бақ-аясы 500 шаршы метрге орналасқан медицина мекемесінің тіркеу, егу, ауруды қабылдау сынды арнайы бөлмелерге бөлініп, тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсетуге ыңғайлы етіп жасалынғаны бірден байқалады. ФАП-тың бой көтеруіне облыстық бюджеттен 36 млн. 174 мың теңге бөлініп, толығымен игерілген. Осылайша жаңа ФАП-тың ашылуына тағаты таусылып күткен жұрттың көңілі өсіп, ауыл шы мәре-сәре күйге бөленді.

Ү. БӨРІБАЙҚЫЗЫ.

ТАЛҒАР АУДАНЫ.

Жұлдыз мектебен елуінші нысандар – спорт кешені, бірінші балабақша, мектеп жатынды салынған, әйдеңкен ашатын күрделі жөндеуден өткізілді. Солардың ең ірісі – аудан орталығында салынған спорт кешені.

ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Кешеннің ашылу салтанатында аудан әкімі Ә. Жақанбаев, облыстық мәслихаттың хатшысы А. Сыдық, облыстық құрылыс басқармасы бастығының орынбасары М. Балпанов, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы С. Байбатыров құттықтау сөз сөйлеп, тәуелсіздігіміздің тұғыры, бейбітшілігіміздің ғұмыры болып, осындай халыққа қызмет көрсететін нысандардың көбейе беруін тіледі. Сөз кезегі мердігер ұйым – "Ауыл құрылысы" фирмасының бас директоры А. Рабаевқа берілгенде ол спорт кешенінің директоры Д. Мелдахановқа символикалық кілтті табыстаумен қатар өз тарапынан компьютер, теледидар, спорт құрал-жабдықтарын тарту етті. Кешенде осындай қуаныштың ортасында болып тарту тарату жасағанында ала келетін "Бақалы Алакөл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төрағасы А. Слямов кешенге боксшыларға арналған қорғаныс шлемдері мен қолғаптарын, "шаңғылар" мен басқа да бағалы сыйлықтарын байғазы етіп ұсынды.

Спорт кешенінің лентасын аудан әкімі Ә. Жақанбаев пен облыстық мәслихаттың хатшысы А. Сыдық және спорт ардагері Ж. Сарыбаев қиды. Спорт кешенінің төл жылы сәйкес өтінеміз жалғастырады. Бөлмелері кең де жарық. Кешеннің жалпы көлемі 3000 шаршы метр. Бұл құрылысқа 280 млн теңгеден астам қаражат жұмсалғанын айта кету керек.

С. ХАСЕНОВ.

АЛАКӨЛ АУДАНЫ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ ШАМШЫРАҒЫ

Алматы облысында жүзеге асырылып жатқан индустрияландыру картасы аясындағы жобалардың арасында «Мойнақ» су электр стансасының [illegible] қосар үлесі қомақты
(3-бетке назар аударыңыздар).

Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады | №144 (17556) сейсенбі, 27 желтоқсан, 2011 жыл | Бағасы келісімді

ЖҮРЕК ҮНІ



Шахмет ИМАШЕВ, қазақ [illegible], Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының профессоры.

Шығарм[illegible]ылық еркін[illegible] жол а[illegible]ы

Ғасырлар бойы [illegible] тәуелсіздік XX ғасырдың аяғында біздің бақ боп қонды. [illegible]

[illegible] Тәуелсіздік біздің қазақ киносына қандай әсер етті деген сұрақтың әр жағында қазақ киносының тарихы қашан қалыптасты деген ой жатады. Қазақ киносының тарихын үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Негізі, қазақ киносының тарихы «Амангелді» фильмімен басталады деп жатамыз. Бірақ ол фильмнің иесі де, ол фильмнің сценарийі де, режиссерлары да орыстар. Оны «Ленфильм» киностудиясы түсірді. Елубай Өмірзақов, Шара Жиенқұлова ойнаған «Амангелді» фильмі қазақ актерлары қатысқан соң, қазақ тақырыбында түсірілген кино болғаннан кейін солай болып [illegible]. Шындығына келсек, қазақ киносының өзіндік тарихы «Амангелдіден» басталған жоқ.

Қазақ киносының кемелденген тұсы 60-70-ші жылдар болды. Сол жылдары бүкіл елді елең еткізген қазақтың ұлттық фильмі «Қыз Жібек» өмірге келді. Бұл фильмнің құндылығы сондай, 40-қа жуық миллион [illegible]. Дәл осы «Қыз Жібек» біздің ұлтымыздың кинодағы төлқұжаты болды десем, артық айтқандық емес шығар. Содан бері 40 жылдан астам уақыт өтті. Кино сол әдемі, әсерлі қалпында көрермендерімен қауышып келеді. Содан кейін әйгілі болған фильмдер Абдолла Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа», Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» фильмі. Бұлар – ұлтымыздың өрен табысы еді. Десек те, осы шығармалардың өзі [illegible] идеология шеңберінің ішінде орындалды.

Тек тәуелсіздік қана киногерлерге шығармашылық еркіндік алып келді. [illegible] кең жазуға мүмкіндіктер туды. Өнердегі әріптестерімен ынтасып, тәжірибе алмаса бастадық. Американың әйгілі Голливуд киноқұрушыларымен бірлесіп жұмыс істеуге де жол ашылды. Соның нәтижесінде «Көшпенділер» фильмі өмірге келді. Рас, біраз сындар да айтылды. Бірақ, бұл фильм ұлттық тарихымыздың шежіресін экранда көрсетумен ерекшеленеді. Сол сияқты Сатыбалды Нарымбетовтың «Мұстафа Шоқай» фильмі де айтылмай келген ұлттық тұлғаның образын сомдауға қызмет етті. Осы қатарға басты рөлде Асанәлі Әшімов ойнаған «Сіз кімсіз К. мырза?» фильмін де жатқызуға болады. Бұл шығармалар батылдығымен, жабық тақырып болып келген тарих шындығын көрсете білуімен де құнды. Кейінгі толқын жастар еркіндік жолын табысты жалғастырады деп сенемін.

Бұрын киноға керекті кадрларды тек Мәскеу дайындайтын. Қазір болашақ режиссерлар, киносценаристер, киноактерлар Т. Жүргенов атындағы өнер академиясынан түлеп ұшып жатыр. Бұл бір үлкен зор мақтаныш. Қазақ киносының ұлттық көзқарасқа негізделген жаңа кезеңі өзінің алғашқы парақтарын ашты деп айтуға толық хақымыз бар. Осының бәрі ел тәуелсіздігінің арқасында жүзеге асып жатқан игі істер.

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...

ОБЛЫС ӘКІМІ АРДАГЕРЛЕРМЕН ЖҮЗДЕСТІ



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК.

Жуықта әсем Алматы қаласының маңындағы «Алатау» шипажайында облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ облыстың экономикасын арттырып, мәдениетін өркендетуге кезінде атсалысқан аға буын азаматтардың үлкен тобын жинап, басын қосты. Бұл алқалы жиын ақсақалдардың батасын алып, халқына азаматтығымен танылған қоғам қайраткері, екі мәрте Алматы облысын басқарған, бүгінде ҚР Президентінің Іс басқарушысы Серік Әбікенұлы дәстүрге айналдырып кеткен жүздесуінің жалғасы еді. Аталмыш жиынға облысқа еңбегі сіңген ардагерлер шақырылды.

Жетісу
Сайлаубек БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ

Ақсақалдармен кездесу барысында Ансар Мұсаханов облыстың экономикасын арттырып, мәдениетін өркендету барысындағы жеткен жетістерге жан-жақты тоқталды. Облыс әкімі Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай басқосқан жиынның үстінде Елбасының сарабдал саясатының жемісін жан-жақты ашып көрсетті. Қазақстандықтардың ортақ қуанышына айналған Тәуелсіздіктің 20 жылдығының мерекесін қарсы алу барысындағы Жетісу өңірінің жетістіктерін мақтанышпен жеткізді. Осындай үлкен мәселелерге тоқтала тұрып Ансар Мұсаханов Тәуелсіздіктің 20 жылдығының баянды бола түсуіне, бірлік пен достықты нығайта беруге, жастардың тәлім-тәрбиесіне ақсақалдардың үлкен көмегі қажет екенін атап өтті. Жастардың рухы биік, Отанының патриоты болуына жанды ықпал ететіндігіне деген сенімін білдірді.

Кездесу барысында кезінде облыс, аудандарды басқарған азаматтар өздерінің ойын ортаға салды. Бұлардың ішінде Кеңес Аухадиев, Бикамал Рамазанова, Қалдыбек Сабденов, Шамша Беркімбаева сияқты елге еңбегі сіңген қоғам қайраткерлері бар.

Ардагерлер қарттарын ұмытпай осындай кездесу ұйымдастырған облыс әкіміне шын жүректен ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын жеткізді. Ақсақалдарға дастарқан жайылды.

Жиналған жұрт тәуелсіздіктен келген таңымыз нұрлы, күніміз шуақты, бірлігіміз нығая берсін деп тарасты.

(Облыс әкімінің ақсақалдармен кездесуі жайлы кеңейтілген материалды «Ардагерден» оқисыздар)

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.

АССАМБЛЕЯ АЯСЫНДА

ДОСТЫҚТЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

Өткен аптада Достық үйінің мәжіліс залында өлкеміздегі этно-мәдени бірлестіктерінің төрағалары мен белсенділері, аудандар мен қалалар әкімдігінің, тиісті мемлекеттік құрылымдарының басшылары және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен Алматы облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясы болып өтті. Сессияны Алматы облысының әкімі, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Ансар МҰСАХАНОВ ашып, төрағалық етті.

Күн тәртібіне қойылған алғашқы мәселе бойынша «Тәуелсіздік пен өркендеудің 20 жылы: тарихқа тағзым, болашаққа қадам» тақырыбында баяндаманы облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ғабит Тұрсынбай жасады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі мен егемендігін нығайту, қоғамды демократияландыру, ішкі саяси тұрақтылық, этностық тыныштық пен этносаралық келісімді сақтау – еліміздің ең негізгі мұраты екені белгілі. Ол жұмысын Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVII сессиясында белгілеген міндеттері мен Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясымен байланыстыра отырып, жүргізіп келе жатқан облыстық құрылым [illegible] бірлік пен келісімнің шырайлы шаңырағы болып келеді. Осылай дей келе Ғабит Тұрсынбай екі сессия аралығындағы Ассамблея мүшелерінің атқарған жұмыстары мен қол жеткен табыстарына жан-жақты тоқталып өтті.

Баяндаманы талқылау үшін мінберге көтерілген Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары, «Элефтерия» гректер қоғамының төрағасы Георгий Иорданиди, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, облыстың Құрметті азаматы, [illegible] этно-мәдени орталығының төрайымы, белгілі [illegible], қоғам қайраткері Асылы Осман, Ассамблея жанындағы республикалық ветеран журналистер мен сарапшылар клубы төрағасының орынбасары, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты [illegible], Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің III курс білімгері Маргарита Колпакова, «Ахыска» түрік этно-мәдени орталығының белсендісі Расул Ахмедов, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Көксу ауданының славян мәдени орталығының төрағасы Александр Бузыкин ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесі қарсаңында Ассамблея тарапынан атқарылған игілікті істер жайлы баяндап, сессияға қатысушыларды мерекелерімен құттықтай келе, Жаңа жылда жаңа табыстарға жете берулеріне тілектестіктерін білдірді.

Ансар Тұрсынұлы облыстық Ассамблея төрағасының орынбасары қызметін бір жыл бойы жемісті атқарған Г. Иорданидиге [illegible] баға беріп, [illegible] міндетті атқарушы [illegible] кандидатурасын атады. [illegible] бірауыздан қолдауымен төрағаның орынбасары болып облыстық түрік этно-мәдени орталығының төрағасы Шахисмаил Асиев сайланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы сессиясының делегаттары облыс жұртшылығына Үндеу жариялап, алға қойған міндеттер мен мақсаттарды іске асыру үшін тиісті шешім қабылданды.

Сессияның соңы облыстағы этномәдени орталықтардың өнерпаздары әзірлеген мерекелік концертке ұласты.

Құат ӘБІЛ.

БӘРЕКЕЛДІ!

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ премьер-лига ойындарында күміс жүлдені жеңіп алған талдықорғандық «Жетісу» футбол клубын марапаттады.

ФУТБОЛШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



Жетісу
Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Облыс басшысы өз сөзінде биылғы ел Тәуелсіздігінің жиырма жылдығына футболшыларымыз тамаша тарту жасағанын айтып өтті. «Өткен отыз жылдық тарихында тұңғыш рет толағай табысқа қол жеткізді.

Экономикамыздың дамуымен арасында спортқа мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаулар көрсетіліп жатыр. Спорт саласына қомақты қаржы бөлініп, олардың оқу-жаттығу жиындарын сапалы өткізуіне жағдай жасалды. Команданың құрамы талантты ойыншылармен толықтырылып, білікті бапкер де өз жұмысын тамаша атқара білді. Осындай қажырлы еңбектің арқасында жүлделі орынның көрініп отырмыз. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Сондай-ақ мен футболшылармен қатар жанкүйерлерге де көп алғысымды білдіремін. Сіздер футболшыларымызға әрдайым қолдау танытып, жігерін жанып жүрдіңіздер. Мұның өзі сүйікті командаларымызға деген сүйіспеншіліктеріңіздің жоғары екендігін білдіреді. Әр уақытта да қолдауларыңыз толастамасын және келер жылы ел біріншілігінде жерлестеріміз алтын жүлдеге қол жеткізсін деп тілейік»,– деді ол. Бұдан кейін ортаға Қазақстан футбол федерациясының вице-президенті Михаил Гурман шығып, «Жетісу» командасымен қоса облыс жұртшылығын күміс жүлдемен құттықтады. Құттықтау сөз соңынан облыс әкімі ортаға футбол командасын шақырып сыйақы ретінде жүлдегерлерге 30 млн 900 мың теңгенің сертификатын табыс етті. Сонымен қатар «Жетісу» футбол клубының бас бапкері Асқар Қожабергенов жүрекжарды алғысын білдіріп, облыс басшысына естелік сый ретінде фамилиясы жазылған футбол жейдесін табыс етті. Сондай ақ, ҚР футбол федерациясының вице-президенті М. Гурман Ансар Тұрсынұлына спортқа әрдайым қолдау жасап, оның дамуына көз қырын бергені үшін Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің төсбелгісімен марапаттап, «Алғыс хатын» табыс етті. Салтанатты шара Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әншілері дайындаған ән мен күйге жалғасты.

Суретті түсірген Руслан ҚАДЫРОВ.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖУРНАЛИСТЕР жүлделі болды



Облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін қабылдап, жылы жүздесу өткізді. Жылы жүзді кездесуге республикалық, облыстық, аудандық басылымдар мен телеарналардың редакторлары мен қызметкерлері қатысты. Сондай-ақ, бұл қатарда осы салада ұзақ уақыт табан тіреп, қазір құрметті демалыста жүрген қарт журналистер де болды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Кездесуде облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ журналистерді төл мерекелерімен құттықтап, сөз сөйледі.

– Құрметті журналистер, 2006 жылы басталып дәстүрге айналған Алматы облысы әкімінің жүлдесі үшін өткізілетін журналистер арасындағы байқаудың қорытындысын шығарып отырмыз. Мұндағы мақсат – бұқаралық ақпарат құралдарындағы облысымыздың тыныс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне, әлеуметтік-экономикалық өміріне арналған үздік мақалаларды анықтау және лайықты баға беру. Биылғы байқау ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралармен қатар егемендіктің алғашқы жылдары орын алған қиыншылықтарды еңсеру және әлеуметтік-экономикалық салада қол жеткізген табыстарды насихаттаумен ерекшеленеді. Байқауға ұсынылған шығармалардың көлеміне, әсеріне, оқырманға тартымды болуына мән берілсе, екіншіден, қаламгерлердің қарымын бәсекелестік арқылы арттыра түседі. Сондықтан олардың арасынан ең үздік туындыларды таңдау, әр номинация бойынша жеңімпаздарды іріктеу оңай болмайды. Мұның өзі өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің өз мамандығының қыры мен сырын жете білетіндігін көрсетті. Жылдан жылға журналистер арасындағы байқауға берілетін қаржы көлемі де артып келеді. Айталық, 2006 жылы бұл мақсатта 980 мың теңге қарастырылса, биылғы жылы оның мөлшері 4 млн. теңгеге жетті, – деді Ансар Тұрсынұлы.

Осыдан кейін облыс басшысы биылғы жылы өңірде қол жеткен табыстарға да тоқтала кетті. Тәуелсіздіктің жиырма жылында инвестиция, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік салалада қол жеткен табыстарды рет-ретімен тілге тиек еткен өңір басшысы атқарылған барлық жақсы істердің журналистердің қаламы арқылы тұрғындарға жеткізіліп, өз үлесін қосуға ынталандыратынын да қоса кетті.

Бұдан соң байқауда жүлделі орынға ие болған журналистерге облыс әкімінің Алғыс хаты мен ақшалай жүлдесін тапсырды. Бүгінгі кездесуде байқаудың ережесіне сәйкес 14 номинация бойынша жүлдегерлерге марапат және 15 ынталандыру жүлдесі тапсырылды. Бұл қатарда газетіміздің 9 қызметкері лайықты марапатқа ие болды.

Кездесу барысында сөз алған «Егемен Қазақстан» газетінің Алматы облысы бойынша меншікті тілшісі Күмісжан Байжан, «Хабар» агенттігінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі Тілеужабын Мыңжасар, Наурыз Қыпшыбаева, «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Нұсқабай Әбдіраим, «Жетісу» телеарнасының журналисі [illegible] Мақұлжанова, тағы басқа да журналистер облыс әкімінің журналистерге көрсетіп отырған қамқорлығына шексіз ризашылықтарын білдіре келе, [illegible].

Облыс басшысы айтылған өтініштер мен сұрақтарға тұшымды жауап беріп, журналистердің [illegible] жемісті еңбек ете берулеріне тілектестік білдірді.

ЖЫЛ БЕРЕКЕСІ

ҚАҢТАР



Талғар ауданында индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүк көліктері мен «Hyundai» автобустарын құрастыратын зауыт ашылды. Бұл - өткен жылдың сәуірінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Оңтүстік Кореяға жасаған сапары кезінде Сеул қаласында «Астана Моторс» және «Hyundai Motor Company» компаниялары арасында жүк көліктері мен «Hyundai» автобустарын құрастыру желісіне қатысты жасалған келісімнің нәтижесі. [illegible] жұмыспен қамтитын кәсіпорын әзірге жылына 300 көлік құрастыруға [illegible]. Компания басшысының сөзіне қарағанда алдағы үш жылда жылдық өнім көлемін [illegible] жеткізу, ал 2016 жылға қарай жұмыс орнын қосымша 200-ге арттыру [illegible].

ҚАҢТАР



Азияда алауы Алматы облысының аумағына жеткізіліп, азиадашыларды Талдықорған қаласы әуежайында облыс тұрғындары қарсы алды. Сол күні алау «Халық Банкі» АҚ Алматы облыстық филиалы ғимаратының кіреберісіне қойылып, жұртшылық назарына ұсынылды. Ертеңінде «Жетісу» мемлекеттік университетінің стадионында алау шеруі бастау алып, қаланың көрікті жерлері мен кең көшелерін аралап өтті.

▲КЕДЕНДІК ОДАҚ

Елбасының Жолдауы – әр қазақстандық үшін аса маңызды әрі мазмұнды құжат. Биыл аталмыш Жолдау "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты" деп аталды. Жаңа Жолдау – жаңа кезеңнің бастауы. [illegible] Кеден одағына мүше болуы, Қазақстан, Ресей және Беларусь Кеден одағына бірігіп, [illegible]

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

[illegible]

Ғылымгелді БАЙСЕРКЕНОВ, «Достық» кедені жедел кезекшілік қызметі бөлімінің бастығы.

▲РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

Баға әділ болды, дегенмен...



Талдықорғанда тағы бір Мұқағали шығармашылығына арналған [illegible] «Пәтшім, маған [illegible]» атты республикалық [illegible] Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы және Астана қалаларынан келген [illegible]

Жетісу
Кәжет АЙДАС

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өткен жарысты тамашалауға келген зал толы көрерменді облыстық тілдерді дамыту басқармасының бастығы Тәңірберген Қасымберкебаев құттықтап, жүректері лүпілдеп, алып-ұшып тұрған жас таланттарға сәттілік тілесе, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студент қыздарынан құралған «Мөлдір» вокальды ансамблінің мүшелері сұлу саз, әсем әнімен үміткерлердің көңілін орнықтырды. Бұдан соң байқау бағдарламаға сай жалғасты.



Суреттерді түсірген [illegible]

Бұл ретте, байқаудың барлық жырын санамалап берудің реті жоқ. «Болашағым, сен тұрсаң, мен өлмеспін!», «... Әлемнің бақытым – тілім менің!» атты екі кезеңде жүлдеге үміткерлер ақиық ақынға арнау өлең мен қазақ тілінің баға жетпес байлығын паш ететін жырларын оқып, екпіндей шапты. Ал осы сыннан сүрінбей өткендер келесі турда, яғни, «Күнделік жаз жарқыным» бөлімінде көркем сөз оқу шеберлігін танытты.

Өлең жарысы – ой жарысы болғандықтан оның әділ бағаланғаны да жөн. Мұнан әділқазылардың қаламы мен қарымына тәуелді болып қалатын тұсы да жиі ұшырасады. Осыны әскерген ұйымдастырушылар сайысқа төрелік ету үшін танымал ақындар мен қаламгерлерді шақырыпты. Бұл қатарда ақын, Қазақстан Жазушылар одағының жанындағы «Қаламгер-Медиа» орталығының директоры Жанарбек Әшімжан, ақын, Қазақстан Жазушылар – Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Әміре Әрін, ақын-аудармашы, республикалық «Алаш айнасы» газетінің бөлім редакторы Алмат Исаділ, ақын, облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім бастығы Гүлбақыт Қасенованлар болды.

Таңғы тоғызда басталып, үзіліссіз салат екіге дейін жалғасқан өлең додасы тартысты өтті. Қатысушылар да әділ бағасын алып, жеңімпаздар анықталды. Сонымен, көрермен мен бағалаушылардың көңілінен шыққан алматылық ақын Ырысбек Дабей бас жүлдені жеңіп алды. Астаналық Қали Айбек бірінші, қос екінші жүлде қызылордалық Мөлдір Алтыбай мен қарағандылық Рауан Қабиболдинге бұйырса, үш үздік орынға Батыс Қазақстан облысынан Сыйлыхан Жұмасалықов, Оңтүстік Қазақстандық ақын Мұқағали Кенжетайұлы, өзіміздің талғарлық Медет Дәулетхан ие болды. Мұнан өзге лауреат атанғандар мен номинациялар бойынша жүлде табыс етілді. Бұл қатардан жерлесіміз Шұғайып Ақынұлын көріп қалдық. Жеңімпаздармен қатар, барлық қатысушыларға Алғыс хат пен ақшалай жүлде және бағалы сыйлықтар табысталды.

Иә, сайыс мәресіне жетті. Несін жасырайық, баға әділ болды. Дегенмен...

Әлбетте, жарыс болған соң оның тәртібі болады. Сондықтан, үміткерлерді ретке қойып жатамыз. Алайда, осы байқауға қатысқандар болашағынан үміт күтуге тұрарлық әр өңірдің ұлы мен қызы екенін мойындадық. Шетінен бас жүлде беруге жоғарыда айтылған тәртіп жол бермеді. Ең бастысы, мәселе жүлдеде тұрған жоқ. Өлең өлкесінде тербелгендер көбейсе, қазақ тілінен еркендей беретінін сеніп қайттық.

Бірақ, бұл байқаудың өзегінде Мұқағали жырларынан гөрі, ақынға деген құрмет арқылы қазақ тілінің өміршеңдігін жырлап жатқанын назарға алсақ, ақындардың тіл тақырыбында жазған өлеңдері ана тіліміздің бұралаң тұстарын көрсетуге бағытталғаны көңілге қонбады. Құдайға тәубе, қазір мемлекеттік тілдің беделін көтеру үшін ұланғайыр дүние жасалып жатыр. Нәтижесі де баршылық. Кеше мен бүгінді салыстыра қараған адам мұны бағамдай алады. Сол тұсты ашып айтып, көпке жеткізсек, көңілге қонымды болмас па еді деген ой қалды көкейімде.

СУРЕТТЕ: Бас жүлдегер – алматылық ақын Ырысбек ДӘБЕЙ.

▲БІЛІКТІЛІК

ЖАРЫҚ пен ЖЫЛУ сыйлаушылар сайысы

Бүгінгі қоғамның болашағын электр энергиясынсыз елестету әсте мүмкін емес. Электр энергиясына деген сұраныс нөтүрлым артқан сайын, соғұрлым адам өміріне төнетін қауіп-қатер де ұлғайып, кәсіби біліктілікке қойылатын талаптар күшейіп отыр. Бұл ретте еліміз бойынша ең көп электр энергиясын тұтынатын Алматы шаһары мен Алматы облысы аумағына ток қуатын таратып, әр отбасына жарық пен жылу сыйлап, халық игілігіне қызмет етіп келе жатқан «Алатау Жарық компаниясы (АЖК)» акционерлік қоғамы жыл сайын жарыс өткізіп тұрады. Биылғы дүбірлі дода Бәйтерек ауылындағы оқу-жаттығу алаңында ұйымдастырылып, оған облысымыздың түпкір-түпкірінен қара үзіп шыққан 7 құрама бригада мен жалпы саны 150-ге жуық электромонтер қатысты. Кәсіби шеберліктерін шыңдап, білім мен біліктілікті қатар сынға салатын сайысты аталмыш компанияның басқарма бастығы Мұхит Үмбетов қолға алып, әрдайым қолдау білдіріп келеді.

Жетісу
Қуаныш ТҮНҒАТАРОВ

Облыс көлеміндегі турнир түрі деңгейден құралған, кәсіби талаптары жоғары 6 сатыдан тұрады. Жарыс шарты бойынша, әр ауданнан келген құрама топ апатты жағдай орын алған кездегі міндеттерді көрсетуге, электр [illegible] Сонымен қатар, электр тоғынан зардап шеккен адамға көрсетілетін алғашқы жәрдем, табан астында жасалатын қолдан тыныс алдыру, биік бағанның басынан ток соққан адамды жылдам жерге түсіру жаттығулары да орындалды.

Сайыс 35 кВт және одан жоғары электр қуатын жеткізу желілері маңында өткізілді. Үш күнге созылған тартыстың мақсаты туралы «АЖК» АҚ-ның өндірістік-техникалық басқарма бастығы, әділқазылар мүшесі Бауыржан Нұрахманов былай дейді:

– Облысымызда ең ірі электр қуатын таратушы «Алатау Жарық компаниясы» болып табылады. Алматы қаласы мен бұрынғы Алматы облысының аймағына жылу мен жарық беріп, ел мүддесіне жұмыла жұмыс істеп отырған біздің ұжым қызметкерлердің кәсіби дайындығы мен қауіпсіздігін де назардан тыс қалдырған емес. Аталған шара электромонтерлер арасында жыл сайын ұйымдастырылып, қара үзіп, оза шапқандары республикалық жарыстарда бақ сынайды. Мәселен, былтыр біздің облыстан «Үздік жүйрік» атанған Қарасай аудандық электр станциясы Павлодарда өткен оқу-жаттығудан бірінші орынға ие болған. Биыл да осы турнирден жеңімпаз атанған аудан республикалық жарысқа шығуға дайындық жасайды. Шараның мақсаты – электр тоғынан болатын түрлі қауіп-қатердің алдын алу, кәсіби шеберліктерін сынаннан өткізу болып табылады.

Сонымен қатар, Бауыржан Нұрахмановтың айтуынша, бұл тартысты бәсекеде қыс пен күз мезгіліне дайындық жұмыстары да бір пысықталып өтеді. Себебі облыс және қала тұрғындары осы мезгілдерде электр энергиясын ең көп тұтынады. Бір, қысқа тұйықталу, қалың қар мен қауын шашынның әсерлері аталған екі мезгілде өте жиі кездеседі. «Қыстың қамын жаз ойла» демекші, жер қара, күн жылыда қызметкерлердің оқу-жаттығу алаңында өз біліктіліктерін сынап, әзірліктерін тексеріп алғаны жөн.

Жарыс соңында «Алатау Жарық компаниясының» бірнеше жұмыс тобы мен жекелей қызметкерлері марапатқа ие болып, ақшалай сыйлыққа қол жеткізді. Атап айтсақ, Іле аудандық электр тасымалдау желісі алтыннан алқа тақса, Балқаш ауданының электр желісі қызметкерлері күміс медальді қанағат тұтты. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ ауданының намысын қорғаған Есік электр тасымалдау желісі қоламен қанжығаларын майлады.


Бұдан бөлек, үзілген электр сымдарын жалғау және төтенше жағдай орын алған кезде жасалатын оқу-жаттығу көрсеткіштері бойынша тағайындалған «Үздік электромонтер», «Үздік мамандандырылған көлік жүргізушісі», «Ең жас маман» аталымдары бойынша А.Мырзағалиев, А.Мешков, Т.Молдахметов, Б.Ермекбаев марапатталды.



Электр энергиясының зардаптары қоғамда үлкен алаңдаушылық туғызып отыр. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, су мен өрттен, сондай-ақ электр тоғынан қаза болғандар саны былтыр [illegible] құраған. Бірақ 2010 жылмен салыстырғанда 5 пайызға азайған. Сондықтан да апатты жағдайдың алдын алу, кәсіби шеберлікті шыңдау және тиянақты қызмет атқару үшін оқу-жаттығу жарыстарын жиі ұйымдастырып отырудың маңызы зор.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ


Шарайна



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ КІРГІЗЕДІ

Сирия үкіметі БҰҰ-ның 17 агенттігі мен үкіметтік емес ұйымдарға елде жұмыс істеуге рұқсат берді. Мұның алдында Сириядан АҚШ пен Еуропа елдерінің 17 дипломаты шығарылды.

[illegible]



ПРЕЗИДЕНТТІҢ БАЛАСЫ... БІЛІМІНЕ ҚАРАШЫ!

[illegible]



ЕКІНШІ БАСШЫ ҚАЗА ТАПТЫ

[illegible]

▲АЙЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қадірлеген жаз маусымы басталды. Әр күні, сәті – жылға азық болар көктемнің нәтижелері қандай? Облыс аумағында екі айға созылған санитарлық-тазалық және көркейту мен көгалдандыру айлығы аяқталды. Оның қорытындысы сүзгіден өткізген облыстық комиссия аудандарды аралады. Облыстық энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасының бас маманы Мұратбек Хасенов бастаған комиссия мүшелері Райымбек ауданында болды.

ЕСКЕРЕТІН ЖАЙЛАР БАР

Жетісу
Қанат БІРЖАНСАЛ

Райымбек ауданындағы 23 селолық округке қарасты 54 елді мекенде тазалық, көркейту айлығына байланысты жап-жақсы жұмыс жүргізілді. Оған әрбір ауыл тұрғыны мүмкіндігінше атсалысты. Айлық кезінде аудан бойынша 90 шақырым жол жасалды, 90 шақырым арық тазаланды, 6100 метр шарбақтар ретке келтірілді, 67 көше жарықтандырылды, 6 гектар жер жасыл желекке бөленді. Жалпы 14 мың түп түрлі ағаш, 3200 қарағай көшеті отырғызылды.

[illegible]

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ

ТӘНТІ БОЛДЫ

Облыс аумағындағы сонау ерте көктемнен бері жүргізіліп келе жатқан тазалық айлығы да мәреге жеткен болатын. «Алайда, айлық барысында атқарылған жұмыстар көңілден шықты ма, болмаса айтылған сөз айтылған жерде қалып қойды ма?» деген оймен облыстан шыққан, құрамында бірқатар құзырлы мекеменің қызметкерлері бар комиссия ауданға тағы да бір айналып соқты. Әрине, ондағы мақсат – ұсақ-түйек кемшіліктерді жіпке тізу емес, өткен жолғы сын-ескертпелерден ауылдық және кенттік округтердің әкімдері мен тұрғындары қандай қорытынды шығарды екен дегендік еді.

Жетісу
Ілияс ЖҮНІС

[illegible]

ІЛЕ АУДАНЫ





ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Алматы облысы, Алакөл ауданы, Кардығаш ауылының тұрғыны ағайынға, жақын-жұртқа ғана емес, өзін көршілеп барша жұртқа сыйлы, белгілі, үлгі азар, алтын жүректі, шыншыл, ардақты да құрметті анамыз **МУКАШОВА Айтбала Найманханқызын** шын жүректен туылған күшімен құттықтаймыз!

60-тал түс Алда талай асулар мен белес-белестер бар.

Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, денсаулық сәулығын, отбасыңыздың амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшілікпен ыстық ықыласы мен құрметіне бөлене беріңіз деп отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз:

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,
Бақ-бақыт белестерден асыңыз.
Бала-шаға жұлыс-жұлдай аман бол,
Күлп-сайнат 180-ге жетсін жасыңыз.

Жан жақтың құрдымдауын маңайлы,
Әрбір шаның болсын бақты, сәулелі.
Алдыңнан-дос, тұрағың-тұлық ұялсын,
Сүйетін бол жүрегінді қалайды.

Айтқанымнан жаңа ана сая болсын,
Тұмсығынан су ішіп сақтадым.
Әрқашан ортасында алаң жүрші,
Шын жүректен құттықтайды балаларың

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: қыздары – **Қымбат, Замзат, Зарина, Арайлым,** күйеубалалары – **Дәулет, Ерлі,** немерелері – **Нәзік, Қаусар, Заңғар.**

▲ЖАРАЙСЫҢ!

Пәк жүрісіне ұлылықтың заңғар нышанын ұялатқан, білім мен өнердің асқар шыңына еркелей де еңтелей қанат қаққан сүйікті оқушым Әсем Сұлтанова І. Есенберлин атындағы орта мектептің 8-сыныбына көшті, оқу үздігі. Аудандық І. Жансүгіров оқуларында өзінің арнауын да, талдауын да (ұстазы Назгүл Мұратбаева) талғамы мен талабынан шыға алатындай дәрежеде жазып, жүлдегер атанды.

Бұлақ көрсең, көзін аш



"Көркем шығарманың міндеті - адамды тәрбиелеу, биікке қарай бастау деп түсінген Ілияс ата көшілікке тез әсер ететін, халқын адамгершілікке тәрбиелейтін "Құлагер" поэмасын жазды. Поэманы алғаш оқығанда Ілияс ақынның өсерлі жыр өрнектері, оқиғаны суреттеудегі ой тереңдігі, пейзаж, этнографиялық суреттері, әсіресе, Ақан серінің тұлғалық сырға толы өмірі, жылқы малына біткен жүйріктік өнердің күдіреті, бәрі-бәрі мені елітіп, жүрегімді шымырлатты. Адамзан жамандық күтпеген, тек өз өнеріне тамсандырып, суйсіндірген зиянкаудың адамзат баласының қолынан іштарлық пен дұлымдықтың құрбаны болғаны қатты өкіндірді. Ақан жайлы, Құлагер жайлы көп білгім келіп, оқығанын нақты өмірде қалай болғаны туралы деректерді іздедім, таптым, оқыдым. Ілияс атамыздың бұл шығармасының шынайылығына көз жеткіздім", - дейді балғын зерттеуші.

Әсем – көптеген оқу мен байқаудың жеңімпазы, мәнайалды мақтанышымыз. Сондықтан кішкентай досымызға қауырсын қаламын мұқалмасын, қойнына толар қуанышын жұқармасын деген тілекпен ұстазы ретінде мына өлең жолын арнаймын.

Төгілсеңдағы нағыз өрелі өнер,
Бұлағының сенің титтей
жүрегіңде.
Тәнірдің күдіретіне бөлене бер,
Лайым жолың болып бұл өмірде!

Лида ЖАНБОТАҚЫЗЫ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
КАРАТАЛ АУДАНЫ.

EXPO – 2012

Көрген де, көрмеген де армандағы



Кореяның Ионсу қаласында "EXPO – 2012" халықаралық көрмесі мәресіне жетті. "Таза мөлдір су" тақырыбымен өткен әлемдік көрмеге 130-дан астам мемлекеттің өкілдері қатысып, үш ай бойы әр халықтың мәдениеті мен өркениетін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, ән мен би, күй дәстүрін насихаттады. Оған елімізден 80-нен астам адам барған болатын. Сол қатарда Жетісу өңірінен Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның әншілері мен бишілері қатысып қайтты. Шетелдіктерді өнерімен тәнті етіп, халықаралық мәдени шараның шырайын кіргізіп, үлкен мақтанышпен елге оралған оларды жерлестері мен әріптестері қуанышпен қарсы алды.

Жетісу
Қажет АНДАС

Жалпы, еліміз аталған көрмеге осымен төртінші рет қатысып отыр. Естеріңізде болса, 2010 жылы Қытайдың Шанхай қаласында өткен әлемдік көрмеден үлкен ой арқалап, тың жоспармен оралған еліміздің делегациясы бұл жолғы шараға тыңғылықты дайындықпен барғаны анық. Олар шетелдіктер назарына 44 шаршы метрді құрайтын Фабилон экспозициясын ұсынды. Халқымыздың бай да мазмұнды мәдениетін, еліміздің тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістігін және халқымыздың төл өнерін паш ететін үш бөлімнен тұратын экспозицияның басты тұжырымдамасы – мәдениет пен ғылым, бизнес, туризмдегі дәстүріміз бен әдет-ғұрпын, салт-дәстүрімізді жан-жақтылы баяндау көзделген. Сондағы барлық шара "Жаңды мүсін, жағалаудағы аймақ" тақырыбымен көрініс тапты. Қазақстандық экспозицияны тоқсан күнде 400 мыңнан астам адам тамашалаған.

Осы ретте, біз жерлестерімізден көрмеден түйгендері туралы сұрап көрген едік. Филармония әншісі, көрме делегаты Бейбіт Мұсаев өз ойын былай тарқатты:

– Төл мәдетиетімізді әлемге таныту – Елбасы саясатының маңызды бағытының бірі. Сондай игілікті істің ұйытқысы болған әлемдік көрмеге қатысып, інжу-маржан, асыл қазынамызды, әнжырымызды шетелдіктерге насихаттау жолындағы таңдаудың біздің ұжымға түскені үлкен мақтаныш, мәртебе, қуаныш болды. Көрей жерінде шетелдік көермендер өнеріміздің өте жоғары бағалады. Әсіресе, біздің тұңық әуен, сұлу сазымызға елтігендер көп болды. Тіпті, бір көрген адамның 5-6 рет қайталай тамашалап жатқанын байқадық. Әрине, көрмеге кіру үшін аз дегенде бір сағат кезекте тұру керек. Таңнан кешке дейін кезекке таласқан шоғырды да көрдік. Бұл – біздің өнеріміз деген құрметтің белгісі деп білдік, – деді ол.

Ал, "Алтынай" мемлекеттік халықтық би ансамблінің мүшесі Меруерт Иманғалиева халықаралық мәдени шараға қатысуға мүмкіндік туғанын облыс басшысы Аңсар Мұсахановпен филармония директоры Ержан Қосбармақовқа алғысын жеткізе келіп, Көрей жеріндегі әсерін тілге тиек етті. "Қазақ вальсі", "Шернияз", "Алтынай", "Наз", "Мереке" сияқты ұлттық билерді нақышына келтіріп билеген бишілердің өнеріне көермендердің тәнті болғанын жеткізді. Әсіресе, шетелдіктер қазақ қыздарының қол қимылына ерекше қызыққанын тілге тиек етті. Көрме барысында "Қорқыттың күйі", "Жалғыз аяқ", "Абыздың толғауы", "Кер толғау", "Жез киік" күйлерін қыл қобызбен әуелеткен Дамир Абашев өнеріне Шығыс Азия елдерінен келген тыңдарманның ықылас танытқанын айтып өтті.

Тағы бір айта кетерлігі, әлемдік көрме 2015 жылы Италияның Милан қаласында өтеді. Ал 2017 жылы өтетін халықаралық EXPO көрмесіне Қазақ елі үміткерлердің бірі ретінде тіркеліп отыр. Осыған орай, Елбасы тапсырмасымен Астана қаласының маңынан 400 гектар жер бөлініп, жоба негізінде көрме алаңының құрылыс жұмыстары да басталған. Көрме барысында Астана кандидатурасын ұсынған еліміздің өкілдері бейнежобаны таныстырып, көпшілік назарына ұсынды. Негізінен бұл жобаның шетелдік сарапшылардың көңілінен шыққаны анық. Олар көпшілік мәдени шараның елорда төрінде етуіне қолдау білдіретіндіктерін жеткізген. Сәтін салса, әлемдік өркениеттер тоғысы алдағы уақытта қазақ жерін думанға бөлейтіндігіне күмәнжоқ.

▲ОҚЫДЫҚ, ПІКІР АЙТАМЫЗ

Тәуелсіз "Ана тілі" баспасынан Алматы облысының Құрметті азаматы, Халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты, жерлесіміз, әріптесіміз Жанат Елшібектің "Сырлы әлем" атты кітабы шықты. Үш бөлімнен тұратын жаңа жинақтың алғашқы екеуі есімдері елімізге әйгілі сөз зергерлері мен өнер қайраткерлерінің шығармашылық әлемі жақында сыр тербеп, ой толғайды. Үшінші бөлімдегі мәлтек әңгімелерге сөз сиқырын қастерлеген ақын-жазушылардың ұтқыр ойлары, астарлы әзіл-қалжыңдары өзек болған.

Академик Серік Қирабаевтың кітапқа арнайы жазған алғысөзін жариялап отырмыз.

СЫРЛЫ ӘЛЕМГЕ САЯХАТ



Қалам бабы бөлек-ау. Оны шығармашылық адамы жақсы түсінсе керек. Әр нәрсеге желжортып бұлшылай жөнеле бермейтін қаламының кейде шоқыраятып, жүрмей қоятыны бар. Ал кей сәттері көңілін ашық күннің жарқырап, қоңырлап қанаттанып, ойын серпіліп қоя береді. Мұндайда қаламыңды тізгіндеп, ойыңды тежей алмайсың. Көкейіңде жүргізіп жатырып, жүрек түпкірінде ұялаған пішірді ағытуға асығатының белгілі. Міне, мен де дәл осы мезет сондай күйде отырғандаймын.

Данышпан Абай: "Өмір – мұхит, ұяқыт – толқын", – дейді ғой. Күн кеше ғана секілді. Бәрі-бәрі көз алдымда. Ұзақ жыл елімізің байырғы білім ордасы – республикадағы жоғары оқу орындарының қарағанды сапалығын қалпында жүргізіп-ақ жазған-сызғандарына "ҚазПИ-дің студенті" деп қол қоятын ой шын мәнінде институт мақтанышына айналған болатын. Алаштың арыстары Сәкен Сейфуллин мен Мәлік Ғабдуллин дәріс оқыған, дауылпаз ақын Тайыр Жароков жыр тасқынын сездеткен әйгілі №25 аудиторияда отырып қазақ әдебиетінің ғұламалары Қажым Жұмалиев, Шайқы Кәрібаев, Төкен Әбдірахманов, Хасен Әдібаев, Зейнолла Серікқалиев лекцияларын тыңдап, тәлім алған студенттімді мен де ерекше құрметтеймін.

Жазушы Жанат Елшібектің өзіндіктің шарықтап отырған жаңа кітабы хақында бірер ауыз сөз. Жоғарыда ескерткенімдей, оз кырық жылдан астам уақыт табан аудармастан баспасөзде қызмет атқарып келеді. Әуелгі жылдары жас журналистер ұстаханасы "Лениншіл жаста" (қазіргі "Жас Алаш") еңбек етсе, одан кейінгі бүкіл саналы ғұмыры "Егемен Қазақстанда" өтуде. Бұл басылым – үлкен мектеп. Оның үстіне соңғы ширек ғасырдан бері редакцияның жауапты хатшысы. Мүйізі қарағайдай қаламгерлермен иық тіресіп, қоян-қолтық араласып, сөз өнерінің мехнаты мен рахатын белден кешті. Қазақ әдебиетінің бекем ұығына айналған талай жақын-жазушымен пікірлес, сырлас болды. Ягни, жалпақ тілмен жеткізсек, ортақ терінің пұшпағын бірге илесті. Мұны тәптіштеп отырғаным, Жанаттың осы жинағы тұтасымен әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерінің шығармашылық әлеміне арналған. Әйгілі ақын-жазушылардың, өнер саңлақтарының көркем бейнелерін әр қырынан сомдаған әдеби портреттер мен эсселер өте тартымды жазылған. Есімдері елімізге елеулі тұлғалар образдары шұрайлы штрихтармен, ұтымды детальдармен кескінделген. Қызықты оқиғаларды, сырт көз біле бермейтін елең еткізер деректерді арқау етіп өрілген туындылардың беделін көтеріп, ешесін одан бетер асқақтатып тұрған автордың құнарлы тілі. Елеусіздеу көрінер көріністерді кестелі де бедерлі тілмен өрнектеуге келгенде Жанаттың қаламы қашанда жүйрік.

Халық жазушылары Шерхан Мұртаза, Қалтай Мұхамеджанов, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әли, Мұхтар Магауин, қазақ сөз өнерінің майталмандары мен маңмаңгерлері Балғабек Қыдырбекұлы, Сейдахмет Бердіқұлов, Марфуға Айтхожина, Темірхан Медетбек, Жақау Дәуренбеков, Магира Қожахметова, Қастек Баянбай, Есенғали Раушанов, атақты қылқалам шеберлері Айша Ғалымбаева, Гүлфайрус Исмаилова, Раушан Момбекова жайында жазылған дүниелердің бәрі де көркем эңгімедей ғажайып әсерге бөлейді. Маған сөз қасиетін жақсы танытын Жанаттың сыншылық, зерттеушілік қырлары катты ұнады. Сондай-ақ, жинаққа енген өзге де өнер иелерінің шығармашылық әлемін әңгімелеген эсселер ешкімді де бейжай қалдырмасы анық. Астарлы әзіл мен ұятты қалжыңға толы алақандай әңгімелер де кітап мазмұнын байытып түр. Журналист әріптестері жайындағы ой-толғаныстар, былайғы көп жұрт біле бермейтін газет шығарудағы қалтарыстарды суреттейтін эпизодтар сыршылдығымен, шынайылығымен бауран алады.

Иә, шығармашылық адамының өмірі – өзіңше бір сырлы әлем. Оның бейнәлім құпиясы, тылсымы мен жұмбағы сан қабат. Әр қаламгердің өнерпаздық жігі жанар жүгіртіп, көңіл көзімен, ой көзімен үңіле түскен сайын оның қадір-қасиеті мен салмағын тереңірек ұғарын дауысыз.

Ендеше, сырлы әлемге саяхаттаңыз. Өкінбейсіз.

Серік ҚИРАБАЕВ,
академик.

ҚҰРМЕТТІ ДІНИ БІРЛЕСТІК ЖЕТЕКШІЛЕРІ!

Алматы облысы дін істері департаменті Қазақстан Республикасы "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңы 24-бабы 1-тармағына сәйкес (әрі қарай Заң), діни бірлестіктер осы заң қолданысқа енгізілген күннен бастап, бір жылдың ішінде осы заңның талаптарына сәйкес өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге міндетті.

Аталған мерзім 2012 жылдың 24 қазаны күні аяқталады.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін заңның 24-бабы 3-тармағына сәйкес, өздерінің құрылтай құжаттары заң талаптарына сәйкес келтірмеген заңды тұлғалар, діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның жүгінуі бойынша сот тәртібімен таратылады.

Түсінік алу үшін Алматы облысы дін істері департаментіне мына мекенжай бойынша хабарласуларыңызға болады: **Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38. № 614, 628-кабинеттер. Байланыс телефоны: (8 7282) 270638.**

ҚҰРМЕТТІ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Алматы облысының балалардың құқықтарын қорғау департаменті, Білім басқармасы аз қамтылған отбасылардың оқушыларына жаңа оқу жылына дайындықта қолдау көрсету және әлеуметтік себептермен 1 қыркүйекте мектепке келмей қалудың алдын алу мақсатында 2012 жылдың 1 тамызынан 30 қыркүйек аралығында жалпы республикалық "Мектепке жол" атты акцияның өтетіндігін хабарлайды.

Кез келген облыс тұрғыны немесе кәсіпорын аз қамтылған отбасындағы оқушыларына қол ұшын бере алады.

Балалардың сабаққа бармауы туралы фактілері, сонымен қатар, оларға көмек көрсетемін деп ниет білдірушілерге облыстық балалардың құқықтарын қорғау департаменті жанындағы **8 (7282)271776** "шұғыл бағытқа", **8 (7282)270789,** факсына және **almobldzpd@mail.ru** электронды поштасы арқылы хабарласуыңызды сұраймыз.

Алматы облысы әкімінің аппараты және облыстық мәслихат облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық Габбасұлына келіні

Роза Таңатарқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық "Жетісу" газетінің ұжымы басылымның жанашыры Ақан Нұрғожаевқа інісі

Қабылбектің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Eurasian Bank
жұмыс істейді работает



ИПОТЕКА

- Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі 13,99%*
- Кредит беру мерзімі 20 жылға дейін
- Қарастыру мерзімі 1 күннен бастап*
- Бастапқы жарна 20% бастап

*құжаттардың толық пакетін берген кезде

- Годовая эффективная ставка вознаграждения 13,99%*
- Срок кредитования до 20 лет
- Срок рассмотрения от 1 дня*
- Первоначальный взнос от 20%

*при предоставлении полного пакета документов

7788
www.eubank.kz

Мекенжайы:
Гагарин к-сі, 136/140
Абылай хан к-сі, 121
Телефондары: 55 05 50
24 38 87

Адрес:
ул. Гагарина 136/140
ул. Абылайхана 121
Телефоны: 55 05 50
24 38 87

ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі 2007 жылғы 28 желтоқсанда берген №237 лицензия.

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Директор – бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс – **27-41-50** байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – **21-01-90, 27-41-83,** жауапты катшы – **24-38-16,** ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі – **27-42-34,** саясат және парасат, әдебиет және мәдениет бөлімі – **24-36-07,** уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – **24-32-43,** білім және ғылым бөлімі – **24-30-57,** фототілшілер **-27-41-93,** заң және әкімдер бөлімі – **24-29-82,** жарнама бөлімі – **24-29-82**

Алматы қаласындағы тілшілер қосымы – **279-13-37** (факс) **79-13-86, 79-36-43.**

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда – **2-12-57** Панфиловта – **9-12-27,** Раймбекте – **2-22-05,** Іледе – **2-19-33.**

Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 24-34-55** телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, №3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Алты машинкелік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ – 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС – 1100.
ТАРАЛЫМЫ – 47 484.
ИНДЕКСІ – 65469.

Кезекші редактор:
Алмас НҰСІП.

КӨРІНБЕЙ КЕТКЕН БІР БЕЙНЕ

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» – деп кеткен Ұлы Абай. Эрине, өлместіктің бір кепілі ақ жүріп, адал өткен өнегелі іс, ұлт үшін, ұрпақ үшін кешкен гибратты ғұмыр. Бірақ, ол қаншалықты машақатты, назардан тыс қалып, жанынды азаптайтын қиындыққа толы болғанымен мағыналы. Санамалап іздейтін болсақ, мұндай өмір иелері бұрын да өткен, қазір де арамызда жүр. Егер сіз, жолыңыз түсіп Алматыдағы Ықылас атындағы музыка аспаптар музейіне бара қалсаңыз, бабалар парасатына тәнті болмай қалмайсыз. Сондай-ақ, сол қатардан Мұратбек Жүнісбековтің ойынан туып, қолынан шыққан, көз майын таусып жасаған «Үшем», «Үш құлақ, бір бұрау», ұлттық музыка аспаптарын көздестіресіз. Мұны көрген жастар жаңы Мұратбекті өткеннің еншісіндегі шебер деп ойлап қалуы да ғажап емес. Бірақ, оның әлі, сазгер ретінде ұлттық өнерге өзіндік жол салумен қатар, Ахмет Жубановша айтсақ: «Мұратбек Жүнісбеков түрлі қобыздардан құралған ұжым жасап, өмірге әкеліп, ұлттың жоғын жасап, өнерді өрлеткен Ледакол» болғанын еске сала кетейік.

ҚОБЫЗ САРЫНЫ



ЕЛЕБЕКОВТІҢ ШӘКІРТІ

Жалпы, ер жүректі бастау қиын. Мұратбектің өмірдің қасиетіне шомылуына, шеберлікке бейімделуіне әкесінің ықпалы көп болған көрінеді. Алакөл ауданының Үшбұлақ ауылында туған Мұратбек, есін білгеннен ауыл тіршілігіне белсене араласып кетеді. Қатарлас балалар сияқты жыныстың шабады, отын отайды, от жағады, отқа төсек қалайды, су өледі, өлді түйеді, қой жаяды, қозы жаямұратады... Күнәсіз кәсіпқой бала Мұратбекті шаруа жүйесі септігін тигізеді. Ал ат жалын тартып міне бастағаннан әкесі Жүнісбекке еріп, аңға шығады. Айтпақшы, Жүнісбек атамыз Ұлы Отан соғысынан мүгедек болып оралды да, кеңтар қолы ауыр жұмысқа жарамайды. Сондықтан күнде етіншілер мен суқыларға азық жеткізу міндетін өтейді. Мұратбек атқа отырудың жарағашын бастап, әкесінің жарымды көмекшісіне айналады. Арасында әкесімен бірге аңға шығуды да адетке айналдырады. Ерді алдына қос ауыз жылтырын квадиенен артып алатын Жүнісбек ата үнсіз шалғанды қия жібермейтін мерген еді. Атқан аңды алдына өңгеріп алуға дектер қой немесе жүк өбежесіне ағытып салып, шалымдап алып, қуылға дейін әкелейін. Бірақ, ауылға жетпесіне ол бірнеше рет ауыр түсін қала беретін. Осы шіркіністерді көріп әскен Мұратбек, енді әкесіне ыңғайлы, аңның терісін нықтайтындай дұзне жасауды ойластыра бастайды. Бала қиялы ұшқыр болғандықтан, қолда бар балташотқен оңай аспапты жасай алмайды. Осылай ойнап армап оны шеберлікке бейімделіпке армаяға жетелейді. Қол босай қалған түста ағашты жонғалап, өлдібір нәрсе жасауға ұмтылып жүреді. Тіпті, атқа шабу мен қамшыда күрестен де бірақ тәсілін меңгереді. Мектеп қабырғасында жүргенде ашықтығымен де ақыл түсі бастайды. Орта мектепті бітіріп, әскерге барғанын өзіңуге аттанғанда бала шақтан үйренгендері өзіне кеп көмектеседі. Армия қатарында жүріп, спорт шеберіне ұмтылар атанса, әскери бөлімнің ансамблше қатысып, ақиндық, биіндік өнерлерін шыңдайды. Қайсы біріне терің айтайық, әскер қатарындағы міндетін өтеп ауылға үлкен беделмен оралған соң ендігі өнерге деген құштарлық алаңдата бастайды. Радиодан естігең тамаша дауыстар түсінен шықпайды. Ауылдық мектепте музыка пәнінен сабақ беріп жүрген Мұратбекті, оқуға түсөем деген арманы көп қинайды. Бір күні қасында ауылдан бірге келген екі досымен қазіргі Бегенбай батыр көшесімен кетіп бара жатып, біреулердің ән айтып жатқанын естіп, соған қарай бұрылады. Иәне басып, үлкен ғимараттың ішіне енеді. «Іздегенге сұраған деген осы болар», өнер студиясына түсетін үміткерлердің емтиханы өтіп жатыр екен. Жастықтың желігі болар емтихан кезегіне тұрған бір қыз балалы домбырасын ала салып, сахнаға шығады. Іркілмей «Айшамкөзді» бастап кетеді. Сонда емтихан қабылдап отырған бағалаушы қолын көтеріп тоқтатады да:

– Арнаның өнін айтасың ба? – деп сұрайды. Сол жерде өнінің де бөлінетінін бірінші рет түсінген ол:

– Жоқ, – деп жауап береді де «Не болса да сынап көрейін», – деп «Шапибалауды» айта жөнеледі. Ауылдың таза ауасымен тыныстап, сыңсыған орман, сарқыраған өзен бойында еркін дауыспен ән айтып үйренген дала баласының үні ғимарат ішін ерін ұшып кетеді. Маналап бері жандарына жағымды әуеннің үні жетпей, іштей күйініп отырған комиссия мүшелері еден ете қалады.

– Тоқта, тоқта, – деп тоқтатып алады манағы кісі.

«Жетпей жерім осы болды-ау», – деп ішін бейшара бара алмай тұрғанда:

– Сен қабылландың, – дейді бір түрлі ризашылықпен. Сол үн бүгінде жеттісті алысқадан қалған Мұратбектің құлағының түбінде күнде жаңғырығып тұрады. Жүрегі алып-ұшып, сахнадан түседі. Міне, осылай Мұратбек Жүнісбеков қазақтың биртуар ұлы перзенті Жүсіпбек Елебековтің шәкірті болып шыға келеді. Студенттік өмір қаншалықты қызықты және қиындыққа толы болса да, арманшыл, ауылдың қайнаған өмірін көрген Мұратбек Жүсіпбеков үшін аса ауырлық тудырмайды. Құлай берген талант Елебековтің тербеесімен шыңдала түседі. Ұстаздарға да, бір топтағы құрдастарына да сыйлы, беделді болады. Үлгеңсер бауырымды деп жақын тартса, кішілері ағасындай құрметтеп, аскартаудай көреді. Оның бітірген соң Алматыны жағалап, балашақ мамандығына табан тірер тұпқақ талдайды. Сол арманы ақтастырған жоқ. Қырық жыл бойы өнердің күйлаған ортасында жүрді, халық әндері мен қоса Ақан сері, Жаяу Мұсаның ғаны қалқына жеткізді, әлеуметтік көптеген өлшем қазақтың халық өнерін шырқап, таза да кіршіксіз өнердің өкілдерінің бірі етті.

Сөз арасында:

– Бақыт деген не?

– Денсаулық.

– Парызыңызды орындай алдыңыз ба?

– Еліме қалтқысыз еңбек еттім.

– Жауапкершілікті қалай түсінесіз?

– Бұл – өте қиын және күрделі ұғым. Ол адамның нағыз адами болмысын өз орнында жұмсау.

– Өмірде өкінген сәтіңіз болды ма?

– Айналаңдағы сенен де таланты мен біліктілігі төмен адамдар жоғары атақ алып жатқанда, санымды қағып, сабырымды шақырған түстарым аз болған жоқ. Кезінде қазақ радиосына қанша ән жаздым. Бірақ, сол туындылар артынан өшіріліп отырғанын кейін білдім.

– Атаққа қалай қарайсыз?

– Жасаған еңбек, төккен терің өзіне сай бағаланып жатса, оның несі жаман?

– Қорқатыныңыз не?

– Өнердегі пендешілдік.

– Отбасы?

– Жауапкершілігі мол жарым, алтындай Жұлдыз, Айгерім атты қос қарлығашым бар. Олар өнерден гөрі заң саласында жұмыс жасауды қалады. «Әкенің көңілі балада, баланың көңілі дала» деген сол екен. Солардың тілеуін тілеп жүремін.

Қажет АНДАС
"Жетісу"









Гастрольдің қызықтары

Мұратбек Жүнісбеков қаптеген мемлекеттерде өнер көрсетіп, қазақтың өлмес үнін өнді, тілі, түсінігі басқа ұлттарға насихаттап қайтты. Нәтижелі сапардың қызықты түстары да көп болыпты.

Париж *қаласындағы кезекті бір концертте Мұратбек Жүнісбеков ән алдынан «Ардақты» шырқайды. Бірақ залда отырған 800 жуз тыңдарман өзінді ән мықлас таныпайды. Тыс етіпен ән шырт етіп қалғанда дыбыс естіледі. Содан кейін «Аһаа», «Жақ дауреш әндерін шырқайды. Осы кезде зал дүрілдап ала жөнеледі. Сахнаны жан-жақтан қақтырылған гүл басып қалады. Француздардың сатылда гүлді көпге бермей сақтап қақтырады екен. Ал енерлері оны басып өтіп, санитарлық-гигиеналық белгісі деп қабылдайды. Басында гүлді басудан өзеңген, оған француз әнінсі Жақоветта сыбырлап түсіндіреді.*

Прага *қаласында делегация мүшелерімен қалалдағы ең үлкен өйнек өндірген өндіретін зауытты көруге барады. Қолына қазақтың домбырасын ұстаған өнертаныс кұмысшылар өнер көрсетуді өтінеді. Алдымен «Ой алтын қыз» әнін әуелетеді. Осыдан кейін зауыт басшылығы 10 минутқа жұмыс тоқтатып, Мұратбектің әнін тыңдауға рұқсат етеді. Содан дейін зауытта мұндай жандай кездесулер өткен.*

Куба *астанасы Гавана қаласындағы концертханада сол түстағы «Қазақконцерттің» директоры Асылғазы Бекбаевтың бір үстелге отырып қалады. Үстел толы, астың шеңбе ең алдымен кездерге өлгілігін пісірілген ет түседі. Бірақ, ақтқұрлеулер қанша шәйнеса да тістеп өтпейді.*

Сонда Асылғазы Бекбаев:

– Мынау қара сиырдың еті ме? – деп сұрайды.

– Білмеймін, сопсоң шығар, – дейді Мұратбек.

Мұны естіп қалған аудармашы қыз:

– Тәңір тәсбасының еті – деп түсіндіреді.

Ангола *мемлекеті Португалиямен отарлаған шағып дербестік алғанының екі жылдығын улықтау мерекесіне орай. Концертер одағының делегациясы құрамында сол өңірге барады. Сонысын енді ғана құтылып, жағдайы нашар елдің концерт жақтан сахнасы да жоқ екі. Далада өнер көрсетуге өнертаздардың құнсіздіктен ойнағын пәтерлер өз өнерінің жанынан берген өкпелер қосып береді. Оққағарлар сахнада да өнінен бірге жүріп, оны қорғайды.*

Индияға *барған сапарында өлер сол елдің мемлекеттік өлметану музейін тамашалауға барады. Ерине, жат елдің көбір затқа таңсық келеді. Бірақ, сол музейде Мұхаммед Пайғамбардың (с.ғ.с) таяқ басынан табан із мен бір тап орамал сақталған екен. Ерине, Пайғамбарымыздың қолғап табаренке қалғанына олар қол жайып құлшынып, таңырғаға сырт қез мүмкіндік берменді. Сонда да шетей тілек тілеп қалғанды.*

жаңа уақытқа сай эстетикалық тәрбие беру платформасын жасаған, жұрнағы қалған ұлттық мұраны түгендеген, қазақтың ежелгі киім үлгілерін қайта оралтқан, қазақ тілі мәселесін көтерін, Наурыз мерекесін ұлтпен қайта қауыштырған ұлт қайраткері Әзбекәлі ағасынан Мұратбек ең ұлы қасиеттерді ала білді. 1985 жылы мәдениет министрлігіндегі қызметінен ауысқан, сол түстағы Алматы облыстық өткару комитеті басшығының орынбасары міндетін өтеп жүрген Өзбекәлі Жөнібеков, Мұратбекке шақырту жіберед. Үлкен кісінің алдына бару ынғайсыздау болмасын деп, өзі жасаған домбырасын ала барады. Домбыраны ары-бері төңкеріп көрген Өзаған:

– Мен сен жасаған қобызды, қуыс мойын, үшем, үш құлақ-бір бұрау домбыраларыңды көрдім. Жалпы, бүгінгі күнде өте қажетті дүниелер. Ал Нар қобызды көрдің бе? – деп сұрайды.

– Жоқ.

– Бір мақаладан оқуымпа нарқобызының бықтігі он метр болған екен. Соны жасай аласың ба? – дейді сәнін сабақтап.

– Жарайды, аға оны жасармыз. Ал ыспасын қалай тартамыз? – дейді ішін пейілмен.

– Ол жағын білмеймін, маған керегі нар қобызды жасап шығасың, – деп қатаң тапсырма береді.

Бірақ аты бар, заты жоқ дүниені қайдан таппақ? Мұратбек Өзағала:

– Жарайды, шабайын, бірақ, суретін, формасын беріңіз, – деп сұрайды.

Сонда Өзаған:

– Мен сағаи сенгендіктен айтып тұрмын. Бірақ, қалай жасайсың ол сенің жұмысың, тек алты домбыраның дауысын басып тұрса болғаны, іске сәт, – деп шығарып салады.

Отырарда туып, Торғайда «Шертер» ансамблін құрған Өзағанның, Алматыда облыстық филармониядағы «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрауды жоспарлап жүрген кезі еді. Нар қобызды естуі болса да, көзбен көріп, қолмен ұстап көрмегендіктен, Өзағанның кабинетінен Мұратбек ауыр ой арқалап шығып, үйіне жалғ қайтады. Қазіргі Достық көшесі мен Жолдасбеков көшесінің қиылысына келгенде, жол жөнден жатқан бригаданың үстінен түседі. Сол жердегі қазылған терең шұңқырдан нар қобыз шабуға жарамды ағашты байқап қалады да, жұмысшылардан ақылан жүріп, үйіне жеткізеді. Енді Өзағанның тапсырмасы бойынша қобызды жасауға кіріседі. Қобызды шауып болып, бетіне түйенің терісін тартып, бұзаудың терісін тартып, мойнын көдімгі қобыздардай емес, ішегін саусақпен басып ойнайтындай етіп жасап шығады. Бірақ, Мұратбектің жобасы басында Өзағанның ойынан шықпайды:

– Қобыздың ішегін басып ойнаған деген не? Қазақтың құндылығы қайда қалды? – деп наразылық білдіріп, қайта жасауды тапсырып жұмысына кетеді. Қанша түсіндіргенімен. Өзаған Мұратбектің пікірін тыңдамайды. Бірақ, Мұратбек те өз пікірінде қалтының білдіреді. Сол күні ешіме осымен бітеді. Ертесі облыстық филармонияның сол кездегі директоры Қабиден Тұяқаев Мұратбекті іздеп келіп, Өзағанның өсілі пұсқаны дұрыс деп тапқанын жеткізеді. Нар қобыз Өзағанның тапсырмасымен осылай өмірге келіп, қасында 1985 жылы құрылған «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамблінде ойналады. Осыдан кейін, Өзаған Шу өңіріне жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған ежелгі «Адырна» аспабының үлгісі бойынша «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің паспорты болатын "адырна аспабын" жасауды жүктеді. Өкінішке орай, "адырнаны" қайта жаңғыртқан, оның еңбегін бүгінде көп адам ұмытып кетті. Сондай-ақ, осы ансамбліге арнап жасалған «Бес бұрышты домбыраны, шіңкілдентіі» ұстайтындардың арамызда ұмыпшай жүргені ойландырады. Бұдан басқа Өзағанның тапсырмасымен нар қобыз, адырна, кең шанақты домбыра, шертер аспаптарын түгендіп рет жасап пыысқа, тегы да «тоғыз тоқсыллақ-бір шіңкілдек» деген ескі ескере отырып, домбыраның ең кішкентайы – шіңкілдекті жасап шығарды, кейіннен өз қолымен жеті бұрышты дабыл, ұзынаяқ, сым қобыз, қыл қобыз, ләң қобыз, жез қобыз, сазгек, бұл-бұл саз, қылшған, сақпан саз аспаптарын, тарихи деректерге жүгініп, қажеттілікке жаратып жасап шығады. Бір шебер бар көргенін жасайды, енді бірі өңдеп, өзгертіп, дамытып, түрлендіріп пайдаланады. Көргенін жасайтындар шеберлік тарихында, болашақпен хабары болмайды. Оларды тек табыс табу үшін еңбек еткендер деп санаймыз. Олар тек әлпеметен шықпайды, өзгеріс енгізу, дамыту, жаңалау туралы ойланбайды. Ал шеберлікті өнер деп түсінетіндер тарихпен санасып, ұлттық құндылықпен үндесіп, заманмен бірге дамып отырады. Мұратбектің жасаған аспабының бәрінде бір тарих бар.

Соның бірі бүгінде Ықылас атындағы музыка аспаптар музейінде сақтаулы тұрған мұралар Мұратбек Жүнісбековтің өз пдемсынан туған, қазақ музыка өнерінде тамаша тарту болып есептеледі. Айтпақшы, «Сазген» деген ескідің өсілі мағынасы «Сазкен», яғни саздың кені дейтін ұғымнан туған.

Кейінде «Сазкен» сөзі дыбысталу үндестігіне сай «Сазген» атанып кетеді. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Өзбекәлі Жөнібеков, Омар Қаймолдин, Мардан Байділдаев, Әбдуәлі Қайдаров сияқты мәдениет пен өнердің, әдебиет пен ғылымның паркасқалары бұл атауды музыка аспаптар музейіне қоймақшы болады, бірақ сол жерде ашылған ансамбльге «Сазген» атағы қойылады. Кейін ол ансамбль, облыстық филармонияның құрамына өтеді. Басында бірақ жыл көрермендің ықыласына айналған аспап қазір шеберін үйінде сақтаулы тұр. Өкінішке орай, сазгеннің алғашқы авторы Мұратбек Жүнісбеков екендігін бүгінгі жастардың бірі білсе, екіншісі бізде бермейтіні өкінарлы. Сазгеннен кейінгі «Үш құлақ - бір бұрау» атты домбыраның тарихы да қызық. Ягни, сахнада өнің бір өнді орындап болған соң, екінші өнімге ауысқанда домбыраның құлағын теңшеп, өзгеріп болып жатады. Бұл - концерттік бағдарламаның реттеі жүргізілуіне кедергі келтіріп, тыңдарманды да мазаі етеді. Сондықтан өнерпаздың осы қиындығын шешу үшін құлағын жоғары-төмен ауыстырып, бір өнмен екінші өнге іркілесіз өтіп отыратын домбыра өмірге келеді. Тең қана өнділерге арналған аспап бүгінде Ықылас атындағы музыка аспаптар мұражайында сақталуда.

ЕЛБАСЫНА ДОМБЫРА СЫЙЛАҒАН

Мұратбек Жүнісбеков тыңдарманның жүрегіне жол тапқан жеңгаздай өнші, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген әртіс, көне музыкалық аспаптарды түрлендірген алтын қол шебер ғана емес, этнограф, ғалым десек те артықтық етпейді. Тұла бойына тұнған дарының сегіз қырлы өнерге арнаған таза да асқақ жан. Кезінде оның біліктілігін, жауапкершілігін есеріп, талай бик орындарды ұсынады. Бірақ, бұл ұсыныстардан бас тартады. Одан гөрі үйдегі шеберханасында тарихпен сырласып, киелі сахнада тыңдарманға өнерін тарту етуді артық санайды. Тұңғыш Президентіміздің 50 жылдығына домбыра жасап, алғаш тарту еткен де Мұратбек Жүнісбеков.

Десе де, өнерде жүрген ер адамның өз қолтаңбасы болады. Осы тұрғыдан келгенде Мұратбек Жүнісбеков пен қобыз бір ұғым сияқты сезіледі. Расында қобыз дарақылықты көтермейтін кіршіпдеу аспап. Оған екінші бір дыбысты қосу үшін, дыбыстар арасындағы үндестіктің тепе-теңдігін бұзбау керек. Мысалы, қобызбен ән айтқанда өншінің дауысы қобыздың үнін, қобыздың үні өншінің дауысын басып кетпеуі керек. Қобыздың осы қасиетін жете білетін Мұратбек Жүнісбеков ылғи қобыздан тұратын көне сарынды аспаптардың өзара үндестігін көрсететін таза ұлттық аспаптан ансамбль құрады ұзақтан арман етіп жүреді. Сол арман 1988 жылы жүзеге асып, облыстық филармонияның жанынан «Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамблі құрады. Алғашқы шымылдығын Балқаш ауданындағы гастрольдік сапарда ашқан ансамбль талай киелі сахнада өнер көрсетіп, тыңдарманның тәнті етеді. Соңау Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, аталған ансамбль, қаржы, тағы да басқа да қиындықтар салдарынан бір мезгіл тарап кетеді. Бірақ, өмірге келген өзгеше идеяның отын өшірмеуді арман еткен Мұратбек Жүнісбеков оны отбасылық ансамбльге айналдырып, үлкен концерттерде өнер көрсетіп жүреді. Тіпті, бұл тақырыпта монографиялық зерттеу қызығушылық туғызған түрік ағайындары өз елдеріне шақырады. Бірақ, өз өнері өз елінде тамыр жаюы керек деген ойлары олардың ұсынысын қабыл алмайды. Ақыры, 2002 жылы облыстық филармония Талдықорғанға көшіп келгеннен кейін, 2003 жылы «Қобыз сарыны» қайта аталады. Ансамбльдің қазір үлгісін жүбайы және ансамбль мүшесі Зере Есенқызы, «Ар-салон» тігін шеберханасының бастығы Атлас Ілияс-қызымен ақылдаса отырып, жасап шығады. Осы ансамбльге қобыздың табиғатына арнап: «Кайдасың, кайда, сол бір кез?», Елбасыға арналған «Ғасырлма жарасқан дастан адам», «Қорқыт сазы», «Алланға тағзым», «Нұрлы Атаға» «Алақолім» сияқты өндер мен «Кабанбай жорығы», «Тәуелсіздік толғы», қатарлы күйлерді жазады.

Облыстық филармонияның Астана қаласында 2003 жылы өткен есепті концертінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қобыз сарыны» ансамблінің өнерін тыңдап отырып, облыс басшыларына: «Мына ансамбльді сақтай біл, бұл дүниедегі теңдесі жоқ ансамбль», – деп тапсырма береді. Ал 2005 жылы Астана қаласында өткен «Шабыт» фестивалінде қатысып, бас жүлдені жеңіп алады. Сол фестивальдегі жүйкеге түскен салмақ, тынымсыз жүгіріс, Мұратбек Жүнісбековтің денсаулығына қатты өсер етті. 8 қараша күні ансамбль жүлдегер атанып, фестивальдің дипломын алып жатқанда, Мұратбек Жүнісбеков Алматыға аяқ астынан емханаға ұшып кетеді. Осылай Астанаға үміт үзілген екі апқпен аталып, екіншісе орай, таяқка сүйеніп оралады. Бірақ 2011 жылға дейін қатардан қалмай ансамбліне айналып етті. Содан кейін денсаулығы нашарлап, айналдырған ауру, ақыры арбаға таңып тынды. Әбетте, ауру азабына төзуге болады ғой. Бірақ, өзекті өртеген кейбір өкінштің емі жұқ арада табыла қоймас екен? Қысқасы, қобызбен өрілген құндылықты бүгінде қарашығымыздай сақтай алмай отырғанымызды десін жасырайық. «Нұр Отан» партиясының мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Құрмет орденінің иегері, Президентіміздің елімізге алып берген Тәуелсіздігіне қосқан үлесім деп есептеген Мұратбек Жүнісбеков осы ансамбльдің құндылығының жоғалғанына өкінішпен қарайды. «Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамблі әлі де жұмыс істеп тұр, алайда Елбасының назарын аударған нар қобыз, сыбызғы, төк қобыз, жез қобыз, сазгек, бұл-бұл саз, қылшған, сақпан саз, жеті бұрышты дабыл аспаптары бүгінде Мұратбек ағаның үйінде жинаулы тұр. Бұл қалай өнерге жасалғаны қиянат емес пе...

Түйін:

Қазақ халқы зерек, таңқыр, теңдесіз, қонақжай екені рас. Ал бастаған ісін арыға апарғайтыны, өзі жаратқан дүниенің өлшіп не бола алмайтын бейқамдығы тегі бар. Расында, қазір әлем халықтары өркениеттің тұп-тамыры өнертапқыштар арқылы пайда болып, шартарапқа қанат жайғанын мойындап отыр. Оған дәлел келтіріп, сылтау іздеудің реті жоқ. Сол өркениеттің бүгінгі негізі біз – қазақтар болуымыз керек еді. Өкінішке орай, қолда бар асылдарымызды көптің ортасында шасқанатындай гөрі, музейде сақтаң, қабинетке қамап, жұртқа көрсетуге қимайтынымызды ойлаз де білмедік. Айтайын дегенім, Мұратбек Жүнісбеков жасаған, түрлендірген музыка аспаптарын қайта қолға алу өзекті өнекіпіс еді.

Өкінішке орай, Мұратбектің өркениетке қосқан үлесі халқымыз санаиы талайдың. Тіпті, бүгінде ақпарат құралдары арқылы өлім жарнамалап, ұлттық музыка аспаптарын жасаушы кәнәда таулы жүрген талай шеберлің Мұратбектің қолтаңбасын нәлікке жаратып, неделенің жүргенін біреу біліс, біреу білмейді. Мүмкін, мәдениет саласының қайраткерлері осы шындықтың ақ-қарасын ақыратып, тала талаптың таңда қалмауына мұрындық болатын шығар.

Тұңғыш ән, өнерпаз өлдің перзенті болғанның кейін өркім өз жұмысында өлімдік үлес, жаңалық қосуы керек. Мұқан Төлебаев «Біржан – Сара» операсын жазып, алғашқы ауызша қарғыс, Ахмет Жубанов Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрін құрып, лауір бұзар жаңалық ашады. Нұрғиса Тілендиев биік белесті шығарған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрі өз орнын тапқан өнер отауына айналды. Сол қатарда «Қобыз сарыны» фольклорлық-этнографиялық ансамблін құрып, оны дамытқан, жетістікке жеткізген Мұратбек Жүнісбековтің еңбегі ешкімнің қойнында. Ешкімо, оның есілі ансамблының қосқа атаған шұр үстіне шұр болар еді.

Мұратбек Алакөл ауданының тумасы. Бір қызығы, Мұратбек Жүнісбеков сол ауданда бірінші рет оқыған мектепті бітірген, бірінші рет жастар хабарласында жұртқа спорт шеберіне ұмтқан атанған, бірінші рет ансамбль құрған адам. Өнердегі, өнердегі жетістігі жеткілікті. Бірақ, осы күнге дейін алакөлдіктер өз перзенттеріне ауданның Құрметті азаматы атағын қимай жүргенін таныс бар. Ішкі облыстық филармонияның құрылғанына 40 жыл толады. Сол ұжымның алғашқы ұясын шалқытқан. 1 наурыз күні жетпіс жасқа толатын бірінші батталатын баяғын. Мұратбек Жүнісбековтің өнерге сіңірген еңбегін ол азаматтары өскерусіз қалдырмай, мерейлері асқақ берулін де қиынды шығар деп ойлаймын.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● №36-37 (17737) Бейсенбі, 28 наурыз, 2013 жыл. ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

●*Жайдарман жаңалық*

ЗАҢГЕРЛЕР ОДАҒЫНДА

Елімізде демократияны одан әрі нығайту және құқықтық мемлекеттің тұғырын бекіту жолында былтыр «Қазақстан заңгерлерінің одағы» атты республикалық қоғамдық бірлестік құрылған еді. Кеше «Нұр Отан» ХДП-ның аңірлік бөлімінде аталмыш қоғамдық ұйымның облыстық филиалын құру бойынша құрылтай конференция өткізілді. Жиынға облыс әкімінің бірінші орынбасары Амандық БАТАЛОВ төрағалық етті.

Конференциядағы алғашқы сөз әділет департаментінің бастығы Бейбітбек Есенбековке берілді. Баяндамашы бірлестіктің әлеуметтік маңызына тоқталды. Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруда өз септігін тигізер үкіметтік емес ұйым – бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Филиал құру конференциясының делегаттарымен қатар өз пікірін ортаға салған облыс прокуроры Ғабит Миразов заңгерлер одағы жоғары оқуды жаңадан аяқтаған жас мамандарға да тәжірибе жинақтауға таптырмас мүмкіндік туғызатынын алға тартып, прокуратура саласында орын алатын кейбір жайттарға назар аударды. Ғабит Төреұлының сөзі қоғамдық бірлестіктің маңызын еселей түсті. Делегаттардың ойы ортаға салынғаннан кейін конференция барысында филиалдың жарғысы және тұжырымдамасын бекіту мәселесі көтеріліп, көпшіліктің дауысымен қабылданды. Ал «Қазақстан заңгерлерінің одағы» РҚБ облыстық филиалының төрағасы болып әділет департаментінің басшысы Бейбітбек Есенбеков сайланды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

"ЖЕТІСУ"-ақпарат

●РЕСПУБЛИКАДА

Таңжарықты тану

Қазақстан Жазушылар одағы [illegible] салтанат залында өткен жазушы Тұрлыбек Мәмесейіттің «Таңжарық» дилогиясы [illegible] тарихымен қайта табыстыратын [illegible].

[illegible]

● ОБЛЫСТА

Кішіге – ізет, үлкенге – құрмет

Ұлыстың Ұлы күні – әз-Наурыз қарсаңында облыстық сот төрағасы Тілектес Берлібаев бастаған судьялар корпусы «Айналайын» балалар үйінде қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

[illegible]

●АУЫЛДА

Бірлік пен береке бастауы

Көктен шуғыласын төккен көктемнің мамыражай күні әз Наурызбен ерекше күйге енуде. Дәл осы ынтымақ пен берекенің бастауы болған Наурыз мейрамын Талғар ауданындағы ГҮЛДАЛА ауылдық округі де ерекше көңілмен қарсы алды.

[illegible]

●*Мереке айшықтары*

Өткен жылға өкпе жоқ, қай салада болса да оң өзгерістер, игі жетістіктер ел мерейін өсіріп, көңілге қуаныш ұялатар жетістігімен есте қалды. Десе де, қытымыр қыстың да біраз әуресін бастан өткердік. Бірақ, Наурыз айы туысымен жұрт жүрегін Жер-ана өзінің өзгеше табиғатымен бірден желпіп әкетті. Осыған қарап-ақ, биылғы Жылан жылының берекелі, мерекелі болатынын аңғардық. Сондықтан биылғы Наурыз тойы республика аумағында кең көлемде тойланды. Бұған жұрт куә болды. Осыған орай, Жетісу өңірі де қасиетті мейрамға өз үлесін қосып бақты. Облыс орталығынан тартып, аудан-қалаларда, тіпті, шалғай елді мекендерде, әр отбасында салтанатты мерекенің шырайы кіріп, шымылдығы түрілді. Бір қуанарлығы, жыл өткен сайын қасиетті мерекеге деген жұрттың ықыласы артуда. Еліміздегі барлық ұлт, этнос өкілдері Наурыз мейрамын қызыға, қуанышты түрде қарсы алу дәстүрге айналды. Осы күні Талдықорған қаласының орталық алаңына жиналған қауым өте көп болды. Ақсақал да, орта буын өкілі де, жалындаған жастар да, табиғатқа қызыға, құштарлана қарайтын жас өскін де осы күннің қуанышын көлдей көңілімен бөлісті. Салтанатты мерекеде облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ құттықтау сөз сөйлеп, Жылан жылының берекелі болатындығына сенім білдірді.



Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

сана жаңғырып, жүрек нұрланды

– Қымбатты қауым!

Бақ-береке орнаған қасиетті жерімізге әз Наурыз қадам басты. Баршаңыздың қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келе жатқан Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен құттықтаймын!

Наурыз жарқын өмірді, ұрпақтар сабақтастығын бейнелейтін ұлы мейрам. Оның жалпыадамзаттық құндылықты бекітуде, мемлекеттігімізді, ұлтаралық келісім мен өзара татулықты нығайтудағы маңызы орасан зор. Бұл күнді халқымыз жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Расында Наурыз өзінің мыңжылдық тарихында баршаның сүйікті мерекесіне айналды. Халқымыз Ұлыстың ұлы күні көже жасап, одан дәм татып, қыстан қысылмай аман шыққанына қуанып, бір-бірінің кателіктері мен өкпе-реніштерін кешіріп, татуласқан. Сөйтіп, адамдар бір-біріне жақсылық, құт-береке тілейді. Осылай адамның ырысы молайып, малдың өрісі кеңейеді, мерейлі күн баршаны ізгілікке, жақсылыққа ұмтылдырады. Бұл мезгіл – жамандықтан жақсылық басым түсіп, сана тазарып, жүрек нұрланатын шақ. Қашанда дастарқаны дарқан, қарнысы баталы болатын мереке сибекті, молшылықты, игі тілектер мен татулықты дәріптеген.

Шүкір, өткен жыл еліміз үшін жаман болған жоқ. Жалпы, қоғамдағы береке-бірліктің арқасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік жылдары ғасырға бергісіз жолды өткеріп, әлемдік аренада өзіндік орны бар мемлекетке айналды. Халықаралық дәрежедегі аса маңызды шараларды Астана қаласында өткізу дәстүрге айналды. Жаңа Елордамызда әлемдік дәстүрлі дін өкілдерінің съезі, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының саммиті, Шанхай ынтымақтастық ұйымының шаралары, жетінші қысқы Азия ойыны жоғары деңгейде өтті. Өткен жылы Астанамыз «Экспо-2017» халықаралық көрмесін өткізу құқығына ие болды. «Бір кісі жаққан алауға мың кісі жылынады» дегендей, осы жетістіктердің барлығы Елбасының сындарлы саясатының жемісі екендігі анық.

Осыған орай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы артып, жаңа жұмыс орындары ашылып, тұрғын үйлер, жаңа мектеп, ауруханалар бой көтеруде. Сонымен қатар, биылғы Наурыздың Мемлекет басшысының «Қазақстан – 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауынан туындайтын негізгі басымдығы әрбір қазақстандықтың бақуатты тіршілігі болып табылатын жаңа мақсат-міндеттермен басталатындығы көңілге сенім жүктейді. Әрине, атқарылған жұмыстар жеткілікті. Десе де, алдағы міндеттер де ауқымды. Сондықтан Жаңа жыл тәуелсіз елімізді, өңірімізді биік белестерге жетелеп, ұзақ жылы жетістерге жетуге дем береді деп сенемін, – деді ол.

Барлық ізгілік атаулыны бойына жиған ұлы күнді бүгінде барша ұлт пен ұлыс халықтық мереке ретінде қарсы алуда. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Наурыз барынша жаңғырып, жаңаша сипатта тойлана бастады. Ата-бабаларымыз бұл күнді «Ұлыстың ұлы күні», – деп бекер атамаған. Наурыз – күн мен түннің теңелетін, табиғаттың түлеп, тіршіліктің жанданатын шағы. Мұз құрсауынан қара жердің тоны жібіп, адамның да көзі қуанып, көңілі жаңаратын кезі. «Өз болмай – мәз болмайды» деген сөздің астарында осындай үлкен мән-мағына жатыр. Халқымыз Наурыз күні: «Ырысымыз асқа толып, берекеміз артады», – деп молшылықты дәріптеген. Ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша бұлақтардың көзін ашып, ағаш отырғызылып, арық тазалап, арық тартылты.

Ал Наурыз тойында ат шаптырып, балуан күрестіру, алтыбақан құрып, думандату да ертеден қалыптасқан үрдіс. Сондықтан, ұлық мейрамды бүгін де салт-дәстүр, жөн-жоралғысымен атап өтіп отырмыз. Наурызды өз деңгейінде өткізу, әдет-ғұрпымызды құрметтеудің алғышарты. Айтулы мереке ел бірлігін сақтап, алыс-жақынның басын қосатын, бауырмалдыққа шақыратын қасиетімен де ерекше.

Наурыз мерекесінен алатын ғибратымыз да мол. Оның адамгершілік пен амандылық мерекесі ретіндегі мәртебесін арттыра түсу баршамыздың міндетіміз. Ұлағаты мол ұлттық мейрамның жақсы пейіл мен игі тілеу, кешірім мен ғабысу сияқты адамгершілік мұраты жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Халқымызда: «Жаңа жылда маңдайың таза, көрікті болса сол жыл пәле-қазадан аулақ болады», – деген сөз бар. Сондай-ақ, «Бұлақ көрсең көзін аш», «Атаңнан мал қалғанша – тал қалсын» деген даналықтың мән-мағынасы да әз Наурызбен астасып жатыр. Сондықтан биылғы Наурыз-думаны облыс әкімі Аңсар Мұсаханов бастаған ақсақалдар мен зиялы қауым өкілдерінің «Бұлақ көрсең көзін аш» атты дәстүрлі бұлақтың көзін ашу рәсімімен басталды.

Осыдан кейінгі мерекенің салтанатты сәті Ардагерлер үйінің аумағында «Наурыз тал» отырғызу салтанатымен жалғасты. Облыс әкімі бастаған алқалы топ отырғызған жас өскінге көпшілік тебірек сая жайсын деген тілектерін білдірісті. Бұл күні Абай және Тәуелсіздік көшелерінің бойы күндегіден өзгеше түрге енді. Жол бойындағы қылқалам шеберлерінің көркем картиналары қаз-қатар тізілді. Тағы бір шетте балалардың қолынан шыққан қолөнер бұйымдары самсап тұр. Қаз-қатар тігілген киіз үйдің маңындағы жұрт өнерінің мерекеге дайындаған сауғаларын көрсетіп жік-жапар болып жүр. Балғындар салған тамаша ән, жас ақындардың суырыпсалма өлеңі, той бастар рәсімі мен жырмен көркемделген рәсімі тілектер еріксіз бетінді сипатады. Осы көріністерге көз сүйсіндірген көпшілік киіз үйлерді аралап, мерекелік көңіл күйін бөлісті. Әлбетте, облыстық, қалалық басқармалар мен облыс орталығындағы кәсіпорын, мекемелердің, университет және колледждер, ауыл әкімдіктері тіккен үйлерде мерекелік шаттықтың жарыны сезді. Онда наурыз көже жасалып, түрлі ұлттық салт-дәстүрлер көрініс көрсетілді. Тәуелсіздік көшесінің бойында қазақ спорттарының қазақша күрес, арқан тартыс, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ, жеңіл атлетика эстафетасы сияқты спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздарды анықталды.

«Қасиетті халық тойы – нұрлы Наурыз» деп аталатын орталық алаңдағы мерекелік бағдарлама қаламыздағы би ансамбльдері мен Б. Римова атындағы облыстық драма театры әртістерінің қатысуымен «Алаштау», «Наурыз шырақ», Қыдыр ата шеруі, Наурыз Ару мен Наурыз Сұлтанның қалыптен қауышу сәті, «Наурыз көже», «Шашу» қойылымдарын нақышына келтіре көрсетіп, көпшіліктің ризашылығына бөленді. Осыдан кейін «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің «Наурыз шашуы» атты өнер тартуы көрсетілді. Бағдарламаның соңы Қазақстанның жас жұлдыздарының қатысуымен жастарға арналған би кешіне ұласты.

(Соңы 2-бетте).

●*Селектор*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Серік Ахметов үш мәселеге байланысты аймақ басшыларымен селекторлық жиын өткізді. Кеңеске облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ пен оның орынбасарлары және сала мамандары қатысты.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ҚЫСҚАРМАҚ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА
«Жетісу»

Отырыста Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөнінде әңгіме қозғалды. Сонымен бірге «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға байланысты» ҚР Заңының жобасы мақұлданды. Кеңесте бірінші болып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов хабарлама жасады. Ол техникалық және кәсіптік білім беру саласына мамандарды тартуға 1,6 млрд. теңге қосымша қаржы бөлу жөнінде ұсыныс жасады.

Қазіргі кезде Қазақстандағы жоғары оқу орындарының саны – 138, ал, алдағы екі жылда бұл көрсеткіш 100-ге жуық болмақ. Министрдің пайымдауынша, бұл дамыған елдерде қабылданған көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік беретін көрінеді. Нәтижесінде көптеген аймақта бір мемлекеттік және бір-екі жеке меншік жоғары оқу орны ғана қалады. Сонымен бірге қазір коммерциялық жоғары оқу орындарының қаншалықты білім беру сапасы жағынан сын көтермейді. Сондықтан мұндай оқу орындары да алдағы уақытта қысқартылмақ. Осыған қатысты Үкімет басшысы, әсіресе, жоғары оқу орнын бітірген түлектердің жұмысқа орналасу жағдайына, мектептердегі психологиялық тәрбиеге және педагогтардың біліктілігін арттыруға назар аударудың қажеттігін сөз етті.

Яғни, бұл ҚР Білім және ғылым министрлігінің тұрақты бақылауында болуы тиіс, – деді ол. Басқосу барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару органдары арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңының жобасы мақұлданды. Заң жобасын қабылдаудың негізгі мақсаты мемлекеттік басқару деңгейі арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату және жергілікті, орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелері қызметінің қайталануын болдырмау, жергілікті атқарушы органдарды күшейту және мемлекеттік қызметтерді халыққа барынша жақындату болып табылады.

Ал, «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту» ҚР Заңының жобасы бойынша ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Өңірлік даму министрі Бақытжан Сағынтаев мәлімдеді. Оның айтуына қарағанда, Елбасының Жолдауына сәйкес ауылдық әкімдерді сайлауды қарастыратын «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша» Заң жобасы әзірленген. Аталған құжаттың басты мақсаты – жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруда азаматтардың конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ету бойынша құқықтық шарт жасау. Заң жобасы Президент Әкімшілігіне ағымдағы жылдың 14 наурызында енгізілген. Сондай-ақ, биыл 1 сәуірге дейін белгіленген тәртіппен ҚР Парламентінің қарауына енгізілмек.

Жиын соңында облыс әкімі Аңсар Мұсаханов күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша жан-жақты шолу жасады. Сондай-ақ, ол білім беру бағытында тыңдырылып жатқан істерге тоқталып, осы бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде сала мамандарының жауабын тыңдады. Сөйтіп, бұл бағыттағы шаруаны одан әрі ілгерілету тұрғысында нақты тапсырмалар жүктеді.

Облыстық мәслихат депутаттарының назарына!

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес V шақырылған облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы Талдықорған қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 38, облыстық әкімдіктің ғимаратында **2013 жылғы 4 сәуірде сағат 15.00**-де шақырылады.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында Алматы облысында атқарылып жатқан жұмыстар туралы.
2. Алматы облыстық мәслихатының кезекті сессиясының төрағасын сайлау туралы.

Тіршілік нышаны

Күннің көзі жылт етісімен-ақ, қара-жайларда тіршілік нышаны байқалып, топталған мал қарасы көзге шалынады. Жасыратыны жоқ, биылғы қыстың қаһарының қатты болғаны сонша, ол аумағында біраз мал басының шығынға ұшырағаны мәлім. Соған қарамастан, шаруалар мал басын аман алып шығуға білек сыбана кірісті.

Ұлбосын ИСАБЕК
«Жетісу»

[illegible]

●*Малы бардың қамы бар*

Солардың қатарында Еркін ауылдық округіне қарасты Еламан ауылындағы Байкен Нұсқажиев жетекшілік ететін «Сырымбет» пен Көптілеу Рысмәмбетовтің «Жансая» шаруа қожалықтары да бар. [illegible]

[illegible]

● Былтыр Талғар ауданының ауыл шаруашылығы саласы бойынша 27,1 млрд. теңгенің жалпы өнімі өндіріліп, 2011 жылмен салыстырғанда 14,9 пайызға өскен. Сонымен қатар, ірі қара, қой мен ешкі, түйе мен шошқаның саны артқан.

● «Сыбаға» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 8 шаруа қожалығы 36,3 млн. теңгеге өз жұмыстарын жүргізуде.

● 2012 жылы мал басын асылдандыру мақсатында Қайнар селолық округіне қарасты «Сырымбет», «Жансая», «Қожа» шаруа қожалықтары «Сыбаға» бағдарламасы бойынша 6 млн. теңгеден несие алса, «Мадияр» шаруа қожалығы 30,0 млн. теңге несиеге қол жеткізген.

ЕЛАМАН АУЫЛЫ,
ТАЛҒАР АУДАНЫ.

ЗАҢҒАР МҰҚАН ЖҮЗГЕ ТОЛҒАН КҮНІНДЕ,

● *Мұқан Төлебаевтың туғанына – 100 жыл*

Мұқан ТӨЛЕБАЕВ туралы көп нәрсені еске алуға болады. Бірақ еске алудың да екі түрі бар. Бірі – кәдімгі күнделікті өмірі, ондағы қасиеттерді білу де, екінші бірі – сол айтылған деп отырған адамның тарихтағы, өнердегі, мәдениеттегі орны, рөлі туралы білу. Ал Мұқан Төлебаев жай өмірдегі ғана білетін адам емес. Ол еліміздің біртуар ұлдарының бірі.



Латиф ХАМИДИ, композитор:

– Мұқанның бойында жылдан-жылға өсіп, ерекшеленіп келе жатқан біздің өнердің жас қайраткерлері үшін үлгі-өнеге болуға жарайтын қасиеттер мол еді. Атап айтарлық басты қасиеті – Мұқанның оқуға, білім алуға жан-тәнімен ұмтылуы, осы жолда ерінбей, жалықпай, тынымсыз еңбектене білуі зор еді.

Кәукен КЕНЖЕТАЕВ, Қазақстанның Халық әртісі, профессор:

– Өз өмірінің ішінде артына тастап кеткен мәңгілік зор кеп дүниесін естіген сайын, оның таудай талабы еске түсіп, қарапайым кұлімсіреген бейнесі көз алдымызға келеді. Ел сүйген композитор, достары қадірлеген бұл тұлға мәңгілік есте сақталмақ.

Қажым ЖҰМАЛИЕВ, академик, әдебиеттанушы ғалым, «Біржан – Сара» либреттосының авторы:

– Мұқан, сөз жоқ, озық талант, ерілі оптимист, терең ойлы, шексіз сезімді, шын мәніндегі өз мамандығының ақыны еді. Ол қысқа өмірін үздіксіз оқу, талмай ізденү, ерінбей еңбек етумен өткізді. Осылардың нәтижесінде қазақтың музыка мәдениетін биікке шығарушылардың бірі болды.

Дариға ТӨЛЕБАЕВА, зайыбы:

– Мұқан өмірде салмақты, көп нәрсені ұстамдылықпен қабылдайтын адам. Оның көзқарасының өзі ерекше еді. Өткір болатын. Ол әңгімелесіп отырған адамына тіке қарамай, көзінің қиығымен ғана әдеп сақтап үңіліп отыратын. Оның ұзын кірпігі, үлкен қара көздері қолдан қиылып қойғандай сондай жарасымды еді. Қолдары нәзік музыкантқа тән ұзын әрі денесі тік ұстайтын кербез жан болды. Мұндай кербездік Мұқанға әкесі Төлебайдан дарыған.

ҚЫРАН ҒҰМЫР

Еркеғали РАХМАДИЕВ, КСРО Халық әртісі, профессор.

Елуінші жылдары Мұқан соғыстың қаулап тұрған кезінде жарлайы келіп оқи алмаған консерваторияның қайтадан барып, бітіріп қайтты. Ал, енді бұл Мұқанға ғана тән ерекше қасиет еді. Өйткені, Сталиндік сыйлықтың лауреаты болған адам консерваторияға қайтадан барып түсіп, білімімді көтеремін деу ол уақыт түгіл, қазіргі заманда өте сирек кездесетін жағдай. Кейін қайтып келген соң «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» операсына кірісті. Осы екі ортада Мұқан екі рет Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланды. 1958 жылы онкүндікке барғанда Кеңестер Одағының Халық әртісі болды. Ол депутаттыққа өзінің туған ауылы Талдықорған облысының Бөрлітөбе ауданынан сайланды. Елуінші жылдардың орта кезі болатын. Бір күні Мұқан мені үйіне шақырып алды. «Мен Бөрлітөбеге барайын деп жатырмын. Мені халқым депутат сайлаймыз депті. Сен маған атқосшы боп барып қайтсаң қайтеді», – деді. «Мұқа-ау, сіздің бұндай қызметіңізге жарайтын болсам барғаным дұрыс қой. Бірақ ондайда шешен, көсем сөйлейтін, көретен адам керек. Мен осыған жарар ма екенмін дедім». Сосын қалжыңға басып «Мен жарайсың деген соң, жарайсың ғой» деп сол жолы өзімен бірге Бөрлітөбеге алып кетті. Сонда есімде қалғаны – ол кейбіреулерге ұқсап қарқылдап күліп не болмаса артық сөйлеп, көп уәде беріп, көпіртіп айтып, артынан пойызға қайта мінгеннен кейін бәрі артта қалды ғой деп кететін кісі болмайтын. Ақырындап қана сөйлеп, ақырындап мығымнан ғана күлетін. Үлгі ұжымшарында біз оқыған мектепте сөйлеген сөзі есімде. «Сендерге депутат болғаннан кейін осы Үлгінің құмын көшіріп тастаймын, үй салып беремін, осы араны гүлстанға айналдырамын деп айта алмаймын. Егер сайлаған депутатымыз Үлгінің белес құмдарын көшіріп тастайды екен десеңдер, алдын ала айтып қояйын, сайламай-ақ қойыңдар» деп күлген еді, жарықтық!

Былайша айтқанда, бұл кісі реалист еді. Орнатылмай жатқан коммунизмді қолдан орнатып беремін деп ешкімге бос уәде бермейтін. Соғыс кезінде мектепте оқып жүрген кезімізде, әлі есімде, Мұқан Үлгі ұжымшарына келді. Содан ауыл сыртында бір жарты шақырым жерде ақшағыл құм болатын. Басқа жерге қарағанда құмның беті ерте кызады ғой. Көктем кезі еді. Сонда, балалық-ай десеңші, үлкеске шыққан бойда ағамыздың не істеп жүргенін сырттай андимыз кезіп. Қолында домбырасы, алдында жайып қойған жолақ-жолақ қағазы бар. Мұқан, теріс қарап отырып бірдеңені түртеді. Бірде мығылдайды, қағазына қайта шұқиналды. Содан кейін Балқаш көлінің жағасында кеме тоқтайтын бір бұғаз болушы еді. Сонда ертеректе Бөрлітөбе ауданының орталығы болған. Кейін Лепсіге ауысты ғой. Сол арада ерте заманнан келе жатқан күйсандық болушы еді. Ол кезде балалмыз, күйсандық дегенді білеміз бе, тәйірі. Соны Қарашығанға кемемен алып келіп, сол арадан түсіріп, өгіз арбамен, жеткізгенін өз көзімізбен көргенбіз. Соны әкеліп біздің мектепке қойды. Бұл соғыстың әлі бітпеген кезі еді. Күйсандықты Мұқан ағамыз күмбірлетіп ойнайды. Біз үйлесте тыңдаймыз. Өзімізше лаззаттанамыз. Содан Мұқан шығып кетсе, қара күйсандыққа жабылып кеп қаламыз. Ол бізге қызық көрінеді. Сөйтсек, кейін білдік, сол қырық төртінші жылы Мұқан елге келіп, шағын құмның үстінде домбырамен теріс қарап мыңдап отырғанда, ақ тер, көк тер болып күйсандықты алып келгенде жазып жүрген «Біржан-Сараның» бірінші бөлімі екен ғой. Шынтуайтқа келгенде, осы күнгі сахнаның көркі болып жүрген «Біржан–Сара» операсының бірінші бөлімі сол Үлгі ұжымшарының ақшағыл құмының жылы ғабымен жазылған.

Кейін «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» Ғабит Мүсіреповпен бірігіп жаза бастады. Бұл кісі либреттоның көбін өзі жазып еді. Қандай бір майталман жазушы, майталман ақын болсын, операның либреттосын жазғанда, онда операны жазып отырған композитордай сезім болмайды. Олар сахнаның заңын дәл композитордай сезінбейді. Мен де төрт опера жаздым: «Қамар сұлу», «Алпамыс», «Тың тынысы», «Дала оттары». Сонда либреттошы кейбір жерін айтып, тіпті, орашолақ ақындыққа үйлесе бермейтін тілмізбен өзімі қосып жазып, буындарын түсіріп беріп, араласқан кезміз де болды.

Мұқан дүниеден озған соң, архивіне бір топ адам болып кірдік. Өзінің қолымен жазған сол либреттоның қойын дәптері әлі күнге архивінде сақтаулы. Бірақ өкінішке орай, ол кісі екі жылдан астам еркін тұра алмай, жіңішке ауру жанын жегі құрттай жеп, «Қозы – Көрпештің» бір актіге жетер-жетпестей бөлігі ғана жазылды. Бірақ детенмен де, ерте ме, кеш пе сол «Қозы – Көрпеш – Баян Сұлуды» Мұқанның аруағы үшін, кешегі Ғабиттің аруағы үшін сахнаға қайта көтеріп шығарса, дұрыс болар еді. Мүмкін мен жазармын, мүмкін басқа бір талантты жастардың бірі жазар. Түбі бір сахнаға шығатыны даусыз. Ал, енді «Біржан – Сара», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлудан» басқа, одан бұрын Брусиловскиймен бірігіп жазған «Амангелді» дейтін операсы бар. Оны біреулер біледі, біреулер білмейді. Бұл – сол Мұқанның тырнақалды дүниелерінің бірі. Бұны сол замандағы Қазан төңкерісінің идеологиясын дәріптейтін дүние деп айтуға болмайды. Бұл Амангелдінің, кешегі Кете батырдың ерлігін айтатын дүние. Опера әлі күнге сахнадан түсе қойған жоқ. Жиі жүріп жатпағанмен де, осындай қажетті жағдай болғанда сахнаға қайта оралып отырады.

Мұқанның жазған эн-романстары өз алдына бір төбе. Халықтың білетін «Май күні» әні, Абайдың «Мен көрдім ұшан қайың құлағаның» өлеңіне жазған романсы бар. Соғыс кезінде шыққан «Тос, мені тос», «Кестелі орамал» дейтін әйгілі әндері бар. Кейінгі уақытта шыққан «Ақмарал сұлу ерке-айым» бар. Біздің жас кезімізде солардың ішінен «Тос, мені тос» деп «Кестелі орамалды» көбірек орындаушы ек. Бұлар майданда жүрген азаматтардың ауылда қалған қарақат көзді аруларына жазған хаты тәрізді, берген уәдесі секілді, махаббатының шырқырап шыққан әні. Оған ұқсас сияқты болып есептелетін Мұқан «Коммунизм оттары» дейтін кантата жазған. Бұған қазір кейбіреулер жымиып күлкімен қарайтын шығар. Мен өз басым 1977 жылы Кеңестер Одағының негізгі заңы қабылданғанда Жамбыл бабаның өсіріне қайтадан кантата жазған адаммын. Және оған ұялмаймын. Өйткені, Қазан айында сол Конституция қабылданған кезде Үлкен театрдың сахнасында 600-ден астам күрделі хор оркестрі соны шырқағанда мұқым ел бөлып мақтанып еткенбіз. Сол өткен өмірге өз басым қорланбаймын. Біздің заманымыз солай болды. Біз коммунизмнің идеологиясына шынайы қалтымыз бен сендік. Бүгінгідей заман болады деп ойлаған жоқпыз. Ал, Қазақстанның егемен, тәуелсіздік алғанына бір адам қуанса, мендей-ақ қуансын. Өйткені, мен қазақтың мың жылдық тарихын білемін. Сол мың жылдық тарихтың ішіне 300 – 400 жыл қазақ осы бостандық үшін күресті. Бірақ сол бостандық бүгін қолымызға тиді екен деп кешегі өткен өмірді сызып тастаудан, тарихты тепкілеуден аулақ адаммын. Сонымен бірге оның хорлары, сюиталары, кино мен театрларға жазған музыкасы көп. Бірақ, Мұқанның жазғандарын санап отырсақ, сан жағынан көп болмауы мүмкін. Кейде біздің композиторлар, ақындар пәлен жинақ, түген кітап шығардық деп айтады. Оныкі жақсы ғой, әрине. Ішінде құнарлы, құнды дүниелер болуы мүмкін. Бірақ менің ойымша өнердің өлшемі санында емес. Он тоғыз том кітапты үйін қоюға болады. Бірақ, кейде соның ішінен он тоғыз ауыз сөз шықпауы ықтимал. Ал, Мұқанның бір ғана «Біржан – Сарасы» неге тұралы?! Қазақтың кешегі айтыс өнерін дүлдүл ұлы мен қызының айтысын, олардың махаббатын, теңсіздік өмірде ғұмыр кешкенін, осының бәрін жырлап кету Мұқанның ғана қолынан келді. Басқа түк жазбаса да, осынысымен-ақ Мұқан Мұқан болып қалар еді.

Мұқан консерваторияда сабақ берді. Бірақ онда алтын уақытын жоғалтқан жоқ. Ол уақытты босқа өткізуден гөрі, өзінің жазып жүрген музыкасының басы-қасында ойлануды жөн көрді. Жаратылысында гүйіктау адам болатын. Композиторлар одағын басқарды. Қайтыс болғанға дейін осы қызметте болды. Мен Мұқан қайтыс болғаннан бері қарай оның рухани өміріне ат салысып келе жатқан азаматтың бірімін. Және Мұқан өлгеннен бері архивін жинап, дүниелерін реттеп, әкесінің мұрасындай сақтап келе жатқан Алтын Кетегенова дейтін өнер зерттеуші бар. Ол Мұқан туралы орысша-қазақша монография жазды. Қазір халық көне мәдениетке, көне өнерге бет бұрды. Менің түсінігімде бұл дұрыс нәрсе. Тарихын білмеген халық келешегіне құлаш сермей алмайды. «Біздің өнеріміз баяғыда осылай болатын, осыдан артық өнердің қажеті жоқ» десек, тағы да кешеуілдеп қаламыз. Сондықтан да жетпіс жыл бойы Еуропаның өркениетіне бет бұрған өнерімізді тоқтатып алмай, екі қазынаны қатар алып жүрсек, түптің түбінде алдыңғы қатарлы өскен елдермен тереземіз теңесері ақиқат. Мұқанның атын жай ғана композитор ретінде атау жеткіліксіз. Оны артына асыл мұра етіп қалдырған қыруар қазынасы арқылы дәріптей беруіміз керек. Менің ол туралы көкейімде жүрген бір шоғыр ойлар осылар.

Ол әлі зерттеле береді. Мұқанның қазынасына терең бойлау қиын да күрделі.

(Естелік автордың «Қыран ғұмыр» атты мақаласынан қысқартылып алынды).

● *Жәдігер*

Қасиетті күйсандық

Мұқан Төлебаевтың «Біржан–Сара» операсын жазғанда қолданған қара күйсандығы мен оған қатысты 20-ға жуық жәдігер бүгінде М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. Күйсандықтың тарихы да қызықты.

1944 жылы Үлгі ұжымшарында тұратын сазгердің әкелері Алматыдағы ағаларынан хат алады. Ол хатында демалыс алып, екі айға ауылға баратынын хабарлайды. Сондай-ақ, ойында жүрген «Біржан–Сара» операсын жазуға кететінін айтып, мүмкіндігі болса пианино тауып қоюын өтінеді. Бұл хабарға үй-іші, жора-жолдас, ауыл-аймақ қуанып қалады. Мұқанды мақтаныш көретін ауыл адамдары жан-жаққа сұрау салып, пианино іздестіреді. Ақыры сол кезде аудан орталығы болған Бөрлітөбе орта мектебінде пианино бар дегенді естіп, ауылдың көптері аудандық оқу бөлімін бастығымен, мектеп директорымен сөйлесіп, жағдайды баян етеді. Игілікті іске км қарсы болсын. Олар да тілектестігін білдіріп, пианиноны беруге рұқсат береді. Енді оны Үлгіге қалай жеткізудің жолын қарастырады. Соғыс уақыты. Көлік тапшы, машина мүлдем жоқ. Ол үшін айына бір-екі рет қатынайтын пароходты тосуға тура келеді. Әуелі түйе арбаға салып Бөрлітөбе пристаніне жеткізеді. Одан пароходқа тиеп, Қарашығанға жеткізгенше Балқаштың толқынына шайқалып барған пианиноны Қарашығанда өгіз арба күтіп алады. Күн табеден күн табанын қыздырған маусымның ыстығында өгіз арбаға тиелген қара «күйсандық» осылайша Үлгіге жеткенше біраз жолды басып өтуіне тура келеді. Демалысқа келген Мұқан Төлебаев «Біржан–Сара» операсын жазуға кірісіп те кетеді. Талай тыныссыз күн мен ұйқысыз түнді композитор қара пианиноның қасында өткізеді. Әнші Қосымжан Бабақовтан жазып алған Біржан әндерін өңдеп, ал «Жар-жардан» «Жоқтауға» дейінгі халық әндерін әсем әрі әнші анасы Тәжбала Ақшалқызына айтқызып, операға енгізген екен. Ауыл жұрты бұрын көрмеген қара күйсандықтың сыңғырлаған үнінә құлақ тосып, мектеп терезесінің түбінде түн ауғанша тыңдап отырған көрінеді. Осылайша Мұқан Төлебаев туған ауылында «Біржан–Сара» операсының екінші және үшінші актілерін жазады. Аталған еңбегі 1949 жылы Мұқан ағаны өнер саласының биік тұғырына көтеріп, Мемлекеттік сыйлықтың иегері атандырады. Осы бір баға жетпес құнды дүниені облыстық музейдің қорына сазгердің ауылынан алып келген Мәдениет қайраткері әрі шірек ғасыр өмірін музейдің басшылық қызметіне арнаған Кәкен Нұртаев болатын. Бүгінгі күні бұл жәдігер ресми қонақтар мен келушілердің қызығушылығын арттырып, музей қорының жауһарына айналды.

Қарлығаш ТҮТҚАБАЕВА,
М. Тынышпаев атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері.



Қазақстан композиторларының ІІ съезінде. 1956 жыл. Отырғандар (солдан оңға қарай): Қ. Қожамияров, Е. Брусиловский, М. Төлебаев. 2-қатарда: Б. Ерзакович, Б. Байқадамов.

● *Өнер әлкесінде*

Оркестрдің сиқырлы үні

М. Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі 1990 жылы Талдықорған облыстық халық депутаттары кеңесінің қаулысымен Талдықорған облыстық филармониясының жанынан құрылып, 1993 жылы өнер ұжымына жерлесіміз, шығармашылығы кемел композитор, КСРО халық әртісі Мұқан ТӨЛЕБАЕВТЫҢ есімі берілді.

Оркестр 1997 жылдан бастап Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының құрамына енді. Құрылғаннан бергі аз уақыт ішінде оркестр Ресей (Мәскеу), Түркия (Стамбұл), Қытай (Үрімжі), Қырғызстан (Ош) елдерінде гастрольдік сапарда болып, өнер өнерін өрлетті. Алматы қаласындағы мемлекеттік опера және балет театрында 2006 жылы концерт қойса, сол жылы Астана қаласындағы Конгресс Холда Қазақстан Республикасының және Болгарияның Президенттері алдында өз өнерін көрсетті. 2007 жылы Астана қаласындағы «Серпер» халықаралық музыкалық халық оркестрлері фестивалінің, 2010 жылы Ақтөбе қаласында өткен «Жұбанов көктемі» атты музыкалық фестивальдің лауреаты атанды. Өткен жылдың қараша айында облыс әкімдігінің делегациясы құрамында Оңтүстік Кореяның Сувон қаласында өнер көрсетіп қайтты.

Ұжымның орындаушылық шеберлігі мен музыкалық-көркемдік репертуары, ұлттық бояуы, өзіндік ерекшелігі артуда. Олар Құрманғазы, Дәулеткерей, Таттімбет, Дина Нұрпейісова, Сүгірдің күйлері мен Мұқан Төлебаевтың «Біржан–Сара» операсынан көрініс, Н. Тілендиев «Махаббат күй-поэмасы», К. Күмісбеков, С. Мұхамеджанов, М. Маңғытаев, Б. Жұмаников, Д. Ботбаев және орыс және шетел классиктерінен П. Чайковский, Н. Римский – А. Хачатурян, В. Моцарт, Вивальди, Ресейдің және қазіргі заманғы композиторлардың шығармаларын орындауда. Мұның өзі қазақтың ұлттық аспаптарына жекелеп жазылып, әлгаш рет оркестрдің орындауында көрерменге ұсынылды.

Бұл оркестрмен КСРО халық әртісі Ш. Қажығалиев, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ж. Темірғалиев, ҚР еңбек сіңірген әртісі Ж. Бегендиков, Н. Тілендиев атындағы республикалық дирижерлар байқауының лауреаты Д. Ғылымов, Ш. Қажығалиев атындағы республикалық дирижерлар байқауының лауреаты Ж. Бекенгуров, Андреев атындағы Санкт-Петербург орыс халық аспаптары оркестрінің бас дирижері Ковлов жұмыс істесе оркестрдің сүйемелдеуімен КСРО халық әртісі Ә. Дінішев, Қазақстанның халық әртісі Н. Үсенбаева, ҚР еңбек сіңірген әртістері Кенжебеков, К. Омарбаев, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген әртістері Гизатуллиндер, Қазақстанның халық әртістері М. Қастуганова, Н. Нұсыжанов сахнада өнер көрсетті.

Биыл қазақтың біртуар композиторы Мұқан Төлебаевтың 100 жылдығына байланысты Мұқан Төлебаев атындағы оркестр талантты дирижерлерді шақырып, бірлесіп концерт өткізуді қолға алды. Бұл – өткенге тағзым, келешекке үлгі болар игілікті жұмыс. Өйткені, осындай мүмкіндікке не болған әр дирижер Жетісу жеріне өзінің жаңалығы, дарынның тың туындыларымен келіп, өнер өнерін соны бағыт, жаңадан леп береді. Сондай-ақ, еліміздің төрт бұрышындағы сазгерлер білетін Мұқан атындағы атындағы оркестрдің репертуарын тың дүниелермен толықтырып, өнерпаздардың шеберлігін де арттыра түсетіні анық. Аталмыш оркестр алдағы уақытта да ұлттық өнерді ұлықтауда сүбелі еңбек етеді деген сенімдеміз.

Б. МҰСТАФИН,
ҚР Композиторлар одағының мүшесі.

● *Музей*

Сазгердің қарашаңырағы

Әлемдегі кемеңгер дарынды композиторлардың құрметіне ашылған музей мекемелерінің іргетасы 1941 жылы қаланған. Сол кезден бастап 1983 жылға дейін музейлік комбинаттың жекеменшігі ретінде қолданыста болды. Кейіннен 1983-1993 жылдар аралығында шағын әскери комиссариат қолдануынан берілді. Ал 1993 жылдан бастап М. Төлебаев мемориалды музейі ретінде қызмет атқара бастады.

Мұқанның кейінгі ұрпаққа қалдырған асыл қазына, құнды еңбектерін жинақтап, өмірі мен қызметін зерттеу, оның еңбектері, жазған шығармаларының терең сырлары мен көркемдік ерекшеліктерін кеңшілікке таныстыруды мақсат еткен музейдің алдына 1994 жылы Мұқан Төлебаевтың ескерткіші қойылды. Мыстан құйылған мүсіннің авторы Еңге Рахмадиев еді. Бүгінде музейдегі маңызы бар материалдар саны 1394 болса, оның 652-сі негізгі қорды, 742-сі көмекші қорды құрайды. Онда М. Төлебаевтың 500-ден аса құжаты мен пайдаланған заттары бар. Киген киімі, ғылыми құндылығы жоғары «Біржан–Сара» операсының, «Кестелі орамал», «Тос, мені тос», «Жеңеше» әндерінің түпнұсқасы, өз қолымен жазған классикалық, симфониялық шығармалары, әндері мен романстары, қолтаңбасын қалдырған музыкалық аспаптары, тағы да басқа жәдігерлер аса ұқыптылықпен сақталуда. Музейдің әр залы композитор өмірінің, яғни өмір есігін ашқан кезеңнен бастап жарық дүниеден озғанға дейінгі бағыттарын білестерін бейнелеп тұратын үш экспозициялық залдан тұрады. Ондағы құжаттар арқылы сазгердің кешегі олақ келемінде атты мәшһүр болғанын көруге болады. Сонымен қатар, композитордың 1942–1944 жылдары Қазақтың халық аспаптар оркестрінің дирижері қызметін атқарған кезеңінен сыр шертетін естеліктер де көрерменін қызықтырмай қоймайды. Қазір қолданыста жоқ, сол заманның ұлттық аспаптары, сахналық киім үлгілері жайлы мол мәлімет алуға болады.

Музейде жыл сайын композитор құрметіне әдеби-сазды кештер ұйымдастырылып, өмірі мен шығармашылығына байланысты лекциялар оқылып, әңгіме-сұхбаттар жүргізіліп, көрмелер ұйымдастырылып тұрады. Атап айтар болсақ, «Әлемді шарлаған опера» атты көрме, «Қазақ операсының жарық жұлдызы» атты лекция, «Қазақ музыкасының классигі» атты әдеби-сазды бағдарлама, мектептерде композитор өмірі насихатталып сабақтар жүргізілуде. «Мұқантану» сабақтарын мектептерде өткізудегі қосқан зор үлесі үшін №54 орта мектептің директоры Гүлстан Умралиеова, өлкетану пәнінің мұғалімі Керей Мәдет пен К. Ушинский атындағы орта мектептің директоры Гүлнәр Серікбаева, бастауыш сынып мұғалімі Мақпал Ибрайхановаларға алғысымыз шексіз. Музейге өткен жылы екі мыңнан астам көрермен келді. Олардың қатарында Балқаш көлін келген демалушылар, шетелден келген қонақтар, ақын-жазушы, композиторлар да бар. Келушілер бұл мұражайды сазгеріміздің «қара шаңырағы» деп атайды.

А. ЖҰМАТАЕВА,
М. Төлебаев мемориалды музейінің директоры.
САРҚАН АУДАНЫ

● *Ізбасар*

Сәтті қадам



Берісі қазақ, әрмен қарай бүкіл музыка өнеріне жарқын беттер қосқан Мұқан Төлебаев атындағы 100 жылдық мерейтойы – біздің қалыпының, бүкіл қазақтың бірі. Осы тойдың қарсаңында облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі сахнасында әр өңірдегі білікті дирижерлерді Талдықорған төріне шақырды. Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында ұлы композитор шығармаларынан оркестрмен бірлесіп концерт беруге мүмкіндік туғызып, өнердің бір қалыпқа ұшырамасын ол бестің өнер дүрлетіп жөнелді.

Кәмшат АНДАС
«Жетісу»

Осы ойымызды жас дирижер Ерлан Дәуренбековтің Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрімен бірлесіп өткізген «Өнерге шынтақ жүрекпен» атты концерті шақыраттай түсті.

Ерлан Дәуренбеков – жетісулықтарға таныс есім. Облыстық филармония қабырғасында жүріп, «Адырна» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің жетекшісі ретінде талай шығармашылық шарада көрерменнің ықыласына бөленіп жүрген өнерпаз. Кейінгі жылдары дирижер ретінде де танылып келеді.

Өнердің сан қырына ат шалдырған жас дирижердің мінсерті де көңілді өтті. Мұқан Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсынан үзіндімен басталған кешке М. Маңғытайдың «Жамбыл жайлауы», М. Бердіғұловтың «Жігер», халық күйі «Кербез қыз» (сыбызғыда Аманжол Әбутәлиев), А. Шнрковтың «Валенки», Ж. Темірғалиевтің «Сыңтас», Н. Тілендиевтің «Қабан жырау» және «Көңілді биеші» (жеке домбырада «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Батыржан Мықтыбаев), К. Ахмедияровтың «Қуаныш», А. Жайымовтың «Ереуіл атқа ер салмай», Е. Үсеновтің «Көңілді арбакеш» (сазсырнайда Ж. Бәлетенова), Дәулеткерейдің «Қос ішек», А. Хачатурянның «Танец саблями», Құрманғазының «Сарыарқа» сияқты шығармалары орындалды. Сондай-ақ, оркестрдің сүйемелдеуімен «ҚР Мәдениет қайраткері» Ерболат Шағырбаевтың Жамбылдың «Акындарға арнау» әнін шырқаса, М. Егінбаевтың «Абайым» мен Мұқан Төлебаевтың «Жастар вальсін», «ҚР Мәдениет қайраткері» Оралбай Мұхамедиев наздышына келтіре орындады. Ал украин халық әні «Дивлюсь я на небо» мен С. Мұхаметжановтың «Айсұлу» операсындағы Серкеннің каватинасы «ҚР Мәдениет қайраткері» Есенгелді Раиның орындауында тыңдарманын тапты. Қысқасы көрерменді жылы сезімге бөлеген концерт ел сүйінін айтар, жұрт сүйсініп дәріптейтіндей деңгейде өтті.

Әрине, өткен ғасырдың жалпы қазақ классикалық музыка мәдениетінің бәйтерегі саналатын Мұқан Төлебаев мұрасы ғалтем сайын тынысы ашылып, қазақ сайын тереңдей түсетіні анық. Расында, өткен ғасырда оның туындыларының деңі симфониялық оркестрге лайықталып жазылды, орындалды. Бүгінгі таңда оның шығармаларын ұлт-аспаптар оркестріне лайықтап жазуда музыка өңдеушілерге үлкен жауапкершілік жүктелуде. Осы тұрғыдан келгенде Ерлан – дирижер, тіпті, өңдеуші ретінде де қара күтпен өзі қалмайтын өнерпаз. Тіпті, мен барысында оның дирижерлік шеберлігімен өзгеше бір дарындық, талантылық, шеберлікті аңғардық. Өстресе, домбыра мен қобызының үнін әрмадан тартып әкеліп, шарықтаған түсынан тамаша үндестік табатыны ерекшеленген болар деп түсіндік.

Расында оркестрмен орындалған әрбір туындыға нәр сіңіретін, жан кіргізетін дирижерлік еңбегі болып табылады. Яғни, бір күйді әр дирижер әртүрлі жеткізуі мүмкін. Өйткені, дирижерлік шеберлігі – нотаға қарай аспапты ойната білу мен аспаптың үнінен сай орындалатын шығарманың жалпы құрылымын құрушы шынымен. Осы тұрғыдан келгенде, жас дирижер Ерланның дирижерлік қыры толығымен ашылды. Әрине, әрі құбылысы тек гүлден өнер туындысы бар жердегі шаттығын бала бөлеске шығатынын аңғардық. Кеш соңында көпшілік өнер адамдарының басын қосып, талантын ұштауға қолдан да жайын құратын, аталмыш кешті ұйымдастыруға мұрындық болған облыстық филармония басшылығына алғысын білдіріп тарқады.

«Жетісу»–95

тар, соғысқа бара жатқан жоқпыз, таяқтарыңды тастаңдар!» – деді. Кейін білдік, бұл таяқтарды қалалық партия комитеті әзірлеткен екен. Аудан басшысының оны тастатқаны үшін қандай жаза алғаны белгісіз.

Бұл оқиға біздің жүйкемізге қатты тиді. Таяқты тастатамыз деп, орысқа да, ұйғыр ағайындарға да қатты-қатты сөз айтып қалдық. Оны біреулері қабылдады, біреулері қарсы дау айтты. Бұл әңгіме жүйкемізге тиді. Бір уақытта қасыма Жәкен (Жанәбіл Темірбеков) келіп: «Мәке-ау, түріңіз не болып кеткен?! Аппақ, қан жоқ. Дереу үйге қайтыңыз! Мұндағы іске мен жауап берем», – деп мені сыртқа тартты. Жәкен менің бұрын инфаркт алғанымды біледі. Үлкендік жолымен мені зорлағандай көлікке апарып мінгізді.

Келесі күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Альберт Устиновқа шақырылдық. Қалай екенін кім білген, облыстық газеттерге басшылықты сол тұста обком емес, ОК бөлімі алғаны бар. Ол кезде бүтіндей

АҚИҚАТ

емес, газеттер аз. Облыстық газеттер қаланың да мәселесін көрсетеді. Ол кезде «Алматы ақшамы» жоқ. Әйтеуір, Желтоқсан оқиғасына байланысты не жазбақсыңдар деген мәселені бізден Устинов сұрады. Кіріспе сөзінде ұлтшыл-бұзықтарды әшкерелеу керектігін ескертіп, сес көрсетті. Кезек орыстарға берілетін заман, алдымен Ғарифуллина сөйледі. Ұлтшылдарды әшкерелеуге әзірлігін айтты. Газеттің екі бетіндей материал дайындап әкелгіті. Кажет десе, нөмірге салмақ. Байқаймын, Устинов құптап отыр. Ал мені құптамайтынын аңғардым. Оған қазақ жастарын қаралаған, олардың жау санаған материал керек. Ол бізде жоқ. Іздеген жоқпыз. Орыста «жақсы қорғаныс – шабуыл» деген бар. Мен сол әдіске бастым. «Сіз, Устинов жолдас, қазақ пен орыс арасында соғыс болғанын қалайсыз ба?» – деп бастадым сөзімді. Бұл сұрақтан Устинов шошып кетті. «Сіз өзіңіз не айтып тұрғаныңызды білесіз бе?!» – деп шарт етті. «Білем, – дедім. – Алаңға шыққан жастар – қазақ балалары. Оларды жау қылып көрсетсек не болады? Жаумен соғысу ғана қалады. Қазақ пен орыс соғысады». Менің бұл сөзімді естігенде, Көрік Дүйсеев ағамыз Устиновтан бетер шошыды. Ол Устиновтың сырт жағында тұрған, оның орынбасары. Маған жаны ашығаны да болар, қолын ербеңдетіп, маған бұлай сөйлеме дегенді ыммен айтады. Менің сыртымда отырған Амангелді Ахметалимов (баспасөз секторының меңгерушісі) менің пиджагімнің етегінен тартып, сабырға шақырады. Бірге оқығанбыз, ең жақын доспыз. Мен сабама түскендей болдым. Енді жайлап: «Альберт Александрович, отты керосинмен өшірмейді (бұл менің қысылғанда, ауызға сөз түспегенде айтқаным, «отқа май құймайды» дегенім ғой), жастарды айыптаған материал сондай болады» – дедім. «Сонда не ұсыныстарың бар?» – деді Устинов та алғашындағы екпінінен қайтып. Біз екі студенттің сөзін және ардагер ағамыз Аймұхамбет Мансұровтың (қазіргі белгілі қоғам қайраткері Тайыр Мансұровтың әкесі) шағын ғана жастарға ақыл айтқан мақаласын алып барғанбыз. Соны айтып, қолдарына ұстаттық. Әрине, Устинов қазақшаға жоқ, жігіттерден сұрар дедік.

Устинов нөкерлерін ертіп, ойласуға хатшыға кетті. Біз коридорға шығып, олардың келуін күтіп қалдық. Ғарифуллинада тіл жоқ. Сөйтсе де ол өз нұсқасы өтетініне сенімді сияқты, тек бізге олардың құптамағанымызға өкпелі. Ал, жасыратыны жоқ, бізде үрей көп. Кесек-кесек айыптаған мақалаларымыз жоқ. Орыс әріптестеріміздің сөзі өтіп кетсе, аяқ астынан ондай материал әзірлеу қиын. Қиын болғанда, өзіңді қайтіп пышақтайсың? Не болар екен деп, Камалиденовтің кабинеті жағына жәутеңдеп қараймыз. Күткенде уақыт өтпейді. Устиновтың көңілсіз қабағына қарап, жүрегім жылып сала берген, әр жағында Амангелдінің жылы жүзін көріп, жүрек орнына түсті-ау. Устинов үнсіз кабинетіне беттеді, ал Амангелді бәрімізге естіртіп: «Принимается вариант «Жетісу» – деді. Қуандық. Ғарифуллина Устиновтың артынан ерді.

Устиновтың кабинетіндегі бұл әңгіме туралы Көрік Дүйсеев пен Амангелді Ахметалимовтың бар кезінде талай айтып, жазғанмын да. Куәгерлердің көзі жоқта айтылып отырған әңгіме емес бұл. Сонда үлкеннен де, кішіден де сөз естіп, қақпай көріп, айтар сөзіңді бірде айтып, бірде айта алмай, талай запы болғанбыз. Бұрын алыс-беріс араласып жүретін «Огни Алатау» газетімен арамыз кәдімгідей салқындады. Тіпті, екі ұжым екі лифтіні пайдаланатын болды. Орыс ағайындар Желтоқсанды әшкерелеп көп жазды, өткір жазды. Біз жазатын нәрсе «таппадық». Олар Олжас Сүлейменовты, Асқар Тоқпановты сынап, «әшкерелеп» жазды, біз жаза алмадық. Сол үшін олар еңсесін көтеріп жүрді, біз бүгежектедік.

Иә, Желтоқсан оқиғасы сол тұста әсіресе, ақпарат құралдары ұжымына үлкен сын болды. Қазаққа қарсылар көсіліп жазды, жапа шеккен жастарға ара түскісі келгендердің тілі күрмелді. «Жетісудың» журналистерінің қолынан келгені – сол жастарды басқалардай қатты жазғырып жазған жоқ, ақтап айтуға шамалары келмеді. Әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ислам Бейсебаевтың алғашқы күндерде студенттің пікірін ұйымдастыруға мәжбүр болғанда: «Ағатай-ай, осының орнына түніммен отырып, бір поэма жазып кел десеңіз, ол оңай болар еді», – деп өкінгені де есте.

Сол тұста Желтоқсан оқиғасының ықпалы айқын сезіліп тұрар еді. Әсіресе, ақпарат құралдарының аяғына тұсау салғандай әсер қалдырған. Партиялық орындардың қаралауы, сақтандыруы өз алдына, материал жазған адамдардың өздері де ішкі цензурасына көбірек жүгінетін. Ұлттық құндылықты кастерлеу тақырыбынан тайсақтаған да кез болды бұл.

Ал сол Желтоқсан оқиғасынан кейін тура жарты жыл өткенде Желтоқсан қаһармандарына болған сот жағдайдың тағы да қысымын күшейтті. Сірә, биліктегілер сол сот арқылы жұртты тағы бір қорқытып қоюды ойлады білем, Желтоқсан оқиғасына белсенді қатысқан бір топ жігіттерді қатаң жазаға кесті. Қ. Рысқұлбеков – өлім жазасына, Т. Ташенов пен Т. Тайжұмаев – 15 жылға, К. Күзембаев – 14 жылға, Е. Көпесбаев төрт жылға кесілді. Сол жазаға ұшыраған желтоқсандықтардың суретін ҚазТАГ фототілшісі түсіріп, оны облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттері басып шығарды. Халық ауыр жазаны қасқайып тұрып қарсы алған ұлдарын көрді.

Бірақ бұл биліктің ойлағанынан мүлде қарама-қарсы болып шықты. Желтоқсан қаһармандарын соттап, елді қорқыту орнына, сол бастарын бәйгеге тіккен жастардың өлімнен де қорықпай, қасқайып тұрған суреттегі кейіптері басқаларды рухтандырғандай еді. Бұл биліктегілердің үрейін ұшырды. Биліктегілер дегенде, ол, ең алдымен, Мәскеудің республика басшылығына әкеп қойған адамы Г. Колбин мен оның айналасындағылар. Осы оқиғамен-ақ олар өз таяздығын аңғартты. Бұл соттың халықты қорқытудан гөрі ызасын тудыратындығына олардың өресі жетпегендей. Тіпті, сол суреттің қандай әсері барлығын да олар бұл жайында шетел хабарынан естіп барып, білгенге ұқсайды. Оның да жөні бар. Желтоқсан оқиғасы шет жақта айрықша мәнге ие болған. Бұл өзі коммунистік жүйеге қарсы алғашқы ірі қарсылықтың бірі. Оны аяусыз жаншығанды да айыптағандар көп. Ал көтеріліс қаһармандарына қатаң жаза қолданылуы туралы хабар олардың назарынан тыс қалмайтыны заңды.

Сол күні ОК-те Устинов газет тиражы, оны жер-жерге жеткізу жөнінде жиналыс өткізіп, сонда сот процесінен түсірілген суреттерді де сөз арасында айта кеткен. Суреттің ҚазТАГ-тікі екенін, оны беруге міндетті екенімізді айтқанбыз. Әрине, сендер сөйтіп құтыласыңдар деп қарқылдап күлгені бар. Суреттің шын мәні, оның оқырманға әсері, билікті әшкерелеуші күші олардың зердесіне бір күннен кейін жетті. Сойқан келесі күні басталған.

Бұл сенбі болатын. Демалыс күн. Осы күні біздерді, сот процесінен түсірілген суретке қатысы барларды – ҚазТАГ директоры Ж. Исмағұловты, сол агенттіктің редакция меңгерушісі М. Венгловскийді, «Жетісу» газетінің редакторы М. Жақыповты және «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары Б. Скороходовты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының мәжілісіне шақырды. Жай күнге қаратқан жоқ, жау келгендей, жұрт демалып жатқанда, жұртты жинап алды. Әрине, Орталық Комитет бюросының мүшелерін жинап алу қиынға соқпаған шығар, бірақ бұл мәжіліске Алматыдағы ақпарат құралдары басшыларын да шақырды. Біреулерді жазалау үшін, біреулерге сабақ болу үшін.

Күн тәртібіндегі мәселе – «Кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында ұлтаралық қайшылық туғызуға соқтыратын материалдарды жариялау фактілері туралы».

Кейін ҚР Президентінің мұрағатынан сол бюро мәжілісінің қаулысын іздестірдік. Мәжілістің стенографиясы жасалмайды екен, тек қаулының көшірмесін ғана алдық. Стенографиясы болып, соны бүтінде жарияласақ, қанша құнды дүниеге тап болар едік. Бұл мәжіліс өзіміздің тағдырымызға қатысты болғандықтан онда сөйлеген адамдар сөздерінің негізгі мазмұны ойымызда қалған. Ал қаулыда сол мәжіліске қатысқан адамдардың тізімі бар: Устинов, Исмағұлов, Крупенев, Венгловский, Жақыпов, Скороходов, Шалахметов, Құлмаханов, Ефимов, Демин, Мирошник, Камалиденов, Мещеряков, Мұқашев, Давлетова, Назарбаев, Рыбников, Меңдібаев, Колбин. Альберт Устинов – мәселені әзірлеген адам, бас айыптаушы, одан кейінгілер – айыпталушылар, соңындағылар – бюро мүшелері.

Мәжіліс үшжарым сағатқа созылды. Көп адам сөйледі. Айыптаушылар да, айыпталушылар да сөйледі. Әрине, мәжілісті жүргізуші Геннадий Колбин көбірек сөйледі. Жеке сөйледі, басқалармен жарысып сөйледі. Ұрысып сөйледі. Сөйлегендер ішінде Мирошник, Камалиденов, Мещеряковтар айрықша белсенділік танытты. Қауіпсіздік комитетінің басшысы Мирошниктің сөйлеуі заңды. Аудандық комитет хатшылығынан бірден ОК хатшылығына көтерілген Мещеряков деген ұлтаралық мәселені көбірек қозғап, қазақтарға көбірек тиісетін. Камалиденов идеология жөніндегі хатшы болғандықтан сөйлеуге міндетті. Біздің кемшілігімізді қатты сынап, ниетіміздің қаралығын айтты. Мен жөнінде айтқанда, «Жақыповтың тәжірибелі журналист» екенін, «сияқты суреттерді білместіктен емес, біліп тұрып бергенін» дәлелдеп шықты.

Бәрімізді сөйлетті. Сөйлетіп алып, сол сөзімізді өзімізге қарсы пайдаланды. Кемшіліктерін түсінбейтіндер деп кіналады. Уәждеріміздің біріне де құлақ асқан жоқ. Үлкен ғалым, белгілі қаламгер ҚазТАГ директоры Жұмағали Ысмағұлов ағамыздың бұл суретте басқа ниетте жасалған ешнәрсе жоқтығын, тек оқиғаның көрінісі ғана екенін дәлелдемек болғаны Колбиннің шабына тиген шыбықтай әсер етті. Бетпақтықпен ол барлығымызға осыны әдейі қасақана жасадыңдар деп шапшыды.

Істің бағытын аңғарып, біз де өз кателігімізді, сол суреттің құдіретті күшін аңғармаған кешелігімізді мойындай сөйледік. Мұнда да ұсынған мойынды қылыш кеспес деген қағидаға да жүгінгенбіз. Бірақ ондайда қылыш сілтемеу де мәрттің ісі екен. Ал Колбин ондайдан емес екенін көрсетті. Мен сөйлеп тұрғанда: «Мынау Жақыпов дегенді идеологиялық жұмыстың маңына жолатпау керек!» – деп кіжінді. Қолындағы біздің газетімізде жарияланған суреттерді тағы бір қарап: «Ертең студенттер демонстрацияға шығатын болса, сені советтік сот жолымен жазалаймыз!» – деп айқайлады.

Өздерінің жүргізіп отырған саясаттарының бұрыстығын аңғарғаннан да болар, Колбиндер бар нәрсеге үреймен қарайтындай еді. Келесі күні республикадағы жергілікті кеңестердің сайлауы өтетін. Сонда жұрт шеруге шығып кетер ме екен деп олар шыңсескенді-ау.

Сол Орталық Комитет бюросы қаулысының кіріспе бөлімінде былай делінген: «ҚазТАГ-тың кінәсінен үстіміздегі жылғы 19 маусымда облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде 1986 жылғы 17-18 желтоқсанда Алматы қаласындағы қоғамға қарсы әрекеттерге белсенді қатысқандарға, кісі өлімі және бассыздық көрсеткені үшін ең жоғары жазаға және түрлі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған топқа болған сот процесінен түсірілген фотосуреттер берілді. Суреттердің бірінде қылмыскерлер ірі етіліп, ерекшелендіріліп көрсетілген, астындағы жазуда аттары аталған.

Бұл ұлтаралық қарым-қатынаста қажетсіз көңіл-күй тудырды».

Бұл үшін жазалану керек еді. ҚазТАГ директоры Ж. Ысмағұлов ағамыз партиялық жолмен есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс арқалап, жұмысынан босатылды. ҚазТАГ бас фотоақпарат редакциясы бас редакторының орынбасары М. Венгловский партиядан шығарылды. Біз туралы қаулыда: «Жіберілген кателіктері үшін «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттері редакцияларының басшыларын Қазақстан Компартиясы Алматы обкомы қатаң жазалағаны еске алынсын» дегенінде біраз жаңсақтық бар, біздің жазамыз әлі алда болатын.

Облыстағылар аянған жоқ. Түнкатып отырып талқылады. Жарысып сөйледі. Әрине, Орталық Комитетте тізгінді Колбин ұстаса, обкомда бірінші хатшы М. Меңдібаев ұстады. Дәл қазір солардың сөзін келтіріп жатудың да жөні жоқ, қасаң қаулы мәтініне жүгінейік: «Қазақстан Компартиясының обкомы қалыптасқан жағдайда облыстық «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің редакциялары 19 маусым күнгі санында Алматы қаласындағы қоғамға жат әрекеттердің белсенді қатысушылар тобына болған сот процесінен ҚазТАГ әзірлеген фотоматериалдарды жариялап, лайықты деңгейде бола алмағанын айрықша атап көрсетеді. Бұл идеялық тұрғыда зиянды, арандатушылық сипаттағы ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерінде қолайсыз қоғамдық пікір тудыруға итермелейтін материал.

Бұл ретте «Жетісу» газетінің редакторы М. Жақыпов жолдас, саяздық танытып және қырағылық көрсете алмай, сот процесінің мәнін ашып көрсететін «Бұзақылық зауалы» атты мақаланы жариялауға рұқсат етпеген, өзінше тек қылмыскерлердің суреттерін көлемді етіп берген, бұл олар ауыр қылмыстары үшін емес, тек Желтоқсан оқиғаларына қатысқандары үшін ғана жазаланғандай қоғамдық пікір қалыптастырады. Сонымен ол облыста ұлттық және ұлтаралық қарым-қатынас бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа қарсы саяси қадам жасап, теріс элементтердің ыңғайына кетті».

Мұндай сипаттамамен «ұлылық жауына» жақындап қалғанымыз анық. «Қарсы саяси қадам жасағанға» кешірім жоқ, жазамызды молынан алдық. Тағы да қаулыға жүгінейік: «Саяси қырағылықтан айырылғаны және газетте оқырмандардың ашу-ызасын қоздырған идеялық зиянды фотосуреттерді жариялауға апарып соқтырған саяздық көрсеткені үшін «Жетісу» газетінің редакторы М. Жақыпов жолдас КПСС мүшелігі қатарынан шығарылсын және қызметінен босатылсын». Бұл – бюроның қаулысы. Оны обкомның пленумы бекітуге тиіс. Өйткені обкомның мүшесін партиядан шығару обком пленумының құзырына жатады. Сол пленум парасатқа жүгініп, ет қызумен қабылданған бюро шешімін бекітпей, адамгершілікке сиятын қадам жасар деген қиялдағы үміт орындалған жоқ – Г. Колбин қатысқан обком пленумы бюро шешімін бірауыздан бекітті. Күні кеше сыйласып жүрген коммунист-жолдастардың біреуі де қиянатқа қарсы үн шығара алмады. Олардың да түсінуге болады. Заман солай.

Обкомның бізді жазалаған бюросы кештетіп бітті. Түн жарымына жақындағанда редакцияға келіп, обком хатшысы болған жайда хабарлады. Менің қызметтен босағанымды айтып, тағайындалған редакторды таныстырды. Баймолда Мусин бұл ұжымға бөтен емес, бұрын осында қызмет істеген, редактордың орынбасары болған. Оның үстіне біз екеуміз университетте бірге оқыған, дос адамдармыз. Әңгіме басшылыққа кімнің келіп, кімнің кеткенінде емес, басшы орындардың жасаған қиянатында болып отыр. Редакция ұжымына осы жай қаттырақ батқандай көрінеді.

Әрине, не болып жатқанынан олар хабардар, уақыттың біраз болғанына қарамай бізді күтіп отырыпты. Жүздерінде үлкен абыржушылық бар, бізге түскен ауыртпалықты бөлгісі келетіндей, бірақ қолдан келер шара жоқ. «Бұл қалай болды? - деп күйзеледі Мұғалімбай ағамыз. – Басқалардың да кінәсі бар емес пе?». «Кінәні мен көтергенім жөн, Мұқа» – деймін. «Біз ше?» – дейді бейне бір үлестен қалғандай аққөңіл Ерғазы. «Газеттің сол нөмірін бәріміз бірігіп шығардық қой – дейді Мейрамбек Төлепбергенов. – «Сіз ғана емес, сіз ғой». «Рахмет, жігіттер, енді бұл талқылайтын нәрсе емес, шешім қайта жасалмайды. Аман болайық, табысты жұмыс істеңіздер» – деп кетуге таянғанда, Рысбек Сәрсенбаев күрт: «Жоқ, болмайды, аға. Мәскеуге дейін шағымданамыз. Зорлыққа көніп, жайдан-жай қала береміз бе?!» – деп, кәдімгідей шешімді әрекетке дайындығын көрсетті. «Айналайын Рысбек, көңілдеріңе рахмет. Жаза беріп отырған сол Мәскеудің адамы. Бұл әрекеттен нәтиже шықпайды. Ниеттеріңе рахмет!» – деп ұжым мүшелерімен қоштастым. Сонда кешегі күндері редакциядан пәтер алған бір қызметкеріміздің жылап жіберген дауысы бүгінге дейін менің құлағымнан кетпейді.

«Қызмет – қолдың кірі» деген бар. Сонда біраз шындық жатыр. Әрине, қызмет ойында жүрген біраз шаруаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жай пендешілік тұрғыдан алып қарағанда, қызметтің салмағы онша басым емес. Өлшем – әр адамның арабыройы, азаматтық келбеті болғанда, қызмет екінші кезекке ығысады. Біреулердің қызметінен кетсе, қара жамылатындай болатыны бар, оны да өмірден талай көрдік. Сірә, Колбиндер, Камалиденовтер, Меңдібаевтар соны есепке алып, қызметінен қудық, өмірден енді құса боп өтеді десе керек. Жұмағали Ысмағұлов ағамыз ҚазТАГ директорлығынан алынған соң, ғылымға барды да, тау қопарғандай жұмыс істеп, сол еңбегі Мемлекеттік сыйлықпен бағаланды. Біз де өмірден өз несібемізді теріп жедік. Рас, алғашында біраз қолайсыздық туған. Бірақ бұл да өмір. «Мынау Жақыпов дегенді идеологиялық жұмыстың маңына жолатпау керек!» деген Колбиннің нұсқауынан кейін маған алып шаһар Алматыдан жұмыс табылмағаны да рас. Бір жылдан аса уақыт Күрті аудандық «Шұғыла» газетінде корректор болып қызмет атқардым. Облыстық газеттің редакторлығынан аудандық газеттің корректорына жіберу, біле-білгенде, сол тұстағы компартиялық жүйенің қатыгездік сипатын ғана аңғартып қоймайды, іс мүддесін ойламайтын, өрелерінің тарлығын да аңғартады. Жазалау керек болған күнде де, сол кадрларының қабілет-карымын өз жұмыстарына пайдалануларына болар еді ғой. Оған өрелері жетпеді.

«Шұғылада» корректорлық жұмысты жаман атқармаған сияқтымын. Ол кезде Күрті аудандық газеті Қаскеленде теріліп, Алматыда басылады. Күн сайын Алматыдан Қаскеленге барам. Бір жылда бір күн де жұмыстан қалған емеспін, бір рет те жұмысқа кешіккен емеспін. Бір сәт те түсініспеген, реңжіскен жағдай болған емес. Үлкен қызметте болсын, жай қызметте болсын, адамдардың бір-бірімен түсіністігінен, сыйластығынан артық нәрсе жоқ-ау, сірә. «Шұғыланың» жігіттері, үлкені бар, кішісі бар, құрметтеді, сыйлады. Бірде газет редакторы Өтесін Құбиевтің: «Өз материалдарын, корректор ретінде болса да, облыстық газеттің бұрынғы редакторы оқитын болған соң, жігіттер ширығып жұмыс істейтін болды» – дегені бар. Мұның қаншалықты шындыққа сай екенін кім білген, ал жақсы сыйластықта жүргеніміз анық.

Сол Өтесін: «Аға, жұмысқа бір күн келіп, бір күн келмей жүруіңізге де болады ғой», – деген. «Болмайды» – дедім. Ол ғана емес, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ызғарбек Бектұрсынов: «Мәке, жұмысты басқа жігіттер де атқарады ғой, шығармашылық жұмысыңызбен айналыса беріңізші. Мінездемеңізді кейін жазып береміз ғой» – дегені бар. Оған: «Айналайын Ызғарбек, мен нанымды адал жейтін адаммын», – дегем.

Мен көп жерде жұмыс істемеген адаммын. Негізгі қызметім «Социалистік Қазақстанда» өтті. Сөйтсе де, «Шұғыла» газетінде болған бір жыл менің өмірімде есте қалған кезең болды. Оны әркез ыстық, ризашылдық көңілмен еске алам.

Сыртта бір жылдан аса жүргеннен кейін, Орталық Комитет қайтадан партияға қабылдаған соң, өзімнің бауыр басқан ортам – «Егемен Қазақстанға» оралдым. Жай тілші, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, газеттің Алматы бөлімшесінің жетекшісі қызметтерін атқардық. Жас 75-ке келсе де, ұжым жібергісі жоқ, қазір – шолушымыз.

Өзіміздің жеке өмірімізді де көбірек қаузап кеттік. Оның да жөні – оның «Жетісуға», Желтоқсанға қатысы болғандықтан. Ал Желтоқсан оқиғасы мен «Жетісу» газетін жеке алып қарар болсақ, ол да біраз әңгімеге арқау болғандай.

Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздік жолындағы күрестің шоқтығы биік белесі. Естелігімздің басында айтқанымыздай, оған жан-жақты баға берілген. Ал «Жетісу» газетінің оған қатысы дегенде, оның біраз жайын естелігімізде қамтығандай болдық. Ұлы оқиға өткен жерге жақындығынан да газетімізде оған байланысты материалдар көбірек жариялануы заңды. Тіпті, кейде биліктің қаһарына ұшырап, оны жақыннан сезінгендіктен де, бәлкім Желтоқсан оқиғасы туралы айыптау сөздер көбірек айтылып кеткен де шығар. Байыбына барған адамға бұл да шындықтың бір көрінісі. Сөйтсе де, Желтоқсандай ұлы оқиғаның тарихына қатысты бір үлкен шындықты жұрт «Жетісу» газетінің бетінен табады. Желтоқсан қаһармандарына болған соттың шешімін жұрт архивтен алып оқуларына болар. Бірақ жұрт одан сол қаһармандардың бұл жазаны қалай қабылдағанын білмейді. Олардың шын қаһармандық тұлғалары «Жетісу» газетінің 1987 жылғы 19 маусымдағы санында жарияланған суреттерде бейнеленген. Ол басқа қазақ газеттерінде жоқ. Тіпті, ол «Огни Алатауда» да «Жетісудағыдай» көрінбеген. Бұл суреттер – тарихта қалатын суреттер, олар – Желтоқсан оқиғасы шежіресінің ең бір шынайы беттері. Бұл «Жетісу» газетінде жарияланып қана құндылыққа айналды.



Кезінде Желтоқсан оқиғасын, оның қаһармандарын, жалпы оған қатысты айыптаған, ғайбаттаған сөздер көп болды. Жазалау өз алдына. Енді тарих оны теріске шығарып қана қоймай, оған қарама-қарсы баға беріп отыр. Желтоқсан тәуелсіздігіміздің бесігіне айналды. Сонда билік қаралаған оның қаһармандары халқымыздың ардақтыларына айналды. «...Алматы қаласындағы қоғамға жат әрекеттердің белсенді қатысушылар тобына болған сот процесінен ҚазТАГ әзірлеген фотоматериалдарды жариялап, лайықты деңгейде бола алмаған» деп айыпталған «Жетісу» газетін, оның қызметкерлерін Желтоқсан қаһармандарын жаппай мансұқтау кезінде олардың қайсарлықтарын халыққа көрсетіп «НАҒЫЗ ЛАЙЫҚТЫ ДЕҢГЕЙДЕ БОЛА БІЛДІ» деп сипаттап, бағалар болса, бұл нағыз әділдік баға болар еді. «Жетісу» газеті басқалар жасай алмағанды жасады. Басқалардың қолынан келмегенді жасады.

ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

Әлемен Жайық үндесін...

Өнерісі қазақ, арысы әлем музыка өнеріне жарқын беттер қосқан Мұқан атамыздың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында облыстық Сүйінбай атындағы филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы халық аспаптар оркестрі еліміздің әр өңіріндегі білікті дирижерлерді оркестрмен бірлесіп концерт беруге мүмкіндік тудырып, ұлттық өнерді бір қазанда ұйытатын игі бастамаға жол салды. Міне, енді сол үрдісті Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының Дәулеткерей атындағы халық аспаптар оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері Еркін Нұрымбетов «Той бастар» атты концертімен іліп әкетті.

Қажет АНДАС
"Жетісу"

Ірі жетістікке жетіп жүрген дирижердің концерті де көңілді өтті. Шабельский, Шаргородский «Той бастар» шығармасымен басталған кеште Құрманғазының «Қуаныш», Дәулеткерейдің «Балас», Жантөренің күйі «Шалқыма», Махамбеттің «Ақжелең», Т. Момбековтің «Досыбай», Дина апамыздың «Науысқы», Артық Тоқсанбайдың «Сергек», Төлепберген Тоқжанның «Өткінші», Б. Қыдырбектің «Қырғыз күйі», Е. Нұрымбетов «Дара тұлға – Нұрғиса», Чайковскийдің «Пляска скоморохов» шығармалары оркестрмен алғаш рет орындалды. Сондай-ақ, оркестрдің сүйемелдеуімен ҚР мәдениет қайраткері Ерболат Шалдыбеков Сүйінбайдың «Әділеттік орнаса» әнін шырқаса, ҚР мәдениет қайраткерлері Оралбай, Аян Мұхамедиевтер М. Төлебаевтің «Бақыт вальсін» «Біржан – Сара» операсынан «Естайдың әнін», Е. Нұрымбетовтің «Жүрек сыры» әнін нақышына келтіре орындады. Сонымен қатар, Құрманғазының «Сарыарқа», Н. Тілендиевтің «Махамбет», Е. Нұрымбетовтың «Ақжайық», Ж. Темірғалиевтің «Бабалар үні», Ә. Алпысбаевтің «Кең өлкем» (жеке қобызда халықаралық байқаудың лауреаты Толқын Ысқақова), Айтқали Жайымовтың «Шалқыма» (жеке домбырада Самат Жексенбаев), К. Күмісбековтің «Арман» (жеке домбырада ҚР мәдениет қайраткері Талғат Оразаев), Е. Нұрымбетовтың «Балдырған» (жеке саз сырнайда Данияр Думбеков) шығармалары да тыңдарманын тапты.

Қай қырынан келсек те, кеш тамаша өтті. Тыңдарманды біліктілігі, шеберлігі, жан-жақты білімділігімен тәнті еткен дирижерді орайы келгенде әңгімеге тартқан едік.

– Батыстағы тыңдарман Мұқан Төлебаев атамызды қалай қабылдайды?

– Мұқан Төлебаев атамызды исі қазақ біледі. Әрбір композитордың арманы – атамыз салған жолды үлгі етіп, сол кісі шыққан биікке жету. Сондықтан, біздің оркестрде атамыздың қазақ оркестріне жазылған бірнеше туындысы орындалады. Соның ішінде атақты «Біржан – Сара» операсындағы «Той» деген симфониялық картинасы, «Поэма» атты жеке қобызбен оркестрге арналған шығармасы тыңдарманын тапқан. Ал осы жолы Мұқан атамыздың «Бақыт вальсін» «Біржан – Сара» операсынан «Естайдың әнін» оркестрмен бірінші рет орындап отырмыз. Жалпы, батыстық тыңдармандар Мұқан атамыздың мұраларын қызыға да, ынта-ықыласымен тыңдайды десем артық айтқандық болмайды.

– Өз репертуарыңызда Жетісудың қай композиторының туындылары бар.

– Мұратқан Егінбаев, Жамағат Темірғалиев, Әли Алпысбаевтың біраз дүниелерін оркестрге түсірдім. Мүмкіндік болса, елімізде қанша күй мектебі болса соның бәрін орындауға тырысамыз.

– Оркестрді толық құраммен шақырудан гөрі, дирижерлерді шақыру арқылы концерт берудің артықшылығын қалай қарайсыз.

– Әрине, оркестрмен ел аралау көп қаржыны талап етеді. Ал дирижер әр ұжымның мүмкіндігіне сай өзінің шығармашылығын шыңдайды. «Жаман оркестр жоқ, тәжірибесіз дирижер баршылық» дегендей, бұл мамандық ұзақ шыңдалуды, тәжірибе жинақтауды, біліктілігін шыңдауды талап етеді. Әр оркестрмен өнер көрсету оның тынысын аша түседі.

– Өзіңіз осы талаптан шыға алдыңыз ба?

– Осыған дейін Құрманғазы атындағы оркестрімен, Н. Тілендиев атындағы «Отырар сазы», Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы, Маңғыстаудағы Абыл атындағы оркестрлермен жеке концертім өтті. Алдағы уақытты Ақтөбе қаласындағы Ахмет Жұбанов атындағы оркестрмен концерт беру жоспарда тұр. Осыған қарағанда, сол талапқа сай келетін шығармын.

– Мұқан Төлебаев атындағы оркестрді қалай бағалайсыз?

– Оркестрдің шығармашылық деңгейі өте жоғары екендігін байқадым. Өйткені, бұл оркестрдің репертуарында шертпе күйлер көбірек орын алғанда, төкпе күйдің танымал өкілдерінен өзге осы мектептің өкілдерінің туындылары орындала бермейтінін байқадым. Бірақ, біз концертке үш-ақ күн дайындалдық. Оның үстіне шығармалардың сексен пайызға жуығы оркестрмен бірінші рет орындалғанына қарамастан, дайындығымыз ойдағыдай болды.

Қысқасы, жетісулықтар төкпе күйдің өкілдері Махамбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сейтек сияқты танымал күйшілердің туындыларын құмарта орындап жүрсе де, басқа да батыстық ағайындардың музыка әлеміне сіңірген еңбегін көп біле бермейтіндігі анық. Ал осы концертте дирижер Еркін Нұрымбетов сол бостықты толтырғандай болды. Бұны бір жағынан Мұқан атамыздың тойына қосқан батыстық ағайындардың үлесі деп те түсіндік.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС...

Тылсымы терең ғылымның бірі – химия. Балғыда бала кезімізде, ауызекі айтылатын мектеп «фольклорында», «химия қиын, ашиды мың» деген егіз тіркес бар еді. Әлі ұмытылмайды. Химия туралы сөз бола қалса, санаға сап етіп орала кетеді. Осы химия дегеніңіз, шынында, соншалық қиын ба, өзі? Гүлназия үшін оңай, біз үшін... «Білмеске арзан» деп, ғұлама Абай бекер айтпаған ғой.

Керегесі алтын үй

Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ
"Жетісу"

Иә, бұл әңгімеміз Гүлназия Орынбайқызы туралы. Жоғарыда айтқанымыздай, ол тылсымы терең ілімнің бірі саналатын химия пәнінің мұғалімі. Үмбетәлі орта мектебінде ұстаздық еткеніне отыз жылдан асты. Алдынан жүздеген шәкірт тәлімді тәрбие алды. Айнала дүниедегінің бәрі, тіпті адам ағзасының өзі түгелдей химиялық элементтердің жиынтығы екенін олар ең алғаш осы Гүлназияның сабағынан ұқты. Бұрынғыларын айтпағанда, соңғы жылдары ҰБТ сынағында химия пәнін таңдаған оқушылары қазір жоғары оқу орындарының грант иегерлері. Мәселен, ҚазҰУ-дың химия факультетінде Дамира Толыбаева, Тараздағы ТарМУ-де Айгерім Қасымбекова, ҚазМАУ-да Махаббат Стамшалова, Алматы ТУ-де Толқын Қалиева, Раушан Темірова, Данагүл Баубекова және Ырыс Ахыбай сияқты шәкірттері білім алып жүр.

Ізденімпаз ұстаз 2011 жылы «Химия пәні мұғалімдері арасында панорамалық сабақтар» атты аудандық байқауда I орын алғаны үшін Құрмет грамотасымен марапатталды. Сол жылы аудандық «Дарын» конференциясына Аяна Болатқызы мен Жанарбек Қосай атты 11-сынып оқушылары қатысып, III дәрежелі дипломды иеленді. 2012 жылы «Жамбыл аудандық химия пәні озат мұғалімдерінің іс-тәжірибесі» атты әдістемелік жинаққа Гүлназия Бәйжанованың «Аммиак. Аммоний тұздары» атты сабақ үлгісі шықты. Осы жылы мұғалімдердің аудандық тамыз кеңесінде «Біліктілікті арттыру жолындағы оқыту мен тәрбиенің тұжырымдамалық тиімділіктері» атты тақырыпта баяндама оқып, ауданның Құрмет грамотасымен марапатталды.

Өткен жылы қазан айында аудан, облыс көлеміндегі семинарларда «Үшдеңгейлі әдістемелік жүйесі» педагогикалық технологиясы бойынша 9-сыныпқа арнайы дайындаған сабағын көрсетіп, осы сыныпқа химия пәні бойынша жұмыс дәптерін әзірлегені үшін ҮӘЖПТ авторлық алғыс хатымен және облыс тарапынан Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ұстаздық қызметінде сый-құрметке бөленіп жүрген өз алдына, үлгілі отбасының шырағын маздатқан Гүлназияны әзіміз ерекше қадірлейміз. Жан-жары Серік ұлы Дәурен, қыздары Айнұр мен Ақеркенің әрбір күнін шуаққа бөлеген ол нағыз асыл жар, ардақты ана. «Жары жақсы үйдің керегесі алтын», «Әйел – үйдің ажары, бала – үйдің базары» деп жатады халық мақалы. Сол айтқандай, біз Гүлназияны керегесі алтын үйдің ажары деп білеміз. Бұл күндері жан шуағын енді мерекелерінің мейірлене төккен жарқын жанға тек жақсылық тілейміз. Жадыраған жаз көңілің мерейлене берсін, Гүлназия!

ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

АУЫЛ. САХНА. КЕЙІПКЕР

Кеңестік жылдары облыс өмірінің қалдауымен өңірлерде ашылған халықтық театрлар жұртының назарынан айналуда. Саф өнерді қайта жаңғыртып, сахналы бастамаға жол ашқан нәтижелі жетістіктерді насихаттау мақсатында газетімізде «Ауыл. Сахна. Кейіпкер» атты жаңа айдар ашылды. Осы айдардың алғашқы тұсауын жазатын Жаркент өңіріндегі халықтық театрдың тыныс-тіршілігі жайлы жазылған материалдан бастап отырмыз. Халық сүйген жезтаңдай әнші Дәнеш Рақышевтың бастамасымен құрылып, сан сынақты басынан өткерген өнер ошағының қайтадан талантты ұшырып, өрісін ұлғайтқанын білгіңіз келсе назарыңыз бізде болсын. Осы жайлы ой қосатын оқырманның тұщымды пікірі болса қуана қабыл аламыз.

Тарихы тағылымды театр

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
«Жетісу»

Жаркент өңіріндегі бұрынғы Д. Рақышев атындағы Үшарал халық театры 2011 жылы қайта құрылып, өнерсүйер қауымның көзайым қуанышына айналды. Биыл халық театры атанғанына 45 жыл толатын бұл өнер ордасының көрермен қауыммен қайта қауышуы жергілікті тұрғындар үшін үлкен қуаныш. Сондықтан арада ондаған жыл көрермен көз жазып қалған қара шаңырақты қайта қалпына келтірген өнерпаздар мен ел басшыларына көпшілік дән риза.

Осы театрда кезінде жұмыс істеген бұрынғы актерлері – Бақытгүл Қанаева, Әлия Шаймерденова, марқұм Ахмет Елтаев, ауыл азаматы Куаныш Батырбеков, аудандық Мәдениет үйінің қызметкері Ерқанбек Насыров бас қосып, бастамашы болып бірігіп, оларға кезінде мемлекеттік М. Әуезов атындағы драма театр жанындағы актерлік студияны тәмамдап, Қызылорда облыстық Н. Бекежанов атындағы театрда, Ш. Айманов атындағы Қазақфильм студиясында жұмыс істеген тәжірибелі өнерпаз Куаныш Изенов жетекшілік етіп, драматург жазушы Бақсожа Мұқайдың «Сергелдең болған серілер» атты спектаклін сахналады. Бұл қойылымды олар сол жылы 27 наурыз – Халықаралық театр күнінде Үшарал ауылындағы Мәдениет үйінде халыққа көрсетті. Саф өнердің сәлемкалы бастамасына аудан, ауыл әкімдері, өнер азаматтары да түгел арнайы шақырылды. Жергілікті халыққа қадірі қымбат ескен-ескі туарп жаңалықтың жаршысы болған өнерпаздар қойылым барысында көне көрермендерінің көзіне жас үйіріп, ел басшыларын елеңдетті. Сөйтіп, сол кездегі аудан әкімі Е. Келемсейіт спектакльден соң сахнаға шығып, саф өнерді жаңғыртқан өнерпаз өрендерге жүрек жарды алғысын айтып, бастаманы баянды етіп, халық театрын қайта қалпына келтіруге қолдан келген көмегін аямауға уәде берді.

Жаңды бастаманы облыс әкімі, облыстық мәдениет басқармасы қолдап, өткен жылдың басында Д. Рақышев атындағы халық театрына 15 штат беріп, аудан орталығына жақын Головацкий ауылындағы Мәдениет сарайынан арнайы орын ұсынды. Арман-ниеті орындалған жаркенттік өнерпаздар жаңа ұжымын қалыптастырып, [illegible] театрда жұмыс істеуге құлшынған өнерпаздар аз болған жоқ. Солардың қатарынан арнайы іріктеу арқылы бастамашыларға қосылған Қызылорда облыстық театрында жұмыс істеген тәжірибелі әртіс Гүлшат Аманова, Сарқан ауданы ағарту училищесінің түлегі Райгүл Ақбергенова, ЖМУ-дан арнайы жоғары білім алған Руслан Қалтайбеков, өнерлі жас Тоқтасын Жұмасов, арнаулы орта білімі бар Лаура Мұтан, Ақбота Есенова қызметке қабылданып, әртіс атанды. Театрдың суретші-декораторы Нұржан Керімбеков, дыбыс операторы Айдын Байтілешов және техникалық операторы Жасқайрат Немасипов та жаңа ұжымнан еңбек орындарын тапты. Жаңа ұжым белгілі драматург Бәмигали Әлімжановтың «Қайран кемпір шалдар-ай» атты 2 актілі комедиялық драмасын Қ. Изенов сахналап, өткен жылдың шілде айында тұсаукесерін жасады.

Бүгінгі ауыл тұрғынындағы тәрбиелік мәні үлкен қойылымды өнер көрермендері жылы қабылдады. Алғашқы қойылымға арнайы барған аудан әкімі М. Бигелдиев спектакльден кейін сахнаға шығып театр ұжымын құттықтап, өнер адамдарының таланты будан әрі ұштала беруіне шын жүректен тілектестігін білдіріп, әртістерге гүл шоқтарын сыйлауы ұжым үшін үлкен қолдау еді.

Осы театрды құрған барша қазақ жұртының ардақты әншісі, Қазақстанның халық әртісі Дәнеш Рақышевтің мерейтойларын оның жерлестері – жер жәннаты Жетісу халқы, қанды қаны тамған жазиралы Жаркент өңірінің жұртшылығы атаусыз қалдырған емес. Айталық дегенмен Дәнештің 80 мерейтойы қарсаңында еліміздің көптеген мерзімді басылымдарында, телерадио эфирінде сөзсіз, әншінің есте түсерін естеліктер жиі жарияланып келеді. Солардың көпшілігінде Дәнеш құрған театр ауызға алынса, бұл ұжымның өнер әлеміндегі өшпес өнегесі дәріптелер еді. Қазір де театрды құрылған сәттен біле тұра оның тарихын, онда еңбек еткен адамдарды сағынышпен еске алатын жандар Жаркент өңірінде аз емес. Солардың қатарында бұрынғы «Үшарал» ұжымдық шаруашылығының бастығы Нұрсейіт Сауранбаев, қазіргі Үшарал ауылдық Мәдениет үйінің директоры Бақытгүл Қанаева, театрды қайта құруға атсалысып жүрген Әлия Шаймерденова, Куаныш Батырбеков сынды жандардың естеліктері біраз жайды аңғартады.

Бұл өңірдегі әңгімені Дәнештен бастасақ, саңлақ әнші 1959 жылы Қытайдан елге оралыпты. Ол кезде Дәнеш Рақышев көршілес елде жүрсе-ақ, басқа қазақ жұртына танылып қалған әнші болатын. Бұлай дейтініміз 1957 жылы өткен Социалистік елдер жастарының Мәскеу фестивалінде ҚХР-дағы аз ұлт өкілдерінің жастарын бастап барып, Дәнештің әнші ретінде үлкен жетістікпен оралғанын білеміз. Оның сыртында Үрімжідегі қазақ театрында қызмет істеп, өнерге жан-жақты төселген кезі. Ол елге оралысымен жанына өнерпаз жастарды жинап, театр құру ісіне кірісті.

– Театр алғашында көркемөнерпаздар үйірмесі болып ұйымдасты, – дейді өз естелігінде Нұрсейіт Сауранбаев ағамыз. – Сол кезде қазіргі ауыл әкімдігі мен балабақша қоныстанған ғимарат орнында шамамен 50 – 60 адам сиятындай [illegible] ғана үй[illegible] де өз жұмысын бастады. Ұжым құрамында Дәнеш аға, Ерғали Наймантаев, Қанат Тайбеков, Қанат Алипов, Тұрсынбек Бүрлібаев бар еді. Бір топ өнерпаз жастардан құралған бұл үйірме көп ұзамай аудан көлеміне танымал бола бастады.

Ол кезде Үшарал ауылындағы жаңа Мәдениет үйінің құрылысы басталып, бірақ аяқталмаған кез екен. Көркемөнерпаздарға қолайлы жағдай Үшарал ұжымшарынан табылмағаннан соң, олар Көктал ауылының Мәдениет үйіне көшіріліп, 1968 жылы желтоқсан айының 8 жұлдызында «Көктал халық театры» атағын алған. Бұл атаққа олар Қ. Байсейітов, Қ. Шаңғытбаевтың «Ақсақал ақ-таңы» пьесасымен қол жеткізді.

Бұл кезде театрда Қалима Қалмасова, Асқар Күдербаев, Райла Марипова, Жансейіт Сауранбаев, Ерғали Наймантаев сынды мықты өнерпаздар жұмыс істеген. 1971 жылы ұжымға режиссер болып Бүкілодақтық өнер фестивалінің лауреаты Райымхан Инербаев келді. Режиссердің алғашқы спектаклі З. Ақышевтың «Келіндер» пьесасы өте сәтті шықты.

«Өзен-өз қаржыландыру» деген үрдіс сол кезде жергілікті жерде өріс алып тұрған мәселе болғандықтан, аудандық атқару комитеті театрды қайткенде де таратпау мақсатында оны қаржылық қуаты мығым, жаңа заманауи мәдениет сарайы салынған «Үшарал» ұжымшарына қайтаруды ұйғарды. Сонымен театр Үшарал ауылының жаңа салынған Мәдениет үйіне қоныс тепті. Бұл тұста театрға Тараз қаласындағы өнер училищесін тәмамдаған Күләнда Ақжолова жетекшілік етті. Күләнданың жұмысы жаңа талапқа сай халық көңілінен орын ала бастады. Ол Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ә. Әбішевтің «Белгісіз батыр», Ш. Құсайыновтың «Үкілі Ыбырай» сияқты сүбелі шығармаларын сахналады. Бұл кездері әртістер қатарына Мұхтар Құнанбаев, Нұрыш Ниязов, Нұрлан Әлбосынов, Мәтан Самадлов сияқты өнерпаздар қосылды.

Театрды 6 жыл басқарған Күләнда Ақжолова денсаулығына байланысты босатып берді. 1979 жылдың басында жергілікті басшылар ұлт аспаптары шеберлерін дайындайтын училище тәмамдаған Жансейіт Сауранбаевқа театр тізгінін ұстатты. Жансейіт режиссер атанғанда көптеген адамдар «театр енді құриды» деген пікірде болды. Тіпті біразы өнерпаздар оған сенбей ұжымнан кете де қалды. Ал Ж. Сауранбаев өзіне сеніп тапсырылған іске батыл кірісіп, облыстық драма театрдың сол кездегі бас режиссері Мұхтар Қамбаровпен бірлесе отырып, Ғабит Мүсіреповтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлуын» Үшарал халық театрының сахнасында қойды. Спектакльдің сәтті шығуы халық көңілін бір серпілтіп, үміт артқан адамдарын да қуанышқа бөлеп тастады. Бұл тұста ұжымға жаңа келген жастардың қатарынан Нұргүл Ырғызбаева, Бақытгүл Қанаева, Айтақын Бұлғақова сияқты әнші, актерлердің есімдері шыға бастады. Осы кезде театр ұжымы Темірболат Қасымова, Гүлжан Әліпбекова, Ахмет Елтаев, Талап Ахметов, Айбарша Бердігулова, Тәжен Тышқанбаев, Кәбира Бұлаева сияқты жастармен толыққан еді.

Сөйтіп театрға біртіндеп арнайы білімі бар талантты жастар келе бастады. Ұжым Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 35 жылдық мерекесіне драматург Т. Ахтановтың «Күтпеген кездесу» пьесасын қойып, республикалық байқауда лауреат атағына ие болды. 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына орай Ә. Таразидың «Қыз махаббаты» деген пьесасын сахнаға табысты шығарып, тағы да үлкен белеске көтерілгенін көрсетті. Осы жылдың қорытындысында КСРО Жазушылар одағының Құрмет грамотасымен және «Красная звезда» газетінің арнайы грамотасымен, ақшалай сыйлығына ие болған театрдың мерейі өсті.

Театрды Жансейіт Сауранбаев басқарған 1979 – 1992 жылдар аралығында спектакльдерімен өнер ұжымы Семей, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарын, шет елдерді де аралап қайтты. 1991 жылдың көктемінде облыстық театрлар байқауында бірінші орынды жеңіп алып, С. Адамбековтың «Алтын табақтағы жылан» спектаклін теледидар арқылы республика халқына көрсетті. Өкінішке орай, осы қойылымнан кейін қаржы тапшылығына байланысты театр ұжымы тарауға мәжбүр болған. Алайда қазақтың қадірлі әншісі Дәнештен қалған қасиетті тәбәрігің бірі – ол құрған театрды қайта қалпына келтіру көпшіліктің көкейінде жүрген асыл тілегі еді. Тәуелсіз еліміздің тұрмысы жақсарып, мемлекет мығымдығы айқын аңғарылған шақта олардың осы асыл тілегінің жүзеге асуына жол ашылды.

Құрылғанына көп бола қоймаса да, жаңа театр ұжымы үлкен құлшыныспен еңбек етіп, жаңа белестерді бағындыруға талпыныстар жасауда. Олар облыста, ауданда өткізілетін әр түрлі мәдени іс-шараны өнерімен әрлеуге атсалысып, өткен жылы аудандардың облыстағы күндерінде, заманның заңғар тұлғасы Д. Қонаевтың, екі мәрте Еңбек Ері Н. Головацкийдің, ғасырлық жазушы ақын Т. Исабековтың 80 жылдық тойларына ол ардақтыларының өмірінен көріністер көрсету арқылы тарту жасады.

Жақында театрға Т. Жүргенов атындағы өнер академиясын тәмамдаған Жанна Керімбекова есімді жас маман режиссер болып келді. Жанның жетекшілігімен қазір театр ұжымы драматург Ерлан Жуасбектің «Адасқандар» атты спектаклін сахнаға дайындауда. Бұл қойылымды бұйыртса ел-жұрт алдағы Наурыз тойында тамашалайды. Жас ұжымда шешімін күткен мәселелер әлі де баршылық. Соның ең бастысы жас әртістердің баспана мәселесі. Мұны өнерге жанашыр жергілікті басшылар ұзатпай шешер деген үміттеміз.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ



«Жетісу»–95!

Желтоқсан оқиғасының ел тарихындағы орнын, мәнін сөз етіп жату бұл жерде артық. Ол бізге дейін де тарихшылар, саясатшылар тарапынан көп сөз болған, сарапталған. Осынау ұлы оқиғаның «Жетісу» газетінің ұжымына қандай қатысы болды деген тұрғыда әңгіме қозғасақ, ол жөн де шығар. Қазақ газеттері ішінде «Жетісу» газетіне, оның журналистеріне Желтоқсан ызғары айтарлықтай қаттырақ батқаны да шындық.

ГАЗЕТ БЕТІНДЕГІ

Мамадияр ЖАҚЫП,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Жалпы, Желтоқсан оқиғасының қарсаңындағы кезеңнің де өз ерекшелігі бар. Көбіне біз Желтоқсан оқиғасын сөз еткенде, әңгімені оның басталған күнінен айтатынымыз бар да, оның қарсаңы, оған апарған жағдай кеңірек ашылмайды. Ал бұл кезең жариялылық, қайта құру дейтін саяси ұрандармен сипатталады. Бұл ұрандар талайлардың жүйкесін жұқартқаны белгілі. Қайта құрудың сипаты белгілі дәрежеде жаңалыққа жол ашқандай көрінгенімен, жұрттың көпшілігі ертеңгі күніне сеніммен қарай алмай, алдында не күтіп тұр, бүгінгі күнгі тірлігім баянды бола ма, мына жұмысымнан айырылып қалмаймын ба деген үреймен күн кешетін. Мен «Жетісу» газетіне осындай кезеңде келдім. Әңгіме газет тарихына да қатысты болғандықтан, оның бір редакторының оған қалай келгенін баяндағаи да артық емес сияқты көрінеді. Содан оқырман қауым мұнымызды артық санамас.

Бұл өзі кенеттен шешілген, тым шұғыл да шаруа болды. Ол кезде мен «Социалистік Қазақстан» газетінде (бүгінгі «Егемен Қазақстан») жауапты хатшымын. Ұжымымыз тыныш, ынтымақпен жұмыс істеп жатқанбыз. «Мінезді» бастығымыз Балғабек Қыдырбекұлымен де ара қатынасымыз орнықты. Екеуміздің де мінез бар, бірақ еңбекке адалдық табыстырады. Бұл қызметке Бәкеннің редакторлығы кезінде келгем. Мені жауапты хатшылыққа ұсынғанда, өз ұстанымымызда қалатынымыз келісілген. Тіл табысқанбыз. Сол Бәкен шақырды. Шұғыл шаруа екенін оның жүзінен аңғардым.

– Ойласатын бір мәселе болып тұр, – деді Балғабек ағамыз. – Алдымен басын ашып алатын бір мәселе – мен сенен құтылғым келіп отырған жоқпын. Қаласаң барасың, қаламасаң бұрынғыша бірге жұмыс істейміз. Менің ағалық кеңесім барғаның жөн. Кейін мұндай ұсыныс болмауы да мүмкін.

Бәкен ұсынысқа мені осылай дайындады.

– «Жетісуда» Пернебек ағаң кететін болды. Обком орнына адам сұрайды. Ойлан, қабырғаңмен кеңес деуге уақыт жоқ, Мамадияр. Келісетін болсаң, қазір обкомның хатшысына хабарлаймын. Түстен кейін обкомның бюросына баратын боларсың.

– Мен, Бәке, өз мәселемді ешкіммен кеңесіп жатпаймын ғой, өзім шешем, – дедім.

Солай түстен кейін бюроға бардық. Мәселенің бұлай асығыс болуы – бір күннен кейін облыстық партия конференциясы. Партиялық тәртіп бойынша облыстық газет редакторы обкомның мүшесі болуға тиіс. Ол конференцияда ғана сайланады. Содан да бюродағылар да мәселені ұзаққа созбады. Негізінен обкомның бірінші хатшысы Марат Меңдібаев дәл осындай шұғыл шешімнің себеп-салдарын айта келіп:

– Жалпы редакция кадрын нығайтуға байланысты әрекетіңде қолыңды қақпаймыз. Тек әділ бол! Бұл жолдасты бекітуге қарсылық жоқ қой? – деп басқаларды мақұлдатып алды да, қайта маған қарады. – Жұмысқа кіріс. Ертең Орталық Комитетке бекуге барасың. Олар бізді қолдауы керек. Келісілген. Камалиденов жолдаспен дұрыстап сөйлес.

Келісілген нәрсе болған соң, бәрі де жылдам өтті. Бізге бола Орталық Комитет бюро мәжілісін өткізіп жатпайды. Бір қызметкердің жетегімен Бюро мүшелерін аралап, қол қойдырып шықтық. Ең маңыздысы, сірә, идеология жөніндегі хатшы Закаш Камалиденовтың қабылдауы болды. Сол кісі мақұлдаған соң, басқалары қарсы да болмады-ау шамасы. Біреулері басқа шаруаларын қат-қабат шығар, қолдарын қойып, «табыс тілеп», сөйлеспей-ақ шығарып салды. Ал Закаш ағамыз біраз ұстаған. Өз саласының адамы болған соң, солай етуге тиісті де шығар. Тіпті, жақын таныс адамындай қарсы алды. Бұрын да бір-екі рет жолыққанымыз бар, «Социалистік Қазақстанға» жауапты хатшылыққа бекігенде де алдынан өткенбіз. Сөйтсе де бұл кісіге менің анкеталық көрсеткіштерім ұнады-ау деймін. Бұл кісі комсомолда басшы болған, Мен де «комсомолдың талқанын» жегенмін. Онан соң бұл кісі сияқты мен де Мәскеуде Жоғары партия мектебінде оқығанмын. Содан Мәскеуді де еске алып жібердік. Бұрын таныстай көрінсек те, бұл жолы кәдімгідей таныскандай да болдық-ау. Бірақ бұл таныстық кейін маған біраз ауырлау тигені бар.

Сөйтіп, бір күн ішінде ғана дерлік облыстық газет редакторының кабинетіне кіруге тура келді. Әдеп сақтап, асықпай баруға мұрша жоқ, облыстың өміріндегі ең басты оқиға – облыстық партия конференциясын газет жан-жақты көрсетуі керек. Өзің оған қол қоятын болған соң, басы-қасында жүруің керек. Конференцияға басынан аяғына дейін қатысуға тиіссің. Және қызметіне қарай оның да жұмысына араласасың. Мұрынға су жетпейтін кез. Тіпті менің аты-жөнімді обком құрамының тізіміне қосу да сонда біраз әбігерге салған. Әдетте сол тізімдер күні бұрын жасалып, баспаханада терiліп, кітапша етіп басылады. Қазіргідей қас-қағымда өзгерте салатын компьютер дейтін жоқ, қайта теріп, қайта басып, әлекке түседі.

Осылайша «Жетісуға» келуіміз де қауырт басталып еді, одан кетуіміз де тіпті қауырт болған. Оған әлі біржарым жылдай уақыт бар еді, оның арасында Желтоқсан оқиғасына кезіккенбіз. Ал оған дейін де әлі бір жылдай уақыт бар. 1986 жылдың қаңтары мен желтоқсанының арасы.

Желтоқсан қарсаңындағы сол бір жылдың ауыртпалығын көзімізбен көріп, жанымызбен сезіндік. Сонда облыстық газеттердің редакторлары обкомның бюросына қатысуы міндет саналатын. Қатыспасаң, болмайды. Бір жағдай болып, сұранып барсаң, оны тіпті тікелей бастығың – идеология жөніндегі хатшы да шеше алмайды. «Марат Сәмиевичтің өзінен сұра» деп тайсақтайды. Иә, сол бюро мәжілістеріне үзбей қатысып отыру облыстағы саяси ахуалды жақыннан көруге мүмкіндік беретін.

Бәріміз де коммунист болдық, көбіміз адалдықтан, тазалықтан айнымаймыз деген оймен өмір сүрдік қой. Сөйтсе де, сол тұс маған компартиялық жүйенің күйреу алдындағы бой жасауындай көрінеді. Партиялық бюрократия барынша шектен шығып, өзінен басқаның пікіріне құлақ асу ғана емес, естуді қойған заман еді. Тіпті, өзінің пікірінің жаңсақтығын аңғарған күнде де, одан бас тартпайтын. Оны партияның беделін түсіреді деп есептеп, басқаларды соған көндірер еді. Көнбегенді жазалайтын.

Облыстық партия комитетінің бюросы осылай өтетін. Жұрт бюроға жазалау орнына келгендей сеніммен келетін. Күтпеген жерден, болмас нәрсе үшін жаза алу оп-оңай еді. Ондай жазаның талайына куә болдық. Бірде, «Известия» газетінде сын мақала шықты (тақырыбы, ұмытпасам, «Аплодисменты запрещаются»). Онда Алматы облысындағы мәдени мекемелердің күтімсіздігі сыналған. Сол мақала бюрода талқыланып, облатком төрағасының орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков (иә, кәдімгі айтулы тұлғамыз Өзекен) есеп берді. Бірінші хатшы Меңдібаев оны қайта-қайта сөзін бұзып, сөйлетпей қойды. Оған Өзекен де амалсыз шыдады-ау. Өзекенмен бірге бәріміз де күйзелдік. Ақырында оған қатаң сөгіс берілді. Сірә, Өзекен бұрын-соңды мұндай жаза алмаған да шығар-ау. Сонда біреуді қорлағанға Меңдібаев қуанатындай көрінетін.

Сол жылы қыс аяғы кезінде Алматы қаласында жарты сағатқа жарық сөніп қалды. Ол ауа райына байланысты болыпты. Тұман өте қалың болып, электр сымдары арасында ток жүретіндей жағдайға жетіп, содан апат болған. Табиғаттың «кінәсі». Бірақ обком кінәлі адамдардан іздеп, тауып, талай адамды жазалаған. «Алтайэнерго» трест бастығының шаруашылық жөніндегі орынбасары: «жолдастар-ау, менің не жазығым бар, менің электрден сауатым жоқ, мен завхозбыз ғой!» – деп шырылдағаны есте қалыпты. Бұл шырылды бюро естіген жоқ, партиядан шығарып тастады. Бір жолы бір совхоздың директоры өнертапқыштық күреске қосылып, шаруашылыққа көп пайда келтіретін жаңалық ашып, соған әжептәуір сыйлық алған екен, сол үшін жазалады. Директор сыйлықты өз шаруашылығынан емес, республикадан алғанын, өзі ашқан жаңалықтан шаруашылығы көп пайда көргенін айтып, дәлелдемек болып еді, жоғарғы партия орнының шешімін мойындамадың деп, жазасын өсіріп, алдында сөгіс берсе, соңында партиядан да шығарып жіберген басқаларға «сабақ» болған еді.

Жалпы сол тұста жұрттың бәрі әлдеқандай бір қысымды арқалап жүретін. Зейнеткерлікке аман жетсем екен, деген талай ағаларымыздың арманын естігенбіз. Әсіресе, үлкені бар, кішісі бар, басшы боп жүрген адамдар қай күні түсіп қалар екенмін деген ойды серік ететін. Сонда әр басшы жоғарыға өзі кете қалғанда орнын кім басады деген бір-екі адамның тізімін беру тәртібі болды. Бір қарағанда, басқаларды ынталандырғандай жақсы әдіс сияқты. Бірақ сол «кандидаттар» кейде өз бастығының «құлағанына» мысық тілеуде жүргені қиын еді. Бастауыш партия ұйымдарының басшыға «мінездеме» әзірлеуі, онда қалай да кемшіліктері табылып, сыналуы қажеттігі туралы талаптар да ұжымның ынтымағына қызмет ете қоймайтын. Аттестациядан өткізу де көп ұжымның шырқын бұзғаны, адамдардың арасында алауыздық туғызғаны, бір-біріне деген күдікті өршіткені анық.

Ол кезде барлық редакция бір шаңырақтың астында. Бір-бірімізді күнде көріп жүргендейміз. Етене араласпаған күнде де, таныспыз. Мен «Жетісуға» таныстарымның ортасына келгендей сезінгем. Ал бұл ұжымдағы әріптестерімнің маған көзқарасы әртүрлі болуы әбден мүмкін еді. Осы қарсаңда ұжым ішінде азын-аулақ артық-ауыс әңгімелер болған, оның бір-бірінің көңіліне де тигені бар, тіпті жаңа келген басшы солардың қайсысын тыңдар екен деген алып-қашпа ойдың да болғаны анық. Ең қиыны – біраз адам кетуге тиіс-ау, солардың қатарында біз болмас па екенбіз деген күдік жүйкелерін жұқартқандай көрінген.

Ұжым – қасиетті ұғым. Сірә, менiңше, жаман ұжым болмайды. Тек кейбіреулер оның мүшелері арасында іріткі салып, берекесін кетіретіні бар. Соларға тоқтау салынса, ынтымаққа ұйыстырса, кез келген ұжым берекелі ортаға айналады. Әсіресе, онда бұрыннан келе жатқан жақсы дәстүр болса, ол қайта жалғасады. Ал «Жетісуда» арыға бармағанда, Әбдуали Қарақұлов, Кәкімжан Қазыбаев, Сарбас Ақтаев сияқты ағаларымыздан қалған адами да, шығармашылық та дәстүр бар. Ол бір-біріне қамқорлыққа, сыйластыққа негізделген дәстүр. Келеңсіздеу уақыттың табынан пайда болған ұжым мүшелері арасындағы кірбіңді жоя алсақ, сыйластық ахуалын орнығара аламыз.

Ұжыммен танысқанда, қызметкерлерді кезекке қойып, жеке шақырып алып сөйлесу тергеуге ұқсап кетер еді. Сол танысуды жұмыстың барысына қалдырдық. Кейде оны күтпегендер де болды. Үлкендігін алға салып, Сарыаған (Әміренов) келді. Өзін таныстырды – құп көрдім, өзгелерді таныстырғаныңнан қаламадым, өзім таныған жөн дедім. Негізгі ойын аңғарам – зейнеткерлікке шықпай, әлі де жүре тұрсам дейтін сияқты. Оны өзіне айтқызбай, әңгімені мен айтқаным жөн сияқты. «Денсаулығыңыз қалай, Сарыаға?» – дедім. Шамалы күдікпен: «Жақсы ғой» – деді. «Онда жастарға аға болып жүре тұрсаңыз қайтеді?». «Енді ұжымға керек болсам...» деп тебіренді Сарыаған. Бұл кісінің жазуы мықты еді деп көлгірсіген жарамас, ал ұжымға ағалығы бар адам. Жасыңыз жетіпті, демалғаныңыз жөн шығар десең, басқалардың да көңілі қабаруы қалық. Оған бармадық. Ал Мұғалімбай Жылқыайдаров ағамыз басқаша. Басқасын айтпағанда, оның еңбекқорлығы, қызметіне адалдығы – бүкіл ұжымға өнеге. Реті келгендегі оңаша әңгімеміз қысқа болған. «Сіз еш қайда кетпейсіз, ұзақ жұмыс істейсіз» – дедік. Жарайды, – деді күлімсіреп.

«Жетісуда» екі қызымыз бөлімдерді басқарады екен – Күлшат Баянбаева мен Гүлсан Сағымбекова. Байқаймын – екеуінің де көңілдері алаң. Сөйтсем, осындағы алып-қашпа әңгімелерге кейіпкерлер екен. Кейіпкер болғанда, біреулер оларды кететіндердің тізіміне қосыпты. Алғашқы бір жиналыста екі қызымызға көбірек тоқтадым. Басқа редакцияларда мұндай басшы қыздардың жоқтығын, бұл қыздарымызбен мақтанатынымызды айттым. Осындай жетекші бөлімдерді басқаратын қыздарымыздың барлығына басқалар қызығады, қызғанады дедім. Олардың жүзінен алаң кетті, бірден жадырап сала берген. Екеуі де жарқырап жүріп жұмыс істеді. Кейінірек қызметтерін де жоғарылатпақ ойымыз болған. Бірақ оған біз жете алған жоқпыз.

Редактордың бірінші орынбасары Жанәбіл Темірбеков аңқылдаған азамат еді. Аузын ашса, көмекейі көрінеді дейтіндей. Бірінші басшы кетсе, оның орнын орынбасары басуы қисынды жай ғой. Олай болмағанда, адамның көңілінде кірбің қалады. Жәкең ондай кірбіңді аңғартпады.

– Сіз бастықсыз. Жұмыстың мүддесі үшін мен барлық жағдайда сізді қолдайтын боламын. Бұған сеніңіз, – деді бірде.

– Ал мен қолдауға болмайтындай әрекетке барсам қайтесіз? – дедім әзілдеп.

– Ондай әрекетке сіз бармайсыз, – деп әзілмен жауап берді Жәкең де.

– Жалпы, ұжымда екі бөлініп айтысатындай, біреу-біреуді жақтайтындай ахуалға жеткізбейік, Жәке, одан да біздің кеткеніміз жөн, – дедім.

Жанәбіл екеуміз тіл табысып қызмет істедік. Оның жасы үлкен, ал менің қызметім үлкен. Орнымызды біліп, сыйластық. Кейде күтпеген жағдай да болар еді. Бір күні сырттан келсем, қабылдау бөлмесінде қатқылдау дауыс естіледі. Коридорда келе жатып біраз сөз естідім. Қожан дейтін қызметкеріміз менің екі орынбасарым – Жанәбіл мен Жұман Арғынбаевқа ұрсып жатыр. Мен кіріп келгенде, барлығы да ыңғайсызданды.

– Жәке, Жұман, маған кіріңіздерші, – деп өтіп кеттім.

– Бұл өзі сондай адам... – деп ақтала сөйледі Жәкең.

– Қожанның кім екенін жұрттың бәрі біледі... – деді Жұман.

– Әңгіме ол кісі туралы емес, сіздер туралы, – дедім. – Полыпаның әскери жарғысында мынадай талап бар екен: солдат пен офицер керісіп қалса, офицер жазалануға тиіс. Солдат-солдат, өз қабілетіне қарай, сондай дәрежеде. Ал офицердің өресі жоғары, ең болмағанда, тіл табыса білуі керек. Ондай қабілеті жоқ адамдар офицер болмауға тиіс. Сіздер өздеріңіздің офицер екендеріңізді ұмытпаңыздар. Өздеріңді сыйлата біліңдер.

Әңгімемізді осымен шектедік. Ол жігіттерге әжептәуір әсер еткендей. Ал Қожанмен әңгіме біразға созылған, оның әр кез жалғасы да болды. Жалпы бұл азамат айтарлықтай дарындылығы бар, қабілетті адам. Тек кезінде өзінің жолын дұрыс таңдамаған. Журналистикада емес, айталық, әкімшілік-ұйымдастырушылық жұмыста жүргенде, біраз жерге барар еді-ау дейсің. Логикасы да мықты. Газет жұмысы оған қол емес. Бірақ, бір бастап, енді біраз жерге барған соң, тастап та кете алмайды. Өзінің мұндағы әлсіздігін біраз адамның бетінен алып, қорқытумен толтырғысы келеді. Тіпті, кейде басқа жолды да таңдайды. Сол кездегі аттестация кезінде, оған қатыспай қашқаны да бар. Күлкілі нәрсе. Кейінірек «мұның не?» десек, «Аттестация кезінде, өтпесін деп шешім қабылдасаңыздар, мен далада қалам ғой» – дейді. Өзінің әлсіздігін жақсы біледі. Одан құтыламыз десек, сол аттестациядан қашқаны-ақ жетіп жатыр. Бірақ ол бір адамның тағдырына әжептәуір соққы болып тиер еді ғой. Бір әңгімесінде Қожекеннің өзі де: «Басқа жаққа барғанда, мені қай ұжым құшағын жайып қарсы алады?!» – деген сөзінің айтарлықтай салмағы да бар еді. «Енді, Қожеке, өзіңіздің осынау мінезіңізді көтеріп отырған ұжымыңызды да сыйласаңызшы, бірге еңбек ететін адамдардың да көңілін жықпаңыз»,– деген әңгімемен шектелдік. Қожекең кейін осы ұжымнан зейнеткерлікке шықты. Біз кеткен соң.

Ешкімді де сыртқа итергеніміз жоқ, сырттан ешкімді де шақырғанымыз жоқ. Обком босатып берген жауапты хатшылыққа осы ұжымдағы қатардағы қызметкер Ерғазы Әсембековті тағайындадық. Бұған басқалар бұрын Ерғазының өзі таңданған. Күтпеген. Алаң жігіт: «Бұл қызметті күтіп жүргендей басқа да адамдар бар еді ғой...» – деп әңгіме бастауы да содан. Аңқылдап, біреуге жақсылық жасауға асығып жүретін адам. Басқаның жұмысын өзі істей салады, жұмыс көп болса, редакцияда қона салады деп те естігем. Оған баса айтқанымыз: «Біреу үшін жұмыс істеуді қойсаң, әркім өз жұмысын өзі істесін, тым жайдақ болма – басқалар тізіңді алмай кетпесін, үлкенді сыйла, ал жұмысты талап ет». Мынау жақсылық пен құлық-сұмдық қатар жүретін заманда, осылайша жақсылықты да шектен жаса деп ақыл айтуға тура келеді. Ерғазы қызметін адал, жақсы атқарды.

Осылайша ұжымға сіңісіп кеткендей едік. Біраз жоспар алда еді. Тым асығыстық, теңкеріс жасағандай көрінбейік деп, біраз ойларды іркіп жүргенбіз. Шаруашылық мәселелер болмаса, рухани мәселелерге қатысты еркін жазу қиындаңқырап кеткен. Бірде облыстық ауруханаңның бас дәрігерін ақтай жазған мақаламыз біраз шу шығарғаны есте қалыпты. Ол обком белгілеген комиссияның қорытындысына сай келмеген. Неге алдын ала келіспегенсіңдер деп дікеңдеген. Сонда обком хатшысы Кадыр Байкеновке барып, мақаланың авторына ара түсуге тура келген. Қазақ тілі, қазақ мектептерін ашу мәселелеріне қатысты материалдарға сақтықпен қараңдар деген нұсқау да алғанбыз. Обкомның идеология жөніндегі хатшысы Шәмшә Беркімбаеваның қиналып отырып кеңес бергені бар. "Шона Смаханұлының қазақ мектептерін, қазақ сыныптарын ашу жөніндегі істерінен мұндағылар ұлтшылдық көріп отыр ғой, естеріңде болсын, байқаусызда оларды ұлтшыл деген мақала шығарып қоймаңдар», – деген ескертпесін де естігенбіз. Обком Шәмшә Көпбайқызының өзін де сыйдырмады ғой.

Редакция ұжымының әлеуметтік жағдайы да көңілде жүрді. Ұжым ынтымағы жайында біраз сөз еттік. Тұрмыс деген бар, әркім отбасының қамын ойлайды. Әсіресе, үй мәселесі қиын. Қалай дегенде де, ол кезде бұл мәселе бүгінгідей емес, Үкімет есебінен шешіліп жататын. Айталық, «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында адамдар ары кетсе екі-үш жылда үй алып жататын. Ал мұнда басқаша болып шықты. Барша газет-журналға қамқор болуға тиіс республикалық баспа үлкен бір үй бергенде, «Жетісуға» екі-ақ пәтер тиіп, қызметкерлер оған таласқандай болып, көпшілігі наразы қалған. Қарап тұрсақ, бұрмалаушылық бар. Баспа [illegible] басшыларының беделіне қарай оларға көп үй береді екен. Баспа басшыларының бірі, жылпостау азамат Арно Лерхке барып, дауласуға тура келді. Бөлек тізім емес, ортақ тізім жасауын талап еттік. Бұлай болмаса, Орталық Комитетке де баратынымызды, біраз бұрмалаушылықты білетінімізді мәлімдедік. Ал олар Орталық Комитет десе, ауыздарын аша алмайды. Және біздің олардың біраз былығын ашатынымызды аңғарып, ортақ тізім жасауға келісті. Бұл тізім бойынша «Жетісуда» көптен кезекте тұрғандар анықталып, редакцияға тағы да төрт пәтер берілетін болып, бұл жөнінде біраз мәселе шешілген.

Осындай жағдайда біз Желтоқсан оқиғасына кезіктік. Оның қалай басталғаны жөнінде егжей-тегжей жазылған. Тек газетімізге, өзімізге қатыстысына ғана тоқталайық.

Бұл оқиғаның ерекшелігін бірден аңғардық. Бұл біздің сәуегейлігіміз де, кемеңгерлігіміз де емес. Керісінше оны аңғармау кемшілік болар еді. Жастардың көшеге шыққанын естіген соң-ақ оны өз көзімізбен көргіміз келді. Ол кезде, редакциямыз көкбазардың қарсысында, тоғыз қабат үйдің бір қабатын облыстық орыс тілді «Огни Алатау» газетімен бөлісеміз. Оның редакторы Надежда Гарифуллинаға хабарласып, Көшеге шыққан жастарды көрейік, – дедім. Ол бірден келісті. Оған хабарласудың да жөні бар: обкомның бюросына бірге барамыз, бірге отырамыз, ресми материалдарды қалай, қанша көлемде беретінімізді бірге шешіп аламыз. Оны бізден обком талап етеді. Бір-бірімізден озбауымыз да, қалмауымыз да керек. Жеке өзім ғана көрсем, ертең неге айтпадың деп өкпелейді.

Жастарды Карл Маркс (қазіргі Қонаев) көшесінің бойынан кезіктірдік. Жүз қаралы адам Ғылым академиясы жағынан төмен түсіп келе жатыр екен. Бәр дауыстарымен әй айтып келеді – Шәмшінің «Менің Қазақстанымы». Арасында қыздары да барына таңданғанбыз. Тіпті мектеп оқушылары да бардай көрінген. Расында да, қызыққа ерген балалар шығар дегенбіз. Қастарынан өттік, бізге көңіл аудармады. Бірақ біраз жоғары көтеріліп, қастарынан қайта өткенімізде, біздің өздерін көрген жүргенімізді аңғарып, оған ашуланып, екінші болып келе жатқан Гарифуллинаның машинесіне таяқ лақтырды. Редакцияға келгенде, әріптесіміз бұған қатты ренжіді. «Неге сіздің машинеңізге емес, менің машинеме лақтырады?» – деді. «Олар сенің татар екеніңді аңғармай, орыс деп қалған ғой», – деп әзіл қосқанымызды ол қабылдамады. Осыдан-ақ Желтоқсан мәселесінде жолымыз қосылмайтынын аңғарғанбыз.

Сол күні түнде атақты республикалық партия-шаруашылық активі өтті. Түнгі сағат 2-де! Ертеңіне 18 желтоқсан күні Мелеу аудандық партия комитетінде нұсқау бойынша әр мекеме, кәсіпорындарының басшылары бас болып, өкілдері жиналды. Бұл жасақтың мақсаты – алаңда көтерілген жастарға қарсы тұру. Қалайша? Белгісіз. Шамалы уақыт өткенде, біраз адамның қолынан газетке оралған таяқ сияқты нәрселерді көрдік. Негізінен орыс ұлты өкілдерінің қолында. Оны енді бір ұйғыр ағайынның қолынан көріп, бұлардың не десек, «қорғаныс үшін ғой» деп, газетті ашып, арматура кесінділерін көрсетті. «Сонда қазақ жастарымен соғыспақсыңдар ма?» – деп күйіндік. «Оны бізге несіне айтасыңдар, анау жоғарыға айтсаңдаршы!» – деп олар ауыз кеңесін ұсқады. Сонда жасы үлкеніміз «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының бірінші орынбасары Сарбас Ақтаев, белгілі журналист Нұрлан Мұфтахты бас етіп, сол аппаратқа жібердік. Ал өзіміз темірмен қарулангандармен айтысып, айқасып жаттық. Бір кезде жоғары қабаттан балконға шыққан ауданның бірінші хатшысы Н. Әбіқаев: «Жолдас-



ДҮЙСЕНБІ 8 СӘУІР

06.55 Әнұран, жадатта. 07.00 «Таңшолпан». 09.00 Жаңалықтар. 09.40 Жан жылуы. 10.00 "Алтын" 11.00 Арнайы репортаж. 11.20 Сериал "Мұзды жарып шыққан гүл". 12.30 Жаңалықтар. 12.45 Дауа. 13.20 «Аспан». 13.50 Сериал «Кешір мені». 14.50 «Телекөпір». 15.05 Дер.фильм. 15.55 Сериал "Мұзды жарып шыққан гүл". 17.00 «Менің Қазақстаным». 17.35 Жаңалықтар. 17.50 «Телекөпір». 18.25 Сериал «Үй болу қиын». 19.20 «Қылмыс пен жаза». 19.30 Сериал «Кешір мені». 20.30 Жаңалықтар. 21.05 Ауыл. 21.50 Сериал Бәйтерек. 22.40 Телехикая «Келін». 23.15 Жаңалықтар. 00.15 Х/Ф «Даниэль Деронда».

СЕЙСЕНБІ 9 СӘУІР

06.55 Әнұран. 07.00 «Таңшолпан». 09.00 Жаңалықтар. 09.40 Сериал "Бәйтерек". 10.35 "Айтуға оңай..." 11.20 Сериал "Мұзды жарып шыққан гүл". 12.30 Жаңалықтар. 12.45 "Спорт". 13.20 «Аспан». 13.50 Телехикая «Кешір мені». 14.45 «Саябақ сезім». 15.20 Дер.фильм. 15.55 Сериал "Мұзды жарып шыққан гүл". 17.00 «Ән-жұлдыз». 17.35 Жаңалықтар. 17.50 «Тамашалар». 18.00 Сериал «Үй болу қиын». 19.00 «Ашық эфир». 19.30 Сериал «Кешір мені». 20.30 Жаңалықтар. 21.05 «Айтуға оңай...» 21.50 Сериал "Достар". 22.40 Сериал "Келін". 23.50 Х/Ф «Даниэль Деронда».

СӘРСЕНБІ 10 СӘУІР

І Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайының қасбетіне ілінген үлкен биллборттағы Астана қаласының ерекшеліктерін көрсеткен суреттер көргем жанды бір ойлантып тастайтындай. Оған кез түскен әрбір адам осыдан 15 жылдың алдыңғы тағаны енді көтерале бастаған Астана мен бүгінгі сәулетіне салтанаты жарасқан жаңа Астананы салыстырмалы түрде ой елегінен өткізетін анық.

Соған қарап-ақ, елімздің саусақпен санарлық жылдар арасында қаншалықты биікке көтеріліп, елдіктің ерендігін көрсете алғанын мысқа тоқи алады. Ал аланды айналға орналастырылған қаламыздағы әрбір мекеменің алуан түсген айшықталған гүлдер кермесі табиғаттың таңғажайып сұлулығы мен адам санасының шеберлігін паш етеді. Бір бұрыштағы қалың жас өспірімдер кермесінің қорытындысы шығарылды. Нәтижесінде бірінші орынды Талдықорған қаласық №1 қосымша балабақшасы жеңіл алса, екінші орынға №21 орта мектеп, үшінші орынға Мағжан Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп табан тіреді. Олар бір жағынан жеңісіне масаттанса, екіншіден заттай сыйсиепатқа ие болып, мерейленді.

Жеңіске деген құштарлық бойын толықтыған көпшілікті келесі кезекте «Бірлігімздің бейтумары – Астана» атты қала тұрғындары, спортшылар, қалалық мекеме және ұйым қызметкерлері қатысқан веложорық өзінің ерекше қызығымен бауырап алды. Әрине, бұл сында да өзінің жеңімпаздары анықталып жатты. Бірақ, бүл күнгі шара жеңіс үшін ұмтылыс емес, достық жолындағы бәсеке болғандықтан жеңіске жеткендер желпініп, артта қалғандар мұңайған жоқ. Қайта, ұлы тойға өздерінің осылай тарту ұсынғандықтарын шын қуанышы ретінде құттықтап жатты.

Халықымызда: «Бетеге кетсе – белқалар, бектер кетсе – елқалар, берекен кетсе нең қалар» деген нақыл бар. Расында, қалтарысында қасиетті ұғым жатқан ата сөзде қаншалықты ой бар десеңізші. Шынарығына келсек, елімздің бүгінгі жеткен жетістігі берекелі емірміздің өзегінде жатпай ма? Сол берекенің бастауы – жаңа ғасырдың жасімпаздығы есем Астана қаласы. Ендеше, Астана қаласының асқақтығы артқан сайын төрт құбылмыздың да төңіле түсетіні айдан-анық.

● Ойнақтай ой

Ескі ісім екен деген - ретін тап.
Абай

● Тәртіптік кеңесте

Жауапкершілік жүгі

Сейсенбі күні облыстық әкімдіктің кәші залында Тәртіптік кеңестің кезекті отырысы өтті. Бұл жолғы отырысқа облыстық мәслихаттың хатшысы Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ төрағалық етті. Күн тәртібіне шығарылған бес мәселеге шолу жасаған кеңес мүшелері бірінші кезекте Алматы облысы бойынша Кедендік бақылау департаментінің «Алатау КРО» кеден бекетінің жетекші маманының мәселесін қарастырды. Кедендік бақылау департаментінің ішкі тексерісі барысында бекеттің жетекші маманы тарапынан кетken кемшілікті сараптаған тәртіптік кеңес мүшелері заңда белгіленген тәртіппен қызметтен босату туралы ұсынысты құп көрді.

Ғалымұрат ЖҮКЕЕВ
"Жетісу"

Күн тәртібіне шығарылған келесі мәселе облыстық мәслихат кәтуды ұйымдастыру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысына қатысты болды. Алайда жауапты мемлекеттік қызметкер деңсаулығына сыр беріп, дуруханаға жатқызылғандықтан, кеңесе қалдырылды.

Сондай-ақ, кеңес мүшелері Есікті ауданы прокуратурасының Қайнарлы және Ақшиқара ауылдық округі әкімдерінің жеке және заңды тұлғалардың ірісі өтінішін уақытылы қарамағы үшін заң талабына қайсы келетіндігі туралы ұсынысын тыңдаға салды. Алайда жауапты мемлекеттік қызметкерлер деңсаулығына байланысты кеңес мүшелері мәселені «ертеңге» деп тапты. Дегенмен, ауыл әкімдеріне алдыңғы әрітістерінің кәтелеуін қайталамауын ескертті.

Тәртіптік кеңес отырысында қарағалған соңғы мәселе Кербұлақ ауданының прокуратурасының ауданның тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль қолдары бөлімінің басшысына қатысты болды. Прокуратура қызметкерлері тексерис нәтижесінде «Кербұлақ су құбырын» мемлекеттік коммуналдық шаруашылығының әрекайы лицензиясының жоқтығына қарамастан су құбырына алынадағы жөндеу жұмысына жұмылдырылғандығы заңға қайшы деп танылып, бұған ауданның мекемесінің басшысы жауапты деген ұйымның тәртіптік кеңесіне түсірді. Кербұлақ ауданының ерекшелігі мен су мәселесінің тұрғындар үшін өзектілігін ескерген кеңес мүшелері ауданның басшысына бірлігзо сауал қойды. Аграрлық салаға бөлім ауданның басшысының әрекетінен ешқандай залал келмеді. Қайта, су мәселесі шешімін тапқандығын алға тартқан кеңес мүшелері мәселенің уақыты өтіп кеткендігін ескеріп, ел игілігіне жараған азаматты жауапкершілікті тәртіпті артық деп тапты.

Мемлекеттік қызмет – жауапкершілік жүгі зұыр салға. Сондықтан әр мемлекеттік қызметші өз мәртебесі сәйкдау барысында заңды негізге алуы қажет. Мұны Тәртіптік кеңестің отырысы дәлелдеп отыр.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

● Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 96 (17786) Сейсенбі, 20 тамыз, 2013 жыл ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

Н. НАЗАРБАЕВ:

Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.

Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге лайық болуға тиіс.

● *Тамыз кеңесі*

САПАЛЫ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ –

Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдылығы

Білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесінің пленарлық мәжілісі І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтіп, онан облысымыздың айтулы ұстаздары қатысып, мектептің өзекті мәселелері турасында ой бөлісті. Облыс орталығында өткен жиынға ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласын бақылау комитеті төрағасының орынбасары Дәулет БӨЛТЕБАЕВА, облыс әкімі Ансар МҰСАХАНОВ, сондай-ақ, облыстық құрылым басшылары, аудан, қала әкімдері, кәсіподақ ұйымдарының, білім беру мекемелерінің басшылары, педагогтар, ата-аналар комитеттерінің төрағалары қатысты. Тамыз кеңесіне қатысушылар алғашқы кезекте білім беру саласының озық үлгілері мен оқытудың жаңа технологиялары қойылған көрмені аралап, облыстағы ілгері жетістікке көз жүгіртті. Бұдан соң облысымызда осы сала бойынша атқарылып жатқан жұмыстан бейнекөрсетілім арқылы танысып өтті.

Алма ЕСЕНБАЕВА
"Жетісу"

Мұғалімдердің тамыз кеңесін облыс әкімінің орынбасары Серік Мұқанов жүргізіп отырды. Жиында «Сапалы білім беру мен тәрбиелеу – Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдылығы» тақырыбында **облыстық білім басқармасының бастығы Ғалия АМАНОВА** негізгі баяндаманы жасады. Сала жетекшісі өткен оқу жылының қорытындысын жариялап, алдағы атқарылатын міндеттерді саралады.

– Мемлекетіміздің негізгі іргетасы – мектеп десек, оның беріктігі мен қуаттылығының кепілі білім беру үрдісіне үнемі баса назар аударылып, осы саладағы әлеуметтік сұранысты қалыптастыруға айрықша мән беріледі. Облыстың озық ойлы педагогтары бас қосқан бүгінгі жиын, қоғам дамуының қозғаушы күші өскелең ұрпақты еркенет талаптарына нық жауап бере алатын, елжанды, адамгершілігі биік, бәсекеге барынша қабілетті етіп тәрбиелеу мақсатын айқындайтын келелі әрі берері мол кеңес екені белгілі. Өйткені, білім беру ісі қоғамдық және экономикалық өмір саласының маңыздысы және мемлекеттік саясаттың ең өзектісі болып табылады. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың табыстылығы – ең алдымен Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың білім беру саласын жаңғырту мақсатында қойған міндеттерін атқаруға бағытталған.



Облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ "Айналайын" балалар үйінің тәрбиешісі Бағлан Рамазановты Алғыс хатпен марапаттады.



Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан-2050» Стратегиясы – мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» – дей келе, мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көше отырып, жекеменшік әріптестік желісін дамыту, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізу, педагог имиджін көтеру, сапалық құрамын арттыру, біліктілікті айқындаудың тәуелсіз жүйесін енгізу, ескірген білім нәндерінен арылу, сұраныс көп және болашағы бар бағыттарды күшейту қажеттігін тапсырғаны баршаңызға мәлім.

Қолжетімді және сапалы білім беруді дамыту мақсатында мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға баса назар аударылып келеді. Бұл мақсатқа биыл 1млрд. 282 млн. 870 мың теңге қаржы бөлінді. 2012-2013 оқу жылында кеңжолақты интернетке 470 білім мекемесі қосылды (63,4%), бұл көрсеткіш алдыңғы оқу жылымен салыстырғанда 10,9 пайызға жоғары.

2006–2011 жылдар аралығында облыстың 316 мектебі лингофонды-мультимедиялық кабинеттермен жабдықталған болса, бүгінгі таңда 321 мектеп қамтылып отыр.

Ал компьютермен қамтылу көрсеткіші 2013 жылы 11,3 оқушыны құрайды, бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда компьютерлік техниканың саны артқандығын көрсетеді (2011 жылы – 12,6, 2012 жылы – 12 оқушыны құрады). Облыстың 529 мектебінде 1262 интерактивті тақта орнатылып, жаңа модификациялы 235 физика, 120 химия, 202 биология кабинеті қойылды.

Тәуелсіздігіміздің тамыры терендеген кезеңде жеткіншек өрендер санасына ана тілі арқылы тәл тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын сіңіру, сол арқылы олардың дүниетанымын қалыптастырып, жеке тұлғалық қабілеттері мен қасиеттеріне, дарынына дақпырт жол ашу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан да білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес асыл қазынасы. Ал мұндай мақтан тұтар озық ойлы, дарынды оқушылардың саны жыл сайын артып келеді.

(Соңы 2-бетте).

● *Алматы қаласының облыстағы мәдениет күндерінің жабылуы*

Алматы қаласының облыстағы мәдениет күндері өткен сенбінің кешінде Қарасай ауданында мерекелік гала-концертпен жалғасын тапты. Аудан орталығы Қаскелең қаласындағы Мәдениет үйіне келген жұртшылық алдымен «Алматы қаласы. Кеше. Бүгін. Ертең» атты фотокөрмені тамашалады. Алып шаһар Алматының өткені мен бүгінінен сыр ақтарып, ғажайып көлешегін көз алдыңа келтіретін фотокөрмені көпшілікпен бірге Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш АМАНЖОЛОВА мен Қарасай ауданының әкімі Амангелді ДӘУРЕНБАЕВ бастаған топ тамашалады.

ӘН мен КҮЙ шалқыды

Серік САТЫБАЛДИЕВ
"Жетісу"

Залдағы «Алматы – Тәуелсіздігімнің алтын бесігі» деген айшықты жазу алыстан көз тартады. Ұзақ жыл ел астанасы болған Алматының мәдениет пен өнер саласындағы сайыпқырандары кезінде тәуелсіздіктің ту тігуіне үлкен үлес қосып, тіпті азаттықтың жолында таяққа жығылғаны да есімізде. Алтын бесік Алматыда іңкәлідей, әбдейі тербетілген кешегі Тәуелсіздігімздің тұғыры бүгінде берік, еңсесі биік. Қарасайлық көрермендер алдында сөз сөйлеген Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Аманжолова қаламың бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани әлеуетін атап өтіп, оңтүстік астана мен облыстың арасындағы байланыстарды одан әрі дамыта берейік деген ізгі тілегін білдірді. Өз кезегінде Қарасай ауданының әкімі Амангелді Дәуренбаев та қала мен облыстың мәдени-рухани өмірі, тыныс-тіршілігі бірыңғай ақ қатпар ақпан қос өзендей егіз, халқы бір-біріне жақын, тамырлас, тағдырлас, қоңсылас екеніне тоқталып, облыс басшысы Аңсар Мұсахановтың атынан мерекелік шарамен шын жүректен құттықтады.

Жабылу салтанатының соңында сахна төріне көтерілген Алматы қаласы әкімінің эстрадалық-симфониялық оркестрі өнерсүйер қауымның назарына тамаша концерт ұсынды. Ән мен күйден ақтарылған жыр шашу тыңдаушы жүрегіне жол тапты. Елге белгілі құрмісөмей әншілердің қатарында Қазақстанның Халық әртісі Лаки Кисоглу, көптеген байқаулардың лауреаты Толқын Забирова, халықаралық «Алия Дауысы» конкурсында өнер көгіне жарқ етіп шыққан Бауыржан Исаевтай сүйікті әншілердің, танымал эстрада жұлдыздарының дарынына залда отырғандар қайта-қайта құлшына қол соқты.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ.



Өткен сәрсенбіде ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұрлан Сүлейменов пен Ләззат Тұрлашов және «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ергазы Қошанбеков жазғы демалысын Жаркент өңіріне келді. Сенаторлар аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудандық мәслихат депутаттары, қоғамдық ұйымдар өкілдері және жақында сайланған ауылдық округ әкімдерімен кездесті. Бұл басқосуды аудан әкімі Бөлтірік Жақыпов кіріспе сөзімен ашып, құрметті қонақтарды көпшілікке таныстырды.

Халық қалаулылары ел ішінде

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
"Жетісу"

Кездесуде алғашқы болып сөз тізген ұстаған Нұрлан Сүлейменов Сенатта қабылданған жаңа заңдар жайлы өңгімеледі. Сенатта үстіміздегі жылы жалпы 96 заң қабылданса, олардың қатарында Қазақстан заңнамасына 11 жаңа заң қосылғанын және қолданыстағы 39 заңға өзгертулер енгізіліп, 46 халықаралық, заң ратификацияланғанын саралап айтып шыққан сенатор жаңа қабылданған құжаттар жайлы жан-жақты ақпарат берді.

Кездесуде аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сағымбек Үшбаев ақсақал аудан орталығында спорттық сауықтыру кешенінің жоқтығын айтып, осы мәселенің оңды шешілуіне сенаторлардың көмектесуін сұрады. Сол сияқты аудандық мәслихаттың хатшысы Төлеуберген Осланов алдағы жылы қазақ кәсіпкөркем сурет өнерінің атасы, халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің туғанына 110 жыл толатындығын, бұл айтулы мереке елімізде және әлемдік деңгейде тойланатынын айта тұрып, суретшінің кандық қаны тамған Шежін ауылының жолын асфальттауға сенаторлардың ықпал жасауын өтінді. Депутаттар өздеріне берілген сауалдардың оңды шешімін табуына қолдан келген көмектерін жасауға уәде етті.

Сенат депутаттарымен тура осындай кездесу ертесінде көршілес Үйғыр ауданында да өтізілді.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

● *Ел іші – өнер кеніші*

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, ТАРИХЫ КЕНЕН

Ескелді, Көксу, Қаратал аудандарының мәдениет күнінен

Тамыз айының тамылжыған күні Қаратал өзенінің жағасы тағы бір түрленіп қалды. Күндіз күміс, түнде алтын өзен бойын жағалаған халықтың көңілі бір жадырап, тамашо бір күйге бөленді. Ежелден ауыл-аймақ, батырлар мен ақындар мекен еткен аймақ той-думансыз өткен бе. Өнер әйдаһарында қанат қаққан талай тарланның түсауын кескен Қаратал ауданы өзімен тағдырлас екі ауданның мәдениеті мен өмірін бір орнага тоғыстырды. Елбасымыз мәдениет саласына қатысты «Мәдениеті жоғары, тарихы тамырлы, ойы сергек елдің рухы да биік. Рухы биік халықтың іргесі де берік, әлеуеті де күшті, интимағы жарасты болмақ», – деп «Мәдени мұра» бағдарламасының басты бағытын айқындап берген еді. Жетісу жерінде жыл сайынғы дәстүр бойынша ауандардың мәдениет күнін Ескелді, Көксу мен Қаратал аудандары жалғастырды.

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ,
Қуаныш ТҰҒАТАР
"Жетісу"



Суретерді түсірген Айдын ҚАЖЕКЕ

Құт қонған ҚАРАТАЛ

Мерекелік шара басталмас бұрын аудандық әкімдіктің мәжіліс залында үш ауданның басшылары мен аудандық Құрметті азаматтары бас қосты. Алдымен мерекеге облыс әкімінің орынбасары **Серік Мұқанов**, Қаратал ауданының әкімі **Сұлтан Дүйсенбаев**, Көксу ауданының әкімі **Бақберген Исабеков** және Ескелді ауданының әкімі **Шұрлан Қылышбаев** қатысты.

Мерекелік жиынды ашқан Серік Мұханбетұлы өз сөзінде «Мәдениет өскен ел – еркенетке көшкен ел» деп келе, бұл шара халықтың рухани өмірінің, мәдениетінің дамуына зор ықпал ететін маңызды жиын. Жыл сайын мәдениет күндерін өткізу арқылы аудан өмірлеріндегі жаңа дарындардың ашылуына жол ашып келеміз. Сондықтан да әлеуметтік-мәдени салаға бағытталған қаржы көлемі өсіп отыр. Өңірдегі бірнеше мекеме қайта жаңартылып, қазірге қосылуда. Бүгінгі мәдениет күндерін өткізіп отырған үш ауданда ел экономикасының дамуы жоғары өзендік үлестерін қосып, алдыңғы шептен көрініп келе жатқан өңір, – деп атап өтті. Жиында өз ауандарының көпшілік бастан келген Құрметті азаматтар, ардагерлер өз сөздерінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері, ауданның бүгінгі жетістіктері жайында ойларын ортаға салды.

Сондай-ақ, облыс әкімі Ансар Мұсахановтың құттықтауын жеткізіп, үш ауданның Мәдениет үйіне дыбыс күшейткіш аппаратты сыйға тартты.

Мұнан соң облыс әкімінің орынбасары орталық алаңға қойылған көрмені аралады. Шарага үш аудан да ерекше дайындықпен келген. Қаратал ауданының 15 киіз үй тігіп, келген қонақтарды кәре беретсен ән шашуымен қарсы алды. Қонажайлық танытқан аудан тұрғындарының жайылған ақ дастарқанды, бесаспаптерін сүйіп, бүкіттері ұлыстың кең тартты. Облыстан келген делегацияларды әрқашан қарсы алған Қаратал ауданының мерекесіне шырайын кіргізіп. Келген шеберлерге бірінші болып Үштөбе қаласының «Қаратал АгроГен» ЖШС-нің «АРДАН» тракторы, «ТАМАС» ЖШС-нің жасаған құрылыс материалдары «Айдын» ЖШС-нің сүт өнімдері сыйланып, Аталған кәсіпорындың өнімдері облыс, республика көлемінде көптеген істі жәрмеңкелерден жеңімпаз атанып, сапалы өнімдерге берілетін «Жетісу сапасы» белгісіне ие болған.

(Соңы 3-бетте).

● *Егін орағы*



Астық бітік шықты

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Балқаш ауданының Бақбақты ауылында орналасқан «Тұмар» ЖШС-нің бидай орағына тыңғылықты дайындалған болатын. Аталған серіктестіктің ұжымы көктемнің жылы өткен әр сәтін пайдалана отырып, егістік алқапқа алғашқы дәнді себуді асқан жауапкершілікпен аткарған еді. Төгілген тер бекер кетпеді. Қазір 320 га. жерге егілген бидайдың дәні толығып, алғашқы аймақ оракқа ілінді.

Қазір бидай орып, оның дәнін жинауға қажетті техникалар шығарылады. «Ұйымдасқан – ұтады» дегендей, аз ғана уақыттың ішінде бидай дәнін жинау жұмысы қарқын ала түсті. Алынған өнім өткен жылдағыдан әлдекайда жоғары болып отыр. Былтырдың күшпшылығында әр гектардан 10 центнер ғана өнім алынған болатын.

Серіктестіктің атқарушы директоры Сейдалы Ақмолдаевтың айтуы бойынша, бүгінгі өнімге қарап бидай егістігінің әр гектарынан 30 центнерден дән жиналатынына сенімді. Басым үстіміздегі жылдың жаңбырлы көктемі бидай және басқа да дәнді дақылдардың өніп-өсуіне үлкен пайдасы болғандығын тілге тиек етіп отыр. Өйткені, серіктестік диқаншылары сиырған сұлы мен көкөнестік шөптің жетілуі малдарға мол болғандығын көрсетуде. Сәйтіп, қыстың қарлы басы дәнге толы бастады. Жылдың жаңа дәнін жинаған диқаншылардың еңбегіне табыс тіледік.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

■ Абайдың үш билігі

Құн төлету

1902 жылы күзде Мамайдың бір баласы Сарыбас руының 20 шақты шаңырақ Нұрлыбай дегенді жер бөлігіне таласып, Мамайдың ең жуан ауылы 150 үйдей Жиен Шора деген руынан Тоқсанбай баласы дегендер ұрып өлтірген.

Мыңна Мамай бір болыс Қызыл Жар болып екі ортасына түсіп құн кесіп, билік айтып, бітістірмек болған екен. Нұрлыбайдың ағасы Жақып көнбейді. Ол:

– «Маған теңдік беретін болса, мен Абай алдына барып жүгінемін», – деп отырып алады.

Не деген ескі жоқ адам екенін ешкім біле алмайды. Жиырма үй Сарыбас, өздері Абайдың жауы жағында. Жиен Шора болса 150 үй, Абайдың әрі құрдасы, әрі досы. Сонымен даугасып Абай алдына барып не теңдік, не құн аламын деп отырғанын жұрт үгіт алмайды. Ақырында Мамайдың жеті баласына басшы адамдар еріп, Абай алдына екеуін де апарып, жүгіндіріп, билік айтқызуға жүрмекші болады. Көп кісі екі бөлініп, Мамайдың 30-40 адамы барады. Жиделібайдағы Абайдың ауылына келіп, сәлем беріп, үйге кіріп отырысады. Абай Жақыпты бері кел деп қасына таяу отырғызады да: – Інім имандың болсын, арты қайырлы болсын, – деп көңіл айтады, өзге көпшілікке жай амандасады да қояды. Сол келген Мамай кісілерінің ішінде Жампейіс Қыдыняр баласы деген шешен, пысық жігіт болатын. Ол бұрын Мамай елінің ондай-мұндай жұмыстарымен Абайға келіп-кетіп мінездес болып алған екен. Амандық сұрасқаннан кейін сол жігіт сөз бастайды.

Абай аға, естіп жатырсыз ғой мына екі ағайын болымсыз жер бөлігіне таласып, Тоқсанбай балалары Нұрлыбайды ұрып өлтіріп тастады. Оған бір болыс мырза Мамай жиналып, құн кесіп, билік айтып бітірмек едік, оған мына отырған Жақып ақсақал көнбеді: «Сендердің айтқан биліктеріңді, әнергеп құндарыңызды өздеріңе. Анулаған күні Жиен Шора баласы тартып алып қойды. Алсам да, алсам да Абайдың әділетіне барамын. Жиен Шора мен Абайдың құда, дос екенін де білемін. Менің Абайдың қарсы, жауы жағында жүргенім де рас, бірақ Абайдың әділет алмашылығына не айтса да көнемін», – деп келді. Ендігісін өзіңіз айта беріңіз, – деп сөзін аяқтады.

Сонда Абай:

– Ей, Жампейіс! Осы Нұрлыбайды Тоқсанбай балалары далада төбесін ойып өлтірді ме? Жоқ, қаншам жерінде қуып өлтірді ме? Соның анығын айтшы, – деді.

Жампейіс: – Нұрлыбай Тоқсанбай ауылымен жерлес болатын. Бөлінге алдаған шекарасын бөлу керек. Нұрлыбай қойшысына қойын айдатып, бөлік ортасына келген екен. Тоқсанбай ауылынан бұзарға қарсы 4-5 атты кісі шығыпты. Қолдарында ұстаған сойылдары бар екен. Нұрлыбай мұны көрген соң: «Мына көппендердің жүрісі қалай жаман еді, жуансыған мықты ақымақтар еді. Менің жүрегім қорғалайын депті, үйіме қайтайын деп ауылға бұрылып жүре беріпті. Оны көрген 4-5 атты тоқсан деп ұмтылған соң, Нұрлыбай қаша жөнеліпті. Бұлар артынан қуып, тап өзі ауылдың алдындағы күзге барған жерде жетіп, екі сойыл қатар тиіп, Нұрлыбайдың қарақұсы ойылып, өлім жетіпті. Бар расы осы, – деді. Сонда Абай:

– Ер құны елу түйе болады. Ұрыста тұрыс жоқ деп қата тимесе, бата тиіп өліп кеткен адамды айтады. Сені өлтірмей қоймаймын деп қасарысып, қашқанды қуып, әдейілеп өлтірген адамның құны жүз түйе болады. Мына Нұрлыбайды өлтіру әдейі өлтіргендік. Сондықтан бұның құнын мен жүз түйеге кестім. Мамайдың алты баласынан келіп отырған сендердің сыбағаңа бес түйеден 30 түйе құн кемітілсін. Мына Жақыпқа жетпіс түйе құн төлесін. Соны сендер алып беріп бітіріңдер, – деді.

Сонда Жақып орнынан ұшып тұрды:

– Абай әділетіне, атаның аруағына құлдық. Барлық Мырза Мамайға жалғыз өзім көнбей алдына келіп едім. Әділетке, теңдікке қолым жетті, бүгін өлсем де ризамын, – деп жылап жіберді. Жиен Шора жағы бір ауыз сөз айтпады. Сонда Жампейіс тұрып:

– Ой, Жиен Шора атам баласы мына Жақып Абайдың билігіне риза болып, құлдық айтып жатыр. Сендер үндемей отырсыңдар. Ертең елге барған соң пәлен демей риза, наразылықтарыңызды Абайдың өзінің алдында айтып кетіңіздер дегенде. Жиен Шорадан шыққан болыс, әрі Абайдың құрдасы Мұсабай деген кісі:

– Біз Абайдың билігінен асып қайда барамыз. Бірақ малдан бір айырылып, бастан бір айырылып жүрмелік, артына Абайдың өзі не болса... – деді.

Жақып: – Ей, Мұсабай, мен 20 үймін, сен 150 үйсің. Болыстық, билік, әміршілік бәрі өзіңде. Абай алдына келіп құн кестіріп алып, енді қалған кісілеріңізді орысқа арыз беріп айдатады дегенге кім нанады.

Сонда Абай ақырын жымиып күлді де: – Жақып дұрыс айтады. Оны да Мұсабай сен бітімнің жөнін тап, аз ағайынды жылатпа, – деді.

Сонымен Мамай кісілері екі бөлініп қонып, ертеңіне қош айтысып қайтып кетті.

Екі күннен кейін Сарыбас жағынан бір кісі ертіп, Жиен Шора жағынан бір кісі ертіп Жампейіс қайта келді. Ол: – Абай аға, екі ағайын сіздің билігіңізге тоқтаса да құн малының баламасына келісе алмай жатыр. Сарыбас бір түйеге 7 тоқтыдан беремін дейді. Енді соның жөнін сұрағалы қайта келдік, – дейді.

Сонда Абай: – Бұрынғы қазақ жолында құнды үшке бөледі.

1. Сара құн – 1 түйе 20 тоқтыдан, бұның мәнісі малды таңдап саралап алу.

2. Дара құн – 1 түйе 14 тоқтыдан, бұның мәнісі малды орташалап алу.

3. Қара құн – 1 түйе 7 тоқтыдан, бұның мәнісі құн төлеуші көңілінен шығарған малын құн үшін береді. Осындай баламамен құнды алып беріңіздер, – деді.

Жер дауы

Айқынбай деген кісінің бәйбіше, тоқал екі әйелі болыпты. Бәйбішеден де, тоқалдан да екі екіден төрт бала болады. Бұлар Айқынбай өлгеннен кейін жер еншісін бөліскенде өзара келіспей, Кәрінбай деген Айқынбайдың баласы өзінің бір анадан (бәйбішеден) туған інісі Оспанбаймен жер туралы жанжалдасып қалады. Оспанбайды мұқату үшін айып тарттырмақшы болып, төбелес кезінде өзінің шекесін пышақпен тіліп жіберіпті. Сосын көлденең ағайындар Оспанбайға екі ат-шапан айып кеседі. Сол уақытта осы дауды түптеп тексере келіп Абай Кәрінбайдың өз шекесін өзі жаралап кескенін анықтап, көлденең ағайындардың Оспанбайға ат-шапан кескен билігін өзгертіп, Оспанбайдың айыпқа берген сары бурасын, бір атын кейін өзіне қайтарыпты.

Бұдан кейін Абай жерді қайта бөліске кірiскенде жерді бәйбішеге екі есе, тоқалға бір есе есебімен арқан салып бөлгізді.

Бәйбішеден Кәрінбай және Оспанбай екі есе жерді екеуі тең бөліп бір еседен алады.

Тоқалдан: Иманбай, Жұманбай екеуі бір есе жер алып, өзді-өзі бөліспей риза болысты. Осылайша жер дауы бітті.

Найман төлеу

1880 жылдың шамасында Абай төбе би кезінде Қарамола дейтін жерге Шар өзенінің бойындағы жәрмеңке болатын межіде билердің төтенше съезіне барыпты. Бұл съезге арғын, найман, уақ, керей – осы төрт арыстың билері бас қосқан екен.

Осы съезге найманнан талапкер болып арғын-тобықтыдан мал дауын қуып Борсықбай, Торсықбай, Сасай деген билер де келіпті.

Сасай би көп сөйлемейтін, бірақ сөзді тауып сөйлейтін, шаруасы шағын, қонақжай берерліктей мал біткен кісі екен.

Төбе би Абайдың алдына барлық би жиналып арғын-тобықты жағы найманға сөз беріп:

– Ал найманның билері не дауларың бар, не талап етесіңдер, кәне айтыңдар, – дейді.

Сонда найманның Торсықбай, Борсықбай билері кезек-кезек сөз алып сөйлейді:

– Я, біз келіп, мына жаңа сайланған төбеби Абайдың алдында бұрынғы арғын, тобықты, уақ, керейге сөзіміз өтпей, қолымыз жетпей жүр еді. Соның салдарынан малымызға төлеу, кісімізге құн ала алмай келдік, – дейді.

Бұдан кейін арғын, тобықтылар: «Қандай кісің еді, неден еді, Малыңды қалай алдың, қанша қандай мал еді?» – деп сұрақ қояды.

Мұны тыңдап отырған найманның бір ақсақалы: – Уа! Сасеке, енді қашан сөйлейсіз? – дейді.

Сонда Сасай тұрып сөйлеген екен.

– Ой! Арғын, тобықты айқайлап жылқымызды алмасаң, ел шауып қияу салмасаң, жатқан төсектен сасып тұрып, артыңнан қумасам, жыра мен сайға жығылып кісім өлмес еді. Нақақтан кісім өлмесе, нақақ жала жабар ма едім, мұнда келер ме едім? Ал Абай мырза бұған не айтар екен? – деп Сасай би сөзін тоқтатады.

Абай тұрып: – О, бұл сөйлеген кім еді, – деп сұрайды. Сонда топ ішінен біреуі Абайға:

– Найманның Сасай деген биі осы кісі, – депті.

Абай: – Уа! Сасай келсе, мына сөзді Сасай айтса, найманға арғын, тобықты аз беріп, көп жалынышпыздар, – депті.

Абайдың осы сөзі билік болып орындалғанда арғын, тобықты, найман адамдары өзара келісіп, бітім малын алғанда: ер құнына – нар, түйеге – тайлақ, атқа – тай, қойға – қозы, сиырға – бұзау беріліпті.

Осыдан кейін Сасай:

– «Қойының қозы болар, келер жылы өзі болар», – деп наймандарға малдың көпшісін де алғызыпты.

Абайдың бұл айтқан билігі «Найман төлеу» аталып, ел аузында осы күнге дейін мақал болып келеді екен.

■ Бәрекелді!



Өнерлі әжелер дидарласты

Ұрпағына мынау жарық күнді, жарқын өмірді сыйлап қана қоймай, ізгілік пен игіліктің, жақсылықтың жаршысы болып жүрген аналардан айналайық. Айналасын, жүрген жерін ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүрдің, жөн-жоралғының тамаша дүниелеріне ұйытып жүретін аналарға бар жақсылықты тілегің келіп кетеді. Зейнет демалысына шыққаннан кейін бойында, қолында барын елі мен жеріне, ұрпағына арнап, қалақы халықтық әндердің әнін ашып, жүзін жарқыратып, рухани азығы сарқылмас саф алтындай жауқарларымызды насихаттап жүрген ақ әжелерді жанымдай жақсы көремін.

Қазақ ежелден өнерді биікке көтерген, жоғары қойған. Содан да болар, тәуелсіз мемлекет атанып, жағдайымызды жақсартып, тұрмысымызды түзеген сайын ел ішінде ақ әжелер ансамбльдері құрылып, жұмысын жүргізе бастады. Бұл тұрғыда Райымбек ауданында қуана әңгімелейтін жайттар жоқ емес. Қазіргі таңда аудан аумағындағы Нарынқол, Қарасаз, Жалаңаш, Бөлексаз және Алғабас ауылдық Мәдениет үйлерінің жанында әжелер ансамблі бар.

Алғабас ауылында орайы келген бір жақсы дүние орын алды. Атап айтқанда, осы ауылдағы «Ақ тамақ» әжелер ансамблі мен Бөлексаз ауылындағы «Ақ инет» әжелер ансамблі дидарласты. Екі ауыл өнерінің көркі мен ажарындай әжелер ансамбльдерінің тәжірибе алмасуды көздеген жүздесу жиынына куә болдық. Шын мәнінде, қуанып қалдық. Бүгін ел ішінен іздейтініміз де осындай ұлт өрінің өсіреп, ел мерейін көтерер ізгілер емес пе.

Осыдан оншақты жыл бұрын ауылдық Мәдениет үйлерінің жанынан әжелер ансамблін құру үшін бойында лайықты өнері бар аналарға ұсыныс жасалып, сол арқылы 5–6 әженің басы құралған болса, кейін ықылас білдірушілер қатары көбейіпті.

Әні мен сәнге бөленген Алғабас ауылдық Мәдениет үйінде ақ әжелер бір-бірімен емен-жарқын әңгімелесіп, дидарласып бір жасап қалғандай күйде болды. Ізгі шарада Алғабас ауылының әкімі Бекалы Жанысов әжелер басқосуына құтты болсын айтты. Олардың ақ жүректері, ақ көңілдері, кең құшағымен, даладай ниет-пейілдерімен ел-жерін әнге бөлеп жүрген үлкен істеріне ризашылығын білдірді. Алғабас және Бөлексаз ауылдық Мәдениет үйлерінің директорлары Бақыткелді Әкімбеков пен Қытай Бейсенөлтер екі ауылдағы әжелер ансамблі жүргізіп келе жатқан жұмыстарын сөз етті. Ұрпаққа үлгі болар жақсылықтарын ортаға салды. Осы бір жып-жылы жайдары жүздесуде Бөлексаз ауылдық Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Ақ инет» әжелер ансамблінің көркемдік жетекшісі Гүлнар Әкімжанова бастаған топ Алғабас ауылындағы әріптес, мақсаттас серіктеріне «орамал тон болмайды, жол болады» деген ниеттің жөн-жоралғысын жасады. Нықтарына ақ жаулық жауып, үйінде шай ішсін деп ыдыс-аяқ ұсынды. Тіпті, сонау бір қиырдағы ауылдарынан өзі бұрқыраған жақсы шайын да көтере келіпті. Екі ауылдың әжелері кезек-кезек өлеңдері өңдеп, тұрлантқан, гүлдеткен қазақтың халық әндерін нақышына келтіре шырқады. Әжелердің ақ жүзі, гүлді-гүлді әлемі көйлектері, салған әсем әндерімен Мәдениет үйінің іші гүлтен жайнап, құлпырып кеткендей болды. Біз Алғабас ауылындағы ансамбль құрамындағы сексен жастағы Заура Атамбековадай ақ әжеге риза болдық. Сахна төріне шығып, ел-жұртқа жақсы сөзін арнады. Онымен қоймай жақсы әнін төгілтті. Осындай әжелеріміз көп болса, айналамыз мүлде көркейіп кететін еді-ау деп ойладық. Айналайын аналарымызға ұзақ ғұмыр тіледік.

Бөлексаздық әжелер сыптеңе жасырған жоқ. Ауылдағы кейбір тұсаукесер, ат қояр секілді көптеген жөн-жоралғыны көпшіліктің көзінше Мәдениет үйінде өткізеді екен. Ондай дүние әжелердің әсем әндерімен көркемделіп, ел есінде қалады. Бұл да айта жүрер, өзгелер үлгі алар дүние ғой. Қалайша қуанбайсың. Алғабас ауылында өткен игі шараның соңында екі ауылдың өнерлі әжелері біргіп, қосылып халық әні «Әрнайдайды» шырқатты. Әжелердің қарасы көбейіп, қос дауыста әнге салғанда айналаң тұп-түгел құлпырып кеткендей болады. Әжелермен бірге біз де бір жасап қалғандай күйде болдық. Тәуелсіз мемлекетіміздің өмір оттары жарқыраған бір шетінде әжелеріміздің қосыла, тебірене салған әндері естіліп жатса, мемлекеттік шекарамыздың шетін ән жарлап жатса, қандай керемет!

ҚАНАТ БІРЖАНСАЛ.
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

■ Сағыныш

Есімі жүректерге жазылған

Ұлы Отан соғысының ардагері әкесі Әжібай мен тыл ардагері темір жолда талмай еңбек еткен анасы Сақыштың тұңғышы. 8 баланың үлкені Нұрсерік Ескендірұлы 1946 жылы 27 наурызда Алматы облысы, Гвардия ауданы, Бостан ауылында дүниеге келді. Үйдің үлкені болған соң бұғанасы бекімей жатып еңбекке ерте араласты. Жастық жігер мен намыс қандай қиыншылық болса да жасытпады, мойымады. Білімге деген құштарлық бойын кернеген жас мектепте үздік оқып, құрбыларының алды болды. Жоғары білім алсам деген талабы таудай жігіттен ата-анасы мен ағайын туысы үлкен үміт күтті. Үлкендердің батасын алып Алматыға аттанған баталы жастың жолы оңғарылып, қазақ ел білімнің қарашаңырағы Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих мамандығының студенті атанды. Алғаш кезінде думанды қала өмірін тосырқаған ауыл баласын жасыл желекті әсем Алматы жатырқамады, бауырына тарта түсті. Көңілін шалқытып, жанын жадыратқан сезімін баураған алдымен Алматының жасыл желекті көркі мен ҚазПИ-лік ұстаздарының ұлағаты еді. ҚазПИ-дегі ұстаздарының дәрісімен білім мен ғылымның тұнығынан сусындап, ұлағатын ұғып, тәлімін тыңдап, дүниетанымын кеңейтіп қайтты.

"Дүние үлкен көл, заманa соққан жел" уақыт парақтарын сусылдата жауып, жалынды, жалаулы студенттік жылдар да жылыстап артта қалды. Өмір белестерінің сол бір көкжиегіне көз жүгіртсе сағым жылдар сағынышпен елестейді. Алғашқы ұстаздық жолы Жоламан орта мектебінде бастау алды. Жақсыда жаттық жоқ, ұжымға тез сіңісіп, қызметін де дөңгелетіп әкетті. Өз ісіне берік, тыңғылықты жігіттің азаматтық қасиеті де шынайы, бояусыз еді. Ұстаздық құлшынысымен, адалдық-туралығымен де әріптестері арасында беделі артқан жас маман марапат пен мақтауларға масаттанбай, бұл шыққан биігі алғашқы белестердің бірі екенін, әлі де асар асулар алда, оған жету жолында талмай еңбек ету керектігін жақсы сезінді. Білімі терең, мінезі салмақты, қандай істі болса да жауапкершілікпен атқаратын жас маман біраз жылда мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысынан аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысына дейін көтерілді. Сол кезеңдегі партия саясаты іскер басшыларды арта қалған ұжымшарлар мен мектептерді алға тартуға, көтеруге алдыңғы шепке жіберетін. Іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілеті мол, саяси беделі жоғары Нұрсерік Ескендірұлын аудан басшылары Гвардия ауданының Калинин орта мектебін басқаруға жіберді. Он жылдан аса басқарған мектебі, ұжымы тек қана алдыңғы қатарда болды. Еңбексүйгіш мектеп директоры Гвардия аудандық білім бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалды.

Ұстаздық еңбегі мен қызметтері жоғары бағаланып жатты. Ерен еңбегі үшін медалі, Ы.Алтынсарин медалі, ҚазССР мен КСРО оқыту ісінің үздігі төс белгілері, Құрмет грамоталары соның айғағы. 1996 жылы Талдықорғанға қоныс аударып, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің тарих кафедрасына оқытушы болып орналасып, аға оқытушылықтан зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлік еңбек жолына шектеу қоя алмаған Нұрсерік Ескендірұлы қалалық мұғалімдердің әдістемелік бөліміне басшылық етіп, соңғы уақытына дейін қызметін адал атқарды. Бақытын еңбек пен отбасынан тапқан Нұрсерік Ескендірұлының отыз жылдан астам отасқан жары Зинаида Ильясқызы да ұстаз еді. 2000 жылы айықпас науқастан дүние салды. «Бақыт деген сүйген жар мен туған балалар» – дейтін Нұрсерік ағамыз, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ұлы Бақытжан – І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде аға оқытушы, ғылым магистрі, оқу бөлімінде педагогикалық іс-тәжірибе жетекшісі. Келіні Жанар да ұстаз. Нұрсерік Ескендірұлы 9 немересін еркелеткен аяулы ата болды. Тұңғыш немересі Олжасқа көңілі ерекше еді.

Нұрсерік ағамен университетте қызмет атқарған жылдары жақын араласып, азаматтық келбетіне, бекзаттығы мен зиялылығына тәнті болдым. Ағалық ақылын, қолынан келген қамқорлығын аямайтын. Жан семіртер жақсы сөз, марапат айтуға бейім ағамыз біреуді мінеп, сынауды ұнатпайтын, жалпақтап жағымпазданғанды жаны сүймейтін. Нұрсерік Ескендірұлы қалалық мұғалімдердің әдістемелік бөлімне басшылық еткен жылдары да мектеп оқушылары арасында өтіп тұратын «Абай оқулары», «Ілияс оқулары», «Мұқағали оқулары» сайыстарында жиі кездесіп тұратынбыз. Гауһар Сіламғалиқызымен дәмтұзы жарасқан ағамыз бірде: «Ілияс оқуларынан» шыққан Мұратбек екеуміз «Балдыздар, көзделеріңнің кабинетіне бір бас сұқлайсыңдар, жүріңдер» деп, қолқалап кабинетіне алып келді. Әңгімеміз, әзіліміз жарасып біраз отырдық. Естелік болсын деп сувенир – сыйлықтар да берді. Жетісуда жарияланған өлеңдерін оқығанымын. «Шабытты шақырасыз ба, әлде өзі келе ме?» – деп әзілдедім. Өмірден көрген-түйгендерім өзі өлең боп өріледі. Құдайдың берген қабілеті ерте ме кеш пе оянады екен. Ақындық Серік досыма (Тұрғынбекұлы) ерте, маған кеш қонды,– деп күлді. Естелік – екінші өмір. Көзден кетсе де көңілден өшпес сыйлас аға, сырлас әріптес туралы жазылған естеліктер ешқашан ескірмейді.

Он тоғызыншы ғасырда өмір сүрген ағылшын даңдары Чарльз Хеддон Спурджен: „Өз есіміңді мәрмәр тасқа емес, адамдардың жүрегіне жаз,–" деген екен. Нұрсерік Ескендірұлы есімі онымен бірге өскен, бірге оқыған достарының, жорадолдастардың, қызметтес әріптестерінің, ағайын-туған, бауырларының, құда-жекжаттарының, оны білген адамдардың жүрегінде мәңгілікке жазылып қалғаны анық.

Сайлау ҚАЖЫБЕКҰЛЫ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті.



■ Құдаш Мұқашев – 80 жыл

Жалын-ғұмыр

Жуырда Ақсу ауданындағы Молықбай атындағы Мәдениет үйінде «Туған жер толғауы» атты ақын, драматург Құдаш Мұқашевты еске алу кеші өтті. Ән мен күй, мың бұралған бимен шымылдығын ашқан кешке аудан әкімі Әлілбек Далбағаев көпшілікті құттықтап, салтанатты шараның өскелең ұрпаққа берер үлгісіне тоқталды. Ал ақынның соңғы жинағын басып шығарған Арасанбай Естенов, ақынның жары Ақжолтай, балдызы Майра, сондай-ақ замандастары мен Құдаш Мұқашевтың жолын жалғастырушы жастар ақын жайлы естеліктер айтса, ақсулық өнерпаздар ақын шығармаларына жазылған әндерді орындап, өлеңдерінен үзінді оқып, шараның шырайын аша түсті. Бастысы, айтылған естелік әңгімеде емес, сол ойлардың шараға қатысқан жастарға берген әсерінде болды. Сол қатарда біз де еске алу кешінің қонағы бола отырып, ойымызға біраз нәрсені түйдік.

Қабілет қаннан, өнер тал бесіктен, көрген тәрбиеден басталатынын мойындасақ, әке-шешесіндегі ақындықтың жұрнағы жас сәбиге ана сүтімен, ата қанымен сіңбеді дейсіз бе? Оның үстіне, нағыз дәулескер, дауылпаз күйші Молықбайдың, қазақ даласына айтыс өнерінің пірі ретінде танылған ақын Сараның, жер танабын қуырған бозы Қуат Терібаевтың, Құл ақындардың, бергісі поэзия Құлагері – Ілияс Жансүгіровтің мектептерінен өткен Құдаштың он төрт жасынан жыр жазуға көңілі кеткенін аңғарамыз. Содан бастап үнемі ізденістің, толассыз тебіреністің үстінде жүрген. Сол тебіреніс әдебиетіміздің, тіліміз бен төл тарихымыздың, мәдениетіміздің нәрін бойына сіңірген Құдаштың бұтақтарының жайқала өсуіне құнар жасап берді.

Құдаштың тақырыпты табуы, игеруі, көркемдік құралдарын меңгеруі, ой айту, өзіндік поэтикалық образ жасау мүмкіндігін байыптасақ, оның қазақ поэзиясының биік шыңы Хамит Ерғалиевті, Еркеш Ибраһимді, Еркін Ібітановты, Қалыр-Мырза-Әлі, Сағи Жиенбаев, Жұмекен Нәжімеденовті үлгі тұтқанын, солар жеткен биіктен көз алмай, солармен жарыса өзіндік өнер соқпағын жасағанын аңғарамыз. Орыс поэзиясынан Сергей Есенинді қатты ұнатқан, туған жерді, оның сұлу табиғаты, туған елді, Отанды, ана мен дүниеге өзі келген шаңырақтың киесін қалай сезінуді, асқан перзенттік махаббатпен жырлай білуді ол қанына сіңірген.

«Қысқа ма ғұмыр, ұзақ па, күтемін нетер кезімді, адам боп келгем бұл жаққа, жыр болып жұмам көзімді», – деп өзіне-өзі серт берген ақын, сертінде тұрды. Кей ақынның күллі кітабын оқып шыққанда көзің тоқтап, көңілің дерттеніп ақмандай жолдар таппай қиналатын сәттеріміз көп. Жаттанды, жауыр болған ойды түртпектеп, тақырыпты шиырлап өлең жасаған өлермендіктен мезі болғанда, Алланың демінен жаралған нағыз жұмыр тұяқ, қанатты жүйріктермен жылап табысасың. Иә, Құдаш та сол жүйріктер санатынан. Қайсы өлеңін алсаң да сезім, ой, образ тұтасып, сөзбен сурет салуға жаны салады.

Сонымен, өнер, ақындық, батырлық мектебі бар Жетісу өлкесінде туып-өскен Құдаш Мұқашев өзінің сұлу да сырбаз кескін-келбетімен, ризасыз адал адамгершілік, азаматтық бейнесімен оны жақсы білетіндердің жадында. Иә, Құдаш Мұқашев қаршадайынан әкелерінің иығына түскен ауыр да, азапты еңбектің тәртесіне жегілді, майыспады, есі кіре құлағына құйып, жүрегіне сіңіргенін жырлап тауыса алмады. Оның осы ұлы азаматтығы өскелең ұрпаққа да үлгі болар өнеге. Ендеше, ақынның қадірлеген ақсулықтардың абзал адамгершілігіне басымызды иеміз. Ақын жайлы кеш өткізу, ағайынның ақтарылуы мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта жалғаса бермек. Сонымен бірге ақынның азаматтық тұлғасы да биіктей түсетін болады. Шараға қатысқан көпшілік сондай күндерде жолығайық деген тілекпен тарады.

Қажет АНДАС.

■ Ғибратнама

Жақсы жар

Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың ұлы Ысмайыл (ғ.с.) алыста жүріп үйленіпті. Әкесі мұны естіп, ұлын іздеп келіпті. Келсе, үйде ұлы жоқ, келіні атасын есік алдынан қарсы алады. Келіншек үйіне келіп тұрған өзінің қайын атасы екенін, әрине, білмейді. Ыстық күнде жолдан шаршап, шөлдеп келіп отырған қарияға үйге кіріңіз, сусын ішіңіз деген сыңды ізет білдірмейді. Пайғамбар (ғ.с.) одан тұрмыс жағдайын сұрайды. Сол кезде келіншек тұрмыстың ауыр екенін, күйеуінің кел-кесір дүние таппайтынын «жыр» етіп айтады. Жағдайды бағамдаған қария аттанарда: – Күйеуің келгенде оған айт. Үйің босағасын ауыстырсын, сол кезде тұрмысы түзеледі, – депті. Сөз мәнін түсінбейтін ақылсыз әйел күйеуіне көрген-білгенін түк қалдырмай айтып береді. Ысмайыл (ғ.с.) келіп кеткен өзінің әкесі екенін, оның келініне көңілі толмай, ренжіп қайтқанын түсінеді. Үйдің босағасын ауыстыр дегені – әйеліңді ауыстыр деген екенін де біледі. Келесі жылы Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар баласын қайта іздеп келеді. Баласы тағы да үйде жоқ екен. Бұл жолы үйден басқа келіншек шығады. Жол соғып қалжыратқан қарияны төріне отырғызып, сыйлап күтеді. Тұрмыс-тіршілігі жайлы сұрақтарына «Құдайға шүкір, Алланың бұйыртқаны болып жатыр», – деген сыңды жауабын береді. Күйеуінің қандай адам екенін сұрағанда, оның имандылығы адал азамат екенін айтып, ризалығын білдіреді. Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар аттанарда: – Күйеуіңе сәлем айт, үйдің босағасын берік ұстасын, – деп қайтып кетеді.

■ *Ене мен келіннің жарасуын-ай!*



Асланның суреті.

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ, Ардақ СЫДЫҚ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Совет ОРАЗАЕВ.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Жетісу

●Газет 1918 жылғы мамырдан шығады ● №122 (17822) Бейсенбі, 31 қазан, 2013 жыл ●e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

БИЛІК ПАРТИЯСЫ БИІК БЕЛЕСТІ БЕТКЕ АЛДЫ



Қазан айының ортасында «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XV съезі өткені баршаға мәлім. Қарт Алтай мен Каспий теңізін, Түркістан мен Сібірдің оңтүстігін жалғаған Қазақстанның басты саяси күші болып табылатын партия бұл жиында «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы рөлін айқындап, алдағы ондаған жылдарды қамтитын саяси Доктринаны қабылдады. Доктринаның маңызы жөнінде съезд барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Елімізді әлемнің ең қуатты 30 елінің қатарына қосу – алдымыздағы үлкен, ұлы мақсат. Бұл «Нұр Отанның» болашаққа жол сілтейтін темірқазығы болуға тиіс. Бүгінгі съезде қабылданатын «Нұр Отанның» жаңа саяси Доктринасы да осыны көздейді», – деп құжаттың маңызын ашып, мәнін түсіндірген болатын. Ел сенімін арқалаған билік партиясының бүгінгі тұтырға көтерілуіне ұйымның облыстық филиалы да қомақты үлес қосып келеді. Сейсенбіде облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВТЫҢ төрағалығымен «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кеңейтілген саяси кеңесі өтті. Отан саяси кеңес мүшелері, аудандық, қалалық партия филиалдарының төрағалары, бірінші орынбасарлары, мәслихат депутаттары, «Жас Отан» ЖҚ мен БАҚ өкілдері шақырылды.

Ғалымұрат ЖҮКЕЛ
«Жетісу»

Саяси кеңес отырысының күн тәртібінде бір ғана мәселе «Нұр Отан» партиясының XV съезінің шешімдерін жүзеге асырудағы облыстық филиалдың міндеттері талқыланды. Билік партиясы бет бұрған биік белесті бағындыруда облыстық филиалдың алдында тұрған мақсат-міндетіне тоқталған облыс басшысы Аңсар Тұрсынханұлы Мұсаханов кең көлемді баяндама жасады.

– Елбасы, партиямыздың Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Нұр Отан» партиясының кезектен тыс XV съезінде «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асыру міндеті еліміздегі беделді, жалпыұлттық сипатқа ие «Нұр Отан» партиясына жүктелгенін, алдағы онжылдықтағы ауқымды міндеттер «Қазақстан – 2050» Стратегиясы мен партияның «Нұр Отан» Нұрлы болашақ жолында!» атты саяси Доктринасында көрсетілгенін атап өтті. Ал біз өз кезегімізде бүгін сол XV съезд шешімдерінен туындайтын міндеттерді жүзеге асыру жолдарын айқындап алу үшін жиналып отырмыз. Сол себепті, мен Елбасының алға қойған негізгі 7 міндетіне тоқталғым келіп отыр.

(Соңы 3-бетте).

●Селектор

БІЛІМ САЛАСЫНА ДЕН ҚОЙЫЛДЫ

Үкімет басшысы Серік Ахметов білім беруді дамыту мен Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының 2014 жылға арналған жоспарын саралауға байланысты селекторлық кеңес өткізді. Жиынға аймақ басшылары мен салаға жауапты лауазымды тұлғалар қатысты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА
«Жетісу»

Бірінші мәселе төңірегінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов хабарлама жасады. Оның айтуы бойынша оқыту сапасын арттыруда мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары мен жоғары білімі бар педагогтар үлесі 30 пайызға дейін артатын көрінеді. Сонымен бірге кадр даярлау бағытында ресурстық орталық құру жоспарланып, балаларды ерте жастан дамыту тұжырымдамасы жасалған. Аталған тұжырымдаманы енгізу 2015 – 2016 жылдары жүргізілмек. Алдағы үш жыл ішінде үш және алты жас аралығындағы мектепке дейінгі білім және тәрбиемен қамту деңгейі 80 пайызға дейін жетеді деген болжам бар. Бүгінде мектепке дейінгі ұйым саны 2010 жылмен салыстырғанда екі есеге артқан. Қазіргі таңда үш пен алты жас аралығындағы балалардың 70 пайызы балабақшамен қамтылыпты. Алдағы кезде балабақшаға кезекке тұру 40 пайызға төмендейтіндігі де атап өтті.

Мұнымен қоса, министр қазақ тілінде айрықша назар аударылып, мемлекеттік тілде оқытатын оқу орны санының өсетіндігін мәлім етті. Ауыл мектебі мәселелерін шешуге де баса көңіл бөлінді. Осы орайда, шалғай өңірлердегі білім сапасын жақсартуға қатысты бірқатар шара әзірленген. Білім және ғылым министрлігінің басшысы: «Шешім ретінде ресурстық орталық пен IT-технологияларға шоғырландырудың ұсынып отырмыз. 2015 жылы 160 ресурстық орталық құруды жоспарладық, оларға 640 шағын комплектілі мектеп бекітіледі, сонымен қатар e-learning тұжырымдамасын жаңартудамыз, ең қала мен ауыл арасындағы саңылау тепе-теңдікті қысқартады», – деді. Министр айтып өткендей, бүгінде білім сапасы бойынша қала мен ауыл арасында едәуір алшақтық бар. Алаттық жағдайда тұрған үш ауысымды, спорт залы жоқ мектептің басым бөлігі ауылда. Онда жоғары санатты мұғалімдер де аз. Қалаға қарағанда, Ұлттық бірыңғай тест нәтижелері де төмен.

Жалпы, ҚР Білім және ғылым министрлігі тағы үш жылда орта білім беру бойынша жаңа оқу жоспарын және оқулықтар жасауды, жүз мың мұғалімді оқыту, қысқа мерзімді курс арқылы 135 мың педагогтың біліктілігін арттыру жоспарлап отырған көрінеді. Сондай-ақ, басқосуда Ұлттық бірыңғай тест сұрағы мен өткізу технологиясына өзгерту енгізілетіндігі тілге тиек етілді. Осыған қатысты министр: «Біріншіден, тест мазмұны қайта қаралады. Тест бағасындағы галапқа сәйкес келмейтін сұрақ жойылады. Екіншіден, тестілеу технологиясы өзгертіледі. Компьютерлік тест енгізу нәтижесі субъектілік фактор әсерін төмендетуге мүмкіндік береді», – деді. Бұдан өзге, ол бір жыл ішінде тестілеуді қайта тапсыру мүмкіндігін енгізу бойынша мәселенің пысықталып жатқандығын шағырға салды.

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы Талғат Мұсабаев: «Болашақ» түлектерінің бәрі бірдей білімді деп айта алмаймын. Бүгінде отандық ғарыш саласында сәтсіз өтетін мамандың басым бөлігі кеңестік жүйенің түлектері. Олардың ішінде Мәскеу авиациялық институты сияқты ресейлік жоғары оқу орындарында білім алғандары да бар. Соңғы кездері бізге «Болашақ» түлектері келе бастады. Біз оларды жұмысқа алудамыз. Бірақ, бәрін емес. Себебі, бізге бакалавр мамандары тыныналайды. Олардың білім деңгейі төмен. Бізге негізінен магистрлер керек. Ал сырғанапа отырып, ағылшын тілін үйренген адамнан кәсіби маман шығады деп айта алмаймын», – деді. Ал ҚР Экономикалық интеграция істері министрі Жанар Айтжанова Қазақстанға халықаралық сауда бойынша кәсіби мамандар қажет екендігін ескерту етті. Білім беру саласын одан әрі жандандыруға қатысты бір топ сала қызметкерлері тыңдалды.

Екінші мәселеге байланысты ой қосқан ҚР Әділет министрі Берік Имашев Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталған сегіз шақ жобасының әзірленетіндігін құлақтандыс етті. Бұл «жасыл экономикаға» көшу, білім және ғылым, қымбат металдар айналымын реттеу, әлеуметтік сала, халықаралық көмек мәселелері бойынша шақ жобалары. Кеңесті қорытындылаған Үкімет басшысы Серік Ныгметұлы отырыста таныстырылған 2014 - 2016 жылдарға арналған ҚР білім және ғылым саласының даму басымдығын бағытын қолдай отырып, кадр мәселесін шешпей білім беру саласындағы мемлекеттік шара тиімділігінің төмен болатындығын және мектеп проблемасын шешуге айрықша көңіл бөлу қажеттігін баса айтты.

Жиын соңында облыс әкімі Аңсар Мұсахановқа орынбасары Серік Мұқанов аталған бағыт бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыс барысын өзекейтежейлі саралап берді. Бұдан соң Аңсар Тұрсынханұлы күн тәртібінде қаралған негізгі мәселелерге қатысты айтылған ой-пікірлерді назарға ала отырып, жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма жүктеді.

●Алқа мәжілісі

МҮМКІНДІКТЕР ТОЛЫҚ ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Алматы облыстық әкімдігінде 2013 жылдың тоғыз айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары тыңдалып, төртінші тоқсанға арналған міндеттерді талқылаған алқа мәжілісі болып өтті. Жиынды ашып, жүргізіп отырған облыс әкімі Аңсар МҰСАХАНОВ тоғыз айдың қорытындысы туралы баяндама жасау үшін бірінші орынбасары Амандық Баталовқа сөз берді. Өңірдегі жетістіктерге тоқталған баяндамашы кемшіліктердің де бар екенін жасырмады.

Мәди АЛЖАНБАЙ
«Жетісу»

– Дәнді-мақсатты, күріш, картоп, көкөніс, бақша, жеміс дақылдарын, жүзім мен төменгі жіңішқа шұқшаны сәтті ақтаймыз. Дәндік жүгеріні, қант қызылшасы мен май дақылдарын жинау жалғасуда. Дәнді-мақсатты дақылдар өндірісі 2012 жылғы деңгейге қарағанда – 60,4 мың тоннаға, картоп – 8,4, бақша дақылдары – 3,9, жеміс- 0,8 мың тоннаға артты. Келер жылдың егістігіне 177,6 мың га суландырылған *(жоспарланған көлемнің – 88,3%)*. 127,4 мың га қыстық дақылдар егілді *(79,3%)*, 82,8 мың тонна дәнді-мақсатты дақылдардың тұқымдары себілді *(қажеттіліктің – 100,4%)*. 2 млн. 500 мың тонна пішен дайындалды немесе жоспарға – 147,4%, 83,7 мың тонна – пішенділікке *(100,0%)*, 211,7 мың тонна сабан *(2 есе)* жиналды. Төрт түлік қыбейіп, мал шаруашылығы өнімінің өндірісі артты.

Соның қатар, құс санының 4,5%-ке немесе 490,5 мыңға азаюына жол берілген, оның ішінде Іле ауданында – 650 мың, Еңбекшіқазақта - 477, Ақсуда – 30, Көксуда – 18, Балқашта – 18 мыңға кемігі. «Сыбаға» бағдарламасының аясында 4,7 мың баска арналған 96 фермерлік шаруашылық құрылды немесе жоспарға – 98,2%, 3,6 мың баска жемдеу алаңы – 90,5%, 1,8 мың баска репродуктор-шаруашылықтар құрылды немесе 82,3%. Алайда, бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті репродукторшаруашылық құру бойынша *12 аудан (Ақсу, Балқаш, Көксу, Панфилов және басқалары)*, мал бордақылауға алындырып *(Талғар ауданындағы «Эталон Гидро-Корм» ЖШС-нің балық жемін шығаратын зауыты, Көксу ауданындағы «Уыз Май Индустри» ЖШС-нің майбұрыш майы зауыты, Панфилов ауданындағы жүгері өңдеу бойынша крахмал-сірне зауыты)*. **Өнеркәсіпте** 423 млрд. теңгеге өнім өндірілін, нақты көлем көрсеткіші - 102,4%-ті, өңдеу секторының үлесі 82,8%-ті құрады *(144,0 млрд теңге)*. **Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасының** негізгі мақсатты индикаторлары 2012 жылдың деңгейінен жоғары – жалпы өңірлік өнім құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 17,9% құрап, 0,7 пайызға өсті, еңбек өнімділігі – 49,7 мың АҚШ долларына жетіп, 3,2%-ке артты. 26 жаңа нысан іске қосылып, жұмыс істеп тұрған 17 кәсіпорын кеңейтілді, қосымша 1046 жұмыс орны құрылды. Қазақстандық құрам бойынша 39,3 млрд. теңгеге келісімшарт жасалды. Мемлекеттік сатып алулардың жалпы көлеміндегі қазақстандық құрамның үлесі 85,2%-ті құрады.

Индустриаландыру картасының аясында Көксу ауданында майбұрыш майын шығаратын «Уыз Май Industry», Панфилов ауданында Жаркент крахмал-сірне зауыттары, Үйғыр ауданында саумалтыру туристік кешені іске қосылды, «Сарқан-2» су электр станциясын қайта жаңғырту аяқталды. Сондай-ақ, карта аясында жүзеге асырылған 39 жобаның 29-ы белгіленген мерзімге толық қуатын игерді.

(Соңы 2-бетте).

Өнері өрге жүзген «Құлансаз»

4-бетте

2013 жылғы 27 қазанда өткізілген облыстық мәслихат депутаттарының сайлау қорытындысы туралы облыстық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» ҚР Конституциялық Заңының 44-бабы 4-тармағының 2-тармақшасына және 111-бабына сәйкес, № 44 Шонжы округтік сайлау комиссиясының хаттамасы бойынша облыстық сайлау комиссиясы **ХАБАРЛАЙДЫ**:

Округ бойынша сайлаушылардың жалпы саны – **18842**

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны – **17725**

Бектұрсынов Ыстарбек – 1948 жылы туған, Талдықорған қаласында тұрады, берілген дауыстардың саны – **14580**;

Мереймов Қалабай Төлегенұлы – 1946 жылы туған, Сүмбе ауылында тұрады, берілген дауыстардың саны – **1365**

Цүрсентов Ербол – 1955 жылы туған, Шонжы ауылында тұрады, берілген дауыстардың саны – 1578.

Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – **202**.

Облыстық сайлау комиссиясының төрағасы
Ш. ЖЫЛҚАЙДАРОВ.

●Мәдениет жаңалығы

Жетісу өңірінде жаз бойы жалғасқан аудан, қала мәдениет күндерінің гала-концертін тамашалауға жиналған қауымның қарасы көп. Соңғы жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан мәдени шара өткен жылдан бері үш ауданнан біріктірілін, жаңа үлгіде ұйымдастырылып, жүртшылыққа үлкен серпіліс әкелді. Биыл Елбасының «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құру» тапсырмасы аясында аталмыш шараның мәні артып, мазмұны толыға түсті.

ӨНЕРПАЗ БОЛСАҢ АРҚАЛАН

Аталмыш шара әрбір аудан, қаланың түрлі салаларын ықпалдастырып арттырып қана қоймай, жергілікті жердің мәдени құндылықтарын көрсетіп, рухани танымын тереңдетуге тамаша мүмкіндік беруде. Оны көзбен көріп, көкейге түйіп жүргенмен жасырын емес.

«Рухани құндылық пен жоғары адамгершілік жоқ жерде мәдениет салтанат құрмайды» – деп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, туған жерге табиғатын қастерлеп, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ардақтайтын мәдениетті ұрпасты тәрбиелеу «Мәдени мұра» бағдарламасының мақсаты мен міндеті болып табылады. Шара барысында осындай жауапкершілікті терең сезінген облысымызда бірқатар игілікті жұмыстардың атқарылғанына куә жеткіздік.

Қолдау мен қалың қауымның ризашылығына бөленген мәдени шара барысында өңірдегі этномәдени орталықтардың өнері мен жеткістігі, мәдениеті мен салт-дәстүрі де өз деңгейінде насихатталып, «Ағайын тату болса ат көп» дейтін ақиқатты дәлелдеп келе жатқанын айта кеткен жөн. Ал шара барысында ынталанған өнер ұжымдары мен жеке орындаушылардың шығармашылық деңгейі асып, репертуары толығып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленгенін несін жасырайық.



«Өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» демекші, облыс аумағында тұратын ынтымағы жарасқан үлттар мен ұлыстардың берекеге де бейбіт өмір кешуі, елді бірлікке, ынтымаққа шақыратын саяси-мәдени шаралардың нәтижесі екені сөзсіз. Сондай-ақ, ұлтымыздың салт-дәстүрін насихаттай отырып, тарихы терең үлгі ретінде танылуға ұмтылу да осы бір ауқымды мәдени шараның шеңберінде жарқын көрініс табуда. Осы ретте, облыс тұрғындарының мәдениет күндерін өткізуге жыл өткен сайын ынтаныштарының арта түскенін бәйгедеміз.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

(Бұл жайлы қоңырқайлап жазған материалды газетімездің келесі сандарынан оқи аласыздар)

●Оқырманға арнау сөз

АРАНЫ БАҒА АЛШАҚТАТПАСЫҢ

Қандай мамандық иелерінің болсын өздерін бір қауырт науқандары болады емес пе? Журналистер қауымы үшін мұндай науқан сары күздің алғашқы айында басталып, желтоқсанның ортасынан асып барып қорытындыланатын баспасөзге жазылу кезеңі болып табылады. Қазіргі кезде бұл бағыттағы жұмыстар шық мөлшерде қауырт сипат ала бастады десек, ешбір асырып айтқандық бола қоймайды.

Бір атап өтерлік жағдай: «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» акционерлік қоғамына қарасты басылымдарға жазылым бағасы 20 мамырдағы Оның өзінде себебі де жоқ емес. Сонау ең бастысын атайын болсақ, «Қазпочта» жаһандық қоғамның тарату және таңамалау абоненттерге жеткізу тарифтерін республика көлемінде автарластай қамтитындығы болып отыр. Тіпті мемлекеттік тарапынан мақұлданып қолданған осынау саудаға ұстемақының мөлшерін облыстық дең Гейінде азайту, өзгеше емес мәселе.

Жазылым бағасын шамалап көрмеген жағдайда Жетісу мерзімдегі 2 облыстық, 3 қалалық және 19 аудандық, Гажеті бұқтаған өңірлік «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» акционерлік қоғамының үлкен шығынға ұшырайтындығы белгілі болды. Бұғаның жалпы жазылым бағасы жоғарыда атағаң себепке байланысты қымбаттағанымен мекіме басылымын салыстырғанда төмендегі мөлшерде болатын. Бұл жерде бұ Қоғамға тиесіз басқа баспасөзді бағалы мөлшерден төмендеткен соң мәселе түгіл отырғанымызды былш атай кетпесек болмас сияқты жазылы

жазылым бағасының қымбаттауынан «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» акционерлік қоғамының газеттері зардап шекпейтіндігін.

Облыстық «Жетісу» және «Ұлан Алатау» газеттерін бойынша мезгілдің жылдық бағасына қосылған қаржат 830 теңгеге дейінгі және қалалық газеттерге қосылған баға 100-300 теңгеге құнды. Газеттерімізді қарағайдай қалың оқырмандары болған соң сүйікті басылымдарынан қол үзе қоймас деп ұмтылдық.

Жоғарыда атағандарға бағасын қысқаша оқырман қауымның жалпы жазылым бағасының бірыңғай қымбаттауына түсініктеме қарастыруға қажет еді.

Облыстық, аудандық газеттер қай заманнан бері де баспасөздің қайнаған ең жақын бұлағы болып табылады. Соған орай қабылдаған жаңадан бастамас жасап отыратын да осы басылымдар. Бірақ ешкімнің өтеме газеттерінен алдағы уақыт да жоқ үйлесімді қадірі артпақ.

Нүсіпбай ӘБДРАХЫМ,
«Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» АҚ басқармасының төрағасы



БАСПАСӨЗ – 2014

	Индекс	6 айға		12 айға	
		Жазылу бағасы (қала)	Жазылу бағасы (ауыл)	Жазылу бағасы (қала)	Жазылу бағасы (ауыл)
Заңды тұлғалар үшін	17469	1334,22	1545,9	6668,44	7091,8
Зейнеткерлер үшін	37469	2134,22	2345,9	4268,44	4691,8
Бюджеттік мекеме қызметкерлері үшін	47469	2234,22	2445, 9	4468,44	4891,8
Жалпы жазылу үшін	07469	2334,22	2545,9	4668,44	5091,8

Талдықорған қаласының тұрғындары үшін қолайлы жағдай жасалған және Сіз қабылдай бастар кезеңіз, 22 қыркүйектен орналасқан «Жетісу» редакциясына келіп **бір жылға балама жазылып** газетті осы мекенжайдан алып қалуға тұрарлық.

12 айға жазылу бағасы:

жалпы және жазылу – 3700 теңге
бюджеттік мекемелер қызметкерлері үшін – 3400 теңге
зейнеткерлер үшін – 3000 теңге
заңды тұлғалар үшін – 5100 теңге

95 жылдық тарихы бар біздің «Жетісудан» көрегіздігі табысқа, сенімнен қалып қалмаңыз!



ТУРИЗМ

ТАРТЫСТЫ БӘСЕКЕ

Текелі қаласының №6 орта мектебінің спорт залындағы жасанды бедерде туристік көпсайыс бойынша Алматы облысының чемпионаты мересіне жетті. Төртінші жыл өткізілген биылғы чемпионатқа облысымыздың 6 өңірінен 90-ға тарта оқушылар мен білімгерлер қатысып, 14 командаға бөлініп, жүлделі орындарды сарапқа салды.

Бұқаралық спорттың түрлерінде кешенді тарату және одан әрі дамыту, облыстың түрлі өңірлеріндегі достық және кәсіпқой байланыстарды кеңейту, қатысушылардың спорттық және тактикалық шеберліктерін жетілдіру, жұмыс тәжірибесімен алмасу, облыстың танымалы комиссиялардың анықтау және туристік көпсайыс бойынша разрядтық нормаларды орындау мақсатын, сайыс келесінде жас ұрпақтың бойына салауатты өмір салтын қалыптастыру өметін көздейтін бұл жарыс жас ерекшеліктеріне қарай үш топ бойынша – 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер, 19 жасқа дейінгі жастар және 19 жастан жоғары ересектер арасында ұйымдастырылды.

Жалпыкомандалық есепке енетін жарыстың үш түрі бойынша жеккелей, жұптасып төбекгелін өрмелеу, тұтас командамен жартастық кашықтықта жүру және бұдан бөлек «Нұрбис» жолымен сайысқа қатысу міндеті қойылды.

Түрнммен жарты ғасыр бойы айналысып келе жатқан туризм жөніндегі нұсқаушы Лариса Саржевская жаттықтырып жүрген Текелі қаласындағы «Нұрбис» балалар және жасөспірімдер клубының гүлектері тамаша табысқа жетті. Айталық, жасөспірімдер арасында текелілектерге тең келер ешкім болмады. Талдықорғандықтар екінші сатыдан орын алса, үшінші жүлделі орын кеншілер қаласының ең белгілі спортшыларына бұйырды. Жастар арасындағы сында да бірінші болып кожайындарының мерейі үстем болды. Талдықорған қаласының ұжымы тағы да күмісті қанжығаға тұтты. Қолға іле ауданының өкілдері қол созды. Ересектер арасында талдықорғандықтардың мысы басты. Текелі спортшылары бұл жолы екінші орынға табан тіреді. Үшінші жүлде Гибекшіказак ауданы ұжымының еншісінде. «Нұрбис» жолымен сайысқа түсуден де үш топ бойынша да жеңімпаздар мен жүлдегерлер қатары дәл осындай тәртіппен орналасты.

Ал жекелей сында ересектер арасында талдықорғандықтар Игорь Сиберт пен Яна Сырцова, жасөспірімдер арасында Текелілектер Кирилл Афанасьев пен Анастасия Лебедпева және жастар арасында тағы да кеншілердің өкілі Елнұр Санакұлов пен Ирина Тумбусова чемпиондық тұғырға көтерілді.

Жүлдегерлер дипломдармен, медальдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Шора БАТЫРБАЕВ.
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

СПОРТ – ӘЛЕМ ЕЛШІСІ

ӨМІРІ – ӨЛЕҢ, ЖЫР-ДАСТАН

ЕСЕНҚҰЛ ӨТТІ ФӘНИДЕН



Алтын Алатаудың ішіне, Атақ-данқым таралып.
Мың жасадым көңілмен. Қайта-қайта жаралып
Сен аман бол, еңбегім Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,
Сен аман бол, Қара Ертіс, Есіл, Нұра сарасы.
Сен де аман бол, Іле, Шу, Арысы мен Талас ы,
Ешкайсыңа елімнің көзімнің жоқ алағы.
Сен аман бол, еңбегім алты Алаштың баласы,
Сен де аман бол, Жетісу – қасиетті қара жұрт!

ЕСЕНҚҰЛ.

Қазақ әдебиеті орны толмас қазаға ұшырады. Халқымыздың талантты, сүйікті ұлдарының бірі белгілі ақын **Есенқұл ЖАҚЫПБЕКОВ** 59 жасында кенеттен дүние салды.

Е. Жақыпбеков 1954 жылы 10 ақпанда Алматы облысы Жамбыл ауданындағы Бірлік ауылында туған. Еңбек жолын мектеп бітірген соң аудандық газет редакциясында бастады. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген Алматы облысы Жамбыл ауданындағы өнер мектебінде айтыс ақындарына дәріс берді. Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық бөлімшесіне жетекшілік етті. Бірақ жылдан бері Жамбыл аудандық «Атамекен» газетінде Бас редактор болып жемісті қызмет атқарып келе жатқан.

Жаратылысынан ақын болмысты Есенқұл ұлы Жамбылдың жыраулық мектебінің лайықты түлегі. көрнекті өкілдерінің бірі ретінде жастайынан-ақ елге кеңінен танылды. Телевизиялық ақындар айтысының тұңғыш лауреаты атанған ол айтыс сахнасында отыз жылдай жарқырап көрінді. Халық арасына кең тараған көптеген интермелердің авторы. Оның сан қырлы талантының ең бір белесті қыры – жазба ақындығы екені сөзсіз. «Бастау». «Ағынан жарылмын». «Біз екеуміз». «Жерге табын». «Бәрдің елдің жігіттері» «Есіп дүние-ай». «Жан қисса». «Бұл жаз да өтер». «Тау басында кәрі қар». «Сарғайған сары терезе». «Тәжірибе құстың тағдыры» атты т.б. жыр жинақтары поэзия сүйер қалың жұртшылықтың сүйсініп оқыған. тыңынып оқыған туындылары қатарында қазақ өлеңінің өмірсізнен ойып алған өзіндік орны бар шумайлы дүниелер.

Әлі де берері мол, тума талантты шығармашылығының нағыз кемелденген шағында мейірімсіз әжал арамыздан алып кетті. Асыл әріптесімздің аяулы бейнесі ел есінде сақталады. Ақмаржан жырлары халқымен бірге жасай береді деген сенімді көңілге медет тұтамыз.

Топырағың торқа болсын, Есенқұл!

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БАСҚАРМАСЫ.

Ерен жүйрік Есенім

Сүйекемнің сүре жолын, Жамбыл жәкемнің жамноз жырын жалаулатып жүрш, өз қазығының толғырған тайтұяқты Есенім-ай, енді кім менің сақалымнан сүйіп, бағыңдардың құрдастарынша қалжыңдасар еккн. «Қолбастаушы» деп бір мәрсйтатынсың. «Жол бастаушы» деп аспанға лақтыратынсың, «шешемді беремін» деп бір кұзиттатынсың, айтеуір. жақсы көретіңнің жасыра алмай, жағамды түсійтінсің. «Шешемді алып, әкем бол» дейтінің жаңымә майдай жағатын. Алда тағала сол күтпесі аманды алды... Сонда да әйтеуір қыбын таумп қалжың сөз айтатын, айналайын, ақын балам-ай, суырпсалар жырдың да, жазып жарқыратар өлеңнің де сұр жебесі едің. Қалай ғана қанатың қайырылды, қалай ғана жыр көретін тоқтап қалды... Айтып келмейтін ажалдың опасыздығын қарашы, 16 қараша, сенбіге жақ жарымның мерейтойын атап өтуге жанашыр жұртының шақырып, бүкетін де ғаратып кетеді деп кім ойлаған...

Ұшқыр едің, ұтқыр едің! Лапылдап жанып өшкен жанартауым-ай, жаткан жерің жұмсақ, ақын жаның жәннатта болсын! Соңымнан ерген көңіреуліы құлыпқан айырылып, тоқсанға қараған жасымда жоқтау айтамын деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген ж. Астарында алтын көмулі жатқан сұрапыл жырларыңды жаттап айтатын қалың орман халқың аман болғай!

Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ,
Қазақстанның Халық ақыны,
Есенқұлдың ұстазы.

ЖАМБЫЛ АУЫЛЫ,
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ.

ЖАМБЫЛ-ЖЫРДЫҢ ЖЫРТЫЛДЫ БІР ПАРАҒЫ

Керек еді бәу, Есен, есеңдігің,
Қара өленде белгілі көсемдігің,
Шешендігің қалды анық жазаныңда,
Толтыра алар ән-жырмен
кешеңді кім?

Жүрегі едің жұртының,
соқпай қалдың,
Кеше ғана бар едің, бүгін айналдың.
Мына өмірге қайтып оралмайсың,
Алтыс деген асуға жетпей қалдың.

Ақын өтті... Өрелі үн тарады,
Ғаһ қалды қара жол, қырғадағы.
Таудар жылды, бақұл бол,
ақын досым,
Жамбыл-жырдың жыртылды
бір парағы.

Жомарт ИГМАН.

Жетпісінде желдей ескен Қани ата


Жуырда Бразилия мемлекетінде жеңіл атлетикадан ардагерлер арасында жиырмасыншы әлем бірінщілігі болып өтті. Күллі мықтылардың басын қосқан бәсекеде 164 мемлекеттің спортшылары кім мықты екенін анықтады.

Бұл сында осал спортшы сынға түспеген анық. Кезінде талай доданың жүлдесын олжалаған ардагерлер қартайған шағында да сол қалыптарынан таймаған. Ардагер деген аты болмаса жастардың өзін шаң қаптырып кететін аталарымыз бүгінде ел намысын биіктетуде. Сонымен, төртқұл дүние бас қосқан бәсекеде Қазақ елінің намысын жыртқан, жетісулық Қани Әйгиевтің де мерейі үстем болды. Сегіз шақырымдық қашықтыкта жарық жолына шыққан ардагерлер мәз барлық қарсыласын артта тастап, бірінші орынды жеңіп алды. Ардагер желаяқ бұл қашықтықты 36 минут. 24 секундта жүріп өтті. Екінші орынға Португал спортшысы тұрақтаса. үздік үштікті Австралия желаяғы құрады.

Атамыздың додаға қатысуына кәптеген жомарт азаматтар демеушілік жасаған. Оның ішінде аңыз Нұрлан Абдуллин бағдарлама жүргізушісі Бейсен Құрманбек және бірқатар қазақстандық банк директорлары көмек қолын созып. азаматтық таныттьі. Ұлты үшін бар жақсылықты жасаған жомарт жандарға алғысымыз шексіз. Атамыздың жеңісі, сенің жеңісің, яғни ұлттың жеңісі!

Әмір САНА.

БОКС



Мықтылардың ауыздан шығатыны белгілі. Әсіресе спорт жұлдыздарының басым көпшілігі ауыздың қара домалақтары. Оның нақты дәлелі кешегі Алматыда өткен әлем бірінщілігінде атой салған төрт қазақтың барлығы да ауыздың баласы. Оның ішінде жетісулық Жәнібектің орны бір болек.

ЖАС ТАЛАНТ

Сонымен біз сөз еткелі отырған мына жігіт те тауы өлкесін ұлынды. Үйгыр ауданы. Сүнқар ауылында тұратын Даниял Рақымбайдың болашағынан көп үміт күтуге болады. Небары алтыншы сыныпта оқитын балғын бокстың бірнеше дүбірлі додада жүлде алып, жерлестерін қуантқан еркін. Салмағы 36 кел былғары қолғап шеберлікжүлдесін орындық жеңіп алып, балкөк арткан сеннмді ақтады. Мұнан басқа ауылда боксшы шұтылданатын жеткішіктер көп. Бірақ Тоқтахуновтың шәкірттері жақсы жемісін көрсетіп келеді. Ауданбойынша алдыңғы орындарды еншілеп, ауылдан атын шығаруда. Даниял да боксшы шұтылдағанына екі жыл ғана болса да, қарсыластарын жолынан ығыстырып келеді. Ендеше болашақ спорт жұлдызына сәттілік тілейік!

Р. ТҰРҒАНБАЕВ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Алдай-ау, алдай, алдай-ау...

«Алдай-ау, алдай, алдай-ау» деп бастаталатын термесін «Менің реквиемім» деуші еді Есенқұл ақын. Дәл осы термесі «Айналайын ағайын, сендермен жерді бір басқам, сүйгізген, сүйген, мұңдасқан, өмірім – өлең, жыр – дастан, менде де арман жоқ шығар», деп аяқталады. Арман! дейсің, көкіректің қарс айырылы. Кеше ғана «Қалыңыз қалай, Жақа» деп жарқылдаған көптің, ақындардың бәйгісінен құшағын ашқан Есенқұл ақыннан ойда-жоқта айырылып қаламыз деп кім ойлаған?! Сағаулы күн бұрын ғана Ұлынағаш маңындағы Сұраншы мен Сауық батырға арналған ескерткіштің ашылу салтанатында кездесіп едік қой. «Алтыс деген алты-ақ адым екен ғой, Жақа. Өкшелерінгді басып, сіздер аскан асудан асып, ауылдарыңызға іргелес қонып тебетін кез де келіп қалыпты», – деп өзіне тән ерке күлкісмен сөзін бастап еді. «Бәрекелді, алтыс деген – тал түс. Шығармашылық шарықтау кезеңін енді бастадым, емес пе, Есеке», – деп жасы кіші болса да ақын ағым құрметтеп, мен де жауап қайтарып едім. «Бұйыртса, өзіңнің тал гәзетің гой. Алтысқа келгенде айқара бет арнап, Сізгдей ақынның асқаралы жасын Алакөл мен Хантәңірінің, Балқаш пен Дегересгін арасына сауын айтып, жар саламыз», – деп бір арқалаидырып қойып едім. Шындығында Есенқұлдың мерейлі жасында мәртебесін тағы бір мәрте асыру жоспарымызда бар еді. Үміттімізді аяқ астынүзіліп, шалықтан шабытымыз мұзға оранып, қас-қағым сәтте арман-ой күлге айналып, өкінішқа болып қалғаны ма сонда. Айтып келмейтін ажалмен бірге өткел берместен көрінген сарқылғаны қандай өкінішті.

Есенқұл шын мәнінде жүрегі пәк, сөзімі сұлу ақын еді. Оның ақын жүрегінің туған халқын шексіз сүйетінін жазылар жырларынан анық байқап тұрушы едік. Мине, өз елін өзіндей жақсы көрген ақынды өзегімізге өртеніе жоқтап тұрмыз.

Бақұл бол, бауырым! Алаштың аяулы ақын перзенті!

Жақсылық НҰРГОЖАЕВ,
облыстық «Жетісу» газетінің бас редакторы.

Інжу-маржан ішінде кетті

«Мен, мен» деп кеуде соғары жоқ тым қарапайым жаңның жүрегі тола запыран. зар-мұң екенін кіталтарын ақтарып отырып анық аңғарасың. Былай қарасаң, қайғы-уайымы жоқ, төрт құбыласы түгел тоққарын кісідей көрінетіні алдамшы дүние. Өзінің ғана емес, өзгенің де көзімен қарап, жүрегімен сүзіп селебе жырдың бұлағын аспанға шапшытатын шын таланттың сан қырлылығы қызықтырмай қоймайды. Айтыс әлеміндегі жолақ іздері ол сайрап жатыр. Жанкүйерлерінің қыбын қандырып, қарсыласының есін тандырып уытты тілімен шағып-шағып алатыны, жер тарихын, ел тарихын қопара қозғайтыны, осылардың төгіп-төгіп кеп қарсыласына сыр айтатыны айтыс десе еленбеп тұратын тыңдармандарының есіне шықпастай орныққаны анық.

Қаламымен де, домбырасымен де ел жадында ұзақ-ұзақ сақталатын «сойқан тілді» Есенқұл ақын қазасы баршаның жүрегін ауыртты, «аттеген-ай!» дегізді. Шара қайсы, ажал шіркін алды-артына қаратпады. Іші толған інжу-маржан түгел сыртқа шыға алмай, көкіректе қуысында кетті. Жасын жырларын жастанып оқитын арттағыларға қаншама мұра өлең боп, ән болып қалды. Солардың қызығы қайтпасын, әндері шарықтасын, жаны жәннатта болсын демеске шара жоқ енді. Бақұл бол, інішек шәкірт, жамағаттың сүйікті алмас қылыш ақыны! Құдай тағала алдыңнан жарылқасын!

Орысбай ӘБДІЛДАҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Бақұл бол, елімнің ардақтысы

Қарашаның қара суық таңы су бетіне қатқақ мұз қатырған таңсәріде Есенқұлдың Шолпан жұлдызы сөнді деп естідік. Қайғылы хабар қашан да қиын. Қайран жүрек соғуын тоқтатыпты. Қайран ақын қалдырсыз жазғанға қош айтыпты. Қайырымсыз сатқын аптананы белгісі болған сәттен бастап, осы хабар бүкіл елге эн-сәтте тарап жатты.

Оны біз Сүйімбай мен Жамбылдың жалғасы санайтынбыз. Ерендерден қалған сөз өнерінің сеңгсі, елімздің ержесі еді. Сарепгсп сары жазығындағы сағынышты, жан шымырлатар жалынды назды, жарқын нұры алтындай жайнаған орайы терістерді сырнай жырына арқау етіпен ақын өз тұрғыластары арасында лайықты бағасын алдеқашан алған. Оның лирикаға толы тоғысын Қазақстандағы ғана емес, шетелдегі қандастарымыз да ерекше сүйіп құрметтейтінін көпшілік мойындаған.

Әкесі Сүйімбай, Жамбыл бабасындай жинырма бес жасында жыр додасына түсіп, айтыс өнерінің көргсн қыздырған, кеп-кеп маржандай жырларын тізбектеп бірнеше кітап шығарды. Есенқұлдың дарыны кешегі евасердың басында құлашын кеңге сілтеленін оқырмандары қырғи. Дарынын өсіп, ұлағатты жүрекпен айналасына шұғылдасын шашты. Жазған өлеңдері жаңашыр жастардың қатысында жүрш тоқты, жаңа тебіреністер жырлары эфирлерден эн болып қылықтады. Сазгер ретінде тумадастан өмірінің түндері де жүректерге жемыс ұялады.

Өзінің ақындық, журналистік, устаздық жолында Есенқұл ағі ұшан қызмет етті. Айтысшылық мектебінде отдалан, жүздеген шәкірт бауыз ақындар шығарды. Ауданның мәдениеті мен ұлтаптырын дамытуға барынша атсалысып, ұйымдастырушылық қабілеті мен қайраткерлік болмысын жан-жақты дәлелдеді. Туған жерді мен елін елжіреп жырға қосты, халқының сәтін сәйлеп. Жетісу өлкесінде дәуірден-дәуірге ұласқан ақындық өнердің ізгі дәстүрін жалғастырушы жампоз жырауларының асыл тұяғы еді біздің Есенқұл. Мекілесіз ерте кетті. Алаш, қапша...

Қарашаның қандар қайтадағы қаралы күнге тап келдік. Денемнен, елінің есінде қалардай ерен өмір кешкен қазақтың көрнекті ақынын Есенқұлдың есімі ертең ұлытылғандардың қатарында елестетіп ойлағанда, тыңдырман төбе, шүкір, деген дұрыста шығар. Артында, ұлы, қызы, немерелері, шексіз құрметшісі, шексіз әдебиеті-жұрты бар. Демек, бақұлық мәңгі тұрағында да жұлдызы жарық, бақыты семімді.

Бақұл бол, елімнің ардақты ақыны! Абзал дос, аяулы азаматтың топырағы торқа, жаткан жері жайлы болсын демімз. Қасиетті Жамбыл елінен ғеңір Көкше жол тартқан ұлағат ақынның өрілі ұлғаны тағыла етсінді!

Махаббат БИГЕЛДИЕВ,
Жамбыл ауданының әкімі.

Жаныма жақын Есағам

Жалпы өнер иелерінің, соның ішінде әрқалы ақындардың бойында өздерінің болашақ тағдырларын болжаушылық сияқты тылсым бір қасиеттердің болатыны бүгінде ешқандай дау тудырмайтын ақиқат. Есағамның осыдан бірнеше уақыт бұрын ғана жазған «Алтысқа аяқ басқанда» атты өлеңі осы бір ақиқатты одан әрі нықтай түскендей еді. Аталған өлеңінде ақын туған елімен былай қоштасыпты:

Сен аман бол ендеше Еділ, Жайық, Жем, Сағыз,
Сен аман бол, Қара Ертіс, Есіл, Нұра сарасы,
Сен аман бол, Іле, Шу, Арысы мен Таласы,
Ешқайсыңа елімнің көзімнің жоқ алағы,
Сен аман бол ендеше алты Алаштың баласы,
Сен де аман бол, Жетісу – қасиетті қара жұрт!

Жанымда сонылықты жақын болып кеткен ақулы ағанан, асыл достың қазасын естігенде қайсысы кеткен қабірғам осы жолдарды оқығанда күрт сынып кеткендей болды. Ақын музасы ажалдың суық лебін тағп қалғанын сездіргендей екен-ау.. Содан кейін де осындай қоштасу өлеңі дүниеге келген.

Жыр ордасы – Жамбыл ауданынан шоғыр-шоғыр болып шыққан таланты жастарға журналистиканың қыр-сырын үйретіп, поэзия дегеп ғажайып әлемнің тылсымын алғаш сезіндірген де Есенқұл ағам еді. Кейінгеп өнер сүйетін барша қазақ баласының ардақтысына айналды. Сондай ұлағатты таланттың, шын ақынның өмірден өткенне сенгіп, кепмейді-ақ. Сенбесіе тағы амал жоқ.

Кейде он адам жабылып толтыра алмайтын бөлмені бір ғана адамның кемерінен асырып, жарастырып, жаңартып отыратын кез болады ғой. Ортамызда Есағам отырған бақытты бір сәттерде сондай бір жарастықты жаңғанымізбен сезінетін едік. Сондай арман сәттердің келмеске кеткені қандай өкінішті..

Ақын тағы бір өн-өлеңінде «Айналайын ағайын, сендермен жерді бір басқан, сүйгізген, сүйген, мұңдасқан, менде де арман жоқ шығар» – деп толғанады емес пе? Адамда, сонын ішінде өмірге ақын болып келген дара тұлғада арман неге болмасын. Есағамның ішінде де талай арманның кеткені анық. Ақын тағдыры солай болған соң шара бар ма. Дүниеде барлық арманы орындалған ақын, сірә, жоқ та шығар-ау.

Дара таланттың нағыз арманы – өлең перзентінің ұзақ ғұмыр сүруі болса, ақынның ол арманы қазірдің өзінде орындалды деуге болады. Ендеше соған да тәубе дейік. Жаның жәннатта, өлең-ғұмырың мәңгілік болсын, Есағаl

Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ,
«Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» АҚ басқармасының төрағасы.

Өтпелі, бәрі өтпелі-ай

Есенқұл ағаны алғаш осыдан жиырма жыл бұрын Қарақыстақ ауылындағы Сүйінбай атындағы орта мектепте оқып жүрген кезімде көрген едім. Ауылдың өлең жазатын, шығармашылыққа бейім оқушыларын сол кезінің шақыртуымен устаздарымыз аудан орталығы Ұзынағашқа алып барған болатын. Жүрексініп, ақын ағаның алдына барғанымызда ол кісінің адем қалжыңдарымен адамды бауырға алатын қасиетінен тез-ақ бойымыздағы қорқынышты жеңіп, сөзіне құлақ түрдік. Жаңа нәзік ақын әрқайсымыздың қабілет-қарымымызды байқап көріп, әсіресе, суырыпсалмалық, айтыс өнеріне жақын балаларды шәкірт ретінде тәрбиелеуді қадеиттіндігін жеткізген еді.

Ия, саналы ғұмырында қалың елі қазағы үшін қам жеп, ұлттық өнер айтыстың шоқтығын биікке көтеру үшін жаратқан ағаның бар өмірлік мақсаты халық қажетіне қарап, артында жақсы іс қалдыру болатын. Солай етті де. Өзі құрған ақындар мектебінде талай жас талым алып, айтыстың сүрлеу жолына түсті. Есенқұл ағаның өзі де айтыста қалқаңа тамашай өзіл-қалжың сыйлап, қажетті жерде қоғамның кейбір келеңсіз тұстарын ашу түйрей жеткізіп, кешірілік көңілмен шақты.

Ақын шығармашылығының үлкен бір қыры поэзия болды. Өлеңді өмірге өзек еткен жан көңілдегі мұңлы сырды ақ қағаз бетіне түсіріп, мың мәрте лаулап жанып, кейде тіршілктің кейбір келеңсіз тұстарын ойлап, күзгі жапырақтай мұздап, тоңды да. Асау шабытпен бірде көңіл көкке самғап, бірде құлазып, мұңайып, көңілсіз күндерді, мазасыз түндерді өткерді. Онайда:

Теректей басым теңселіп,
Терең бір ойлар өнсеріп,
Уйқы да түйіліп сен сонып,
Уйқысыз өткен түнім-ай.
Арманым алда бұлыңғыр,
Орманым ол да сылаңғыр,
Жалықтырған жалғанның,
Білгірмісің бірер жұлын жұр,
– деп қамығып, өмірден ақиқат іздеп тарығып, кейк жүректің сан мәрте сызданғаны да анық. Сейтіпен ақын жанынан ұқсастық тауып, сезім қылын бірге шертістіпеген, өлең-жырларынан гибрат алмаған адам кемде-кем шығар.

Қара тас сенен
қорықпаймын,
Сенен де кейде от шығар.
Қара жер сенен
қорықпаймын,
Сонан да жазда шөп шығар,
– деп тау-тасгеп де тілдесіп, ішіндегі бар мұңды батырдың жырларын ақынның осынау өлең жолдары қай адамның көкейіне қонбастамасын, жүректен орын таппады дейсіз?

Осылайша өленсүйер қауымды сырлы жырларымен бауран жүрген ақын алдағалда өмірмен қош айтысып кетеді деп кім ойлаған? Есенқұл ағаның қазасы жаныңызға мұздай батып, халқыңын қабырғасын қайыстырып отыр.

Соңғы жылдары Жамбыл ауданын, «Атамекен» газетіне басшылық жасаған ағаның іссапармен Талдықорғанға келген сайын «Жетісу» газетінің редакциясына бас сұғып, қалмалас журналистермен емен-жарқын әңгіме-дүкен құрғанда бір жасап қалатынымыз бар еді. Мен көрікс қарыңдасым деп орайлам жақын тартып, ағалық алғаш, көңілмен тамыр болып жүретін. Есенқұл ага кепсін сайын ауқымымыз лебін алып келгендей қуанып қалушы едім. Енді ол кіпіеу артта қалды. Тек қана өзі жырлағандай.

Өткен-ай, бәрі өткенай,
Өмірдің жаз бен қыстары-ай.
Сағы ала қызадың
сағындырып,
Сары ала күздің
жеткені-ай.
Бірлерге адам мұңдасар,
Бірлерге маған әлпеті-ай.
Өткінші мынау өмірдің,
Өтпелі, бәрі өтпелі-ай,
Дегенмен басқа амал бар ма?!

Алма ТОПАНТАЙҚЫЗЫ,
журналист.

КЕДЕН

Сауықтыру шарасы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі кедендік бақылау комитеті төрағасының бұйрығына сәйкес, Алматы облысы бойынша кедендік бақылау департаментінің және «Достық» кедепінің кеденлік бақылау аймақтарында 4 қараша мен 4 желтоқсан аралығында «Бекет» жедел-сауықтыру шарасы өткізілуде. Бір ай бойы өтетін шараға облыстық кеденлік бақылау департаменті мен «Достық» кедепінің барлық күштері және құралдары жұмылдырылған.

Басты мақсат – Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы мемлекеттік шекарада жүзеге асырылатын экспорттық-импорттық, операциялар кезінде кедендік бақылауды барынша күшейту, экономикалық контрабандаға қарсы жедел шараларды жүзеге асыру, бюджетке кеденлік төлемдер мен салықтардың түсу нәтижелілігін арттыру өметін көздейтін «Бекет» жедел-сауықтыру шарасы кезінде «Достық» кедепінде «А» тобымен кеденлік ресімдеу жүргізу барысында сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар тарапынан ұсынылған тауарлардың ілеспе құжаттары мұқият тексеріп, ҚТЖ жедел бақылау орталығының дерек қорына енгізілген құжаттардың толықтығы қатаң бақыланады. Сондай-ақ, инспекциялық тексеру кезінен мен тауарларды жеткізуді бақылаудың автоматтандырылған жүйесін қолдануға жете көңіл бөлінеді.

«Достық» кедепінің баспасөз қызметі.

ЕСКЕ АЛУ



Алматы қаласында тұрған асқар таудай әкеміз **Жетенов Шамғали Мұқашбайұлы** 13 қазан күні өмірден озды. Анамыз Күлай екеуі бірге 60 жыл өмір сүріп, дүниеге 13 ұрпақ әкелген ардақты жандар. «Қосағымен қоса ағарған» осы болар. Немере сүйді, шөбере көрді, әкелеп жалғыз ұл болса да балаларына барлық жағдайды жасады. Оқытты, үйретті, тәрбиеледі.

Елім, ұрпағым, ұлтым деп ғұмыр кешкен әкеміздің соңында тек жақсы сөздер калды. Ол көпшіл еді, қарапайым болатын. Еліне сыйлы азамат болған оның жарқын бейнесі өзінен орбіген ұрпақтарының жадында мәңгі сақталады.

Асыл жер, отың бар сөнбейтұғын,
Өз мәңгілік жағады көрмей тынын.
Ұрпағы бар, ел мекен ер пәмесін,
Тірі түрсе, қолынан бермейтұғын.
Жан жоқ! Біз өзіңді сағынамыз,
Алланың әміріне бағынамыз.
Жан жоқ, топырағың торқа болсын,
Есіктері жәннаттың кең ашылсын.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: жұбайы, балалары, келіндері, күйеубалалары, немере-шөберелері.

Алматы облысы әкімінің аппараты және облыстық мәслихат қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын

Есенқұл Жақыпбековтің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы Алаштың аяулы ақыны, телевизиялық ақындар айтысының тұңғыш лауреаты, Жамбыл ауданының «Атамекен» газетінің бас редакторы

Есенқұл Жақыпбековтің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы, бала-шағасына, туған-туыстарына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

"Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат» АҚ басқармасы Алаштың аяулы ақыны, телевизиялық ақындар айтысының тұңғыш лауреаты, Жамбыл ауданының «Атамекен» газетінің бас редакторы

Есенқұл Жақыпбековтің

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы, бала-шағасына, туған-туыстарына ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жамбыл ауданы әкімдігінің аппараты мен аудандық мәслихат Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, «Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі», қазақтың көрнекті ақыны

Есенқұл Жақыпбековтің

кенеттен қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыс, жанашырларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Райымбек ауданы әкімдігінің аппараты мен аудандық мәслихат көрнекті ақын, Жамбыл аудандық «Атамекен» газетінің бас редакторы

Жақыпбеков Есенқұл Серікбайұлының

қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Облыстық "Жетісу" газетінің ұжымы Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, «Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі», қазақтың көрнекті ақыны

Есенқұл Жақыпбековтің

кенеттен қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыс, жанашырларының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бәрекелді!

Коршісі құтқарып қалды

құдыққа түсіп кеткен 3 жасар бала аман-есен



– Осы оқис оқиға болатын сәтте ұлым Ерғанат жанымда асық сапып әлпеуші ойнап жүрген еді. Артқа бірақ ұзап өткенде шарманға алдамай, көз жазып қалғаным сол-ақ, екен баламмын құдықтың ернеуіне асылып тұрғанын көрдім де, жанашыма жүгірдім. Бірақ, өкінішке орай, қолым жеткен қалып, ұлым ауыз әлдайып ашық жатқан құдыққа түсті де кетті. Бұл қас-қағым сәтте көз алдымда болды. Бірінші болып құдыққа жүгіріп келген көршім Мәнәрбек мен-жайды түсіне салып онтамбастан киімімен құдыққа қойып кетті. – деп есіне алады баланың анасы Айгүл.

– Судың түбін түгел сүзіп өтіп, қалауды қапаста ештеңе көре алмадым. Қайтадан құдықтан шығып, шам алып түсуге тура келді. Сонда ғана су бетінде өлтіретін жатқан баланы көріп, құдықтан алып шықтық. Жиналып қалған жұрт көшелегі Ерғанатты менің қолымнан алып алып, жедел жәрдем келгенше алғашқы көмектесін көрсетуге көшті. – дейді Мәнәрбек қысқаша ғана.

Жылдар мінуттай суық суда жатып қалған баланың бет-бері қарайтынына көп сенімдері болмаса да, уақыттың ұзбей соп жедел адамдар зақымға дейін балаға жасанды дем беріп, алғашқы мосылып, қолдан келген амалдарының бәрін жасап бақты. Кейбіреуі ардандық аурухананың жанжақтау бөлімше жетіскенде де баланың денесінде тіршілік нышаны сезілмеген еді дейтінімен кейін толғау қабыл болып, Ерғанат отбасына оралды.

Мәнәйындағы үйлерден адамдасы мал суғару үшін пайдаланып жүрген бұл құдықтың сынығы деңгейі 4 метрдей екен. Осы оқис оқиғадан кейін тұрғындар оның аузын бекіп, қауіпсіздік шараларын ойластырып жатқан көрінеді.

Сарыөзекте тұратын Айгүл мен Бегілан Мелсовтер отбасындағы үшінші балалы – Ерғанатты ажал аузынан алып қалуға аралас түскен көршісі Мәнәрбек Есенқұловқа және басқа да қол ұшын созған адамдарға шексіз алғыстарын жаудыруда.

Шора БАТЫРБАЕВ.

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

Құттықтаймыз!



Райымбек ауданының тумасы, Іле жұлдызы Өтегін батыр кентінің тұрғыны, ірқа сүйер азамат, отбасының тірегі, мақтан тұтар бауырымыз **ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ Нұржан Кенесбайұлын** ердің жасы елуге толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Өмірден көрер қызығы мен бағындырар биігі көп болсын. Балашағасының қуанышы мен қызығына ортақтасып, бақытты ғұмыр кешуіне тілектеспіз.

Туған күнің құтты болсын, бауырым,
Бағасы өдің кеше ғана ауылдың.
Бүгін, міне, ел алғысын еңсердің,
Балам тілеп туған елдің, қауымның.

Жақұнға, жеңгеме бақ тілеймін,
Өздерің деп сөзады ақ жүректім.
Өзің сүйсең қауымнан бақытты бол,
Арқа сүйер азаңсің бәйтерегім.

Өмір – көшке алдында асқар асу,
Мерейіңе осы өлең болсын шашу!
Елің шөкіп, сен де шық биіктерге,
Бақ тілейміз балашақ сапарыңа.

ТІЛЕК БЕЛДІРУШІ: Кенесбай әулеті.

Хабарландыру

Ірі қара малының бруцеллез ауруына қарсы егілетін «РБ-51» вакцинасы сатылады. Мекенжайымыз: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, «Монша» аялдамасы. **Байланыс телефоны: 8-7754342872.**

Мейірхан Тұрсынғазының атына 04. 05. 2013 ж. берілген №338 нөмірлі оралман куәлігінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ФОТОЭТЮД.



Алпысы мен бүгі бар,
Тәйкісі мен шігі бар.
Әрбірінің сан түрлі,
Сипаты бар, білім ал.

Суретті түсірген Жұмабай МҰСАБЕК.

Мамандығы – мақтанышы

Арманы асқақ

Саналы ғұмырын адам денсаулығына арнап, абырой биігіне көтерілген Қарлығаш Сейдығалымова жайлы бұрын да көп естідім. Кейін кездесіп, пікірлесіп жүріп, өмірінің талай-талай қызықты да қиындыққа толы сәттері жайлы сұхбаттастым. Ең бастысы, оның біліктілігі, ұзақ жылдық дәрігерлік жолында елдің алғысына бөленіп жүрген ізгілігі мені толғандырды.

Қажет АНДАС
«Жетісу»

Осындай дарқан үмітті арқалаған Қарлығаш 1936 жылы 15 маусымда Алакөл ауданы, Үшарал ауылында туып, 1956 жылы Абай атындағы орта мектепті бітірген соң Семей қаласындағы мемлекеттік медициналық институтына түсіп, 1963 жылы емдеу дәрігері мамандығын алып шығады. Сол жылы халық арасына туберкулез ауруы кең тарап кеткендіктен жас мамандардың денін түбдиспансерге белп жатты. Соған орай Қарлығашты Алакөл ауданы Еңбекші ауылының аурухонасына жібереді. Ол кезде ауылдағы 25 орынды аурухонаға Тентек өзенінің арғы жағындағы Жанама, Қарабұлақ, Қызылащы, Арқарлы елді мекендер түгас қарайтындықтан дәрігерлерге түсетін салмақ та жеңіл болмайтын. Сол қатарда Қарлығаш сырқаттарды қарайды, ауруларды емдейді, әйелдерді босандырады, түнгі уақытта жедел жәрдем көрсетеді, балаларға екпе жұмысын жүргізеді. Қысқасы, дәрігерліктің сан-алуан жұмысына араласып кетеді. Тағы бір айта кетерлігі, ол жұмысқа келген кезде халықтың ал-ауқаты төмен, дәрігерлер жоқтың қасы, халыққа медициналық қызмет көрсету дұрыс жолға қойылмаған еді. Сондықтан олардың алдында медициналық көмекті жақсарту, тазалық жөнінде үгіт-насихат жүргізу жұмыстары, ауырудың алдын алу шараларын реттеу, ана мен бала денсаулығын жақсарту міндеттері тұрды. Бұл жұмысқа да белсене араласқан Қарлығаш бос уақыты шыға қалғанда ауыл, үйлерді аралап, түргындардың тізімін ала бастайды. Сол барыста жолыққан түрлі қиындыққа мойымай аудандық СЭС-пен бірігіп жұмыс істей жүріп бұл жұмыстарды да реттеді. Тіпті, 1964-1967 жылдары 8-10-сыныпта оқитын қыз балаларға медсестра мамандығы бойынша сабақ беріп, солардың арасынан үш қызды медбике етіп жұмысқа алады. Олар екі-үш жыл жұмыс істеген соң медучилищеге түсіп, фельдшер болып шықты.

Сонымен қатар, жұмыс істей жүріп, біліктілігін жетілдіруді де ұмыт қалдырған жоқ. Айталық, 1965 жылы Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің дәрігерді жетілдіру институтында акушер-гинекология мамандығы бойынша курстан өтіп, 1967 жылдан бастап Еңбекші орталығындағы аурухананың бас дәрігері болып қызмет атқарды. Осы жылдары аудандық кеңестің депутаты болып, жыл сайын мақтау қағазымен марапатталып отырды. Сондай-ақ, 1971-1972 жылдары Алматы қаласындағы КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің дәрігерлерді жетілдіру институтында акушер-гинеколог мамандығының 5 айлық курсынан соң, 1973 жылы Бөрлітөбе ауданына аудандық акушер гинеколог болып ауысуға ұсыныс түседі. Бірақ, балалары жас, қарі әке-шешесі болғандықтан алысқа кете алмай, Көктұма қой кеңшары орталығындағы аурухананың бас дәрігері болады. Бір қызығы, аталған ауруханаңың үйі ескі, 25 төсектен басқа іске алатын ештеңесі жоқ, жұмыс жазбаша емес, ауызша жүреді екен. Еңбекшіде жинған тәжірибесі бойынша бұл емханаңы да тәртіпке түсіріп, біліктті дәрігер атанады. Оның еңбегін ескерген басшылық 1982 жылы жұмысы ақсап жатқан Социалды ауылындағы Коммунизм ауылдық емханасына бас дәрігер етіп жібереді. Бұл жылдары да еңбегінің жемісі өртінде Қазақ ССР денсаулық сақтау министрлігінің, облыстық денсаулық сақтау бөлімі мен аудан әкімнің Алғыс қатына ие болады.

Осылай жан таласа еңбек етіп жүрген кезде Алматы қаласында оқитын студент қызы кісі қолынан қаза тауып, жүрегіне өшпестей жара салса да еңбекті ары қарай батылдықпен жалғастырады. Нәтижесінде 1986 жылы еңбек ардагері атанады. Сейтіп, 1987 жылы аудандық ауруханаға акушер-гинеколог етіп ауысып, гинекология бөлімінің меңгерушісі болады. Ал 1990 жылы Жаңама ауылдық емханаңың бас дәрігері болып тағайындалады. Осы жерден 1991 жылы зейнетке шығады.

Расында, адам баласы үшін өмірдің әр кезеңі құнды, маңызды, нәтижеге толы болатындығы анық. Соның ішінде отбасының жылуы, балалардың шат күлкісі, немерелердің айғай-шуынан артық қуаныш болмаса керек. Осы тұрғыдан келгенде, Қарлығаш отбасы бақытынан кенде болмаған. Қайта балаларын тәрбиелі етіп өсіріп, өмірден өз орнын табуына дем берсе, бүгінде немереленің қызықты қылығына емірене отырған жайы бар.



ТҮЗЕТУ

«Жетісу» газетінде 2013 жылдың 9 қазаны №125 (17925) санындағы «Ең» корпусының бос мекемелеріне ауыстыруға ауылдық жерлерде қызмет істейтін мамандарға конкурс хабарландырудың VII нүктесі, 4, 5, 8 пп. келесі мәтінмен ауыстырылсын:

Курорттық әкімшілік: Қаскелең қ., Абылай хан к., 213, тел.: 8 (72771) 23196, электрондық адресі: arasul@kaskelen.kz, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

4. Іргелі, Райымбек, Бәйтерек ауыл, Қаратөбе, Үшарал, Үлкен Алматы, Талғасбалық, Елтай, Чапаев, Жаңашамған, Алакөл, Үштөбе ауылдық округі әкімдерінің аппараттарының бас маманы - есепшілерінде (Е-4-3-3), 1 бірлігіне.

Функционалдық бағыттары: округ жері аумағының құқықтарының лауазымдық нұсқаулықтың міндеттерін бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, компьютер құралдарымен жұмыс жасай білу.

5. Іргелі, Жаңашамған, Үшарал (1 бірлігіне), Өмірзақ, Елтай, Райымбек, Қаратөбе, Үлкен Алматы (2 бірлігіне), Талғасбалық (1 бірлігіне) ауылдық округі әкімдерінің аппараттарының бас маманларына, (Е-4-3-3).

Функционалдық бағыттары: округ жері аумағының құқықтарының лауазымдық нұсқаулықтың міндеттерін бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, педагогикалық, техникалық; компьютер құралдарымен жұмыс жасай білу.

6. Қаскелең, Үлкен Алматы, Үштөбе, Жаңасөлең (1 бірлігіне), Өмірзақ, Алгабас, Үшарал, Елтай, Жамбыл, (2 бірлігіне), Іргелі, Райымбек, Талғасбалық, Жаңашамған (3 бірлігіне) ауылдық округтерінің жері аумағының құқықтарының лауазымдық нұсқаулықтың міндеттерін бөлінісіне сәйкес. (Е-4-4);

Функционалдық бағыттары: округ жері аумағының құқықтарының лауазымдық нұсқаулықтың міндеттерін бөлінісіне сәйкес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – экономикалық, гуманитарлық, педагогикалық, техникалық; компьютер құралдарымен жұмыс жасай білу.

ЕСКЕ АЛУ

Ардақты анамыз **Қарабұзауқызы Сүлейханның** дүниеден өткеніне 18 қарашада 50 жыл толады. Ақын Ғ. Қайырбековтың «Ана туралы жыр» өлеңінде



«Өлеңнің жарығын сыйладың сен маған,
Даламың әр гүлін, жиһадың сен маған.
Сен бердің құстардың, қанатын самғаған»
дегендей, осындай 71 жыл бұрын анам осындай бақытты маған сыйлаған еді.

Анам Сүлейханның туып-өскен жері қазіргі Райымбек ауданы Қақпақ өңірі, елі Албан, оның ішінде Құсық-Қуат-Қарабұзау екен. Қарабұзаудан – Мұқаш, Исабек, Сүлейхан, Әкеміз Темірбек Қарасаз ауылынан Алжан-Шәлір-Қалтағай-Тайшы баласы. Екеуі қосылып отау құрған кезінде, 1916 жылғы ақ патшаға «оғысқа бала бермейміз» деген албан ері көтерілісінің аяғы қанды қырғынға айналғанда қырғыз еліне – Ыстықкөл маңы Қарақолға орыс байына барып жан сақтайды. Нарынқол өңіріне 1922 жылдары Кеңес өкіметі орнаған соң еліне қайтып келіп, сондағы Өбіжан, Имамәлі, Жылқыбай, Молдабай, тағы да басқа ағайындармен мал-мүлктерін ортаға қойып, сол кездегі «Социалистік Қазақстан» колхозының іргетасын қалайды.

1932 жылы ел-елге кеткен зобалаң елдің жалпай Қытай еліне қашу, 1937 жылғы «Жапон, Германның тыңшысысың, байланыстысың» деген желеумен өсіп келе жатқан Қазақ интеллигенциясын қырғынға ұшыратқан сталиндік репрессияны басынан өткізді. 1941 жылғы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысын басынан өткізіп, майданға кім дайындайсыңдар деген әкеге берген өкіметтің бронымен аудан орталығы болған Нарынқол селосының батысындағы Ақбұлақ сайының өтегіне орналасқан, кейінгі атауы Промкомбинатқа келеді. Тұңғыш ұлы Асанғазының соғысқа аттандырады.

«Бәрі де майдан үшін! Бәрі де жеңіс үшін!» деген ұранға қосылып, күйеуі Темірбек, балалары Құдайберген, Нұр, Мария болып жауынгерлерге пима, байпақ, жылы күртеше, қолқап дайындайды. Отбасы мүшелері болып 1945 жылы жеңіске өз үлестерін қосады. Сол үшін Темірбекке, баласы Құдайбергенге майданға сіңірген еңбектері үшін ССРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «За доблестный труд в Великой Отечественной Войне 1941-1945 гг» медальмен және әкемыз Темірбек Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет Грамотасымен марапатталады. Тұңғыш баласы Асанғазы қазіргі Ресейдегі Псков облысы Невель ауданында 5 қаңтарда 1943 жылы ерлікпен қаза болды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «За отвагу» медальмен марапатталған.

Шешеміз Сүлейхан өнерлі ісмер адам еді, оның сыртында жас балаларды емдеу, әйелдерді босандыруды өте жақсы білетін. Соғыс кезінде дәрігерлер жеткілікті жатты, сол кезеңде алтыжа тарта отбасы тұратын «Промкомбинат» елді мекеннде бұлкісінің еңбегі зор болады. Соғыстан кейінгі 1948-1953 жылғы қайта басталған сталиндік құдалауды да бастан өткізді. Балаларды өсіріп, келін алып, немереді болып ендігі қызығын көремін бе деген кезде 1963 жылы 18 қарашада аяқ астынан жабысқан аурудан алыстан асқанда көз жұмады. Артында қалған балалары Құдайберген, Нұр, Болат, қыздары Мария, Қалипа Нарынқол өңірінде танымал азаматтар болып өсті. Бүгінгі күнге Темірбек пен Сүлейханнан тараған 36 немере, 38 шөбере, 15 шалғыдағы бар. 1948 жылы дүниеге келген тұңғыш немересі Сұлұхан ғылым докторы, Ресей мемлекеті мен көптеген шет елдерге белгілі ғалым. Немерелері, шөберелері Қазақстанның барлық өңірінде еңбек етіп жүр. Олардың ішінен барлық саланың мамандарын табуға болады. «Еңбек ардагерлері», «Аудандардың құрметті азаматы» атақтарын алғандары бар. Өздері құрған Қарасу жағасындағы бұрынғы «Социазақстан», қазіргі М. Мақатаев атындағы кеңшарға ері Темірбектің жанына жерленді. Елу жыл ішінде өзінен тараған 7 баласының алтауы жанына барды. «Есейіп кетсем де мен сағаң сөбімін» деп жеттістік қырқасынан ассам да мен анамды күнде көріп жүргендей ансап тұрамын. Жатқан жерің горқа болсын, шалғатың артындағы ұрпағыңа шашылсын.

Кенже балаң Болат ТЕМІРБЕКОВ,
Райымбек ауданының «Құрметті азаматы».

Алматы облысы әкімінің аппараты және облыстық мәслихат облыс әкімінің бас инспекторы Мәриям Ақашқызы Сегізбасваға

ағасының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Сарқан ауданы әкімінің аппараты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің бас инспекторы Сағымбек Байзақұлы Жұмабековке

анасының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Байқау

Таланттар Танылды

І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы мен облыстық халық шығармашылығы орталығының ұйымдастырушымен облыс әкімінің жүлдесі үшін «Жетісу жұлдыздары – 2013» байқауы өтті. Он бір жыл қатарынан көрерменін таңғы етіп келе жатқан дәстүрлі байқаудың жыл өткен сайын мазмұны толығып, оған қатысуға шет танытқан үміткерлердің саны артып келеді. Айталық, биыл аукымды шараның аймақтық сайысына 5 – 15 жас аралығындағы 140 үміткер қатысып, оның 47-і облыстық байқауға жолдама алған болатын. Екі күн бойы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында бағын сынаған осы үміткерлердің арасынан 26-сы шешуші сайысқа жолдама алды. Олар екі номинация (ән және би) мен екі топ бойынша (кіші және үлкен) сынға түсіп, өнер көрсетті.

Әрине, ән-би өнері қазақ мәдениетінің қайнар бұлағы. Сол бұлақтан сусындаған адам ғана халықтың құндылықты терең бағамдап, байытай алады. Сондықтан ұлттық өнерімізді дәріптеуді мақсат еткен байқаудың жыл өткен сайын мазмұны толығып, ауқымы кеңейіп отыр. Сондай-ақ, аталмыш шара тек жүлдегерлерді анықтауға ғана бағытталмаған, осы орайда өнерімізді ерекшеленген жастардың болашағына жол ашқан жеткіншілерге де құрмет білдіру көзделген. Осы орайда, айта кеткен жөн шығар, бүгінде облыс, республика, халықаралық деңгейде топ жарып жүрген жастардың бәрі осы байқаудан қанаттанғандар. «Алмақтың салмағы бар» деген осы.

Әрине, биылғы байқаудың бір ерекшелігі салтанатты шараға қатысқандар тамаша өнер өрнегін көрсетіп, көрерменді жылы сезімге бөледі. Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бөлім бастығы Тәлеужан Ғұмаров бастаған қазылар алқасының сөзіне сүйенсек, өнімді балалардың да орындау шеберлігі, сахна мәдениеті, өзін-өзі ұстауы, қысқасы байқаудың шартын орындауы жоғары деңгейде болды. Ал би ұжымдары ұлттық биді шегіне жеткізе орындаумен бірге, өзге ұлт билері мен қазіргі заман билеріне деген талпынысқа да арта түскенін әйгіледі. Қай қырынан келсек те, аталмыш байқау ел ауылынан түспейтін жақсы қырымен айшықталды. Десе де, «Жүзден жүйрік шығатын» бөсеннің де өз жеңімпазы болары анық. Нәтижесінде, ән номинациясында кіші топ бойынша Қарасай ауданынан Жасұлан Үсенбай, үлкен топта Панфилов ауданынан Заманбек Күлжабеков, ал би номинациясы бойынша кіші және үлкен топтар арасынан Талдықорған қаласының «Алау» би тобы мен «Ачим-ноуль» халықтық ән-би ансамблі бірінші орынды жеңіп алды. Байқаудың екі бас жүлдесі де ән номинациясы бойынша сынға түскен өнерлерге бұйырып, оған кіші топтан сарқандық Асхат Төлеутай, үлкен топтан жамбылдық Мейірбек Ерекеев не болды.

Қалғандары екінші, үшінші орындар мен ынталандыру жүлдесін бөлісті. Барлық жүлдегер облыс әкімінің дипломы мен заттай сыйлықтармен марапатталды.

Иә, талайдың арманын үкілеп, қанатына қуат бітірген маңызды бір байқау өз мәресіне жетті. Екі күнге жалғасқан сайыстың тартысты өткенін көрермендер жоғары бағалап отыр.

Қ. ШАКЛИН.

Маман мінбері

Менингит – қауіпті ауру

Естеріңізде ме, бала күнімізден ата-аналарымыз «бас киіміңді ки, салқын тиеді, менингитпен ауырасың» деп жиі айтатын. Әрине, біз менингиттің қаншалықты қауіпті екенін елеместен, немқұрайлылықпен қарайтынбыз.



Менингит – бұл жұқпалы сырқаттанушылық, жұлын және бас миының қабынуы. Сырқаттану кезінде бас миының жасушалары зақымданбайды, қабыну процесі сыртқы дәмиды. Сырқаттанушылық сирек кездеседі, бірақ өте ауыр өтеді. Берілу жолы – ауа-тамшылы және клиникалық белгілерінің кең таралуымен сипатталады. аурудың кейбір түрі жедел ағымды болып келеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сырқатты «медициналық төтенше жағдай» қатарына қосады. ем жасалмаған жағдайда жұқпаның 50% өлімге әкелп соқтырады.

Менингиттер әлемнің барлық елінде және барлық климаттық аймақта тіркеледі. Сырқаттанушылықтың өте жоғары тіркелуі «менингит белдеуі» деп аталатын – Африка елдерінде, әсіресе Орталық және Батыс аймақтарда кездеседі. Маусымдылық таралу кезеңі қарашажелтоқсан, жоғары шарықтау науруз-сәуір айларына және сатылы тіркелуі көктем-күз мезгілне тән. Облыс бойынша менингококк сырқаттанушылығының төмендеуі байқалады. Соңғы жылдарда сырқаттанушылықтың 5-10 жағдайы тіркелуде Оның 70% 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі. Менингококкты жұқпаның ауырғаннан бастап медициналық көмекке 1-2-ші тәулікте қаралған 2 жасқа дейінгі балалар арасында бірлі-жарым жағдай қайғылы аяқталды. Жұқпа ошағында барлық қарым-қатынаста болғандарға бактериологиялық тексеру ұйымдастырылады және инкубациялық кезең ішінде медициналық бақылауға алынады.

Инкубациялық кезең 2-10 күн аралығында созылады. Дене қызуы 39-40°С дейін көтерілп, қалтырау белгісімен ауру жіті басталады. Балалар басының қатты ауруына шағымданады, жиі құсады. Арқа және омыртқа тұстарында ауырсыну белгілері болуы мүмкін. Бас кезінде науқастың ақыл-есі сақталады, бірақ кейіннен бұлыңғыр болуы мүмкін немесе мүлдем естен танады. Бұл сырқаттың маңыздысы ауырғаннан кейін 1-ші күннен пайда болатын құрысу белгісі болып табылады. Науқаста сандырақтау байқалады. Әрбір тітіркенгішке сезімталдығы жоғарылайды. Менингитпен өртүрлі жастағы адамдар ауырады. Көбінесе сырқаттану жас ерекшелігне емес, адам ағзасына байланысты. Мысалы, шала туылған балаларға (олар өте өлсіз болғандықтан) менингит өте қауіпті. Сонымен қатар жиі ауыратын, орталық жүйке жүйесі зақымданғандар, басының немесе арқасының жарақаты бар адамдар. Жалпы сырқаттануға әсер ететін факторлардың қатары көп.

Жас ерекшеліктеріне қарамастан науқастарды ауруханада емдейді. Арнайы, кешенді – антибиотик, вирусқа қарсы дәрілік заттардан тұратын ем жүргізіледі. Ауыр жағдайда реанимациялық ем шараларр жүргізілуі мүмкін. Менингит толық жазылады. Емнің нәтижелпі ауруханаға уақытылы жатумен және емнің тағайындалуына байланысты.

Менингококкты жұқпаға қарсы арнайы иммундау Сауд Арабия әміршілігіне қажылық жасауға баратындарға эпидемиологиялық көрсеткіш бойынша жүргізіледі. Бірақ екіншіге орай, менингиттің барлық түріне қарсы иммундау жоқ. Менингиттердің алдын алу – дәрумендерді қолдану және жеке бас тазалығын сақтау. Ең бастысы ауырудың белгілеріне уақытылы көңіл аударып, дәрігерді шақыру.

М. КӨБЕЙСІНОВА,
ҚР ДСМ-нің МСЭҚК Алматы облысы бойынша департаменті эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Медиахолдинг «Жетісу Ақпарат» акционерлік қоғамы.

Директор-
Бас редактор
Жақыпжан
НҰРҒОЖАЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2002 жылғы 16 қазанда тіркелін, №3322-Г куәлігі берілген.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Жетісу

e-mail: Jetisu2002@mail.ru
www. Zhetysu-smi.kz

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттелді.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Көлемі — 2 баспа табақ.
Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция ұжымдарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, Алматы — Болашақ ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 12345678910
Ө 12345678910

Кезекші редактор: Қуаныш ТҰҢҒАТАР.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 1515. ТАРАЛЫМЫ — 41 012. ИНДЕКСІ — 65469.

Қабылдау бөлмесі және факс - 27-41-50, байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары – 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы – 24-38-16, әлеуметтік-экономика және спорт бөлімі – 27-42-34, сәнгат және наразат, әдебиет және мәдениет бөлімі – 24-36-07, ұлық және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 24-32-43, білім және ғылым бөлімі – 24-30-57, фототілшілер -27-41-93, хат және жұлдат бөлімі – 24-29-82, жарнама бөлімі - 24-29-82.

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша – 279-13-37 (факс) 79-13-86, 79-36-43. Меншікті тілшілерден аудандардағы телефондары Үшаралда – 2-12-57, Панфиловта - 9-12-27, Райымбекте - 2-22-05, Іледе - 2-19-33. Газет табыс етілмесе 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

АҚЫН – ЕЛДІҢ АРДАҒЫ

Туған топыраққа тағзым



Белгілі ақын, қарымды журналист Құл-Керім ЕЛЕМЕСТІ оқырманы жақсы біледі. Отанына оралып, төл әдебиеттің жұмысына әлі араласқан 19 жылдың аясында біршатар табыстарға қол жеткізді. Оның ерен еңбектері, рухани жетістігі – баспадан шыққан кітаптары мен газет-журналдардағы өзіне тән қолтаңбасы. Елуді еңсерген ағамыздың шабыт-тұлпары бабында тұр. Уақыт көшімен қатарласа шауып келеді. Ол кісімен әңгімелесіп, салиқалы сұхбат құру арқылы қаламгердің жанғарайына үңіліп көрдік.

– Керім аға, елудің есігіне еніп келесіз. Елуге қанағаттануды, қуануды, елуге елу қосылса деген үмітті қандай толғаныспен жеткізер едіңіз?

– Алла-тағаланың қазірге дейін берген жасына тек шүкіршілік етемін. Елу жылдық өмірімде біраз мәнді нәрселер болды. Үйлендім. Балалы болдым. Шекара астық. Мәуе жая бастаған отызымда атамекенге оралудың сәті түсті. Мұны былайша суреттеуге болады. Мәселен, тамыры тереңдеп, мәуесі жеміс бере бастаған алма ағашын өскен топырағынан алып басқа бір аймаққа апарып ексең не болар еді? Мүмкін құрап қалар? Менің, мен ғана емес, мен секілді біраз азаматтың өмірі осындай тағдыр сынағына тап келді. Мен мұны өнер тұрғысынан айтып отырмын. Алланың рақымы шығар, менің еңбектерім жемісін берді. Мені еліме еңбек етсем деген үміт үнемі алға жетелейді.

– Сіз шекараның арғы бетінен атамекенге көз тастап, ел мен жерін сағынып өскен ұрпақтың екіліcіз. Қазақстан Тәуелсіздік алды дегенде қандай көңіл-күйде болдыңыз?

– Оны тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Тек жүрекпен сезіну керек! Ондай күйді жүрекпен сезіну үшін ел шегінен кем дегенде бір жыл болса да шалғай жүріп көру керек шығар. Ал отыз жыл, тіпті туғаныңнан ел шегінен сыртында өмір сүрсең, ондай жанның аңсары қандай болатынын шамалай аласыз ба?! Ақыл шыдас бермейді оны ойлауға. Сенсеңіз, келгеніме 19 жыл болғанына қарамастан, мен Алматыға, Қазақстанға деген сағынышымды әлі күнге дейін баса алмай келемін. Солай десем сенер ме едіңіз?! Бірақ ақиқаты осы. «Құшағыңнан шығармашы енді, Анам» деп аталатын өлеңім бар. Іштей оны қайталап жүремін.

Көрмей, білмей өлсемін
Қайран, Қазақстаным!
Тұл таусылып от демім,
Саған самғап ұшқамын...
Менің Қазақстаным!
Жауға салса қанжарың,
Дауға салсаң тілімін!
Кешіп келген қан, жалын,
Құлаккесті құлыныңмын!
Құдай деген құлыныңмын!..
Менің Қазақстаным!

– Сіздер, Қытайдағы қандастар араб қарпімен сауат ашып, кітап оқып, шығарма жаздыңыздар. Орыс қарпіне де тез дағдыланып алған екенсіз. Елге келгендегі ең алғашқы журналистік қызметіңіз «Егемен Қазақстаннан» басталыпты. Қатарға жылдам қосылудың сыры неде?

– Менің бауырларым Ахметтер жасаған, негізін араб қарпінен алған әліпбимен сауаттанды. Кезінде бұл әліпби ұлтымыздың төл жазуы саналған. Мұхтар мен Ғабиттер күллі шығармаларын сол әліпбимен жазған. Оның ұлттық болмысты, ұлттық мінезді сақтауға себі тиді. Менің кезеңім сәл басқарақ болды. Негізі орта мектепті латын қарпімен бітірдім. Бұл жерді сәл кеңітіп айта кетейін. Империя қай елде болса да империя. Оның мейірімдісі болмайды. Демек, жазу мәселесінде Кеңес өкіметінде қандай қитұрқылықтар болса, Қытайда да сондай амалдар қолданылды. Ел білетін Ахмет әліпбиін бірден өзгерткен қытай империясы біздің буынды латын әліпбимен оқыта бастады. Сөйтіп, мен орта мектепті латынша тауыстым. 1982 жылға келгенде, яғни, елдің бір буыны осы жазумен сауатын ашқанда оны күшінен қалдырып, қайтадан көне жазуға (Ахмет әліпбиіне) көшірді. Қайтадан соны оқыдық. Жұрттың бәрі сүңгіле, текетұяқ дейсің бе, ортадағылардың үйренгені үйренді де, үйренбегені сол беті жазусыз, жазу ретінде ол мемлекетте түкке жарамайтын латын әліпбимен қалды. Немесе жазу білмес мақұрымға айналды.

Әрине, әр адам атамекеніне оралуды армандайды. Міне, сол арманмен мен де кирилл жазуын қосымша үйреніп алуыма тура келді. Олай еткенім мұнда келгенде тосылмай, бірден жұмыс істеп кетуіме септігін тигізді. «Егемен Қазақстанға» қызметкер болып еркін орналасқаным соның арқасы еді. Әрі қарай журналистік жолымның тараулары басталды.

– Сізді «сегіз қырлы, бір сырлы» деседі. Бір қырыңыз – ақындық, бір қырыңыз – әншілік, енді бір қырыңыз – сыншылдық. Тізгінді тең ұстаудағы жауапкершілік қандай?

– Негізі адам ақын болайын деп, әнші болайын деп талпынғанмен бола алмайды. Бәрі де Алла тағаладан берілетін нәсіп. Өз басым оны солай деп ұғамын. Мысалы, әкем марқұм дәулескер күйші болған. Жетісу күйшілігіндегі бес мектептің бірі – «Елемес мектебі» деп атала бастады. Оны білетін шығарсыз. Сол әкем «а» деген қарпіті танымайтын. Атын да жаза алмайтын. Әкемнің күйшіліктегі бүгін мақтап әуре болмай-ақ қояйын. Қазіргі күй өнерінің түбін түсіріп оқыған дүлдүлдердің ол кісінің күйлерін толық нотаға түсіре алмай отырғанын айтсам да жеткілікті шығар. Ол кісінің күйлерін нотаға толық алу үшін айырым белгілер қою керек екен.

Мен әнді он бесімнен бастап айттым. Іле ән шығардым. Онда қызық, шығарған әуендерімді ұмытып қалмау үшін астыңғы, үстіңгі пернелерді өзім ғана білетін санмен белгілеп, ол сандар арқылы ән шығарып жүрдім. Айтып отырғаным, Қытай мен Жапон елдері қолданатын сандық нота емес. Оны да кейін үйрендім. Сосын елдің бәрі гитара тартқыш болып кетті. Мен де бұл аспапты тез-ақ меңгеріп алдым. Қатарымнан қалмай өлең жазатындар шықты. Өлең жаздым. Арманым күй шығару еді, оған да қол жеткіздім. Қазір өзім шығарған 12 күйім бар. Осының бәрі менің кереметтігімнен дейсіз бе? Жоқ, Алла тағаланың кереметі. Ол берді, мен жаздым. Болмаса мен оқуында да жарытып оқығаным шамалы. Өнерпазды жарыс өсіреді. Мен ондай жарысты мәдениетті жарыс дер едім. Өнерге тек адалдық керек.

– Өткен ғасырдың үлкен қайраткері болған атақты емші Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баянын» араб қарпінен кириллицаға көшіріп, кітапты күллі қазақ жұртымен қауыштырдыңыз. Бұл еңбектің бүгінге қалай жеткені туралы әңгімелеп берсеңіз.

– Бұл енді көпшілік біле бастаған іс. Алла қазақтай талантты халыққа не бермеді! Жер де, байлық та, ілім де берді. «Шипагерлік баян» Өтейбойдақ бабамыз арқылы бізге берген ұлттық ғылым. Ол кітап Қытайда табылған, сол елдің мемлекеттік баспасында басылып шыққан. Қытай мемлекеттік сыйлығы берілген. Сол арқылы қазақтың мемлекетке қосқан үлес тізіміндегі 56-шы орыннан ілгері қарай жылжып алдыңғы 7-ші орынға дейін биіктеген ғылымнамалық үлкен еңбек. Біз оны тек көшіріп ғана басып шығардық. Соның өзінде әлі күнге дейін толық қолданысқа жұмылдыра алмай отырмыз. Ал, Қытай болса Өтейбойдақ бабамыз атында орталықтар ашып, біршатар зерттеу кітаптарын шығарып үлгерді. Мұндағы емдік ерекшеліктерді айналысқа шығарды.

Осы мәселеде менің көкейге түйгенім мынандай: біз қолда бардың бағасын біле алмай отырған сияқтымыз. Өзімізше рушылдығымыз, қала берді жүзшілдігіміз бар жұртпыз. Асылымызды толық көрсетпей отырады десем артық болмас. Бұл өз кезегінде әлі толық ұлттық деңгейге көтеріліп болмағанымыздың салдары деген ойымды жасырғым келмейді. Аталмыш кітап сондықтан мемлекеттік айналымға шыға алмай отыр ма екен деп топшылаймын.

– Исламдық парыз-қарызды ақ ниетпен өтеп жүрген қазақтың бірісіз. Ата дәстүр мен асыл дінді шендестіре қадірлеуді қалай түсіндіресіз?

– Ислам діні – ата дініміз. Ол тек біздің ғана емес, күллі Адам ата баласының да жалғыз діні. Ең хақ дін. Біздің мың жарым жылдан бергі тұтынып келе жатқан дініміз. Ал салтымыз болса, сол ата дініміз – Исламмен, оның шариғатымен бітеқайнасқан. Біздің барлық салтымыз сол діннің шариғатынан ауызша дәстүрімізге айналған. Тек соңғы, әсіресе, 50 жыл мөлшерінде үнемі және мақсатты түрде исламдық сенімді халқымыздың санасынан алып тастауға бағытталған қызыл империяның зұлымдығының кесірінен халқымыз іштей толық болмаса да, сырттай ол діннен қол үзе жаздады. Рахымы шексіз Алла басымызға берген тәуелсіздіктің нәтижесінде қасиетті дінімізі елімізбен қайта қауышты. Демек, оның халықтық дәстүрімізден өзгеше, одан бөліп алатын еш қағидасы жоқ. Біздің халықтық салтымызға айналып кеткен дәстүрлеріміздің күллісі қасиетті Ислам шариғатынан алынған. Оның солай екенін қасиетті дінімізді тұтына бастау арқылы одан бетер түсіндік. Өз басым да сөйттім. Түсіндім. Міне, сондықтан да танымымдағы дүниелерді өз деңгейімде кітап етіп жаздым. Алла қаласа, таяуда 55 баспа табақтық үлкен еңбек ретінде «Даналық кітабы» деген атпен жарық көрмек.

– Сіз «Балдырған» журналының белді қызметкерісіз. Өзіңіз қатысып отырған бұл басылымның қадір-қасиетін қалай сипаттар едіңіз?

– Балаға арналған әдебиет асылдан болуы керек. Себебі, балаға өтірік айта алмайсың. Бердібек Соқпақбаев, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев секілді алыптар шаңырағын тік көтеріп ұстап келген «Балдырғанның» XXI ғасырдың бүлдіршіндеріне ұлттық уыз сыйлайтынына сенімдімін. Сол кісілердің алақанының табы бар журналда еңбек еткеніме мерейленемін!

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Болат МӘЖИТ.

●Лебіздер

Тілі айшықты ақын

Қазақ жырының шалқарына сел нөсерден кейінгі тау өзендеріндей пықылдай тасыған жаңа арналар келіп қосылуда. Әсіресе Қытайдан, Моңғолиядан келген бауырларымыздың тегеуріндері мықты. Тілдері айшықты. Сезімдері соны. Навталин мен шаңсорғыш тимеген жаңа кілемдей көзіңді қытықтап, көңіліңді еркелетеді. «Жұлдызды түнді» жазған Құл-Керім Елеместі оқығанда сондай әсерде қалдық...

Әбіш КЕКІЛБАЙ,
мемлекеттік сыйлықтың иегері.

Арлы жырдың сандығы

Расында да бүгінгідей алмағайып уақытта мұсылманның бес парызын ұстап қана қоймай Хақты, хақиқатты тануға бар ынтасымен ден қойған ақын Құл-Керім алдыңызға арлы жырдың алтын сандығын ақтарып салады. Оның әрбір жыры жаңа сапа, жаңа сатыға шығып сөйлейді. Ол «Адам қайдан келді, қайда келді, қайда барады» деген адамзаттық пәлсафаға Алланың ақ жолымен сөз сабақтап, ой түйеді.

О бастан ақын боп туған Құл-Керім Елемес он сегіз мың ғаламның иесіне иіп сөйлегенде оның әр жолы, әр шумағы нұрға малғандай көңілге салтанат-шуағын шашыратады.

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ,
ақын, Халықаралық
«Алаш» сыйлығының иегері.

Тосын реңдер табасың

Сенің өлеңдеріңді анық жақып қойып оқығаным – осы жолы. Сен ешкімнен артық, ия кем демеймін. Бірақ үні, бояуы өзгеше ақын екенсің. Өлеңдегі сөз саптауларыңнан, салған суретіңе дейін ешкімге ұқсай қоймайтын бір бөлек бейне бар. «Хантәңірінен жасап алып ғарыштарыңыз» суреті – тылсым Тұсларды – түзіпсің.

Сен жасаған «ғарыш» – жұмбақ, жарқын этикалық бір әлемі болып көкейге қонды. Табиғат суретін бергенде де жаңа бояулар, тосын реңдер табасың...


Қысқасы осының бәрі қазақ өлеңіне және бір жаңа ақынның, жақсы ақынның келгенін айтады. Яғни, сенің келгеніңді...

Тұрсынжан ШАПАЙ,
жазушы.

ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Тарих қойнауына көз жіберетін болсақ, Асан Қайғы бабамыз желмаясына мініп, Жерұйық іздепті деген аңыз бар. «Аңыз түбі ақиқат» дегенге сүйенсек, мұнда да бір шындық бар екені даусыз. Сол бабамыздың қазақ даласын аралап жүріп, әр аймаққа берген бағасы бар. Жер жәннаты Жетісуға келгенде Асан бабамыз: «Мынау Жетісудың ағашының басы сайын жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», – депті. Айтса айтқандай-ақ, Жетісу өңірі қойнауы құтты, жері шұрайлы, топырағы киелі мекеннің бірі. Өзендер өрнектеген осынау өлкенің жері жемісті болуы да заңдылық еді. Жемісті жердің қашан да киелі қонысқа айналары сөзсіз. Ал мұндай жерден қазақ ұлтының қаншама дара тұлғалары шықпады десеңізші. Қай саланы алып қарасаңыз да, арғы тарихымыздан бүгінгі күнімізге дейін ұлтым деп туған перзенттері аз болмаған. Соның ішінде өнер әлеміне келер болсақ, кестелі сөз бен әуезді ән қалыптатқан аяулы азаматтарымыз қаншама.

Қажет АНДАС
"Жетісу"



Жүректен саз төккен

Бір дәуірдің түлеп ұшқан жастары едік,
Бір дәуірдің мөлдіреген аспаны едік.
Бәріміз де жазылмаған дастан едік,
Армандастар – құрдастар, – деп елімізге, тіпті, әлем қазақтарына есімі кеңінен танымал болған Әсет Бейсеуовтің осы бір тамаша туындысында айтылғандай, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары халқымыздың музыка өнерінде ерекше бір өрлеу болды. Солардың ең негізгісі, қашан да рухымызға күш-қуат беретін көңіл-күйіміздің көркі – ән-күй десек, ең алдымен есімізге Нұрғиса Тілендиев, Әбілахат Есбаев, Бекен Жамақаев, Шәмші Қалдаяков, Әсет Бейсеуов, Ескендір Хасанғалиев, Ілия Жақановтар түсіп, олар өмірге әкелген туған жердің, елдің жүрегінің лүпіліндей нәзік те, маңызды, мазмұнды әндері өз әуенімен жүрегімізді тербей жөнелетіні жасырын емес.

Әсеттің замандастарының, армандастарының, құрдастарының бақыттылығы – олардың сезімді баурап, жан дүниені алаулатқан туындылары бүтін дүниеге келсе, ертең тыңдарманның құлағына жетіп, ән қазынасына айналып жатты. Сол қатарда жүрек түбіне ұялаған сезімді әндердің авторы Әсет Бейсеуов әнсүйер қауымның патша көңілі не қалайтынын дөп басып, халық жылы қабылдар талай туындыны жазды. Айталық, «Армандастар», «Сырласу вальсі», «Алмалы Алматым», «Шақырады көктем», тағы да басқа халық көңілін бірден жаулап, есте мәңгі қалған сырлы әндер тынымсыз еңбек пен тоқтаусыз төгілген маңдай тердің өтеуімен келгендігін жасыра алмаймыз. Әсетті Әсет еткен де осындай қайталанбас тың дүниелер. Музыканы зерттеушілердің пайымдауынша, Бейсеуов – жастардың сүйікті сазгері. Себебі, той немесе кеш өткізілсе, көбіне-көп Әсеттің әндері орындалады. Әсіресе, «Алтыным», «Маралдым», «Сырласу вальсі», «Шақырады көктем» – әр кештің шырайы, ұл үйлендіру, қыз ұзату тойларының сәні. Ертерек талантымен есімі республика көлеміне кеңінен тараған ағалардың мақаласын оқып, пікіріне құлақ түрсеңіз, Бейсеуовтың өз қатарластарынан оқ бойы алға озғанын білесіз.

Ендеше, алдымен сазгердің ән әлеміндегі орнын, шыққан биігін, жеткен жетістігін, жұрт жүрегінен терең орын алған сүйіспеншілігін айтудан ілгері оның өмірі жайлы тоқталып өтсек деген ойдамыз.

Қазақстанның халық әртісі, композитор Әсет Бейсеуов 1938 жылы батырлар мен ақындар елі атанған Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылында туды. Әкесі Көппай соғыста қайтыс болып, атасы Қожамқұлдың қолында ержеткен Әсеттің өнер жолына түсуіне сол кісінің ықпалы көп болған көрінеді. Сондай-ақ, соғыс жылдары Қарғалы ауылына арнайы келген жыр атасы Жамбылдан бата алғандығы да кейінгі өміріне үлкен әсер еткен де шығар. Ал Алматыдағы №12 орта мектептің қабырғасында жүрген кезінде-ақ «Алматы арманым» атты тұңғыш әнін жазып, сол туындысы арқылы жұртқа бірден танымал болады. Тума талант иесі 1961 жылы бұрынғы Қазақ ұлттық консерваториясын В. Великановтың класы бойынша ойдағыдай тамамдап, еңбек жолын 1961 жылы Текелі қаласындағы музыка мектебінде мұғалім болудан бастаған. Осыдан былай әр жылдары Текелі Мәдениет үйінің қызметкері, Есік музыка мектебінде мұғалім, Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы аудандық Мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі, сонымен қатар, Алматыдағы «Гүлдер» ансамблі мен Қуыршақ театрында қызмет атқарып, еліміздің рухани өмірінің өсуіне өзіндік үлесін қосумен қатар, жұрт сүйсінген әндерін де осы тұста жазды. Бүгінгі аға буын өкілдері жатқа айтатын әуезді әндерімен халқын тербеткен дарынды композитор бұл күндері тірі болғанда жетпіс бес жасқа толар еді. Десе де, оның артында атын алысқа жеткізер, мәртебесін биіктетер, ұрпақ жүрегіне мәңгілікке қалатын сазды әуендері қалды.

Халқымызда: «Ән көңілдің ажары», – деп келетін тамаша ұғым бар. Расында, өлеңмен туылып, өмірін өлеңмен өріп, сол өлеңмен жер қойнына енетін қазақ халқының мәдени өмірінде әнге, әншіге, сазгерге ерекше құрмет танытады. Қазақстанның халық жазушысы, Бүкіл Түркі дүние ақындарының Физули атындағы сыйлығының иегері, сыршыл ақын Тұманбай Молдағалиев

Сол әндердің шын иесі, киесі,
Көкірегіме маңдайыңды сүйеші.
Сыбағаңды ала қойшы өмірден,
Тек өзіңе, Бейсеуовке тиесі, –

деп жырлағандай композитор Әсет Бейсеуов, өнер әлемінде өзіндік орнын тапқан дара тұлға. Жарыққа шыққанына биыл қырық жылдан асып, ән жауһарына айналған «Гүлдер», «Шақырады көктем», «Мұңайма», «Алтыным», «Маралдым», «Сандуғаш», «Жұлдызым», «Жайықтан қайтқан тырналар» сияқты әндері ел арасына кеңінен таралған. Сондай-ақ, С. Балғабаевтың «Қыз жырмаға келгенде», Ә. Тауасаровтың «Аса құрметті Икс» қатарлы бірнеше спектакльге, «Қортышқан мен қоян» атты бірқатар кинофильмге, «Алдар көсе», «Жаздың соңғы күні» тағы басқа да телефильмге жазылған музыкалық шабытты шығармалары да әлі күнге жүректерді тербетумен келеді. Сондай-ақ, сазгердің 70 жылдық мерейлі жылына орай ұйымдастырылған «Әсеттің әсем әндері-ай!» атты республикалық әншілер байқауы бүгінде ел сағына күтетін, ынтызарлықпен қарсы алатын мәдени шараға айналғанын несіне жасырайық. Бұл да халқының сазгерге деген құрметінің бір парасы емес пе?

Десек те, бүгінгі таңда танымал ән нақыштарын бұрмалап, компьютерге салып, будандастырып, бәрін былықтырып жүрген сазгерсымақтар да арамызда көбейіп барады. Сондықтан қазіргі қазақ музыкасындағы ұлттық нақышын сақтап қалу, батыстың әндеріне бой ұрып бара жатқан жастарды халықтың өшпес өнеріне мойын бұрғызу үшін Әсет Бейсеуовтың әндеріне арналған «Әсеттің әсем әндері-ай!» атты ән кешінің де өтіп келе жатқанын білеміз. Осы шараны көп болып қолдап, қазақ ән өнерінің қасиетін қастерлеу арқылы әркімнің санасына өзінің төл өнерін сіңіру, сөйтіп, санаға жат, даңғаза дүниенің жаппай таралуына бөгет болу жолдарын қарастыру өнер сүйер қауымның басты міндеті екенін де айта кетсек артық болмас.

Осындай ұлттық құндылықтарға деген құрметке жол ашқан сазгер есімі тек қазақ еліні өнерсүйер қауымының ортасында емес, әлемнің түкпір-түкпіріндегі қандастарымыздың арасында да ерекше құрметпен аталатынына, оның мұрасына деген қызығушылықтың күн өткен сайын артып келе жатқанынан да хабардармыз. Айталық, Қазақстан Журналистер одағының және Қазақстан жастар одағының «Сернер» сыйлығының лауреаты, журналист Қапшайым Байдәулеттің Қытай үкіметінің тапсырысымен «Шыңжаң халық баспасында» төте жазу қарпімен басылып шыққан «Танымал әннің тарихы» деген кітабында 2007 – 2009 жылдары жарияланған 80 танымал әннің тарихы баяндалады. Олардың арасында Нұрсұлтан Назарбаевтың өлеңіне жазылған «Үшқоңыр», «Сарыарқа», «Елім менің» әндері, сондай-ақ, Шәмші Қалдаяков, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Ілия Жақанов, Әсет Бейсеуов, Мұқағали Мақатаев, Есенқұл Жақыпбек, Исраил Сапарбай, Ескендір Хасанғалиев, Төлеген Мұхамеджанов, Кеңес Дүйсекеев, Шөмішбай Сариев, Мұхтар Шаханов, Мұзафар Әлімбаев, сынды ақындар мен «Катюша», «В землянке», «Синий платочек», «День Победы» сияқты атақты орыс әндері оралады. Ал майданда туған немесе соғыс тақырыбын арқау еткен қазақ әндерінен Р. Елебаевтың «Жас қазағы» мен М. Төлебаевтың «Кестелі орамалынан» басқасын біле бермейміз. Кейінгі жылдары туған әндерден «Әлия» мен «Соғыстан қайтқан солдаттар» ғана болмаса, өзгесі ел құлағына әлі сіңісті емес. Тіпті соған қарап, «ондай әндер бізде мүлде жоқтың қасы» деген түсінік тууы да ықтимал. Бірақ, Халық әртісі, сазгермен талай сапарлас болған Нұрғали Нүсіпжановтың айтуынша, бір ғана Әсеттің өзі соғыс тақырыбына 22 ән жазған екен. Өкінішке орай, солардың денін бүгінде біреу білсе, біреу біле бермейтіні анық. Ал осындай маңдайалды композиторларымыздың жан-жүрегінен төгілген ән-әуендерінің намыс пен жігерді жанитын керемет дүниелер екеніне, соғыс тақырыбындағы орыс әндерінен олқы соқпайтынына бек сеніміміз. Мұндағы мәселе – санамызға әбден сіңісті болған жат әндердің жетегінде жүріп, солардан бірде-бір кем түспейтін өз ән-әуендерімізді елемеуге дағдыланып кеткендігімізде және соны мін санамайтындығымызда. Әйтпесе, әрбір Жеңіс мерекесін Әсеттің «Менің Мәншүгім», «Батыр Бауыржан» әндерімен әрлесек, ұлтымыздың да, ұланымыздың да мерейін асқақтатпас па едік?..

Қай алыпты, қай дарынды зерделей бастасаң солар салған өзгеше сүрлеу, тамаша соқпақтар алдыңнан жамырап шыға келеді. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі таңда қазақ өнерін алыс-жақын шет елдерге кеңінен насихаттап жүрген «Құлансаз» ансамблінің іргетасын Әсет Бейсеуов ағамыздың қалағанын туған халқы мақтанышпен еске алатыны бар. Әрине, «Құлансаз» дегенде есімізге бірден аяулы Әсет Бейсеуов түседі. Көрнекті композитордың шығармашылық өмірінде шыққан биік шыңдары бір бұл ғана емес, әрине. Дегенмен, осы өнер ұжымын құруға, қанаттандыруға ол өлшеусіз еңбек сіңірген еді. Сондықтан ғой, жерлестері Әсет десе, «Құлансазды», «Құлансаз» десе, Әсетті ойға алатыны. Сазгердің қолтаңбасы қалған сол өнер ұжымы бүгінде бағытын айқындап, бағдарын тапқан ансамбльге айналды. Тіпті, қазақтың қос ішекті, қасиетті қара домбырасы, даланы күңіренткен қобызы, шертері, аса таяғы, саз сырнайы, шаңқобызы, тағы да басқа ұлттық аспаптары талғамы жоғары Польшалық тыңдармандар мен АҚШ-тың Вашингтон, Нью-Йорк, Лос-Анджелес қалаларының тұрғындары ұжымның өнерін жоғары бағалап, қызығушылық танытқанын тағы да бір жақсылықтың басы деп білдік. Иә, сол нәтиженің өзегінде өнер отауының алғашқы уығын шаншыған ұлы сазгердің ұлағатты арманының жатқанын айтпай кетуге болмас. Алдағы уақытта да, «Құлансаз» жүрген жерде Әсеттің есімі аталмай қалмайды. Ал Әсет бар жерде «Құлансаз» құлпыра түрленетінін ешкім жоққа шығара алмайды. Бұл қазақ сазгерлерінің бәрінің маңдайына бұйырмаған бақ.

Осындай бақ пен бақытқа бірдей қол жеткізген сазгер Әсет Бейсеуов есімі алдағы уақытта да Алатаудай асқақтығы, Іледей ырыс, Балқаштай байыпты толқынымен уақыт озған сайын жасарып, жаңарып, келешектің келбетін өзіне тән сырлы үн, сыршыл әуенімен тербете беретін болады. Қазақ ән өнері де осындай ұлы дарындарымен марқайып, байып, болашаққа беттей алады.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАЙНАҒАН БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

Алтын күздің арайлы да жарқын күнінде ел қуанышын еселеген толайым жақсылықтың үстінен түстік. Құшағымызды қуаныш кернеп кеткендей күйге бөлендік. «Бар жақсылық-балаларға» деген жақсы тәмсіл бар. Облыс әкімі Аңсар Мұсаханов Райымбек ауданына ат басын бұрған ең алғашқы жұмыс сапарында бұрын аудан орталығы болған Нарынқол ауылында болып, сол кезде Медетхан Абиров бастаған ауыл ақсақалдарының ұсыныс-тілегін орындауға уәде еткен. Соның жарқын көрінісіндей, ауыл орталығындағы бір жыл бұрын күрделі жөндеуден өтіп, кезең келбетіне сай көріктеніп, құлпыра түскен Райымбек аудандық балалар кітапханасының салтанатты ашылу рәсімі болды.

Қанат БІРЖАНСАЛ
"Жетісу"

Нарынқол ауылдық ақсақалдар алқасының төрағасы Медетхан Абиров, аудандық кітапхананың директоры Мария Телқожаева, ауыл әкімі Ослан Иманбеков пентасын қиған салтанатта Райымбек аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрмаман Оқас жиналған қалың қапшықті ауылға көрік берген, іші-сырты жайнаған ғимараттың қуанышы құтты болсын деді. Бюджеттен 26 миллион теңге қаражат бөлініп, күрделі жөндеуден өткен екі қабатты балалар кітапханасының құшағынан жылылық еседі. Кірген адамды мектеп жасына дейінгі және 1-4 сынып оқушыларына арналған «Балаларға базарлық», «Балалар әдебиеті», «Анықтамалық басылымдар» секілді көрікті кең зал қарсы алады. Мұндағы «Тіл-тендік тірегі» атты бөлімнен де аларың көп. Екінші қабат жоғары сынып оқушылары сусындайтын рухани азығына толы. «Мәдени мұра-асыл қазына», «Өңірі – нұрлы, өмірі – сырлы құт мекен» атты бөлімдердің ұсынары жетерлік. Төрге облыс әкімінің қолдауымен жарық көрген Жетісу өлкесінің ақын-жазушыларының жаңа туындылары қойылған. Кейін шыққан ет жеңді «Мұқағали» кітабын, ақынның бар туындыларын көрдік.

Салтанат Кемекова жетекшілік ететін кітапханада Әлия Молдақарызова, Нұрила Молдаспанова секілді кітапханашылар еңбек етеді. Мұнда 32 мың кітап қоры, 1500 оқырман бар. Салтанатты рәсімнен соң кітапхананың бірінші қабатында «Білім кілті – кітапта» атты ертеңгілік болды. Біз балалар кітапханасы болған соң оның ішіне балалардың толып жүргеніне қуандық. Жайнаған ғимаратты солар пайдалансын, қызығын көрсін, керегін тапсын, іш бостатпасын деп тіледік. Республикалық балалар шығармашылығы байқауының жеңімпазы, балғын әнші Мәди Тұғанбай, О. Жандосов атындағы орта мектептің 6 сынып оқушысы Мадина Бейсенбаева қуанышты әнмен әнарлады. Осы жерде ауыл әкімі Ослан Иманбеков, ауылдағы телекоммуникация торабының жетекшісі Тоқан Достарбеков, почта байланыс бөлімшесінің меңгерушісі Ажар Өмiралиева, Т. Жанұзақов атындағы орта мектеп директоры Балжан Омарова, Б.Соқпақбаев атындағы орта мектептің директоры Гүлнәзи Талипова тағы басқалар сөз алып, ойларын ортаға салды, қуанышты бөлісті. Аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Салтанат Кемекова бір уақытта жұмысы тоқтап жабылып та қалған, қиындығы, толғантар жайы өте көп болған бұл кітапхананы күрделі жөндеуден өткізуге қамқорлығын жасаған облыс әкімі Аңсар Мұсахановтың атына, соған негіз қалаған ауыл ақсақалдарының атына, атсалысқан барлық азаматтардың атына алғысын айтты.

Жолға шыққан адамға–ой серік. Елімізде облысымызда ұлтымыздан шыққан біртуарларымыздың атымен аталатын кітапханалар баршылық. Осынау Нарынқол төрін нұрландырып тұрған аудандық балалар кітапханасына қазақ балалар әдебиетінің классигі, биік бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың атын берсе, көптік етпес еді. Кітапхананың ішінен Бердібектің өмірі мен шығармашылығы туралы үлкен бөлім ашылса, сол жерден Бердібек ағамыздың бүгінгі білімді, өнерлі, кітап құмар өндірдей жас ұрпағын көптеп көрсек, тіптен де керемет болатын еді дейміз.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

/e-mail: Jetisu2002@mail.ru www. zhetysu-smi.kz/

● *Тәуелсіздікке тарту*

ПЕРЗЕНТХАНА пайдалануға берілді



Тәуелсіз еліміздің Көк туы көтерілгеннен бастап, ар таңы өзінің жаңалығын ала туатын Қарасай өңірінде бүгін қос қуаныш. Оның алғашқысы сәрсенбінің сәтімен келген Тәуелсіздік күні болса, екіншісі көпшіліктің көптен күткен «Перзентхана үйінің» пайдалануға берілуі еді.

Сайлаубек БАЙДУЙСЕНҰЛЫ
"Жетісу"

Осы жақсы жаңалықпен облыс басшысы Ақсар МУСАХАНОВТЫҢ өз кезегі арнайы қатысты. Ол жаңа перзентхананың түсауын кесіп тұрып:

– Жыл сайын емес күн сайын тәуелсіздігіміз нығайып өтуінде Қарасай ауданы ерекше қарқынмен дамып келеді. Ауданның экономикалық әлеуеті жылдан жылға артып, халқының әл-ауқаты жақсарып келеді. Ауданда демографиялық өсу – үлкен жетістік. Бір Дәнеке деген сәбиіңізді дүниеге әкелер алдында, дүние есігін ағлаған алғашқы балаңа перзентхананың қажеттілігі қаншалықты екенін жақсы түсінесіздер. Сондықтан, бүгінгі күнді тарихқа қалдырып жүретін қайталанбас, жарқын күн деп ойлаймын. Ауданымыз 5,7 мың шаршы километр аумақты алып жатыр. Ауданда дүниеге келетін балалардың саны жылдан жылға артып келеді. Мәселен, 2012 жылы ауданда 1 мың 900-ге жуық сәби дүниеге келсе, биыл 2 мың 200-ге жуық сәби дүниеге келіп, ауданымыздың халқы 100 мың адамнан асты. Ауданда 1 мың 200-ге жуық жүкті әйел тіркеуде тұр. Бір айтадан 90-100-ге дейін босанатын аналар үшін 25 төсекті перзентхананың тарлық, ететінін ел-жұрт қиналып отырған айтатын. Міне, сол қиындықты жеңудің уақыты Тәуелсіздік күнімен орайласа келіп жетті – деді облыс әкімі Ақсар Тұрсынханұлы.

Перзентхана үйінің тұсаукесер жиынына ауданнан жұртшылығы көп жиналды. Құрылысы 2012 жылы басталып, биыл Тәуелсіздік күні мерекесінде пайдалануға берілген отырған 60 орынды перзентхана әлемнеттегі жаңа материалдық техникалық құралдармен жабдықталған. Жаңа перзентхана үйінің пайдалануға берілуімен жаңалықтарды құттықтап құрылысшы қауымға облыс әкімі рахметін жеткізді.

Өзіміз 280 мыңнан аса тұрғыны бар жаңа елді Президент туып-өскен өңірге ауданы келіп-кетушілерді қосқанда 60 төсекті перзентхананың аз болатын өтеп жатқан анық.

Егер өткен жылдарға көз салсақ, 25 төсекті ғана перзентханаға Елбасымыз туған топырағында босану үшін келмес Алматы қаласынан арнайы келгендер көп болғанын ақтарамыз. Президенттің елінде босануды армандап келушілер Қырғызстан, Өзбекстаннан ғана емес, алыстағы Түркия, Түркия елінен де Қазақстанда босануды аңсап келгендер кездесті.

Бұл ерекше алдағы жылы да жалғасын таба береді деп есептеу орынды. Перзентханада үш бөлім жұмыс істейтін болады. Олар «Алдын ала сақтандыру», «Босанатын және «Патология» немесе қалыптан ауытқушылық белгілері сәби дамуының мұқият қадағалау жұмысын іске асырады.

Сөйтіп, Тәуелсіздік күні ерігін зайқара ашқан перзентхана үйін жамағат жұрт алғаш аралап, көру мүмкіндігіне ие болды.

ҚАРАСАЙ АУДАНЫ

● *Мереке айшығы*

ЕЛ ЕРТЕҢІ ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ЕҢСЕЛІ

Жыл сайын желтоқсан айы тұғанда көңіліміз алағызып, жүрегіміздің лүпілі көбейе түсетіні анық. Өйткені, осы айда бірқатар атаулы күндер аталып өтеді. Күні кеше ғана 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнін салтанатты түрде қарсы алсақ, міне, сол қуанышты мерекенің дүбірі тарамай тұрып, тағы да қазақ халқы үшін қасиетті де кастерлі 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнін аса құрметпен өткізіп салдық.

Қажет АЙДАС
"Жетісу"

Талдықорған төрінде Тәуелсіздік мерекесіне арналған салтанатты шара да кешқұрандық деңгейде өтті. Мемлекеттік Гимнмен шымылдығын ашқан шаттықты мәз думан Ә. Римова атындағы облыстық драма театры әртістері дайындаған театрландырылған көрнекіе жалғасын. «Талдықорған әуендері» фольклорлы этнографиялық ансамбль бастаған қазақтың ежелгі дәстүрлі күй күмбірімен қайта туғандай, салтанатқа көрнекіе арналы көпшілік жинап, жігерін ұштаған көпшілікті Талдықорған қаласының әкімі **Ермек АЛПЫСОВ** құттықтап, сөз сөйледі.

– Қымбатты жерлестер, көйлектегі қазым!

Өткен ғасырдың 1991 жылы 16 желтоқсанында Елбасы бастаған, Қазақстан Республикасы Конституциясында бастау алған Тәуелсіздігімізге де 22 жыл толды. Тәуелсіздік арқылы басымызға бақ құсы қонды. Көк Туы жеңіспен көмкеріп, елдің сан ғасырлық тәуелсіздіктен бақытты бұлқынды. Тәуелсіздік – шаңырағымыздан сан ғасыр бойы ерлердің аңсаған шаңырағының өзегі, барша қазақстандықтың арман-мұратының сәулеткер құрушы. Бүгінде Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында елімізде саяси бейбіт өсіп, экономикалық күш-қуаты артып, барлық салаларын елімен терезесі тең, қарым-қатынас орнады. Сондықтан, бүгінгі ел Қазақстанды шынайы да зор оныммен сыйластық ұясы тұды. Бүгінгі күн отандастарымыз «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жүзеге асыру үшін жұмысқа еңбек етуде. Талықорғандықтар да өзіндік қолқасын үлесін қосуда. Өткен бара жатқан 2013 жылы барлық салада жақсы көрсеткішке қол жеткіз. Мемлекеттік бағдарламалар жоспары сай іске асырылуда. Облыс әкімі Ақсар Мұсахановтың қолдауымен өңіріміз, ауыл шаруашылық кәсіпкерлік саласында қолға алынған жобалар толығымен орындалды. Жаңадан бірнеше түрлен үй бой көтеріп, қалалықтың сәулетін арттырды. Әлеуметтік салада ауыл тұлғаның ашық тағдыларға қол жеткіздік. Солдай-ақ, білім, мәдениет, денсаулық сақтау саласы қызметкерлері де жүктелген міндетін абыроймен орындап, қала тұрғындарының көңілінен шығып келеді. Жыл өткен сайын қаладағы барлық қоғамдық ұйымның әріптестік қарым-қатынас жақсара түсуде. Осы ретте атамекен дәстүріне орай алдыңғы буын ардагерлерін ардақтаушылық дәп қойып, тыңалық жүлық арнайы ұйымдастырылып отырады!

Қашанда «Құлыны қотерген жұк жеңіл» дегендей, бірімізі бірімізге сүйек өтсек азықбайтын асу болмайтыны шын болмайтыны анық. Ендеше, бағыңбайтын шың болмайтыны анық. Ендеше, тәуелсіздігіміз мәңгі, елдігіміз бекем болсын. – деді ол.

Тәуелсіздік деген осы бір қасиетті сөзді қайталаған сайын жаңа тебіренеді. Еліміздің арғы-бергі тарихы ойына оралады. Сонау Аттила мен Едігенің, Қобыланды, Құлагердің жырлардың жалғасын, кешегі Жәнібек пен Керей ірігесін қалдырған қазақ хандығының мұратын жалғастырушы Абылай, Кенесарылардың ат тұяғын қанға боян, қажырлы күрес жүргізгені, Махамбет пен Исатайдың есімімен басталатын қаңтыбалақ жорықтар, одан кейінгі зобалаң жылдардың кесірінен ұлты үшін құрбан болған арыстарымыздың ақулы арманы, көздеген мақсаты дербес ел болып, өз шаңырағын құру емес пе еді. Барлы айтпағанның өзінде, кешегі 1986 жылғы желтоқсандағы ақ қар, көк мұздың үстінде тұрып, ар-намысын жалау еткен Қайрат, Лаззат сынды жастарымыздың елім, жерім деп қыршынынан қиылған ғұмыры осының дәлелі Елдеше, бүгінгі Тәуелсіздік тағымен бірге Күн шуағына боленіп оянатын жас ұрпақтың келешегі жарқын болып, бақуатты ғұмыр кешуі – кешегі ата-бабаның өшпес ерен еңбегі, батырлығы, ержүректігі мен елім деген сүйіспеншілігінің қайта жаңған шамшырағы деуге негіз жеткілікті.

Осы ойымызды ортадық алаңдағы мерекелік шара тіпten қанаттандырып жіберді. Өйткені, осы күн айтылған әр, биленген би, шертілген күйдің бәрі сол өткен тарихымызды еске оралтып, келешекке бағдар беретін тәуелсіздік тақырыбындағы патриоттық шығармалардан құралды. Шарага қатысқан көпшілік: «Тәуелсіз болу - бақыт. Тәуелсіздікке қолы жеткен елдер алдында одан да биік мақсаттар туындайды. Оз үшін тәуелсіздікті нығайтып, еліміздің еркіндігін еңбегімен еселеуіміз қажет», – деген ақ тілегін арнап жатты. Шараның соңы кешке қарай жастарға арналған концерттік бағдарламаға ұласты.

Тәуелсіздік күніне арналған шаралар облыстың барлық ауданы мен қалаларында көтеріңкі көңілкүймен аталып өтті.



Суретті түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ.


ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАДЫ

Еліміздің бас мерекесі – Тәуелсіздік күні қарсаңында І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында облыс орталығының белсенді, табысты тұрғындарына Талдықорған қаласының әкімі Ермек АЛПЫСОВ құрмет көрсетіп, еңбектеріне лайықты бағасын берді.

Салтанатты шара мемлекеттік Гимнмен басталып, сахна төріне көтерілген Ермек Амантайұлы Тәуелсіздіктің құндылығы жайында баяндама жасады. Бүгінгі асқан асуларымыз бен жеткен жетістіктеріміз қарапайым еңбек адамдарының теккен тері мен адал қызметінің арқасы деген ойды ортаға салған шаһар басшысы биылғы мерекеде табысты еселегендердің назарға алынғандығын атап өтті. Сонымен бірге, қала әкімі тәуелсіздікті жақындатып, ел рухын, намысын арқалап, Желтоқсан оқиғасына қатысқандардың қайсарлығын ерекше атап өтіп, оларға ақшалай сыйлық табыстады. Сөз бен істің арасы ажырамай, марапаттау рәсімі басталысымен қала әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатына ие болғандардың барлығы қарапайым еңбек адамдары екендігіне көз жеткіздік. Мереке қарсаңында қошеметке ие болып, еңбегі еленген қала тұрғындары салтанатты шара соңында «Талдықорған әуендері» фольклорлы-этнографиялық ансамблінің мерекелік концертін тамашалады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

● *Тәл туынды*



ҚАЗАҚ Киносы және ТӘУЕЛСІЗДІК

Қуаныш ТҰҢҒАТАР
"Жетісу"

«Қаңқтар» «Қаңқтар» «Қаңқтар» Ұлттың сан жылдар бойы бұғып жатқан намысын қозғу сынды, шайдағайлы жарық өткізіп жарыққа шығарған осы бір ауыр ұран сөз болатын. Әдеттегі кәне сұрағымен ескі тарихты қауып, халықтың сапасын өткен күнінің бір белісімен алдарында сауалын ауыздықпа. Бұл жолы бүтінгінің өлшемімен қаралатын күнделікті көпілір тақпалық бағамдауды қой керек. Күні кеше тәбәи астында халықтың жүректіне жол тартқан «Жаужүрек мен бала» фильмі тарихымызды тіріктің қана қойнай, ғаламторға байланған қоғамның рухани сілкінісіне үлкен жол ашты. Тәуелсіздіктің құдіретін түсіндіріп берген қазақ киносыңдырісінің шоқтығы биік тарихи туындысы халықты оятуын онай жолы айқындап кетті. Ұрпақ тәрбиесіне атүсті қарамайтын қоғам күрдің насихат пен жол сөздеп, мақұлдық басқосу мен нәтижесін өлшемдеп ағымдап, сәлі сәлең стекастін тың пасамен керекем киноғұлдың түсірудің төте жолы тапты. Отаншылдық сезімге серпін сыйлап, ерікіндіктің қадірін пайымдауға шақ ететін қазақ фильмдері сауқалқа сапырық. Сонымен, жастеранға жігерін жалып, намыс отын жағатын от төбелідей экран туындыларының оң бойы ойықтарын тәбәктеп керелік.

Аждасқы тасада қалған ағайын тез арада шаңырағын жығып, шиеттей бала-шағаны ертіп, тау асып кетеді. Қалың шырша мен қарағайдың қойнында бір топ қазақ балалары ер жетеді.

Жаумен жанға жырғысып қаза тапқан қазақтардың жетімектері басқыншылардың назарынан сырт тау арасында әбден шыңдалады. Үш-төртеуінің басы қосыла қалса, өтектегі отарлық езгіде құлдықтың қамытын киген қазақтарды құтқару қамын ойдастырады. Қалың тоғай арасындағы қазақ жастары қарақшылық шабуылмен жаудың күшін шегей ертіп, әлсіреге береді. Халықты бауран алтын осындай детальдың шарықтау шегі де тартымды. Киноның бинк шүктегі қазақ елінің азаттығын орнатумен қойылады. Қара жаяу қару алып аттанатын батыс еуропалықтардың жұлығы эскерілмей емес, қазақ жасағы бастан-аяқ бес қаруы сай, аттылы болған. Аныракай шайқасына дейінгі қазақтардың бірлік жолындағы жанкешті әрекеті ақыры үлкен нәтижесін береді. Сонардың қатарында ел аузында «Мың бала» деген аңызбен танымал болып кеткен боздақтардың есімі де ерекше аталады. Киноосы үрдісті бұзбай, тарихи дәлдіктың желісінде түсірілген. «Жаужүрек мың бала» фильмі дәл қазіргі қоғамға жетпей жатқан отаншылдық сезімнің шаңын жақты.

Сартай мен оның үзеңгілес серіктері қан майданда ерліктің үлкен үлгісін паш етті. Қайсар қазақ қыздары ат үстінде жасағаң жаумен бетпе-бет келіп, қайтпайтын жүректіліктерін байқатты. Қорланның өткір жанары, құралайды көзге атқан мергендігі, Зеренің ер алдындағы алалдығы, Таймастың соғысу шеберлігі барлығы бір арнада тоғыса қалады. Оларды біріктірген – туған жерге деген шексіз махаббат, сәби кезде қатқан кек, жаудың әділетсіз басқыншылығы. Бұл туындының қатпрі қазақ көрермендерін тәнті еткені – шынайылығы, адамының өткірлігі әрі бұрын-соңды кездеспеген жаңашылдығы. Тасада қалған қазақтың дәстүрі мен салты, әдет-ғұрпы мен ұлттық ұстындары киноның бірнеше жерінен жаңғырып отырады. Сонымен бірге, ондағы өрімдей жастар қайғы мен күйзелістің құшағында күн кеше бермей, үкілі найза алып кек қайтаруға ұмтылады. Ақылмен құрылған ұтымды жоспар, ұтқырлған шабуылдау, күтпеген жерден жау эскерін састырып, тастай мың сарбазын ерекше ерлігі. Бұл жағынан фильм жаңашылдыққа не. Алтға шығе миллион теңгеден асып, өз құнын өтеп тастаған туынды осындай жаңа қадамымен көп қазақты қуантты.

Қомақты қаражатпен қазақтардың жаугершілік дәуірін бейнелеген «Көшпенділер» фильмі отандық кино тарихына елеуді үлес қосты. Абылай ханның жастық шағындағы бейнесі кім-кімді де бейкам қалдырмайды. Оның да жан аяспас досы әрі үзеңгілес, қарулас серігі бар. Екеуі де Түркістан маңындағы ұлағатты ұстаздан тәлім алып, жауынгерлік шеберліктерін шыңдалады. Бір топ өрімдей ұлдарды ерлікке тәрбиелеп өсірген ұстаз түбінде жау жағасын жыртып, меселін қайтаратын кезең алыс емес екенін ескерткен. «Көшпенділерде» қазақтың би-сұлтандары мен қолбастылары әдемі образбен айшықталады. Тұтқынға түскен жігіттерді өзара қырқыстырып, өз қолымен өзіне ор қаздырып, өзегін өртеген Абылайдың бейнесіне мазақтап қарап жау әбден шекпен шығады. Көрерменнің ашу-ызасын тудыратын әділетсіздік, жаудың қатігездігі киногаы кейіпкерлердің бір тудың астына тездетін бірігуіне жол ашады. Киномен бірге халық та өз тарихын таңып, бұғып-еркіндіктің онай қолға түсетінін түсінеді.

Қазақ тарихы сан қатпарлы құнияға толы. Зерттеуді, зерделеуді, талдауды, талқылауды қажет ететін тың деректер өте көп. Оның алғашқы қадамы шетел асып, тарыдай шашырағаң тарихи құндылықтарды түгендеуден басталады. Ғасырдан-ғасырға жалғасқан соғыс пен шапқыншылықтың ыңғайы ірғелес елдің мұрағаттарында бұғып жатыр. Бір ғана Абылай ханның образын ашуға қаншама тың ізденіс фильмдер түсіріп тастауға мүмкіндік мол. Әз-Тәуке мен Қасым хан, Кенесары мен Сырым, Қабанбай мен Бөгенбай, Райымбек пен Наурызбай сынды тарихта өшпес із қалдырған батырларды көгілдір экран бетінде көрүге қай қазақ болмасын құштар. Батыс пен шығыстың өркениетті елдері әлдекашан өткенін кино сәлесінда ойнатып, ұрпақтың санасын туған жұртымен қайта қауыштырып тастады. «Троя» тарихи туындысы гректер мен троялықтардың арасындағы ұлы шайқасты баяндап, әлемде мәңгілік ерлістің бейнесін мызғымастай орнатып кетті. Біздінше, қазақтардың үлемі ат үстінде жүретін эскері троялық жауу жауынгерлерден әлдекайда күштірек, әлдекайда мығым, әлдекайда ерлікке жақын. Сондықтан, біздің тарихымызда үлкен ерліктен пара-пар әрі киноға сұранып тұрған оқиғалар жеткілікті.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, азаттықты ту еткелі тарихымызды танытатын кинофильмдердің қатарында «Көшпенділер» мен «Жаужүрек мың бала»ның есімі ерекше аталады. Қос туындының алдында түсірілген «Сұлтан Бейбарыс», «Сардар», «Батыр Баян» сынды қазақ киноларының ұлттың намысын оятатын ғажайып осы екі фильмге алғашқы қадам десек болады. Қазақтың қай тарихи фильмдерін алсақ та, отанға деген ыстық махаббатты, ерлікті, батырлықты бейнелейді. «Қазақфильмнің» жұмысы мені кинаға жүретін. Тарихи бір лента болсын деп, неше жыл жұмыс істедім. Сонын сценарийін жаза алмай, анаған да, мынаған да тапсырдым. Білгіштер жазды. Түбінде «Көшпенділерді» түсірдік», – дейді Елбасы бір сөзінде. Расында қазақ халқына әлі де тарихын толықтырып, өткенімен мақтанатын ғажайып кино керек-ақ. Әсіресе, тәуелсіздігімізді танытып, жігермізді жанитын, намыс отын алаулатып, рухымызға оятатын парасат кино көп ұшпай түсірілуге тиіс. «Жаужүрек мың бала» мен «Көшпенділер» осы олқылықтың орнын толтырды.

● *Жыр – шашу*



Мен қазақпын

Қазақ болып туғанымы мақтанам,
Салт-дәстүрін, тілін, дінін
сақтаған.
Сабырлылық серік қылған
халықпын,
Асыру мен абдырау да жат маған.

Мен қазақпын дарқан дала шесі,
Бізге тартқан батыр баба сыйы осы.
Көк шалғында мың құраған мал
жайылған,
Мәлім бізге туған жердің кәсі.

Мен бекзатпын, қонақжайым,
данамын,
Сенімменен тек алдыма қарадым.
Бейбітшілік, татулық пен
бірліктің,
Болашаққа туын ұстап барамын.

Қаратайым, адал жанды халықпын,
Дарқан пейіл, аңқау көңіл алыптын.
Жоспарменен алға қарай дамыдым,
Екпінімне тәтеп беріп жарықтың.

Тәуелсіздік – қасиетті байлығым,
Нық орнады төбемізде жайлы күн.
Мың сан мәрте шүкір дейміз Аллаға,
Қазағымның төрт тұлғі сай бүгін.

Ер қазақтың бар жағынды жастарың,
Өр мінезді, бейне таудың асқары.
Болашаққа бағытталған халқымның,
Нұрлы көшін алға қарай бастады.

Мен қазақпын жаужүректің,
батырмын,
Өткір тілді, сойыл сөзді ақылмын.
Көз ашқанда бастандық пен тәңдіктің,
Жарқын жырын жырлап келе
жатырмын.

Сағының БАҒДӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Әбілхан Қастеев атындағы орта мектептің 10-сынып оқушысы.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

● *Азаттықтың ақ таңы*

Тұғырлы тәуелсіздікке міне, биыл 22 жыл толып отыр. Бұл халқымыз үшін басты мереке, ең маңызды күн. Өйткені, еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген 1991 жылдың 16 желтоқсаны ел тарихының ең қастерлі парақтары ретінде ардақталмақ.

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Тәуелсіздік – тұтастай ұлтымыздың сан ғасырлық арман-қиялының, қаһармандық дәуірлің жолдағы ұлы күрестердің жемісі. Қиын қыстау кезеңдерде жол бастаған ұлы басшылар мен бі-часемдердің, батыр-шешендердің, бір сөзбен айтқанда кешбасшыларының жеңісі. Шүкір дейік, Тәуелсіздік тағы атқан 22 жылда біз көптеген игі жетістікке қол жеткіздік. Халық сенген ақтаған Президентіміздің сарабдал саясатының арқасында дамудың даңғыл жолына түстік. Ел ғұмырсы жаңа деңгейге көтерілді, дарқан даламызда тоғысқан алуан ұлт пен ұлыстың бірлесе-бірігіп мен достығы артты. Бір шаңырақ астында татулығы ту етіп, бұрын-соңды шарпып көрмеген жаңа биіктерге көтеріліп келеміз. Елімізден ерекше дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық бағдарламаларды қабылдадық. Сөйтіп оны бүгіннен жүзеге асырдық. Алдымызға жаңа мақсаттар қойып, бүгінгі бағамізды бағындырдық.

Сонның нәтижесінде Қазақстан тарих сахнасынан ойып тұрып орын алатын елге айналып, аз уақыттың ішінде мемлекетіміз бізден едәуір ұзақ бұрын тәуелсіздіктерін алған халықтарды қуып жетіп, спорт, білім, ғылым, мәдениет, өнер жағынан өлемнің алпауыт елдерімен терезесі теңеле түсуде. Татулық пен бірлікті алға тартқан Елбасымыз арқасында Қазақстан бүгінде Орта Азиядағы дамушы елдерден ок, бойы алда келеді. Өлемдік дәрежеде спорттық жарыстарды ұйымдастырып, мақты деген елдердің ұйымына төрағалық болып, дүниежүзіне аты әйгілеген, өзінің қандай ел екенін уақыт өткен сайын дәлелдеп түсуде. Тәуелсіздігін алған күннен бастап Қазақстан дамудың жаңа сатысына көтеріліп, талай бик белестерді бағындырып келеді. Өзге елде жалпыымыз кек аспанда жеңберіп, руханиятқа асқақтаған заманда Гимнімізді шырқағанда әрбір қазақстандықтың жүрегінде елім деген мақтаныш сезім орнайды.

Жиырма екі жыл бұрынғы қиыншылықты артқа тастап, бейбіт күнің де ақ таңы арайлап атты. Жарқын болашаққа қадам басып келе жатқан халқымыз үшін Тәуелсіздіктен асқан құндылық жоқ. Сондықтан да «Тәуелсіздік» деген ұлым қазақ халқы үшін қымбат әрі кымбат ұлым болып қала бермек!

Гүлжамаш ЕСЕНБАЕВА,
Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім.
ТАЛДЫҚОРҒАН.

● *Ел мерейі*

Салт-дәстүр қайта оралды

Тәуелсіздік ұғымы – жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті ұғым. Әлемде 6 мыңға тарта ұлт болса, соның 200-ден астамы ғана өздерінің тәуелсіз мемлекетінде өмір сүруде. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі нарда, қазаны теңде, аяғы үзеңгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді.

Ұлы бабалар ұрпақ үшін, «ұлым – күл, қызым – күң» болмасын деп дарқан даламыз үшін шайқасты. Арғы замандарды айтпағанның өзінде, тек кейінгі екі ғасырдың ішінде жеріміздің бостандық жолында екі жүзден астам ұлт-азаттық көтерілісі болған екен. Бүгінгі бейбіт күніміз, сөз жоқ, өткен күрестер жемісінің арқасы. Осындай қымбат қиыншылықтың нәтижесінде қол жеткізген тәуелсіздіктің қадірі құнды. Бұл күнде қолымызға тиген тәуелсіздік мықтап ұстап, тең тартып келе жатқанымызға 22 жыл болды. Ең әуелі, тәуелсіз ел болып, халқымыз өз еркімен демократиялық тұрғыда тұңғыш Президентін сайлады. Ақылы ана тілімізге мемлекеттік мәртебе берілді. «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жем болмас», – деп еңіреген ата-бабамыз алдында «ешкесі бик ақорда» құрғанымызды мақтанышпен айтуға болар, сірә.

Бір айта кетерлігі, тәуелсіздіктен кейін дария кеуде, тау мүсін ардагерлер жұмысына кең жол ашылды. Көпті көрген, көкейіне ақыл мен нақыл өрген ардагерлердің бастамасымен өсекелең ұрпақты елжандылыққа, отансүйгіштікке, патриоттыққа бастайтын түрлі шара қолға алынып, кең қанат жайды. Облыс орталығында Ардагерлер үйі бой көтеріп, игілікті істің бастауына айналды. Осы ғимараттан орын тепкен қалалық Ардагерлер ұйымы да үлкен істерге мұрындық болып, жұрт ықыласына бөленгенін қалай жасырайық. Айтылық, бүгінгі таңда ардагерлер арасында түрлі тақырыптағы «дөңгелек үстел», конференция, семинарлар ұйымдастырылып, қала мектептері арасында тәрбиелік шаралар жалғасын тауып келетін. Тұрмысы төмен, жалғызбасты, мүгедек зейнеткерлерге керекті көмек көрсетілуде. Қаладағы ардагерлердің пайымы мен парасатын насихаттау мақсатында қалалық «Талдықорған» газетінен «Тағылым» атты арнайы бет ашылса, қала тарихын баяндайтын «Тарихы терең Талдықорған» атты кітап-альбом бастадан шықты. Сонымен қатар, қаладағы бастауыш ардагерлер ұйымының саны артты. Қай қырынан келсек те, ардагерлер кенесінің атқарған жұмысына дән риза боласың.

Әрине, мұның бәрі де сан ғасырлық ата-бабалар арманы үкілеп, бізділ дәуірде қол жеткен азаттығымыздың, тәуелсіздігіміздің, егеменді елдігіміздің арқасында жүзеге асып жатқаның біле жүргеніміз артықтық етпейді. Иә, ел аман, жұрт тыныш болса ғана де талай белестерді бағындыратын боламыз.

Мұрат ХАЛЫҚ,
Талдықорған қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.

■КӨРМЕ

АРМАН АЛҒА ЖЕТЕЛЕП...



Асқақ арман арқазан Алтайдың арғы бетінен атажұртқа оралған Оразбек Кәйкеұлы өнер жолында бағын сынап көрісті кезді. Арманы адастырған жоқ. Қазақ мәдениетінің, әсіресе, бейнелеу өнерінің қадірін асырып тағы талантты тәрбиелеген Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы алға есілік ойнақы шатты. Айналасындағы ұстаздары мен әріптестері жатсынбады. Бірден ықылым тартып, барымен бөлісті. Сонымен «Станокты кескіндеме» мамандығы бойынша білім алды, әрбір басқан қадамы сәтті, табысты болды деп айтудан аулақпыз, Жығыла жүріп, жөнін таныды, үйрене жүріп, ерте ұмтылды. Ақыры мақсаттарын ағыза жүріп, өнерін үздік бітіріп шықты.

Қажет АНДАС

Академия қабырғасында жүрген кезде туындылары халықаралық, республикалық көрмелерге қатысып, көрерменнің көзайымына айналды. Тіпті, бір шоғыр еңбегі отандық және шетелдік жеке коллекцияларға сақталды. Бірте-бірте еліміздегі көркемөнер галереяларының шақыруымен жеке көрмелері ашыла бастады. Оның бәрін тізіп кайтемін, осыдан екі жыл бұрын облыс орталығына ат басын бұрған жас суретші талдықорғандықтарға жеке көрмесін ұсынып, үлкен қолдау тапқаны бар. Сол жолы көрерменге көрсетілген 40-тан астам туындының ішіндегі «Ақ дастарқан» атты кескіндемелік шығармасын облыстық галерея негізгі қорға алып қалды.

Ал 2013 жылы Қазақстан Республикасы Суретшілер одағына мүшелікке қабылданған жас жігітті республикалық, халықаралық көрмелерге арнайы шақыратын болды. Сауле мен бейне арасындағы үрдістікті үйлесімді ұштастырып, оны қағаз бетіне шеберлікпен түсіретін ерекшелігі оны басқа суретшілерден даралап көрсетті. Бұл шеберлігі өнертанушылардың да жоғары бағасына ие болып келеді. Жас та болса жаңаша бағыт ұстанған суретшінің қолдау мен құрметке ие болуының басты себебі осы.

Міне, тағы да облыстық галереяның шақыруымен, екінші рет Талдықорған қаласында Қайта оралу» атты көрмесін ашып отыр. Ал айдай жырмасында туындысы жинақталған көрме кешегі таңдай бетіне қойған жаңашылдығын бағалаушылар мен әсем өнерді қастерлеушілер үшін ерекше қызығушылық туғызары сөзсіз. Өмірдің әр кезеңінде өзіндік көзқарасы, ой-өрісі, жүрегіндегі сезімі, мақсат еткен бағыты, ұстанған өнер жолы, көпшілік қауымның сәнін, жүрегінің түкпірін тебірентіп, ой-санасын оятып, ерекше әсер қалдырады.

■МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Бард өркениетті мемлекеттер анықты бірдің елімізде мемлекеттік билік үш тармақтан тұрып, өкарушық, тағы шығарушылық және сот биліктің тұратыны белгілі. Еліміздегі сот биліктің тек сот қана жүзеге асырады. Сот биліктің Қазақстан Республикасы атынан ғана жүзеге асырылып, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарының мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындауын қамтамасыз етеді.

Әділ сот төрелігінің кепілі

Сот құрылысы мен судьялар мәртебесі, сондай-ақ сот төрелігін іске асыру тәртібі Конституциямен, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық Заңымен және басқа да заң актілерімен белгіленеді.

Еліміздің Парламентінде қаралған «Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда талқыланып, қабылданды. Бұл заң жобасында судьялардың материалдық жағдайын жақсарту, атап айтқанда, оларды зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесін шешу қарастырылған. Әлеуметтік жеңілдерде осы заң жобасына қарсы пікірлер кездесіп қалады. Олардың уәжі. «Судьялар онсыз да мемлекет тарапынан толық қамтамасыз етілген. Сондықтан оларға көтерінкі зейнетақы тағайындаудың қажеті жоқ», – деген сафды. Өз басым мұндай сөзді айтушылар судьяның зейнетақы мәселесі қалай шешілгенінен хабарсыз деп есептеймін.

«Судьялық қоғамдық заң саласында қызмет етудің ең жоғары сатысы және өмірбелгісі. Бұл өз кезегінде судьяға орасан зор жауапкершілік жүктейді. Осындай үлкен жауапкершілікті арқалап 20 және одан да көп жыл сот төрелігін жүргізген судьяға мемлекет тарапынан лайықты зейнетақы тағайындалуы тиіс. Қазіргі таңда 20 және одан да көп жыл бойы судья болып қызмет атқарған сот саласының зейнеткерлері 35–50 мың теңгеден зейнетақы алуда. Бұл құқық қорғау саласы қызметкерлерінің зейнетақысымен салыстырғанда әлдеқайда төмен. Сонымен қатар, құқық қорғау саласы қызметкерлері 45 жастан бастап зейнетке шығады. Ал судьялар басқа азаматтармен қатар, ер адамдар 63 жаста, әйел адамдар 58 жаста зейнетке шыға алады. Бұл судьяларды лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесінің дұрыс шешілмегенін көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілгендей судьяларға мемлекет есебінен олардың мәртебесіне сәйкес материалдық жағдай жасау және әлеуметтік қамсыздандыру «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңында бекітілген судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз етудің бір тетігі. Судьяларды лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету олардың жасы өзге тарлкандағы жағдайына аландамай еңбек етуіне мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде судьяның тәуелсіздігін нығайтып, қоғамда әділдіктің үстемдік құруына оң әсер беретіні сөзсіз.

Б. БІРІМҚҰЛОВ,
Алматы облыстық сотының азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының судьясы.

■ОҚИҒАЛЫҚ АЯСЫНДА

БАРАБІҚ БІЛІМНІҢ КІЛТІ

Алма ЕСЕНБАЕВА

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруды мақсат еткен шараға Ғ.Жанұзақов атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Исмағамбетов, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Найля Серікпаева, облыстық әдістемелік кабинеттің әдіскері Дилафа Қабыкенова, Талдықорған қаласық әдістемелік кабинеттің әдіскері Мәриям Құрманова қатысты.

Алғашқы өзекті конференцияға қатысушы қонақтар сөз алып, тілдің қоғамда алар орны мен маңыздылығына тоқталып өтті. Бұл орайда Мұратбек Мұсабайұлы тіл шынық қана емес, оның анық жүйелеп, білім беруден көрсететін құрал екендігін, сонымен қатар әр халықтың өзіндік ерекшелігін ашып өтіп, атадан жеткен мұраны дәріптеудің қажеттігін айтты. Дилафа Қабыкенова Елбасының «Мәңгілік ел» сындарлы толғамында бүгінгі таңда тіл мәселесіне ерекше көңіл бөлінетіндігін, ол қазақтың ұлттық қатынас құралы ғана емес, ұлттық идеологияның негізі екендігін атап өтіп, ұлттық құндылықтарымызды танытуда, қабілеттілікке бастаудың басты құралы болатынын жеткізді.

Педагогика ғылымдарының кандидаты Найля Жұмағалиқызы «Бір тіл білсең – екі адамсың, екі тіл білсең – ең адамсың» деген сөзге мысалға келтіре отырып, көптілді меңгерудің болашақ ұлтымызға да қажетін түсіндірді.

Конференция барысында мұғалімдері А. Кәмелқызы, Ә. Ақтаева, Ж. Ахметова, Ж. Мәлікова, Қ. Ақтаева, А. Шәріпова, Г. Қабылова, А. Шәріпова, Г. Ерболова, Г. Байтасова тәрбиелеріне ерекше көңіл бөлінген, ұлттық ойындарды ұйымдастыруда, ән-күй, ән-жырларды үйретуде ерекше шеберлік көрсеткен, ұлттық құндылықтарды ұрпақтарына дәріптеуге, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлетін мектепалды даярлық топтарының тәрбиешілеріне Алғыс хаттар табыс етілді.

Конференцияға қатысушылар өз ойларын ортаға салып, ұсыныстарын білдірді. Мәселен, Жанар Тұрғанова, Ғалия Сайдақұлованың ұйымдастыруымен өткен шараға ата-аналар да белсене қатысты.

Нәтижесінде тәрбиешілер А. Торғаева, М. Кәкенова және Р. Бондарева бастаған «Балдәурен» ерекшелер тобы I орынды, С. Қабышбекова, Ж. Асубаева жетекшілік еткен «Бәйтерек» шағын орталығының ұжымдық тобы II орынды және Ә. Мұсабаева, Ж. Ерке» ерекшелер тобы III орынды жеңіп алды. Оларға мақтау қағазы мен әдістемелік сыйлық табыс етілді. Қалған топтарға мақтаулы дәрежелер табысталды.

«Қарлығаш» балабақшасы тәрбиешілерінің алға қойған мақсаты – жас ұрпақты дені сау болуға, еңбекке қызығушылығын тәрбиелеу. Бүлдіршіннің бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер ететіндіктен оған өз тарапымыздан үлес қоссақ деймін. Ол отбасы мен балабақша тәрбиешілерінің бірлескен еңбегінің нәтижесінде ғана мүмкін болмақ.

Өмір ТОРҒАЕВА,
«Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі,
Жаркент қаласы.

■БАЛАБАҚШАДА

Ата-ана сенімді тірек

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі», – деген әл-Фараби бабамыз. Міне, осының негізге алған «Қарлығаш» балабақшасында бала тәрбиесі бірінші орынға қойылып, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнатылған. Тәрбиенің нәтижесі отбасында қаланып, балабақшада өрі қарай жалғасын табады. Сондықтан екіжақты ынтымақтастық аса маңызды. Осыған орай тәрбиешілер ата-аналармен қарым-қатынас жасауда шығармашылықпен еңбек етіп, түрлі тәсілді қолданып, қызықты пікірталастар ұйымдастырады.

Ата-ана балабақшаға келіп-кетіп тұрмайынша, олардың үйдегі тәрбиесінің нәтижелі болмайтындығы ешқашан құпия емес. Осындай ынтымақтастықтың маңызын ескере отырып, «Ауламыз гүлденген – балабақшамыз гүлденген» тақырыбында топтар арасында жарыс өтті. Мұнда әр топ өз ауласын көркейту, безендіру, гүлдендіру жұмыстарында жарыс өткерді. Балабақша меңгерушісі Толқын Дикамбайқызы, әдіскерлер Жанар Тұрғанова, Ғалия Сайдақұловалар ұйымдастырушымен өткен шараға ата-аналар да белсене қатысты.

Нәтижесінде тәрбиешілер А. Торғаева, М. Кәкенова және Р. Бондарева бастаған «Балдәурен» ерекшелер тобы I орынды, С. Қабышбекова, Ж. Асубаева жетекшілік еткен «Бәйтерек» шағын орталығының ұжымдық тобы II орынды және Ә. Мұсабаева, Ж. Ерке» ерекшелер тобы III орынды жеңіп алды. Оларға мақтау қағазы мен әдістемелік сыйлық табыс етілді. Қалған топтарға мақтаулы дәрежелер табысталды.

«Қарлығаш» балабақшасы тәрбиешілерінің алға қойған мақсаты – жас ұрпақты дені сау болуға, еңбекке қызығушылығын тәрбиелеу. Бүлдіршіннің бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер ететіндіктен оған өз тарапымыздан үлес қоссақ деймін. Ол отбасы мен балабақша тәрбиешілерінің бірлескен еңбегінің нәтижесінде ғана мүмкін болмақ.

Өмір ТОРҒАЕВА,
«Қарлығаш» балабақшасының тәрбиешісі,
Жаркент қаласы.

■ҚҰРМЕТ

Өсер елдің қарттары

Қазанның алғашқы күні аталып өтілген Қарттар күнінде «Қазпочта» АҚ Алматы облыстық филиалы, ардагер әріптестерін арнайы қонаққа шақырып, сый-құрмет көрсетті.

Шарапатты шараға қуана-қуана келген қарттарды облыстық филиалдың директоры Мұхит Карібаев бастаған почта қызметкерлері жайдары жүзбен қарсы алып, шын пейілмен жайылған ақ дастарқанға алқалап отырғызды. Бірінші болып сөз алған филиал директоры жалпы елімізде қарияларға жасалып отырған қамқорлық пен қолдау, ардагерлердің еліміздің бүгінгі биігіне жетуіне қатысты сіңірген өлшеусіз еңбегі жайлы айта келе, еңбекке қабілетті жылдарын адамдар әр кезде асыға күтетін почта қызметінде өткерген сала болатынынан байыппен жеткізді. Қарттарды мерекемен құттықтады.

Кешегі шәкірттерінің, ізбасарларының өздеріне деген құрметіне көңілдері толқыған қариялар дастарханнан дам тата отырып, қызметтік жылдарын қимастықпен еске алды, қалжыңдаса отырып, өн мен күйге де кезек берді. Соңынан «Қазпочта» АҚ Алматы облыстық филиалы өздеріне арнап арнайы дайындаған сыйлықтарын алып, үйлеріне көтерінкі көңіл-күймен қайтты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

■СҰМДЫҚ-АЙ!

Ауылда болсын, қалада болсын, бүгінгі қоғамның бір дерті спирттен ішімдікке әуестенуден шығатын азаматтар жүйесіздіктің салдарынан, шешілмеген балалардың тағдырларын тойдыра тамақтандыра, дұрыстап киіндіре алмаса да, арпада ақша тауып әдеттары бар.

ӘКЕСІН өлтірген әумесер

Осы бір ашы суға сылқия тойып алған жандар ар-ұятты ысырып қоятыны тағы анық. Аялай ауылдың бір шетінде мас болып [illegible] маскара. Егер олар бетпе-бет кездесіп қалса «жалған намыс отына» күйеңсітіні тағы бар. Ал кейбірінің үлдары мен қыздары қоғамдық орындарға бару түгілі көшеде әкесін көтеріп жүре алмайды. Ондайлардың бойларын кернеген ашу-ыза күндердің күнінде жарылып та жатыр.

Ағымдағы жылы Алматы облысы, Ескелді ауданы, Сыргөмбет ауылында спирттің шіркейін салғырлап кайтып бір оқиға болды. Аталған ауылдың тұрғыны бұрын сотталып, кешкұрым сыралғы үйіне оралғанда ауыл көшесінде ашу суға сылқия тойып алған әкесін көреді. Екеуі қосыла ішкен соң, күн сайын кайталана беретін бұл көрініс жас жігіттің «ашу-ызасын» келтіреді. Ешше, әкесі үлкендігін бімей бала-шағасын балағаттап жатқаны жас жігіттің ызғырдынын кайнатады. Сөйтіп ашуға бұ-

ұмтыған ол әкесін өз үйінің ауласына сүйреп кіргізіп, жұдырықтың астына алады. Қатты соққыдан құлап түскен әкесін тепкілеп тастайды. Сосын үйіне сүйреп кіргізіп бара жатқанда тепе-теңдікті ұстай алмаған әкесі басын шатыстырып қа соғады. Соп соққының әсерінен бір тәулік есеңгіреп жатып, дәрігерлік комиссия бас сарапшы ерлесінде паин дүниемен қош айтысады. Қалай десек те ұлының аты зан. Заңның тиісті бын орындау міндет. Нұрдан Қыпшақтың үстінен әкесі қылмысқа шағым-арыз түсіріп, тұмалары бұйтартпас айғақтар берген-ді. Ол заң алдында КК 103-бабының 3-тармағы бойынша айыпталып, ҚР ҚК 60-бабы негізінде 7 жылға бас бостандығынан айырылып, жазасын жалпы режимдегі түзеу колониясында өтеуге кесілді.

Бақытжан ИИЯЗОВ,
Ескелді аудандық сотының төрағасы.

ВНИМАНИЕ !

ДОВЕРЕННОЕ ЛИЦО ФИЛИАЛА АО «АГРАРНАЯ КРЕДИТНАЯ КОРПОРАЦИЯ» ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОБЪЯВЛЯЕТ О РЕАЛИЗАЦИИ СЛЕДУЮЩЕГО ЗАЛОГОВОГО ИМУЩЕСТВА

– Здание магазина и производственные помещения общей площадью 1 677,4 кв.м., здание пекарни общей площадью 281,6 кв.м., здание складамельницы 401,2 кв.м, с земельным участком общей площадью 0,9027 га, расположенные по адресу: Алматинская обл., Кербулакский р-н, п. Сарыозек, ул. Рыскулова, д.1. Рыночная стоимость – **7 476 378 (семь миллионов четыреста семьдесят шесть тысяч триста семьдесят восемь) тенге.**

– Оборудование для цеха производства филе и фарша, копчения и вяления рыбы, состоящее из – холодильного и вентиляционного оборудования. Установки рыбомучной 17-ИВБ. Оборудование из нержавеющей стали. Расположенные по адресу: Алматинская область. Сарканский район, п. Красный рыбак, ие. М. Толебаева. Рыночная стоимость – 51 273 982 (пятьдесят один миллион двести семьдесят три тысячи девятьсот восемьдесят две) тенге.

– Нежилое помещение с земельным участком, а именно: филейный цех по переработке рыбы, общей площадью 489,5 кв.м. с земельным участком площадью 0,5 га расположенный по адресу: Алматинская область, Сарканский район, с. м. Толебаева. Рыночная стоимость – **16 431 237 (шестнадцать миллионов четыреста тридцать одна тысяча двести тридцать семь) тенге.**

– Нежилое помещение с земельным участком, а именно: цех по выработке рыбокостной муки общей площадью 440,5 кв.м. с земельным участком площадью 0,5 га., расположенный по адресу: Алматинская обл, Сарканский р-н, с. Красный рыбак. Рыночная стоимость – **17 688 743 (семнадцать миллионов шестьсот восемьдесят восемь тысяч семьсот сорок три) тенге.**

Доверенное лицо: Галиев М.К.

Раб. тел.: 8 (728) 55-86-51.
Сот. тел.: +7 701 524 98 54, +7 705 128 44 84.
Адрес: 040000, г. Талдыкорган, ул. Абылайхана, 125.

Алматы облысы, Талғар ауданы, Панфилов ауылдық округіндегі Қарабұлақ ауылының Центральная көшесі, 54-үй мекенжайында орналасқан, кадастрлік нөмірі: 03-051-197-1607 жер теліміне жекеменшік құқына берілген мемлекеттік акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

■ЕСКЕ АЛУ

Бірімізге аяулы ана, бірімізге ардақты ене, енді бірімізге асыл да қамқор әже бола білген **Қырмызы Сейдахметқызының** арамыздан кеткеніне бір жыл толды.

Қаршадайынан өмір ауыртпалығын арқалап, артынан ерген сіңлілеріне жанашыр бола білген, дүниеге он бала әкеліп, оларды зор мехнатпен әлпештеп өсірген, көзінің ағы мен қарасындай бағып қаққан, ерте қайтқан атамыздың орнын жоқтатпаған, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға абыроймен қондырған, немерелерін балаларынан да артық көрген апамызды сағынышпен еске аламыз. Осындай ардақты да асыл жанның тәрбиесін көріп, ұлағатты сөздерін көңілге түйген біз өзімізді бақытты ұрпақ санаймыз! Қартайғанша қамқорлық танытудан шаршамаған, әрқайсымызды ыстық көріп, бар ақыл-кеңесін аямаған анамыз қашан да біздің жүрегімізде. Жаны жәннат бағының төрінен орын алсын! Топырағы торқа, иманы саламат болсын, деп құран бағыштаймыз.

Анамыз Қырмызы Сейдахметқызының өмірден өткеніне 1 жыл толуына орай, 2014 жылдың 11 қазан күні Қаратал ауданы, Көнбірлік ауылында түскі сағат 12.00-де құран бағышталып, ас беріледі. Барлық ағайын-туысты, құда-құдағи, көрші-қолаңды асқа шақырамыз.

АС БЕРУШІ: ІЗТЛЕУОВТАР ӘУЛЕТІ.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Басқарма төрайымы Гүлжиян СҮЛЕЙМЕНОВА

Директор-бас редактор Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2013 жылғы 27 қыркүйекте тіркеліп, № 13898-Г куәлігі берілген.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

Эл. мекенжайымыз: WWW.zhetysu-smi.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 24-47-36, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, экономика және ауыл шаруашылығы бөлімі — 27-42-34, спорт бөлімі – 24-35-28, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, заң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және ғылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер –27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшаралда — 2-12-57, Панфилова — 9-12-27, Райымбекте — 2-22-05, Іле және Қапшағай қаласы - 8-701-564-41-09.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Кезекші редактор: Мұратхан ТҰРАР

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.

Газет алтасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ.
ТАПСЫРЫС — 1236.
ТАРАЛЫМЫ — 35 114.
ИНДЕКСІ — 65469.



◈ *Жылдың жарқын жаңалығы*

Қаржын арта түседі



Темірлан БЕКТАСОВ, облыстық құрылыс басқармасының басшысы:

– Өткен жылы жағымды жаңалық пен жоғары жетістік орын алды. Мәселен, 2014 жылдың қаңтар-қараша аралығында 643,1 мың шаршы метр үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сондай-ақ, 55 білім беру нысанының құрылысына, қайта жөнделуі мен сейсмокүшейтілуіне 17 миллиард 169, 404 миллион теңге бөлінген болатын.

Әлеуметтік маңызы жоғары құрылыс саласының қаржыландырылуы да жыл өткен сайын арта түсуде. Құрылыс басқармасының биылғы бюджеті 44 миллиард 945 миллион теңгені құрады. Енді бұл қаражатқа ағымдағы жылы 418 нысанның құрылысы қолға алынбақ. Атап айтар болсақ, бөлінген қаржының 14 миллиард 686, 7 миллион теңгесіне 43 білім беру нысанының құрылысы жүзеге асырылса, 7 миллиард 159, 8 миллион теңгесіне 22 денсаулық сақтау нысанын тұрғызу жоспарланған. 5 миллиард 654,3 миллион теңгеге 51 тұрғын үй құрылысы жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ, бөлінген қаражаттың 2 миллиард 582,5 миллион теңгесі 18 инженерлік жүйе нысанының құрылыс жұмысына бөлінеді. 1 миллиард 081, 9 миллион теңге 4 спорт нысанының құрылысын жүргізуге жұмсалмақ. Сондай-ақ, осы қаражатқа тағы басқа да әлеуметтік маңызы жоғары нысандар салынатын болады. Өткен жылы біраз шаруаның басы қайырылып, мақсатты жұмыс жүйелі жүзеге асырылды. Биыл да артылған сенім үдесінен шығуға тырысамыз.

◈ *Үлгілі үштік*

ОҚЫРМАНЫ КӨП АУДАН





С. СМАҒҰЛОВ, Балқаш ауданы әкімінің орынбасары



Т. БАЙЕДИЛОВ, Райымбек ауданы әкімінің орынбасары



С. АЛТЫНБЕКОВА, Жамбыл аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы

Сайран СМАҒҰЛОВ:

– Бәрімізді қуантып Жаңа жыл келді. Мереке отбасылық деп аталғанымен адамзатқа ортақ қуаныш. Жаңа жыл – адамның өзіне-өзі есеп беретін, есейгендігін еске алып, уақыттың ұтымдылығын ұқтыратын, еңбегінің мәнді түйінін шығаратын кезең. Табалдырық аттаған Жаңа жыл жаңа іске, соны бастамаға, қауырт іске жұмылдырады.

Ортақ ойға жүгіндіретін, жаңалықты жатсынбай жаңа кезеңнің көркемдігін ұсына білетін саланың бірі – ақпарат айдынындағы бапасөз құралдары десек, қателеспейміз. Қалың оқырманы бар өзіміздің облыстық «Жетісу» газеті осындай басылым деп айтуға болады. Тамаша теңеулерді тауып, сөз асылын терген, ойы терең басылымға Балқаш өңіріндегі оқырмандары өткен жылдан да асыра жазылды.

Өйткені есті сөздіде, ескі сөзді де оқырмандар көбіне сүйікті «Жетісудан» оқиды. Ел аузындағы әдемі әзілді, жүрт жанында жүрер ақыл мен нақылды да осы басылымның бетінен табады.

Өзіндік бағыт-бағдары бар төл басылым саяси және экономикалық тұрғыдағы, ұлтаралық қатынасты нығайтудағы Елбасының ерен еңбектерін насихаттады. Қоғамдық-саяси газет болғандықтан облыс әкімінің атқарып отырған жұмысын жазып, елді ақпараттандыруы да маңызды шараларының бірі. «Жетісудың» бетінен әрбір оқырман өзіне керекті дүниелерді тауып, өмірде, тұрмыста, жұмыста қажеттілігіне пайдаланып жатады. Айталық, «бір сәбиді қуантсаң, мың періште қуанады» дегендей, сәбидің күлкісінен бастап аялы алақанды азаматтар, мейірімді жандар, жүрегі жылы жастар, таза көңілді кейіпкерлердің құнды пікірлері мен өнегелі өмірі үлгі ретінде ұсынылады.

«Жетісудың» Жаңа жылда да алғы шептен көрінетіндігіне сенеміз. «Жақсы басылым – жан семіртеді» деген осы.

Талғат БАЙЕДИЛОВ:

– Міне, жылжыған айлар, зымыраған күндер құшағында 2015 жыл төрге аттады. Туған ай, шыққан күннен жақсы тілеу тілейтін халықпыз ғой. Жақсы бір көңіл мен пейілдеміз.

Өткен жыл Райымбек ауданы үшін жаман болған жоқ. Өңір жаңа құрылыстармен өңін ашты, жүзін жарқыратты. Күніне 250 адам қабылдайтын заманауи емхана, тарихи өлкетану мұражайы есігін ашты. Ел игілігіне айналды. Сарыбастау ауылында Мәдениет үйі, Сүмбе ауылында мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтіп, ел қуанышын еселей түсті.

Хантәңірідей асқақ та айбынды шыңы бар, Көлсайдай көрікті көлі бар елдің рухани дүниесі бай. Басқаны айтпағанның өзінде, Райымбектей қол бастаған батыр бабамыз туын тіккен, поэзия өлкесінің пайғамбары атанған Мұқағали, балалар әдебиетінің, жалпы қазақ әдебиетінің классигі атанған Бердібек шыққан, Сағат, Баққожа, Ұзақ, Еркін сынды қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері қанаттанған өлкенің өнері өркендеді, мәдениеті мәйекті. Өңірдегі Кеген халық театрының, «Ереуіл», «Ақ толқын» фольклорлық халықтық ансамбльдерінің, екі өнер мектебі, екі мұражайдың халыққа берері көп.

Жетісу жерінің үні мен тілі, соғып тұрған жүрегі іспетті болып келе жатқан облыстық «Жетісу» газетімен әрдайым біргеміз. Тұғыры биік, ғұмыры ұзақ та жарқын басылым біздің аудандағы әр шаңырақтың сырласындай, сыралғы серігіндей. Соның жарқын көрінісі шығар, «Жетісу» газетіне жаңа жылға да аудан өңірінен 4 мыңға тарта оқырман жазылды.

Облыстағы қос газеттің «Өлке тынысы» атты ЖШС болып құрылып, мемлекет қамқорлығында қалғанына қуанып отырмыз. Журналистердің жаңа ғимараты да құтты болсын дейміз. Сіздердің бізге берерліріңіз көп. Жаңа жылда қуантар жаңалықтарыңыз одан да көбейе түсеріне сенімдіміз.

Светлана АЛТЫНБЕКОВА:

– Ақындар мен батырлар елі қашанда баспасөзге жақын. Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы өткен ғасырда газетті халықтың көзі, құлағы және тіліне теңегелі бері жүз жылға жуық уақыт өткенімен, ұлт ардақтысының айтқаны мәнін бір де кеміткен емес. Ақпарат құралдарының түрі де, саны да жүз еселеп артқан бүгінгі жаһандану заманында мерзімді баспасөз бұқараға сан түрлі салада жан-жақты мәлімет беріп, халқымызды елдікке шақыратын маңызды тетік болып қала береді.

Облыс тұрғындарын өңірде болып жатқан қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан үнемі хабардар етіп отырған «Жетісу» газеті жамбылдықтардың бұрыннан ең сүйікті басылымдарының бірі және бірегейі деп айтуға негіз бар. Ауданда жыл сайын оған көптеп жазылу айнымас дәстүрге айналғаны соған дәлел. Жетісу өңірінің ғасырға жуық тарихы бар төл газеті қашанда өзінің тартымдылығымен, шынайылығымен, тұрақтылығымен танымал, көпшіліктің рухани азығы, сенімді дереккөзі. Сондықтан «Жетісу» 2015 жылға да ауданнан қалың оқырман тапты. Газеттің 1 қаңтар күнгі жылашар санының 4535 данасы жамбылдықтарға жол тартпақ. Аудан әкімі Жандарбек Далабаев баспасөзге, оның ішінде облыстық және аудандық газеттерге ерекше мән береді. Басылым беттеріндегі материалдарға күнделікті көз жүгіртіп, оны қызмет барысында назарда ұстайды.

Елбасының Тәуелсіздік тұғырын бекіту жолындағы салиқалы саясатын жүзеге асыруда облыста атқарылып жатқан жұмысты жұртшылыққа жеткізіп, мемлекеттік бағдарламаларды насихаттауда үлкен жүк арқалап отырған басылым ұжымының Жаңа жылдағы еңбектері жана берсін.

◈ *Сүйінші!*

Үстіміздегі жылғы 16-21 желтоқсан аралығында Мысыр Мәдениет министрлігі және Әл-Файюм провинциясы губернаторының қолдауымен Мысырдың Әл-Файюм қаласында өткен халық музыкасының халықаралық фестиваліне Қазақстан Республикасы атынан «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі қатысып қайтты.



«Сүйінбай сазы» Мысырдан оралды

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Аталған іс-шараға Қазақстанмен қатар Үндістанның, Испанияның, Бангладештің, Оңтүстік Суданның, тұрғылықты елдің және тағы басқа мемлекеттердің шығармашылық ұжымдары қатысты. Бір айта кетерлігі, бұл фестивальге аттанған өнер ұжымына Жамбыл ауданы әкімдігі демеушілік көрсетсе, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров бастап барды.

Мысырға жеткен жерлестеріміздің сол елдегі Қазақстан Республикасының Төтенше және өкілетті елшісі Берік Арын бастаған елшілік қызметкерлері жылы шырайымен қарсы алып, Кайр қаласының көркем жерлерімен таныстырып, қонақжайлығын танытты. Сондай-ақ, 24 желтоқсан күні Каир қаласындағы жүзжылдық тарихы бар мәдени ескерткіштердің бірі – Араб музыкасы театрында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні және Тұңғыш Президенті күнін атап өту іс-шаралары шеңберінде «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі әртістері арнайы концерт берді.

Өтпелі кезеңді басынан өткеріп жатқан Мысырда мұндай шаралар қазіргі уақытта сирек өтеді. Десе де, «Сүйінбай сазының» концерті мысырлық тұрғындар, Каирде орналасқан шетелдік дипломаттық корпус өкілдері мен жергілікті БАҚ тарапынан үлкен қызығушылық тудырып, ыстық ықыласқа не болғанын өнерпаздар ризашылықпен айтып берді. Тіпті, жерлестеріміз сыйлаған қазақтың қасиетті қара домбырасын жоғары құрметпен қабыл алған мысырлықтар оны шетелдік қонақтар тартуға өткен сән бағалы сыйлықтар жинақталған Мысыр елінің ұлттық музейінің төріне іліп қойыпты. «Бұл да мақтанышпен айта жүретін жаңалық болды», – дескеді өнерпаздар.

Мысыр жұртшылығын халқымыздың музыкалық дәстүрі және өнерімен таныстыратын, екі ел халықтарын жақындастыруға септігін тигізген осындай шараға қатысып қайтқан жерлестеріміздің жетістігіне газетіміз арқылы «бәрекелді!» айтқымыз келді.



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ.

Өнер өлкесінде



Құштар Жүрек

"Адамды шығармашылыққа әкелетін – тағдыр» деген тәмсіл бар. Өнер адамдарымен әңгіме-сұхбат құрған сайын осы пайымның дұрыстығына көзім жете түскендей болады. Қаскелең қаласында тұратын ғалым, ақын әрі сазгер Құдайберген ӨРІСБАЕВТІҢ өмірі мен шығармашылық қызметі осыны тағы бір дәлелдейтіндей.

«Жетісу»

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қазекең қазақ халқының бас көтерер азаматтарын қынадай қырған 37-нің жазында қазіргі Еңбекшіқазақ ауданы, Сабаншы би ауылында өмірге келген екен. Алдындағы төрт баланы ашаршылық жалмап, тұяқсыз қалмызба деп отырған әкесі Қашқынбай мен анасы Нұржамалға сәбилі болу жаңа үміттің отын жаққандай болған. Қазақ баланың атын ырымдап қояды емес пе, сенгелі тұрған шаңырақтың шамын жаққан сәбиге Құдайберген есімін беруі де сондықтан.

Әке-шешесі ой-парасаты биік, айналасындағыларға сыйлы адамдар болғаны анық. Ұжымшардың жылқысын бағып, еңбегі арқылы құрметке бөленген жандар өнерден де құралақан емес екен. Әкесі қамшы өріп, ағаштан ертоқым шауып, ат-әбзелдерін әшекейлеумен бірге, өз қолдан домбыра жасап, құйқылжыта күй тартып та деседі кезкөргендер. Ал, анасы ауыл-аймақтағы тойтомалақта айтыска түсіп, сырлысалма ақындығымен танылыпты. Бала Құдайберген ес білгеннен осындай өнерлі ортада өскендіктен өнерге бір табан жақын болғандығы түсінікті.

Алайда, Құдайдан жылап жүріп тілеп алған жалғының «жын-ойнақтың» ортасына жібергісі келмеген ата-ана жастайынан өзге мамандық таңдауға баулыған екен. Мектепті озат болып бітірген оның Алматыдағы ауыл-шаруашылығы институтына құжат тапсырғаны да сондықтан болатын. Береке бастауы – білім мен еңбекте деген ұғымды санасына сіңіріп өскен ол алдына қойған мақсатына жету жолында алға ұмтылудан жаңылған емес.

Институтты бітіргеннен кейін өзі сияқты жастармен бірге туып-өскен ауылына жолдама алып, алты жылдай агроном қызметін атқарды. Бұл уақыт оның мамандықтың қыр-сырын жете меңгеріп, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік берген. Содан кейін ғана ғылым жолына түскен жөн деп ұйғарады. Бұл жол оны аспирантураға әкеліп, 1972 жылы Киев қаласында кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Өзіне тән тұрақтылықпен тағы да өндіріске аттанып, Күрті ауданына ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет жасаған жылдар да боска кетпегені белгілі. Міне, содан кейін ғана Құдайберген Қашқынбайұлы Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университетіне келіп, оқытушылыми өндірістік «Биофизика» бірлестігінің лазер агротехникасы бөлімінің меңгерушісі қызметіне орналасады.

Ұстаздық пен ғылымды ұштастыра жүргізген Құдайберген Өрісбаев биология факультетінің студенттеріне экология тақырыбында дәріс оқи жүріп, зерттеу жұмыстарын жалғастырғанын айта кету керек. Осылайша, лазер агротехникасын егістікке қолдану арқылы дәнді дақылдардың өнімін 20 – 30 пайызға жоғарылатумен дастанған су құбырларын «Браш» сүзгілері арқылы толық тазартуға болатынын тұңғыш дәлелдеп, өндіріске енгізеді. Көпжылдық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жинақтай келе, 1993 жылы Самарқан қаласында лазер технологиясы бойынша докторлық диссертациясын қорғап шығады. Ашқан жаңалықтарының барлығы патенттелің, әлемнің әр түкпірінде қолданылып жүргені Қазақстан ғылымының жетістігі деп айтсақ жарасады.

Бала кезінен еңбекпен шыңдалып, бастаған ісін жарты жолда қалдырып дағдыланбаған Құдайберген Қашқынбайұлы осылайша 1994 жылы ғылым докторы дәрежесін, ал 1995 жылы биофизика және биохимия мамандығы бойынша профессор атағын алады. 150-ге тарта ғылыми еңбектің авторы 1996 жылы Экология академиясының академигі болып сайланады. Сонымен бірге, 1998 – 2008 жылдары шыққан 10 томдық Қазақстан Ұлттық энциклопедиясын құрастыруға белсене атсалысып, Дүниежүзілік банктің шақыруымен АҚШ астанасы Вашингтон қаласындағы Экономикалық даму институтында лекция оқыған қазақ.

Тағатсыздау оқырманымыз: «Мұның бәрі тамаша-ау. Алайда оның өнерге қандай қатысы бар?» – деуі мүмкін. Әңгіме ауанын енді осыған бұрайық. Мәселе, Құдайберген ағаның соңғы жылдары өндірісте ілеп жазып, өрелі ән туындатып жүргенінде болып отыр.

– 1999 жылы зейнет демалысына шыққаннан кейін сазгерлікке біржола ден қойдым, – дейді ағаның өп өнер жайлы әңгіме қозғалғанда. – Санап отырсам, бүгінгі күнге дейін 130-дай ән шығарған екенмін.

– Құдайберген ата, нағыз ақын 18 бен 25 жастың арасында, жазушы 35 пен 40-қа дейін танылуы керек деген түсінік қалыптасқан. Сазгерлік те ғайыптан тайып келмейтін қасиет болар. Сіз ақындық пен сазгерлікке кеш келген жоқсыз ба? – дейміз таңданысымызды жасыра алмай.

– Жоқ, өнерге мен кеше келген жоқпын. Өлең жазумен мектептен зуестенсем, ең алғашқы әнім институттың 1-ші курсында оқып жүріп, жеңгене қосылғанда дүниеге келіпті. Ол «Біз бақытты екенбіз» деп аталатын. Одан кейінгі жылдары да ән жазуға құштарлығым кеміген емес. Алайда, ғылым мен ұстаздықтың қым-қуыт қызметі қол тигізе бермеуші еді. Ал, зейнеткерлікке шығып, уақытым өз еншіме біржола бұйырғанда еркін кірістім.

Айтса айтқандай, 2003 жылы «Ғылым жолында» деп аталатын деректі көркем туындысы жарық көрсе, одан кейін 2006 жылы «Зерде» баспасынан «Жанарым» атты әндер жинағы, 2007 – 2009 жылдары «Қызылжидем – киелім» атты өлеңдер мен толғаулар топтамасы, «Сабаншы би» және «Малай батыр» дастандары жеке кітап болып шығарылған. Ал, 2011 жылы «Өнер» баспасынан «Армандаған әндер-ай» әндер жинағы, 2012 жылы «Дала тынысы» атты өлеңдер жинағы оқырманға жол тартқан. Ағаның өнердегі өрелі ісі мұнымен де бітпейді. Ол осы мезгілде 60-қа тарта әнін үш күйтабаққа бастырып, екі үнтаспасын тыңдарманға ұсынып үлгерген. Байқап отырғаныңыздай, айналасы он шақты жылда сегіз кітап шығару дарынымен бірге аса еңбекқорлықты да қажет етеді. Мұны шығармашылықпен айналысып жүрген жандар жақсы түсінсе керек.

«Егер адам дарынды болса, ол барлық жағынан да дарынды» деген ұғым бар. Ғылым саласында жемісті еңбек етіп, екінің бірі көтеріле алмайтын биікке шыққан Құдайберген Қашқынбайұлы поэзия, музыка саласында да өзіндік үнін қалыптастырып үлгерген жан. Оның әндерін бүкілодақтық байқаулардың лауреаты Тейіп Бейсенбеков, белгілі халық әншілері Ғафиз Есімов пен Нұрғали Нүсіпжанов, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Қанат пен Айткүл Құдайбергеновтер, Сұлушаш Нұрмағанбетова, Ақжол Мейірбеков, Жоламан Құжманов, жас әншілер Баян Асанова, Шәрбану Қалиева, Дүйсен Өскенбаев сынды сахна шеберлерінің өз репертуарларына енгізуі, 15 әні көркемдік кеңестің шешімімен «Қазақ радиосының» алтын қорына алынуы көп нәрсені аңғартса керек. Сонымен қатар, өткен жылы «Сарбаздар әні», «Республикам менің», «Астана вальсі» әндерін Президент оркестрі өз репертуарларына қабылдаған. Ал, балаларға арналған «Мен әдепті баламын», «Біз спортшы ұланбыз», «Бесік жыры», «Бөбегім» және «Отанымды сүйемін» қатарлы әндері елжандылыққа, патриотизмге тәрбиелейтін рухты шығармалар ретінде елімізідің түрлі өнер ұжымында орындалып жүр. Ғылым мен өнер саласында сіңірген өлшеусіз еңбегі ескеріліп, Құдайберген Өрісбаевқа Еңбекшіқазақ ауданы мен Алматы облысының Құрметті азаматы атағы берілген.

Әрине, Құдайберген ата сияқты жан-жақты дарын иесінің барлық қырын бір мақалада ашып көрсету мүмкін емес. Біз тек бетінде жатқан, көзге көрінетін тұстарын ғана қалқып алдық. Өнер адамының шығармашылық лабораториясы, жүрек тебіренткен саздың санаға келуі, өмірден түйген түйткілдерден өнеге беретін өлең құрауы өз алдына жеке әңгімеге жүк болары хақ. Жиырмаға да толмаған боз бала жасында таңдап сүйген жары Жібек Есімханқызымен жарты ғасыр бірге жасап, үш ұл, үш қызды ұясына қондырған, енді немере қызығына кенеліп отырған бақытты жұп өмір атты дарияның толқындарында қол ұстасып бірге келеді. Сексеннің сеңгіріне көтерілген қария картайдым деп қарап отырмағаны тағы белгілі. Жүрегін керегеген құштарлық сезімін ән мен жырға айналдырып, халқыма ұсынсам деген мақсат оны тыным таптырмай алға жетелеуде. Ендеше, біз де ағаға ұзақ ғұмыр мен шығармашылық шабыт тілейік!

Қарасай ауданы.

Жас дарындар жетістігі

Облыстық халық шығармашылығы орталығы өнерге деген өршілдікті жан-жақтылы насихаттап, елдің ризашылығына бөленіп келеді. Әсіресе, өнірдегі жас дарындардың жұртқа танылып, өнер жолына түсуіне жол ашқаны құптарлық жағдай. Осы тұрғыдан келгенде облыстық халық шығармашылығы орталығы қанаттандырған жас дарындар облыс әкімі және облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен республика аумағында өткен байқауларда жақсы нәтиже көрсетіп, өңір мерейін асқақтатып келеді.

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Атап айтсақ, өткен жылы Астана қаласындағы халықаралық «Ақ көгершін» балалар шығармашылығы байқауына облыс атынан қатысқан Саркан ауданынан Асхат Төлеутай бас жүлде, Қарасай ауданынан Жасұлан Үсенбай бірінші, Талдықорған қаласынан «Темп» би студиясы екінші, Алуа Төлеутаева үшінші, «Улыбка» эстрада-цирк студиясы төртінші, Мирас Сергазин үшінші орынды иеленіп, лауреат атанды. Алматы қаласында өткен халықаралық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауында қарасайлық Жасұлан Үсенбай, Саркан ауданының ең жас өнерпазы Асхат Төлеутай, Талдықорған қаласындағы «Нұрас» дуэті мен Сабина Хайдарқызы жүлделі орындарға ие болса, Жамбыл ауданының өнерпазы Мейірбек Ерекеев, караталдық дәстүрлі өнші Гүлжан Мырзагелді лауреат атанды. Ал Алматы қаласының «Қазақфильм» ұлттық телестудиясында өткен республикалық «Айгөлек» жас таланттар балалар шығармашылығына арналған телевизиялық байқауға Талдықорған қаласынан, Қаратал және Райымбек аудандарынан 4 өнерпаз қатысып, жерлестерін үлкен қуанышқа бөледі. Астана қаласында жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін халықаралық «Шаттық – 2014» жасөспірімдер фестиваліне облысымыздан 14 өнерпаз қатысып, лауреат атанып бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, Жамбыл ауданы әкімінің қолдауымен Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен «Вдохновение весны» халықаралық балалар шығармашылығы байқауына Жамбыл ауданының өнер мектебінен қатысқан «Ақбота» би тобы бірінші орынды иеленсе, вокал номинациясы бойынша Александр Нетесов пен Нұрбике Көбетай бірінші, дәстүрлі ән номинациясы бойынша Ерсұлтан Жамбылов екінші, Серікбол Сұлтанәлі үшінші орынды жеңіп алды. Ал облыс командасы «сахналық киімдері үшін» номинациясы бойынша бас жүлдені қанжығасына байлап қайтты. Сондай-ақ, Талдықорған қаласы өнер мектебінің қолдауымен жас өнші Ариза Асқарова Франциядың Канна қаласында өткен халықаралық «Салют звезд» байқауына қатысып, бас жүлдені жеңіп алғаны облысымыз үшін үлкен мәртебе болды.

Қай қырынан келсек те, жас дарындардың жетістігі көңіл қуантады. Әрине, бір мекеменің, ұжымның нәтижелі еңбек етуі, кері кетіп, бастаған ісінен белгілі бір биікке көтеріле алмауы ондағы мамандарға тікелей қатысты болатын жері бар. Осы тұрғыдан келгенде бұл жетістіктерде облыстық халық шығармашылығы орталығына қарасты өнер ұжымдары өкілдерінің ашы тері жатыр деуге болады.

Бір бойынан бар мамандық табылған.

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● № 25-27 (18015) Сейсенбі, 3 наурыз, 2015 жыл. ● e-mail: Jetisu2002@mail.ru ● Бағасы келісімді

▲ ХАЛЫҚ ПЕН АЛЫП



ЖҮЗ ЕМЕС, МЫҢ ЖАСАЙДЫ

ЖАМБЫЛ БАБА

Соңғы 1928 жылы Қастек ауданы болып құрылып, кейіннен Жамбыл ауданы болып өзгерген өлкенің тарихы терең. Ақындарын былай қойғанда, туған жердің әр сүйемін білектің күші, найзаның ұшымен қорғаған батырлардың сүйегі жатқан жер гой бұл. Сондай-ақ, бір ғана Жамбыл ауданының өзінен 100-ге тарта журналист шыққа, солардың ішінде арысы қазақ, берісі Жетісу баспасөзінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырғандар қаншама?! Сол сияқты түгін тартсаң майы шығатын мекеннің бүкіл жақсылығына жаршы, жетістіктеріне жарнамашы болып келе жатқан газетіміздің мәйекті сөзін кастерлейтін бір қауым оқырманы осы ауданда. "Ауылына қарап, азаматын таны" дегендей, басқа да саладағы өрелі тұлғалар жеткілікті. Сол даналыққа құрметпен қарап, Жамбыл бабамыздың басына келіп тәу етіп, киелі жердің батасын алуға асығатын облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ жұмыс сапарымен Жамбыл ауданына барды. Мақсаты жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған Жамбыл бабамыздың туған күніне арналған мерекелік шараға қатысу болса да, батырлар мен ақындар елінің тыныс-тіршілігімен танысуды қағыс қалдырмады.

Жолы жарқын, жүзі айқын аудан тұрғындарының бүгінгі әлеуметтік тұрмысы да жақсы, экономикалық табыстары да ілгерілеген. Аудан алғашында аграрлы бағыт ұстанып, ауылшаруашылығы саласына негізделіп құрылса, кәзіргі кезде өнеркәсіп саласының дамуы қарқын алыпты. Құлай инетке де береді гой, бұған Жамбыл ауданында Елбасы ең басты басым бағыттардың біріне айналдырған әлеуметтік салаға көңіл бөлуге мүмкіндік берерлік көкжиектер кеңи түсіпті. Көп өндірис қайтадан іске қосылып, жаңа жұмыс орындары ашылыпты. Шағын және орта кәсіпкерлік дәңгәл жолға түсті. Сондай-ақ, өндіру саласын жетілдіріп, Алматы өңірінде азық-түлік белдеуін жасап, облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлкен үлес қосылған. Ауданда түрлі зауыттардың кәптеп салынып, дағдарыс жағдайында инвестицияң тартылуы өскелең қарқынды айғақтайды. Құрылыс – өмір десек, ол да қанат жайда. Сонымен бірге, рухани құндылықтар да назардан қағыс қалмаған. Мерекелік шара басталмас бұрын облыс әкімі Амандық Баталов пен аудан әкімі Жандарбек Далабаевқа келесі жылы бабамыздың туғанына 170 жыл толатынын ескертіп, сол шараға биыдан бастап дайындалу керектігін міндеттеген кезде барып түсіндік. Соған орай мұражайдың ішісыртына толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетінін меңзеген Амандық Ғаббасұлы нысанның жобалық-сметалық жұмыстарын жүргізгенде ескеретін тұстарды көрсетті әрі мұны аудан әкімінің назарында ұстау керектігін тапсырды.

Осыдан кейін көпшілік Жамбыл ауылдық Мәдениет үйіне бет алды. Алдымен Мәдениет үйінің фойесіне орналасқан Сүйінбай, Үмбетәлі Кәрібаев атындағы мұражайлардың көрмесін тамашалап, Мәдениет үйінің концерт залына бас сұқты. Пақтағаны көпшіліктің көңілінен шығып отырғанын аңғардық.

– Қадірменді қауым, қамбатты жерлестер! – деп бастаған өңір басшысының сөзі ары қарай ел мен жердің құты үшін туған Жамбыл бабамыз жайлы ақжарма ойымен өрілді. – Жүз жасаған жыр алыбы, жиырмасыншы ғасырдың Гомері атанған Жамбыл Жабаевтың туған күніне орай өткізілген мерекелерщің күтты болсын! Бұл шара, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, Жамбыл баба есімін ұрпақ санасында мәңгілік қалдыру мақсатында өтіп отыр. «Жамбыл менің жай атым, халық менің шын атым», – деп халықты бикқойып, жоғары бағалаған ақынды ардақ тұтқан елі бүгін өңірді дүбірге бөлеп, баба рухын асқақтатуда.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сияқты, оны жинап, халқының қолына тапсыру әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз», – деп еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл жырдың толассыз бұлағы, өшпес шамшырағы, тозбайтын асылы. Шығармалары әлемнің бірқатар тіліне аударылып, дүниежүзіне тарады. Осы арқылы қазақ халқының сөз өнерін дүниеге паш етті. Үстазы Сүйінбайдан бата алған ұлы жырау ерлік пен батырлықты, бірлікті жырлады.

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деген атамыздың асыл сөзі қыт өтіп, заман өзгерсе де маңызын жоғалтпай, еліміздің бүкіл мұраттарының бірі болып отыр. Оның дәлелі – үстіміздегі жылы елімізде қазақ хандығының 550, Ұлы Жеңістің 70, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ата Заңымыздың 20 жылдық мерекелерінің кеңінен аталып өтілуі. Сонымен қатар, Сүйінбай ақынның 200 жылдық мерейтойын өткізу де жоспарланып отыр. Бұл дәстүр жалғастығы, ұрпақтар сабақтастығының ұйытқысы, – деді ол.

Осыдан кейін Әлімқұл Жамбыловқа шапан жауып, құрмет көрсетті. Сондай-ақ, өңір басшысы көпшілікке алдағы уақытта Сүйінбай мен Жамбыл туған өңірде өнер мектебін салуға 13 миллион теңге бөлінгенін, Жамбыл ауылын абаттандыру мен қоғалдандыруға, елді мекеннің автожолдарын, электр желісін жөндеуге, ауызсумен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың басталғанын, сол қатарда 140 орынды балабақша салынатынын, Жамбыл музейі мен ақын атындағы ауылдың орта мектебін күрделі жөндеу жұмысының жоспарланғанын жеткізді. Бұл жаңалық аудан тұрғындарын ризашылыққа бөледі. Өңір басшысынан кейін мінберге көтерілген қарт қаламгер Мыңбай Рәш, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы торағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай, орынбасары Жанарбек Әшімжан, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұматай Шаштайұлы Жамбыл бабамыздың өмір мен шығармашылығы жайлы кеңінен айтып өтті. Сол орайда ҚР Парламент Сенатының депутаты Ләззат Тұрлашевтің құттықтау хаты оқылды. Мазмұнды өткен кездесуде ауданның дуалы ауызды ақсақалдары да ата-баба жолымен ақ батасын беріп жатты. Шын ықыласпен берілген батаның сәті себепті сәтімізді бастан өткердік.

– Әлемге аты жайылған,
Ақиқаты анықтайтын,
Жебеп жүрген киесі,
Ақта жырдың иесі,
Көк жайлаудың тәңірі,
Сүйінбай, Жамбыл ісері осы, – деп Орысбай Әбділдаұлы жырлағандай, бұл өңірде ән айтпайтын, өлең шығармайтын адам кемде-кем көрінді бізге. «Сүйінбай сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің Жамбыл күніне арнайы дайындаған концерттік бағдарламасын көріп отырып осындай ойға кеттік. Басында Жамбыл бабамызға ұлы Алғалайдың қайтыс болғанын естіртуге келген Кенен, Үмбетәлі бастаған ақиықтардың бір сәттік көңіл бұлқынысын өрнектеген көрініс көрсетілді. Бабамыздың «Ел едің құт дарыған, Есім, Малай» атты шығармасымен шымылдығын ашқан концерттік бағдарламада Жамбыл бабамыздың өлеңіне жазылған әндермен қатар Б. Ақтаев, Ж. Сәрсекенов, Л. Қарашева, Е. Жұматаев, Б. Есебаев сияқты ақын, сазгерлердің туындылары шырқалып, күйлері шертілді, мың бұралған биler де шараның шырайын аша түсті. Осы ретте тартымды өнер көрсетіп, жұртшылықтың ықыласына бөленген қылқобызшы Ж. Сәрсекенова мен А. Жетпісбаевага, ҚР мәдениет ісінің үздігі Айман, Шолпан Даулдоваларға, дәстүрлі және эстрадалық әншілер С. Әбілов, С. Пазылов, Ж. Ілияс сияқты күйшілерге, ансамбльдің директоры Данияр Сқақовқа, көркемдік жетекшісі Гүлнар Жұмағалиқызына, бишілерді жаттықтырған Нәргиз Отарова ға, музыкалық жетекшісі Сардарбек Әбілов қа облыс әкімінің ықыласты түп табыс етілді.

Жамбыл күніне арналған шара осындай дәрежесімен ерекшеленді.

Жамбыл ауданы.

«Жетісу»
Кәжет АНДАС

Көпшілікті зал толы көрерменмен қатар алыстан ат арытып келген мәдениет, өнер, әдебиет саласының майталмандары қарсы алды.

"Біздің ел пайғамбарлар мен шадиярлар тудырмады демесең, адамның небір бұлбұлы мен дүлдүлін тудырған ел" дейтін Медетбек батырдың мәйекті сөзі бар. Салмақты сөздің қадірін білетін осындай елдің ортасында облыс әкімі Амандық Ғаббасұлы қатпар-қатпар тарихтың қойнауындағы Жамбыл баба туралы қызықты естеліктерді еске түсіріп, тереңнен сыр сыуыртып, Жамбыл бабамыздың ерлік-ерен, ақындық өнер-дарынын, ұлағатты өсиет-өнегесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызына тоқталды.

– *Мен – әлемқұл. Жамбылдың немересі,*
Әлемнің ұшан-теңіз көнересі.
Жанымда бізге мирас сөз қалдырған,
Айтысқан дәп немере мен шөбересі, – деп жыраулайтын бабамыздың тұңғыр Әлемқұл Жамбылов та осы жерден табылды.

Осы Әлімқұл атамыз бастаған қариялармен кос алыптың ескерткішінің басына гүл шоқтарын қойып, перзенттік парызын өтеді. Оң жағына Нұрғиса Тілендиевтей сирек талант иесін алып жатқан ақынның арулағына мұсылмандық жолымен Құран бағыштатып, облыс әкімі атынан құрбандық шалынды.

Осыдан кейін өңір басшысы бірден мұражай орналасқан аумаққа бет түзеді. Оның мәнін Амандық Ғаббасұлы аудан әкімі Жандарбек Дәлелдеп, баба рухын асқақтатуда.

«Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан сияқты, оны жинап, халқының қолына тапсыру әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз», – деп еді Сәкен Сейфуллин. Жамбыл жырдың толассыз бұлағы, өшпес шамшырағы, тозбайтын асылы. Шығармалары әлемнің бірқатар тіліне аударылып, дүниежүзіне тарады. Осы арқылы қазақ халқының сөз өнерін дүниеге паш етті. Ұстазы Сүйінбайдан бата алған ұлы жырау ерлік пен батырлықты, бірлікті жырлады.

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деген атамыздың асыл сөзі



Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

Үздіктер марапатталды

«Нұр Отан» партиясының Талдықорған қалалық филиалы белсенділерімен, еңбеккорлығымен ерекшеленеді. Партия мүшелері маңызды мәселелерді талқылау, тұрғындарды толғандырған сауалдардың шешімін табу секілді аса жауапты істердің оң шешілуіне белсенді түрде атсалысады.

Мұндай пікірлер «Нұр Отан» партиясының 16 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған салтанатты жиында айтылды. Жиынды «Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының төрағасы Ермек Алпысов ашып, жүргізіп отырды. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы аясында партияның қол жеткізген жетістіктерін саяси тұрғыда сараптау, партия доктринасында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу, атқарылған жұмыстардың тиімділігі мен мүмкіндігін екшеу, қалалық филиал жұмысын одан ары қарай дамыту, партия ардагерлері мен белсенділерін марапаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Садық Әбдікадыров қатысты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында айтылған басымдықтар мен тапсырмаларды жүзеге асыру мақсатында өткізілген жиынға ақсақалдар алқасының, бастауыш партия ұйымдарының өкілдері қатысып, өз пікірлерін ортаға салды. «Жарық» бастауыш партия ұйымының төрайымы Нұржамал Әбеуова мерекелік шараға жиналған көпшілікті «Нұр Отан» партиясының 16 жылдық мерейтойымен құттықтады.

– *Бүгінгі күні бастауыш партия ұйымдарының әлеуетін нығайтуға бағытталған көптеген шаралар жасалып жатыр,* – деген Нұржамал Құдайбергенқызы атқарылған жұмыстардың тізбесіне тоқталып өтті. – *Бастауыш партия ұйымдарының материалдық негізі нығайып, саяси құрамы мен бюро мүшелері жаңартылды. Былтыр «Сапа менеджменті» тақырыбында бастауыш партия ұйымдарының төрайымдары мен төрағаларын оқыту курстары ұйымдастырылды. Тіпті бейнеконференциялар арқылы онлайн дәрістемелер жасалды. Өздеріңізге белгілі, «Партияның 50 тұлғасы», «12 жоба» сынды көптеген іс-шара атқарылып жатыр. Одан бөлек құрамында 10 мың мүшесі бар қалалық партия филиалы бірталай істің ұйытқысы болып, билік пен халық арасындағы алтын көпір болып отыр.*

Жиынды қорытындылаған Ермек Алпысов белсенділігімен көзге түскен бірқатар азаматты партияның Құрмет грамотасымен марапаттап, жаңа қабылданған партия мүшелеріне партиялық билет табыстады. Жиын соңы қалалық партия филиалының қоғамдық қабылдауына ұласты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

Береке бастауы

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына, рухани ортаның қалыптасуына, мемлекеттіліктің тұрақтылығына еліміздің береке-бірлігі, ұлтаралық татулық пен келісім ықпал етіп келеді. Мұны көзі ашық адамның бәрі жақсы біледі. Әсіресе қонағын Құдайындай сыйлайтын қазақ халқының қонақжай, дарқан мінезі ұлттар мен ұлыстардың алаңсыз тірлік кешуіне әсер етіп отыр. Бұған құрылғанына 20 жыл толып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының да тигізіп отырған әсері бар.

1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Мемлекет басшысы жанындағы консультативті-кеңесші орган міндетін атқарып отырған Ассамблеяның басты мақсаты – еліміздегі барлық этностарды топтастырып, татулық, достық, бірлікті паш ету және этностардың тілі мен салт-дәстүрін сақтау. Бұл шаңдығында көпұлтты, көп дінді мемлекеттің тұрақты дамуына ықпал еткені анық. Себебі, әлемдік өркениеттер көшінде Қазақстанның ұлтаралық, дінаралық татулық арқылы ерекшеленетіні белгілі. Уыздай ұйыған осындай бірлікті нығайту бүгінгінің міндеті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Жарасым» атты мерекелік шара өтті. Облыстағы этномәдени орталықтардың төрағалары мен мүшелері, облыс ардагерлері, төтенше жағдайлар департаменті мен әскери бөлімше қызметкерлері, студенттер, мектеп оқушылары мен мұғалімдер шақырылған шараның ашылу салтанатында облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Фабит Тұрсынбай құттықтау сөз сөйлеп, көпшілікті мерекелерімен құттықтады.

– *Ассамблеяның құрылған күн құтты болсын! Биылғы жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы ретінде жарияланғаны белгілі. Осы жылдың аясында мерейлі даталарды атап өтпекпіз. Атап айтқанда, бұл Қазақ хандығының 550 жылдығы. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы сынды мемлекетіміз үшін аса маңызды даталар. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында республика бойынша «Тайқазан» акциясы өткізілуде. «Тайқазан» акциясының басты мақсаты – әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға қайырымдылық көмек көрсету.*

Ассамблея қай кезеңде де еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып келеді. Оның дәлелін іздеген жан оңай табады. Сондықтан Ассамблея туралы сағаттап айтуға да, бірауыз сөзбен де жеткізуге болады. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «Ассамблея деген ол – 17 миллион қазақстандық» Береке елімізге табыс, береке, бірлік әкелсін!

Салтанатты шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы жайлы бейнефильм көрсетіліп, «Ардагер әжелер», «Полония» вокалдық ансамбльдері және «Шағала», «Солнышко», «Өрнек», «Ачимноуль», «Туған тель» халықтық би ансамбльдері өз өнерлерін көпшілік назарына ұсынды.

М. ӘСЕТҰЛЫ.

▲ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жалғасын тапты

Жуырда Үкіметтің кеңейтілген отырысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отандық өндірушілерді қолдауға шақырып, «Қазақстанда жасалған» республикалық акциясын жүзеге асыруды ұсынған болатын. Бүгінде еліміздің жер-жерінде аталмыш игі бастама аясындағы игі істер басталып кетті. Ал отандық шағын және орта бизнес, жалпы кәсіпкерліктің дамуына бағытталған жобадан Жетісу жерінің жұртшылығы да тысқары қалып отырған жоқ.

«Жетісу»
Мұратхан ТҰРАР

«Сити Плюс» сауда үйінде өткізілген шараға облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы мен жастар саясаты орталығының өкілдері ұйытқы болған. Талдықорған қалалық әкімдігінен кейін аталған акцияны басқа емес, жастардың жалғастырып әкеткені қуантты.

Жастар – ел ертеңі десек, қоғамның ең белсенді тобының да өскелең ұрпақ екені анық. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Рустам Алпысбаевтың айтуынша, жас буын игілікті жобаға қызу қолдау көрсетуде. Акция барысында сауда сөрелерінің түсына «Қазақстанда жасалған» деген жазуы бар белгі-тақтайшалар қойылыпты. Қазақстандық өнімді өзгеден ерекшелеп тұрған осындай белгілер тұтынушы назарына бірден шалынады. Ұйымдастырушылар мұндай әдіс тұтынушы үшін өте қолайлы дейді. Себебі, алыстан меңмұндалап көрінетін тақтайшалар отандық өнімді алуға келгендердің уақытын біршама үнемдемек.

Сауда үйіне аяқ басқандарға жергілікті «JLC Сүт» ЖШС сүт зауыты, «ФудМастер», «Адал» секілді өндірістік кешендерді мен тағы басқа өндірушілердің өнімі ұсынылған болатын.

Тұтынушылардың қазақстандық тауарға деген сұранысы жоғары. Жұртшылық әсіресе ұн, сүт өнімдеріне үлкен қызығушылық танытуда. «Қазақстанда жасалған» акциясы бұдан кейінгі уақытта да өз жалғасын тауып, елімізде шығарылған өнім түрлері сөрелерден түспейді.



▲70 ЖҰЛДЫЗДЫ КҮН

Жақында ғана Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай облысымызда «70 жұлдызды күн» атты мерекелік акция бастау алған болатын.

Өнербаев өнерден сый тартады

Бұл игі бастама біздің бүгінгі жарқын да шуақты күніміз үшін ок пен оттың ортасынан келген, тылда жүріп, еңбек майданында табан етін сөгіп, мандай терін төккен ардагерлерімізге жасаған құрмет.

Біз Отан соғысы ардагерлеріне қандай құрмет көрсетсек те көптік етпейтіні анық. Осы мақсатта қазақ халқының аяулы перзентінің бірі, өнерімен елінің жүрегіне жол салған ҚР еңбек сіңірген әртісі Нұрлан Өнербаев талды қаламызға арнайы ат басын бұрып, «70 жұлдызды күн» акциясының жалғасы ретінде тегін концерттік бағдарламасын ұсынады.

Ардагерлерді ардақтауға арналған мерекелік концерт наурыздың 5-і күні Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында кешкі сағат 18.00-де өтеді.

КЕЛЕМ ДЕУШІЛЕРГЕ ЕСІК АШЫҚ.

▲ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

Агроұшақ тұсауы кесілді

Төмірден тұтастай құйылған «Арай» ұшағы астықты дәрілейтін техника ретінде жақсы таныс. Оның көмегімен жер игеруші әр гектарға 120 теңге шығын жұмсап, егістік алқабына химиялық өңдеу жүргізе алады. Мұндай жетістік бұрын-соңды болмаған. Енді еліміздің әрбір шаруа қожалығының ауласында трактор, комбайнмен бірге ауылшаруашылық жұмыстарына арналған шағын ұшақ тұратын болады. Несі бар?!



«Жетісу»
Мәди АЛЖАНБАЙ

Кейбір кертартпа пиғылдылар болмаса, көпшілік жеңіл ұшақтардың жасалатынына сенеді. Бұған Іле және Талғар аудандарының шектесетін аумағындағы Байсерке ауежайында көпшілік назарына ұсынылған қазақстандық өнім дәлел бола алады.

Ұшақ ұшыру салтанатына қатысқан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Ғабит Тұрсынбай және Ассамблея мүшесі, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Атсалым Идигов бұл оқиғаның маңыздылығын атап өте келе Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен дәл келгенін жақсы ырымға балады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған қоғамдық институт бейбітшілік, достық және сыйластық жолында еңбек етіп келе жатқан бірден-бір ұйым. Осыған байланысты көпшілік назарына «Қазақстанда жасалған» белгісімен ұшақ жасап шығарған өнертапқыш, инженер, ұшқыштан құралған топ жаңа ұшақты Ассамблеяның 20 жылдығы құрметіне арнап отырғанын жеткізді. Шындығында еліміздің ұшақ жасау саласындағы үлкен жетістік көптеген жұмыс орнының ашылуына, алдыңғы технология мен отандық өндірістің үлғаюына ықпал етері анық.

Шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, осымен бесінші дәнәса жасап шығарылған отандық ұшақты «Ізбасаров» шаруа қожалығы сатып алған. Қалған үшеуі елімізде ұшып жүрсе, біреуін ресейлік азамат алыпты. Шағын ұшақтың авиааспаптары, қозғалтқыш, шығыр секілді бөлшектері Канададан әкелінеді. Бірақ қанатын, қалыбын, фюзеляжын еліміздің мамандары төмірден тұтастай күйінде жасап шығарған. Авиахимиялық жұмыстарға қажетті құралдар да елімізде өндіріледі. Біздің мамандар ұшақтың алғашқы сызбасына бас құрастырушымен келісе отырып, 40 түрлі өзгеріс енгізді. Сондықтан да ұшақты толығымен Қазақстанда жасалған деп атауға болады.

Ұшақты сатып алуға қызыққандар саны күн санап артып келеді. Себебі, былтырғы құрғақшылықтан өнім мөлшерінің едәуір азайып кеткені белгілі. Осыған байланысты астықты молынан салатын солтүстік облыстардың дикандары жаңа ұшаққа қызығып отыр. Өйткені астықты алқабы үлкен аймақтарға «Арай» ұшағы таптырмас көмекші. Сондықтан ұшақ жасаушылар қазірдің өзінде лизингтік құрылымдар және әлеуметтік-кәсілкерлік корпорациялар арқылы өз өнімдерін Қазақстанның оңтүстігі мен Алматы облысына ұсынып отыр. Біздің облысымызда ауылшаруашылық мақсаттағы ұшақтар негізінен көк шегіртке және өзге де зиянкестермен күреске, топырақты тыңайту секілді жұмыстарға аса қажетті. Ал, сонау Кеңес кезеңінен қалған көне «АН-2» ұшақтары әбден ескіргендіктен оларға қосалқы бөлшектер шығарылмайды. Сондықтан да сарапшылар алдағы жылдары ауылшаруашылық саласына 400 ұшақтың қажет болатынын баса айтуда.

«Арай» ұшағын ауылшаруашылық жұмыстарынан бөлек мұнай-газ құбырларын бақылау, өртке қауіпті маусымда орманды қадағалау, жануарлар әлемі мен балық ресурсын тексеру, шекараны күзету секілді маңызды салаларға пайдалануға болады. Санитарлық авиация мен іскерлік қатынастарға аса қажетті ұшақ 100 метрлік жазық жерден көтеріліп кетеді. Ол үшін талғалған топырақ та жеткілікті. «А-95» маркалы жанармаймен ұшатын ұшақ арнайы тұрақты қажет етпейді. Ұшу ұзақтығы 12000 километрге тең ұшақты игеру оңай. Дегенмен сатып алушының ұшқышы мен техник маманы Алматы қаласындағы Қазақстан кіші авиация қауымдастығынан оқытылып, дайындықтан өткізіледі және арнайы құжат алып шығады. Шағын ұшақты «Avia Master Aircraft Ltd» компаниясы шығарады.

Іле ауданы.

■ СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



ЕСІК ӨҢІРІНДЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ҮЛКЕН ТАРАУЫ ЖАТЫР. ЕЖЕЛГІ САҚ ҚОРҒАНДАРЫ, ҚАРАУЫТҚАН ОБАЛАР МЕН ТӨБЕЛЕР ТЫЛСЫМ СЫРЛАРҒА ТОЛЫ. ОЛАРҒА ТІЛ БІТІРУ ОҢАЙ ЕМЕС. ОЛ ҮШІН ТЕРЕҢ БІЛІМ, ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ, КӘСІПТІК ШЕБЕРЛІК ҚАЖЕТ.

ЕСІКТЕГІ САҚ ҚОРҒАНЫ ДЕГЕНДЕ, ОЙЫМЫЗҒА БЕКМҰХАНБЕТ НҰРМҰХАНБЕТОВТЫҢ ЕСІМІ ОРАЛАДЫ. «АЛТЫН АДАМ» ҚОРЫМЫН АЛҒАШ ТАПҚАН АРХЕОЛОГ-ТАРДЫҢ БІРІ. ХАЛЫҚ АРАСЫНДА БЕКЕН АТА АТАНҒАН, КӨРГЕНІ МЕН ТҮЙГЕНІ МОЛ. БІЛІКТІ МАМАН, АРХЕОЛОГ АТАМЫЗДАН «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНЕ СҰХБАТ БЕРУДІ СҰРАҒАН ЕДІК. КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН БІРАЗ ОЙЫН ОРТАҒА САЛДЫ.

ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰҢҒАН ТАРИХ

– Сіздің айтқандарыңызға жүгінсек, «Алтын адам» және «Алтын киімді адам» атауларында айырмашылықтар бар екен. Археолог ретіндегі осы пікіріңізді қалай түсіндірер едіңіз?

– Байқасаңдар, бәрі түсінікті. «Алтын адам» және «Алтын киімді адам» – екі түрлі сөз. Екі түрлі мағынаны білдіреді. Мысалы, қазақ жақсы көрген, ісіне риза болған адамын алтынға теңеген. «Алтыным менің» деп баласын еркелеткен. «Алтын қол» деп шеберлерді әспеттеген. Бірақ адам ет пен сүйектен жаралған қадимгі пенде ғой. Алтын – оның киген киімі ғана. Осылай деп қарастыруымыз керек.

Енді жоғарыдағы сөздің екінші мағынасына келейік. Ол – ғылыми қолданыстағы ұғым. Нақты айтылады. Кезінде мүрде табылған бұл маңда үлкен қала болыпты. Қаланың адамдары бақуатты өмір сүрген. Сауданатты жерлеу рәсімдерін жасай алған. Археологиялық зерттеу соны анықтады. Қазылып алынған мүрдені «Алтын киімді адам» деуге толық негіз бар.

Қазір алтын киімді адамдар басқа аймақтардан да табылып жатыр. Оларды жеке-жеке анықтау айналдырмай, өзара бір-бірімен байланыстыра зерттеген жөн. Ұлттық тарихымызға үлес қосу – баріміздің ортақ парызымыз.

– «Алтын шыққан жерді белден қаз» дейді. Соны қате түсініп, бейітті белден қазып жүрген ұрылар да бар екен. Олардың тарихи жәдігерлерге тигізетін кесірі қандай?

– Тез бакыды қиялдайтын пенделерде ұят болмайды. Құлқының құдарына тек пайда керек. Қалғаны түк емес. Осындай ұрылар жер астында жатқан тарихи жәдігерлерге де қол сұққан. Жағанды ұстайсың. Өкінішке қарай, ол – шындық.

Кене жәдігерлердің археологтарға бүтін күйінде кездесуі қиын. Егер кездессе ол – үлкен олжа. Мәселен, ұлтымыздың «қазақ» деген атауындағы алғашқы әріпті немесе соңғы әріпті ұрлап кетті делік, сонда не болмақ? Сайын далада қандай халық өмір сүргенін зерттеушілер дұрыстап айта ала ма? Әрине, айта алмайды. Жәдігерлерге қол сұғудың кесірі де, мәні, тура осындай.

Есіктен табылған Алтын киімді адамның басқа жәдігерлерден ерекшелігі әрі құндылығы – ол ешқандай тонаушылардың қолына түспеген. Бізге бүтін күйінде жетті.

Археологтар бұдан бұрын да алтын киімдердің бірқатар жұрнақтарын тауып келген. Бірақ оны түтас, біріктіріп қарастыруға мүмкіндіктері болмады. Есік қорымынан шыққан жәдігер сол олқылықтардың орнын толтырды. Мынау – бас киімнің, мынау – белдіктің жарты бөлшектері екен ғой дейтін қорытындылар жасай алдық. Жартылай тоналған жәдігерлерді енді бүтін жәдігермен салыстыра отырып толықтай зерттеуге кең жол ашылды.

Сонымен қатар, археолог әріптестеріме де айтатын азғантай базынам бар. Зерттеудің жөні осы деп әркім көрпені өзіне қарай тартпай, бірігіп жұмыс істегені абзал. Өзімшілдік ғылымға жүрмейді. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратын» ынтымақтастық қана үлт мерейін өсіреді.

– Алтын киімді адамның табылғаны және де оның Есік өңірінен шыққаны тарихи оқиға. Осы оқиға қазаққа қатысты қасаң түсініктердің біразын өзгертті. Бұл жайға не дейсіз?

– Алтын киімді адамның Есіктен,



Есіктен табылған Алтын киімді адамның басқа жәдігерлерден ерекшелігі әрі құндылығы – ол ешқандай тонаушылардың қолына түспеген. Бізге бүтін күйінде жетті.

Археолог ретінде жұмысқа алғаш кіріскенде мен жеті атамды ғана білетінмін. Келе-келе қазақта қатысты мәселенің тым терең жатқанын аңғардым. Яғни, жетпіс жеті атамның бар екеніне көзім жетті.

– Меніңше, Алтын киімді адамның мәртебесі Санкт-Петербург мұражайында тұрған жақұттан жасалған орыс патшасының тәжінен кем емес. Түбінде Есік өңірі миллиондардың назарын аударады.

қазақ жерінен табылғаны шынымен үлкен оқиға болды. Оған кеңестік ғалымдардың өзі таңданды. Алайда бұл қорымның мәнінде қазақтың ежелгі атабабасы өмір сүрді дейтін қорытынды жасауға асықпадық. Бәрін жалпылама айтуға тырыстық. Ол кездің әдеті солай болатын. Жаңалық пен жақсылықты қазаққа қимайтын.

Адамның мүрдесін алтаған алтын киімді, оны өрнектеген әшекейлерді көшпенді өмір сүрген Сақтар жасамалты, жасай алмаған дейтін пікірлерді өрбітті. Сақтар хандасын жерлеу үшін алтынды сонау Ираннан әкелген деп дәлелдеуге тырысты. Жергілікті халықтың мәдениетін бүркемеледі. Осындай мазмұнда мақалалар жарияланды. Күштілердің аз халықты еріксіз көндіретін, сенбейтін нәрсеге сендіретін заманның сиқы осындай еді.

Алайда «аққа – Құдай жақ». Көпүзамай Есік көлі маңынан тағы бір жәдігерді кездестірдік. Олар Алтын киімді адамның киімдерін жасаған ежелгі қалыптар екен. Жаңалық елді елең еткізді. Ғалымдар қорымдағы алтынның сынамасына сараптама жасады. Нәтижесінде ол өз жеріміздің рудасы, осы Жіңішкенің алтыны болып шықты. Сөйтіп, күман келтіргендердің ауыздарына құм құйылды.

Қайсыбірін тізбелейміз, неше түрлі сорақылықтар басымыздан өтті ғой. Өзіндікін өзімдікі дей алмай күмілжідік. Сайын даланың қойнауынан бір жәдігер табылса, қуанудың орнына не дейді деп жоғары жаққа жалтақтадық. Жақсы нәрсенің бәрі казақтікі емес, басқа жақтан әкелінген болады да жатады.

Сәйтіп жүріп кеудемізді ерге айдадық. Өтірік пен жалғандыққа тойтарыс бердік. Келе-келе бәрі де анықталды. Еш нәрсе шетелдерден әкелінбепті. Үлгілердің бәрі жергілікті екен. Тарихымыздың тасқа басылғанын көрсету үшін тер аз төгілген жоқ. Ел тәуелсіздігінің арқасында ғана қазақтың ақиқатын әлем мойындады. Ал археологтар үшін жұмыс жаңадан басталып жатқандай.

– Алтын киімді адамға қарап Есік өңірінде өмір сүрген бабаларымыздың алтын өңдеу технологиясын жетік меңгергенін көреміз. Демек, осы аймақта өркениеттің болғаны шын ғой. Бұл туралы сіздің ой-болжамыңыз не дейді?

– Есіктегі біздің мұражайға бас сұққандар жәдігерлерге қарап тұрып еріксіз ойланады. Ата-бабасының тарихымен тілдеседі. Бабаларымыз өз кезінде өнердің неше түрін меңгерген екен. Көздің жауын алатын әшекейлі жәдігерлер соның дәлелдері.

Алтын киімді адам табылған қорымнан екі шақырым жерде қаланың орны жатыр. Үлкен орталық болған. Сақ бабаларымыздың патшалығы осында ту көтеріп, осында билік құрған ба деп болжам жасаймыз.

Зәулім ғимараттарды көзге елестетесің. Қаланың айналасын үлкен бекіністер қоршап тұрған. Таудың арғы бетіндегі Асы жайлауын араласаң, мұнда да неше түрлі белгілер көп. Жартастарға салынған бейнелер еріксіз назарыңды аударады. Осының бәрі ұлтымыздың тарихы.

Бұл белгілер Сақ дәуіріне ғана тән емес, Қола дәуірін де қамтиды. Оның бер жағында Көк түріктер мәдениеті жатыр. Айналып келгенде, бәрі қазақтың өмір тіршілігі болып шығады. Жәдігерлерді мұражайға жинақтап жатырмыз.

– Алматыдағы Тәуелсіздік монументі – ұлттық символ. Оның ұшар басында Алтын адамның мүсіні тұр. Осыған сіздің бағаңыз қандай?

– Өнер адамдары – суретшілер, мүсіншілер, ақындар мен сазгерлер ішкі толғаныстарды бейнелеуге тырысады. Менің қуанатыным, олар Алтын киімді адамға деген халықтың сүйіспеншілігін ойдағыдай етіп сомдаған.

Мүсінші мен сәулетшінің көп ізденгені, елдік әңгімелерге ерекше ден қойғаны және соны ғылыми тұжырымдармен байланыстырғаны сезіліп тұр. Аталарымыздың рухы әлемге заңғар биіктен көз салғандай әсер береді. Алтын киімді адамның ұлттық символға айналғаны заңдылық.

– Алтын адам табылған аймақ, сөз жоқ, тарихи аймақ. Сақ дәуірінен бері қарай сыр шертіп тұр. Зерттейтін, жазатын дүниелер мол. Бәрі ғылыми негізде қағазға түседі деп сенеміз. Осыған қатысты не айтасыз?

– Археологтар талай құпияның бетін ашты. Сол дүниелерді ұлттың, ұрпақтың кәдесіне жарату үлкен іс. Ізденгенің бәрі өзімізде тұр. Сондықтан басқалардың қаңсығы таңсық болып көрінетін таяз әуесқойлықтан арылған жөн.

Әлі де болса өлкетану үрдістері өз деңгейіне сай кемелденбей жатыр. Кейбір жастарды ата-бабалар жайы қызықтырмайтыны таңғалдырады. Мен осындай немқұрайдылықтан іш жиямын. Бабаларымыздың жатқан жерін білгенге не жетсін?! Олай дегенде – түсе, аянға сенің мазар салатындарды айтып отырғаным жоқ. Ғылыми негіздегі ізденістерді қолдаймын.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы өзін-өзі ақтады. Соның аясында көп жұмыстар бітті. Оның бір дәлелі – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы. Мұнда келушілердің саны жыл сайын есе түсуде. Ата-бабаларының кім болғанын көзімен көретіндер көбейді. Мен соған қуанамын.

Айталық, сен археолог емессің, журналиссің. Енді мұражайға кір де жәдігерлерге дұрыстап көз салшы. Алтын киімді адамды көргенде кеуденді мақтаныш сезімі кернейді. Сенің ата-бабаларың сардалада арлы-берлі құры қол көшіп жүрмепті. Үлкен өркениеттің иесі болған екен. Демек, сенің бойыңда да сол рухтан дарыған күш-қуат ақырындап ояна бастайды. «Алтын адам шынымен қазақ болса. Білген екен өзінің қымбаттығын», – деген өлең жолдарын Мұқағали Мақатаев бекерге жазған жоқ.

Өлкеміздегі тарихи қорымдарды мүкият сақтау, оларды келесі ұрпақтарға сол күйінде аманаттау – елдік мәселе. Отансүйгіштік қасиеттер осындай көзқарастардан бастау алады. Ұрпақтарымыздың көне ескерткіштермен, көне жәдігерлермен көзбе-көз қауышуы өте қажет дейтінем сондықтан.

– Өзіңіз білесіз, тарихи орын таңдандырып қана қоймайды, оның елге табыс әкелетін мүмкіндігі бар. Біздегі Алтын адам туралы да соны айтуға болатын шығар? Осы жөнінде не дер едіңіз?

– Меніңше, Алтын киімді адамның мәртебесі Санкт-Петербург мұражайында тұрған жақұттан жасалған орыс патшасының тәжінен кем емес. Түбінде Есік өңірі миллиондардың назарын аударады. Қызықтап қарайтын киелі мекенге айналады.

Көне жәдігерлер – ел мұрасы. Біздің мұражайдың мәртебесінің қандай екенін осыған қарап-ақ пайымдауға болады. Ол үшін бір ғана Мәдениет министрлігінің қамқорлығы аз. Игі шараға білім мен ғылым, туризм, қаржы секілді салалар бірлесіп қатысуы керек. Бұл – ортақ жұмыс. Соны біле тұра министр мырзалардың «Есік» мұражайын айналып өтетіні мені қайран қалдырады.

Егер бұл аймақта алып құрылыстар қанатын жаятын болса, жарқыраған бес жұлдызды қонақүйлердің қажеті шамалы дер едім. Есесіне, көріністің бәрін Алтын киімді адам дәуіріндегі кезеңге келтіру керек. Шетелден келгендер де, өзіміздің адамдар да көне тарихымызды аралап шыққандай таңғалуы қажет. Солай болса деп армандаймын.

– Ресми түрде ғалым болмасаңыз да көп ізденесіз, жүздеген мақалаларыңыз жарық көрді. Жұрт сізді ғалымдардан кем көрмейді. Бірақ ғылыми атағыңыз неге жоқ? Оның себептері оқырманды қызықтырады деп ойлаймыз. Бұған не дейсіз?

– Мен көне жәдігерлерді жер қойнауынан қазып алатын қатардағы археологпын. Кезінде ғалым да болғым келді. Оған мол дайындығым да бар еді. Бірақ сәті түспеді. Сұраған екенсің, сол жайында айта кетейін.

Кеңес өкіметі түсында ұлттық тарихты зерттеу оңайға түспеді. Ғылымға ден қоям десең, қазақы пайымға, қазақы көзқарастар мен тұжырымдарға жоламау керек. Егер ол шартты орындамасаң, саған есіктердің бәрі жабық. Мәселен, Алтын киімді адамның киімін осында өмір сүрген біздің ата-бабамыз жасаған жоқ, бәрін басқа жақтан әкелгенбіз деп айту керек. Әрине, ол ешбір шындыққа жанаспайды. Менің арым мен жаным мұндай ұстанымдарды қабылдай алмады. Сондықтан, заман ғалым болғанша, жақсы археолог болып өмір сүрейін деген шешімге тоқтадым.

Мына қызықты қараңыз, археолог ретінде жұмысқа алғаш кіріскенде мен жеті атамды ғана білетінмін. Келе-келе қазаққа қатысты мәселенің тым терең-де жатқанын аңғардым. Яғни, жетпіс жеті атамның бар екеніне көзім жетті. Кезінде компартиялық көзқарастағылар ата-баба тануды ескіліктің қалдығына жатқызды. Тәңір туралы айтқызбады, оны Индияның храмдарынан іздегенін жөн деді. Тарихта болған Үмай анамызды басқалармен ауыстыруға тура келді. Өз бабаларымызды ысырып тұрып қараханидтерді сөз еттік. Міне, осындай күйде бүкіл қазақтың ортасында сопайып жалғыз қалғанымды сезіндім.

Сонда да таңдаған тура жолдан бұрылмадым. Ата-бабамды дұрыстап тану үшін тер төктім. Кезінде мұндай ізденістердің ешкімге керегі жоқ болатын.

Аллаға шүкір, тәуелсіздіктің ақ таңы жарқырап, бәрі орнына келді. Біртебірте олқылықтардың орны толып жатыр. Қазір мемлекеттік мұражайда өзімнің жеке жұмыс бөлмем бар. Жетпістік айлық аламын. Еңбек етемін деген адамға мүмкіндік көп. Бәрі бір Алланың және Елбасымыздың арқасы деп ойлаймын.

Менің жастарға айтатын аталық өсиетім мынау – ең алдымен ұлтыңды сүй, ұлтын сүйген адам ғана әлемнің барша халқын сүйе алады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Болат МӘЖИТ.



Кеңес заманында хан, билерімізді қанаушы топтың өкілдері, қара халықты езушілер ретінде көрсетуге тырысқаны баршаға белгілі. Соған қарамастан, халық өз жадында оларға деген құрметін жоғалтпады. Сондай бабаларымыздың бірі – Албан Сары би. Қазіргі таңда Албан руында Сары би бабамыздың кіндігінен тараған іргелі ел бар. Олар өздерін осы күні Бозым-Сары ұрпағымыз деп атайды. Сары би атаның ұрпақтары бұл күндері негізінен Алматы облысы аумағында және Қазақстанның өзге де аймақтарында тұрып, елге адал еңбек етуде.

Сары би

немесе түйе суарушы бала

Енді Сары би жайында айтар болсақ, ол кісінің балалық шағы мен өмері Қазақ хандығының қиын-қыстау қалыптасу кезеңімен, жаушылық заманмен тұра келеді. Ел аузындағы аңыз әңгімеде Сары би бабамыз ең-шешесінен ерте айырылып, жетімдіктің тауқыметін көп тартқан. Содан 10-13 жасқа келген Сары Ташкен жақтағы бір ірі саудагерге жалшы болып жалданады. Алғашында түйеге су беруші болып, келе-келе адалдығының, зеректігінің, еңбекқорлығының арқасында қожайынының сенімне кіріп, керуен басшысы және сауда жүргізушісі қызметтерін қатар алып жүреді. Саудагер Сарының зеректігін, білімге деген құштарлығын байқап, оның хат танып, білім алуына көп септігін тигізеді. Ержете келе, ол қожайынының өз баласындай болып кетеді.

Бітімді, зерек болып өскен Сарыға Албан руының ақсақалдары «елге қайт» деп кісі жібереді. Бір жағынан қариялардың сезін жерге тастағысы келмейді, екіншіден, өзіне қамқоршы болған қожайынының да көңілін қалдырғысы жоқ. Содан көп ойланып, елге қайтуға бел буып, бәйге ойын айтады. Сарыға бауыр басып қалған саудагер оны жібергісі келмейді. «Қызымды беріп, бала жасайын, қал» – деп қолқа салады. Сары сонда қожайынына өзінің ризашылығын білдіріп былай дейді:

– Сіз мені өз балаңыздай жақсы қарап, қамқорлық танытып, білім алуға да кедергі жасамадыңыз, бетімнен қақпадыңыз. Бірақ қазақта: «Ит – тойған жерне, ер туған жерне тартады». – деген сөз бар. Батаңызды беріп, еліме қайтуға рұқсат етіңіз, – дейді. Сарының ақылды сезіне және ұзақ жылғы адал еңбегіне риза болған саудагер оны дорбасына теңге, алдына мал салып, түйесіне жүгін артып, батасын беріп, елине жібереді.

Елине келген Сары ірілі-ұсақты ел ісіне араласып, көрген-білгенінің, ақыл-парасатының арқасында ел-жұртына жағады. Сонымен, Сарының ел басқару ісіне икем бар екендігіне көздері жеткен Албан елінің ақсақалдары сол рудың алғашқы би етіп жариялап, ол туралы үш жүздің басы қосылған жиында бекітеді. Албан руынан шыққан алғашқы би Сары ата екендігін Жалел Айдарханұлы өзінің «Аспантаулар аясын жайлаған жұрт немесе Мұқағали елінің шежіресі» еңбегінде былай деген: «Абыздан кейінгі жоғары атақ би деп аталады. Жоңғар соғысында үш жүздің басын біріктіріп, бір орталыққа топтастырған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер соның көрнегі. Қарамағындағы бүкіл батыр-батпанды басқарып отырған билер тобының көнесіне кейіде хан екеш ханның өзі де қарсы болмай бағынған. Сол сияқты, Албан еліндегі тұңғыш би атанған кісі Сары би екен. Әкесінің аты – Бозым. Сары биден соң екінші – Өлмерек би. Әрі қарай Алтай би, Базарбай би, Әлібек би, Өтеп би, Шебек би болып кете береді.

Бірде Сары би үш жүздің жиынына бара жатса, жолда азып-тозған, өзі таз, қой бағып жүрген бір баланы көреді. Сары би оған қарап, баланың ең жылы, көз нұр шашқан, «болайын» деп тұрған бала сияқты. Кісі танитын Сары би одан жөн сұрайды. Бала сонда өзінің ертеректе жетім қалғанын, аты Шобал екенін, қазір бір байдың қойын бағып жүргенін айтады. Балаға жаны ашиын Сары би: «Мына азапты сені құтқарайын, маған не боласың ба?» – деп сұрайды. Бала сонда: «Қой бағып жүрп қаншама би-сұлтанды жолықтырып жүрмін, бірде-біреуі сөз сияқты маған жылы қабақ, таныткан жоқ, болсам болайын», – деп жауап береді. «Онда үстіңдегі тонынды шеш» – дейді би. «Енді қайта тонынды ки де, ертең ақау төбеде үш жүздің жиыны болады, сен сонда кел де, мені көріп, әзілдап жүріп, ал мен сені «бауырым» деп құшағыма басамын» – дейді.

Ертесіне үш жүздің билері жиналып отырған төбеге кешегі бала келіп, Сары биді көріп, жасқанбай «ағалап» жүгіреді. Сары би де «бауырымдап» құшақтай алады. Оны көрген таз баланың қожайыны дау шағарады:

– Бұл сенің қайдағы бауырың! Ол менің құлдың, кешегі құлым қасымнан кет, – деп айғайға басады. Сонда төрде отырған Бас би Сары биге бұрылып: «Бауырың екендігіне қандай дәлелің бар?» – дейді.

– Баланың жауырынында белгісі бар, соны көрсетсін. Бұл менің жаушылықта жоғалып кеткен бауырым. – дейді Сары би.

– Ал сенің қандай дәлелің бар, құлақ кестіңдің өзгелігіне? – дейді Бас би байға қарап.

Бай: «Бұл баланы мен алты жасында тауып алғанымнан содан бері менің қойымды бағып жүр», – деп қайтайды. Сары би сонда Бас биге: «Мына баланың жауырынында мені бар болса менің, бауырым, жоқ болса таласым жоқ». – дейді. Бала үстіндегі орта-ерам ешкі тонын шешеді де, Бас биге арқасынан тұрады. Сонда Бас би баланың жауырынындағы меңнен көріп, байға баланы Сары биге бер деп үкім шығарады. Бас би байға қарап: «Құлдыққа түскен жауқын баласын да қазақ, атам бүлай қорламаған, өз қанын, өз бауырына сондай қорлық көрсеткенің жарамайды» – деп, баланың қожайынын жазаға жібереді. Көзін сол құлдықтан босатып, бала Сары биге ие болып, еншісін алып, өз алдына жеке бір рулы елге айналып, есіп-өнген екен дейді.

Мұндай әңгімелерді әкем Ерғали Тұрақсожаұлы мен аталарым – Жолсейіт Молдасанов пен Сүлеймен Кешкенов бізге жиі әңгімелеп отырады. Үлкен бұқа көбінің ұрпақ шежіреден тегін, тарихын білгіп жүрсе дейді ғой. Қазақтың басына төнген науқан заманында, Жоңғар шапқыншылығында Албан елі сарбаздарының ішінде Райымбек батырдың үзеңгілес қандықайлен бауыр-серіктері болған. Өз елінің ертеңін ойлап, бостандығы мен азаттығы жолында қанын да, жанын да берп, данбай ерлік көрсеткен Сары би ата ұрпақтары – Тәйлақ пен Қожеке деген батырлар болған.

Қорыта келгенде, мақсатымыз биыл аталып өтетін Қазақ хандығының 550 жылдығы қарсаңында Қазақ ел, жері болашақ ұрпақ үшін жаңғыртып ерен ерлік көрсеткен, қиын заманда елине тіреу болған абыз-билерімізді, барлығына тағзым ете отырып, ел жадында сақталып, бірақ жарыққа шыққай қалған ата-аналарымыздың өмір жолдарын мадақтау еді. Жас ұрпаққа тәрбие, үлгі-өнеге ретінде, жадына ұялап етіп сіңдіру.

Кеңес өкіметі түсында ұлттық тарихты зерттеу оңайға түспеді. Ғылымға ден қоям десең, қазақы пайымға, қазақы көзқарастар мен тұжырымдарға жоламау керек. Егер ол шартты орындамасаң, саған есіктердің бәрі жабық. Мәселен, Алтын киімді адамның киімін осында өмір сүрген біздің ата-бабамыз жасаған жоқ, бәрін басқа жақтан әкелгенбіз деп айту керек. Әрине, ол ешбір шындыққа жанаспайды. Менің арым мен жаным мұндай ұстанымдарды қабылдай алмады. Сондықтан, заман ғалым болғанша, жақсы археолог болып өмір сүрейін деген шешімге тоқтадым.

Мына қызықты қараңыз, археолог ретінде жұмысқа алғаш кіріскенде мен жеті атамды ғана білетінмін. Келе-келе қазаққа қатысты мәселенің тым терең-де жатқанын аңғардым. Яғни, жетпіс жеті атамның бар екеніне көзім жетті. Кезінде компартиялық көзқарастағылар ата-баба тануды ескіліктің қалдығына жатқызды. Тәңір туралы айтқызбады, оны Индияның храмдарынан іздегенін жөн деді. Тарихта болған Үмай анамызды басқалармен ауыстыруға тура келді. Өз бабаларымызды ысыра тұрып қараханидтерді сөз еттік. Міне, осындай күйде бүкіл қазақтың ортасында сопайып жалғыз қалғанымды сезіндім.

Сонда да таңдаған тура жолдан бұрылмадым. Ата-бабамды дұрыстап тану үшін тер төктім. Кезінде мұндай ізденістердің ешкімге керегі жоқ болатын.

Аллаға шүкір, тәуелсіздіктің ақ таңы жарқырап, бәрі орнына келді. Біртебірте олқылықтардың орны толып жатыр. Қазір мемлекеттік мұражайда өзімнің жеке жұмыс бөлмем бар. Жетпістік айлық аламын. Еңбек етемін деген адамға мүмкіндік көп. Бәрі бір Алланың және Елбасымыздың арқасы деп ойлаймын.

Менің жастарға айтатын аталық өсиетім мынау – ең алдымен ұлтыңды сүй, ұлтын сүйген адам ғана әлемнің барша халқын сүйе алады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Болат МӘЖИТ.

■ ТАҒЗЫМ

ҚҰЛЖАБАЙ БАБА ескерткіші қойылды

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай бабалар парасатын ұлық көрген, жалайырдың Ақбұйым атасынан тарайтын әулеттің ұрпақтары аталары Құлжабай Тайсарыұлына ескерткіш тақта орнатып, перзенттік борышын өтеді. Күреңбелдің көп даласындағы Матай тауының күнгей бетінен бой көтерген ескерткіш сәулетімен айналаға сән беріп тұр. Ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына алыс-жақындағы баба ұрпақтары тайлы-тұяғы қалмай жиналды. Игі-шараны І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің доценті Дүйсен Ақсабаев жүргізіп, ауыл ақсақалы «Құлжабай әулие Тайсарыұлы» атты кітаптың авторы Амандос Нұрбайұлы, танымал әртіс Нұржұман Ықтымбаев сияқты баба ұрпақтары тарихқа бойлап, тағылымды әңгімелер айтты.

«Жетісу»

Қажет АНДАС

Қазақ – Жоңғар соғысы XVIII ғасырдың орта тұсында аяқталса да, оның қазақ руларының, аталық дәстүр бойынша қауымдасып, басын қосып, белгілі бір өңірді атамекен етіп қоныстануы осыдан былайғы бір ғасыр бойы жалғасқан. Сол қатарда, жұлмат жылдары Сыр бойын паналаған жалайыр атаның ұрпақтары ел өрісі қайта тынышталғанда Ескелді, Балпық бабаларымыздың бастауымен Жетісудағы ежелгі қонысына қайта қоныстанды. Жаңа тіршілігін бастаған елдің кеш де бірден оңалып кетпеді.

Бұл жағдай сол тұстағы бытыраған елдің басын қосуда өр рудан шыққан беделді адамдар мен батыр-билерге үлкен салмақ түсіргені анық. Құлжабай әулие Тайсарыұлы дәуірдің осындай шағында тарих сахнасына шыққан тұлға. Жалайырдың Ақбұйым атасының басын қосып, атақты Тезек төрені ақылмен жеңіп, Матай тауының бактеріндегі шұрайлы жерден әулетіне қоныс алдырып, бүгінгідей үйірлі-шүйірлі ел етуде еңбегі сіңген адам. Сондықтан ұрпақтары сонау 1994 жылдың қиын шағында қауымдасып, бабамыздың сүйегі жатқан аумақты анықтап, басына зират тұрғызып, дүркіретіп ас беріп, перзенттік борышын өтеген екен. «Елі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, сол ұрпақтың ниетінен шығар, бүгінгі таңда Ақбұйымнан тарайтын ұрпақ төуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы түрлі қиындықты еңсеріп, ел қатарлы тіршілік етуде. Олар жиырма жылдың алдындағы басталған істі қайта жаңғыртып, бабаларының басына ескерткіш тақта орнатып, аймаққа сауын айтып, ас беріп, Құран бағыштады.

Осы ретте, ескерткіш тақтаның бой көтеруіне белсене еңбек еткен Марат Алтынбеков, Ослаңғали Ниетбаев, Ерік Қызайбеков сияқты баба ұрпақтарына ел алғысы ерекше. Ескерткіш тақтаның басындағы жылысшырайы кездесуден кейін көпшілік Сарыөзек кентіндегі асқа жиылды. Бұл жерде аудан әкімі Бағдат Әлиев, орынбасары Болысбай Қонысбайұлы және «Қадырғали Жалайыр» қорының президенті Өмірәлі Қолабаев бастаған алыс-жақыннан келген елге сыйлы азаматтар болды. Бәрі де Құлжабай бабамыздың әулиелігі, шешендігі, елжандылығы, көпшілдігі, баба ұрпақтарының болмыс-бітіміне жайлы сйлаған білдірді, береке-бірлікке баруекелді айтысты.

Осы барыста баба ұрпақтары Құлжабай баба атындағы қор құру туралы ең-гіме көтеріп, оның басы-қасында болатын азаматтарды белгіледі. Олар алдағы уақытта мақсатты жұмысты ары қарай ширату үшін еңбек ететін болады.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ ДІНІҢ ТҰРСЫН ДІН АМАН

Жат ағымдар жетегінде кетпейік

Ауданымызда «Дін – тәрбие діңгегі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оған осы өңірдегі мешіттердің имамдары, мектептердегі діни тану пәнінің мұғалімдері, округ әкімдері және қоғамдық ұйымдардың жетекшілері қатысты.

«Жетісу»
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Акцияның мақсаты – дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, қоғамның бірлігі мен татулығын нығайту, конфессиялар мен ұлттар арасындағы конструктивті диалогты дамыту, жастар арасында отансүйгіштік, тазамдлік пен байсалдылық сынды қасиеттерді насихаттау. Жиынды облыс әкімінің орынбасары Бақтияр ӨНЕРБАЕВ кіріспе сөзбен ашып, басқан-аяқ жүргізіп отырды. Дөңгелек үстелге аудан әкімі Бердәулет Абдулдаев қатысты.

Облыстық дін істері басқармасының басшысы Таңірберген Қасымберлиевтың діни тәрбиеге байланысты ойларын айта келіп, облысымыздағы діни бірлестіктер мен 2013 – 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында атқарылған істерге тоқталды. Одан кейін сөз тізбегін ұстаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті философия ғылымының докторы Бағдат Бейсенов дін мен қоғамдық қатынастар, теріс пиғылдағы ағымдар, діни тұтастық туралы мәселелерді талдады. Ал Талдықорған қаласының «Имам» мешітінің наиб имамы Ардақ Несіпханов ұлтымыздың ырым-нанымдары мен тыйымдарына ерекше назар аударып өтті. «Жаңа-Ой» орталығының директоры, Халықаралық IT университетінің магистранты, әлеуметтік желідегі сауалнама бойынша 2013 жылдың республикалық үздік блогері Нұрлан Жанай «жастарды жат ағымға интернет жетелейді» деген пікірге жауап іздеді. Қорыта айтсақ, барлық сөйлеушінің ортақ ойы отбасындағы тәлімді тәрбиеге жүйелеуді.

Панфилов ауданы.

▲ АКЦИЯ

Руханият шырақшысы

Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық кітапхана республикалық «Кітапханаға кітап сыйлайық» акциясына белсене атсалысуда. Акция аясында өлкеміздің еркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері отбасылық кітапханасында сақтаулы тұрған құнды кітаптар мен өздері жазған еңбектерін облыстық кітапханаға сыйлады.

«Жетісу»
Қуаныш АНДАС

Сол қатарда облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Рахмет Есдәулетов жеке кітапханасындағы 60-қа жуық құнды кітапты облыстық кітапханаға табыс етті.

Расында, қасиетті қастерлеп, мәдениетті мәйектеткен жандар ең бақытты, парасатты, бағалы адамдар. Осы тұрғыдан келгенде, Рахмет Разбекұлы өзін алыс арманға, самғау биікке жетелеген кітаптарын «Үйдегі сөреге тізіп қойғанша, жас буынның игілігіне жаратсақ» деген байламы қолдауға тұрарлық. Расында, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мәдениет пен өнер саласы көмескіленіп, өңірлердегі мәдениет ошақтарының жабылып қалғаны белгілі. Сол қатарда ауылдық, аудандық, облыстық кітапханада сақтаулы тұрған құнды кітаптар жоғалды, тоналды.

Кейінгі жылдары мәдени бағдарымызды бәйгі жолында қолға алынған жобаларды жүзеге асыру аясында қателігімізді танып, оны түзетуге белсене кірістік. Тіпті, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында өндіруші ақын-жазушы зерттеуші ғалымдардың сүбелі туындыларын облыс әкімінің қолдауымен жарыққа шығару үрдіске айналып, кітапханалар қоры толықтырылды. Алайда, ұлттың руханияты үшін керекті туындылар кітапқұмар жандардың отбасылық кітапханаларында сақталып қалды. Осы тұрғыдан келгенде, отбасылық кітапханасындағы екінің бірінің қолына түсе бермейтін, тіпті енді қайталай басылып шығуы мүмкін болмайтын, сирек кездесетін бағалы кітаптарды кітапханаларға сыйлауға мұрындық болған жоғарыда аталған жандардың бастамасын болашаққа деген жанашырлық деп түсінеміз әдет.

Аталмыш шаралар жалғасын тауып, ұлттың руханы бірлестігіне үлес қосамын деушілерге облыстық кітапхананың ғасыр алдында ашық хат-өтінішіне үлес қосқан жандардың есімі «Акцияны қолдағандар» кітапшасына есім жазылып, кітапхана тарихының еншісіне қалдырылады.

▲ ӘЛЕУМЕТ

Мемлекет басшысының жүктеген міндеттеріне сәйкес Үкімет халыққа қызмет көрсету аясын кеңейтті. Соның нәтижесінде қызмет көрсету саны, сапасы және оның түрі де көбейе түсті. Бірақ мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін көмек көңіл көншітпейтінін тілге тиек еткен Роза Хаджиахметқызы Көксу, Алакөл, Қаратал, Ескелді аудандарындағы қызметтің төмендігін айтты. Мүгедек жандарды жеке қабылдайтын терезе, арнайы телефон жүйесі, тіпті, әжетхана да қарастырылмаған. Ол кез келген мүгедек жанға психологиялық салмақ түсіретіндігі де талқыланды.

– *Алдарыңызға келген әрбір адамға бірінші күліп амандассаңыздар екен. Содан кейін ол қандай мәселемен келгенін, қандай көмек керектігін соңына дейін тыңдасаңыздар. Егер, сөйлей алмайтын адамның өтінішін орындай алмасаңыздар, қағазға жазу арқылы түсіндіріңіздер. Олармен жылы сөйлесіп, күліп шығарып салуға тырыссаңыздар дейміз. Мүмкіндігі шектеулі адаммен тілдесе алмай, тиісті қызмет көрсетуден қиналып жатсаңыздар басшылықтан көмек сұрауға толықтай құқылысыздар. Онсыз да тағдыры қиын жандарды мүсіркеп емес, осы қоғамның толыққанды мүшесі деп қызмет көрсетулеріңізді сұраймыз,* – деп қадап айтқан облыс әкімдігінің мүгедектер мәселелері бойынша кеңесшісі Роза Ақжарқенова ХҚКО-ның қызметкерлеріне науқас адаммен сөйлесу ережесін қағазға түсіріп, әрбір аудандағы филиал қызметкерлеріне табыстады. Мамандар толыққанды мағлұмат алғанын айтып, алдағы уақытта да басқосулар жиі өткізілсе деген ұсыныстарын білдірді.

Е. БАУЫРЖАНҚЫЗЫ.

ЖЫЛЫ СӨЗ ЖАН СЕМІРТЕДІ

«ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ САМАТ ИМАНҒАЛИЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНДА СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ. ОҒАН ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ МҮГЕДЕКТЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕСШІСІ РОЗА АҚЖАРКЕНОВА ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ, АУДАНДЫҚ ХҚКО-НЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

▲ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

«ШОФЕРЛІК КОМИССИЯ» кабинеті ашылды

Талдықорған қаласының халыққа қызмет көрсету орталығы түрғындардың құжат рәсімдеуіне жанжақты жағдай жасауда. Бүгінде мамандандырылған ХҚКО-да небәрі 2 сағат ішінде жүргізуші куәлігін алуға болады. Мұнда психикалық және наркологиялық диспансердің анықтамалары және «083У» анықтамасы да бірден жасалады. Енді талдықорғандық автокөлік жүргізушілер куәлік алу және мерзімі аяқталған куәлікті айырбастау үшін әр мекемеге сабылмайды. ХҚКО ғимаратында шоферлік комиссия, наркологиялық және психиатриялық диспансер дәрігерлері отыратын кабинеттер орналасқан. Ол жерде қажетті жабдықтары бар медициналық кабинет бар. Мамандар электрондық кезек тәртібімен қызмет көрсетеді. Алуға қажетті «083У» анықтамасы, наркологиялық және психиатриялық анықтамалары қалалық емханалардағыдай коммерциялық негізде беріледі.

Ағымдағы жылдың басынан «Шоферлік комиссия» кабинетінде осы күнге дейін 1867 анықтама, ал наркологиялық және психиатриялық диспансерлер 5460 медициналық анықтама берді.

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының мекенжайы Шығыс шағын ауданындағы «Орталық» көшесінде орналасқан.

ХҚКО-ның жұмыс кестесі: дүйсенбіден сенбіге дейін, 9:00-ден 20:00 аралығында үзіліссіз жүргізіледі.

Әсел ЖАМАЛИЕВА,
инспектор.
Талдықорған қаласы.

▲ ОБЛЫСТЫҚ СОТТА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы бес институттық реформаны жүзеге асыру әліміздің әрбір азаматы үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлт жоспарында айтылған мемлекеттік қызметті, сот жүйесін, құқық қорғау қызметін реформалау, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту мәселелері және оларды тиімді түрде жүзеге асыру жолдары мемлекеттің дамуына ықпал ететін негізгі тетік саналады.

ӘҢГІМЕ ӨЗЕГІ - Ұлт жоспары

«Жетісу»
Мәди АЛЖАНБАЙ

Осыған байланысты әрбір саланың мамандары өздеріне катысты бағыттар мен басымдықтарды талдап, талқылауда. Солардың қатарында Алматы облыстық сотының судьясы Айжан Қайсарова Ұлт жоспарын жүзеге асыруға орай «100 нақты қадам – барша шамыңа арналған қазіргі заманғы мемлекет» деген тақырыпта арнайы брифинг өткізді.

Бес институттық реформаның басым міндеттері болып табылатын «100 нақты қадам» бағдарламасында көрсетілген «Заң үстемдігін қамтамасыз ету» бағыты еліміздің заң жүйесін дамытуға арналғаны белгілі. Осы бағытта 26 қадамда айтылған сот ресімдерін оңайлату және сот үдерісін жеделдету үшін азаматтық-құқықтық даулар жөніндегі соттарға прокурордың қатысуын қысқарту мәселесіне кеңінен тоқталып өткен судья Айжан Сұлтанқызы «100 нақты қадам» бағдарламасының басты мақсаты – сот төрелігінің қолжетімділігін ұлғайту, сот процедурасын қысқарту және сот үдерісін жеделдету екендігін айтып өтті. Яғни, жаңа реформа бойынша бұрынғыдай азаматтық сот өндірісіне прокурордың қатысуы міндетті емес. Тек кейбір жағдайларда ғана болмаса прокурор азаматтық істерге мүлдем қатыспайды деуге болады. Мысалы, соттың немесе прокурордың бастамасымен мемлекет мүддесіне қатысты істе өзін қорғауға мүмкіндігі жоқ азаматтарға, өзінөзі дербес қорғай алмайтын және қоғамдық мүдделерді кең ауқымды қорғау қажет болғанда прокурордың көмегі көрсетіледі. Атап айтқанда, жұмыс ұжымына еңбекақы төленбеген жағдайда, жаппай жұмыстан шығару дерегі анықталғанда мемлекеттік айыптаушы өндірістік іске араласа алады. Жалпы, сот отырыстарын прокурордың қатысуынсыз өткізу сот жүйесінің азаматтық сот өндірісіндегі ролін күшейтуге бағытталып отыр.

Осындай аса маңызды әрі күрделі мәселелерді түсіндіріп өткен судья Айжан Қайсарова жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қойған сұрақтарға жауап беріп, мәселенің мәнін ашып көрсетті.



Әлемде 750 млн. ересек адам сауатсыз



Бұл жөнінде БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун мәлімдеді. Олардың үштен екісі әйелдер көрінеді. Бұл дегеніңіз әлемдегі әрбір оныншы тұрғын хат танымайды деген сөз.

"Мектеп жасындағы 250 миллиондай бала сауатын ашпаған. Ал, 124 миллионға жуық жеткіншек мектепке мүлдем бармайды". – деді бас хатшы Халықаралық сауаттылық күнінде жасаған баяндамасында.

Пан Ги Мун өлем елдерінің басшылары мен ірі кәсіпкерлерін бас біріктіріп сауатсыздықтың көзін жоюға шақырды.

Өз еліне сыймаған Саакашвили өзге мемлекетте "сұлтан"



Одесса губернаторы Михаил Саакашвили Украина үкіметінің басшысы қызметіне дейін көтерілуі мүмкін.

Оны үкімет басшысы етіп тағайындау туралы петиция ел президентінің сайтында жарияланып, қазірдің өзінде қажетті 25 мың дауысты жинап үлгерген.

«Шынымды айтсам, мен Украина премьері болуды қаламаймын, себебі, қаржы мәселесінде шорқақтаумын». – дейді Одесса губернаторы.

Сарапшылар кезінде өз елін соңғы шақасына дейін тонап, Украинаға қашып шыққан Грузияның экс-президенті қалай ғана өзге елде сұлтан болып жүргенне таң.

Британдық компаниялар 5,5 мыңдай жұмыс орнын қысқартты



Солтүстік теңізде жұмыс істейтін британдық мұнай-газ компаниялары өткен жылдан бері 5 500-ге жуық жұмыс орнын қысқартыпты. Британиялық мұнай-газ реттеушілері мұны «қара алтын» құнының құлдырауымен түсіндіріп отырған көрінеді.

Солтүстік теңізде қызметін жүзеге асырып жатқан мұнай компаниялары өткен жылдың маусым айынан бері Brent мұнайы бағасының 55 пайызға төмендеп кетуінен қатты зардап шекті. Себебі, сол сәтте аталған компаниялар «қара алтын» өндіруге жұмсалатын операциялық шығындармен байланысты қиындықтарға тап болған еді.

Бүгінде мұнай-газ секторында 375 мыңға жуық адам еңбек етеді, және ол «қара алтынның» арзандауына қарамастан бюджетке түсетін салықтың негізгі ірі маңызды көздерінің бірі болып қала береді.

Босқындар арасында әйел мен бала саны артып барады



Еуропаға келіп жатқан мигранттар арасында әйелдер мен балалар саны күн санап артып барады. Бұл туралы БҰҰ өкілдері мәлімдеп отыр.

1-6 қыркүйек аралығында Грекиядан Македонияға өтпе жолда, Гевгелия қаласында 10 мыңға жуық адам тіркелген, олардың шамамен 40%-ы әйел мен бала көрінеді. Осы кезеңде 7720 адам Прешеводан Сербия аумағына өткен кезінде тіркелінті.

«Дегенмен, екі елдің қабылдау орталықтарына келіп жатқан әйелдер мен балалардың нақты саны бұл көрсеткіштерден екі есе артық болуы мүмкін. Себебі, көптеген отбасы ресми тіркеусіз, өз бетімен шекара асуда», – дейді БҰҰ.

Химик 12 жыл жуынбай жиналған кірден косметика ойлап тауыпты



Американдық химик Дэйв Уитлок 12 жыл ішінде ванна не душ ізден көрмепті. Оның айтуынша, теріге қонған пайдалы бактерияларды жумай, денеде сақтаған өлдеқайда пайдалы көрінеді.

«Ежелде өмір сүрген ата-бабаларымыз жуынбайақ өмір сүрген жоқ па?!» – деп ғалым. Өз теориясын дәлелдеу үшін ол «AOBiome» фирмасын ашып, өзі айтпақшы, пайдалы микроорганизмдер қосылған косметикалық заттар шығара бастаған. Қазір ол Mother Dirt (Лас-ана) атауы өнімін саудаға шығарып үлгерді.

Бұл өнімді шығарушылар: «Адамдар «тазалық» пен «зарарсыздандыру» ұғымын өті күнге шатастырып келеді. Олар денеді кірді жуып, иммунитетін өлсіретіп жатады. Сол себепті, адамның денсаулығы мықты болуы үшін жуынбауы керек», – деп есептейді.

Бұл өнімдерді клиникалық тұрғыдан зерттеу басталмағанымен, өнім дүкен сөрелерінде сатылып жатыр.

Жер бетінде неше түп ағаш бар?



Ғалымдар әлемдегі орман массивтерінің тығыздығын зерттеу нәтижесінде 3,04 трлн. ағаш бар екенін санап шығыпты.

Сонымен қатар, олар ағаштардың жыл сайын 15 миллиардқа артып, оның 10 миллиардты жойылып отыратынын да дәлелдеген. Жалпы, адам баласы тіршілік ете бастаған дәуірден бері жер бетіндегі ормандардың 46 пайызы жойылған.

(BNews.kz жаңалықтары негізінде әзірленді)

▲ ТУРИЗМ

АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ БІЛЕКТІҢ КҮШІ, НАЙЗАНЫҢ ҰШЫМЕН ҚОРҒАП, ҰРПАҒЫНА АМАНАТТАП КЕТКЕН ЖЕРІМІЗДІҢ ТІЛ ЖЕТПЕС СҰЛУЛЫҒЫ ШЕТЕЛДІКТЕРДІ ДЕ ТАМСАНДЫРАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ЕЛБАСЫМЫЗ Н. НАЗАРБАЕВ МЕМЛЕКЕТ ЭКОНОМИКАСЫН КӨТЕРУГЕ ЕРЕН ЫҚПАЛЫН ТИГІЗЕР ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕ ҮНЕМІ АЙТЫП КЕЛЕДІ.

ШОҒАНСАЙ - ЖЕРДІҢ ШЫРАЙЫ

Бес реформаға негізделген 100 нақты қадамның 57-іншісі дәл осыған арналған. Бұл бағытта облысымызда қаралған жұмыстар, айқындалған бағдарламалар бар. Асқар биігінде Хантәңірі шыңы, етегінде Көлсай көлі, бауырында Қарқара, Шұбартал, Екіаша, Шалкөде жайлаулары бар, емдік қасиеті мол бастау-бұлақтары, үйысқан қарағайы, орман-тоғайы бар Райымбек ауданының аумағы туризм үшін жаратылған өлке. Туризм үшін талтырмас таулы өңірге соңғы он жыл ауанында сырттан келушілер қатары анағұрлым көбейе түсті. Алыс-жақындағы шетелдік туристердің де көз тігер жері осы өлке болып отыр. Ең бастысы, осы жердегі бар дүние көңілді толықтыра бермейді. Өрістетер, өркендетер, қолға алар шаруалары жетіп-артылып жатыр.

Суы бал, ауасы дауа, үйысқан орманы мен көк шалғыны шипалы ауданда бірсыпыра демалыс орындары бар. Мемлекет қамқорлығына алған Көлсайда «Көлсай көлдері» ұлттық табиғи паркі жұмыс жасайды. Оның сыртында «Жібек жолы» ЖШС-нің тұрғызып тастаған демалыс орындары Көлсай мен Шоғансайда бар. Жамбыл селолық округіне қарасты Шоғансай өңірінде арнайы болдық. Қаратоған ауылынан небәрі 14 шақырым жердегі тау ішіне орналасқан «Экотуризм «Шоғансай-Әлішер» ЖШС-ға қарасты демалыс орны бізді құшақ жая қарсы алды. Бізді ең алдымен тау қапталын жалқан қалың қарағай, төмен қарай сылдырлай, сыңғырлай күлаған мөп-мөлдір тау өзені, қапталына өскен неше түрлі гүлдер қарсы алды. Гүлдеріне құшағымыз толғандай, иісі ғажап тұнық ауасынан жан сарайымыз ашылғандай күйде діттеген жерімізге жеткенбіз. Демалуға келген жандардың қарасы мол. Оның дені Алматы қаласынан. Бірнеше топ Кеген ауылынан келіпті.





– Қазан-ошақ, самауырын көтеріп келетіндей ештеңе жоқ. Бәрі өзімізде. Бәрін өзіміз дайындап береміз. Сұранысқа сай қазақтың ұлттық тағамдары дайындалады. Биө байлап тастағанбыз. Сұраныс иелеріне саумал, қымыз береміз. Оның сыртында жаңа дайындалған сары май, маңыз, ірімшік, ірімшік араластырылған майлы сықпа құрт дастарқанның сәнін кіргізеді. Келушілердің көңілінен шығу үшін бар жағдайды жасап отырмыз, – дейді «Экотуризм «Шоғансай-Әлішер» ЖШС-нің жетекшісі Сәрсемхан Берікбаева.

Айтса-айтқандай, біз арнайы іздеп барған «Экотуризм «Шоғансай-Әлішер» ЖШС-не қарасты демалыс орны атағы тым алысқа кеткен әйгілі Хантәңірінің етегінде, шыңнан 30 шақырым қашықтықта, Тянь-Шань тауының қылқан жапырақты орманында, теңіз деңгейінен 2800 метр биіктікте орналасқан. Бұл туристік базаға ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 11 маусымдағы № 481 қаулысына сәйкес туроператорлық қызмет туралы мемлекеттік лицензия берілген. Демалыс орнының иелері ерлі-зайыпты Алдан Түзелбаев пен Сәрсемхан Берікбаеваның бар мақсаты жыл өткен сайын қолда бар қаражатпен демалыс орнының іргесін мүмкіндігінше кеңейте түсу болып отыр.

Бұл бізді де қуантты. Бұл өңірде жүз түрлі емдік қасиеті бар шөптің өсетіні анықталған. Таудан төмен сарқырай аққан түп-тұнық өзендерінің де емдік қасиеті жоғары. Ал арайлап тан атып келе жатқан кезде шығыс жаққа үйысқан қарағай арқылы көкпеңбек болып түзілген озон қабатын аңғарасың. Айтты-айтпады, бұл көкорай өңірдің саф ауасы жаныңа шипа. Бұл жерден адам бір жасарып немесе жасын бірнеше жасқа ұзартып, жаңа туғандай болып аттанады.

Сәрсемхан сонау бір жылдары бір ауруға ұшыраппты. Бармаған жері, қаралмаған дәрігері қалмайды. Ақыры біреулердің ұсынысымен осы өңірге 1998 жылы көшіп келеді. Шаруашылықтан қалған мал базы, малшы үйі болды. Осы жердің ауасымен тыныстап, суын ішіп жүріп ақыры сол сырқатынан құлантаза жазылып кетеді. Бірте-бірте бұл жерді осы маңға қызықтап келіп, саясында бір күн болса да демалып кетіп жүрген адамдардың ұсынысымен демалыс орнына айналдыруды көздейді. Сол тынымсыз еңбек, ел мен жұртқа қызмет етуге арналған адал еңбек жемісін бере бастапты.

Қарапайым ғана ауылдан шыққан, осы өңірде туған жандардың туризм сөлкілді игілікті істің жалын ұстағандары, соны уақытқа сай дамытып келе жатқандары шын мәнінде қолдарлық та қуантарлық. Түзелбаевтар әулеті осы бір демалыс орнының жұмысын асықтай иіріп, талабына сай үйіріп отыр. 20 адамға арналған үйі, жатын орындары бар. Оның сыртында бірнеше киіз үй тігіліп тасталған. Былтыр көп адам тамақтанатын қазақүй іспетті жаздық қосымша ғимарат салыныпты. Оның іші жайлы. Салқын саялы. Келушілер сұраныстарына сай бір уақыт буы, иісі бұрқыраған қуырдақ пен сірнеден, жақсы дайындалған үлкен астан дәм татып, қымыз ішіп отыр. Қонақтарға жаңа пісірілген жұмсақ, дәмді нанды да өздері әзірлеп отырады екен. Табиғат аясын қызықтап, серуендеп қайтушыларға арнайы ат бар, төрт дөңгелекті көлік иелерінің де қызмет жасап жүргенін көрдік. Мұнда келушілердің сұранысына сай дәмді ас әзірлейтін бірнеше қазан-ошақ, самаурын бар.

Шаңырақ иелерінің отағасы алпысқа тола қоймаған Алдан Түзелбаев пен отанасы, серіктестік жетекшісі Сәрсемхан Берікбаеваның қатарын ұлы Арслан, келіні Жұлдыз, Сәрсемханның сіңлісі Назгүл толықтырып тұр. Таңнан кеш батып, түн қоюлана түскенше өз жұмыстары, міндеттері бойынша шапқылап, жандарын сала, еңбектеніп жатқан Түзелбаевтар әулетінің ісіне риза болдық. Күні кеше ғана мұнда республиканың ең таңдаулы демалыс орындары жөнінде журналистік жұмыс жазып жүрген Жанат Елшібектей қалың қазағына танымал қаламгер бірнеше күн болып аттаныпты.

Райымбек ауданы.

■МЕН ҚАЗАҚПЫН

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫ ұқыптаған

Осы күнге ел сүйсіне тамашалайтын, бір барып көруге ынтызар болып, ақшасын аямай, жыл сайын бірнеше миллион адам тамашалайтын әлемдегі әйгілі Лувр (Париж), Британ (Лондон), Ватикан (Италия), Метрополитен (АҚШ), Прадо (Мадрид), Каир (Египет), тағы да басқа музейлерге кейінгі жылдары жер-жерлерімізден де табанын жол тартып бару. Сол сапарынан: Тарихы жағынан ұзақ, ұлттық құндылығы жағынан бай біздің елде неге әлемді аузына қаратқан музейлер жоқ деген өкінішті арқалап оралған жандардың көңіл толқынысын бірнеше рет естіп қалдым. Бұл елімізде музей мүлде жоқ дегенді білдірмейді. Жоғарыда аты аталған музейлердің айтпағанның өзінде, қазір елімізде 200-ден астам мемлекет қарамағындағы музей жұмыс істейді. Олардың қызмет сапасы, деңгейі, мүмкіндігі, жәдігерлердің құндылығы, тарихтан сыр шертетін мұралардың әлемдік деңгейі төмен деп айта алмаймын. Бірақ, дүниежүзі мойындайтын деңгейге жете алмай келе жатқанымыз ақиқат. Оның сан түрлі себебі бар.

«Жетісу»
Кәжет АНДАС

Ең бастысы, жерлестерімізді ата тарихымызды айғақтайтын мұраны ұқыптаудан кенже қалып келе жатқаны. Тіпті, тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезінде талай дәулетті отбасында сақталған ғасырлық құнды жәдігерлер тиынға бағаланып, темір-терсекпен бірге қытай асып кеткеніне қалай өкінбеске? Ертеңгі ұрпақ сол жәдігерлерді біраз жылдан кейін өзге елдің музейінен көріп, тамсанып, тамашалайтын болады. Жоғарыда аталған әлемдегі әйгілі музейлер басында жеке адамдар жағынан жинақталып, кейін келе сол елдің мемлекеттік мүлкіне айналғанын айта кеткен жөн. Осындайда: «Біздің елдің тұрғындарында неге осындай ұмтылыс жоқ?» – деген сұрақ туындайды. Таусыла берудің де реті болмас. «Ел іші – өнер кеніші» емес пе? Жалықпай іздесек ондай жандар арамыздан көп табылады. Тек жарнама мен қолдау ғана жетіспей жатқаны рас. Талдықорған қаласының тұрғыны Марат Құсайынов ағамыздың үйіндегі арысы түрік дәуірінен тартып, қазақ мемлекеттігінің әрбір тарихи кезеңінен сыр шертетін, кешегі Кеңес одағы, социалистік Қазақстан, бүгінгі тәуелсіз елдің бет-бейнесін айқындайтын жәдігерлерді көргенде осындай ойға келдік.

Өмір бойы слесарь, баспа үйінде жұмысшы, тракторшы, тұрмыстық техникаларды жөндейтін механик сияқты мамандықпен айналысқан зейнеткер ағамыздың бай мәдени мұраны жалықпай жинауына өзінің қызығушылығы себеп болыпты. Бала күнінде пошта маркасы, сіріңкенің қорабы, тағы сол сияқты ұсақ-түйек заттарды жинай бастаған. Бұған ата-анасы да қарсы келмепті. Кейін қызмет бабында кезіккен құнды жәдігерлердің бірін сұрап алса, енді бірін келісіп сатып алып жүріпті. Ал тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезінде қоқысқа лақтырылған талай жәдігерді жалықпай жинап, металл ретінде қытайға сатылып бара жатқан мұраларды сұрап алып, құлағына тисе болды ағы жеткен жердегі жәдігерлерді іздеп тауып, шаңнан арылтып, жөндеуден өткізіп, қайта қалпына келтіріп санын көбейтті. Оның осы қызығушылығын бағалаған жора-жолдастары, жақындары, ауылдастары да қолдау танытып, көне бұйымдарды, заттарды өздері әкеліп Марат ағаға табыстайтын болған. Міне, осындай жанкешті еңбегінің арқасында бірнеше мың жәдігері бар отбасылық музейдің негізін қалапты.

Марат ағаның үйінде сақтаулы тұрған жеке қордағы жәдігерлерді көргенде шынымен де таңғалдық. Екі бөлмеге жинақталған құнды дүниелер тарихтың әр кезеңінен сыр шертеді. Біздің назарымызды ең алдымен бірінші бөлменің оң жақ төріне ілінген түрлі дыбыс шығаратын сағаттар аударды. Уақыттан қалыспай сықылдап соғып тұрған механикалық сағаттар мен үні естілмейтін батареямен жүретін және электронды сағаттардың әдемілігі өз алдына бір әңгіме. Сол қатардағы фотоаппараттар осыдан ғасыр бұрынғы адам баласының сурет түсіру өнерін көрсетіп тұр. Онда 1950 жылдан бүгінге дейін шыққан 15 түрлі фотоаппарат орын алған. Ал қолдан жасалған нар, шахмат тақтасы, 1950 жылдардың туындысы саналатын балалайка, үш ішекті домбыра, қобыз сияқты музыка аспаптарының да талай өнерлі жанның бағын ашқаны біліну тұр. Жақсы сақталғандықтан болар ішегін басып қалсаң, сыңғырлап сөйлей жөнеледі. Сонымен бірге осыдан екі жүз жыл бұрын қолданылған құлыптардың кілттері тізіліпті. Қоқыстардың арасынан табылған жәдігерлерді тазалап, майлап, баяғы қалпына келтіріп қойыпты. Оған қарап сол кездегі техниканың деңгейін, мүмкіндігін пайымдауға болады. Кілттердің сырт көрінісі аса әдемі болмағанымен, материалдың сапасы жоғары екендігі байқалады. Ал 1960 жылы Индияда жасалған гүл салатын вазалардың түр-түрі, 1961 жылы Түркияда жасалған қола табақ, кирамикадан жасалған түрлі тұрмыстық бұйымдарды да өңіріміздегі кейбір музейден кездестірмейтініңіз анық. Сол қатарда самаурынның 20 түрі (1827 жылдан бері), темірден, ағаштан жасалған келі мен келсап, Жібек жолы бойындағы





Сарайшық қаласының көне жұртынан табылған тиындар мен қыздардың әшекей бұйымдары, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласы маңынан табылған монеталармен қатар, қазіргі таңда қолданыста жоқ әлемнің 46 мемлекетінің қағаз және металдан жасалған ақшалары, Ресей патшалығы, Кеңес одағы дәуіріндегі қағаз ақшалар, тиындар және Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері шығарылған қағаз, металл ақшалар мен мерекелік монеталардың түр-түрін де осы жерден кездестіресіз.

Жәдігерлердің қатарынан 1848 жылы шықса да қазірдің өзінде жұмыс істеп тұрған «Зеңгір» киім тігу машинасын да кездестірдік. Кезінде талай адамның қолы жетпеген жабдықтың бүгінгі күні жәдігерге айналатынын кім білген. Марат ағаның қорында осындай киім тігуге арналған машинаның 18 түрі бар. Әрбірінің қолдану мүмкіндігі, құрастырылуы әртүрлі. Сонымен қатар, математиканың төрт амалын орындауға арналған өткен ғасырдың туындысы саналатын арифмометрді қолданып көруге тырысып бақтық. Есептеу жылдамдығы бүгінгі калькуляторлардан кем түспейтін болып шықты. Енді бір айрықша айтатын нәрсе – көне мұралардың төресіндей жеке музейдің төрінде тұрған патефон мен проигрыватель аппараты. Ең алғашқысы 1935 жылы шыққан патефонға арналған 300-ден астам пластинка да қатар-қатар тізіліп, көздің жауын алады. Арасынан 1960–1970 жылдары «Дос-Мұқасан», «Ялла» топтары орындаған әндер мен Шыңғыс Айтматовтың пьесасы негізінде қойылған «Ана – жер – ана» спектаклінің, Мұхтар Әуезовтің «Мұңлық – Зарлық», «Абай» қойылымының нұсқасын көріп, таңғалдық. Ал Күләш Байсейітова, Роза Бағланова, Роза Рымбаева, «Айгүл» ансамблінің әншілері орындаған әндерді тыңдап, бір жасап қалдық. 1904 жылы мыстан құйылған шамдарға от тұтатып, Кутузов пен Сухаровтың шайнегінен шай ішіп, иттің басының бейнесінде құйылған сия сауытпен жазу жазып, Ресей патшалығы дәуіріндегі «фильм Масков» киноаппаратының жұмыс барысымен танысып, Шағаноба қорғандарынан табылған орта ғасыр мұрасына тән қоладан құйылған айнамен түрімізді көріп, көңіліміз көтеріліп қалды. Сол аралықта отынмен, керосинмен қыздырылатын XIX ғасырға тән үтіктермен киімнің қыртысын жазып, XX ғасырдың құс тұмсық ер-тоқымына мініп көріп, XVIII ғасырға тән батырдың бес қаруын бойға асынып, XX ғасырдың басында ойылған саптаяқтен де ас ішуге болады және түріктер соққан шапақ пен өткен ғасырдың басында қолданылған жүректің қағу жиілігін тыңдауға арналған медициналық жабдықты да тамашалай аласыз. Қысқасы, Марат аға жинаған мұраларды көріп, көз аяңыз кеңіп, өткен тарихқа дендеп кіріп, көңіліңізді тәтті сезімге бөлейтініңіз анық.

Айтпақшы, көне жәдігерлерді жинаудағы қызығушылығымен қатар, отбасы шаруашылығына деген ұқыптылығы өз алдына бөлек әңгіме. Ауласында жайқалып өсіп тұрған сан түрлі гүлдің әдемілігін айтпағанның өзінде, көгершіннің 20-ға жуық түрін, тауықтың 3 түрін, Ұлытауда мекендейтін ұлар құсты, жұмыртқасы бағалы бөденені, тағы да басқа бағалы құстарды қолға үйретіпті. Оның ішінде кезіндегі қытай императорлары өсірген дүниеде сирек кездесетін тауықтың түрін де осыдан кездестірдік. Ал алақандай бақшадан жылына екі рет көкөніс өсіріп, өнім алатынын көршілері жырдай қылып етіп әңгімелеп берді. Талдықорғанның ауа райының жағдайымен салыстырғанда бұл да назар аударуға тұратын жетістік деп есептеуге тұрарлық. Қырық жыл бойы шаңырағын шайқалтпай ұстаған Марат аға мен жеңгеміз Ұлтуар Гілеубайқызы бір ұл, екі қыз тәрбиелеп, ел қатарына қосыпты. Атырауда тұратын ұлы Асқар мен Зайсанда тұратын қызы Әсел әскери салада жұмыс істесе, ортаншы қызы Айнұр техникалық мамандықты меңгеріп, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде қызметкер. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» дегендей, немерелерінің бәрі атасының жолын қуып, көне мұраларды жинаумен айналысып жүр. «Қазір менің отбасылық музейімнің Атырауда және Зайсанда екі филиалы бар. Оның иесі немерелерім», – деп күлді Марат аға.

Айта берсек, Марат ағаның сегіз емес, сексен қырын айтып, жазып жеткізуге болады. Бұл жолы тек ұлттық мұраны ұлықтаған, көне тарихымызды түгендеген білгірлігіне ғана тоқталғанды жөн көрдік. Осылай ағаның отбасылық музейінен көтеріңкі көңіл-күймен аттандық. Бірақ, көкірегімізде ауыр ойдың салмағы жатты. «Шіркін, оның қолындағы дүниелер үйдің жертөлесіндегі екі бөлмеге тығылып, көпке мәлім болмай жатқанша, бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің жастарын сүйсіндіріп, жүректеріне халқының мәдениеті мен тарихына деген сенім сиіретіндей жағдай жасалса артықтық етпес еді», – деп ойладық. Қазір сол мұраның жинақтаушысы да, көрермені де Марат ағамыз бен жеңгеміз және қолындағы үш немересі ғана болып жүр. Осы ретте, сол мұраларды жалпақ елге жариялап, танытуға облысымыздағы құзырлы мекемелер көптеп қолдау танытса құба-құп болар еді. Мақаланы дайындаудағы мақсатымыз да сол. ■

■МӘДЕНИ МҰРА

Аспан асты мұражайы



Таңбалы тас – Қазақстан аумағында жиі ұшырасатын аспан астындағы мұражай. Күн көзіне тік түсетін шатқал қабырғалары мен жартастарда қазақ жерінде өмір сүрген қола дәуіріндегі адамдардың мәдениеті анық көрінеді. Мәселен, біздің облыстың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан Таңбалы таста 3000-ға жуық белгілер бар. Тастағы жазуларға қарап сол кезеңдегі мәдениетті айнытпай топшылауға болады. Топ-тобымен би билеп, жануарға мініп тұрған адамдардың кейпі шынымен таңданарлық. Сарысу жағасындағы Таңбалы тасты да қазақтар ежелден ардақтаған. Кейін бірліктің белгісі ретінде еліміз ру таңбаларын осында ойып жазған.

Махаббат мазары



Қос ғашықтың мөлдір сезіміне арналып іргетасы қаланған көне мазар алыстан меңмұндалайды. Ел ішінде Қозы мен Баянның махаббатын жырлайтын лиро-эпостық дастан сонау XIII ғасырдан бері айтылып келеді. Кейін қазақтың ғалымы Шоқан Уәлиханов қағазға түсіріп, бірнеше нұсқасын кітапқа енгізген. Сонымен бірге, Шөже, Жанақ, Сыбанбай мен Бекбау жыраулар жатқа соқты. Халықтық дастанда Қарабай мен Сарыбай құдалардың арасындағы шиеленіс, тоғышарлық, мөлдір махаббатқа жасалған қастандық жырланады. Кесене Шығыс Қазақстандағы Аягөз өзенінің бойында орналасқан. Биіктігі – 11 м., 65 см. Ғалымдардың пайымдауынша, махаббат мазары шамамен Х ғасырда бой көтерген. Бүгінде Әсет Бейсеуовтың:

Сейпіл Мәлік – Жамалдай,
Бейнетіңе көнсем-ау,
Қозы мен Баяндай,
Бір молада өлсем-ау, – деген ән жолдары ел ішінде танымал.

Отырар кітапханасы



Отырар – қазақ жерінде орналасқан ең көне қала. Тарихи шаһар орта ғасырда гүлденді. Әсіресе, X-XII ғасырларда білім мен ғылымның, мәдениет пен әдебиеттің ошағына айналды. Ұлы Жібек жолының бойында іргесі қаланған қала батыс пен шығыстың керуені арқылы үлкен кітапханасын тұрғызды. Тарихшылардың зерттеуіне сүйенсек, Отырар кітапханасы әлемдегі әйгілі Александрияның кітап мұрасынан да үлкен болған. Кітапхана Арыстың Сырға құяр сағасында орналасқан. Ғалымдардың айтуынша, кітапхана 341 жылдан бастап дамыды. Сөйтіп мың жыл бойы Отырардың бай мұрасы керуендердің кітабымен толығып, қоры ұлғая берді. Әлемдегі екінші ұстаз әл-Фараби мен Ахмет Ясауи білімін осы кітапханада толықтырып отырғаны анық.

■ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ТҮРКІЛЕРДІҢ ӨМІРІ

Еуропа мен Азияның арасын алақанына алған ежелгі жауынгер түркілердің өмірі енді орта мектептің оқулықтарына енді. Келесі оқу жылынан бастап мектеп қабырғасындағы шәкірттер «Түркі мұрасы» пәнінен дәріс алатын болды. Ұлттың рухын көтеретін ақжарма жаңалықты Астанада өткен Қазақстан тарихшыларының III конгресінде Түркі академиясының президенті Дархан ҚЫДЫРӘЛІ жеткізді.


Түркілер – ат үстінен түспеген жауынгер халық. Бес қаруын асынған Тұран даласының сарбаздары азаттық жолында ерен ерлік жасады. Олар әлемде теңдесі жоқ көшпенділер мәдениетін қалыптастырып, кейінгі ұрпаққа Ұлы Даланы аманаттап кетті. Түркі дәуірінде қарыштап дамыған білім, өнер, әдебиет халықтың рухын оятып, келешекке сенімін нығайтты. Тілі мен тұрмысы ұқсас бүгінгі түркілердің түп-тамыры Ұлы Далада ұрпақтарын ежелгі елдің аңыз мұрагері іспеттес. Жаңа оқулықта ұлтымыздың қалыптасу жолы, өткен өмірі түгел қамтылған.

– Бүгінге дейін түркі әлемінің тарихын көбіне Түркия зерттеп келді. Енді біз де Елбасының бастамасымен түркілердің ортақ тарихын әзірледік. Қазір 8-сыныпқа арналған оқулық дайын. Концепциясын тұжырымдап, Білім министрлігінің кеңесінде бекіттік. Ортақ түркі тарихы ежелгі дәуірден бастап, XV ғасыр аралығын қамтиды, – дейді Академия президенті.

Ал XV ғасырдан кейін қазақ елінің уығы қадалып, шаңырағы көтерілді. Алтайдан Атырауға дейінгі алып аумақты Қазақ хандығы иеленді. Жаңа оқулық он бөлімнен тұрады. Мектепке арналған кітапта түркілердің адамзат тарихына қосқан үлесі таңға таңба басылғандай көрсетілген. Оқу құралында Ұлы Даланың тарихына терең мән беріледі. Жаңа пән түбі бір туысқан Әзербайжан, Түркия, Қырғыз елдерінде де оқытылады. Ең қызығы, аталған оқулықпен танысқан Венгрия ғалымдары түркі тарихына қызығушылық танытып, ана тілдеріне аударуға ниеттеніп отыр.

Қуаныш АБАЙБЕКҰЛЫ.

■КӨНЕ САРЫН



Көрермен қара қобыз өз-өзінен сынған тұр. Киелі аспап неге ескерткен құрбанын сынады? Ол – құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтің құлағына азан шақырып атын қойған кіндік әкесі Байсақұлы Молықбайдың қобызы. Мұражайдың қасиетке ұзақ үнсіз тұрып алдында Жетісудың қара атағы болған қара шал жайлы сұрақтар шығады. Осы бір киелі аспап тағдырын халық не біледі? Көне күйші Қорқыт пен Ықыластың қатарындағы дарын неге ұмытылады? Дулыға ақын Ілиястың өз дара тұтып ұлықтаған қалам дәп «Құлагер» дастанын арнағаны белгілі. Ал одан соңғы ақырғат азалық әнді Шын дарын тоқ ата жарлығын тереңге көзі көрмейтін қалмасы екен деген қалдырмай бір Молық елің ұлтты ақылды тұлғаның тұлғасын таныт пас Жетісудың жорасы, майталман қақсалғы заманының мерзімі бағыналсын бел таман қобызшы, ақын, әншім бақсыбалгер, сал-сері Молықбай қобызының қасиетін де көңілге түйінді жан.

МОЛЫҚБАЙДЫҢ қобызы

«Жетісу»
Құралбек СӘБИТОВ

Қара шалдың бабаларының бәрі қобызшы болған. Әкесі Байсақ желді асуда ерекше дауыс шығарып тұрған екі қарағайдың ызылын ұнатып туысы Бектөлеге қобыз шаптырып жасатады. Оны күміспен күптеп, алтынмен аптаған аталас туысы, зергер шебері Естібай Мырзағұлұлы. Оның ішегі мен шанағына, әмсе жүйрік аттың қылын қолданып отырған. Молықбайдың әкесі Байсақтан кейін қара қобыз сегіз жыл иесіз үй төрінде ілулі тұрып қалады. Бір күні тары орып жүрген Молықбайды әкесінің бір қаршыға бастаған жүз кісілік пір киесі қысып, ие боп тастаған жерінен келіншек ес-түссіз күйінде тауып алады. Осыдан бастап күйшіге әкесінің қасиеті қонып, үлкен нағашысы Қылышты бақсының киесі дарып, қобызда ойнап, бақсы-балгер, емші болып жадынан өлең шығарып, қобыз сарынына қосып ән-жыр айтып, үш ішекті, төртбұрышты домбырада күй шертіп, халық қолдауымен сал-серілік ғұмыр кешеді. Содан бері абзал халқына киелі қара қобызы және шипагерлік қасиеті арқылы қамқор болғандықтан «қобызшы Молықбай» деп атанған.

Құлагер ақынның суреттеуіндегі қара шал келбетті, ұзын бойлы, сүйегі сұлу, бітімі тік, сақалды, мұртты, бетінің сары шұбар секпілі бар, өңі сары, бүркіт мұрын, оң жақ шекесінде алақандай қалы бар, жар қабақ, арсақай, дауысы жуан болған. Бақсылық бойынша сіңген дарын ем-домды кім көрінгенге жасамаған. Өзінің ішкі сезімімен сезіп, қонатынына көзі жеткендерді ғана емдеуге кіріскен. Ақы алмаған, елдің бергенін ризық тұтып жүре берген. Сонымен қатар Құран сүрелері мен аяттарын қобыз сарынына дауысын қосып, өлең қылып айтқан. Қара қобыз «Жезкиік», «Екі желмая», «Ақсақ құлан», «Қазан күйі», «Он сanмен Орманбеттің айрылғаны», «Боз жорғаның жорғасы», «Ерәлінің дүлділінің шабысы», «Ықыластың күйі», «Ақ көбік, қара көбік», «Құдіреттің құсы», «Бағланбайдың бозінгенінің зары» күйлерін шалқыта тартқан.

Бақсылық буып, күйші атанған шалдың дарынының бектеп, таныпуына қасиетті аспаптың септігі мол. Себебі қобыздың бейне бір жаны бар секілді. Бұрындары небір қаралы күнде халықпен бірге қайғырып, неше бір мұңды сазды тартқан екен.

Молықбайдың әкесі Байсақ кіреберіс босағадағы бет топырағы бос жатқан шұқырға аяғын тығып алып, оқыс құлап, тобығы мен жіліншігін сындырады. Сонда Байсақтың үйінің төрінде ілулі тұрған қара қобыз өздігінен жерге құлап, ол да мойнынан морт сынып, бір жағындағы жаңқасы орнынан тайып шығып, орны үлкен тесік болып қалады. Осы салдардан киелі үлкен қара қобыз «жарық қара қобыз» деп аталып кеткен. Киелі үн аспабы Ілияс Жансүгіров мұражайына өткізілгенінше Молықбайдың келіні Адасқанның үйінде сақталған. Сол бір үй өртенгенде сандықтағы қара жарық қобыз дін аман қалады. Осының өзін әлі шешуі табылмаған қобыздың киесі, қасиеті десе де болар.

Халқының жырын жырлап, елінің мұңын мұңдап жүрген күйші кеңес өкіметі белсенділерінің астамшыл істерінің қуғын-сүргінінің құрбанына айналып кетеді. Оған себеп жүйрік торы аты еді. Сәйгүлік басқа аттарға дес бермей, әрдайым бас жүлдені алып отырады. Даңқы асқақтаған дүлдүлді қолға түсіре алмағандар Молықбайдың ісін кек көріп, оған салым салады. Өтеп болса, есесі бірден артатын салымды төлеуге күйші қауқары жетпейді. Түбінде «халық жауы» деген желеумен қобызы мен өзін қамауға алып, тор атын, күміс ерін, үй мүлкін тәркілейді. Түрменің іші азынаған суық. Ауыр соққыдан есін жия алмай қимылсыз жатқан тұтқын. Ащы шындықты ішінен ақтарғысы келгенімен дәрмені жоқ. Қалау-тілектері орындалмаған кеңес белсенділерінің пиғыл кінен күйінген қара шалдың қобызы күңіреніп сала берді.

Молықбайдың абақтыда орындаған күйлеріне, өнеріне тәнті болған түрме бастығы өз үйіне апарып қобыз сарынына дауысын қосып тартқан күйлерін үнтаспаға жазып алады. Қасиетті қобыздың үнінен жүрегі жібіген колония басшысы Молықбайға түрмеден бостандыққа шығуға көмектеседі. «Күйшіні келіп, алып кетіңдер» деген хабар жібертеді. Молықбайдың әйелі мен баласы өгіз арбамен бір ай мерзім шамасында жол жүріп, түрмеге жеткенінше қиналған күйшінің жан дүниесі үзіліп, көкке көтеріліп кетті. Амалы құрыған әйелі мен баласы киелі қара жарық қобызды алып, кері елге оралады. Содан бері киелі қобыз өздігінен мұңды үн шығарып иесін жоқтайды. Күйшінің артында қалған жалғыз ұрпағы да осы.

■ИМАНДЫЛЫҚ

Даласында ТҮРМЕ, есігінде ҚҰЛЫП болмаған



Қазақ даласына Ислам дінінің келгеніне 1 мың 250 жылдай уақыт болды. Ғасырлар толысымен салыстыратын болсақ, осы ұзақ кезеңде Ислам дінінің әдет-ғұрыптары біздің болмысымызға, дүниетанымымызға сіңіп кеткенін көреміз. Өйткені табиғатынан ақиқатқа құштар бабаларымыз Исламның хақиқи ұстанымдарын қиындықсыз қабылдады. Ал Ислам діні ақиқи дін ретінде тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, болмыс-бітімді түгел қамтып, бүкіл әлемді кемшіліксіз жаратқан Алла тағаланың адам үшін бар мүмкіндік бергенін айтады. Осының жақсы түсінген ата-бабаларымыз көзқарасына, танымына, болмысына тура келгендіктен Исламды оңай қабылдаған. Сонымен бірге халқымыздың санасындағы үлкенді сыйлау, әділетті ұстану, аманатқа қиянат жасамау, ата-анаға құрмет, көршімен тату болу сынды адамдық құндылықтар Ислам дінімен де біте қабысып жатыр.

Енді халқымыздың бойындағы адамгершілік, адалдық ұғымдарын ұлық имам Әбу Ханифаның жолымен байланыстырар болсақ. Алла тағаланың пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) арқылы жеткен сөзін, ұстанған сүннетін бізге түсіндіріп, таратып беретін ғалымдардың керектігін ұғынамыз. Өйткені дін ғылымын өз бетімізден түсіне алмаймыз. Себебі, Құран Кәрім де, хадис те терең тұңғиық, тұнып тұрған ілім. Әрбір аяттың тура мағынасын, астарлы мәнін, қай жерде қалай қолданылуын білмей әрдәйім дінді өзінше түсіндіре алмасы анық. Шындығында Ислам – Құдайлық ілім. Сондықтан дін тарихына қарар болсақ, шариғи үкімдер мен түсініктерді ғалымдар ғана түсіндіріп беріп, жеткізіп отырған. Сондай ғұламаның бірі, Ислам әлеміндегі ең үлкен ғалым – имам Ағзам Әбу Ханифа. Адамдардың Құранды, хадисті түсінуге керекті әлемдік деңгейдегі мектепті салып берген ұстаз Әбу Ханифаның жолын қазақ халқы да ұстанады. Расында да Әбу Ханифа мектебі араб елдеріндегі басқа мектептерге қарағанда біздің табиғатымызға жақын, дүниетанымымызбен егіз. Өйткені шариғаттың талаптарына тереңдеп енген сайын дін адам үшін түсірілгенін ұғынамыз. Ондай болса адамның салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, тұрмыс-тіршілігіне дін жеңілдікпен қарайды. Яғни, оның барлығы шариғатта бір уәм жүйелейді. Сонымен мәселесінде бір түбірді ұстанғанымызбен шариғаттың ішінде адамның сана-сезіміне, ұстанымына, деңгейіне байланысты мәселелер жан-жақты қаралады. Сол себепті, халқымыздың жанына жақын келетіндіктен Ислам дін Әбу Ханифа мектебі арқылы жетken. Осы мектептің біліміне сусындаған ертеректегі ніп, сөзін діни тұрғыдан түзеді. Соның арқасында ертеректегі жат ағымдардың діни ықпалы халқымызға әсер етпеді. Өйткені Әбу Ханифа мектебінен алған тәрбие адамның рухын күшейтіп, діні мен ділін бекітті.

Қазіргідей әлемдік жаһандану кезеңінің ықпалы бізге де әсер етуде. Діни білімнің жетіспеушілігі, тәрбиенің дұрыс болмауы жастардың әртүрлі ағымдарға ілесіп кетуін тудыруда. Тумысынан сенгіш, дінге жақын болғандықтан қағаңымызды жат ағымдар да торуылдап жүр. Оның үстіне ақша беріп, дүниеге қызықтырып ертіп кетуге дейін әрекет жасауда. Дегенмен, әлі де болса халықты ақсақалдарымыз дана, қариялармыз қазына, ересектер ұлағатты, парасатты, елдің, жердің, халықтың қамын ойлайтын, арлы, намысты болған. Тіпті болашақты ойлап, ертеңіне алаңдағаны сондай Алатаудан Атырауға дейін, Алтайдан Арқаға дейін созылып жатқан кең-байтақ даланы ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғай жүріп, бізге аманаттап кетті. Шоқан Уәлихановтың «Даласында түрмесі, есігінде құлпы болмаған халықпыз», – деуінде үлкен мән жатыр. Отанды сүю, жасы үлкен адамға құрметпен қарау, жасы кішіге ізет көрсету, туған ел мен жерге деген сағыныш осының бәрі Әбу Ханифа мектебі арқылы қалыптасқан тәрбиенің әсері. Қазіргі күні әлемдік деңгейдегі, тіпті, көршілес елдердегі түсініктерді қарастырсақ, ата-ананы сыйлау төмендеп, туысқандық қарым-қатынасқа аса көңіл бөлінбей кеткендігін байқаймыз. Қонақты күту деген ұғым дамыған мемлекеттердің өзінде атымен жоқ. Адам баласы үшін ең үлкен нәрсе – адамдық құндылық. Соның ішіндегі бала тәрбиесі, тамақ ішу әдебі, тілдесу тәртібі секілді ұғымдардың бәрі бізде кең таралып, халқымыздың бойына сіңіп кеткен. Бір ғана тамақтану жолын алар болсақ, тек бисмиллямен бауыздалған малдың етімен, адал еңбегімен тапқан аспен қоректенгенін көреміз. Құдай сақтасын, кей елдердегідей бақа-шаян жеудің әзінен жиреніп. Осының дәлелі. Осындай құндылықтардың бәрі бізге Әбу Ханифа мектебі арқылы келіп, осы күнге дейін тектілігімізге бен ұлағатты санамыздан айырылмауды нәсіп етті. Осының өзі үлкен олжа.

Жалпы, діни ағымдар ерте замандардың өзінде болған. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) дүниеден озғаннан кейін көптеген ағымдар пайда болды. Діни бәсекелестікті ту еткен идеология өте күрделі нәрсе. Осының теріс пайдаланатын жаман пиғылдылар адамдардың алалайтыны сондықтан. Осының жақсы ұғынған ерте замандардағы дін ғалымдары шариғи үкімдер арқылы біртұтастыққа қол жеткізіп, бір ғана жүйемен намаз оқыды, сүннет жолымен шешім шығарды. Соның арқасында мемлекеттің іргесі бекімеді, халықтың санасы беки түсті. Кеңшілік дінді берік ұстанды, қыз балалар ашық-шашық жүрмеді, әке-аналарымыз кимешек киіп, «қызға қырық үйден тыю» деген ұстанымды алға шығарды. Қыз баласын қызғана білу, ар-намысын сақтау адамның ары мен намысымен жалғады. Сол тұста патшалар мен хандар қыздарын қызғанбайтын, әйелдерін назаркпайтын елді оңай басып алмыз деген тұжырым жасаған. Құдайға шүкір, біз жағынан халқымыздың жер шарында жаны жоқ. Кішкентай баласына дейін намысты ту етті. Себебі, әйел баласын деген құрмет, ықылас, пейіл жоғары еді. Шариғат үкімімен қасауаттандырып, Ханафи мәзһабын дұрыстап түсіндірсек, адасқан жастардың оралуы оңай. «Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң» дегенді халқымыз бекер айтпаса керек. Шындығында Әбу Ханифа мектебінің білім мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан дін ғалымдарының тұжырымдамаларынан құралады. Сол заманда басталып, осы күнге дейін жалғасқан білім жолы заманауи мәселелерге байланысты толығып отырған. Осынау әлемдік мектепте небір мұжтаһид ғалымдар, академиктер бар олар бірінің пікірін бірі толықтырып, дін үшін тынымсыз жұмыс істеді. Осы күнге дейін алтын тізбектен жалғасқан пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) жолы Құдайға шүкір, халқымыз осы жолды ұстанып, өз бағытын айқындап отыр. Адам деген адамға барлық мәселенің жауабы Ханафи мәзһабында жеткілікті.

Алла тағаланың елшісі, пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) бір хадисінде «Барлығың Адам ата мен Хауа анадан тараған ұрпақсыңдар», – деген. Адамды алалағанды ұнатпаған ғаламның рахым нұры «Ең абзалдарың араб немесе араб еместерің емес, ең жақсыларың Алладан көп қорқатындарың», – дейді тағы бір хадисінде. Алладан көп қорқатын тақуа жан – бойына ізгілікті жинаған, бүкіл жамандықтан аулақ жүретін, жаны, ары таза адам. «Алла тағала шындығында түрлеріңе, келбеттеріңе емес, жүректеріңе қарайды», – деген Пайғамбарымыз (с.ғ.с). Сондықтан ұлтқа, ұлысқа бөліп, біреулерді кемсіту Ислам дініне жат. Тіпті, басқа дінің өкілдерін құрметтеуді үйреткені тарихтан белгілі. Ешқашан зұлымдық қылып, қиянат жасамаған. Өзіне қысым көрсеткендердің өзін кешіре білген, мейірімділік танытқан. Мысалы, атақты қолбасшы Салахаддин Аюби мұсылмандарды қырып жойған крестшілерге қарсы соғыста Палестинаны қорғап тұрып, Пайғамбарымыздан (с.ғ.с) алған тәрбиесі бойынша жасы үлкен қарттарды, әйел адамдарды, балаларды, басқа дінің өкілдерін, соғысқысы келмейтіндерді қорғаудан сыртқа шығарады. Сөйтіп, жауласуды аңсаған қылыш көтеріп шыққандармен ғана соғысқан. Осының өзі көп нәрседен хабар берсе керек.

Яғни, Ислам – бейбітшіліктің, тыныштық, татулық пен бауырмалдықтың діні. Асыл дінімізді басты ұстаныммен біздің еліміздің аяқын көруге болады. Ендеше бейбіт елімізден береке кетпесін.

Серікхан АХМАДИЕВ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Талдықорған өңіріндегі өкіл имамы.

СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ

Өткен жылы Тіл сарайында басталған «Сәрсенбінің сәтінде...» деп аталатын тамаша бастама биыл да жалғасын тапты. Ұйымдастырушылардың сөзіне сенсек, әдебиет, мәдени, танымдық тұрғыдан жұртқа ой салатын кештің мазмұны толығып, ауқымы кеңи түсіпті. Оған сәрсенбі күні кешкі сағат 5-ке қарай Тіл сарайына ағылатындардың қарасы көбейгені дәлел бола алады. Олардың қатарында идеология, тіл, мәдениет саласында еңбек ететін азаматтар мен ақын-жазушылар, білуге құштар, үйренуге үйірсек жастар бар. Қысқасы, өңірімізде аға буын мен жастардың арасын жалғайтын әдеби орта қалыптаса бастады.

САН ҚЫРЛЫ ҚАЛАМГЕР

Қажет АНДАС

Міне, сол қауым кеше тағы да аталған шаңырақта бас қосып, ақын, сазгер, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаровтың «Ұрпақ үні» атты жаңа туындысының тұсаукесер рәсіміне қатысты. Оны ақын Ахмет Кендірбекұлы жүргізіп отырды.

Мен қазақпын, арға берік,
доса адал,
Не ойласа, ойлай берсін
басқалар.
Ақылым бар, арманым бар
бойымда,
Білім де бар біраз елді басқарар,

– деп бес саусақтың саласындай безбенді оймен басталатын жаңа туындыны басынан аяғына дейін оқып шығуға ұмтыласың. Жалпы үш бөлімнен тұратын кітаптың әр беті мағына мен мазмұнға, пайым мен парасатқа толы. Ол жайлы талай ойды қаузауға болады. Бұл орайда оның ақындық қырын: «Бірден айтып өту керек, Төлеужан өлең техникасын өте жақсы меңгерген ақын. Содан кейін де оның шумақтары шымыр, айтар ойы түсінікті де айқын болып келеді. Бұл жағынан алғанда оны төрт аяғын тең басқан жорға деп бағалауға болады. Бұған дейін де аламан айтыстарға қатысып, жыр додасына түскен, бірнеше жыр жинағы жарық көрген ақын ешбір жерде тасырқаған аттай кібіртіктеп қалмайды, еркін төгіледі», – деп бағалаған қаламгер ағасы Нүсіпбай Әбдірахымның сөзін келтіріп өткен жөн шығар.

Төлеужан ақын ғана емес, сан қырлы азамат. Кездесуге қатысқан қонақтар соның бірқатарын талқы таразысына салып, бағалы пікірін білдірді. Сол қатарда ақын Кенжехан Рақыш оның азаматтық, інілік, кісілік, кішілік болмысына терең бойласа, Мықтыбек Рахымбекұлы ұйымдастырушылық, басшылық қырын бағалады. Ал сатирик жазушы Тұрлыхан Кәрім інісінің сатира саласындағы қолтаңбасын тізіп берді, әртіс, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Кендебай Темірбайұлы Төлеужанның өңірдің мәдениет саласын түлетуге қосқан үлесі жайлы айтып өтті.

Б. Римова атындағы облыстық театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Сағындық Жұмаділов Төлеужанның сазгерлік қырын айта келіп, оның «Немере» әнінің қалай туғанын сөз етті. Осыны іліп әкеткен Сүйінбай атындағы облыстық филармония мен «Талдықорған әуендері» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің өнерпаздары сөзін де, әнін де Төлеужан шығарған бірқатар туындыны орындап берді. Расында, Төлеужанның патриоттық бағыттағы әндері бүгінде талай сахнаның сәніне айналып жүр. Мәдениет қызметкерлерінің маршы, Ауған ардагерлеріне арнаған әні мен балуандар жыры, мүгедектер қоғамының әні, жеңімпаздар маршы, тағы да басқа әр саланың гимніне айналған туындылары қаншама?! Марапатқа ие болғандары да жетерлік. Ақын Ахмет Кендірбекұлының сөзіне шығарған «Қырағылық» әні республикалық «Елім менің» патриоттық әндер байқауының бас жүлдегері атанғаны көп жайды аңғартады.

Кездесу осындай жаңашылдықпен өріліп, тағылымды әңгімелермен тамаша өтті. Бір сағатқа жоспарланған кездесу екі сағатқа жуықтап барып аяқталды. Соңында шараны қорытындылаған Ахмет Кендірбекұлы ақын Сағыныш Намазшамованың әдебиет саласына берілетін Президент стипендиясын алғанын жеткізді. Сондай-ақ, келесі айда өтетін «Тағзым» атты шара жайын да айтып өтті.

ҚАНАТҚАҚТЫ



БАЛДЫРҒАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Талдықорған қаласындағы № 42 балабақшада салтанатты шара өтті. Мектепке дейінгі тәрбие беру мекемесінің бүлдіршіндері республикалық марафонда бірнеше жүлдені иеленіп қайтқан болатын. Осындай жетістігі үшін республикалық «Үркер» зияткерлік орталығы аталмыш балабақшаны зияткерлік дәрежесіне лайық деп тапты.

Отыз жылға жуық жұмыс істеп келе жатқан балабақшада білікті мамандар еңбек етеді. Он бір топ бойынша 280 ұл-қыз тәрбиеленуде. Мұнда алпыс шақты адам жұмыспен қамтылған. Тәрбиешілер негізінен балақайлардың өнер-білімге бейімделуіне көңіл бөледі.

Басқосуға жүлдегер балалардың ата-аналары, тәрбиешілері шақырылыпты. Мекеме меңгерушісі Гүлниса Тұлымшақова жеңімпаз бүлдіршіндерді «Үркер» орталығынан келген Мадақтама хаттар және естелік сыйлықтармен марапаттады. Бұлардың қатарында Камила Валишанова, Айым Рашидқызы, Аружан Рысбекова және Игорь Кравченко бар. Игорь орталықтың бас жүлдесі — Алтын жұлдызды иеленді. Балабақша жетекшісі өнерлі бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға алғыс айтты.

— Бала біздің болашағымыз. Еліміздің ертеңі. Балалардың бойына ізгілік дарыту баршамыздың міндетіміз. Отбасында сүйіспеншілікке, мейірімге бөленген ұл-қыз білімқұмар, өнерлі келеді. Ата-аналар, балаларға көңіл бөліп, баптап өсіріп жатқандарыңыз үшін сіздерге көп рахмет, — деді Гүлниса Досанқызы.

Шараның екінші бөлімінде марапатқа ие болған балалардың тәрбиешілері дипломдармен марапатталды. Балабақша әкімшілігі ұстаздардың еңбегіне жеміс, істеріне сәттілік тіледі.

Шара барысында «Даярлық» тобының әншi-бишілері жеңімпаздарға арнап өнер көрсетті.

Ұлы Дала елім,
Ұлан-байтақ жерім,
Мәңгілік елім жасайды,
Бізде бар толық сенім,

— деген ән өскелең ұрпақтың бойына ұлтжандылық сіңіруге арналған еді.

Шара соңында ата-аналар мен тәрбиешілер естелік суретке түсті. Олар алдағы күндері де бала тәрбиесінде толымды табыстарға жету үшін бірлесіп еңбек етуге сөз байласты.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

ЗАҢ АЯСЫНДА

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ

Әкімшілік құқықбұзушылық үшін жаза әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамалардың қатаң сақталуы негізінде жүзеге асады. Әкімшілік жаза тағайындау кезінде жасалған құқықбұзушылықтың сипаты, құқықбұзушының жекебасы, оның кінәсінің дәрежесі, мүліктік жағдайы, жауапкершілігін жеңілдететін және ауырлататын жағдайлар ескеріледі.

Бір тұлғаның екі не одан да көп әкімшілік құқықбұзушылық жасағанында, әрқайсысы үшін жеке-жеке жаза қолданылады. Егер тұлға бірнеше әкімшілік құқықбұзушылық жасаған болса, онда іс бір-ақ сотта, органда (лауазымды тұлғада) қаралады, тұлғаға бір текті жаза қолданылған жағдайда ең жоғарғы мөлшердің үш есесінен аспауы тиіс.

Әкімшілік жаза азаматқа мынадай түрде тағайындалуы мүмкін: әкімшілік құқықбұзушылық жасалған күннен бастап екі айдан (кем емес) кешіктірмей, қоршаған ортаны қорғау саласындағы әкімшілік құқықбұзушылық жасалған күннен бастап алты айдан (кем емес) кешіктірмей, салық салу саласындағы құқықбұзушылықты жеке тұлға жасаған болса — жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей, ал заңды тұлға үшін — жасалған күннен бастап үш жылдан кешіктірмей, созылмалы әкімшілік құқықбұзушылық үшін оны анықтаған мезеттен бастап екі айдан кешіктірмей.

Егер әкімшілік жазаға тартылған тұлға, жаза өтілген мезеттен бастап бір жылдың ішінде жаңа әкімшілік құқықбұзушылық жасамаса, онда тұлға әкімшілік жазаға тартылмаған болып есептелінеді.

Сотта іс қаралғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаға кодекстің 801-бабында көзделген тәртіппен қызметті, оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу түрінде қамтамасыз ету шарасы қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда оған тыйым салу мерзімі, егер әкімшілік жазалаудың бұл шарасын сот қолданса, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу мерзіміне қосылады.

Әділ-Омар ЖАҚСЫБАЕВ,
Ақсу аудандық сотының төрағасы.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Облыс аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы

2015 ж. 7 желтоқсан
Талдықорған қаласы № 535

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы облысының әділет департаментінде 2016 жылы 8 қаңтар №3672 нөмірімен тіркелген

«Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1 бабына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 113421,94 гектар жерге аудандар (қалалар) бөлінісінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантиндік аймақ белгіленсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы» 2012 жылғы 18 қыркүйектегі № 286 (нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 15 қазанда № 2144 тіркелген, 2012 жылғы 23 қазандағы «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған);

2) «Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі «Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы» № 286 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 11 (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 14 ақпанда № 2573 тіркелген, 2014 жылғы 27 ақпандағы № 25 «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған).

3. Облыс әкімінің аппараты заң, мемлекеттік-құқық бөліміне осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы «07»желтоқсан «Алматы облысы аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы» №535 қаулысына қосымша

Алматы облысының аумағында карантиндік объектілердің түрлері бойынша белгіленген карантиндік аймақ көлемі

№	Аудандар, қалалар	Барлық залалданған жер көлемі, гектар	оның ішінде карантиндік объектілердің түрлеріне шаққанда									
			америкалық ақ көбелек	жемістің шығыс жемірі	калифорниялық қалқаншалы сымыр	жұпсіз жібек көбелек	Комсток сымыры	картоптың алтын түстес жұмыр құрты	жеміс ағаштарының бактериялы күйігі	жусан жапырақты ойраншөп	жатаған (қызғылт) үкекіре	арам сояулар
1	Ақсу	15845									15495	350
2	Алакөл	4761									4647	114
3	Балқаш	2889									1835	1054
4	Еңбекшіқазақ	2775,33		182	186	70			411,33	710	1019	197
5	Ескелді	1858,95		15					44,95		1667	132
6	Жамбыл	9840,04							0,04		8660	1180
7	Іле	1587,52		16	30				0,02	35	1311	195,5
8	Қарасай	2314,8	3	55	45		5		41,8	369	1378	418
9	Қаратал	9054,5							0,5		8034	1020
10	Кербұлақ	17964									17706	258
11	Көксу	9114,66			65				0,66		7879	1170
12	Панфилов	4490,5		90,5	343	49			1		3480	527
13	Райымбек	3312,21				28		81,21			3015	188
14	Сарқан	6003,53							1,53		5525	477
15	Талғар	6997,4		40	90	30			151,4	1281	4374	1031
16	Ұйғыр	10684							2		10082	600
17	Қапшағай қаласы	2032								175	1555	302
18	Талдықорған қаласы	1657,5		35	20	10			27,5		1246	319
19	Текелі қаласы	240		15	15				5		189	16
	Барлығы:	113421,94	3	448,5	794	187	5	81,21	687,73	2570	99097	9548,5

Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 шілдедегі «Алматы облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» № 201 қаулысын жою туралы

2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабына сәйкес Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Алматы облысы әкімдігінің 2013 жылғы 15 шілдедегі № 201 «Алматы облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысы жойылсын.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

«Алматы облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

ЖОБА

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органның үлгі ережесін бекіту туралы» 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Алматы облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алматы облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Алматы облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте осы қаулыны әділет органдарында тіркелуін және әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында, сондай-ақ, облыс әкімдігінің нормативтік-құқықтық қаулыларын және облыс әкімдігінің нормативтік-құқықтық шешімдерін ресми жариялау құқығын алған мерзімді баспа басылымында жариялануын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Бақтияр Әлтайұлы Өнербаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Әділет департаментінде 2015 жылы 23 желтоқсанда 3622 номірімен тіркелген.

Облыс әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы «Алматы облысының әкімшілік шекарасындағы Кіші Алматы, Қаскелең, Талғар, Есік, Қаратал және Көксу өзендерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу және оларды шаруашылыққа пайдалану режимі туралы» № 60 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 39-бабына және 116-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және «Су қорғау аймақтары және белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрінің бұйрығына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы «Алматы облысының әкімшілік шекарасындағы Кіші Алматы, Қаскелең, Талғар, Есік, Қаратал және Көксу өзендерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу және оларды шаруашылыққа пайдалану режимі туралы» № 60 қаулысына (нормативтік- құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2010 жылдың 8 маусымында № 2053 тіркелген және 2010 жылдың 22 маусымдағы № 73-74 «Жетісу», 2010 жылдың 24 маусымдағы № 75 «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулының кіріспесінде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы «Су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнату Ережесін бекіту туралы» № 42 қаулысына» сөздері «Су қорғау аймақтары және белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылық министрінің бұйрығына» сөздерімен ауыстырылсын;

аталған қаулының 1-тармағы келесі тармақшалармен толықтырылсын:

«10) Қаскелең өзенінің (оң жағалауы) 03-056-009-262 кадастрлық номері жер участкісін су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс жобасы;»;

«11) Қаратал өзенінің (сол жағалауы) 03-268-042-110 кадастрлық номері жер участкісін су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыс жобасы.».

2. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі
А. БАТАЛОВ.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер реестрін бекіту туралы» № 983 қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 2 қарашадағы «Отбасы және балалар саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» № 619 бұйрығына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облысы әкімінің 2015 жылғы 17 шілдедегі «Білім саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 321 қаулысына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3344 тіркелген, 2015 жылдың шілдесінде № 104-105 (18093) «Жетісу» және № 104-105 (17042) «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2.7«Алматы облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3.7Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Б.Өнербаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ.

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы «___» ________
№ _____ қаулысына 1-қосымша

«Білім саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі №321 қаулысына 8-қосымша

«Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) облыстық маңызы бар аудан және қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) тарапынан көрсетіледі. Қазақстан Республикасы «Неке және отбасы туралы» кодексінің 133-бабы.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті қабылдау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарты немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздерде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Порталда – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт жасау туралы хабарлама (бұдан әрі – шарт жасау туралы хабарлама) немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушы шарт жасау туралы хабарламаны алғаннан кейін баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарт жасау үшін хабарламада көрсетілген мекенжай бойынша хабарласуы қажет.

4. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылдар) бастауға негіздеме болып табылатын:

патронат тәрбиеші болуға тілек білдіргені туралы өтініш.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ, портал арқылы өтініш берген кезде – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты –20 минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 минут.

7. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбіден бастап жұма аралығын қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

8. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) патронат тәрбиеші болуға тілек білдіргені туралы өтініш (еркін нысанда);

2) көрсетілетін қызметті алушының жекебасын куәландыратын құжат (түпнұсқа сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеріп-қарауды жүргізу туралы өтініш;

4) егер көрсетілетін қызметті алушы некеде тұрған жағдайда,жұбайының (зайыбының) келісімі;

5) егер некеде тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының және жұбайының (зайыбының) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 91-бабы 1-бөлімінің 6 тармақшасына сәйкес ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтама, сондай-ақ, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6697 болып тіркелген «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтама;

6) білімі туралы мәлімет.

Көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

порталда:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұранысы;

2) егер некеде тұрған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының және жұбайының (зайыбының) Кодекстің 91-бабы 1-бөлімінің 6 тармақшасына сәйкес ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтамасының, сондай-ақ, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде тіркеуде тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтамасының электрондық көшірмесі;

3) білімі туралы мәліметтің электрондық көшірмесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

10. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен жағдайы туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде, порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ, Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының «1414» телефоны арқылы алу мүмкіндігіне ие.

11. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

Жергілікті атқарушы органдар арқылы «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес – процестерінің анықтамалығы



Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі «Білім саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» № 321 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

веб-портал арқылы «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес – процестерінің анықтамалығы



«Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

(Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы)

Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт жасау туралы хабарлама

Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болғанда), ЖСН____________ Көрсетілетін қызметті алушының туған күні

Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт жасау үшін ______________ мекен жайы бойынша орналасқан (облыстық маңызы бар аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдарының мекен-жайлары) __________________ (облыстық маңызы бар аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдары) хабарласу қажет.

Хабарлама жауапты тұлғаның ЭЦҚ расталған

(жауапты тұлғаның Т.А.Ә.(бар болғанда), лауазымы)

«Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Үй-тұрмыстық жағдайларын тексеріп-қарау
АКТІСІ

Тексеріп-қарау жүргізілген күн ______________
Тексеріп-қарауды жүргізген ______________
(тексеріп-қарауды жүргізген адамдардың

тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), лауазымы, жұмыс орны)
Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның мекенжайы және телефоны:

Тексеріп-қарау мақсаты: ______________
(патронат тәрбиеші)

1. Патронат тәрбиеші болуға тілек білдіргена заматтардың жалпы мінездемесі
Тегі ______________ Аты ______________
Әкесінің аты(бар болғанда)__________ туған күні_____
жұмыс орны __________ лауазымы_____
білімі __________ азаматтығы_____
Тегі __________ Аты_____
Әкесінің аты (бар болғанда)__________ туған күні_____
жұмыс орны __________ лауазымы_____
білімі __________ азаматтығы_____
Тұрғылықты жері______________
Некеде ______________
(тұрады, тұрмайды) (неке тіркелген күн)
Күйеуінің бұдан бұрынғы некелері ________, ________ аралығында
(иә, жоқ)
Әйелінің бұдан бұрынғы некелері ________, ________ аралығында
(иә, жоқ)
Балалары ______________
(бар, жоқ)
Балалары туралы мәліметтер:
1) Тегі ______________ Аты______________
Әкесінің аты(бар болғанда)__________ туған күні_____
Құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен жеке)
____
(туған, асырап алынған, қамқорлыққа алынған)
Тұрғылықты жері ______________
2) Тегі ______________ Аты______________
Әкесінің аты (бар болғанда)__________ туған күні_____
Құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен жеке)
____
(туған, асырап алынған, қамқорлыққа алынған)
Тұрғылықты жері ______________
3) Тегі ______________ Аты______________
Әкесінің аты (бар болғанда)__________ туған күні
Құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен жеке)
____
(туған, асырап алынған, қамқорлыққа алынған)
Тұрғылықты жері ______________

2. Патронат тәрбиеші болуға тілек білдірген азаматтардың тұрғын-үй тұрмыстық жағдайларының сипаттамасы
Жалпы ауданы ________ (шаршы м.) тұрғылықты ауданы ________ (шаршы м.)
Тұрғын бөлмелердің саны ______________
Тіркелгендер ______________
(тұрақты, уақытша)
______________ құқығымен тұрады
(меншік иесі, жалдаушы, қосымша жалдаушы)
Үйдің, пәтердің тиесілілігі ______________
(мемлекеттік, жекеменшік)
Тұрғын үйдің жайлылығы______________
(абаттандырылған, абаттандырылмаған, ішінара жайлы)
Санитариялық-гигиеналық жай-күйі ______________
(жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)
Тұрғын үй туралы қосымша мәліметтер ______________

Отбасының бірге тұратын басқа мүшелері:
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)
Туған күні
Туыстық қатынастары
Жылдық табыс

3. Биографиялық деректер (балалық шақтағы және жасөспірім кезеңдегі отбасы ахуалы, ата-анасымен, аға-інілерімен, апа-сіңлі-қарындастарымен, басқа туыстарымен қарым-қатынасы):

4. Отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынастар (отбасының бұрынғы ерлі-зайыптылық өмірінің сипаттамасы және қазіргі уақыттағы ахуалы, бала асырап алушылардың жеке қасиеттері, қызығушылығы, бос уақытын өткізуі, дүниетанымы, дінге, тәрбиелеуге көзқарасы, балалармен қарым-қатынас тәжірибесінің бар-жоғы, жақын туыстарының патронаттық тәрбиеге алуға көзқарасы)

5. Патронаттық тәрбиеге алу себебі:

6. Денсаулық жағдайы (патронат тәрбиешіболуға тілек білдірген азаматтар денсаулығының жағдайы туралы дәрігерлік қорытындыға сәйкес)

7. Патронат тәрбиешіболуға тілек білдірген азаматтар
Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танымаған.
Сот ата-ана құқығынан айырмаған және оны шектемеген.
Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылар, қамқоршылар міндеттерінен шеттетілмеген.
Егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшін жойса, бұрынғы бала асырап алушылар болып табылмайды.
Денсаулық жағдайы бойынша қамқоршылық немесе қорғаншылық міндеттерін жүзеге асыра алмайды.

________ (қолы) ________ (аты-жөні, тегі (бар болғанда))
________ (күні)

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы «___» ________
№ _____ қаулысына 2-қосымша

«Білім саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 шілдедегі №321 қаулысына 10-қосымша

«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі облыстың маңызы бар аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін өтінішті қабылдау:

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

4) «Электрондық үкіметтің» www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі:

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала асырап алуға үміткер(лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды.

Порталда – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала асырап алуға үміткер(лер) болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындының дайындығы туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама).

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алғаннан кейін бала асырап алуға үміткер(лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны алу үшін хабарламада көрсетілген мекенжай бойынша хабарласуы қажет.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылдар) бастауға негіздеме болып табылатын:

бала асырап алуға тілек білдіру туралы өтініш (еркін нысанда).

Порталда:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұранысы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ, портал арқылы өтініш берген кезде –күнтізбелік 15 (он бес) күн;

2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 20 минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат берілетін ең ұзақ уақыты – 30 минут.

7. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбіден бастап жұма аралығын қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) порталда: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

8. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) бала асырап алуға тілек білдіру туралы өтініш (еркін нысанда);

2) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) жақын туыстарының бала асырап алуға арналған жазбаша келісімі;

4) жиынтық табыс мөлшері туралы анықтама (жұмыс орнынан жалақысы туралы, кәсіпкерлік қызметтегі табысы және бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің өзге де табыстары туралы анықтама);

5) отбасы жағдайы туралы анықтама (2008 жылға дейін некеге тұрған (бұзған) жағдайда, некеге тұру (бұзу) туралы куәліктің көшірмесі, бала 2007 жылғы 13 тамызға дейін не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі) (бала бар болғанда)

6) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 91-бабы 1-бөлімінің 6 тармақшасына сәйкес азаматтың ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, сондай-ақ, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтама.

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқада ұсынылады, кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

порталда:

4) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұранысы;

5) жақын туыстарының бала асырап алуға арналған жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;

6) жиынтық табыс мөлшері туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (жұмыс орнынан жалақысы туралы, кәсіпкерлік қызметтегі табысы және бірге тұратын барлық отбасы мүшелерінің өзге де табыстары туралы анықтама);

7) отбасы жағдайы туралы анықтаманың электронды көшірмесі (2008 жылға дейін некеге тұрған (бұзған) жағдайда, некеге тұру (бұзу) туралы куәліктің көшірмесі, бала 2007 жылғы 13 тамызға дейін не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі(бала бар болғанда);

8) Кодекстің 91-бабы 1-бөлімінің 6 тармақшасына сәйкес азаматтың ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтаманың, сондай-ақ, нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген«Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығыменбекітілген нысан бойынша наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде есепте тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтамасының электрондық көшірмесі.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге мемлекеттік қызметкөрсету кезінде заңмен қорғалатын құпияны қамтитын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мынадай мәліметтерді көрсетіп, тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді:

1) сұраныстың нөмірі мен қабылданған күні;

2) сұралатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

3) қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;

4) құжаттардың берілетін күні (уақыты) және орны;

5) көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті қабылдаған қызметкерінің тегі, аты, сондай-ақ, әкесінің аты (бар болғанда);

6) көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, сондай-ақ, әкесінің аты (бар болғанда) және оның байланыс телефондары.

Осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала асырап алуға тілек білдірген азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау актісі көрсетілетін қызметті алушыжоғарыда аталған құжаттарды ұсынғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде дайындалады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

10. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы өзара іс-қимылдың реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасында «Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында» келтірілген.


4. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

11. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен жағдайы туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде, порталдағы «жеке кабинеті», сондай-ақ, Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының «1414» телефоны арқылы алу мүмкіндігіне ие.

12. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда көрсетілетін мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес – процестерінің анықтамалығы



«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне

Веб-портал арқылы «Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес – процестерінің анықтамалығы



«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Нысан

(Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары)

Бала асырап алуға үміткер(лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы ҚОРЫТЫНДЫ

Т.А.Ә. (бар болғанда) (толық) ______________
Туған күні: ______________
Т.А.Ә. (бар болғанда) (толық) ______________
Туған күні: ______________
Мекенжайы (тұрғылықты жері, индексі) ______________

Отбасының сипаттамасы (құрамы, некенің ұзақтығы (қайта некеде болған кезде бұрынғы некеден балаларының бар-жоғы көрсетілсін), балалармен қарым-қатынас жасау тәжірибесі, отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынас, жақын туысқандарының бар-жоғы және олардың бала асырап алуға көзқарасы, бала асырап алуға үміткерлердің мінез-құлық ерекшеліктері); ерлі-зайыптылардың біреуі бала асырап алған кезде екіншісінің бала асырап алуға келісімінің бар екені көрсетілсін). ______________

Білімі және кәсіптік қызметі ______________

Денсаулық жағдайы сипаттамасы (денсаулығының жалпы жағдайы, бала асырап алуға кедергі келтіретін ауруларының жоқтығы) ______________

Материалдық жағдайы (мүлкі, жалақысының мөлшері, табыстардың өзге түрлері) ______________

Бала асырап алуға себеп ______________

Бала асырап алушылардың баланың кандидатурасы бойынша тілектері (жынысы, жасы, мінез-құлқы, түр-әлпетінің ерекшеліктері, бала асырап алуға үміткерлердің дамуында ауытқушылықтары бар баланы асырап алуға келісімі) ______________

Азамат ______________
(өтініш берушінің (берушілердің) Т.А.Ә. (бар болғанда)) бала асырап алуға үміткер (үміткерлер) болуының мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы қорытынды ______________

______________ лауазымы, Т.А.Ә. (бар болғанда) ______________ күні, қолы
Мөрдің орны

«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Нысан

(Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органы)

Бала асырап алуға үміткер(лер) болудың мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытындыны алу туралы хабарлама

Көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә., ЖСН ______________
Көрсетілетін қызметті алушының туған күні ______________

Бала асырап алуға үміткер болу мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды алу үшін ______________ мекен-жайы бойынша орналасқан (облыстық маңызы бар аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдарының мекен-жайы) ______________ (облыстық маңызы бар аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдары) хабарласу қажет.

Жауапты тұлғаның ЭЦҚ расталған хабарламасы

(жауапты тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы)

«Бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Нысан

Бала асырап алуға үміткер болуға тілек білдірген азаматтардың тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын тексеріп-қарау
АКТІСІ

Тексеріп-қарау жүргізілген күн ______________
Тексеріп-қарауды жүргізген ______________
(тексеріп-қарауды жүргізген адамдардың

тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда), лауазымы, жұмыс орны)
Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның мекенжайы және телефоны: ______________

Тексеріп-қараумақсаты: ______________
(бала асырап алу)

1. Бала асырап алуға үміткер болуға тілек білдірген азаматтардың жалпы мінездемесі
Тегі ______________ Аты______________
Әкесінің аты(бар болғанда)__________ туған күні_____
жұмыс орны __________ лауазымы_____
білімі __________ азаматтығы_____
Тегі __________ Аты_____
Әкесінің аты(бар болғанда)__________ туған күні__________ жұмыс орны __________ лауазымы_____
білімі __________ азаматтығы_____
Тұрғылықты жері______________
Некеде ______________
(тұрады, тұрмайды) (неке тіркелген күн)
Күйеуінің бұдан бұрынғы некелері ________, ________ аралығында
(иә, жоқ)
Әйелінің бұдан бұрынғы некелері ________, ________ аралығында
(иә, жоқ)
Балалары ______________
(бар, жоқ)
Балалары туралы мәліметтер:
1) Тегі ______________ Аты______________
Әкесінің аты (бар болғанда)__________ туған күні_____
Құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен жеке)
____
(туған, асырап алынған, қамқорлыққа алынған)
Тұрғылықты жері ______________
2) Тегі ______________ Аты______________
Әкесінің аты (бар болғанда)__________ туған күні_____
Құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен жеке)
____
(туған, асырап алынған, қамқорлыққа алынған)
Тұрғылықты жері ______________
3) Тегі ______________ Аты______________
Әкесініңаты (бар болғанда)__________ туғанкүні_____
Құқықтық қатынастары (күйеуімен және әйелімен жеке)
____
(туған, асырап алынған, қамқорлыққа алынған)
Тұрғылықты жері ______________

2. Бала асырап алуға үміткер болуға тілек білдірген азаматтардың тұрғын-үй тұрмыстық жағдайларының сипаттамасы
Жалпы ауданы ________ (шаршы м.) тұрғылықты ауданы ________ (шаршы м.)
Тұрғын бөлмелердің саны ______________
Тіркелгендер ______________
(тұрақты, уақытша)
______________ құқығымен тұрады
(меншік иесі, жалдаушы, қосымша жалдаушы)
Үйдің, пәтердің тиесілілігі ______________
(мемлекеттік, жекеменшік)
Тұрғын үйдің жайлылығы______________
(абаттандырылған, абаттандырылмаған, ішінаражайлы)
Санитариялық-гигиеналықжай-күйі ______________
(жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз)
Тұрғын үй туралы қосымша мәліметтер ______________

Отбасының бірге тұратын басқа мүшелері:
Тегі, аты, әкесінің аты(бар болғанда)
Туған күні
Туыстық қатынастары
Жылдық табыс

3. Биографиялық деректер (балалық шақтағы және жасөспірім кезеңдегі отбасы ахуалы, ата-анасымен, аға-інілерімен, апа-сіңлі-қарындастарымен, басқа туыстарымен қарым-қатынасы): ______________

4. Отбасы ішіндегі өзара қарым-қатынастар (отбасының бұрынғы ерлі-зайыптылық өмірінің сипаттамасы және қазіргі уақыттағы ахуалы, бала асырап алушылардың жеке қасиеттері, қызығушылығы, бос уақытын өткізуі, дүниетанымы, дінге, тәрбиелеуге көзқарасы, балалармен қарым-қатынас тәжірибесінің бар-жоғы, жақын туыстарының бала асырап алуға көзқарасы) ______________

5. Бала асырап алуға себеп: ______________

6. Денсаулық жағдайы (бала асырап алуға үміткер болуға тілек білдірген азаматтар денсаулығының жағдайы туралы дәрігерлік қорытындыға сәйкес)

7. Бала асырап алуға үміткер болуға тілек білдірген азаматтар:
Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танымаған.
Сот ата-ана құқығынан айырмаған және оны шектемеген.
Өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншылар, қамқоршылар міндеттерінен шеттетілмеген.
Егер сот олардың кінәсінен бала асырап алудың күшінжойса, бұрынғы бала асырап алушылар болып табылмайды.
Қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы жоқ.

________ (қолы) ________ (аты-жөні, тегі(бар болғанда))
________ (күні)

25

ҚАЗАҚТЫҢ БАҒЫ

Егемендік алып, еркіндікке жету жолында бабаларымыз тағдырдың талай сынына төзді. Қазақтың бағына туған хас батырларымыз басқыншыларға қарсы тұрды. Елі мен жерін қорғап, талай нәубетті бастан кешіп, жүрегі жарыла шаттанған қуанышты күнге де жетті. Иә, осынау бақытты сәтті көру үшін қазақ не істемеді десеңізші?! Халқымыздың басынан қанды кезең де өтті, аштықты да көрді, қиындыққа да шыдады. Ел үшін ауыр тиген азапты күндер артта қалып, азаттықтың таңы атты.

Өткен ғасырдың өктем саясаты еліміздің есеңгіретіп, еркіндігін бұғаулады. Бірақ біздің намысты ерлер мен арына кір жұқпаған асыл аналарымыз еш мойымады. Ұлт азаттық көтерілістен бастап, соңы сықырлаған аязда жер жүзін дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасымен жалғасты. Қанша қиыншылық көрсе де қасқайып қарсы тұрды. Соның арқасында азаттықтың арайлаған ақ таңын қарсы алды. Қазақ еркін, егемен деп бүкіл әлем жар салды. Еркіндік Туы көкте желбіреді. Бабаларымыздың ерен ерлігі тарихта қалды. Соның нәтижесінде бүгінгі ұрпақ бақытты. Шын шаттық пен қуаныштың оңайлықпен келмегенін білетін ұрпақ, бабаларды ардақтауды асыл борыш санайды.

Иә, болашағын ойлаған батырларымыз ұрпағым қиналмасын деп ұланғайыр даланы сақтап қалды. Ұлтарақтай жерімізге дейін өзгеге ұстатпады. Бүкіл әлемге өзін мойындатып, ынтымағын асырып, бірлігін бекітті. Бүгінгі таңда ұйыған айрандай азатты күн кешуіміз де кешегінің жемісі. Елдік туымыз тігіліп, қазақ деген атымыз әлемге танылды. Жақсылығы арқылы өзге ұлтпен жараса білген елміз. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыныштығымыз бар. Міне, біз үшін осының бәрі – үлкен мақтаныш. Ежелден еркіндікті аңсап, егемендікті арман еткен аталарымыздың мақсаты орындалып, қалауы қабыл болды.


Тарихтан қазақтың қайсар екенін бүкіл ел біледі. Елтаңбадағы қос пырағымыз еркіндіктің бейнесін білдірсе, бүгінгі ұрпақ еліміздің болашағын көрсетеді. Мемлекет ретінде қалыптасқанымызға да 25 жыл толды. 25 бұл жай ғана сан емес. Мұнда терең сыр жатыр. Осы аралықта абырой жиып, атағын әлемге танытып, еңсесін көтерген қазақ егемендігін ұштай түсті. Біз, бүгінгі күннің балалары тәуелсіздік деген қастерлі ұғымды бағалай білуіміз керек. Білімге ден қойып, ел болашағын еңселі ету де біздің парызымыз. Бабалар берген бақытты күнді қадірлеп, Алаш атын асқақтата білуіміз керек. Әлем картасынан ойып тұрып орын алған жерімізге, бірлікті, берекелі елімізге деген махаббатымызды арттырып, азаттығымызды ардақтай білейік. Еркіндігіміз – ұлтымыздың бағы, тыныштықтың тірегі. Бабалардың арманына айналған күнді көрген қазақтың ырысы артып, керегесі кеңейіп, әлемдік аренада алдан көрінсін. Бұл – біздің бүгінгі тілегіміз.

Назгүл ҚОЗЫБАЕВА,
Б. Римова атындағы орта мектеп-гимназиясы тарих пәнінің мұғалімі.

Қаратал ауданы.

ТІРШІЛІК

Қарасай өңірі шаруа үшін таптырмайтын өлке. Елдегі ең үлкен мегаполис – Алматы қаласының айналасында азық-түлік белдеуін қалыптастыруға осы ауданның қосар үлесі қомақты. Ал жердің ырыздығын алу үшін тіршілік атаулының өзегі саналатын судан тапшылық көрмеу өте маңызды.



Су – өмір өзегі

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Қарасай ауданындағы «Үшқоңырирригация» су шаруашылығының басшысы Жәңгір Орынбетовпен осы жайлы әңгімелескенімізде: «Шынымды айтсам, ауыз толтырып айта қоятын ештеңе жоқ, – деген еді.

– Сонау кеңес заманында Жамбыл және Қарасай аудандарының территориясында 25 мың гектарға жуық суармалы алқаптар болған. Егіс алқаптарында 159 жаңбырлатқыш агрегат жұмыс істеді. Оларды 8 стационарлы және 18 жылжымалы насос стансылары сумен қамтамасыз етіп отырған. Осы алқаптарда өсірілген көкөніс пен бақша өнімдері Алматының дүкен сөрелерін толықтай қамтамасыз ете алатын. Бүгінде аталған екі ауданда 21675 гектар суармалы жер тіркелген. Өкінішке орай, біз қазір солардың үш мың гектарын ғана сумен қамтамасыз ету жөнінде келісімге отырдық».

Иә, бүгінде жері бар көптеген азамат оның ырыздығын алуға асығар емес. Көбі жерін мемлекет қайтарып алмас үшін күздік бидай егіп тастауды әдетке айналдырған. Нан да керек-ау, алайда, бұл құнарлы топыраққа көкөніс пен бақшалық егетін болса, халықтың күнделікті тұтынатын азық өнімдерін Қытай, Өзбекстан, Қырғызстаннан тасымалдау қажеттігі азаяр еді.

Мұндай жағдайдың себептері де бар. Ең алдымен, сонау тоқсаныншы жылдары болған дағдарыс кезінде өндірдегі су жүйелерінің көбі жарамсыз болып қалған. Арықтар аршылмады, тоғандар тазаланбады, су тоспалары жөнделмеді. Тіпті, ішіндегі арматурасын темір-терсекке өткізу үшін латоктарды да сындырғанын білеміз. Осының бәрін қалпына келтіруге күрделі қаржымен қатар уақыт та керек. Оның сыртында, жасыратын несі бар, барлық адам бірдей үлестеріне алған жерін өндеуге құлықсыз. Тіпті, ауыл ішіндегі, үйлерінің жанының өтетін арықтарды тазаламай, қардың суы асып-төгілген кезде төтенше жағдай мен коммуналдық және су шаруашылығына хабарласып жататындар аз емес.

– Бізде 247,5 шақырым бұрынғы тоғандар бар, – дейді маман.

– Өзге де нысандар сияқты бұлар да кезінде жекенің меншігіне өтіп кеткен. Ақыры, көпшілігі иесіз қалып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының құзырына берілген. Бүгінде осы су жүйелерін аудандық ауылшаруашылық басқармасына беріп, құжаттандыруға облыс бюджетінен 40 млн. теңге бөлу қолға алынып отыр. Тек содан кейін ғана оларды қалпына келтіруге қажетті қаржы қарастырылмақ. Егер ауданымызда 20 мың гектар суармалы алқаптар игерілетін болса, біз Алматыны ғана емес, республиканы көкөніспен қамтамасыз етіп, тіпті өнімдерімізді экспортқа шығаруға мүмкіндік туар еді.

«Жетісу» ауылшаруашылық-өндірістік кооперативі 1200 гектар суармалы алқапты игеріп отыр. Алдағы уақытта мал бордақылау алаңын салып, оны мал азығымен қамтамасыз ету үшін суармалы жерді тағы да 600 гектарға ұлғайтпақ. Аудан территориясында орналасқан жер және егіншілік институты суды тұрақты пайдаланады. Осындай екі-үш құрылым ғана заң талаптарына сай жұмыс істеуде. Керісінше, шартқа отырған қожалықтарға тиесілі суды жолдан жырымдап, «Үшқоңыррирригацияның» жұмысына кедергі келтіретіндер де бар. Сондықтан олар бүгінде егіншілік және бақшамен айналысатын шаруашылықтармен байланыс орнатып, тығыз жұмыс істеуде.

Бір жақсысы ауданның өзен-көлдері көршілерден бастау алатын су көздеріне тәуелді емес. Алатаудың шың құздарынан бұлқынып шығатын бұлақтармен толығатын өзендер өз меншігімізде. Мәселе осы бұлақтардың жай-күйінде болып тұр. Қазақта: «Бұлақ көрсең көзін аш» – деген тәмсіл бар. Кезінде шаруашылық еңбеккерлері көктем кезінде қона жатып, бір-екі күн тау қойнауындағы тұншығып жатқан бұлақтарды тазалап қайтатын. Бүгінде бұл жұмысты ешкім атқармайды. Ал бір ғана ұжымның бұл іске шамасы келер емес. Осы мәселені көп болып қолға алса жақсы болар еді.

Енді, аймақтағы су қоймаларының жай-күйіне келсек. Ұжымның иелігінде – 7, жекеменшікте – 9 су қоймасы бар. Олардың жағдайы да әртүрлі. Әлгінде айтқандай, дағдарыстар мен реформалар кезінде иесіз қалған су тоспаларының тозығы жеткен. Жылма-жыл жөндеп, қамқор көзбен қарап отырмасаң олар да ескіреді. Мемлекеттік актілерінен басқа ешқандай құжаты жоқ бұл құрылымдарды жөндеу үшін де алдымен техникалық құжаттарын қалыпқа келтіру керек. Ал, бар су қоймаларына егін науқанына дейін 21 млн. 590 мың текше метр су жинап қою жоспарланған. Үш су қоймасына апатты жағдайда деген дәреже берілген. Бұларға суды жинауға болмайтыны белгілі. Дегенмен, барының өзіне суармалы алқаптарға жетерлік ылғал жинап алуға мүмкіндігіміз жетеді.

Заман талабына сай ауданда тамшылатып суару әдісі қолданыла бастады. Шаруалар мұндай әдістің тиімді әрі үнемді екенін ұғып отыр. Алайда бәрі айналып келгенде қаржыға тіреледі. Осы орайда мемлекет тарапынан бұл озық технологияға субсидия қарастырылып отыр. Демек, барлық ауылшаруашылығы құрылымдары алдағы уақытта тамшылатып суаруды игереді деген сенімдеміз.

Жаз айында «Үшқоңыррирригацияның» қызметкерлер саны көбейгенімен, қыста 6-7 адам ғана қалатын көрінеді. Шаруашылық есептегі мекеме болғандықтан жалақылары да тапқан табыстарына байланысты. Жоғарыда айтқан 3 мың гектар алқаптан түсетін қаржы жеткіліксіз болатыны анық. Сондықтан судың бағасын өзге аудандардағы сияқты көтеруге ұсыныс жасалынышты. Монополияға қарсы мекеме бұл өтініштерін аяқсыз қалдырмайды деген ойдамыз. Техника атаулыдан аудан әкімдігінен жалға алған жалғыз «Нива» көлігі де тапшылықтың табын аңғартатындай. Осының бәрі толыққанды жұмыс істеуге кедергі болып отырғаны түсінікті. Алайда, өз істеріне сергек қарайтын азаматтар алғы күнге деген сеніммен еңбектерін жалғастыруда. Суармалы алқап көлемі еселеп артып, дала төсінде қызу еңбек басталғанда олардың еңбегі де бағаланады деп ойлаймыз.

Қарасай ауданы.

ЕЛДІКТІҢ БЕЛГІСІ



ПАРОВОЗҒА ескерткіш қойылды

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Түркістан-Сібір темір-жолының құрылысы барысында бой көтерген Сарыөзек теміржол бекетінде паровозға қойылған еңселі ескерткіш бой көтерді. Сарыөзек айналым теміржол торабы қызметкерлерінің күрметіне қойылған ескерткіш Күреңбел жұртшылығы үшін қуанышты шараға айналды. Аталған шара Сарыөзек локомотив дайындау депосының бастамасымен «Локомотив» АҚ басшылары және Алматы жол бөлімшесі Сарыөзек айналым жол торабы қызметкерлерінің қолдауы нәтижесінде жүзеге асты.

Қажет АНДАС

Қуанышқа еліміздің әр өңіріндегі ардагер теміржолшылар, сондай-ақ, Сарыөзекте туып-өскен, осы өңірдегі шойынжол торабында еңбек жолын бастаған, бүгінде еліміздің әр түкпірінде шойынжол саласында қызмет атқарып жүрген азаматтар жиналып, сарыөзектіктердің бастамасына біркісідей атсалысты. Салтанатты шараны аудан әкімінің бірінші орынбасары Күмісбек Айпеисов құттықтау сөзбен ашты.

Иә, қазақ жеріне шойынжол төселіп, отарбаның гүрсілі естілгелі ғасырдан астам уақыт өтсе де, халқымыздың тұңғыш теміржолшысы Мұхаметжан Тынышпаевтың қолтаңбасы қалған Түрксіб теміржолының ел өмірінде алар орны айрықша. Сол жолдың бойына 1930 жылы салынған Сарыөзек депосы ең алдымен қазақ халқының өркениетті өмірге жол салуын тездетсе, екіншіден Ұлы Отан соғысы кезінде әскери эшелондарды, техниканы, соғыс майданына іркілліссіз жеткізіп, Жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Айтпақшы, сол тұста соғыста жартылай бүлінген 58 паровоз осы депода жөнделген. Сондай-ақ, сол жылдары депо ұжымы паровоз паркін жаппай ауыстыруға көшіп, батысеуропалық типтегі тройбейлік паровоздармен жұмыс істеп, 460 паровозды қалпына келтірген. Олар құрастырған №34 паровоз колоннасы Алматыдан Берлинге дейінгі 13600 шақырым жолды жүріп өтті. Сол ерлерді соғыс шебіне жеткізіп, Берлинге бірінші болып кірген паровоз Алматы-1 депосында соғысқа қатысқан ержүрек ерлердің құрметіне мәңгілік тұғырға қонды. Ал Сарыөзек депосына қойылған паровоз аталған депоның 1955 жылдардағы өнімі ретінде соғыстан кейінгі өңір тіршілігін өркендету жолындағы теміржолшылардың ерен еңбегінің ескерткіші ретінде бой көтеріп отыр. Шара аясында сол жылдары депода жұмыс жасаған 27 теміржолшының бірі, бүгінде көзі тірі Далабай Рахимов бастаған аредегер теміржолшылар естеліктер айтып, жастарды жаңа өмірге талпындырса, бір топ жас теміржолшы «Локомотив» АҚ-нің Мақтау грамоталарымен марапатталды.

Елімізде тасылатын жүктің төрттен үш бөлігі, қала мен ауылға және шетелдерге жол тартқан жолаушылардың тең жарымы теміржолдың еншісінде. Демек, бүгінгі өркениетті қоғамдағы көлік қатынасында теміржолдың маңызы ерекше. Ендеше, еліміздің дамуына осындай ерен еңбек сіңіріп жүрген теміржолшылардың құрметіне ескерткіш қойып, елеп-ескеруді саналы ұрпақтың салиқалы міндеті деп түсінген жөн.

Кербұлақ ауданы.

Жұмыссыздық деңгейін төмендету және шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылық негізінде ұсақ тауарлық өндірісті дамыту, ауылдағы тұрғындар кірісінің деңгейін көтеру мақсатында Талдықорған қалалық «Нұр Отан» партиясының филиалы көшпелі қоғамдық қабылдау өткізді.

ТҰРҒЫНДАР жұмыспен қамтылады

Атап өтейік, дәл осы мақсатты жүзеге асыру бағытында «Нұр Отан» партиясы «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасын қолға алды.

Осыған орай Еркін ауылдық округінің № 26 орта мектебі мен Өтенай ауылының Мәдениет үйінде өткен қабылдауда партиялық жобаның шарттары мен механизмдері түсіндірілді.

Оған «Нұр Отан» партиясы Талдықорған қалалық филиалының өкілдері мен кәсіпкерлік, ауылшаруашылық, жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтардың хал-актілерін тіркеу бөлімдері, жұмыспен қамту орталығы және несие алуға үміткерлер қатысты.

Мұндағы басты мақсат – жоба шеңберінде ашылатын жұмыс орындарына ауыл тұрғындарын орналастыру, ауылдық жерде жеке қосалқы шаруашылық негізінде ұсақ тауарлық өндірісті дамыту мен жоба жөнінде ауыл тұрғындарын хабардар ету. Қабылдауда ұйымдастырушылар бұл игілікті шарадан ешкім де тыс қалмай, бәріне құлақ-қағыс ретінде айтылуы шарт екендігін алға тартты. Кездесуде еліміздегі жетекші партияның жарқын жобасы жан-жақты таныстырылып, тұрғындар тарапынан несие алуға қатысты және тауар өндірісін дамыту бағытында бірнеше сауал қойылды.

М. СЕРІККЫЗЫ.

ҚОҒАМ ДЕРТІ

Жемқорлыққа жол жоқ!

«ҚР 2015 – 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015–2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыруда «Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2016 жылға арналған кешенді әлеуметтік-мәдени іс-шаралар жоспары бекітіліп, осыған сәйкес тиісті жұмыстар атқарылуда.

Сондай-ақ, азаматтардың арыз-шағымдары үшін арнайы жәшіктер орнатылып, тиісті комиссиялар құрылды. Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі бекітіліп, сенім телефоны жұмыс істеуде. Елбасының әр жылғы Жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргізу, бұл дертпен бүкіл қоғам болып күресу қажеттігі айтылып келеді.

Сыбайлас жемқорлық өте қауіпті, жағымсыз әлеуметтік көріністердің бірі. Ол экономикалық заңдардың еркін әрекетін шектейді және елдің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді. Сондай-ақ, ол еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялар жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Әсіресе, мемлекеттік билік органдарындағы сыбайлас жемқорлық қауіпті.

Ол ел мен қоғам және жекелеген азаматтардың мүдделеріне көп зиян келтіреді. Сондықтан, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. «Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2016 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының талаптары бойынша семинар кеңес, «дөңгелек үстел» отырыстары өткізілді. Бірінші қаңтардан бастап күшіне енген ҚР «Кәсіпкерлік кодексін» талқылау бағытында басқармада «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Алдағы уақытта кодекс бойынша емтихан тапсыру жоспарлануда.

Бақытгүл ҚОЙШЫБАЕВА,
облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының кәсіпкерлікті дамыту бөлімі басшысының міндетін атқарушы.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жақсы малшы неге тапшы?

Қазір кәсіпкерлігін мал шаруашылығымен байланыстырған қағайын көбейді. Өйткені базардағы мал өнімдерінің бағасы жыл санап қымбаттап, шаруаның отбасына береке беруде. Ол аз десеңіз «Сіздерден сапалы ет болса» деп көршілес Қытай, Ресей сияқты халқы көп алып мемлекеттер де ниет білдіруде.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Сондықтан ауылдағы шаруа төрт түлігін қайтадан түгендей бастады. Тіпті, Алматы, Астана, Талдықорған сынды үлкен қалаларда тұратын қалталы азаматтар ауылға ат басын бұрып, жайылымдық жер алып, қорақопсысын салдырып, топтап мал сатып алуда. Бұл үрдіске Үкіметтің асыл тұқымды мал шаруашылығын өркендету бағытындағы қомақты қаржылай қолдаулары да оң ықпал жасағаны да айдан анық.

Ауылшаруашылығы өндірістерін жан-жақты дамытуға қолайлы жазиралы Жаркент өңірінде соңғы жылдары тек асыл тұқымды мал өсіретін 17 шаруашылық пайда болды. Бұлардың қатарын көбейтуге қарекет жасап жүргендер де аз емес. Бір ғана Панфилов ауданының өзінде барлық меншік түрін қосқанда жалпы 280 мыңнан астам қой-ешкі, 65 мыңнан астам ірі қара, 15 мыңнан астам жылқы бар. Осынша малды шамалап шақтасақ, орта есеппен олардың күнделікті бағымына көмекшісімен қосқанда екі мыңға тарта малшы керек екен.

Бүгінде малы бар ағайынның жақсы малшы таппай аяғынан тозып жүргенін жиі байқаймыз. «Ал жақсы малшы қандай болады» деген сауал төңірегінде ой өрбітсек, төрт түлік өсірудің жай-жапсарын тиянақты білетін, мінезі орнықты, қиындыққа төзе алатын шаруақор жандар көз алдыңа келеді. Кешегі кеңес кезеңіндегі шаруашылықтардың мақтанышына айналған озат шопандар, білікті бақташылар, жігерлі жылқышылар қазір некен-саяқ.

Мәселенің мәні кешегі мен бүгінгіні салыстыру арқылы зерттегенде айқындала түседі. Кеңес кезеңіндегі шаруашылықтарда мал баққандар егер жақсы еңбек етіп, өрістегі малы қоңды, төлді, басқа да өнімдері мол болса, басшылық тарапынан ақшалай, заттай сый-сияпатқа қарық болатын. Әрі үкіметтен жыл, бесжылдық қорытындысының нәтижелері бойынша орден, медаль беріліп жататын. Озат малшылар арасында мемлекеттің ең жоғары наградасына ие болған Еңбек Ерлері де аз емес. Олардың арасында Жазылбек Қуанышбаев сынды екі мәрте Еңбек Ері атанған майталманымыз да бар.

Қазіргі байлар көбінесе өзінің жақын туыстарын, таныстарын жалдайды. Оларға жарытып жалақы төлеп, зейнетақы қорын қомақтап жарытпаса да жотадан қағып, алдап-арбап жұмыс істетуге жақсы. Еңбек кодексіне сәйкес қожайын мен малшы арасында келісімшарт жасау мәселесі де мүлде ескерілмейді. Малдың жайын жақсы білетін шаруалардың көпшілігі біреудің малын бағуға ынталы емес. Өйткені қожайындары төлейтін айлық жалақы мал соңында тартқан азабына татымайды. Кешегі кеңес шаруашылықтарынан қалған кетеуі кеткен көне қора, жауын-шашында төбесінен су сорғалаған ескі там үй, ондағы тұрмыстық жағдай (электр жарығы, газ, теледидар жоқ) көңіл көншітпейді.

Өз ісіне мығым, малшы болуға әбден лайық дейтін ауылдың қарапайым шауралары жаңағыдай жайсыздықтан гөрі өз қорасындағы шағын малын бағып, солардың төлінен, сүті мен жүнінен нәпақасын айырып отыр. Ал азын-аулақ қаржыға малшы болуға келісетіндердің көпшілігі тіршілікке икемі жоқ, әр нәрсенің басын бір шалған тірлігі берекесіздеу жандар. Мұндайлардың көпшілігі ішімдікке әуес.

Әрине, біздің мысалдарымыздан бүгінгі байдың бәрі шық бермес шығайбай екен деген ой тумауы тиіс. Жаркент өңіріндегі асыл тұқымды мал өсіретін Тасқын Жапарқұловтың «Ернар», Өтеген Бітебаевтың «Мәдина», Жаңыл Көккөзованың «Айгерім» жеке шаруа қожалықтарында, Сүлеймен Көшкінов ақсақал құрған «Керімағаш» қожалығында малшыларына жоғары жалақы төлеумен қатар олардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуға барлық мүмкіндіктер жасалып келеді. Мұндай қожалықтарда мерекелерде малшы отбасына сый-сияпаттар жасау арқылы олардың көңіл күйлерін аулау да ұмыт қалмайды. Өкінішке қарай, мұндай малшыға жайлы қожайындар қазір аз.

«Мал өсірем десең малшыңды бақ» деген, тәмсілді ертедегі ата-бабаларымыз айтып кеткен. Ендеше, алдымен малшыға жоғары жалақы, жайлы тұрмыстық жағдай болмайынша бұл іске құлшыныс білдіретіндердің саны көбеймейді. Ал жиі ауысқан малшыдан қораға береке кірмейді. Өйткені көсібінен тәжірибесі жоқ, малдың жайын білмейтін адам уақытты, өрісті, қолда бар жемшөпті тиімді пайдалана алмайды. Ауырған малды емдеу, құрттаудың оның қолынан келмейтіні де даусыз мәселе.

Ағайындар арасында жиі көріп, естіп жүрген жайлар болған соң ойымызды ортаға салуды жөн көрдік. Елімізде жастарды да атакәсіпке тартудың жолдары, амалдары қарастырылса құба-құп болар еді. Бұл бағытта кешегі ұжымдық шаруашылықтардағы өндірістік негізде мыңдап қой бордақыланған кешенді жастар бригадаларының тәжірибелері кәдеге жарар еді.

Панфилов ауданы.

Әлем тынысы

АРҚАҒА АСЫЛҒАН ЖҮРЕК



Жиырма бес жастағы Стен Ларк есімді жігіт бір жарым жыл бойы жасанды жүрекпен өмір сүріп келді. Ол организмнің басты мүшесін арқасына асатын қоржынға салып, қос түтікше арқылы қан жүргізіп отырған.

Бүгінде жігітке жүрек отасы жасалды. Бұл жүйені медицинада «Синкардия» деп атайды. Мұндай ерекше құрылым адамға донор жүрек табылғанша уақытша жұмыс істеп тұруға арналған. Стен Ларкин таяуда белгісіз себептермен жүрегі тоқтап қалатын ауруға шалдықты. Дәрігерлер бұл науқастың түрін генетикалық кодтың ауытқушылығымен түсіндірген. Жасанды жүрек арқадағы қоржында тұрып-ақ адам ағзасындағы қан айналымын реттеп отырады. «Жығылғанға жұдырық» демекші, Стеннің ағасы да осы дертпен ауырады. Арқаға асылған жасанды жүректің салмағы – 6 кг. Таңданарлығы, науқас жігіт бұл жүрекпен баскетбол да ойнаған.

ЛОНДОН ӘКІМІ ОРАЗА ҰСТАДЫ



Тұманды Альбиондағы астана әкімі Садик Хан ауыз бекітті. Тіпті, ол мұсылмандардың қасиетті айында ашқұрсақ жүрудің еш қиындық туғызбайтынын айтып, Еуропа елдерін саф дініміздің тағылым алуға шақырды.

Қала басшысы бұған дейін де ислам дінінің ешқандай қантөгісті қолдамайтынын айтып, ғаламтор және күнделікті басылым беттерінде жиі мәлімдеме жасаған еді. Әсіресе, мұсылман әлемін еуропалықтарға кеңінен түсіндіру мақсатында сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Мәрдің жұмыс кестесі Рамазан айында өте тығыз. Ауыз бекітуден бөлек ол басқару жүйесінде де тыңғылықты жұмыс атқарып отыр. «Рамазан айы қоғам үшін игілікті істер жасап, діниіміз жайлы қаңқу сөздерге тосқауыл қоятын тамаша мүмкіндік. Мен бұл айда адамдармен көбірек пікір алмасып, ауызашар өткізу арқылы олармен достық қарым-қатынас орнатуға тырысамын», – дейді Лондонның әкімі.

СЕЛФИГЕ АРНАЛҒАН МҰСІН



Селфи жасау – жастар арасында фотоға түсудің ең кең тараған түрі. Селфиге түсуді жаны сүйетіндер енді Американың Техас штатына барып, жаңа ескерткішке тағзым жасаулары-на болады.

Техас штатындағы Шугар қаласында ерекше ескерткіш қойылды. Бұл белгі ұлт үшін қызмет атқарған тарихи тұлғаға емес, күнделікті селфи жасайтын жастардың құрметіне орнатылды. Қала телефонының камерасына үңіліп тұрған қос қыздың мүсіні қалалық әкімдіктің дәл жанында. Жергілікті басылымның жазуынша, ескерткішті қала тұрғындарының бірі өз қалтасына жасатқан. Жастарға сыйлық ретінде ұсынылған ескерткішке кейбір тұрғындар риза емес. Көпшілік бұл істі бостан-босқа қаражат шашу немесе еріккеннің ермегі санайды.

АУЫЗАШАРҒА ТЫЙЫМ САЛДЫ



Өзбекстан Рамазан айында берілетін кешкілік ауызашарға жаппай тыйым салып тастады. Бұл туралы Өзбекстан мұсылмандар діни басқармасы төрағасының орынбасары Абдулазиз шейх Мансұр арнайы түсініктеме берді.

Оның айтуынша, ислам діні үшін бұл қадамның ешқандай жаңалығы жоқ. «Біздің пайғамбарымыздың заманында ауызашарды кешкі уақытқа ас таппаған аш адамдарға арнап дайындаған. Алайда біздің заманда бұл бір той-думанға айналып кетті. Сол себептен де біз жергілікті әкімдікке тыйым салу жөнінде ұсыныс жасадық», – деп хабарлады шейх. Өзбекстандағы мейрамханаларда және қоғамдық тамақтану орындарында бұдан былай ешқандай ауызашар берілмейді. Керісінше, әр отбасы ауызашар рәсімін өз үйлерінде жария қылмай өткізуі тиіс. Ал шын мәніндегі мұқтаж әрі аш адамдарды тойдыруға бағытталған ауызашарға жол ашық.

МАРСТАН БАССҮЙЕК ТАБЫЛДЫ



Өзге ғаламшар бетіндегі кездейсоқ заттарды зерттейтін Варинга Скотт әлем назарын аударатын сурет жариялады. Адамның бассүйегіне ұқсас қаңқа Қызыл жұлдыздан табылды. Әрі бұл – ғарыш әлеміндегі тың жаңалықтардың ашылуына түрткі.

Зерттеуші Варинга Скотт суретті жеке сайтына шығарды. Суретті халықаралық «НАСА» ғарыш агенттігі Марсқа жасаған сапары кезінде түсірген. Бассүйектің ми бөлігі өте үлкен әрі сопақша келген. Бір қарағанда адамның қаңқасына емес, батырлар киетін дулығаға ұқсайды. Қаңқаның желке тұсы да адамның мойнынан айнымайды. Бассүйек бұдан әлденеше жыл бұрын Марста қыз-қыз қайнаған тіршіліктің бар екенін дәлелдейді. Варинга қаңқаның адамдікі екеніне еш күмән келтірмейді. Сондай-ақ, ол көпшіліктен алып-қашпа әңгімелерді тоқтатып, суретке сенуді өтінді.

Қазақстан 2050

ДАМУ ДАҢҒЫЛЫ

Қарадала аймағына қоныстанған жұрттың негізгі тіршілігі ауылшаруашылығы өндірісімен байланысты десек те бұл өңірде шипалы ыстық су шығып, тәнге саулық, жанға демеу іздеп келушілер көбейгелі демалыс, сауықтыру орындарының саны молықты. «Қалжат» шекара бекеті жұмыс істегелі жаңадан халықаралық автодаңғыл жасалып, көршілес мемлекетпен қарым-қатынас жанданды. «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» темір жолы мен автодаңғылының айтарлықтай бөлігі Үйғыр ауданының аумағынан өтіп, Қарадала өңірін дүбірге бөледі.



Осындай жақсылықтардың шапағатымен аймақтағы елді мекендердің жағдайы жақсаруда. Ауылдың гүлденуі – жалпы Қазақстанның дамуының айғағы. Бүгінде елді мекендерде мектеп, балабақша, ауруханалардың салынуы, жолдардың заман талабына сай жасалып, тұрғындардың таза ауызсумен қамтылуы, әлеуметтік нысандардың бой көтеріп, ескілерінің жаңалануы ел тұрмысының жақсара түскенін аңғартады. Мұндай игілікті істер Қарадала өңіріндегі ауылдарда да жүзеге асырылуда. Бұрын бұл өңірде жолдар жасап, ауыл көшелерін жаңарту күн тәртібіндегі мәселелердің бірі болатын. Қазір аудан орталығынан шалғай елді мекендердегі көшелер мен қарым-қатынас жолдарын жөндеуге байланысты құрылыс жұмыстары қарқын алса, кезектегісінің жобалық-сметалық құжаттары әзірленуде.

– Біз биыл жол салу мен жөндеуге бөлінген қаржыны уақытылы игеріп, екінші жартыжылдықта атқарылатын жол, көше жөндеу жұмыстарының жобалық-сметалық істерін аяқтап, мердігерлермен келісімшарт жасауды бастағалы отырмыз, – дейді Үйғыр ауданының әкімі Алимжан Тохтасунов. – Өткен жылы бастау алған Шонжы кентіндегі Кентал Исламов атындағы көшені күрделі жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаты бойынша 434, 276 миллион теңге қажет болған. Осы қаржының 826, 487 мыңы «Жобалауқұрылыс» ЖШС-мен, 5, 577 миллион теңгесі «УКС» техникалық бақылау ЖШС-мен шарт жасауға жұмсалып, 392, 581 миллион теңгесі құрылыс жұмыстарын атқаратын «РСУ-1» ЖШС-нің еншісіне тиіп, жұмыс жүргізілуде. Сонымен қатар аудан орталығындағы Нысанбаева, Тейіпова көшелеріне келісімшарт бойынша жалпы 270, 801 миллион теңге бөлініп, қазір бұл көшелер ағымдағы жөндеуден өткізілуде.

Біз жақында Шарын ауылына барып, жол жөндеу жұмыстарын көрдік. Кеңес кезеңінде атақты жұмбақ шаруашылықтың орталығы болған ауылда аға ұрпақтың еңбеккорлық дәстүрінің сабақтастық тіні әлі үзілмеген екен. Осы округте ғана 530 ЖШҚ ауылшаруашылық өнімдерін өндірумен шұғылданады. Мәдени, әлеуметтік әлеуетін айтпағанда, бұл ауылда өркенді өндіріс үрдісі шау тартпаған. Керісінше, заман талабына сай жаңалықтар басым. Бір ғана мысал – округтегі «Халидам» ЖШҚ осыдан бірер жыл бұрын әрқайсысының көлемі 10х40 метрлік 4 жылыжай жасап, қызанақ, қияр өсіріп, оның өнімін қыс маусымында Шонжы, Жаркент, Алматы базарларында саудалап, табысқа кенелітті. Биыл бұрынғыдан көлемі үлкен тағы 2 жылыжай жасауда. Сол сияқты «Жамал» ЖШҚ американдық Ангус тұқымды сиырының бұқаларын сатып алып, малын асылдандыруда. Негізгі әңгімеге келсек, Шарын ауылындағы М. Хамраев көшесін ағымдағы жөндеуден өткізуге биыл 18 миллион теңге бөлінсе, М. Кебиров, Т. Тайыпов көшелерін жөндеуге жалпы 4 милион 500 мың теңге бөлініп, үш көше тамыз айында асфальтталып бітіпті. Ауыл әкімі Болат Алғазиевтың айтуынша, күн суытқанша тағы біраз көшені жөндеуден өткізіп, асфальттаудың мүмкіндігі туып отыр.

Биыл аудан елді мекендеріндегі көшелерді жөндеу үшін 52, 850 млн. теңге қаражат бөлінді. Бүгінде дайындық істері жүргізілуде.

– Соңғы жылдары ауыл көшелері жөнделіп, берекеміздің кіргені байқалады. Жол жөндеу ісінің қарқын алуы елдің экономикалық табысының тасқындауын байқатады. Осындай өркенді істердің бастамашысы болып отырған Елбасына, облыс әкімі Амандық Баталовқа, аудан басшысына дән ризамыз, – дейді Шарын ауылдық округіндегі ақсақалдар алқасының төрағасы Мұндаш Сасықов.

Биыл жол жөндеу жұмысы ауданның Бахар, Ават, Дардамты, Кетпен, Қалжат, Кіші Дихан, Сүмбе, Тасқарасу және Тиірмен сияқты аудан орталығынан шалғай орналасқан ауылдық округтерде де жүзеге асты. Алматы – Қорғас тасжолының Үйғыр ауданының аумағындағы бөлігінде де жол жасалып жатыр.

Үйғыр ауданы.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

КӨШПЕЛІ БРИФИНГ



ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

Облыстық коммуникация қызметінің Ақсу ауданындағы көшпелі отырысы барысында Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Сәбит Қорғанбаевтың бастауымен өңірдің бірқатар елді мекенін аралап, ондағы тыныс-тіршілікпен танысып қайттық. Сондай-ақ, аудан әкімінің «100 нақты қадам» Ұлт жоспары бойынша атқарып жатқан жұмыстарын көріп, көңіл қуантар көп жайдан хабардар болдық. Расымен, Ақсу ауданы – өзені мен бұлағы мол, Жоңғар Алатауына арқа сүйеп, Балқашқа емініп жатқан құтты мекен. Жалпы, аудан тұрғындарының тұрмысы егін мен малға тәуелді десек те ақсулықтар бүгінгі күннің үдесінен шығатын жаңа технологияларды қолдана отырып, инновациялық дамудың жарқын үлгісін көрсетіп келе жатқанын мақтанышпен айтуға болады.

Қажет АНДАС

Жалпы, Ақсуда инвесторлардың назарын аударатын байлық та, құнарлы жер де бар. Сондықтан, кейінгі жылдары Ұлт жоспарында көрсетілген бағыттар бойынша жүйелі жұмыс істелуінің нәтижесінде ірі корпорациялар ауданнан өкілдіктерін ашып, кәсіпкерліктің іргетасын көтерудің қамына кіріскен. Осындай жаңа бастамалардың арқасында ауданның бюджеті де толыға түсіпті. Бір сөзбен айтқанда, «100 нақты қадамның» әр қадамында көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс атқарылған. Тынымсыз ізденістің арқасында ауданда жыл сайын егіс көлемі ұлғайып, өнім түсімі көбейген. Егін шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу, жеке қаражат пен лизинг әдістерін пайдалана отырып жаңа техникалар сатып алу қарқын алыпты.

Сол қатарда экономиканың басым секторларында «зәкірлік инвесторлармен» бірлескен кәсіпорын құру бағытында ауданға инвестиция тарту жөнінде комиссия құрылып, жоспар жасалыпты. Айталық, Ақсу қант зауытын іске қосу мақсатында немістердің BMA фирмасымен келіссөздер жүргізіліп, зауытқа 38 млрд. теңге көлемінде неміс технологиясымен қант қызылшасын өңдейтін құрал-жабдықтарды орнату жоспарланған. Жобаның ерекшелігі – қант өндірісі қалдықтарын да қайта өңдеу іске асырылмақ. Бұл ақсулық диқандардың қант қызылшасын өсіруге деген белсенділігін арттыра түскен. Сол қатарда Жақан Қылышбеков басшылық ететін «Бәйтерек» кооперативінің бастамасы жұртты сүйіндірді. «Қылышбеков», «Жұлдыз», «Диқан» шаруа қожалықтарының басын қосқан кооператив «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰК АҚ-ның қолдауымен 300 миллион теңгеге жаңа техника сатып алыпты. Германия мен Беларусь елдерінен сатып әкелінген жаңа техникалар адам күшін көп қажет етпейді. Оның үстіне бүгінгі заманауи үлгімен жабдықталған техникалар компьютерлік жүйемен жұмыс істейді. Жаңа техниканың күшімен ұжым бір ғана қант қызылшасын 400 гектарға жуық жерге егіп, өнім жинау алдында.

Ақсулықтар судан да таршылық көрмейді. Алдағы уақытта Қызылағаш су қоймасы толық қалпына келтірілсе, Жоңғар Алатауының баурайындағы кең жазықта қант қызылшасы жайқалып өсетін болады. Бүгінде ақсулықтардың тәтті түбір өсіруге деген ұмтылысы жақсы. Бір ғана Алтынарық ауылындағы егістікте жайқалып өскен бағалы дақылды көргенде, ала жаздай төгілген тердің дастарқанымыздың берекесін кіргізіп, диқандардың қаржысын еселей түсетіндігін байқадық. Басқа аумақта да осындай берекенің бар екенін аудан әкімінің орынбасарлары айтып берді. Сонымен қатар, ауданда майлы дақылдарды, өсіресе, қант қызылшасын себетіндердің саны артқан. Күздік-жаздық бидай, жаздық арпа, майбұршақтан да мол өнім алынатындығы көрініп тұр.

Шағын және орта бизнесті дамытуға қан жүгірте бастаған «Бизнестің жол картасы – 2020», «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020», мүгедектерді оңалту бағдарламаларын орындау бағытындағы жұмыстар жанданып, тұрғын үй құрылысы, шағын кәсіпкерлік, инвестиция, аудан халқын сапалы ауызсумен қамту, жол жөндеу, білім, денсаулық, мәдениет және тіл, спорт және туризм салаларында жаңа бастамалар қолға алынып, жетістіктер тіркелген. Ауданның діни ахуалы мен қоғамдық тәртібі орнықты. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын ширату мақсатында қомақты қаржы бөлініп, тың жобалар қолға алынған. Ауданның әлеуеті артқан сайын тұрғындар арасындағы береке-бірлік нығайып, өмір сүру деңгейі де жоғарылай түсіпті.

Өңірдің экономикалық дамуының іргетасы өнеркәсіп өнімі десек, осы саладағы Ақсу ауданы үлесінің арта түскені байқалады. Сол қатарда Суықсай ауылындағы «Жетісу – Гранит» ЖШС-нің жетістігіне ерекше тоқтала кеткен жөн. Өнімі өрісті кәсіпорын «Ақсуда инвестиция жоқ» деген сөзді жоққа шығарғандай. Жоңғар Алатауы бауырына басып жатқан байлықты ел игілігіне асыруда ұжым ерекше табандылық танытып келеді. Олар өткен жылы «Даму – өндіріс-2» бағдарламасы бойынша Қапал өңіріндегі гранит кен қазба орнын әзірлеу және өндіру мақсатында 256 млн. теңге несие алып, кен барлау, анықтау жұмысын жүргізген. Сол жұмыстардың нәтижесінде шілде айынан бастап гранит блоктарын өндіре бастапты. Қазіргі жұмыс ауқымы да ойдағыдай. «Олар «Экспо–2017» нысандарын салу үшін «АБК Құрылыс» ЖШС-ін құрылысқа қажетті 17585 шаршы метр гранит бұйымдарымен қамтамасыз ету туралы 374 млн. 471 мың теңгеге келісімшарт жасасқан. Бүгінгі күні соның 12330,92 шаршы метрі немесе 229,7 млн. теңгенің өнімін өткізіп үлгеріпті. Қазірде мұнда жұмыс істеп жүрген 60-қа жуық адамның бәрі сол өңірдің тұрғындары екен. Жұмысшылар жатақханасының өзінде қаладағыдай жағдай жасалған. Сонымен қатар, «Жетісу – Гранит» ЖШС жобалық құны 1 млрд. 800 млн. теңге гранит өңдейтін зауыт салып, өңірлік даму картасына ену үшін тиісті құжаттарын облыстық кәсіпкерлік және инновациялық-индустриялық даму басқармасына өткізіпті. Егер жоба бекітіліп, тиісті қаржы бөлінсе, Суықсай ауылынан 100-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын ірі өндіріс орны бой көтермек. Бұл Ақсу өңіріне құйылатын инвестицияны көбейте түсуге мұрындық болатыны анық. Сонымен қатар, электр энергетикасына инвестиция тарту мәселесі бойынша Ақсу өзені бойына бірнеше шағын су электрстансысын салу жобасы қолға алыныпты. Ақсу өзенінің бойында ГЭС салу үшін жер пайдалануға мемлекеттік актінің құжаттарын ресімдеу жүргізіліп жатыр екен. Өзеннің жоғарғы учаскесінде геологиялық барлау жұмыстары атқарылуда.

Сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін өңірге стратегиялық инвесторлар тарту арқылы сүт өнімдерін экспортқа шығаруға баса назар аударылғаны көрініп тұр. Біз бұл бағытта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың ретін Қапал ауылындағы Қапал сүт зауытының, Суықсай ауылындағы «Николай К» шаруа қожалығының, Алажиде ауылындағы «Ащыбұлақ» отбасылық бордақылау алаңының жұмысымен танысу барысында жақыннан біле түстік. Бүгінде аудандағы 20 мың бас сауын сиырдан жыл басынан бері 17 мың тонна сүт сауылып, саудаланған. Өңірде дайындалған сүт Қапал ауылында орналасқан «Үштөбе Айдын» ЖШС май зауытына өткізіледі екен. Қапал ауылындағы май зауытына жақын орналасқан Арасан, Көшкентал округтерінен күніне 1500 литрге дейін сүт қабылданатын көрінеді. Зауыт директоры Василий Посмитныйдың айтуынша, жыл басынан 360 тонна сүт өңделген. Алдағы уақытта голландиялық технология бойынша «Жетісу Био Өнім» ЖШС-і Ақсу ауылдық округінің аумағында 400 басқа арналған тауарлы-сүт фермасын құруды жоспарлап отыр. Серіктестіктің қаражатымен мал қоралары салынып жатыр. Олар сүтті бағыттағы ірі қара малдарын сатып алу үшін «Казмясо» ЖШС-мен келісімшарт жасасыпты. Ал ет өндірісі мен өңдеуді дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту, шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау бойынша 7 мал бордақылау алаңы жұмыс істеп тұр. Бүгінгі күні оларда 2870 бас ірі қара бордақылануда. Олар ішкі нарыққа жыл басынан бері 890 тонна сиыр етін шығарыпты. Тәулігіне 20 тонна сүт өңдейтін зауыт сол маңдағы ауыл тұрғындары малының сүтін сатып алып, нарыққа бейімделген өнім шығарумен айналысып келеді. «Николай К» шаруа қожалығының шалғай ауылдан кәсіпкерліктің көзін тауып, ауылдастарына үлгі болғаны көңіл көншітсе, жоғары білімді жас жұбайлар Мейір Жанболатов пен Дана Жұматаеваның Алматыдағы жұмыстарын тастап, Суықсай ауылынан отбасылық сауын сиыр фермасын құрып, жұртқа үлгі болғанын Елбасы бағдарламасының шалғай ауылда өркен жая бастағанының белгісі деп ұғындық.

«Туған жерге туыңды тік» акциясы аясында Матай ауылында спорт және ойын-сауық кешені, Алтынарық ауылында «Ақсу агрохолдинг» жеке шаруашылық серіктестігі ашылды. 20 жылдан астам су бармай тұрған Үлгілі ауылына су жеткізілді, Жансүгіров ауылында «Мәдина» қонақүйі, Арасан ауылында «Баянжүрек» тойханасы ашылды. Соның бір жарқын көрінісіне Жансүгіров ауылындағы М. Әуезов көшесіне орналасқан, жеке кәсіпкерлердің қаржысымен құрылыс жұмыстары аяқталған 30 және 24 пәтерлі екі үйдің бүгінгі келбетімен танысқанда көз жеткіздік. Ел қамын ойлаған кәсіпкер Қадыр Сабырмен кездескен сәтімізде үлкен жүректі азаматтың ауылым дегенде ішкен асын жерге қоятын азаматтығына тәнті болдық.

Ақсу ауданында 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізуге арналған жұмыстар да тыңғылықты орындалу үстінде. Педагог кадрлардың білімін жетілдіру мен ағылшын тілін дамытуға байланысты олимпиадалар, байқау, конференция, семинар-тренингтер, «дөңгелек үстел» және басқа да іс-шаралар жоспарлы түрде ұйымдастырылады екен. Сондай-ақ, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында түсіндіру жұмыстарын жүргізу кестесі жасалып, ақпараттық кітапшалар таратылыпты. Сол қатарда аудандық Е. Сиқымов атындағы орта мектептің жанынан ашылған 81 орынға лайықталған интернаттың тыныс-тіршілігін көріп, мұны Елбасы тапсырмасының ел өміріне қан жүгіртken тағы бір жаңалығы деп түсіндік.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі десек, сол бесіктен нәр алып, ұлттық болмысымызды сақтайтын да көбінесе ауыл азаматтары. Олай болса, ауыл мәдениетінің қашанда биік тұрғаны абзал. Ақсу ауданы ауыл мәдениетін жарқыратып көрсетумен, насихаттаумен өзгелерге үлгі болып келе жатыр десек, артық айтқандық болмайды. Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін жағдай орнаған. Бұқаралық, халықтық сипат алған ізгілікті акцияға аудандағы мекеме-ұжымдар, ауыл тұрғындары, іскер азаматтар түгел қатысып, қайырымдылық қорын құрыпты. Осы мақсатпен өткен жылы 10 млн. теңге қаржы жиналыпты. Осы қаржының есебімен Жансүгіров кентіндегі Пушкин және Қабанбай батыр көшелерінің қиылысына орналасқан, көптен бері бос тұрған 8 пәтерлі 2 қабатты үйге жөндеу жүргізіліп, мұқтаж жандарға беріліпті. Пәтер кілтін алған адамдардың көздерінде қуаныш оты ұшқындап, жүздеріне күлкі үйірілген толқынысты сәттеріне өзіміз де куә болдық. «Жердің құты күйінде, ердің құты үйінде, елдің құты биінде» деген халық даналығын еске алып, «Орнында бар оңалады» деген осы екен-ау деп түйдік біз де.

Ақсу ауданын басып өтетін облыстық, республикалық маңызды күре жолдар мен ауыл арасын жалғайтын жолдардың мәселесі де тұрғындарды қатты мазалайтын. Биыл аудандағы ауыларалық жолдарды жөндеу, кедергісіз көлік қатынасын қалпына келтіру үшін тығырықты шаралар қарастырылған. Алматы – Өскемен күрежолынан Қапал ауылына беттейтін бұрылыстан Суықсай ауылына дейінгі, Суықсайдан Жансүгіров кентіне дейінгі жолдарды орташа деңгейде жөндеуден өткізуге жобалық-сметалық құжаттама жасалған. Жобаны атқаруға қажетті қаржы бөлінсе, аты мәлім «Қапал-Арасан» емдеу-сауықтыру орталығы мен қасиетті Тамшыбұлаққа атбасын бұратын алыс-жақын шетелдік туристердің саны артар еді.

Қайта жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткен аудан әкімдігі ғимаратына кіргенде еңсеміз тіптен көтеріле түсті. Өткен ғасырдың екінші жартысында салынған ғимараттың тағанынан шатырына дейін жаңарып, ішкі бөлмелердің құрылымы өзгертілген. Әкімдік ғимаратының қарсы алдындағы аллеяда демалып, балаларын қыдыртып жүрген жастар көзге шалынады. Осындай жетістіктерді көріп, көңіліміз марқайып аудандық әкімдіктің кіші жиынжайына жадыраған көңіл-күймен кірдік. Мұнда аудан әкімі Әділбек Далбағаев бес реформа және оны жүзеге асыруға арналған «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында өңірде атқарылған жұмыстарды ретретімен айтып өтіп, журналистерден түскен сұрақтарға жауап берді.

Иә, Ақсу ауданындағы бір күндік сапарды осылай тамамдадық. Қай қырынан келсек те Ақсу ауданында жақсы жетістіктердің көп екендігі анық байқалды.

Қоғамдық қабылдау

ӨМІРДІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Қоғамдық қабылдау тұрғындардың мәселесін шешуге арналады. Бұл жолғы қабылдау Отбасы күніне орай ұйымдастырылды. «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалында өткен шараға бірнеше ана келіп, шешімі қиын әлеуметтік жағдайын ортаға салды.

Шара «Бақытты балалық шақ» жобасы негізінде «Талдықорған аумақтық әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің қатысуымен өтті. Орталық мамандары келушілерге заңгерлік және психологиялық көмек көрсетті. Қабылдауға отбасылық түсініспеушіліктің зардабын шегіп жүргендер келді. Бір шаңырақ астында тұратын жары әйеліне қол көтеріп, тыныштық бермейді екен. Отбасындағы жанжалдан шаршаған ана әйелдерді қолдау орталығынан жәрдем сұрады. Заңгер Жанар Нұрмұханова жәбірленуші К.-ны орталыққа орналастыратын болды. Мұнда тұрмыстық қиындыққа тап болған әйелдер жатын орынмен қамтамасыз етіледі. Жанар Болатқызының айтуынша, ол жерде тағы үш нәзік жанды күнелтуде. Бұл да болса барар жері жоқ әйелдердің уақытша болса да паналауына, есін жиып, болашағын айқындап алуына септігін тигізеді. Орталықта кейбіреулердің құжатын қайта жасауына, жұмыспен қамтылуына да жағдай туғызылады. М. есімді келіншек үш баласына бұрынғы күйеуінен алимент ала алмай жүргендігін айта келіпті. Заңгер оның құжаттарын қарап, балалардың әкесінен алимент өндіріп алуына көмектесетіндігін айтты.

«Бақытты балалық шақ» жобасы партия қолға алған 9 ірі жобаның бірі. Мақсаты – балалар үйінің тәрбиеленушілері, аз қамтамасыз етілген отбасылардың ұл-қызына жағдай жасау. Бүгінгі «Отбасын қолдау апталығында» осы мәселелерді тағы бір саралау мақсатында ата-аналар комитетінің төрағалары да шақырылыпты. Олар балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, киім-кешек өперу, қала сыртында тұратындарды автобуспен тасымалдау барысында атқарылып жатқан іс-шараларды айта келіп, алдағы уақытта қолға алу керек шараларды ортаға салды.

Жоба жетекшілері болашақта түйіні қиын өзекті мәселелерді шешу жолдарын қарастыратындарын айтты. Қыркүйектің 10-ы күні ата-ана конференциясы қаланың 22 мектебінде өткізілетін болып шешілді.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

МАМАН МІНБЕРІ

ТӘРБИЕ – ТАЛБЕСІКТЕН

Бала күнінде алған дұрыс тәрбие адамды жамандықтан құтқарып, жағымсыз әдеттен тыяды. Өйткені, қисық ағашты шыбық кезінде түзеуге болады. Мұны халқымыз: «Бала күнде алған білім – тасқа түскен таңбадай, қартайғанда алған білім – құмға сіңген жылғадай» деген жалғыз ауыз сөзбен түйіндеген. Ал дұрыс бағыт-бағдар алмаған жас өскін оңай адасып, жамандыққа тап болып жатады. Оған көмелетке толмағандар арасында жыныстық қатынасқа түсіп, түрлі қолайсыз оқиғаларға ұшырау оқиғаларының жиілеуі дәлел.

Қазіргі таңда қоғамның алдында балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу басты міндеттердің бірі болып тұр. Сондықтан баланың мінез-құлқын, тәрбиесін қадағалау әрбір ата-ана үшін маңызды саналмақ.

Жалпы қоғамдық тәртіпті елемейтін, қылмыс жасауға бейім бұзақы балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шығады. Ішкі істер бөлімдеріне есепке алынған ондай балалар құқық тәртібін бұзуға бейім келеді. Мұны негізінен ауыр тұрмыстан, қиын мінез-құлықтан, теріс тәрбиеден көреміз. Алайда кейбір ата-аналардың өз баласының тағдырына алаңдамауы, әр нәрсеге еліктегіш баланы бетімен жіберуі, мектептен тыс уақытта оқушының немен шұғылданып жүргенін қадағаламауы осындай келеңсіз жағдайларға тап болдыратыны да бұлтартпас шындық. Осыған байланысты әрбір азамат ұл-қызын дұрыс тәрбиелеп, жөнсіз әрекеттен сақтандырса, заң талаптарын бұзуды болдырмай, өзіне жүктелген ата-аналық міндетін толық орындайды. Ал Заңның басты мақсаттарының бірі – қоғамды салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Шындығында Заңды білмеу кемшілік болғанымен оны бұзған жан жауапкершіліктен құтылмайды.

Нұрсұлтан ӘУЕЗХАНОВ,
Алматы қаласы бойынша КСжАЕК бөлім прокуроры.

Алматы облысының радикалдары 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған террорлық актісін Қазақстанда қайталамақ болған

Today.kz сайтының мәліметі бойынша радикалдар 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Нью-Йоркте болған терроризм актісін Алматы облысында қайталамақ болған. ҚР ҰҚК Шекара қызметінің әскери бөлімдеріне және Қорғаныс министрлігіне, жоғары шенді әлеуетті құрылым қызметкерлеріне және Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының қызметкерлеріне қарсы қарулы шабуылдар ұйымдастыру жоспарланған. Бұл жайында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тарапынан өткізілген брифингте ҚР Антитеррорлық орталығының өкілі Сәкен Мыңбаев хабарлады.



«Мәселені ушықтыру мақсатында террористік актілерді халық жаппай шоғырланған жерлерге ұйымдастыруды жоспарлаған. Сонымен қатар, олар Талдықорған қаласының әуежайын да қарастырған, 2001 жылғы 11 қыркүйекте АҚШ-та болған оқиғаны қайталау мақсатында азаматтық немесе әскери ұшақты ұрлау көзделген», – деп хабарлайды ҰҚК.

Алматы облысы бойынша ҰҚК қызметкерлері үш содырды қолға түсірген, олардың екеуі Қазақстан Республикасының азаматтары болса, біреуі Қырғыз елінің азаматы.

«18 тамызда Қырғыз елінің бір азаматы мен бұрын сотталған екі Қазақстан азаматы ұсталған. Бір жиында олар өз тобының басшысы ретінде Қырғыз елінің азаматын таңдаған, басқа да топ мүшелерінің міндеттерін анықтап алған. Соның ішінде біздің елдің бір азаматы өзін жарып жіберуге ниет білдірген», – деп хабарлайды ҰҚК.

«Қазақстан және Қырғыз елінің азаматтары болып табылатын ұсталған топ мүшелерінен олардың тұрғылықты жерлерінен және де арнайы дайындалған құпия орындардан қолдан жасалған жарылғыш құрылғылардың бөлшектері мен діни-экстремистік материалдар алынған. Радикалдардың полиция және әскери бөлімшелер, ҰҚК қызметкерлеріне және олардың орналасқан жерлеріне қарулы шабуыл жасау жоспарлары бейтараптандырылды. Келесі кезекте олар террористік шабуылдарын халық көп жиналған жерлерде ұйымдастыруды көздеген», – деп хабарланды ҰҚК сайтында.





Суреттерді түсірген А. ҚАЖЕКЕ.

ҒИБРАТ

Аспантаудың абызы

Ешкімге дөрекілік танытпайтын, кісіге қылдай қиянат көрсетпейтін, ешкімнің ала жібін аттамайтын, кішіге ақылшы, тектілік пен мейірбандылықтың үлгісі болып жүрген, жасы тоқсанға келсе де сөзінен жаңылмай, бойын тік ұстап, сергек жүретін ақсақалдар некен-саяқ. Сондай асыл сүйекті жанның бірі – Әділхан Зықаев. Жас ерекшелігіне орай көзмайы таусылып, жанарының жалыны сөнсе де көкірек көзі ашық, қазыналы кеудесі әлі күнге сайрап тұрған Әділхан атаның заман ағымына ынтықтығы ғажап, өмірге деген құштарлығы ерекше.



Қос жанары көрмесе де асыл жары Халима тәтеміз бен немерелеріне ауызша айтып, диктофонға түсіріп, қағазға көшірткен «Ұстаздық ғұмыр», «Шыңдағы шынар», «Үзілген махаббат», «Тәлімді әңгіме – тәрбие кепілі», «Тағылымды таным», «Қарқара» атты естелік кітаптары мен «Көкемарал» атты өлеңдер жинағы, сондай-ақ, бірнеше әндері мен термелері де жарық көрді. Ел аузындағы ұлағатты ойлары, дос-жаран, құрбы-құрдас арасында айтылған әзіл-қалжыңдары мен өмірлік естеліктерінің өзі бір төбе. Көкірегінде тұнып, сыр болып ағытылған ел мен жердің тарихын, екі ғасырдың арысы мен берісін қамтыған, қазіргі заман жастарына болашақ жайлы нақылдары, қазақ халқына ғана тән салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тектілік болмысы, өткенді саралап, келешекті бағамдап жазған еңбектерін құнды да бағалы, өсиетке толы шығармалардың қатарына жатқызуға болады. Бойындағы адами асыл қағидаттарды өскелең ұрпаққа жеткізу жолында көзінің майын, сөзінің мәйегін тауысқан абыз қарт – Әділхан Ашаданұлы Зықаев бүгінде 90 деген торқалы жасқа келіп, жан жары Қама апамызбен отбасы құрғандарының 60 жылдық мерейтойын өткізіп отырған жайы бар.

Ой-өрісі мен парасаттылығын бағалай білген, әдемі қартайған атамызды бұл күндері кәрі-жас, үлкен-кіші «Аспантаудың Абыз ақсақалы» деп құрметтейді. «Халық айтса – қалт айтпайды» деген, бұл өз бағасына лайық, мәртебелі атақ. Ендеше, абыздық қасиеттерінің дәлелі болуы үшін үзік-үзік жазғанына көз жүгіртіп көрелік.

Осыдан 15 жыл бұрын, 2001 жылы «Жетісу» газетінің бірінші бетіндегі «Жер туралы Заң жобасын талқылаймыз» деген бас мақалаға үн қосып, «Жер – ұрпаққа қалған мұра» деген пікірі жарияланған болатын. Сондағы жазған ойы, көтерген мәселесі, айтқан пікірі қазірде өз құндылығын жоғалтпапты, «Жер туралы» Заң бүгінгі күні де ел ішінде қызу талқыға түсіп жатқан жайы бар. Сексен жастағы карттың халық мүддесі үшін, ата-бабадан мұраға қалған жер үшін төсекте бүк түсіп жатып алмай, сергек үн қосқандығына қалай риза болмайсың?! «Абыздық, ақсақалдық» деген осы емес пе?!

Сол пікірінде: *«Жер – қазақ халқының ұлттық мұрасы. Қазақ елінің, халқының, мемлекетінің атамекен жері», – деп басталуы керек. Олай дейтінім, басқа ұлттар қазақ халқының жерінде өмір сүру арқылы қазақстандық болып отыр. Сондықтан ашығын жазғанның, айтқанның айыбы жоқ!»*, – дейді. Тағы да: *«Кез келген заңның тілі мірдің оғындай өткір, тұжырымды, аз сөзбен көп мағына беретін, халыққа түсінікті болғаны абзал. «Жер туралы Заң» жобасының тілі шұбалаңқы. Салалас, сабақтас, құрмалас, сөйлемдерді жиі, орынды, орынсыз қолдану арқылы мағынасын қиындатып жіберген. Мысалы, 4 баптың 2 тармағында «Жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасының өмірі мен қызметінің негіздері ретінде сақтау» делінген. Бұл сөз «Жер және ондағы табиғи ресурстарды» деген дұрыс»* – деп өз ойын ашық айтады.

«Елімізге, жерімізге келетін «көмекшілердің» ойы арзан байлықты игеру арқылы көп пайда табу. Елге, жерге келетін экологиялық зардап одан да қымбатырық болатынын да ойлап, оның жолын алдын ала есептеп қойған да дұрыс болады».

«Тағы да бір айтатын жайт, 13-баптың 6 тармағында «Ауданның арнаулы жер қорын құру» деген анықтама бар. Ауданның дегеннен соң, «әрбір село, ауылда» деген сөзді қосса. Оны айтып отырғаным, аудан, ауыл, селода жерді игеретін қожалықтардан басқа зейнеткерлер, мұғалімдер, дәрігерлер де бар емес пе?! Олардың малдары жайылатын, шөп шабатын орын қоры болса дұрыс болар еді», – дейді атамыз көпшіліктің ойындағыны қозғап. Мұндай орамды ойлар мен тұшымды пікірлер бүгінде 90 жасты еңсерген ақсақалдың көрегенділігін, халыққа, ел мен жерге деген жанашырлығын көрсетеді.

Әділхан атаның жазғандарын ыждағатпен оқып, танып жүрген оқырманның бірі ретінде айтарым, шығармаларының тақырыбы сан алуан, өмірдің өзінен алынған, әр оқырманның қолынан түспейтін құнды еңбектер. Кейінгі толқын – жастарға деген ұлағатты сөздеріне көңілің толады. Астын сызып, қағазға түсіріп алатындары да жетерлік. Соның бірінде: *«Өмір деген шетсіз, шексіз ұзақ жол, жер бетінде бітеді, табиғатпен астасып, жермен бірге кетеді»*, – деген ағамыз толғамды ойларға тоқталады. *«Адам ғұмырындағы киелі, қасиетті, құдіретті ұғым – Білімділік, Мейірімділік және Қарапайымдылық. Білімділік – ақыл-ойдың жемісі. Мейірімділік – тіршілік атаулыға, адамды айтпағанда ұшқан құс, жүгірген аңның балапаны мен төліне қамқорлығы, оның мейірімділігі табиғаттан, жаратылыстан берілген аса күрделі қасиетті сезім.*

Мейірімділікті, қарапайымдылықты, жақсылықты, сыйластықты, түсіністікті адам өміріне титтей кезінен қалыптастыру әрбір ата-ананың, қала берді қоғамның міндеті болуы қажет. Неге біздің дәуірде, заманда жауыздық, қатыгездік, зұлымдық, жазықсыз кісі өлтірушілік, ұрлық, зорлық, коррупция орын алуда?! Бұның барлығы өркениетті батыс елдерінен келген бәлекет десем артық айтқаным емес, – дейді атамыз жазған кітаптарының бірінде. – *Таза қазақ халқының натурасы, бет-бейнесі, болмысы, менталитеті ерекше, қазақтың даласындай кең, тауындай биік, қарапайым. Жастарда батысқа еліктеушілік басым. Барлығы тәрбиеден...*

Бала тәрбиесінде жасыратыны жоқ көп ретте әкеден шешенің ықпалы, тәрбиесі басым. Ана баласына сәби күнінен бастап, аяғына қарап, зерделеп, киім киюіне, жолдас-жорасы мен ортасына баса мән беріп, ақыл-кеңес беріп отырады. Ана ақылшы, тәлімгер. Бұдан әке шет қалады деген ұғым тумаса керек. Әке – отбасында өзінің ақыл-ой білімділігімен, керек болса мінезімен ықпалды болуы шарт. Ол әкенің өзіне байланысты. Әке отбасының қамқоршысы, қорғаны, қалай болғанда да отбасының ұйытқысы, мәйегі, берекесі. Баланың дұрыс, әдепті, өнегелі, тәрбие алуына ерлі-зайыптылардың татулығы, сыйластығы, бірін-бірі құрметтеуі үлкен әсер етеді. Бала көзінше әке-шешеге кикілжің көрсетпегені жөн».

Міне, осындай ойлардың барлығы отбасы заңдылығын сақтаудың арқасында жүзеге асқандығын атамыздың өз өмірінен көреміз.

Әділхан ағаның әкесі Ашадан Зықаев Кеген ауданында алғашқылардың бірі болып, аудандық партия комитетінің тұңғыш хатшысы болған Ораз Жандосовпен бірге Кеген ауылының алғашқы селолық кеңесінің төрағасы болып, қызмет атқарады. Ұлт үшін күрескен Ораз Жандосовтың адал досы ретінде әкесі Ашаданды «НКВД» 1934 жылы 31 желтоқсанда: «Жандосовтың құйыршығы, халық жауы», – деп айыптап, «Итжекке» айдайды. Кеген ауданының тіршілігіне титтей де болса үлес қосқан абзал азамат отыз төрт жасында опат болып, ауылға қайта оралмаған. Сөйтіп, бір отбасыдан жалғыз өскен Әділхан «алтынның сынығы, тұлпардың тұяғы» болып қала берді.

Әкеге тағылған «халық жауы» деген айып, жаман ат Әділхан ағаның қызметке орналасу, еңбек ету кездерінде де алдынан көлденең шығып, әрдайым жолына бөгет болды, қызметіне қырсығын тигізді. Соған қарамастан ақыл-парасатының, білімі мен өмірлік тәжірибесінің арқасында барлық қиындықты жеңе білді. Ақиқат айтылмай қоймайды екен. Жала жабылып, істі болған Ашадан атамыз ақырында ақталып, ел ішіндегі құрметі асты.

«Әкеден пұл қалғанша, ұл қалсын» деген ұлағатты сөзді атам қазақ бекер айтпаса керек?! Алдыңғы жылы Әділхан ағамыз балаларымен бас қосып, Райымбек ауданының орталығы Кеген ауылында сол өңірдегі Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарына арналған ескерткіш-монумент орнатып, әкесі Ашаданға, марқұмдарға арнайы құран оқытып, ас берді. Қарақұрым ел жиналып, бақилық болғандарды еске алып, Әділхан Зықаевтың отбасы, балашағасына ризашылық білдіріп, қуашынын жеткізіп жатты. Адамгершілік, қарапайымдылық, қиналғанда қамқоршы, ақылшы болу адамның көрегенділігінен және өмірдің тар соқпағынан өтіп, қиындықты өз басынан өткерген жандардың ғана қолынан келетін іс екендігі белгілі.

Сонау, 1977 жылдың жаз айында көрші ауаннан Кеген ауылындағы орталық аурухананың бас дәрігері қызметіне ауысып, қызмет бабымен көшіп келгенмін. Отбасымда жасы келіп қалған аурушаң анам, аяғы ауыр әйелім, екі кішкене қызым бар. Бұл өңірде, онша бір жақын туыс, ағайын, танысым да жоқ еді. Келер қыста, 1978 жылдың қақаған қарлы боранды күні, қаңтар айында анам дүниеден озды. «Әр жердің заңы басқа» демекші, жалғызілікті адамға аяқ астынан барлығын ойластырып, шешімін табу оңай емес екен. Қайтыс болған адамды шығарып салудың сол елге тән салт-дәстүріне сай аттандыруға бас-көз болатын, жөн білер адамның қасыңнан табылып жатса, қанеки?! Міне, осындай қиын кезде ұйымдастыру ісіне Әділхан ағамыз араласып, бар шаруаны өз қолына алған еді. Оның үстіне, содан үш күн бұрын ғана жұбайым босанып, ауруханада жатқан еді. Үйдің тіршілігіне, не бар, не жоқ, қайсысы қайда, нешін не екендігін білмейтін ер адам үшін бәрі беймәлім. Осындай қиын-қыстау күнде үйдегі шаруаның бас-аяғында Қама тәтеміз жүрді. Сөйтіп, қаңтардың қарлы боранына, қасат қарына қарамастан, трактормен жол ашып, анамды бауырлары, келіні, немересі жерленген Жалаулыдағы қорымға қойып қайттық. Сондағы ел-жұртқа, жұдырықтай жиналған аудан, мекеме басшыларына ризашылығым шексіз.

Анамның айтуынша бұрынырақта Жалаулы деген жерде анамның екі бауыры, келіні, немересі жерленген екен. Жас кезінде әкеммен атастырылған анам көршілес аудандағы Сүмбе ауылына ұзатылады. Облыстық басшылық мені 1977 жылы Нарынқол, Кеген аудандарындағы ауруханалардың біріне бас дәрігерлікті атқаруға ұсыныс жасағанда анаммен ақылдастым. Нарынқолға көңілі сокпаған анам Кегенге баруымды қалады. Ақыры солай шешілді. Бірақ әлі күнге таңғалатыным, туған жерінен алыс кеткен анама 60 жылдан кейін бауырлары жатқан қорымнан топырақ бұйырғаны. Жаратқан Алла Тағала анама аян берген тәрізді. Алланың шапағатына бөленген пендесі болғаны ғой, сірә?!

Әділхан ағамыз еңбеккор, төрт түлік малдың жайын жақсы білетін адам. Аудандық оқу бөлімінің басшысы бола тұра түздегі жұмысын былай қойғанда қысы-жазы қорада ұстайтын ұсақ малға жемшөп, суын өз қолымен үзбей беріп, қоңынан аздырмай, семіртіп бағатын-ды. Есесіне қажет болғанда біреуге қол созып, алақан жайып бармайды, тау-тасқа шапқыламайды. Керегі қорасында, көз алдында. Қысылған адамдарға да көмектен тартынған емес. Бұның барлығын өз көзіммен көріп, дәмін татқаннан кейін айтып отырмын.

Әрбір отбасыдағы қандайда бір тіршілікке қатысты істің басталуы мен оның ойдағыдай жүзеге асып, шешімін табуы отанасыз орындалмаған. Бұл сонау әлімсақтан белгілі жайт. Зықаевтар отбасының ұйытқысы Қама тәтеміз де ағамыз сияқты жастайынан жоқшылық пен тапшылықты көп көрген, қиындықтың дәмін ерте татып, ауыртпалықты бастан өткерген адам. Сабырды берік ұстанып, ұсақ-түйек іске, өсек сөзге, негізсіз әңгімеге араласпайтын, өте байсалды Қама тәтеміз екі келін түсіріп, немере-шөберелі болып отырған абзал ана. Қызындай көретін келіндері ол кісіні анасындай сыйлап, өзара құрмет пен сыйластықты ұстанады. Осындай мейірімнің арқасында ағайынтуыс, құда-жекжатпен тонның ішкі бауындай араласып, алысты жақын тартып, бейтанысқа сыйластықпен қарап, алыс-беріс жасаудың арқасында Зықаевтар әулетінің іргесі берік, шаңырағынан ырыс-берекенің үзілмей келе жатқан жайы бар. Тіпті, туыстығы алыстан қосылатын бірнеше қыздың осы үйде жүріп, мектеп бітіріп, тұрмысқа шыққандағы құдалықтарына куә болғанбыз. Әрине, бұның барлығы әйелдің жақсы мінез, парасаттылық, адамгершілік, мейірімділік сынды қасиеттерінің қаншалықты жоғары екендігінің белгісі болса керек. Қама тәтеміз адамның осындай эталон – үлгісі.

«ҚазПИ»-ді бітіріп, жолдамамен ауылға келіп, өмір жолын мұғалімдікпен бастаған жандар ретінде ерлі-зайыпты Зықаевтар бар қиындық пен ауыртпалықты адал еңбектерімен жеңе білді. Соның арқасында ел аузына жақсы қасиеттерімен ілінді. Дүниеге бір қыз, үш ұл әкеліп, тәрбиелі азаматтардың қатарына қосқан қос тәлімгер сөз арасында қызықты жайттарды еске алып отырады. Балалары жайлы әңгімелеген Әділхан атамыз:

Келбетті де байсалды, сабырлы да парасатты азамат болып ержеткен ұлдары Бұлан отбасылы. Үлкен бір қаржы мекемесінде бөлім бастығы. Оның үйіндегі келіннің де мінезіне көңіл тоярлық. «Келінің қайсы?» десе ауыз толтырып, мақтанышпен: «Міне!» дейтіндей, тәрбие көрген жан.

Нұрлан есімді ұлдары дәл «аузын ашса, жүрегі көрінетін», көпшіл де, адал, нағыз «қазақы» жігіт. Үлкеннің де, құрдастарының да «тілін» қолма-қол таба білетін жақсы қасиеті мол жігіт. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген қағидаттан жаралған ұрпақ. Үлкенге мейірімді, кішіге сыйлы. Жүзінен реніш белгісі байқалмайтын, әкенің шаруашылыққа деген құштарлығы, еңбеккорлығы аумай дарыған жігіт. Бүгінде ауылшаруашылық саласының құлағын ұстап, халыққа қажетті азық-түлік саласын жандандыруда. Алматы қаласының маңындағы жүзденген гектар жерге қысы-жазы үздіксіз өнім беретін жылыжайдың жұмысын жүргізіп, қызанақ пен қияр өсіретін голландиялық тәсілмен жүздеген адамға жұмыс тауып беріп отырған жайы бар. Өңірдегі ең ірі шаһар Алматы халқына осылай дайын өнім беріп отыр.

Тұрарбек ТӨЛЕНДИЕВ,
ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі,
қоғам қайраткері.

Жыр-арнау

Ақсақал

Ерекше болмаса да атақ-даңқың,
Өзіңді пір тұтады дүйім халқың.
Даркан дала, кең жайлау, асқар таудай,
Тұнып тұр өн бойында ұлттық салтың.

Майда мінез, кеңпейіл, кісілікті,
Бар бойына сіңіріп, кішілікті.
Дарыған ана сүті отбасынан,
Қырандай ұрпақтарын ұшырыпты.

Несі бар қимайтұғын жүз дегенді,
Жаз да кетіп, мінекей, күз де келді.
Ғұмыр берсін, нағашым шөпшек көрсін,
Тамашала жаз, көктем, күрең белді.

Ағасы бар әркімнің жаны жақын,
Іздегенде қасынан табылатын.
Асыл мұра жалғассын ұрпақтарға,
Келер күн, әлі біздер сағынатын.
Қайталап теңеу таппай айта берем,
Шуақты келбетіңнен күнді көрем.
– Дарыған ұл-қызына тектілігің,
Ғұмырлы, бар байлығың осы, – дер ем!

Құндыз бөрік киғізіп, шекпен жауып,
«Келмесін» деп, тілеймін қатер-қауіп.
Даркан мінез, дәнекер тәтемізбен,
Жүріңіз талай туыс көңілін тауып.

Өмірдің ащы-тұщы бәрін көрдің,
Жастарға аянбастан дарын бердің.
«Шапағат тиді», – деген осы емес пе?!
Батасы қабыл болсын қалың елдің.

АҚЫН – ЕЛДІҢ АРДАҒЫ



Құс жолы

Қабілет қаннан, өнер талбесіктен басталатынын мойындасақ, ақындықтың жұрнағы жас сәбиге ана сүтімен, ата қанымен сіңбеді дейсіз бе? Оның үстіне, нағыз дәулескер, дауылпаз күйші Молықбайдың, қазақ даласына айтыс өнерінің пірі ретінде танылған Сараның, жыр танабын қуырған Қуат Терібаевтің, Құл ақынның, бергісі поэзия құлагері Ілияс Жансүгіровтің өмірінен өнеге алған Әділбектің он төрт жасынан жыр жазуға әуестенгенін аңғарамыз. Содан бастап үнемі ізденістің, толассыз тебіреністің үстінде жүрген. Сол тебіреніс әдебиетіміздің, тіліміз бен тәл тарихымыздың нәрін бойына сіңірген Әділбек Ыбырайымұлының шабыт көкжиегін кеңейтті. Оның бүгінгі жемісін Алматыдағы Қазақстан Жазушылар одағында ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында өткен "Құс жолындағы жыр" атты шығармашылық кешінен байқадық.

Қажет АНДАС

Әдебиетке құштар ақынның әр қадамына сүйінішпен қарап жүретін оқырмандары көп. Оның шығармашылық кешіне қазақтың қаламгерлері көп жиналды. Сол қатарда Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай ақынды құттықтап, одақтың атынан Абай Құнанбаевтың мүсінін сыйға тартты. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы: «Әділбек Ыбырайымұлы – Ақсу өңірінің тумасы. Бүгінде Астанада еңбек етеді. Мамандығы шығармашылықтан алшақ. Әйткенмен, шабытына қамшы салдырып, өндіре жазуға уақыт таба біледі. Өлең-сөз қадірін жоғары бағалайтын тұлғаны жерлестері мақтаныш етеді», – деп ізгі тілегін білдірді. Филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың үйлестіру-әдістемелік орталығының директоры Ербол Тілешов ақын өлеңдерінің поэтикалық болмысына терең талдау жасады.

Әділбектің тақырыпты табуы, игеруі, көркемдік құралдарын меңгеруі, ой айту, өзіндік поэтикалық бейне жасау мүмкіндігін байыптасақ, оның қазақ поэзиясының ұлы тұлғаларын үлгі тұтқанын, солар жеткен биіктен көз алмай, солармен жарыса өзіндік өнер соқпағын жасағанын аңғарамыз. Туған жерді, оның сұлу табиғатын, туған елін, Отанды, дүниеге келген шаңырақтың киесін қалай сезінуді перзенттік махаббатпен жырлай білуді қанына сіңірген. Сахнада сөз алған кеш иесі: "Бүгінгі кешке ұстаздарым, жырсүйер жастар жиналды. Осының барлығы тәуелсіздіктің арқасы деп ойлаймын. Біз тәуелсіздік алған бақытты елміз. Сондықтан, жыр кешімді «Тәуелсіздік» деген өлеңмен ашқым келіп отыр», – дей келіп, тәуелсіздік және Астанаға арнаған екі тың жырын әдебиетсүйер оқырманға оқып берді. Сол қатарда Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі, Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының әртістері мен Астана жастар театрының әншілері өнер көрсетіп, ақынның өлеңіне жазылған әндерді орындап, шараның шырайын аша түсті.

«Зейін салып, ден қойсақ, жазғаны қатпар-қатпар қыртыстардан тұратын күрделі ақын». Әділбек Ыбырайымұлының шығармашылығына Фариза Оңғарсынованың берген бағасы бұл. Көргендері мен түйгендерін поэзия тілімен жеткізуге машықтанған. Өлеңдерінің тақырыбы да алуан түрлі. Көпшілік кеште бастан-аяқ ақынның өлеңдеріне құлақ құрыштарын қандырды. Әңгіме желісімен әзірленген қойылымға да куә болды. Әсіресе, студенттер жатқа оқыған ақын жырларының құдіреті көпшілікті бір серпілтіп тастады. Сахнада оқылған әр өлеңнен ұлттығымызды ұлықтау, дәстүрімізді дәріптеу, халқымыздың мәңгілігін айғақтайтын жақсының, ізгіліктің бастауы, адамзатқа қаншама ұрпақ сыйлаған ата мен әженің орны айрықша көрсетілген.

Шынайы поэзия ақыл айтуды, жауыр болған жайды қайталап, мезі етіп, орынсыз ділмарсуды ұнатпайды. Әділбек лирикаларынан поэзияға қойылатын осы талапты сезініп отырдық. Не жазса да түбірін, тамырын, ішкі сырын қармай жазатын, өмірге көбіне ақылдың көзімен қарайтын талант екенін бағамдадық. Өлең құдіреті арқылы тәуелсіздіктің тұғырын берік өруге өлшеусіз үлес қосқанын көрдік. Романтикалық сарында жазылған адамгершілік-рухани ізденістер, философиялық тереңдік, тың ой, ұтқыр образдар Әділбектің тал бесіктен жер бесікке түскенше кіндігі байланған туған жер жайлы тебіреністерімен айшықталған. Ақсудың мөлт-мөлт етіп, толқып аққан суындай таза, ірімдері терең, әр жолы жүрегіңді қытықтайтын жырлар жазған Әділбектің талантына шынымен де тәнті болдық.

– Құс жолы – үлкен ұғым. Ол жерде жұлдыздар шоғыры орналасқан. Сол жұлдыздар шоғырының ішінде әдебиетшілердің де қатары мол. Сол қатардан біз көрінбесек те соған жетекабыл болып, жұлдыздар легіне қосылып, құс жолында, солармен бірге мәдениетімізді қоса ұлықтап жүрейік, – деген Әділбек ақынның сөзінен қазақ әдебиетіне деген үлкен сүйіспеншілікті ұғынасың. Осындай сүйіспеншіліктің арқасында шаршаса да, шалдықса да мойымай, бүгінге дейін 20-ға жуық кітаптың авторы атанды. Қазақстан Жастар одағы және Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. Қалың оқырманға "Зау-қайыр" романтриллері, "Мизамкөк", «Адам-хайуан" романы және "Пір мен пырақ", «Мерейлі мекен», «Ақтамақ қарлығаштар», «Сүмбіле шуағы" сынды жыр-дастан жинақтарын ұсынған лирик ақын, қарымды қаламгер. Десе де, бұл кеш арқылы ақын өзінің сұлу да сырбаз кескін-кейпімен, адамгершілік, азаматтық бейнесімен тағы да бір жарқырап көрінді.

Мемлекеттік қызметтің өтінде жүрсе де отты шабытын өшірмеген жерлестеріне жетісулықтар шапан жауып, шоқ-шоқ гүлдерін ұсынды. Сол қатарда Талдықорғандағы жастардан ұйымдасқан «Тамшыбұлақ» жетісулық әдебиетшілер қауымдастығы уығын қадап жүрген бір топ ақын іні-қарындасы облыс пен ақын туған ауылдың сәлемін Алматы төріндегі перзентке жеткізді. Әрине, ақын шығармашылығы жайлы кеш өткізу, ағайынның ақтарылуы мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта да жалғасып, ақынның азаматтық тұлғасы биіктей бермек.

ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕНІШІ

Ансамбль аты – «БӨБЕЖАН»

Жергілікті жерлерде ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін көркем-өнерпаздар үйірмесі құрылып, халықтың алғысына бөленуде. Сондай бір ансамбль Жамбыл ауданының Үмбетәлі ауылында құрылып, қазіргі таңда ауыл-ауылдарға концерттік бағдарламамен шығып жүр.

Табиғаты тамаша, киелі өңірде орын тепкен Шолаққарғалы ауылының адамдары өнерден кенде емес. Бір ғана Үмбетәлі ауылынан «жырдың қара жорғасы» Үмбетәлі Кәрібаев пен халық ақыны Әсімхан Қосбасаровтың, белгілі күйші-композитор Қылан Сәрсембиев пен майдангер ақын Қанатберген Деңгелбаевтың, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Надежда Лушникова мен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Нүсіпбай Әбдірахымның, ақын Әсімхан Майлыбаев пен суретші, термеші, ақын Әуелбек Ысқақовтардың шыққанын айтсақ та жеткілікті. Міне, осы таланттардың дәстүрін, творчествасын дәріптеуде Үмбетәлі ауылында көптеген игілікті істер атқарылып жатыр. Соның бір айғағы – «Бөбежан» атты ақ әжелер ансамблі.

Енді осы ансамбльдің қалай құрылғанына тоқталсақ. Осыдан бірнеше жыл бұрын Үмбетәлі ауылында «Шіркін Лайф» бағдарламасы түсірілді. Сол кезде ауыл тұрмысын көрсететін эпизодтарға ұлттық киім киген аналар керек болғаннан кейін ауылдағы бірнеше әженің басын қосып ән салдырып, салт-дәстүр көрсетуге тура келеді. Содан кейін жиылған әжелер «Неге бізге әжелер ансамблін құрмасқа?» деген шешімге келеді. Көпшіліктің қолдауымен Үмбетәлі Кәрібаев музейінің бұрынғы қызметкері, бұл күнде зейнеткер Меңсұлу Мұқашева осы істі ұйымдастыруды өз жауапкершілігіне алады. Сөйтіп аз ғана уақыттың ішінде зейнеткер ұстаз, музыка саласының білгірі Шакеева Несіпкүлдің жетекшілігімен шағын әжелер ансамблі өмірге келді. Ансамблге мүше болып Шолаққарғалы округінің бас маманы Кәмшат Шөшікбаева, кітапханашы Зағиша Әбжалелова, көсіпкер Майра Деңгелбаева, зейнеткерлер Гүлжан Шымырбаева, Әсия Дүйсенова, Несіпкүл Қоржымбаева, Мария Төлешбаева, Гүлжан Шынарбековалар кіреді. Ақылдаса келе ансамбльге Үмбетәлі Кәрібаевтың анасы, кезінде ауыл адамдарына сыйлы, он саусағынан өнер тамған қолөнер шебері әрі айтулы әнші болған Бөбежан әжеміздің аты берілді.

Ансамбльдің құрылуы Үмбетәлі ақынның 125 жылдығына сәйкес келгендіктен алғашқы концерттік бағдарламаны осы мәдени іс-шарағa орайластырып дайындау басталды. Осылайша ең алғашқы кезекте Үмбетәлінің «Анама» әні репертуарға енді.

«Бөбежан» ақ әжелер ансамблі сол кезден бері Ақсеңгір, Қасымбек, Мыңбаев, Шолаққарғалы, Үмбетәлі ауылдарында концерттер қойып, көпшіліктің алғысын алып үлгерді. Өнерпаз ұжым тек халық әндерін ғана емес, жерлес композиторлар Әсет Бейсеуов, Қылан Сәрсенбиев, Есенқұл Жақыпбеков, Жолдасқан Құрмысовтардың шығармаларын да дәріптейді. Оған қоса «Түсаукесер», «Бесікке салу», «Тілашар» сияқты дәстүр-салттарды көрсетеді. Айналдырған екі жылдың ішінде «Қазақстан – 1» телеканалына түсіп, ауданның біраз елді мекендерінде концерт қойып көпшіліктің алғысына бөленді.

Биылғы Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай «Бөбежан» әжелер ансамблі арнайы бағдарлама құрып, жыл басынан бері әртүрлі мерекелік іс-шараларға белсене қатысып келеді. Арасында үлкен концерттік бағдарлама кезінде қатарларына Үмбетәлінің немересі, музей меңгерушісі ақын Әуелбек Ысқақовты да қосып, арнау айтқызып қояды.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, осы ансамбльдің жұмысына рухани қолдау білдіріп, шамалары келгенше көмек қолын созып жүрген Шолаққарғалы селолық округінің әкімі Керімбаев Мақсат Кеңесқұлұлы бастаған әкімдік қызметкерлеріне де айтар алғысымыз шексіз. Тәуелсіз республикамыздың аспанында ақ әжелеріміздің орындауында Сүйінбай, Жамбыл, Үмбетәлі, Кенен, Әсімхан, Есенқұлдардың шығармалары қалықтай берсін демекпіз.

Элеонора БАУЛЫШЕВА,
Шолаққарғалы селолық округінің кітапханашысы.
Жамбыл ауданы.

Жетісу
1918-2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru



Ұлыстың ұлы күніне 14 күн қалды

Құттықтаймыз!



Талдықорған қаласы Ынтымақ ауылында тұратын аяулы да ардақты анамыз **НҰРҒОЖИНА Айтбала** бүгін 80 жастың биігіне шығып отыр. Шуаққа бөлеп маңайды, айналасына арайлы болған батыр ана 11 баланы өмірге әкеліп, тектілікпен тәрбиелеп өсірді. «Алтын алқа» иегері атанған ардақты жан бүгінде сүйікті әже, таусылмас қазына, сарқылмас байлық.

Әулетіміздің киесі, барлығымыздың ақылшымыз, шаңырағымыздың берекесін кіргізіп отырған асыл жанды туған күнімен құттықтап, сәнді де мәнді қалпын сақтап, жанымызда мәңгі жүрсін демекпіз. Ардақты ана, асыл әже, сізді келе жатқан 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен де құттықтап, барлық жақсылықтарды тілегіміз келеді. Балаларын белі қайысқанша еңбек етіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, мейірімін төге жүріп күтіп-баптап өсіргең. Міне, соның жемісі болса керек, бүгінде ұл-қыздарыңыз өркен жайып, бір-бір шаңырақты құрап, өсіп-өнді. Үбірлі-шүбірлі болып, тектіліктен алған тәрбиемен тұғырлы болып келеді. Соның барлығы үшін ұрпақтарыңыз сізге мәңгі қарыздар. Ұл-қыздарыңыз бен немере-шөберелеріңіздің ортасында әрдайым жүзіңізден жылу, езуіңізден күлкі кетпей, қуаныш пен шаттыққа тоймай жүре беріңіз. Алла сізге күш-қуат, ұзақ ғұмыр берсін!

Анашым, ұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.
Тіршіліктің қызығына бөленіп,
Аман-есен ортамызда жүріңіз.

Бақ орнасын әрдайым басыңызға,
Жас қосылсын, анашым, жасыңызға.
Көтеріңкі болсыншы көңіліңіз,
Толы болсын шаттыққа өміріңіз.

Бір бақыт қой шаттыққа бөлегені,
Көрсін анам шөпшек пен шөберені.
Ұрпақтарға үлгі бік бағдар,
Жол нұсқаушы өмірің өнегелі.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: ұл-қыздары, күйеубала мен **келіндері** және **немере-шөберелері.**

ІЗЕТ

Ұстаздық еткен Жалықпас

Адам өмірінің қашанда өнегелі ісімен ардақталып, жеткен табысымен салмақталып отыратыны анық. Осы тұрғыдан келгенде жеріміздің көркейіп, өнеріміздің өрлеп, мәдениетіміздің мәйектенуінде ұстаздар қауымының арқалаған жүгі басым.



Бұған педагогика саласында ерінбей еңбек етіп, ұрпақ болашағы үшін тер төккен ағаапаларымыздың жемісті жолы дәлел. Сондай жандардың бірі – өмірінің 37 жылында саналы ұрпаққа салиқалы жол ашқан Байболысова Бақытқайша Сәрсенғалиқызы.

Кейде адамның тағдырын бір ғана бағыттың өз ағысымен жылжытып әкететіні бар. Бақытқайша Сәрсенғалиқызы орта мектепті бітірген соң Қаратал ауданы, Ақжар ауылындағы Балқаш орта мектебіне мұғалім болып еңбек жолын бастайды. 1989 жылы Панфилов педагогикалық училищесін, 2005 жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі мамандығын бітіріп, білімі мен біліктілігін жетілдіреді. Кейінгі жылдары Талдықорған қаласы Өтенай ауылындағы №21 мектепте еңбек етіп, ұстаздық бедел биігін әспеттеп келеді.

Қазақ халқының дәстүрінде «тектілік» дейтін қасиетті ұғым бар. Бақытқайша сондай текті әулеттің тұяғы. Елі мен жұрты үшін істеген ізгілікті істері арқылы ел аузында жатталып, аты тарихта қалған аталарының кісілік, кішіпейілдік, адамгершілік қасиеттері оның бойынан табылады. Бала күнінен бауырмалдықты бойына серік етті. Сол қасиетін ұстаздықта қолданды. Сонымен, бедел биігіне тез көтерілді. Атақты Санлақ шешен: «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, жолаушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық», – деген екен. Осы айтылған қасиеттер Бақытқайша Сәрсенғалиқызының бойынан табылады. Ол ұстаздық қызметті атқарумен қатар ардақты ана, аяулы жар бола жүріп, екі баласын тәрбиелеп өсірді. Еңбегі еленіп, аудандық, қалалық Құрмет грамоталармен марапатталды. Ең бастысы, шәкіртінің көңілін тауып, өміріне азық болар ақыл-кеңесін аямайтындығымен көптің ықыласына бөленуде. Сондықтан біз де Бақытқайша апайдың үлкен белестерді бағындырып, жұрттың бақытын еселей беруіне тілекшіміз.

Өтенай ауылдық №21 орта мектебі 2 «ә» сынып оқушыларының ата-аналары.

Талдықорған қаласы.

ҚОЛӨНЕР

Жаны сұлу адамның жүзінен ескен жылылық айналаны нұрландырып, әдеміліктің, ізгіліктің, парасаттылықтың қайнар көзіндей көрініп тұратыны шындық. Ал ондай адамның ісмерлігі мен іскерлігі астасқанда Алатаудың биік шыңына ұқсап кетеді. Адами асыл қасиеттерді бала жастан бойына жиып өскен Меруерттің көркем мінезі мен көрікті келбеті осындай ой түюімізге жетелейді.



Әйелдер әшекейі

Жетісу
Ұлбосын ИСАБЕК

Сонау күрішті өңірден нәр алып, ұлттық салт-дәстүрімізге қаныққан Меруерт Ермекованың негізгі мамандығы – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Өмірін бала оқытуға арнаған анасының ардақты ісін жалғастыруды мақсат тұтқан. Сөйтіп, Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын тамамдаған соң бірнеше жыл білім беру саласында абыройлы еңбек еткен. Әйтсе де, заман талабына қарай икемделіп, жеке кәсіппен айналысу мақсатында «Сымбат» сән академиясында бет күтімі, бетті әрлеу мамандығын қосымша меңгеріп, әсемдікке, сұлулыққа жаны құмартады. Жан-жақтылығының арқасында академияда білім ала жүріп, қолөнердің қыр-сырына қанығады. Бұл тіптен, өзіне жат кәсіп емес еді. Бала жастан ауыл әйелдерінің киіз басып, кілем тоқитын шеберліктерін көріп, шыңдалып өсті. Бұған қоса, он саусағынан өнер тамған Ғалиядай анасының қыздарына лайықтап әдемі көйлек тігіп, моншақ жасап беретін іскерлігін сіңірген.

– «Қыздың көзі – қызылда» деп бекер айтпайды ғой. Кішкене күнімізден қолымызға іліккен моншақтарды тағып, сәнденгенге құмар болдық. Мектепте жақсы оқумен қатар мәдени іс-шаралардың жүргізушісі міндеті маған жүктелген. Әр мерекеге қажет көйлекті анам тігіп берсе, мен өзіме ұнайтын әшекейді таңдап тағып, жарқырап жүруге ұмтылатынмын, – деген Меруерт бүгінде әйелдерге арналған әшекей бұйымдар жасаудың хас шебері атанған. Қолөнермен айналысу – адамнан асқан төзімділікті, сабырлылықты қажет етеді. Бастапқы жылдары әшекей бұйымдардың қарапайым түрлерімен айналыссам, уақыт өте келе бағалы тастармен жасауды меңгердім.

«Білім – инемен құдық қазғандай» демекші, түрлі түсті, үлкен-кіші моншақтарды тізіп, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасау да зор еңбекті, табандылықты талап етері сөзсіз. Шарқ ұрған қиялдағы тамаша дүниенің өмірге келуі үлкен толғаныстан туындайды. Сұлулыққа жаны құмар әйелдердің сұранысына ие, талғамынан шығатын әдемі бұйымдар жасау үшін талмай талаптанып, ерінбей еңбектену керек. Мұны жүрегімен сезінетін ісмердің ықыласы зор, мақсаты айқын.

Талғарда заманауи және этноүлгіде әйелдердің мойыналқа, моншақ, білезік, сырға, басқа да сәндік бұйымдарын жасап, саудалайтын жалғыз Меруерт десек, еш артық айтқандық болмас. Өнерлі жанның көз жауын алатын әсем де табиғи тастардан жасаған бұйымдарын жоғары бағалайтындар қатары өскен. Соған орай сұраныстың да арта түскендігі қуантады. Себебі, кәсібінен – нәсібін теріп отырған еңбек адамы үшін мәндай тердің ақталғаны жөн.

Иә, адам есіміне аса мән берген халықтың ұрпағымыз. Есімі меруерт тасымен байланыстырылып қойылған Меруерттің де аты затына сай келіп, табиғи тастардан бұйым жасаудың шебері атануы тегіннен-тегін болмаса керек. Сұлулыққа жаны құмар әйелдің ермегіне айналған қолөнері – бұл күнде өмірінің мәніне, халықтың сәніне айналғанына қуанамыз. Ұлттық өнерді ұлықтап, шеберлік мектебін қалыптастыруға қабілетті жанды «үйренсем, білсем» деген ынталы жастардың жиі иектеуі заңдылық. Бесаспап шебердің шәкірт болуға ниетті қыздардың біразын баулып, қанаттандырғанын да мақтанышпен атау абзал.

– Іске икемді, қолөнерге қабілетті қыздардың қатары көбейсе нұр үстіне нұр. Атадан балаға мирас болған халқымыздың мол мұрасын, өлмес өнерін жалғастыратын кейінгі жастарды баулып, жолға салу біздің аналық, әпкелік парызымыз. Дегенмен де, орынның тапшылығы, уақыттың таршылығы бұл ойымды толыққанды жүзеге асыруға мұрсат бере бермейді, – дейді қолөнер шебері.

«Ана көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген даналық бар халқымызда. Ісмер ананың алпыс екі тамырынан нәр алып, өмірін өнеге етіп өсіп келе жатқан қызы – Қызғалдақтың да ұлттық өнерді әспеттеуге деген құлшынысы қызықтырмай қоймайды. Бүгінде Талғар қаласындағы Ж.Жабаев атындағы №6 орта мектепте білім алатын Қызғалдақтың қолынан шыққан сан түрлі бұйымдарына сұраныс бар.

Қазіргі кезде әлеуметтік желілер арқылы Меруерт Ермекованың қолтаңбасымен сапалы да сәнді етіп жасалынған эксклюзивті қолөнер бұйымдарына еліміздің әр шалғайынан, сонымен қатар, сахна төріндегі әншілерден сұраныс артуда. Ұлттық нақышта өрнектелетін қолөнер бұйымдарына тапсырыстың еселене түсуі хас шебердің шеберлігін шыңдап қана қоймай, танымалдылығын арттырып, бизнестегі алар орнын айқындауда. Олай болса, ұлттық өнерден туындаған отандық өнімге ден қойып, барымызды бағалай білу – парызымыз.

Талғар қаласы.

БАЙҚАУ



Ару ажары – бұрым

Кербұлақ аудандық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен Сарыөзек ауылындағы Әбікен Сарыбаев атындағы Мәдениет үйінде «Ару ажары – бұрым» атты байқау өтті. Аталған шараны облыстық әйелдер кеңесінің бастамасы негізінде Кербұлақ аудандық әйелдер кеңесі ұйымдастырды. Байқауды аудандық кеңестің төрайымы Ғалия Ниязова құттықтау сөзбен ашып қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жетісу
Қажет АНДАС

«Өзін-өзі таныстыру», «Мен бұрымды сұлумын, әдемімін», «Асыл қазыналы, баға жетпес өнегелі сөздер сайысы», «Сұрақ-жауап сайысы», «Өнерлі өрге жүзеді» сияқты бес кезеңнен тұратын байқауға ауданға қарасты 15 ауылдық округте өткен осындай байқаулардың жеңімпаздары қатысып, бағын сынады.

Халқымызда: «Қыз өссе елдің көркі» деген әдемі сөз бар. Десек те, қыздардың ақылы мен парасаты, мінезі мен көркі, ізеттілігі мен жан дүниесі, әдеп пен инабаты, тағы да басқа жақсы қасиеттері жарасым тапқанда ғана елдің көркін асырып, берекесін шалқытады. Сондықтан да тарихымызда аты аңызға айналып, абыройы асқан, бір елдің мақтанышына айналған апа-аналарымыз көп болды. Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы жаһанданудың салдарынан аруларымыздың батыс мәдениетіне еліктеген көңілге қонымсыз ерсі қылықтары көбейіп барады. Дей тұрғанмен, кешегі ару қыздардың жолын қуып, салт-дәстүр, әдет-ғұрпты берік ұстанғандар қатарымызда көп екен. Оны сайыс барысында байқадық.

Жарыс өте тартысты өтті. Ең алдымен қыздар шыққан тегін, білімді, біліктілігінің қыры мен сырын таныстырды. Бәрі де ақылды әке, өнегелі ананың тәрбиесін алғанын, өмірден көргені мен білгені, сезгені мен түйгені мол екендігін ұғындыруға ұмтылды. Осыдан кейін сән өнерінің талабы бойынша өздерінің киім мәдениеті мен шаш үлгісін көрсетіп, бұрымды қызға тән қасиеттерді аңғартуға күш салды. Осыдан кейін өмірге, қоғамға, ата-анаға деген жан тербелісін әдемі көріністермен жеткізді. Соңында ән шырқап, би билеп, мәнерлеп өлең оқып, өнерден кенде еместіктерін де паш етті. Қысқасы, сайысқа қатысқан он бес қыздың бар болмысынан бүкіл қазақ қыздарына тән ізгі қасиеттерді көрдік.

Тағы бір айта кетерлігі, сайыс барысында «Шын-тақ ішке бүгіледі» дейтіндей жағдай орын алмады. Өйткені байқаудың әділ-қазыларын облыс орталығынан арнайы шақыртыпты. Бұл қатарда бар ғұмырын еліміздің өркендеуіне арнаған, мәдениет пен өнердің төңірегінде жүрген, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-шөбересінің үлгі-өнегесіне айналған Дина Нұрғалиева, Райхан Қапышқызы сияқты аналарымыз болды. Демек, барлық қатысушыға өзіне лайықты баға берілді.

Сайыс нәтижесі бойынша Көксу ауылынан келген ару Жансая Иманбаева бас жүлдені жеңіп алса, қаспандық Сымбат Бабатаева бірінші, талдыбұлақтық Аида Сопанова екінші, сарыбастаулық Айтолқын Көмекова үшінші орынды иеленді.

Жүлдегерлермен қатар барлық қатысушыларды аудан әкімі Бағдат Әлиев Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Сарыөзек ауылы, Кербұлақ ауданы.

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, №15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс — 41-10-46,бас редактордың орынбасарлары — 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы — 41-10-50, бөлімдер — 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 41-10-52, фототілшілер — 41-10-53, жарнама бөлімі — 41-10-51.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілер: Панфилов — 9-12-27,Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11. Жамбыл — 8-701-254-97-55. Талғар — 8-701-400-28-49. Қарасай — 8-701-347-60-32. Еңбекшіқазақ — 8701-212-00-96.
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 60-11-21 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 374.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 64 453, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы – 37 474.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Құралбек СӘБИТОВ.

КОНКУРС

«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» байқауы

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы мен Қоры баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған **«Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы»** тақырыбы бойынша таңдаулы материалдарға жыл сайынғы дәстүрлі ашық конкурсын жариялайды.

Конкурстың мақсаты – елдің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету. Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету.

Конкурс төрт номинация бойынша өткізіледі:

1) **«Үздік теледидар материалы»;**
2) **«Үздік радиоматериал»;**
3) **«Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;**
4) **«Ғаламтор-БАҚ-тағы үздік жарияланым».**

Номинациялардың әрқайсысы бойынша жеңімпаздарға **1 миллион теңге** мөлшерінде ақшалай жүлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше **– 500 мың** және **200 мың теңге** беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен төсбелгілер тапсырылады.

Конкурсқа кәсіпқой журналистер жеке және ұжымдық негізде қатыса алады.

Конкурсқа **2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 10 қазан аралығында** мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жарияланған (басылған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Конкурстың қорытындысын құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген комиссия шығарады.

Жеңімпаздарды марапаттаудың салтанатты рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер **2017 жылғы 1 маусымнан бастап 10 қарашаға** дейінгі мерзімде әкеліп беру тәртібімен немесе поштамен жөнелту арқылы мына мекенжайда: Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Ә. Бөкейхан көшесі, 10, 213-каб, «Қазақстан тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгісімен қабылданады. Байланыс тел.: **8 (7172) 69-30-57, 69-30-52, 69-30-50, 69-30-53, 69-30-56.**

Конкурсты өткізудің шарттары мен уақыты туралы барлық ақпаратпен www.presidentlibrary.kz, www.presidentfoundation.kz сайттары арқылы танысуға болады.

ІЛТИПАТ



Қарттарға құрмет көрсетті

«ҚАРТЫ БАР ҮЙДІҢ ҚАЗЫНАСЫ БАР», – ДЕП БЕКЕР АЙТЫЛМАҒАН. ТӨРДЕ ОТЫРҒАН АҚСАҚАЛДАР МЕН АҚЖАУЛЫҚТЫ ӘЖЕЛЕРІМІЗДІ КӨРГЕНДЕ ТӨРТ ҚҰБЫЛАМЫЗ ТЕҢ ЕКЕНІ СЕЗІЛІП, БАЙЛЫҒЫМЫЗ БЕН БАЗАРЫМЫЗ КӨБЕЙІП, КӨҢІЛІҢ БІР ЖАЙЛАНЫП ҚАЛАДЫ. НЕМЕРЕСІН ҚҰШАҒЫНА АЛЫП, МЕЙІРЛЕНГЕН АТА-ӘЖЕЛЕР БАҚЫТТЫ БЕЙНЕСІМЕН-АҚ ШАҢЫРАҚТЫҢ БЕРЕКЕСІН КІРГІЗІП ЖІБЕРЕДІ. АЛТЫН БУЫН АСЫЛДАРЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕУДІ ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ЕШ УАҚЫТ ЕСТЕН ШЫҒАРҒАН ЕМЕС. ОСЫ ОРАЙДА ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ БАҒДАТ ҚАРАСАЕВ ҚАРТТАР КҮНІНІҢ ҚҰРМЕТІНЕ ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖҮЗ АРДАГЕРДІҢ БАСЫН ҚОСЫП, ІЗГІ ІЛТИПАТЫН БІЛДІРДІ.

Жетісу

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ

Халықаралық мереке аясында «Заңғар» мейрамханасына жиылған ата-апалардың құшағы гүлге толып, кеудесін қуаныш кернеген. Жайылған ақ дастарқан басындағы ақсақалдарымыздың алдына Бағдат Әбілмәжінұлы шығып, құттықтау сөзін арнады.

– Елдің киесі де, иесі де сіздерсіздер, құрметті ата-апалар, – деп бастаған қала әкімі Талдықорған қаласының даму барысына тоқталды. Қаламыздың жайнап, құлпыруына қариялардың да үлестері бар екенін айтқан әкім бар ақсақалдарымыздың ұлағатты сөзі мен көрсеткен тағылымды шаралары бүгінгі жастардың қанаттануына көп септігін тигізіп отырғанын жеткізді.

Әр уақытта қоғамдық жұмысқа белсене атсалысатын ардагерлердің еңбегі өлшеусіз. Ақсақалдардың игілікті істерін тілге тиек еткен қала әкімі қарттарымызды төл мерекесімен құттықтап, естелік сыйлықтар табыс етті. Сонымен қатар, жастарға ата дәстүрді насихаттауда, қоғамдық жұмысқа атсалысып, ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлуде көп еңбек сіңірген Тортай Ізбасқанов, Марат Байханов, Сағым Қабақбаев, Білімдік Қасенов, Дәнекүл Сейтқұлова, Адалят Шарафеев, Барыс Қауысов және Роза Ақжеркенова, Арман Махатов, Елдос Баялышбаев сынды белсенді буын өкілдеріне қала әкімінің Алғыс хаты мен грамотасы табыстталды.

Өнер иелері қарттарымызға арнап әннен шашу шашса, ақсақалдарымыз кезек-кезегімен шығып, құттықтау сөзін арнап, құрмет көрсеткен қала әкіміне және оның аппаратына ризашылықтарын білдіріп, ақ батасын арнады. Бақыт пен шаттықтың құшағында көңілдерін бір серпілткен ардагерлер әуезді әнге би билеп, жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, қуанышпен тарқасты.

САҒЫНЫШ



▼ ӘКЕМ ЖАЙЛЫ ЖАЗУДЫ БАСТАҒАНДА БІРДЕН ЖОРҒАЛАТЫП АЛА ЖӨНЕЛЕМІН ДЕП ОЙЛАҒАН ЕДІМ. БІРАҚ КОМПЬЮТЕРДІҢ АЛДЫНА ОТЫРҒАНДА КӨҢІЛДЕГІ КӨРІКТІ ОЙЛАР САН-САҚҚА ШАШЫРАП, НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛДЫМ. ӨЙТКЕНІ, КӨКЕЙГЕ ТОЛЫ САҒЫНЫШ КӨРІКТІ ОЙЛАРДЫ ТІЗБЕЛЕЙ ЖӨНЕЛУГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРДІ. ӘУ БАСТА НЕ ЖАЗАРЫМДЫ БІЛМЕЙ ДАҒДАРЫП ҚАЛҒАНЫМ ШЫНДЫҚ. ОСЫ ТҰСТА ӘКЕМНІҢ ӨМІРБАЯНЫН ТІЗБЕЛЕП, МАҚАЛА ЖАЗСАМ ҚАЛАЙ БОЛАР ЕКЕН ДЕП ТЕ ОЙЛАНДЫМ. ОНЫҢ ДА ҚИЮЫ ҚАБЫСПАДЫ. АҚЫРЫ КӨПТЕН БЕРІ «ӘКЕМ ЕКЕУМІЗ» ДЕГЕН АТПЕН ЖАЗЫП ЖҮРГЕН КӨЛЕМДІ ЕҢБЕГІМНІҢ КӨРНЕКІ ТҰСТАРЫНАН ҮЗІНДІ АЛЫП, САҒЫНЫШЫМДЫ БАССАМ ДЕГЕН ОЙҒА ТОҚТАДЫМ.

ӘКЕ РҰҚСАТЫ
бес жыл күткен басты құжат

Қазақ ұғымында үйдің үлкені ата баласы саналады. Әпкем екеуміз бала күнімізде атамыздың баласы болып өстік. Сондықтан үлкендердің үйретуімен әкешешеміздің атын атап кеттік. Атамды ауылдастар «Омарақын зәңгі» деп атайтын. Оның қандай мәртебелі атау екенін ержеткенде білдік. Атам ел осылай атаған сайын бойын аулаққа салып, сыпайы күліп, жанына жуытпауға тырысатын. Бала көңіл оның байыбына бармасақ та, атамның әр нәрседен сақтанып, әр жұмысты байыптап, сабырмен салмақтап істейтінін іштей сезінетінбіз. Ал әкем болса үйге көп келмейтін. Ауылдастар кешкі асқа отырған кезде Ұрымхан апам әпкем екеумізді жетелеп, ауылдың маңындағы төбешікке шығатын да: «Әкелерің анау жақта тұрады», – деп қолын ебедейсіз сермеп, әлдебір алысты нұсқайтын. Одан кейін көз жасын бізге көрсетпей сығып алып жататын. Балғын көңіліміз әкеміздің жақын арада қасымызда болмайтынын ғана сезетін.

Атам өмір бойы бес уақыт намазын қаза қылмаған тақуа адам еді. Намаз уақытында әпкем екеуміз есік күзетінде тұратынбыз. Әлдебіреу біздің үйге келе жатса атама дереу хабар жеткіземіз. Құлшылығын өтеп болғаннан кейін төрде ілулі тұрған көнетоз қаптадағы жұқалтаң кітапшаны алып, әр бетін еппен парақтап, ұзақ сүрелерді күбірлеп оқитын. Апам әлгі кітапшаны «Әптиек» деп атайтын. «Әптиектің» не екенін атамнан сұрауға батпай, әпкем екеуміз апамның мазасын алатынбыз. Бірақ апам: «Ол атаңның кітабы», – дейтін де қоятын. Шешемізден сұрай қалсақ, бізге шапалақпен ғана жауап беретін. Десе де, біз үлкендердің күдікшіл әрекеттерінен үйдегі құпияны сыртқа шығармау керектігін мықты меңгердік.

Осындай мұқияттылықтың мәнін кейін ес білгенде, Қытай еліндегі күрделі саяси жағдай жылымық тартқанда барып түсіндік. Сөйтсек, бұл кез атамыздың «Жұртты азғырып, қызыл өкіметке қарсы шыққан, көнелікті жақтап, жаңалықты шеттеткен, ұлтшыл, кері төңкерісші, халық жауы» деген мәртебелі атақтарға ие болып, бақылауда жүрген кезі екен. Жасы ұлғайған адам болғандықтан және денсаулығының нашарлығы себепті үйқамақта отыруға бұйырыпты. Ал әкеміз жастайынан қолына қалам алып, өлең мен өнер қуып ержеткендіктен, «Сары өлең жазып, сары ән орындаушы, Ухан, Жыңтоның (Қызыл өкіметті мойындамаған қытайлық жазушылар) Кеңсудың басына қағып кеткен қазығы» деген айып тағып, еңбекпен өзгертуге жіберіліпті.

Бір күні біздің үйде таң атпастан абыр-сабыр басталды да кетті. Көптен бері есігімізді ашпаған туыстарымыз, «Ассалаумағалейкум» деп алақанымызды ала жүгірсек, теріс айналып кететін ағайлар атамның айналасынан табылды. Есіктің алдындағы қара ағашта байлаулы тұрған ақсарбас қой шиыршық атады. Сол күні әкеміз үйге оралды. Жұрттың аузынан «Төрттік төбе талқандалып, заман тыншыды», – деген сөздерді жиі еститін болдық. Оның не екенін қайдан білейін, әйтеуір әкеміздің ортамызға келгеніне бала көңілмен барынша мәз болдым. Сол күні ауылдық өкіметте істейтін жас жігіт атамның Қаракер атын әкеліп берді. Құлағын қайшылап, маңына жақындағандарға оскырына қарап, тықыршып тұрған жануар атамды көргенде басын мама ағашқа тіреп, тыныш қалды. Араға алты жыл салып барып қайта табысқан атам мен Қаракер біразға дейін көңілімен сыр бөлісіп, сағынышын тарқатқандай болды. Сосын Қаракердің тізгінін әкеме ұстатты. Осыдан кейін әкемді қонаққа шақыратындар көбейді. Қайда барса да мені ертіп алады. Атам денсаулығы сыр беріп жүргеніне қарамай таң атпастан тұрып, Қаракерге жемсуын беріп, ертеп қоятынды әдетке айналдырды. Күншілік жолға шыққанда майда жүрісінен бір танбайтын Қаракер кейін ауыл арасындағы көкпар тартыста мертікті. Атам оны сойдырды да етін ауылдастарға толығымен бөліп берді. Тек қос жауырынның астынан өніп шыққан құстың қанаты сияқты сүйемдей ғана екі сүйекті өзіне алып қалды. Қаракер аттың қанатын қайтыс болғанша басына жастап жатты. Өсиеті бойынша жылдық нәзірін бергенде киізге орап, зиратының басына көміп қойдық. «Ат – ердің қанаты» деген ұғымды бала күнімнен осылай біліп өстім.



Жетісу

Қажет АНДАС

Әкеммен бірге өткізген қызық күндер көпке барған жоқ. Бір күні пошташы қарт алыстағы Үрімжі қаласынан келген хатты үйге жеткізді. «Сол жердегі ақындар әкеңді шақырып, хат жіберіпті», – деп түсіндірді шешеміз. Ол кезде біз қалам ұстағанның бәрін ақын деп есептейтінбіз. Ал Үрімші деген қаланың атын естісек те, оның қай жақта орналасқанын білмеуші едік. Бірақ қазақта «қара шаңырақ» деген ұғым бар. Әкем қарашаңырақтың иесі болғандықтан отбасымыздың Үрімжіге көшуіне туыстар қосылмады. Ақыры үлкендердің шешімімен қара шаңырақ ауылда қалатын болды да, әкем Үрімжіге салт барып, қызмет істеуге аттанды.

Ол кезде Қытайда тұрмыс төмен, ауылдың жағдайы да қиын еді. Ауылдағы жалғыз дүкенге айында бір рет қана тауар келетін. Оның өзін қолында билеті барлар алатын. Әкеміз үлкен қалада жұмыс істейтіндіктен біз елдің баласы кимегенді киіп, жемегенді жеп өстік. Әкеміз келген сайын ауылдағылардың түсіне де кірмейтін неше түрлі затты әкеліп беретін. Қысқасы, біз өскен ауылда бірінші рет ағаштан әдемілеп жасап, әлем-жәлем киіндірген қуыршақ баламен ойнап, ішіне неше түрлі дәмдеуіш себілген конфет, печенье жедік, велосипедті алғаш біз тептік, қолыңа көтеріп кете беретін шағын радио аппарат біздің үйде болды. Ел аузында бір кездегі жаудың баласы енді болған біздер жаһанды жалпағынан басқан байдың баласы атанып шыға келдік. Кешке қарай ауылдың маңындағы төбеге қалың бала жиналып, радио тыңдаймыз. Ол кезде әкеміздің есімі радиодан түспейді. Өлеңі оқылып, айтыстары беріліп жатады. Бала болсақ та мақтануды білеміз. Сондай кезде төбем аспанға бір-ақ қарыс жетпей тұрады.

Әлі есімде, Іле қазақ автономиялы облысының бірінші рет ұйымдастырған ақындар айтысы Алтай аймағының Болбадай жайлауында өтті. Әкемнің сол айтыста барлық ақынды жеңіп, бірінші жүлдені қанжығасына байлағанын радиодан естідік. Айтыс өткеннен кейін облыстың барлық ақыны бас қосып, біздің ауылға қонаққа келді. Ол кезде біз жеңіл көлікті көңке деп атайтынбыз. Анау алыстан қатар-қатар тізіліп, ауылға беттеп келе жатқан бір топ көңкені көргенде ауылдастар абыржып қалды. Айына бір-екі рет дүкенге тауар әкелетін жүк көлігі болмаса, тау сағалаған жұпыны ауылға мұндай көлік тізбегі бірінші рет келіп отыр. Әкем бастаған қонақтардың қарасы көрінгенде атам мені Қаракердің алдына мінгізіп, қонақтарды қарсы алуға барды. Ол кезде денсаулығы сыр беріп жүрсе де білдірмеуге тырысатын. Қалың ақын атаммен сыпайы амандасып, мені бірінен соң бірі көтеріп алып, бетімнен сүйіп, әбден әлпештеді. Танымал жазушы Сұлтан Мәжит ырымдап аузыма түкірсе, айтыскер ақын Буырылхан апам шалғайына орап, батасын берді. Қалың ақын біздің ауылда бір апта қонақ болды. Күн сайын жыр-думан. Бір жағында ақындар айтысса, бір жақта балуандар күш сынасып, ат бәйгесі ұйымдастырылды. Құлжа мен Үрімші қаласынан арнайы шақырылған аспаздар түрлі тағам әзірлеп, ауылдастарды қызықтырды. Сол күннің естелігі мен жеген астың дәмі әлі күнге есімнен кетпейді. Бұл жаны жүдеп жүрсе де берекесін қашырмаған қазақы қасиеттің белгісі еді.

Өкінішке орай, сол жолы атамның сырқаты ауырлай түсті. Ақындар Үрімшіге қайтқанда әкем атамды қимай ауылда қалып қойды. Егер әкем сол жолы Үрімжіге кете бергенде өмірі басқаша өрілер еді. Атама деген адал перзенттік борышы атақ пен даңқты сырып тастады. Алайда әкем өмір бойы бұл шешіміне өкінген емес. Қайта өле-өлгенше атама деген құрметті қастерлеп өтті. Өмірде әкесіне деген шынайы сүйіспеншілікті қастерлеп өткен адам екеу болса бірі, біреу болса ол менің әкем еді. Кейде мен өзіме: «Адамгершілік пен атақ қатар келсе қайсысын таңдаймын?» – деп сұрақ қойып көремін. Алайда нақты шешімін айта алмаймын. «Әке көрген оқ жонар», – деген ғой. Әкемнің жолын қуатын шығармын.

Жұпыны ауылдың жұтаң тіршілігі әкемнің еңсесін әбден түсірді. Арада ауылдағы орта мектепке мұғалім болып жұмысқа шықты. Бірақ көкірек сарайы таяз, әпербақан, менменшіл жандардың қақпайына көп ұшырады. Әкемнің бір мінезі ешкімнің алдында жалтақтап, кішіреймейтін. Көңіліне жақпаса бетің-жүзің демей айтып тастайтын. Осы мінезімен де талай олжадан қағылды. Тағы бір жағынан қызыл өкіметке де сенбей өтті. Талай рет коммунистік партия қатарына өту туралы ұсыныс жасалса да өмір бойы партияға өтпей кетті. Ол да адымын аштырмай, артқа тартты. Кейде: «Егер мен осындай таңдауға бетпе-бет келсем не істер едім?» – деп сұрақ қоямын. Нақты жауап тағы да айта алмаймын.

«Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады» дегендей, өмірден біраз жыл қағажу көрген әкем қайта орнынан тік тұрды. Оған 1988 жылы Қытайда халық мұраларын жинау, реттеу, халық қажетіне жарату мақсатында қолға алынған үлкен бастама себеп болды. Бұл міндетті біздің өңірде әкемнен басқа ешкім орындай алмайтыны белгілі еді. Сонымен 1988 – 1993 жылдар аралығында өлкені шарлап, қазыналы қариялармен сұхбат құрып, табанынан тозып жүріп, «Күнес ауданының қисса-дастандары», «Күнес ауданының аңыз-ертегілері», «Күнес ауданының өлең-жырлары», «Күнес ауданының мақалмәтелдері» атты төрт кітапты жазып, баспадан шығарып, ел алғысына бөленді. Осыдан кейін, яғни, 1994 жылы «Күнес ауданының тарихи материалдары» деген желілес кітапты жазу міндеті жүктелді. Бұл кітаптарда қазақ тарихында ең алғаш ірге қалаған Үйсін патшалығынан тартып, бүгінгі Іле өңіріндегі елеулі оқиғалар жайлы тарихты түгендеген 10 кітап жазып, баспадан шығарды. Оның төртеуі қытай тіліне, бір кітап ағылшын тіліне аударылды. «Жылдар ізі», «Сарыкезең сазы» атты жыр жинағы, «Дода» атты айтыстарының жинағы, «Тарих талғарындағы тарландар» атты тарихи зерттеулер кітабы жұрттың ықыласына бөленген еді. Осы еңбектері арқылы Қытайдың Мемлекеттік сыйлығын еншіледі. Айта кетерлігі, әкемнің өмірінде ең алғашқы, ең соңғы, ең бағалы сыйлық осы біреу ғана. Бірақ әкем миллиардтар еліндегі екінің біріне әрең бұйыратын марапатқа ие болғанын айтып, мақтанып, шаттанғанын көрген жоқпын. Басқалар сияқты баспасөзге жазып, жарнамалаған да жоқ.

Әкем бала тәрбиесіне ерекше қатаң қарайтын. Біз үш бөлмелі жер үйде тұрдық. Біреуі ас үй, енді бірі жатын бөлме, енді бірі күн сайын үзілмейтін әкемнің достары мен анамның қонақтары түнейтін бөлме. Ас үйге екі жер үстел қойылған. Бірінде тамақ ішеміз, ал бірінде сабаққа дайындаламыз. Әкем үйде болғанда бізбен бірге жатып, бірге тұратын. Біз сабаққа дайындалсақ, ол кісі шығармашылықпен айналысатын. Әкемнің осы қасиеті балаларының бәріне дарыды. Бірақ әлдебір тапсырманы толық орындамай немесе кездейсоқ кемшілік жасасақ, оған бола ашу шақырып кінәламайтын. Күлетін де қоятын. Соның өзі өңменімізге қанжардай қадалатын.

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдары атажұртқа оралуды қанша армандағанмен, әкемнің рұқсатын ала алмай бес жыл күттім. Төлқұжаттың уақыты бітуге 15 күн қалған кез еді. Ол кезде бәріміз ержетіп, біріміз үйлі-баранды болсақ, енді біріміз алыс қалада оқуда жүрген кез. Бір күні әкем жетеуімізді үйге шақырды. Сол күні Құран оқылып, тілеу тіленді. Кешкі астан кейін төрде отырған әкем маған қарады да:

– Сен шынымен Қазақстанға кеткің келе ме? – деп төтесінен сұрады.

Мен де:

– Иә, – деп жауап бердім.

– Менің де, әулеттің де жалғыз ұлы сен емессің, бірақ атаң сенен үлкен үміт күтетін. Атажұртқа барам десең бетіңді қақпаймын. Онда да алдыңның жарық сәуле шашылатынына анық. Менің өкінішімді қайталап жатсаң ешкімнен көрме, – деді.

– Иә,– дедім.

Осы уәде мені әлі күнге алға жетелеп келеді. Әр қадамымды басқан сайын жаны жомарт, көңіл көкжиегі кең, пейілі шалқар адамдар алдымнан шығып, биікке жетелейді. Әкем менің де, басқа балаларының да жетістігін көріп, немере-шөберелерінің маңдайынан иіскеп, көңілі жадырап өмірден аттанды. Әрине, аталарымыздың сүйегі жат елде қалса да әкеміз іргемізде жатыр. Жұма сайын зиратына барып, іштей рухымен сырласып, жетістігіммен бөлісіп қайтамын.

Жыр – арнау

Жолбасшы

Арман, мұрат қатар қойдым өлшемін,
Туған елің арқалатты зор сенім.
Әлпештеді өскен ортаң мейлінше,
Ел деп соққан жүрегіңнің бөлшегін.

Асқақ еді арманыңыз, мұратың,
Мығым еді қаламгерлік қуатың.
Мықтымын деп жүргендердің ішінде,
Сіздің орын бөлекше боп тұратын.

Ұстазым ең маған білім сыйлаған,
Шәкіртім деп жамандыққа қимаған.
Том-том болып мұраң қалды артыңда,
Еңбектеніп ел аузынан жинаған.

Сағынады туған мекен Күнесің,
Оған да мол сіңді асыл үлесің.
Аспан таулар арасында енді, аға,
Жас буынға жолбасшы боп жүресің.

Әлиұр ІСКЕНДІРҰЛЫ,
шәкірті.

ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУ ТАПСЫРЫЛДЫ



Суретті түсірген Д. ЕРОФЕЕВ.

(Соңы. Басы 1-бетте).

Сонымен қатар, жалпы елімізде үш ауысым да сабақ беретін мектептер саны 119 екендігін, оның 31-і Жетісу жеріне тіркелгенін еске салған «Нұр Отан» партиясының хатшысы Ғабидолла Рахметоллаұлы Ұлттық бірыңғай тестілеу бойынша Алматы облысы қатарынан ең соңғы орынды 4 жыл бойы бермегендігінің себебін сұрады. Нақты жауап болмағандықтан облыс әкімі Амандық Баталовқа қарата білім саласына түбегейлі реформа жасау қажеттігін ескертті. Осыған орай өңірдегі мектеп директорларының, мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыруды үдетіп, білім ошағының жетекшілігін арнайы іріктеуден өткен мамандарға беру қажеттігін айтқан Ғабидолла Әбдірахымов Шымкент қаласында әкім болған кездегі тәжірибесімен бөлісті. Әсіресе, баланың сабаққа қатысуын ұдайы қадағалау үшін сынып журналын электронды үлгіге ауыстырудың тиімділігін әңгімеледі. Оның айтуынша, электронды журнал әрбір ата-анаға баласының сабаққа қатыспағанын мұғалімнен бірден біліп отыруға мүмкіндік береді.

Бұдан соң денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелерді талқылаған Ғабидолла Рахметоллаұлы мен облыс әкімі Амандық Баталов жауапты мамандарға нақты тапсырмалар беріп, жиынды қорытындылады.

«Нұр Отан» партиясының хатшысының ресми сапары бұдан соң Жастарға қызмет көрсету орталығында жалғасып, Жетісу жерінің жастарымен ашық әңгімеге ұласты. «Асар» реабилитациялық орталығының жетекшісі Елдос Баялышбаев, Сарқан аудандық «Жас Отан» жастар қанаты бөлімшесінің төрағасы Аслан Көбентаев, Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Данияр Жаныс, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 2-курс студенті Айзада Оразалы сынды жастар өз сұрақтарын қойып, ұсыныс-пікірлерін талқыға салды.

* * *

Елбасы тапсырмасының орындалу барысын бақылау мақсатында өңірлерді аралап жүрген «Нұр Отан» партиясының хатшысы **КӨКСУ АУДАНЫНА** да табан тіреп, қос бірдей нысанның қызметін тексерді. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша салынып жатқан Алматы – Өскемен тас жолы жұмысын анықтап, Көксу қант зауытына бас сұғып, біріне налып, бірінен қуанып қайтты.

Халық қалаулысы болған «Нұр Отан» партиясының хатшысы жергілікті тұрғындардың хатына орай, өтініштеріне мән беріп республикалық жол жұмысын тексеруді жоспарлапты. Жол жұмысының созылып кеткендігіне ел наразылығы артуының себебін анықтауға арнайы ат басын бұрған. Ұзындығы 240 шақырым құрайтын Алматы – Талдықорған тасжолының 18 шақырымына бола барлық жұмыс тоқтап, пайдалануға берілу уақытынан әлдеқайда асып кеткен. Осыған орай қойылған сұраққа жергілікті атқарушылар жылдың соңына шейін қозғалысты қамтамасыз етеміз деп жауап берді. Сондай-ақ, осы құрылыс барысында биылғы жылы өңірімізде мыңнан аса адам жұмыспен қамтылған. Республикалық жолдың қазіргі таңда 90 пайыз жұмысы бітіп тұр, тек 2,3 шақырымға асфальт төсеу ісі тиіс еді. Ал қазіргі барысына қарайтын болсақ кешіктірілген жоспардың орындалар түрі жоқ. Бірақ жолға жауапты мердігерлер қазір ауа райының қолайсыздығына қарамастан, ыңғайын тауып арасында асфальт төсеп жатыр. Осыдан кейін бұлтыр бітуі тиіс жол құрлысының тағы бір жылға шегерілуіне кім жауапты екендігі анықталды. Бұған үш себепті тізіп берген жергілікті атқарушылар бетонның жетіспеушілігі бастысы екендігін айтқанымен ақтала алмады. Бұлтырғы жылы барлық қажетті дүниемен қамтылса да, биыл кейбір құрылыс заттары келмей қалғандығы тағы бар. Анығын айтқанда, 240 шақырым жолды ұстап тұрған 18 шақырымның жұмысына жауапты «Прогресс» компаниясы. Бақтыбай ауылы тұрғындарының аталмыш компанияға сенім артпауы да жұмыстың кешігуіне түрткі болған. Облыстық атқарушы орындардың халыққа түсіндіруінен кейін ғана жол құрылысы іске асқан. Кешіктірген компанияның сөзіне жүгінсек тапсырыс алушылар ақшасын уақытылы аудармаған, ал тапсырыс қабылдаушылар уақытында қаржы бөлгендігін айтқан. Жергілікті жол қызметіне жауаптылар негізгі жұмыстардың біткендігін тілге тиек етіп, осы айда Бақтыбай жолын ашатындығын айтты.

Бұдан соң Көксу қант зауытына бас сұққан Ғабидолла Рахматоллаұлы мұндағы жұмыстарға тәнті болып қайтты. Қант зауытының іші-сыртын аралап, жұмыстарымен танысып, көңіл көкжиегі кеңіді. Өңірді алға сүйреп келе жатқан зауыттың жұмысына керемет деген баға беріп, ескі болса да жұмысы өнімді ғимарат жайында айтып өтті.

* * *

«Нұр Отан» партиясының хатшысы Ғабидолла ӘБДРАХЫМОВТЫҢ **ШЕҢГЕЛДІ АУЫЛЫНА** іссапармен келуіне байланысты кездесу өтті. Ел арасындағы өзекті мәселелерді жіті қадағалап отыратын партияның кезекті жиынын облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Ғалиасқар САРЫБАЕВ ашып, жүргізіп отырды.

Кіріспе сөзде ол биылғы 10 айда жалпы облыстық партия филиалы мен аумақтық партия филиалдарының қоғамдық қабылдау бөлмелеріне 5181 өтініш түсіп, оның 1534-і оңтайлы шешім тапқанын тілге тиек етті. Аталған өтініштердің ішінде денсаулық сақтау, білім, әлеуметтік қамсыздандыру және құқық қорғау мәселелеріне қатысты сұрақтар тіркелген. Солардың қатарында Қосқұдық ауылындағы ауызсу мәселесі бар. Жергілікті тұрғындар талай жылдан бері жер қазып, құдық суын пайдаланып отыр.

Аталған мәселеге орай жауап берген Қапшағай қаласының әкімі Талғат Қайнарбековтің айтуынша, шалғайда орналасқан ауыл мен Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауындағы демалыс орындарын сумен қамтамасыз ету үшін, зерттеу жұмыстары басталып кеткен. Сол аймақтан табылған екі ескі су құбырын толық жөндеу арқылы тек ауылды ғана емес демалыс орындары мен шаруашылық нысандарын да ауызсумен қамтуға болады. Сондай-ақ, ауылды үлкен жолға қосатын айналмалы жолдың тозып кетуіне байланысты күзде, қыс пен көктемде көлік қатынасы қиындайтынын алға тартып, мәселенің қашан шешілетінін сұраған тұрғындардың сауалына жауап берген қала әкімі көше жолдарын жаңарту, жарықтандыру, көгалдандыру жоспарын алдағы жылы қолға алатынын нақтылап айтты.

Осындай мәселелердің шешілуін партия назарында ұстайтынын ескерткен Ғабидолла Рахматоллаұлы Елбасы, Партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Партия халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналуы керек» – деген тапсырмасының айқын дәлелі екенін айтып өтті.



КЕЛБЕТ

ЕҢБЕКТЕН ТАПҚАН бақытын

Құмсағат ғұмырдың сынаптай сырғыған әр күнін шүкірлік айтып өткергенге не жетсін?! Топырағынан тектілік дарыған, тәрбиесінен тәңірін таныған батағой бабалардай артқа қанағатшылдықпен қарайлап, өткен өмір, кешкен тірлікке риза кейіп танытар ондай жандар жетерлік. Олардың әр басқан қадамына, жүріп өткен белесіне зейінмен зер салсаңыз «Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы», деген татымды тіркес ойға еріксіз орала кетеді. Сонда барып бабалардың бұл мәтелі мазмұнды да ғибратты ғұмыр кешкен жандарға қарата айтылғанын пайымдар едіңіз. Ал, біздің пайымнан сыр суыртпақтар болсақ, бақытын еңбектен тапқандардың санатында Ардақ Сыдықтың бар екені даусыз.

Жетісу
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Ардақ Мауытханұлы топырағынан талай тектіні түлеткен қасиетті Семей облысы, Ақсуат ауданында 1947 жылдың 18 желтоқсанында өмірге келген. Қоңыр тірлік кешкен қарапайым отбасында дүние есігін ашқан ол еңбекке ерте араласқан көрінеді. Өзінің айтуынша ата-бабалары диірмен ұстаған, шаш етектен келген шаруаны иіріп алып кетер еңбекқор жандар болған-ды. Сондықтан да әулеттің құтты шаңырағында ес таныған балалар 7-8 жасынан тіршілікке бейім болып, үлкендердің тапсырмасын таптұйнақтай етуге дағдыланған...

Сол тәлімді сүйегіне бекітіп, қанына сіңдіре білген Ардақ 1965 жылы орта мектепті бітіріп шығады. Ал, еңбек жолын сол жылы Ақсуат ауданына қарасты «Ақсуат» кеңшарында жұмысшы-құрылысшы болып бастайды.

Туған жерінде тіршілікке араласып, еңбек дәмін тата білген Ардақ Сыдық 18 жасында арман қуып Алматыдай үлкен шаһарға ат басын бұрады. Алайда, сол кездегі саясаттың салқын лебі қазақ жастары тұрмақ, алты Алаштың әр перзентінің алдынан бұрқасындай борап тұрған сәті еді-ау. Ол түгілі алып шаһардың тұрғыны атанудың, тілдей қағаз алудың өзі мұң болатын. Сол тұста үлкен мақсатқа қол жеткізу үшін арман атты күлігін сайлап келген бозбаланың да жағдайы мәз емес еді. Жақын тартар танысы жоқ жат қалаға енген соң, Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтына барып бақ сынап көреді. Айы оңынан туып аталмыш жоғары оқу орнының студенті сапынан табылған ол, 1974 жылы ауылшаруашылығын механикаландыру факультетін инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шығады.

«Тәрбиең тал бесіктен, білім алып адам болуың өз ынтаңа байланысты», – деп ұлағатты сөзін арнап ортыратын майдангер Мауытханның әкелік ақылының астарын зерек көңілмен пайымдай білген Ардақ, жоғары оқуын тамамдаған жылы әскерге аттанып, Аягөзде Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып келеді. Сол тұста Алматы қаласындағы №5 автопаркте Самархан Айкүмісов атты азамат директор болып тұрған. Жұмыс іздеп келген Ардақты көріп: «Жоғары оқу орнын жақсы тамамдаған, әскерден жаңа келген жалынды жасты жұмысқа алмай қою – қиянат. Сен үлкен азамат болатын жансың», – деп жұмысқа қабылдайды.

Сол Самархан Асылханұлының оң көзқарасынан кейін талапты жастың тасы өрге домалап, еңбекке деген ынтасы одан ары арта түседі. Сөйтіп, таңғы 8-ден сағат тілі түнгі 11-ді көрсеткен сәтке дейін тынысмайтын ауыр еңбекке бел шеше кіріскен Ардақ Сыдық 1976–1990 жылдары Алматы қаласында Автомобиль транспорты министрлігі саласында автопаркте, таксопаркте қызмет етіп, Автотранспорттың қалалық басқармасында автоколонна бастығы, диспетчерлік пункттің бастығы, мекеме басшысының орынбасары, автопарктың директоры болып қызмет атқарған.

Тірліктің тоқтап тұрар сәті болмағандықтан адам баласы да, әсіресе, жасынан тіршілікті құр өткізбеуге дағдыланған еңбеккөр жанның бір орында байыз тауып қалмасы анық. Жасынан қалап алған ісін ұршықша иіріп, сабылысқан сан көлікті тізгінін ұстап, басшылық қызметті абыроймен атқара білген Ардақ Мауытханұлы 1990–1994 жылдары Қазақ Республикалық туризм және экскурсия кеңесінде бас инженер болып еңбек етеді. Ал, 1994 жылы Автотранспорт басқармасында бөлім бастығы және №4 автопарктың бастығы болған. Одан кейінгі жылдардан бастап Республикалық «Қазселденқорғау» мекемесінде автобазаның директоры, механизмдер және транспорт басқармасының бастығы болып қызмет істеген.

«Өмірде жеткен жетістігімнің бәрі адал еңбегімнің арқасында. Алдымнан күтіп тұрған ағайыным болмаса да Алматыдай алып шаһарға арман қуып келіп, тынбай тер төгу арқасында еңбекпен бақытымды тапқандаймын. Қай салада қызмет етсем де елімнің ертеңі, ұрпағымның келешегі үшін деп білдім. Соның арқасында көпшіліктің алғысын арқалап, әулетімнің арқа сүйер асқар тауына айналғандаймын», – деп қанағатшылдықтың қарапайым үлгісін көрсете білген Ардақ Сыдық 2003 жылдың қаңтар-қазан айларында «Отан» партиясы Қарасай аудандық өкілдігі бастығының бірінші орынбасары болды. Ол тұста да күн сайын келіп-кетіп жататын қарапайым халықтың талап-тілектерін жерде қалдырмай, өзіне жүктелген жауапкершілікті айтарлықтай абыроймен атқарған болатын. Соның арқасында, Алматы облыстық мәслихатының II, III, IV шақырылымының депутаты, ал, III, IV шақырылымда облыстық мәслихат хатшысының қызметін атқарды. Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы болып тұрған шақта да қарттарын «қазына» деп білген халықтың игілігі үшін айтарлықтай іс тындыра білді. Түрлі игі шаралардың басы-қасында жүріп, жайдарман жаңалықтардың орын алуына мұрындық болды. Соның арқасында ақсақалдардың батасына кенеліп, елдің абыройына бөленген-ді.

«Өткен өміріме көз тастасам, өкінер жерім жоқ», – деп сабырлы кейпінде маңғазданып отырған еңбеккер Ардақ Сыдықтың өнегелі ісі көпке мәлім. Ол майдангер әкесі Мауытханның тәлімін бүгінгі ұрпақтарына беріп отырған қазыналы қарт. Айта кетерлігі, сұрапыл соғыстың дабылы қағылғанда Алматыда жасақталған 100-ші бригадаға алынып, Калинин майданында Великие Луки қаласын қорғауда аяғынан жаралы болған, Мәншүк Мәметова, Рымбек Байсейітов, Әзілхан Нұршайықовтармен бірге жаудың бетін тойтарған Мауытханның ерлігі мен өрлігін, қарапайым шаруа адамы болса да өнердің өрінен тұғыр сайлайтындай қабілет-дарынға ие Жақатай Әмірқасымовадай анасынан алған «тәрбие-дәнегін» Ардақ ағамыз да ұрпағының бойына сіңіріп келеді. Жетпістің желкенін көтерген ол: «Әкем мәдениет саласында еңбек еткендіктен бе, бала күнімізден газет-журнал, кітаптарды оқып өстік, соның арқасында саясаттан сыралғы болып, әдеби үрдістен кенжелеп қалмадық. Сонымен қатар рухани тұрғыда өзімізге керекті білімге қол жеткізе білдік», – дейді. Ал, осындай ғибратты ғұмыр кешкен ол отбасы алдында 2 ұл, 1 қыз сүйіп, олардан 5 немере көрген және оларға ерен еңбегі арқылы таршылықтың дәмін таттырмаған әке-ата атанса, халқына іскерлігімен танылған үлкен азамат. Ол әр жылдары жоғары марапаттарға ие бола білген білікті басшы. Мәселен, «Астана», «ҚР Тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Тың игеруге – 50 жыл», «ҚР Парламентіне – 10 жыл», «ҚР Конституциясына – 10 жыл», «Астана – 10 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медальдарымен марапатталған, Алматы облысының Құрметті азаматы.

Елін сүйген, ерен еңбегімен ел сүйсінткен Ардақ Сыдықты осыдан кейін бақытын еңбектен тапқан азаматтардың қатарына сіздің де қосарыңыз даусыз-ау, зерделі оқырман!

ЖАЙДАРМАН

ЖАҢАРҒАН АРХИВ ғимараты

Жуырда күрделі жөндеуден өткен Талдықорған мемлекеттік архиві ел игілігіне тапсырылды. Салтанатты шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат ТҰРЛАШОВ пен Талдықорған қаласының әкімі Бағдат ҚАРАСАЕВ арнайы қатысты. Күрделі жөндеуден өткен нысанның лентасын қиып, бөлмелерді аралап көрген Лаззат Махатұлы қуанышқа жиылған көпшілікті құттықтады.

Жетісу
Қажет АНДАС

– Өніріміздің өткен тарихын білмек болғанда архивке сүйенетініміз анық. Ал келешегімізді де архивтің құзыретіне тапсырамыз. Сонымен қатар, ел мен жердің тарихын зерттеген жас ғалымдар мен өлкемізді тануға ниеттенген шетелдіктер де архивтен пайдаланады. Қысқасы, қай тұрғысынан келсек те архивтің өміріміздегі орны ерекше. Сондықтан биыл Талдықорған мемлекеттік архиві орналасқан ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, жұрт үшін үлкен жұмыс атқардық, – деді ол.

Бастауын 1926 жылдан алатын Талдықорған мемлекеттік архиві содан бергі талай тарихи оқиғаның куәгері болып келеді. Архив ісі тәуелсіздік жылдары жаңдана түсті. Содан бері тәуелсіз еліміздің болашағы үшін қызмет істеген мекеме келешегі де кемел. Айталық, 1991 жылы архивтегі 440 қорда 83732 іс сақталса, бүгінде 690 қорда 245943 іс көздің қарашығындай қорғалуда. Қаржыландыру көзі 2001 жылы 5 млн. теңгеге жуық болса, қазір 25 млн. теңгеге жетті. Мекемедегі қызметшілер саны да көбейген. Демек, Талдықорған мемлекеттік архиві күн сайын өсу мен өркендеудің бағытында келеді.

Кейінгі жылдары мекеменің құзыретіне жүгінетіндердің саны артып, тынысы тіпті ашыла түскен. Алайда Кеңес одағы кезінде салынып, содан бері күрделі жөндеу жұмысы жүргізілмеген ғимараттың тозығы жетіп, заманға сай сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндігі шектеулі болады. Осы келеңсіздікті ескерген облыс басшылығы биыл жергілікті бюджеттен 81 млн. теңге қаржы бөліп, нысанға күрделі жөндеу жұмысын жүргізді. Нәтижесінде, мамыр айында құрылысы басталған 4 қабатты архив ғимаратының барлық шаруасы белгіленген мерзімде бітіп, ел игілігіне берілді.

Осы орайда, күрделі жөндеуден өткен жаңа нысанның заманауи қызмет көрсетуге ыңғайлы жабдықталғанын айта кеткен жөн. Қонақтар әр кабинетті аралап, жоғары бағалады. Құрылыс жұмысына жауапты мердігер компания «Строй индустрия» ЖШС-нің құрышқолды жұмысшылары да бар күшін салғаны көрініп тұр. Бұрындары көнеріп, тозып, еңсесі түскен ғимарат бүгінде сәулеті мен салтанаты сай әдемі түрге енген. Жаңа нысанда жайланып отырып жұмыс істеуге барлық жағдай жасалыпты. Тіпті, заманауи технологиялардың мүмкіндігі арқылы қордағы құжаттар электронды айналымға енгізіліп, пайдалануға барынша жеңілдік жасалған.

Осы күні Жастар және Мүшелтой шағынауданында талдықорғандық спортсүйер балалар мен жастардың қуанышын еселеген 9 спорт және 7 ойын алаңы да қолданысқа берілді. Бұл кейінгі жылдары өніріміздегі спортқа деген қолдау мен көмектің көптігін паш етті. Шара аясында аула спортынан фестиваль ұйымдастырылып, арқан тартыс, бұқа тартыс, гір көтеру, қол күрес сияқты ойын түрінен жарыстар өтіп, жеңімпаздар анықталды. Шаттығы шалқыған балғындар мен жігерін жаныған жастардың қуанышын көрген облыс және қала басшылары оларды алдағы уақытта атқарылатын жұмыстардан хабардар етіп, сенімін бекемдей түсті. Өз кезегінде жастар да өнерін көрсетіп, әлемдік додаларда топ жарып, ел мерейін үстем ететін спортшылар шоғырының өсіп келе жатқанын ұғындырды.

Алматы облысы архивінің Қарасай аудандық филиалында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен «Үздік ведомстволық архив» байқауының жеңімпаздары салтанатты түрде марапатталды.

Үздік тұрағат анықталды

Жетісу
Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Аталмыш басқарманың бөлім басшысы Гүлім Әбсейітова төрағалық еткен сайыстың мақсаты – мұрағаттарда құжаттардың сақталуын, дұрыс қабылдануын, сонымен қатар есепке алу тәртібінің талапқа сай болуын және олардың құндылығына сараптама жасалуын анықтап, баға беруге бағытталған болатын.

Жалпы, бұл жарысқа республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландыратын 21 мекеме, атап айтқанда – құқықтық, мемлекеттік органдарға қарасты архивтер қатысты. Шарт бойынша құқықтық органдардың құжаттары электрондық форматқа енгізілгендіктен және материалдық базасы мемлекеттік жергілікті органдар мен мекемелермен салыстырғанда едәуір жақсы болғандықтан жүлделі орындарды екіге бөлген дұрыс деп шешілген. Сол себепті, құқық қорғау органдары арасындағы архивтер өзара жарысқа түсті. Байқаудың қорытындысы бойынша әр жүлделі орынға екі мекеме ие болды.

Ведомстволық архивтерге құжаттардың қабылдануын, сақталуын және пайдалануын талапқа сәйкес жоғары деңгейде жүргізген Текелі қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының және Еңбекшіқазақ ауданының №2 аудандық сотының мекемелері 3-орынды жеңіп алып, қағаз басып шығару құрылғысы мен жинақтау дискісіне ие болды. Ал, 2-орынға Ескелді ауданы әкімінің аппараты мен Райымбек ауданының №2 соты көтерілсе, 1-орын мен бағалы сыйлықтар Талғар аудандық ауруханасы мен Ұйғыр ауданы прокуратурасының еншісіне бұйырды.

Қарасай ауданы.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ЖОЛ МӘСЕЛЕСІ БАҚЫЛАУДА

Облыс әкімінің орынбасары Айдарбек БАЙЖАНОВТЫҢ төрағалығымен қысқы кезеңде облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстау дайындығы туралы жиын өтті.

Жетісу
Айдар ҚАЛИЕВ

Жиынды ашқан облыс әкімінің орынбасары: Аумақта қысқы көмек көрсетуге 6138,6 шақырым облыстық маңызы бар жолдар бар. Оның 250 шақырымы қармен жабылып қалатын аса қауіпті аймақ. Бүгін осы бағыт бойынша қысқа дайындық жұмысын талқылайтын боламыз, – деді.

Осыдан кейін жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ержан Жасыбаев сөз алып: «Қысқы кезеңде қауіпсіз және үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында арнайы шаралар өткіздік. Сонымен қатар қазан айында жергілікті полициямен және төтенше жағдайлар департаментімен бірігіп әр ауданға шығып, қысқы жол жұмыстарының техникалық дайындығы бойынша арнайы тексеру жүргізіп, нұсқаулар бердік», – дей келе қысқы кезеңде жолдарды күтіп ұстау облыстық жолаушы көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бақылауында екенін және аса қауіпті жолдар мердігер мекемелермен уақытында және сапалы жүргізілетінін айтты.

182 шақырым қар басу қауіпі жоғары жерлер басқарманың үнемі бақылауында. Олар Ақсу, Алакөл, Сарқан, Кербұлақ, Райымбек, Үйғыр, Еңбекшіқазақ, Талғар, Ескелді, Көксу аудандарында. Жиында әр ауданның жауапты мамандары сөз алып жұмыс қарқынын айтып, шешілмей қалған бірқатар өзекті мәселелерді де талқылады.

Шара барысында облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы, азаматтық қорғаныс полковнигі Дарын Байсариев баяндама жасады. «Біздің жұмысымызға тоқталсақ, қысқы техникалардың барлығы дайын. Бірақ Кербұлақ ауданындағы жолға көңіл бөлінсе. Өйткені былтыр бір ғана ауданнан 182 адамды құтқардық. Ол жерге жылу пункттері қойылса. Сонымен қатар рация мен ұялы байланыс орнату керек. Ең бастысы республикалық жолдарды бақылау. Ондағы жылу пункттері талапқа сай емес», – деді.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Естебекұлы мамандарға әр ауданды жіті бақылауда ұстап, техникалардың сақадай сай тұру керектігін айтты. Және комиссия мүшесімен аса қауіпті жолдарды арнайы тексеретіндігін тілге тиек етіп, бірқатар тапсырмалар берді.

ЖОБА

Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы «Алматы облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын беру Қағидаларын бекіту туралы» № 45-261 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына сәйкес, Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облыстық мәслихатының 2015 жылғы 20 мамырдағы «Алматы облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» атағын беру Қағидаларын бекіту туралы» № 45-261 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3242 тіркелген, 2015 жылдың 2 шілдесінде «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

25-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«25. Лента ұзындығы – 210 сантиметр, ені – 20 сантиметр көгілдір түсті матадан жасалған. Лентаның ортасында «Алматы облысының (қаласының, ауданының) Құрметті азаматы» деген алтын түстес жіппен тігілген жазу және Алматы облысының (қаласының, ауданының) таңбасы орналасқан. Екі жақ ұшы алтын түсті шашақтармен көмкерілген».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы облыстық мәслихаты аппаратының басшысы Е. Құрманбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат сессиясының төрағасы Р. ИБРАИМОВА,

Облыстық мәслихат хатшысы С. ДҮЙСЕМБИНОВ.

«БАЛАПАН»

«ПАРАСАТ» бөбекжайындағы қуаныш

Жуырда Үшарал қаласында «Парасат» бөбекжайының ашылу салтанаты өтті.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Алмас Абдинов Елбасының кемел саясатының арқасында жүзеге асқан баянды бастамалардың облыс, аудан басшылары тарапынан жүйелі атқарылып жатқанын тілге тиек етті. Артынша дуалы ауыз қариялар бата беріп, әжелеріміз шашу шашып, елге сыйлы ақсақалдар нысанның лентасын қиды.

«Балапан» бағдарламасының аясында ашылған бөбекжайдың мектепке дейінгі мекемелермен қоса есептегенде аудан балаларын қамтамасыз ету салыстырмасы 97 пайызды құрады. Келесі жылдың аяғында бұл көрсеткіш жүздік межені бағындырады деп күтілуде. Санақ бойынша аудандағы он сегізінші балабақша 125 бүлдіршінге арналған. Бір қуантарлығы жоба мемлекет-жекеменшік секторына тиесілі болғандықтан 100 орын 10-12 мың, 25 орын 15-18 мың теңге аралығында өзгермек. Жасампаз жобаның арқасында желтоқсанның бірінші жұлдызынан бастап 40-қа жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

«Ұлы жол үйдің табалдырығынан басталады» демекші, өнегелі ата-әженің ықыласына бөленген, аға-әпкелерінің ыждағатты тәрбиесінің арқасында ержететін балғындардың болашағының да баянды болары анық. «Жастай бергән тәрбие, жас қайыңды игендей» дегенге сенсек, жаңа балабақша болашақ өскіндердің буынын бекітіп, бұғанасын қатайтатын қастерлі орталық боларына сенімдіміз.

Қ. ОМАРАҚЫН.

Алакөл ауданы.

ӘҢГІМЕ

Ақ көбелек



Обыр! Неткен қорқынышты сөз! Естігеннің жүрегін дір еткізеді. Талайды қыршынынан қиған, дауасы жоқ, зауалы көп ғасыр індеті. Ауруға шалдыққандардың көпшілігінің әр күні уайыммен өтеді. Тіршілігі тұйыққа тіреледі. Алла өзі сақтасын дейміз. Айжан ақжарқын, мейірбан дәрігер. Өзінің қырық жылдық ғұмырында сандаған науқастың дертіне дауа, сырқатына шипа тауып, көптің алғысына бөленді. Ол отбасының берекесі, жалғыз ұлының аяулы анасы, қамқоршысы, бақытының тілеушісі еді. «Осы Бақбергенім өсіп, ержетсе, келін түсіріп, зейнетке шығып, немерелерімді әлдилеп отыратын күнге жетсем, арманым болмас еді», – деуші еді сіңлісі Айгүлге. Бос уақытының көпшілігін сол Бақбергенінің қасында ас-суын беріп, сабағын оқуына көмектесіп, айналып, толғанумен өтетін.

– Әпкетай, өзімнің үш балама қалай қарасам, Бақбергенге де солай қараймын. Әпкетайым, жаным, – деп оны құшақтай жылаған. Ақтық демін аларда ұлын өзіне тартып, оған шамасы жетпей, қолынан ұстаған бойда сылқ ете түскен. Анасы мен баласының қолын әзер ажыратқан Айгүл көз жасына ерік берген. Шырылдай шырқыраған Бақбергенді біреулер жетелеп сыртқа алып кеткен еді.



Көзіне толған жасты сүрте сала үрейлене қарап тұрған ол Бақбергенмен қатарласа төбесін айнала ұшып бара жатқан үлкен ақ көбелекті көрді. Бала қай бағытқа беттесе көбелек солай қарай ұшады. «Айдын көлдің ортасында жалғыздан-жалғыз ұшып жүрген, бұл неғылған көбелек?» – деп ойлаған Айгүл көзінің жасын сүртіп, оған таңдана қарады. Сол кезде бала судың ортасында тұра қалды. Су оның көкірек тұсына жеткен екен. Бала сәл тұрды да, сүңгіп көрінбей кетті. Айгүл зәресі ұшып, шыңғырып жіберді. Сол кезде ақ көбелек бала сүңгіген жерді шыр айналып ұша берді, ұша берді. Не ары кетпейді, не бері ұшпайды. Бақберген басын судан шығарып қайта жүзбек болып ұмтыла бергенде ақ көбелек көз алдынан көлбеңдей ұшты, бала оны ұстап алмақ болып ұмтылғанда, қолын бұлғап, айғайлап тұрған тәтесіне көзі түсіп, ол кері жүзді.

– Әпке, ол орындалатын арман ғой. Бақберген енді он жылда жиырмаға толады. Содан соң оны үйлендіреміз. Өмірге немерелер келеді. Сөйтіп, немерелеріңнің қызығына тоймай отырасың, – деп Айгүл әзілдеп қоятын.

– Әмин, – дейтін Айжан. – Сол күнге Алла жеткізсе арманым жоқ. Немерелер тым көбейіп кетсе, сен көмектесесің ғой ә? Екеуі мәз болып күлісіп алатын.

Бірде Айжан сіңлісіне:

– Айгүл, соңғы кезде денем ауырлап, шаршап жүрмін. Жата бергім келеді, не болғанын білмеймін, – деп қалды.

– Әпке, жұмысың ауыр ғой, ертеден кешке дейін науқас адамдардың арасында жүресің. Оларды емдеп, жазамын деп өз жағдайыңды ұмытып кетпе. Асыңды уақытында ішпейсің, содан болар әлсіреп жүргенің, – деп сіңлісі өз уәжін айтты. – Дегенмен, әртүрлі талдаулар жасатып, тексеріл. Қандай сырқат болса да ертерек емделген дұрыс қой. «Етікші етікке жарымайды» демекші, дәрігерлердің де көбісінің емделуге қолдары тимей жүретіні белгілі.

...Қан талдауының нәтижесін қолына алған Айжан талып қала жаздады. Айгүл сүйеп, әзер жаны қалды. Нәтиже, өзі қауіптенгендей болып шықты. Емді бастау уақытын да кешіктіріп алыпты. Дерт меңдеп бара жатса керек. Жан деген тәтті ғой! Қырық жасқа жаңа толған адам түгілі тоқсанға келгеннің де мынау жарық дүниемен қоштасқысы келе ме?!

Сөйтіп Айжан үшін азапты күндер басталды. Ол да өзі емдеген науқастар сияқты емшілерге, атақты дәрігерлерге де барды. Бірақ ешқайсысынан көңілге медет боларлық жауап ала алмады. «Өзіңіз тәжірибелі дәрігерсіз, бәрін біліп тұрсыз, сізге не айтамыз?» – деп аяныштарын білдіріп шығарып салады.

Иә, талайды жалмаған бұл зауал Айжанды да көп күттірмеді. Бір күні төсекке таңылды.Үміті үзіліп, жәудіреген жанары мұңға толып, көз жасын сығымдағаннан басқа амалы қалмады. Ол өз тағдырының соңғы мәреге таяғанын сезеді. Әуелде ақпарат құралдарын, ғаламтор жүйелерін талмай ақтарып, бір үмітті сәуле іздейтін. Енді оны қойып, тағдырдың салғанын күтіп, үнсіз жатып қалды. Оның жанын күйдіріп, ет жүрегін сыздатқан уайым – жалғыз ұл. Өмірдегі ең аяулысы – Бақбергені. «Мен өмірден өткенде, құлынымның жағдайы қалай болар екен? Өгей шеше өз ұлындай көріп, аялай қоймасы анық. Шырағымды бұл өмірде қандай сынақ, қандай тауқымет күтіп тұр екен?» – деп ойлағанда қос жанарынан тамшылаған жас жастыққа тырс-тырс тамады. Иә, тағдыр қара тастай қатал. Оны ешкімнің көз жасы, уайымы елжірете алмайды. Алла тағала пенделерін бұл жалғанға аз ғана уақытқа қонақ етіп жіберген. Белгілі мерзім біткен соң ет бауыр жақындарымызды зар жылатып кете барамыз. Біреу ерте, біреу кеш, мәңгілікке аттанамыз. Міне, Айжанның да бұл пәнидегі несібесі таусылып, онға жаңа толған Бақбергенін өксітіп тастап кете барды. Ең соңғы сәтінде сіңлісі Айгүлді, күйеуі Тоқтарды, ұлы Бақбергенді шақырып алған еді:

– Мен қатты қиналып барам. Мына жалғызымды кімге тапсырам? Сорлайтын болды ғой, – деп өксіп, жылауға шамасы келмей, сіңлісінің қолына ұстатқан еді. – Сенен басқа жанашырым да шамалы. Әуелі Құдайға, содан соң саған тапсырдым.

* * *

Бір ғұмыр сөнді. Байғұс ана буыны қатпаған сәбиін қимай тастап, о дүниеге аттанды. Бір сәби анасынан айырылды. Ол енді ешқашан анасының мейірім толы күлімдеген жанарын, «боташым» деп еркелеткен сөзін естімейді. Сәбилерін жетелеп бара жатқан аналарға қарап, қос жанарына мөлдіреп жас толары сөзсіз. Амал не, әркімнің маңдайына әртүрлі тағдыр жазылған. Айжанның жылы өтісімен күйеуі Тоқтар үйленіп те үлгерді. Екі ұлын жетелей келген Жаңыл Бақбергенге анасындай мейірім төге алмады. Әкесі күні бойы жұмыста, кешкілік үйге шаршап келеді. Баласына жете көңіл бөлуге мүмкіндігі бола бермейді. Жағдайды байқаған Айгүл оқта-текте Бақбергенді өз үйіне алып кетіп, оған қолынан келген қамқорлығын жасады. Түртұлғасы анасына өте ұқсас әпкесін Бақберген де ерекше жақсы көрді. Ол келсе анасын көргендей құшағын жая қарсы алатын.

Бірде Айгүл демалыс күнін пайдаланып, балаларды ертіп, ауыл сыртындағы үлкен көлге келді. Балалар қуанып, шулап суға түспек болып, шешіне бастады. Айгүл оларды сабырға шақырып:

– Көлдің ортасы өте терең, батып кетулерің мүмкін. Сондықтан, тек жағалауда ғана шомылыңдар, – деп ескертті.

Балалар бір-біріне су шашып, бірі сүңгіп, бірі малтып мәз-мейрам. Айгүл салқын суға жаны рахаттанып, балаларымен араласа ойнап жүр. Бір кезде ол судан көтеріліп жан-жағына қарап еді Бақбергеннің құлашын сермеп, тереңге қарай кетіп бара жатқанын көріп қалды. Ол есі шыға жан ұшыра айғайлап, солай қарай ұмтылды. Бала ұзаңқырап кеткен екен, ол дауысты естімей әрі қарай жүзе берді. Өзі жөнді жүзе алмағандықтан құр айғайлап, қолдарын сермегеннен басқа еш шара жасай алмай, амалы таусылып, тұрып қалды.

Көзіне толған жасты сүрте сала үрейлене қарап тұрған ол Бақбергенмен қатарласа төбесін айнала ұшып бара жатқан үлкен ақ көбелекті көрді. Бала қай бағытқа беттесе, көбелек солай қарай ұшады. «Айдын көлдің ортасында жалғыздан-жалғыз ұшып жүрген бұл неғылған көбелек?» – деп ойлаған Айгүл көзінің жасын сүртіп, оған таңдана қарады. Сол кезде бала судың ортасында тұра қалды. Су оның көкірек тұсына жеткен екен. Бала сәл тұрды да, сүңгіп көрінбей кетті. Айгүл зәресі ұшып, шыңғырып жіберді. Сол кезде ақ көбелек бала сүңгіген жерді шыр айналып ұша берді, ұша берді. Не ары кетпейді, не бері ұшпайды. Бақберген басын судан шығарып қайта жүзбек болып ұмтыла бергенде ақ көбелек көз алдынан көлбеңдей ұшты, бала оны ұстап алмақ болып ұмтылғанда, қолын бұлғап айғайлап тұрған тәтесіне көзі түсіп, ол кері жүзді.

Ақ көбелек те оның төбесін айнала ұшып, жағаға бірге жетті де баланың басынан жоғарылай ұшып, бірер рет айналды да баяу қалқып кете барды. Айгүл алыстап бара жатқан жұмбақ көбелектен көз жазбай ұзақ қарап тұрып қалды. «Сарыала құмды жағалауда жалғыздан-жалғыз неғып жүрген көбелек? Ол неге Бақбергенді айналып, айдын көлдің бетіне шықты?» – деген сауалға жауап тапқанда көңілі босап, көзіне жас келді. «Бұл сәбиін қорғап жүрген анасының рухы емес пе екен?». Ол көңілі қатты қобалжып, көзіне келген жасты тия алмай, Бақбергенді құшақтап, жылап жіберді. «Балапаным, сен екінші тереңге қарай жүзбеші, мені қатты қорқыттың ғой», – деп оның алдына тізерлеп отыра қалды.

Күнсая ОСПАНОВА,
жазушы

ЗАМАНДАС

Ескерткіштер тек қана сәндік үшін қойылмайды. Ол ең алдымен ұлттың рухын асқақтатып, жас ұрпақтың бойына отаншылдық сезімін қалыптастыру міндетін атқаруға керек. Бұл жайлы әңгіме қозғалғанда өзі еңбек еткен өлкелерде ел ерлерін көтерер ескерткіштердің ашылуына мұрындық болып жүрген ұлтжанды ағамыз Серік Умбетов ойға алдымен оралады. Бүгінгі шағын баяндамыздың кейіпкері Асхат Сейденұлымен осындай бір ескерткіштің ашылу салтанатында таныскан едік.





Әдебиет жанашыры

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ,
"Жетісу"

Сонау бір жылдары Талдықорған қаласындағы бір мектептің алдына қазақ әдебиетінің белгілі тұлғасы, ақын Ғали Орманов бюсті орнатылды. Осы шараға Ақсу ауданына қарасты Қапал ауылындағы Ғали Орманов атындағы мектептен бір қауым ел келген екен. Олар өздері дайындап әкелген әдеби қойылымдарын жұртшылық назарына ұсынды. Оқушылары ақынның өлеңдерін жатқа оқып, жиналған қауымның құлақ құрышын қандырса, мектеп директоры Асхат Досмұханбетов салтанатты шараның шырайын кіргізіп, Ғали Орановтың өмірі мен қызметі жайлы тың деректерді түйдек-түйдегімен айтып жатты. Асхаттың айтқан сөздері қызықты көрінген. Шараның соңынан мектеп директорымен оңаша әңгімелесіп:

– Ғали Орановтың шығармашылық әлеміне терең бойлапсыз. Оның өлеңдерін жаттауға не түрткі болды? – деп сұрадым орайы келгенде.

– Өзің жетекшілік жасап отырған мекемеге есімі берілген адамның кім екенін, не үшін осындай зор құрметке бөленіп отырғанын білмеу – жұмсарта айтқанда ұят болар еді, – деген Асхат сол жолы. – Ғали ақынды бала кезіміздің біліп өстік қой. Алайда осы мектепке директор болып тағайындалғаннан кейін оның өмірі мен шығармашылығына терең үңілгенім рас. Ақынның кейбір өлеңдері жүрегіме жылы тиіп, жадымда жазылып қалыпты. Шығармаларын жатқа оқитыным сондықтан.

Осы таныстықтан кейін іні-досымның атқарып жүрген тірліктері назарымнан тыс қалған емес. Жолыққан кезде жақын ағайынды көргендей шүйіркелесіп, хал сұрасып жатамыз. Сонда бір аңғарғаным, Асхат зиялы қауым өкілдері мен өнер адамдарының өмірі жайлы мол мағлұмат біледі екен. Қай саланы ауызға алсаң да өз айтары бар, жан-жақты білімді, тақырыпты тереңінен қазып, оқшау ойын да орайын тауып жеткізіп отыратын қасиеті байқалды.

...Сарқан ауданының Абай ауылында қарапайым еңбек адамы Сейден мен Сәбираның шаңырағында дүниеге келген Асхат отбасындағы бес ұл мен бір қыздың ортаншысы болатын. Алдымен Тасарық сегізжылдық мектебінде білім алып, оқуды Жансүгіров кентінде тамамдаған ол Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне түсіп, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын меңгеріп шығады. Қолына дипломы тигеннен кейін туған ауылына қайтып оралған ол 1985 жылы Ақсу ауданының Қосағаш ауылындағы Абай атындағы мектепте еңбек жолын бастаған. Арада жыл өткенде қабілет-қарымын аңғартып тастаған жас маман мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметіне жоғарылатылып, екі жылдан соң Қарасу орта мектебінің директоры болып тағайындалады. Бұл қызметті тоғыз жыл бойы абыроймен атқарған Асхат біршама уақыт Сарқан қаласындағы мектеп-гимназияда директордың орынбасары болғаны бар. Сөзі мен ісі үйлесіп тұратын алғыр азаматты Ақсу аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары қызметіне жоғарылатқаны да осы кез. Қапал ауылындағы Ғали Орманов атындағы орта мектепте еңбек еткен сегіз жыл Асхат үшін жемісті болғаны анық. Білімі мен біліктілігі толысқан азамат көптеген жақсы бастаманың басында тұрып, ауыл балаларының сапалы білім алуына өз үлесін қосты.

Ауданда өтіп жататын түрлі саяси, мәдени шараларға белсене араласып жүретін Асхат Сейденұлы кейін «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметіне шақырылды. Бұл міндетте де халықтың алғысына бөлене білген ол аудандық білім бөлімінің басшысы лауазымында да абырой биігінен көрінді. Ал кейінгі жылдары Ақсу аудандық Мәдениет үйінің директоры қызметіне тағайындалып, ауыл мәдениетін көтеруге бір кісідей үлес қосып келеді.

Бір жолы аудандық мәслихаттың депутаты ретінде сайлаушылардың талап-тілегін орындау мақсатымен қалаға келгенде жолығудың сәті түсті.

– Биыл қыс қатты болды ғой, – дейді ол жұмыс жағдайын қозғап. – «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен...» – дегендей, қақаған суық келгенде көмірдің бағасы да шарықтап, тұрғындар қажет отынды тіпті ақшаға таба алмай қалды емес пе?! Жоғары жаққа сұрау салып, шапқылап жүріп ауылға көмір жеткіздік. Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауын ұсынып жатқанда әлі ғаламторға қол жеткізе алмай отырған елді мекендер кездеседі. Бұл бір жағынан ауылға инвесторлардың келуіне де қолбайлау болуда. Сондықтан мүдделі мекемелерге хат жолдап, басшыларымен байланыс жасап, ғаламтордың әрбір ауыл тұрғынына қолжетімді болуын қамтамасыз етудің қамын жасап жүрміз. Депутат болып сайланып алғаннан кейін төбе көрсетпей кетуге арым жібермейді. Шама-шарқым келгенше жерлестеріме пайдам тисе деген мақсатпен шапқылап жүрген жай осы.

– Асхат, сенің әдебиетті жақсы көретініңді білемін. Осы өзің өлең жазбайсың ба?! – дедім көптен көкейде жүрген сауалды көлденең тартып.

– Менің ұғымымша, әдебиет деген әсемдік әлемі. Бала кезімізде үйқас құрап, екі ауыз өлең жазуға талпынғанымыз бар. Алайда уақыт өте келе ол әуестігімді тоқтатқанмын. Бірақ әдебиетке деген құштарлығым бір сәт суыған емес. Ол үшін ең алдымен мектептегі мұғалімім, сынып жетекшім – Гүлбаршын Жақыпқызына алғыс айтқаным жөн болар. Осы кісінің тәрбиесімен көркем ой, серке сөз естісем жадыма түйіп алатын әдет қалыптастырдым. Кейіннен бұл әуестік менің жұмысыма, адамдармен араласуыма, басшылық қызметіме көп септігін тигізді...

– Асхат, бауырым, біз сенің біраз лауазымды қызметтер атқарғаныңды білеміз. Әлі де қартайып тұрмағаның белгілі. Алдағы уақытта өмірлік тәжірибең мен білім-білігіңді, ақылпарасатыңды елге пайдасы молырақ тиер қызметке арнау ойыңда бар ма? – дегенбіз.

– Егер азаматтар лайық көріп жатса қай қызмет болса да атқаруға әзірмін ғой. Дегенмен, «Қызмет адамды емес, адам қызметтің мазмұнын ашады», – деген көзқарасты көбірек қолдаймын. Алдағыны пешенемізден көреміз де... – деген сөз соңында.

Елуді еңсерген жігіт ағасы сымдай тартылған сымбатымен қағылез қозғалып, жүріп кетті. Өзін депутаттыққа сайлаған ауылдастарының тағы бір тапсырмасы бар екенін әлгінде айтқан. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере қызығын көрген, өмірдің бір белесіне көтеріліп, төңіректі шолып отырған пенде сияқты емес, тірлікте атқарар шаруасын айлап алып, алғы күнге ұмтылған жігерлі жігітті байқағандай болдым. Сол бағытыңнан тайма дейміз.

ӘНУАР ОҚУЛАРЫ

ҚАБАНБАЙ АУЫЛЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БІРТУАР АЗАМАТЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ӘНУАР ӘЛІМЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 88 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ДӘСТҮРЛІ «ӘНУАР ОҚУЛАРЫ» БАЙҚАУЫ ӨТТІ.



Ұрпағы ұмытпайды

2011 жылы Қабанбай ауылында Әнуар атамызға арналған ескерткіш бой көтерген болатын. Осынау тұғыр орын тапқан саябақтың да аты жазушының құрметіне берілген. Әлемге есік ашқан зиялының туған күніне орай өткен шараға жиналған қауым ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойды. Осыдан кейін Әнуар оқуы ауылдық Мәдениет үйінде жалғасын тапты. Оқушылар арасындағы байқау үміткерлеріне сәттілік тілеген Алакөл ауданы әкімінің аппарат басшысы Б. Сүлейменов ауданнан шыққан текті тұлғаның өнері мен ерен еңбегіне тоқталса, «Үйгентас өңірі» газетінің бас редакторы Ербол Ақшолақов өткен жылы бастау алған шараның биыл аудан әкімі Әлібек Жақанбаевтың қолдауымен үзілмей жалғасын тапқанын тілге тиек етті.

Әнуардың сыр толы, нұр толы әдемі әлемі бүгінгі ұрпаққа кеңінен танымал. Ол тек бір ауданның болмаса өзі өскен өлкенің игілігі үшін емес, жалпы қазақ қоғамы үшін жанын берді. Халықаралық деңгейде өрбіген мәселелерді шешу жолында бар күшімен күресті. Міне, осындай текті тұлғаны бүгінгі ұрпақ қалай ұмытсын?! Қарапайым да кішіпейіл мінезімен қазақтың қазақтығын танытқан жанның еңбегін ұрпақ кәдесіне жарату – бүгінгінің міндеті.

Аймақтық жарысқа биыл бас-аяғы 18 мектептен оқушылар қатысты. Байқау шарты бойынша, топ болып жазушының шығармаларынан көрініс көрсетуі керек. Жиналған үміткерлерге сатирик жазушы Тұрлыхан Кәрім, Жүкел Хамай, Ерлан Жүніс сынды елге белгілі ақындар, «Жетісу» газетінің тілшісі Қажет Андас, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Жанғелді Немеребаев төрелік етті. Әділқазылар сахнадағы жүріс-тұрысына, сөз мәнеріне, музыкалық сүйемелдеуге назар аударып шынайы шабандоздарды анықтады. Өздерінің өрлігімен, сахнадағы еркіндігімен бас жүлдені Ақжар орта мектебі, бірінші орынды Байзерек негізгі орта мектебі, екінші және үшінші орындарды Қабанбай №1 және Бескөл №14 орта мектептері өзара бөлісіп, «Көрермен көзайымы» номинациясын Қызылқайың орта мектебі иеленді. Олар Алғыс хат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Шара аясында қонақтар байқау аяқталған соң туған ауылы Қарлығаштың көркем табиғатын тамашалап, Әнуар Әлімжанов атындағы мектепке барып, жазушының қолтаңбасы қойылған мұралармен танысты.

Қ. ОМАРАҚЫН

Қабанбай ауылы,
Алакөл ауданы

Жетісу
1918–2018
№71 (18491), 30 маусым, 2018 жыл
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

↘ БАЙҚАУ

Өңірлік кәсіпкерлер палатасында «Қазақстанның үздік тауары» байқау-көрмесі өтті. Оған облыстың түкпір-түкпірінен келген елуден аса өндіріс ошақтары қатысып, өнімдері көпшіліктің назарына ұсынылды. Салтанат сарайында үздік деп танылған бірнеше кәсіпорын иелері марапатталып, жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар табысталды.



ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
"Жетісу"

Байқауға облыс әкімі Амандық БАТАЛОВ арнайы келіп, ұйымдастырылған шараны тамашалады. Көрмені аралау кезінде кәсіпкерлермен жүздесіп, олардың еңбектеріне лайықты бағасын берді және ақыл-кеңестерімен де бөлісті. Сондай-ақ, бұл шараға «Атамекен» ҚР ҰКП байқауларды ұйымдастыру жөніндегі басқарушы директоры Салтанат Әбдікәрімова, облыстық өңірлік кеңесінің төрайымы Римма Салықова, кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықов және бизнес-қоғамдастық пен мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылды.

Мерекелік шараға қатысқан тауар өндірушілер өздерінің өндіріс орындарында шығарған отандық өнімдерін сөрелерге жайғастырып, жиналғандардың назарына ұсынды. Мұндағы айрықша тауарлар тамашалаушыларды бейжай қалдырған жоқ. Оған қала тұрғындары мен қонақтарының үздік компаниялардың өнімдеріне қызығушылық таныта отырып, оларды өзіндік құнына сатып алғаны дәлел. Көрмеде ет, сүт, бал өнімдері мен нан түрі мол болды. Халық тұтынатын басқа да бұйымдар көп кездесті.

Амандық Ғаббасұлы Салтанат сарайында жиналғандар алдында сөз сөйлеп, аталған сала бағытында облыс көлемінде жүзеге асырылып жатқан оңды істер мен қол жеткізіліп жатқан тың табыстарды әңгімелеп, кәсіпкерлердің ісіне табыстылық тіледі. Бұдан соң аймақтағы алдыңғы қатарлы өндіріс орындарының иелерін құттықтап, оларға барынша сый-құрмет көрсетті. Нәтижесінде «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар», «Үздік азық-түлік тауарлар» аталымдары бойынша үздік кәсіпорындар марапатталды.

Мәселен, «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» аталымы бойынша I орынға «Алюгал» ЖШС, II орынға «КазТекИнвест» ЖШС, III орынға «Dolce Pharm» ЖШС ие болды. «Үздік азық-түлік тауарлар» аталымында I орынмен «Сұңқар» Алматы құсфабрикасы» ЖШС, II орынмен «Danone Berkut» ЖШС, III орынмен «Шин Лайн» ЖШС марапатталды. «Халық тұтынатын үздік тауарлар» аталамында үздік болып «Kagazy Recycling» ЖШС танылды. II орын «Алматинская Матрасная Фабрика» ЖШС-не берілсе, III орын «Дархан МНМ» ЖШС-не табысталды. Сонымен бірге биыл «Қызмет көрсету саласындағы үздік кәсіпорын» атты қосымша аталым тағайындалып, үздік компаниялар марапатталды. Бұл номинация бойынша I орын «Строитель» ЖШС, II орын «Idea» дизайн студиясына, III орын «InSmart» компаниясына табыс етілді.

Сонымен бірге бірінші орын иегерлеріне байқаудың республикалық кезеңіне қатысуына жолдама берілді.

Еске салсақ, «Қазақстанның үздік тауары» байқауын 2006 жылы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев отандық кәсіпкерлердің өндірген өнімінің сапасын арттыруға бағытталған қызметін жандандыру, облыс нарығын жоғары сапалы және бәсекеге қабілетті өніммен толықтыруға жәрдемдесу, халық арасында сапа идеясын кеңінен таныту мақсатында тағайындаған болатын. 2015–2016 жылдары облыс кәсіпорындары арасында республикалық деңгейде «Рыбпром» ЖШС («Үздік азық-түлік тауарлар», 1-орын), «Алматы бояулары» ЖШС («Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», 3-орын) жеңімпаз атанды. Байқау тарихында облыстағы кәсіпорындар республикалық деңгейде 7 рет жүлделі орынға ие болған.

↘ ТЕРРОРИЗМГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

БІЗДІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БІРІКТІРЕДІ

Еліміздегі бейбітшілік пен тыныштық, тұрақтылық пен қарқынды даму әлемнің көптеген еліне үлгі болып отырғаны бүгінгі күннің шындығы. Ең алдымен халықтың қалаған ісімен айналысып, тіршілігін жандандыруға жасалып отырған мүмкіндік кейбір мемлекеттер үшін арманға айналуда. Оның дәлелін көптеп келтіруге болады. Бір ғана әлемдік картада «Таяу Шығыс» деп аталатын өңірге көз салсақ көптеген елдің соңғы 10 жылдың ішінде соғыстан көз ашпағанын көреміз.

Сондықтан өзгелерді мысалға алу арқылы еліміздің келешегі бүгінгі жастарға соғыс зардабының қандай болатынын ұқтыруымыз керек. Әйтпесе, анау айтты, мынау бүйтті деген желеумен астыртын әрекет жасаушылардың жетегіне еріп кететін жасөспірімдер қатары азаймай тұр. Жастар жаңа отырғызылған көшет секілді. Оның түзу де биік, жуан да берік болып өсуі берілген тәрбие мен тәлімге тікелей байланысты. Егер қисық әрі теріс тәрбие көрсе көзге сұрықсыз, іске жарамайтын шыбық шығады. Ондай ағаш құрылыс материалы болып жарытпайды. Мұны бейнелі түрде айтып отырмыз. Ағаш та адам баласы секілді. Бұтағы ұрпағы тәрізді. Жапырағы жылдары мен күндері сияқты. Өседі, өледі, жеміс береді, қажетке жарайды.

Адамның да басты мақсаты қоршаған ортаға, мемлекетке, ел мен жерге пайдалы болу, тәрбиелі ұрпақ өсіру. Мағыналы өмір сүріп, ағайынтуысқа, көрші-қолаңға жәрдем жасау. Осындай асыл құндылықтар жүктелген адам баласы кейде адасып, теріс жолға түсіп жататыны да рас. Алайда ондайды түзеу, дұрыс жолға салу ауыл ақсақалдарына, ер-азаматтарына жүктеледі. «Адасқанның айыбы жоқ, қайта үйірін тапқан соң», «Өз балаң өзектен тепсең де кетпейді» деген даналық сөзбен көптеген мәселенің басын ашып, түйінін тарқатқан ата-бабаларымыз қандай көреген десеңізші?! Араздасқанды татуластырып, шамданғанды жарастырған тәлім-тәрбиенің тамыры тереңде жатыр. Ғасырлар қойнауынан бүгінге жеткен ұлттық тәрбиенің өзегі осындай асыл құндылықтарға негізделгені баршаға аян.

Ел болған соң телісі мен тентегі де болатыны анық. Сондықтан да болар, ел іргесінің берік, шаңырағының биік болғанын көре алмайтын әрекеттер ара-тұра болса да көрініп қалады. Әсіресе, бүгінгідей ғылыми-технология дамыған кезеңде бүкіләлемдік интернеттегі әлеуметтік желілер арқылы оң мен солын танымай, солқылдақтық таныстып жүрген жандарға теріс үгіттеп, мемлекеттің бүтіндігін ішінен бұзғысы келетін қадамдар анық байқалады. Жамандықтың түп-тамыры бір. Сондықтан лаңкестік, экстремизм, терроризм сынды жағымсыз істердің айырмасы жоқ. Ол үшін қару алып, бүлік шығаруды көздейтіндер мен халықты алаңға шығып, түрлі талап қоюға шақыратындар бірдей. Сол себепті, қара ту алып, Тигр мен Эфрат өзендерінің аймағындағы Сирияда халифат құрмақ болған лаңкестер мен шет мемлекетте жатып, Қазақстан азаматтарын азғырған Әбілязов әрекетінің айырмасы шамалы дер едім. Олардың бәрі де еліміздің тыныштығын, тұрақтылығын, бейбітшілігін, ырыс-күт, бақ-берекесін көп көреді. Ұрпағымыздың білімді, тәрбиелі, ұлттық құндылықтармен сусындап өскенін қаламайды. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан атты байтақ елдің тыныштын кетіріп, сәбилердің күлкісін тиюға мүдделі. Болашақтың күні ашық, жұлдызы жарық болуы шынайы күлкіде екендігін ескерсек, лаңкестердің пиғылы еліміздің келешегін көре алмауда жатқандығын байқау қиын емес.

Ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесін өзіндік ұстанымымен, өзіндік бағытымен жүргізген халқымыз елдің тынышын алған бүлікшіні аяусыз жазалап, әрбір рудың беделді ақсақалының тезіне салдырып отырған. Соның әсерінен болар ұшқан құстың қанаты талар, шапқан аттың тұяғы тозар ұлан-байтақ далаға түрме атаулы салынбады. Жазықтыға айыппұл ретінде көп жылқы салық салынды. Ол төлеп алмаса руынан алынды. Есесіне басбұзар немесе бүлікші өз руының белді де бай адамына өмір бойына жалшы болды. Сол арқылы телі мен тентегін әрбір тайпа өзі түзетті. Оны көрген жастар жамандықтан қашық жүріп, жақсылыққа жақын болудың дұрыстығын білді. «У ішсең руыңмен» деген сөздің мәнісі осында жатыр.

Ендеше, ұлттық тәрбиенің негізгі тетіктерін іске қосып, адасқандардың жетегінде кеткен жастарымызды осылайша тәрбиелеуіміз керек. Өйткені, ұрпақ тәрбиесі бейжай қарайтын нәрсе емес. Әлемдік өркениеттің қаңсығын таңсық көрген жастарымыздың бітім-болмысын, кескін-келбетін ұлттық тәрбие арқылы сақтай аламыз. Әйтпесе, бәрі керісінше болады.

ОБЛЫСТЫҚ ІШКІ САЯСАТ БАСҚАРМАСЫ

20 АСТАНА

Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның өнерпаздары Астананың 20 жылдығы аясында «Жетісу» саябағының ашылуына орай өтетін салтанатты шарада Елорда халқын әсем сазға бөлеу үшін жолға шықты. Айтулы мерекеге Алматы облысының тартуы – бұрынғы «Арай», қайта жөндеуден өтіп, жасанған «Жетісу» саябағы.

ЕЛОРДАҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

Алма ЕСЕНБАЕВА,
"Жетісу"

Жетісу жұртшылығы атынан сыйға тартылып жатқан саябақтың ашылуы 1 шілдеде өтеді. Онда облысымыздың М. Төлебаев атындағы оркестрі, «Адырна», «Сазген», «Құлансаз», «Сүйінбай сазы» фольклорлы-этнографиялық ансамбльдері, «Алтынай» мемлекеттік халық биі ансамблі, дәстүрлі және эстрада әншілері өнер көрсетпек.

Облыстық филармонияның директоры Данияр Құрамысовтың айтуынша, өнерпаздардың дайындығы ойдағыдай. Астана туралы жаңа әндер жазылған. Жетісудың да ән-күйі шалқитын болады.

Жалпы Астанаға Алматы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ақан Абдуәлиев бастап 220 өнерпаз жол тартуда. Сонымен қатар Астананың 20 жылдығына орай Елордадағы ҚР Ұлттық музейінде «Жетісудың 20 музейі» атты көрме ұйымдастырылған. Оған Алматы облысының 20 музейінен 355 экспонат қойылды. Музей көрмесі 8 шілдеге дейін жұмыс істейтін болады. Музейден Астана қаласы жұртшылығы Жетісудың тарихи жәдігерлерімен тереңірек таныспақ.

Ал, біз облысымыздың атынан мерейтойдың өз деңгейінде өтуіне үлес қосып, Жетісудың өнерін асқақтатып жүрген жандарға сәттілік тілейміз.

↘ АҚПАРАТ

ҰЛТТЫҚ ДӘМ

«Асқар Тау» мейрамханасының басшысы, жеке кәсіпкер Роза Молдасанова мемлекеттік бағдарлама аясында «АТФ Банк» АҚ-дан «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша жылдық 7 пайызбен қаржыландырылды. Сол қаражатқа кәсіпкер аталмыш мейрамхананы жөндеп, қайта жаңартуды жоспарлап отыр.

Бұл мейрамхананың нарықта өз орны бар. Кәсіпкер «Алтын дастарқан» халықаралық фестивалінің гран-при иегері, бірқатар мемлекеттік марапаттар мен Алғыс хаттарға да ие болған.

– Біз әрқашан ұсынылатын өнімдер мен қызметтерді дамытуға және жақсартуға тырысамыз. Бірегей дәстүрлі тағамдарымызбен де мақтанамыз. Қонақтарға өз дәмдерімізді ұсына отырып, тағам әзірлеудің ең жоғары стандарттарын сақтаймыз. Ұлттық тағамдарды да әзірлейміз және оның ерекшелігі назарға алынады, – дейді Роза Бақтыбайқызы.

Дәстүр бойынша қазақ тағамдары ет және сүт өнімдеріне негізделген. Кейінірек бұл тізімге ұн тағамдары мен тәттілер қосылды. Осылайша, ұлттық тағамдарды жетік меңгерген мейрамхана иесі жаңа технологияларды да енгізуде. Сондай-ақ, жент, құрт, ірімшік сияқты өнімдерді де шығара бастады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

↘ СЕЛЕКТОР

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

Облыс әкімінің орынбасары Жақсылық ОМАРДЫҢ төрағалығымен өткен селекторлық жиналыста Ұлттық домбыра күні мен Астана күніне дайындық жұмысы пысықталып, ағымдағы жылы күрделі жөндеуден өтіп жатқан әлеуметтік нысандардағы жұмыс жайы сөз болып, ҰБТ қорытындысы туралы алдын ала болжам жасалды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"

Биылдан бастап елімізде қазақтың қасиетті қара домбырасын насихаттайтын Ұлттық домбыра күні аталып өтеді. Бұл Елбасының Жарлығымен бекітілгенін ескерсек, оның мәні мен маңызының қаншалықты ауқымды екенін түсінуге болады. Жарлыққа сәйкес жаңа мереке қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында енгізіліп отыр. Ұлттық домбыра күні шілденің бірінші жексенбісінде аталады. Ал биылғы мереке 1 шілдеге сәйкес келіп тұр.

Мереке қарсаңында еліміздің әр өңірінде түрлі ұйымдастыру шаралары қолға алынуда. Оған Молықбай, Жамбыл, Кенен, Дәнеш, Нұрғиса, Еркеғали сияқты таланттар шыққан Жетісу жұрты да белсене атсалысуда. Ол туралы Жақсылық Мұқашұлы толыққанды баяндап берді. Сондай-ақ, аудан-қала әкімдерінің орынбасарлары мен облыстық басқармалардың өкілдерінен дайындық жұмысын сұрап шықты. Бұл қатарда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім меңгерушісі Төлеужан Ғұмаров пен Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаев, сондай-ақ, Қапшағай, Кербұлақ, Алакөл, Сарқан аудандары әкімдерінің орынбасарлары жұмыс жоспарын таныстырды. Бірақ, олардың жоспары облыс әкімі орынбасарының көңілінен шықпады. Жаңашылдығы аздау, жаттанды, қайталанған сценариилерге құрылған болбыр жоспар, шалағай ұйымдастыру барысына сын-ескертпе айтып, көрсетілген кемшіліктерді түзетуді тапсырды.

– Алдағы қос мерекеге дайындық мықтап қолға алынғаны жөн. Әсіресе, мерекені мерейлі өткізумен қатар, оның маңыздылығын жұртқа толық жеткізуге бар күшті жұмылдырған жөн. Ол үшін бұқаралық ақпарат құралдарымен қатар, әлеуметтік желілердің мүмкіндігін толық пайдаланған жөн, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Осыдан кейін облыс аумағында күрделі жөндеу жұмысы жүріп жатқан білім беру, денсаулық сақтау, балабақша сияқты 30 нысанның бүгінгі жағдайы туралы сөз болды. Бұл жолы да Жақсылық Мұқашұлы әр нысанның жағдайын аудан әкімінің орынбасары мен мектеп директоры, мердігер компания өкілдерімен тікелей байланыс арқылы сұрап шықты. Осы барыста орын алған кемшіліктерді көрсетіп, кейбір түйткілді мәселені шешудің оңтайлы жолын көрсетті.

↘ БЖЗҚ

БЖЗҚ-ның облыстық филиалында Ашық есік күніне келушілер саны соңғы үш ай ішінде рекордтық көрсеткішке жетті. Қор ұйымдастырған Ашық есік күніне салымшылар, алушылар мен зейнетақы саласы туралы кеңірек білгісі келген басқа да азаматтар қатысты. Мұндай жиын былтырғы жылдың басынан бастап әрбір тоқсан сайын өткізіліп тұрады. Дәстүрлі шараға бір жарым жыл ішінде 20 мыңнан астам адам қатысты. Бұл жолы қор қызметкерлері шараға қатысушыларды зейнетақы жарналарының түрлерімен және жеке зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпарат алу әдістерімен таныстырды.



ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қазіргі таңда Қазақстанда зейнетақы жарналарының 3 түрі бар. Міндетті зейнетақы жарналары азаматтардың, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары жұмыс берушілер тарапынан зиянды жағдайда жұмыс істейтін жұмыскерлердің есебіне аударылса, үшіншісі ерікті зейнетақы түрлері – өзінің зейнет жасын жоспарлап, карттық шақтағы қажеттіліктеріне қаражат жинауға ниетті азаматтарға арналған. Салымшыларға өздерінің жеке зейнетақы шоттарының жай-күйі туралы біліп отыру да маңызды. Бүгінде бұл туралы ақпарат алу үшін Қор кеңсесіне бару немесе дәстүрлі пошта байланысын пайдалану міндетті емес. БЖЗҚ-да көптеген қызмет түрлерін электрондық сервистер арқылы алуға болады. Бұл бағытта жасалған алғашқы қадам электрондық пошта болса, қазір БЖЗҚ салымшылары мен алушылары www.enpf.kz сайтынан жеке кабинет ашуына болады немесе «e-mail-ге ЖЗШ-дан үзінді – көшірме алу» қызметімен; Android, iOS (iPhone, iPad) и Windows Phone операциялық жүйелеріне арналған ENPF мобильді қосымшасымен пайдалана алады. Ал «Цифрлы Қазақстан» ұлттық бағдарламасы электрондық қызмет мүмкіндіктерін кеңейте түсті. EGOV.KZ электрондық үкіметінің порталы арқылы да Қор қызметтерін қолдануға болады.

Ашық есік күні туралы пікірімен шараға зейнетақы шотының жай-күйін білгісі келген әжесін әкелген Мұрат есімді жігіт бөлісті. «Зейнетақы қорының жұмысын мен ескіше түсінетінмін. Ал бүгін мұнда заманауи технологиялардың жан-жақты енгізілгенін көріп, таңданып қалдым. Енді әжеме оларды қолдануға көмектесемін. Үйде шай ішіп отырып-ақ қызмет алатын болады».

Тағы бір қатысушы Данияр жауапкершілігі шектеулі серіктестікте қызмет атқарады. «Мен зейнетақы шотым туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы алып отырамын. Соңғы үзінді-көшірме келгенде, жұмыс беруші жарнамды уақытылы аудармағанын, бірақ мұны бізден жасырғанын түсіндім. Бүкіл мекемедегі жағдай осындай болып шықты. Біздің талабымыздан кейін жарна аударылды. Енді мен қор сайтында жеке кабинет ашып, жағдайды әрдайым қадағалап отырмақпын. Басқаларға да осындай кеңес беремін. Интернет арқылы қызмет алудың еш қиындығы жоқ әрі ыңғайлы».

2017 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ операцияларының 52 пайызы электрондық әдіспен көрсетілген. Қордың корпоративтік стратегиясына сай 2021 жылы бұл көрсеткішті 60 пайызға жеткізу көзделген.

«БЖЗҚ» АҚ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

↘ КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕ

ЕТ ЭКСПОРТЫНА НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

Облыста қой етінің экспорттық әлеуетін құру бойынша пилоттық жоба іске асырылады. Мал шаруашылығының осы және өзге де даму мүмкіндіктері жайлы ұсыныстар «Атамекен» алаңында республикалық қой шаруашылығы палаталарының өкілдері, шаруа қожалықтары, кооперативтер мен кәсіпорындар басшылары, қаржы институттары, жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен арнайы семинар-кеңесте талқыланды.

Республикалық қой шаруашылығы палаталары кеңесінің төрағасы Тынышбай Досымбеков атап өткендей, жетісулық фермерлер экспортқа қозы етін шығаруды жоспарлауда.

– Қозы етіне сұраныс жоғары және онда холестерин мен майлардың мөлшері аз. Қазіргі таңда кәсіпкерлермен бірлесе бағдарламаны іске асыру, бордақылау алаңдарын құру, өткізу нарықтарын іздестіру, несиелендіру шарттарын талқылаудамыз. Пилоттық жобаның табысты іске асырылуы ет көлемінің артуына, жаңа жұмыс орындарының пайда болуына және мал санының өсуіне мүмкіндік береді», – деді республикалық қой шаруашылығы палаталары кеңесінің төрағасы.

2018 – 2027 жылдарға арналған ет шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында фермерлік қожалықтарды дамыту үшін 4 пайыз ставкасымен 15 жылға дейін жеңілдетілген қаржыландыру қарастырылған. Сонымен бірге, бордақылау алаңына өткізілген әрбір мал басы үшін кәсіпкерлерге 3 мың теңге көлемінде субсидия төленеді. Ресми мәліметтерге сүйенсек, облыстағы қой саны 3 миллионға жуық. Өткен жылы өңірдегі қой еті экспортының көлемі 1,7 тоннаны құраған.

Талқылау барысында қатысушылар субсидиялау мен несиелендіру талаптарын жеңілдету, жануарларды вакцинациялау сапасы, заманауи мал бордақылау алаңдарын әзірлеу мәселелері сөз болды. Облыстық Кәсіпкерлер палатасының директоры Нариман Әбілшайықов өңірлік кәсіпкерлер палатасының жанында аккредиттелгені жөніндегі куәлікті «Жетісу» қойшылардың өңірлік қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Кеңесхан Әбділденовке тапсырды.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

■ Алакөл ауданына – 90 жыл



Сұлы шипа, дәні алтын, құмы шекер

Алакөлдіктер ауданның 90 жылдығын өз деңгейінде атқару үшін алдымен 20 тамыз бен 20 қыркүйек аралығын қамтитын бір айлық мерейтойлық шаралар жоспарын құрыпты. Оған ауданның экономикалық, әлеуметтік, білім беру, спорт, туризм, мәдениет, өнер саласындағы жетістігін көрсететін іс-шаралар жоспары енгізілді. Соған орай түрлі тақырыпта кездесу өткізіліп, конференция ұйымдастырылды. «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» бағдарламалары аясында өлкетануға арналған экспедиция қолға алынып, игілікті істер атқарылды. Қысқасы, мерейтойға дейінгі 30 күн есте қалар керемет жетістіктерімен өріліп, өңірдің бұдан кейінгі дамуын саралап, алдағы өркендеуіне жол салды.



Қажет АНДАС,
"Жетісу"

ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУЛЕР

Мерейтой қарсаңындағы іс-шаралар ең алдымен Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжі білімгерлерінің «Алакөл алыптары» атты зиялы қауым өкілдерімен кездесуінен басталды. Шараны Алакөл аудандық ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «Алакөл жастар дарабозы» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды. Мұның да өзіндік себебі бар. Ұйымдастырушылар ең алдымен ауданның 90 жылдық тарихын, ауданнан шыққан танымал азаматтарды, осы өңірде кешегі-бүгінгі кезеңде атқарылған игілікті істерді сараптап алуды жөн көріпті. Өйткені, өңір тоқсан жылдың өркендеу басқышында сан сынаққа дөп келді, сан қиыншылықты бастан өткерді. Алайда соның көбін бүгінгі жастар біле бермейді. «Өткенін білмеген елдің болашағы бұлыңғыр» дегендей, ауданның 90 жылдық мерейтойын жасаудың да мақсаты осы. Сондықтан кездесуде сөз алған аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы М. Сүлейменов, ақын, жазушы Т. Садиев, ауданның Құрметті азаматтары Ж. Жұманов, М. Арапов, облыстық ІІД ардагерлер кеңесінің төрағасы, еңбек ардагері Б. Құсбеков осы өңірде атқарылған игілікті істерден сыр өрбітіп, кешегі жетістіктер мен тұлғалардың бүгінгі жарқын өмірге қосқан еңбектерін екшеп берді. Бұл өз кезегінде жастарға үлкен шабыт болды.

Ауданның экономикалық дамуымен таныстыру, танымал азаматтардың өмірбаяны арқылы өскелең ұрпақтың болашаққа деген ұмтылыстарын арттыру мақсатында «Алакөл ауданының тарихы және теориясы» атты конференция ұйымдастырылды. Шараға аудандық ішкі саясат, Алакөл гуманитарлық – техникалық колледжінің қызметкерлері мен білімгерлері, ауданның зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты. Конференцияда «Алакөл ауданының төңірегінде табылған ерте ортағасырлық қалашықтар» тақырыбында Үшарал қазақ гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Т. Қанапьянова, «Алакөл ауданының құрылуы және Ұлы Отан соғысына дейінгі тарихы» тақырыбында Қабанбай батыр атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Б. Жайлаубай, «1945-1991 жылдардағы Алакөл» тақырыбында №14 Бескөл мектебінің тарих пәні мұғалімі Р. Мархаева, «Тәуелсіздік жылдарындағы Алакөл» тақырыбында Лепсі орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі А. Оразов баяндама жасап, ауданның арғы-бергі тарихынан сөз қозғады. Тағылымды шараға атсалысқандарға Алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табысталды.

Қабанбай ауылдық Мәдениет үйінде жерлестеріміз, 200-ден астам ғылыми-танымдық мақала, бірнеше монографиялық еңбек, көптеген оқу құралының авторы Қанипаш Қайсақызы мен еліміздің филология ғылымына сүбелі үлес қосқан тіл жанашыры, филология ғылымының докторы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры Мұратбек Иманғазиновпен «Ғылымдағы ғұмыр: тағылым, тәжірибе және дәстүр жалғастығы» атты жастармен кездесуі өтті. Кездесуге ауданымыздағы мектеп оқушылары, колледж студенттері және ұстаздар қатысты. Кеш соңында келген қонақтарымызға шапан жауып, сыйлықтар табысталды.

КИЕЛІ ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ

Ауданның мерейтойы қарсаңында «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» бағдарламасы аясында жұмыс жүргізіліп, өңірдегі мәлім және беймәлім біраз қасиетті мекен анықталды. Туған жердің тарихын білу, сақралды орындарды насихаттау, оларды көпшілікке кеңінен танымал етуді мақсат еткен «Киелі жерге тағзым – ұрпаққа ұлағат» атты танымдық экспедиция аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, білім бөлімдерінің қызметкерлері, қала, округ әкімі аппараттарының мамандары мен жастар ісі жөніндегі әдіскерлері, тарихшы мамандар мен мұражай қызметкерлері және баспасөз өкілдері тартылды.

Алакөл – тек қана Жетісу жерінің емес, қазақ елінің қадір тұтып, қастерлейтін өңірі. Оның жағалауын түрлі құстардың өзі мың түрлі үнімен, сиқырлы сазымен салтанатқа бөлеп жатады. Айдынында қаз-үйрегі қалқып, шағаласы шалқыған Алакөл бұл күндері талайға таңдай қақтыратын мекенге айналған. Сарқан ауданымен шекаралас жатқан Қабанбай ауылы тарих бетінде Үйгентас деп аталып қалды. Бұл атау сол бір жылдардағы жоңғар басқыншыларының қазақ жерін жаулап, өзінің атамекені етпекші болған тұста болған оқиғаға байланысты қойылған. Сондықтан да экспедиция өз жұмысын алдымен «Тоқта» тауында орналасқан Аңырақай шайқасының 270 жылдығына арналған ескерткішке гүл шоғын қойып, перзенттік парызын өтеді. Өйткені, ел басына екі талай күн туғанда етігімен су кешіп, ел мен жер үшін жанын қиған батырларға құрмет ету – бүгінгі ұрпақтың борышы. Ол ертеңгі күнге деген сенімділік. Өйткені, ата-бабаларымыз аманаттап кеткен ұлан-ғайыр даланы болашаққа жеткізу осы жастардың міндеті. Шарада Достық округі әкімінің орынбасары Е. Енсебаев, «Алакөл жастар дарабозы» ЖҚБ жетекшісі А. Арнай, Достық орта мектебінің тарих пәнінің ұстазы Ш. Насыровтар киелі тарихқа шолу жасап, экспедиция жұмысын үйлестіруге ықпал еткен аудан, ауыл азаматтарына алғысын білдірді. Одан ары көпшілік Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалаларды аралады. Атап айтсақ, «Асусай» ерте ортағасырлық қалашығына Ырғайты ауылдық округінің қызметкерлері, Көктұма орта мектебінің ұстаздары және оқушылары қатысты. Сондай-ақ, экспедиция өз жұмысын «Жайпақ» ерте ортағасырлық қалашығында жалғастырды. Бұл жерде Жайпақ округі әкімдігінің қызметкерлері, М. Төлебаев атындағы орта мектеп ұжымы мен жастары қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археолог мамандармен кездесіп, орта ғасырдың керуенге арналған қалашық екені сұхбат барысында белгілі болды. Әрі қарай экспедиция мүшелері Қызылащы ауылдық округіне қарасты «Кейкі батыр» бейітіне зиярат етті. Бұл жерде Қызылащы округі әкімдігінің қызметкерлері, Қызылащы орта мектебі ұжымы мен жастары қариялар айтқан аңыз-әңгімелерді тыңдап, Кейкі батырға қатысты тарихи деректер мен ақиқаттарға қанықты. «Қабанбай батыр» атындағы тарихи-өлкетану мұзейінде де ойда қалатындай кездесу болды. Музейдің директоры Ж. Қожахметова музейде орналасқан құнды жәдігерлерді экспедиция мүшелеріне таныстырды. Жыланды ауылдық округіне қарасты «Есім төре» кесенесіне зиярат еткен экспедицияға ішкі саясат бөлімінің басшысы М. Сүлейменов жеткізілік етті. Шарада Есім төренің өмірбаяны мен халыққа жасаған қайырымдылығы туралы сыр шертіліп, рухына Құран бағышталды.

Осы жолғы экспедицияның бір табысы, Лепсі ауылдық округінде орналасқан Жасыл көлге барып қайтқаны болды. Тіпті, экспедиция мүшелері осы жерде Жасыл көлді көруге арнайы келген шетел азаматтарымен кездесіп, олардың Алакөл ауданының қайталанбас табиғаты туралы пікірін бейнетаспаға жазып алды. Төменгі Жасылкөл көлінен он үш шақырым жоғарыда «Жоғары Жасылкөл» деп аталатын тағы да бір сұлу көл бар. 2200 шақырым биіктіктегі көл Кикөзенінің бүйір тармағы Қызылауыз өзенінде орналасқан. Ол да күшті зілзаланың салдарынан пайда болған. Оң жақ беткейдің құлауынан жартас кесектері шатқалды бөгеп тастаған. Көлдің ұзындығы 3,3 шақырым, орташа көлденеңі 300 метр. Көл өзінің пішіні жағынан жетісулық тістібақаны (Жетісу Алатауында ғана мекендейтін жойылып бара жатқан құйрықты қосмекенді) еске салады. Көл жағалауындағы алпілік шалғындар және сирек аласа бұталы тоғай көмкерген жап-жасыл баурайдың түсімен астасып, көк-жасыл түспен құбылып жатады. Экспедиция ауданның 90 жылдық мерейтойына осындай үлкен сыйлық жасады.

МӘДЕНИЕТ – ҰЛТ МӘЙЕГІ

Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық Мәдениет үйінде «Туған күніңмен, Алакөл» атты мереке қарсаңындағы іс-шаралардың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Аудан әкімінің орынбасары А. Аханов қатысып, мерейлі іске береке тіледі. Шараның соңы «Туған жерге туынды тік» атты Алакөл ауданынан шыққан кәсіби суретшілердің көрмесіне ұласты. Көрмеге ҚР Суретшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы Е. Жүнісхан, Суретшілер одағының мүшелері М. Әбділдаев, С. Қазиевтердің қолдарынан шыққан туындылары қойылды. Салтанатты шараны аудан әкімінің орынбасары Алмас Абдинов ашып, «Жетісу өңірінің суретшілері» атты кітаптың тұсауын кесті.

● *Ақтілек*

Болашағы баянды

«Ауылына қарап, азаматын таны» дегендей, бүгінгі таңда Алакөл ауданының экономикасы да, халықтың әлеуметтік жағдайы да көшілгері екені даусыз. Оның дәлелі ретінде күннен-күнге әсемденіп келе жатқан Үшарал қаласының келбетінен-ақ аңғаруға болады. Алакөл халықаралық туристік аймаққа айналып келеді. Әлеуметтік нысандар, әуежай, вокзал, саябақ, спорт кешендері, демалыс аймақтары болсын, бәрі аудан халқының игілігіне берілген. «Болар істің басына, жақсы келер қасына» деген сөздің растығына бүгінде көзіміз жеткендей. Әр істің басталуы да, нәтижесі де елдің көз алдында. Осындай мол табыстарға қол жеткізуде аудан жұртшылығының да өзіндік үлесі бар. «Туған жер – Отаным» деген қасиетті ұран ана сүтімен бойына таралып, әке үнімен қайраттанып, білім нәрімен толысып жатыр. Осындай елдің болашағы да баянды болады деп сенемін.

Ермұхан ЖҮНІСХАН,
ҚР Көркем академиясының вице-президенті,
Қытай өнер академиясының профессоры,
ҚР Суретшілер одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы

Аудандық Мәдениет үйінде жерлесіміз, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, ауданның Құрметті азаматы Сәуле Қажыбайқызы «Ақ айдынды, ақиық Алакөлім» атты шығармашылық концертін ұсынды. Концерт Құрманғазы оркестрінің сүйемелдеуімен өтті. Оркестрге Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Жексен Айсын дирижерлік етті. Сәуле Қажыбайқызы барлық саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұлағатты ұстаз. Кенжемұрат Дүкенбаев ағамызбен отау құрып, екі баланың шешесі, алты немеренің әжесі атанып, 70 жасқа толып отыр. Осыған орай «Нұр Отан» партиясы Алакөл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қайрат Көкебаев, «Қонаев шыңы» ұлттық журналының басқарма төрағасы Ербол Ақшолақов құттықтау сөз сөйлеп, шапан жапты. Сәуле Қажыбайқызы көрермендерге бейнетаспаға жазылған кітабын тарту етті.

Мерейтойға орай ақын, әнші, композитор, ҚР мәдениет саласының үздігі, бірнеше кітаптың авторы, жерлесіміз Е. Әлікеевтің «Алакөл, ару мекенім» атты шығармашылық кеші өтті. Естай Әлікеевтің әндері Отан, туған ел, өскен орта, ата-ана және сезім мен сырға толы, лирикалық тақырыптарды қамтыды. Тәуелсіз еліміздің мәдениетін дамытуға, ұлттық құндылықтарды насихатталуға өзіндік үлес қосып жүрген азаматтың жаңадан жарыққа шыққан «Ирім» атты жыр жинағының тұсауы кесілді. Аталған туындының тұсауын кесу құрметі «Нұр Отан» партиясы Алакөл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қ. Көкебаев, аудандық мәслихаттың депутаты Қ. Қатықбаев, Ақтүбек ауылының әкімі Қ. Берікбайұлына бұйырды. «Алакөлден ұшқан аққулар» атты ақын, сазгер Жангелді Немеребаевтың шығармашылық кеші де жұртқа үлгі болатындай өтті. «Сағынышым – Алакөл» атты әнші, композитор, сатирик, ҚР мәдениет қайраткері, ҚР Ұлттық «Астана – Бәйтерек» сыйлығының лауреаты, профессор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Алакөл ауданының Құрметті азаматы Аймұханбет Бейсенбековтің шығармашылық кешіне белгілі әнші Махмұт Тойкенов бастаған әншінің шәкірттері қатысып, өңірді сұлу саз, сағынышты әуенмен тербеп қайтты.

Ақши ауылының көл жағалауында «Киелі мекен, Алакөл» атты ақындар мүшәйрасы өтті. «Еркін тақырып» және «Киелі мекен, Алакөл» атты 2 кезеңнен өткен сайысқа ауылдық округтерден келген 14 ақын қатысты. Жас ақындарды сөйлеу мәнерін, сөз шеберліктерін, ой ұшқырлығын салыстыра отырып М. Әубәкіров атындағы және Көктұма орта мектептерінің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері, ақын М. Шотамбекова, А. Рахимова әділқазылық етсе, адуынды ақындар Ғ. Жиенбай мен Қ. Нүсіпхандар бағалады.

«Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кемеңгерді» деген Ілияс ақынның нақыл сөзін бойына жиған алакөлдіктер Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, Алматы облысының және Алакөл ауданының Құрметті азаматы, Ахмет Кендірбекұлының «Армысың, асыл ағайын» атты туған аудандағы тұңғыш шығармашылық кешін өткізуді де жоспарлап отыр. Кеш тізгінін танымал журналист Бейсен Құранбек ұстаса, айтыс өнерінің жетісулық ақтаңгері Айтақын Бұлғақов, Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының директоры, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, ақын Ерлан Жүніс, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сүйінбай атындағы облыстық филармонияның музыкалық редакторы Жангелді Немеребаев, белгілі әнші, ақын, сатирик, Шәкәрім университетінің профессоры, Қазақстан мәдениет қайраткері, жерлесіміз Аймұханбет Бейсенбеков қатысады деп күтілуде. Осы кеште ауданның 90 жылдық мерекесіне тарту ретінде «Менің асыл ағаларым» атты кітаптың тұсаукесері де өтеді.

Мерейтойға орай жоспарланған мәдени шаралардың түйіні Қазақстан Республикасының өнер қайраткері, көрнекті ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Алматы облысының және Алакөл ауданы мен Үшарал қаласының Құрметті азаматы, жерлесіміз Сәкен Иманасовтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Алакөлім – ана көлім, ертеңіден жаралған» атты әдеби кешпен қорытындыланбақ.

Ауданның мерейтойына кітапханашылар да үлкен үлес қосты. Сол қатарда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Ғұсман Жандыбаевтың «Дәні алтын, құмы шекер, қаймағы бал» тақырыбында өткен кітап көрмесі мен «Оқы да өзгеге ұсын» атты Буккроссинг жобасын ерекше атап айтуға болады. Ауданның барлық кітапханаларында «Айдынды Алакөлім» атты бұрыш ашылып, аудан тарихы жайлы жазылған кітаптар мен баспа материалдары жинақталды.

Мерейтойға аудандағы білім беру мекемелері де өз деңгейінде атсалысуда. Айталық, айлық аясында «Туған күніңмен, Алакөл» атты концерттік бағдарлама, оқушылар арасында спорттың бірнеше түрінен жарыс, «Алакөлден ұшқан аққулар» тақырыбында шығарма байқауы, «Айдынды Алакөлім» мектеп оқушылары арасында плакат, фотосурет байқауы, «Жырым, саған арналады» аудандық жас ақындар мүшәйрасы, «Мен өз өңірімді сүйемін» акциясы, «Өлең-жырдың арқауы сенсің, Алакөлім» поэзия сағаты, «Екі тумас ер ақын» С. Иманасовтың 80 жылдығына орай ғылыми-практикалық конференция, 8-11-сынып оқушылары арасында «Алакөл, қымбатсың сен маған!» тақырыбында аудандық мәнерлеп оқу, шығарма, сурет байқауы өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Сонымен қатар, «Халық ойындары спартакиадасы» ұйымдастырылып, спартакиада 10-11 қыркүйек күндері спорттың 7 түрінен жарыс өткізді. Атап айтсақ, аудан жастары арасында Үшарал №1 орта мектебінде волейболдан ойын өткізіліп, шараға 15 команда қатысты. Бұқараларық спорт түрлерін дамыту және қазақ ұлттық ойындарын насихаттау мақсатында жастар мен ересектер арасында Үшарал қаласы М. Мыңбаев атындағы орта мектебінде шахмат, тоғызқұмалақ жарысы ұйымдастырылды. Үшарал қаласының орталық «Сымбат» стадионында жеңіл атлетикадан жарыс өтіп, оған 60 спортшы қатысып, жеңімпаздар анықталды. Сондай-ақ, мишеньді дәлдеу және мылтық, тапанша атудан турнир де өтті. «Дәні алтын, құмы шекер, қаймағы бал – Алакөл» тақырыбында М. Әубәкіров атындағы орта мектебінде М. Әубәкіровтің туған күніне орай салтанатты жиын өткізіліп, «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды.

● *Жыр-шашу*

Толқындары тербеткен

Жоңғар Алатауы мен Тарбағатай арасы,
Толқындары тербеткен Алакөл жатыр қарашы.
Бірегей көлдің бірі бұл әлемге аты айғақты,
Жанға шипа суының табылған дерттің дауасы.

Балқашқан кейін Жетісу ірі көлім деп санайсың,
Шалғайдан келген қонақ та доп есіп жерін қанайтын.
Солтүстік шығыс бөлігін мекендеген ауданның,
Осынау тұңғиық көркіне арманы бұл көл тапайдың.

Көксеске көкбас, сазаны, алабұға, шармайлы,
Жағасында Алакөл әзеп елдің талмайды.
Шағалағаққу қазтүйрек, көлдің маңы қаққұтан,
Теңбіл мысық, ондатр жағалауын жайлайды.

Мимералды суы бал, ірі көл, дерткө емді көл,
Алтыннан дағы ұмтқер, шығатын мұнан кенді көр.
Балығы тұлаң айдында, шағалағасы шұлғаған,
Мерейлі бүгін тойында дегендей, міне, мені көр.

Егінді мен малға бай, әсты мол тоқ мекен,
Мыс пен мұнай қоры бар, жайылымы отты екен.
Кемір, ақтас, сұрағаң, алтынның да қоры көп,
Қаншама үлт әкіп бір-бірмен дос та екен!

Көктей өткен көрікең «Жібек жолының» кешегі,
Шаршаған жолдан жолаушы кеуіпсін келіп төсегі.
Байқалған ерте кездең-ақ суы мен келдің ауасы,
Мендеген көбір науқастың дауасы болған дәсел.

Ғарышкерлер де жөрді ансап, заңғар бір
көктен оралған.
Радиациясын жоюға осында келіп демалған.
Ұзақ жыл жатып, жазылмай науқасы әбден
мекдеген,
Тұра алмай көбір келгендер құр аятай
болып оралған.

Көгілдір көлім көк шәйі көйлегі сынды әжемнің,
Бұлтсыз ашық көкпеңбек аспаны сынды әлемнің.
Өзінен шыққан күлмдей күнімнің алтын шапағы,
Көркіңді айтып мақтанар өзен-көліме бар елдің.

Толқыны жатыр бірелкі сабырлы қалпын сақтаған,
Алыстан жетер алқынып, сәлем бергендей
тап мағам.
Терендеп сыры болса да, жылылық сыйлап тұратын,
Алакөл сая бола бер жандарға жылу таппаған.

Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА

Бүгінде Алакөлге келіп демалушылардың саны 1 миллион адамнан асып кетті. 1500 орынға арналған 18 демалыс орны қолданысқа беріліп, 1300-ден астам адам маусымдық жұмыспен қамтылды. Туризм саласындағы табыс 5 млрд. 811 млн. теңгені құрады. Бұған ең алдымен Алакөлге арнайы сапармен келіп, туризмді дамыту жөнінде тапсырма берген Елбасы сапары да түрткі болды. Елбасының Алакөлді дамыту тапсырмасының аясында курорттық аймаққа ішкі және ресейлік туристердің легін арттыру мақсатында қос елдің ғарышкерлері көл жағалауына келіп тоқтады. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған бұл сапарда Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-лейтенанты, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ғарышкер Талғат Мұсабаев, Кеңес одағының Батыры Анатолий Арцебарский, Қазақстан мен Ресейдің ғарышкері, қос мемлекеттің Халық Қаһарманы Юрий Маленченко, Ресей Федерациясының ғарышкері, заң ғылымдарының докторы, профессор Юрий Батурин сынды белді, белгілі азаматтар киелі өңіріміздің топырағына табан тіреді. Сонымен қатар, киелі өңірге Мәжіліс депутаты Қ. Сұлтанов, Сенат депутаттары А. Мұсаханов, Т. Мұқашев, Н. Қылышбаев секілді белгілі тұлғалар мейман болып қайтты.

Жергілікті меценат, Алакөлдің атымтайы Бауыржан Оспановтың бастамасымен Лепсі ауылдық округінде экотуризм саласына қан жүгірді. ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы арнайы келіп, «Салт аттылар сапарының» ашылу салтанатына қатысып, Ойжайлау атшабарынан Жамантас жайлауына дейін жүріп өтті. Туризм саласының әлеуетін көтеру мақсатында биыл осымен екінші мәрте Ақши ауылында дуатлон додасынан республикалық дәрежеде сайыс ұйымдастырылып, оған әр төрт жылдықтың тұғырлы бәсекесі саналатын Олимпиада жүлдегерлері қатысты. Аталмыш жарыста спортшылармен қатар ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен облыс басшысы Амандық Баталов та велосипед тізгінін ұстап, 20 шақырымға созылған жарыс жолын бағындырды.

Осы жетістіктің бәрі де Алакөл ауданың 90 жылдық мерейтойының құрметіне атқарылды. Бұл жетістік ауданның бұдан кейінгі даму бағдарына серпін беріп, ел жігерін жани түсетіні сөзсіз.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

5
25.05.2019

ИНТЕРНЕТ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ

Алтын ұям – Ақсуым



Қазіргі уақытта қоғамның барлық саласында цифрландыру үрдісі жедел жүргізілуде. Оның технологиялық артықшылықтары мен ұтымдылығын барынша пайдалану, қыр-сырын, әдіс-тәсілін жете меңгеру баршаның ортақ ісіне, әркімнің өз қажеттілігіне айналды. Міне, осы тұрғыда, ғаламтор кеңістігін пайдаланушы қазақтілді азаматтар «Алтын ұям – Ақсуым» (www.ser-bek.ru) атты сайттың тұрақты оқырманы болып, күнделікті өміріне тиісінше рухани азық ала бастады. Сайт жазбаларына көбіне оң пікір беріліп, танымалдығы да уақыт өткен сайын артып келеді. Осыған орай аталмыш сайт авторы, Ақсу ауданының ардақты азаматтарының бірі Серікбек СЕРПЕРБАЕВПЕН кездесіп, әңгімеге тартқан едік.

– Серікбек аға, көзі қарақты көп адамның, тіпті, жастардың да батылы бара бермейтін сайт жасау және оны жүргізуді қалай қолға алдыңыз, оған не себеп болды? Әңгімемізді бірден осылай бастасақ.

– Мен Ақсу ауданының тумасымын. Өмірімнің барлық мағыналы кездері туған жерімде өтті. Ел ісіне белсене атсалысып, ақсулықтардың сан салада жетістікке жетуіне бір кісідей еңбек еттік. Осы барыста көрген-білгенім, сезген-түйгенім, жұмыс бабымен қолым тимей әттеген-ай деп жүрген ойлар сайт жұмысын қолға алуға алғашқы себеп болды. Одан бөлек, қызметтік жылдарымның соңғы кезеңдерінде, атап айтсам, 2007 жылы әртүрлі мұрағат, баспасөздерден әр мекеме мен ауылдық округтердің тарихи және ағымдағы деректерін жинақтап, «Алтын ұям – Ақсуым» атты кітапты баспадан шығарған едім. Ол кейін ауданның 80 жылдық мерейтойына орай шығарылған, толығымен өзім құрастырған жаңа форматтағы, мазмұнды «Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» атты энциклопедиялық кітабыма арқау болды.

Екінші жағынан, қызметте жүргенде қажеттілікке байланысты техника тілін мейлінше меңгеріп, ауданда алғаш рет компьютерлік клубты аштым, ол сол кезде балалардың, оқушылардың, жастардың компьютерлік сауатын ашуға үлкен септігін тигізді. Одан ары «интернет» деген бір тұңғиық әлемнің кеңістігіне еніп кеттім де, бүгінге дейін соның жұлгесінен шыға алмай келемін. Сөйтіп жүріп, қызығушылықпен бірнеше графикалық редакторлық бағдарламаны үйреніп алып, полиграфиялық кәсіпті де меңгеріп, ауданда оның да шағын цехын аштым. Осының арқасында жоғарыда айтылған кітаптардың барлық мәтінін өзім теріп, дизайндық үлгісін жасадым.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін шығармашылық жұмысты жалғастыруға зор мүмкіндік туды. Ендігі бағытты интернет жүйесіне арнауға бел будым. Онлайн-тренингке қатысып, сайт жасау және оны жүргізудің әдіс-тәсілін меңгеріп алдым. Сөйтіп, 2017 жылдың аяғында айтылған сайтымды дайындап, ғаламтор жүйесіне енгіздім. Атап айтар болсам, бұл сайт еліміздегі бір өңірдің өткені мен бүгінін зерделеуге арналған қазақ тілінде шығатын және кітап-газет форматында жасалған алғашқы өнім саналады.

– Әрине, ол туралы хабарымыз бар. Енді сайттың негізгі мақсаты мен мазмұндық құрылымы туралы сөз етсек?

– Сайт қазақ жерінің бір пұшпағы, жер жаннаты Жетісудың құрамдас бөлігі Ақсу ауданының тарихи өсіп-даму жылдарындағы елдің жанкешті еңбегі мен ерлігін, берекелі де бедерлі істерін, белсенді тіршілігін көрсету және әр кезеңдердегі оның өркендеп-өсуіне ерекше үлесі сіңген ардақты азаматтардың есімдерін жаңғырту мен насихаттауға бағытталған.

Сайт барлық тарихи-танымдық деректерді жоғалтпайтындай жинақтап, кез келген уақытта қолжетімді етеді.

Дана халқымыздың «Өскен ел шежіресін тасқа жазады» деген даналығын бүгінгі жағдайда "Дамыған ел жетістігін ғаламторға енгізіп, мәңгілікке қалдырады" деп өзгертіп айтуға болады. Осы тұста сайт жұмысын 2014 жылы ауданда бастау алған, өзім де ұйымдастырушысының бірі болған "Туған жерге туыңды тік" атты қозғалысы мен Елбасының "Рухани жаңғыру", «Ауылым – алтын бесігім» бағдарламалары аясында қолға алынған мақсатты шара деп санаймын.

Сайттың құрылымына келсек, ол екі үлкен бөліктен тұрады. Біріншісі, "Ақсу ажары" деген атауға ие болып, газеттік форматта жүргізілуде. Оның парақтарында аудан халқының ағымдағы өмірі, ел тіршілігі туралы баяндалған жазбалар, жаңалықтар, хабарламалар жарияланып отырады.

Екіншісі, "Абыз Ақсу, аңыз Ақсу, нағыз Ақсу» кітабы тақырыбы алынып, ол "интернет-кітап" ретінде белгіленді. Оның мазмұндық құрылымы сайттағы көрсетілген бөлім-тарау тақырыптарымен айқындалады. Қазіргі уақытта сайт интернет кеңістігіндегі қазақтілді оқырманға танымал болып, толық қалыптасқан деңгейге жетті. Бір жарым жыл ішінде сайттың 360-санында (тақырыптық парақтарында) жарияланған 1000-ға жуық постқа (жазбаларға) оқырмандар, әлеуметтік желіні пайдаланушы азаматтар тарапынан тек жақсы пікір, ұтымды ой бөлісулер болып жатқаны дәлел бола алады.

– Ендеше, сол бөлімдер туралы арнайы тоқтала кетсеңіз?

– Сайттың ең басты бөлімі «Мекенім – Ақсу өңірі» деп аталып, онда аудан, ауылдық округтер мен мектеп-мекемелер туралы мағлұматтар жеке-жеке парақта көрсетілді. Аудан өңірінің жағрафиясы, табиғаты, климаты, өзен-суы, тау-тасы, өсімдік- жануарлары айтылды. «Жердің аты – тарихтың хаты» деген тақырыппен Ақсу өңіріндегі елді мекендер, жер-су атаулары туралы танымдық жазбалар мен тарихи ескерткіштер туралы деректер де қағыс қалмайды.

Бөлімнің үлкен тарауы, әрине, Ақсу өңірінің тарихына қатысты. Онда XIX ғасырдағы қазақ жерінің Ресейдің қол астында болған кезінен бастап, өткен ғасырдың 60-шы жылдарына дейінгі ауданның дамуы туралы ресми деректер ынғайлы орналастырылған. Келесі кезекте ауданның бірінші басшысы болған азаматтардың өз қызметін атқарған уақытына ынғайлап, сол кездегі өңірде атқарылған жұмыстардың ауқымын жаңаша формада көрсету арқылы берілді.

Осы жерде сайт парақтарында осыған дейін көпшілікке қолжетімсіз, белгісіздеу болған деректерді, тарихи «ақтаңдақтар» туралы тың жазбаларды жариялауға, әртүрлі себептермен насихатталуы кемшін түсіп, қалың көпшілікке жетпей келген немесе уақыт өте көмескіленіп ұмытылып бара жатқан азаматтардың есімін қайта жаңғыртуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын қоса кетейін.

– Ақсудан шыққан, қазақ еліне танымал тұлғалар туралы циклді мақалалар беріліп жататынын байқап қаламыз.

– Сайт ашылғалы оның бетінде мерейтойлары аталып жатқан тұлғаларға және ел тарихының ерекше бір кезеңіне қатысты қайраткерлер өміріне жеке тақырыптық тараулар ашылып, жүйелі жазбалар, құнды мақалалар беріліп келеді. Айталық, «Барлыбек туралы баяндаулар», «Білəл Сүлеевті білгеніміз дұрыс!», «Қобызшы Молықбай», «Ақын Сара – 165», «Мамания мектебі» деген айдарлар бар. Дүлдүл ақынымыз Ілияс Жансүгіровтің туғанына 125 жыл толуына арнап ашылған бөлімде бүгінге дейін 150-ге жуық тың жазба жарияланды. Бұл әлі де жалғасады.

Әрине, сайт болған соң, оның үлкен мүмкіншілігін пайдалана отырып, кемелділігін арттыру үшін әртүрлі тараулар қосқан едік. Олардың тек тақырыптарын ғана атап өтсем, «Рухани жаңғыру – ұлт мұраты», «Спорт – ұлт саулығы», «Жыр арқауы – туған жер», «Туған жерге сағыныш» (бейне-аудио қоржыны), «Демалайық», «Таң қалыңыз!», «Шежіре жүргіземіз» болып жалғаса береді.

– «Шежіре жүргіземіз» деген айдар ерекше естіледі екен?!

– Сайт ашылғалы біраз азаматтан халқымыздың шежіресіне байланысты жазбалар жариялау, жеке тарау ашу туралы ұсыныс түсе бастады. Шежіре бұған дейін мен айналыспаған шаруа еді. Басында терең білім, ұзақ ізденіс, үлкен жауапкершілік, уақыт пен төзімділікті қажет ететінін сезіндім. Осыған дейін қазақ шежіресі жайлы біраз еңбектер жазылып, оған жеке адамдар үлес қосып, жинақтар шығарып жатқанын білеміз. Бірақ олардың таралымы тым аз. Көптің қолына жете бермейді. Осы тұрғыдан шежірелік жұмысты жүргізуде ғаламтордың, сайттың мүмкіншілігі зор деп сендім. Егер шежірелік жазбалар бір жерге жинақталса, оны жалпылама да тармақтары бойынша пайдалануға, реттеуге, толықтыруға, қателіктерін жедел түзетуге және болашаққа, ұзақ мерзімге толық мазмұнда сақтауға мүмкіндігі өте зор. Осындай толғаныстан кейін бұл тақырыпты бастап кеттік. Бүгінде оның 20 парағы жарияланды. Онда қазақ елінің тарихы туралы энциклопедиялық мақалалар, сайт оқырмандарының тарапынан ұсынылып жатқан тайпалық-рулық, әулеттік шежірелер де беріліп келеді. Сайттағы осы тараудың қажеттілігін, өміршеңдігін уақыт көрсетті.

– Серікбек аға, жаңа электронды кітап деп қалдыңыз, сайттың бетінен электронды тұрғыда дайындап, оқырман назарына ұсынылған кітаптарды көріп жүрміз. Оның маңыздылығы неде?

– Сайтты жүргізу барысында интернет жүйесіндегі сабақтар арқылы электрондық кітапты дайындау технологиясын меңгердім. Мені баспагерліктің басқа түрімен салыстырғанда бүгінгі уақыт талабына сай келетін және оқырмандардың сұранысын өтей алатын артықшылығы қызықтырды. Нәтижесінде, осы жұмысқа ден қойып, сайтымда жарияланған жазбаларды реттеп, алғашқылары ретінде танымдық мазмұндағы "Аудан деректері" және 70-ке жуық Ақсу өңірінің танымал ақын-жазушыларының туған жеріне арнаған таңдамалы туындыларынан антологиялық топтама жасалған «Ақсуым – шығармашылықтар өзегі» деген кітаптар дайындалды. Олар сайттың тұрақты оқырмандарына сый ретінде таратылды. Ақсулық тарихшы, жазушы Жемісбек Толымбековтың ақынның 165 жылына арнаған «Атандым акын Сара» кітабы дайындалып көпшілікке ұсынылды. Сайт оқырманының сұранысы бойынша шежірелік кітап дайындалды. Бұл жұмыс әлі де жалғасады.

– Бұл қазіргі заманның интернет-бизнесіне сай келеді ғой.

– Иә, ғаламтор жүйесі бүгінгіде саналуан маңызды міндетті атқарумен бірге, миллиондаған адам үшін қаржылық пайда табудың қайнарына айналды. Онлайн кәсіп түрі бойынша үйде отырып-ақ табыс табатын ұтымды жұмыстар пайда болды. Ал бұл үшін қажет етілетін басты құрал – сайт. Табыс табуды тікелей мақсат етпесем де, бұл салаға қызығушылық туып, ғаламтордағы сабақтар, курстар арқылы түсініктер жинақтап, әдіс-тәсілін меңгерудемін. Алайда, қазақ тілінде жүргізілетін сайттар, кәсіптік тәжірибелер өте сирек. Соны бастаушылардың қатарына кіріп, көпшілікке насихаттау мақсатында қазақ тілді оқырмандарға арналған «Делдал» деген атаумен бірнеше тақырыпты құрайтын жеке бөлім жүргізуді бастағанмын. Онда өзім үйренген интернет-бизнес мазмұнындағы танымдық және жарнамалық мақалалар беріле бастады. Электронды кітаптар туралы түсініктеме беретін жеке кітапша да шығардым, оны оқырмандарға, басқа да қажет етушілерге сый ретінде таратып жатырмын. Енді, міне, жарты айдай болды, осы бөлім негізінде сол «Делдал» деген атаумен ғаламтор жүйесіне қазақ тіліндегі екінші сайтты аштым. Уақыт талабына сай жаңа ой, идея туындап жатса, сайттың мазмұнын түрлендіріп, танымалдылығын арттыра беремін.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Қажет АНДАС

МЕЗГІЛ



Қазіргі қария қандай?

Мұхтар КҮМІСБЕК

Тәнін настық, рухын әбілет басқан деуші еді бір жазушы әңгімесінде. Осы бір тіркесті ұмытуға қанша рет оқталсам да ойымда ұйып қалмасы бар ма? Міне, бүгін мақаламның алғашқы жолынан орын алып отыр. Қазіргі заманның кейпін суреттейді сол шығармада. Ақылдың бұлағы санар ақсақалы жоқ қоғамды әжуәлайды әлгі қаламгер. Жаныма батқанын-ай! Авторды сөзбен суға бір тұншықтырып та алғанмын оқып отырып. Енді қараңызшы, сол мұңлы кекесінге келіспеске дәрменім болмай тұрғаны...

Алдымен мысал болсын. Бұл бір ғана дәйек емес, бірнешесін көз алдыңызға әкелер едік, көпке топырақ шашудан бойымызды аулақ салғанды жөн санадық. Айтпақшы, қоғамдық көлікте болған жағдай бұл тақырыптан тағаған тартуға түрткі болған. Автобустың алдыңғы орындықтары ардагерлер мен аяғы ауыр келіншектердікі. Сіз отыруға асықпаңыз. Бос болған жағдайда ғана болмаса көлденең әрекетіңіз көзге оғаш көрінуі ғажап емес. Алда-жалда жайғаса кетсеңіз, жаладан жалтарып кете алмайсыз. Десе де, бірде жастығымызға иек сүйеп алдыңғы қатардағы бос орындыққа өңменді бергеніміз сол-ақ еді, «тәйт» деген жағымсыз дауыс жағамыздан алды. Тақия мен шапанын үйлестіре киген ақсақал аузындағы қабаған итке ие бола алмай, тілін безеді келіп. Жастардың олқылығын ортаға салды. Бірақ үстінен мұңкіп тұрған арақтың иісін бәріміз елемегенсіп отырдық. Жанындағы өзі тектес екі шалға да ащы сөзбен тиісіп отыр. Қарияның бұл қарекетіне намыстан жарылардай болдық. Біз ғана емес, сол жердегі адамдар да күпті болды. Шалдың сөзін шалық ұрғанның сандырағына баладық та қойдық. Шапанын сыйлап құрмет көрсетуге оқталғандар болыпты, бірақ олақтығынан безінсе керек. Мұндай оқиғаларға жүздеп кездесуге болады. Шапансыз шалдардың да ойға шолақтығын сіз бен біз жақсы білеміз. Оған дәлел – бүгінгі қоғамның күйі. Басындағы күнқағарының сиқына қарап шошисыз. Бүгежіктегеннен не табамыз, бір өксік көкірегімізді удай ашытып тұрғаны. Қу жараны жалап жазғаннан не қайыр?! Арық атқа жабу жапқанмен алысқа шаппасы анық. Кісіге мәмілесі жоқ қарияларды көргенде кеудеңді көлеңке билейді. Бауыры бұлақ бабаларым-ай деп бір тулайсың. Несін жасырамыз, қазір тақия кигендер түкірігін тісінің арасынан тастайды. Кенеусіз кер айғай, жалтылдаған қызыл сөздің иесіндей. Батасы да дәмсіз. Ақыл сұрап барсаң айтатыны ат үстінен құлағаны. «Өсетін елдің қарты – қазына, өшетін елдің қарты – қазымыр» демей ме?! Қай уақытта да ақылға ергеннің азбайтыны көдік. Ал біз ақылды қайдан аламыз? Әрине, аузы уәлі, сөзі алтын ақсақалдардан. Ұстазым: «Менің академиям – ауылдың ақсақалдары», – деп көргенбілгенін көппен бөлісіп отыратын. Адам идеясыз өмір сүре алмайды. «Әкеге қарап ұл өседі, шешеге қарап қыз өседі» дегендей, қоғамның тәрбиешісі қордалы қариялар. Баяғыда ақсақалдар ауылға қонаққа келгенде алғашқы сұрағы: «Бұл мекенде адам бар ма?», – деп сұрайтын көрінеді. Сөзге құлақ асатын жалы биік, кеудесі кең кісіні қазақ «адам» дейді екен. Жақсының негізгі сипаты сөз мәнісіне баратындығы. «Ауылда адам бар болса ауыл ала болмайды», – дейді Бұқар жырау. Бір ауылды бір-ақ адам түлеткен. Сол кісіге қоғам еліктеген. Міне, бүгін сол түзілімді халық аңсайды, біз аңсаймыз. Шіркін, арамызда қазақтың ауызбіршілігі мен берекесін алақанында ұйытқан тілі дуалы қариялар көп болса дейсің. Бойына ізгілік нұры сіңсе, кез келген мәселенің шешімін табуда үлкен рөл атқарса, ұлтымыздың аспанында жүрген ала бұлт сейілер еді.

Шыны керек, өмірлік пайымы өлген үлкен кісілер көбейіп барады қоғамда. Сақалы қабындап қалың өссе де, көкірегі қурап қалған тұт ағашындай. Ойға таяз. Аталар картақұмар, әжелер киноқұмар болып кеткен. Бұрын аталарымыздың карта ойнамақ түгілі, «сіңбіруге» уақыты болмайтын. Әжелеріміз болса, ұршық иіріп, балаларына, немере-шөберелеріне киім тоқитын. Қазір бәрі басқаша. Содан да болар, «Көп жасағаннан емес, көп көргеннен сұра» деген тәмсіл ойрандап ортаға шықты емес пе?! Көп жыл жасап, еш жетістікке жетпеген қарияларымыз ұрпаққа қалай үлгі болмақ? Түрлі әлеуметтік желілерде күлкі болған бір видео естеріңізде шығар?! Дастарқан басында отырып, асқа бата бере алмай, оған қоса соңында «әмин» деудің орнына «алып қойыңдар» деп айтқан атамыз ел назарына іліккен болатын. Жасына қарамай, жастар секілді тойда билеген қарттарымыз, ішімдікке салынған үлкен кісілердің осындай жаман әрекеттеріне қарап налисың. Болашақ ұрпақ кімнен үлгі алуы керек сонда?! Қоғамға ашық жол сілтей алып, дұрыс бағыт беріп, сақалымен емес, айтқан мақалымен жөн бере білетін ата-әжелер қайда?!

Иә, өткенді реттеп алмай, болашақ түзелмек емес. Бұрынғыны айтпай жаңа сөз ойға оралмайды. Қарияның қадірі кетсе, ұлттың ұршығы сынады. Олар – болат өзек. Ал қоғам болат өзегі бар арқан сияқты. Ішіндегі болатты суырып алсаң, былқылдайды да қалады. Ұлттық қорларымыз да осылар. Былайша айтқанда мемлекетіміздің іргетасы. Ескілікті меңгерген адамдар жаңаның қазығы емес пе?! Ендеше, халықтың мінезін түзейтін ақсақалдарымыз көп болғай дейміз. Елімізді жалы жоқ қариялар мен жалыны жоқ жастардың отанына айналдырмайық!

Ақсақалға зәрумін

Кешегі қарттарымыз заманын ойлап бәйек, айтса сөзі дәйек болатын... Бір ауылды уыздай ұйытып, жұртының жүрегін сүйген болатын. Тентегін тезге салған, тентіреген жонге салған. Қасиеті қалың елге қазық, өсиеті қауым елге азық болған болатын... Ал бүгін ше?! Жұртының жүрегін емес, биліктің білегін сүйген ақсақалдар көп. Баяғыда шалына қарап шаңырағын сыйлайтын едік, ал қазір шаңырағына қарап шалын сыйлайтын жағдайға жеттік. Бүгінде біз сондай ақсақалдарға зәру болып қалдық... «Бір қарияның кесімді сөзі елінді, бір кемпірдің кесімді сөзі келінді тәрбиелейтін-ді» деген сөз бар... Ал бүгін ше?! Біреуінің өнеге болатын өсиеті жоқ, біреуінің жаныңа жақын тартар қасиеті қалмай барады... Қазіргі қарттарымыз бұрынғы қариялардың орнын баса алмай жатыр... Тентегін түзей алмай жатыр... Тек деп айта алмай жатыр.

Бәрі сол бала-шағаның қамы, жекебастың күйі... Бәрі билікке жақын әкімсымақтардың жанын жаңғалап кеткен сияқты болып тұрады маған...

Бұрынғы ақсақалдардың үстінен дала мен тердің иісі аңқып тұратын, арысы Құраннан, берісі жыр-қиссалардан, термелерден үзінділер айтқанда тыңдаған құлақтың құрышын қандыратын... Ал қазір сондай қартты таба аласыз ба? Тіпті, әлди әнін, бесік жырын айтатын ана табудың өзі қайранға айналып бара жатқандай...

Қазақ – кеңдігін де елдігін де, тәрбиесі мен тағылымын да, танымын да сөзге сыйғызған еді. Сөз құдіретін – өз құдіретім деп білген. Ал қазір адамның сөзінен пәтуа кеткен...

Бекжан ТҰРЫС,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



ӘЛ-ФАРАБИ:

Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына көмектесетін күш.



АБАЙ:

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек: біріншісі – зор билік, екіншісі – есепсіз байлық.



Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

Jetisý

№ 140
(18848)
Сенбі,
12 желтоқсан,
2020 жыл

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.7-su.kz

Jetisugazeti

Jetisu2002@mail.ru

◆МАРАПАТ



«АЛТЫН САПА» СЫЙЛЫҒЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

Тәуелсіздік күніне орай Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Президентінің «Алтын Сапа» сыйлығының жеңімпаз-лауреаттары марапатталды. Аталмыш шара Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Премьер-Министр Асқар МАМИН, «Атамекен» ҚР ҰКП төралқа төрағасы Тимур ҚҰЛЫБАЕВ, «Атамекен» ҚР ҰКП басқарма төрағасы Абылай МЫРЗАХМЕТОВ, министрлер ҚР Парламентінің депутаттары, орталық мемлекеттік органдар мен республикалық кәсіпорындар басшыларының қатысуымен өтті.

Қажет АНДАС

Жеңімпаздарды Мемлекет басшысы тікелей эфир арқылы құттықтады.

– Қымбатты жеңімпаздар, баршаңызды «Алтын сапа» байқауының мәреге жетуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл үздік өнім өндірушілерді ұлықтайтын маңызды іс-шара. Тәуелсіздік жылдарында мемлекет қолдауымен отандық кәсіпкерлердің жаңа легі қалыптасты. Олар ұлттық экономиканың басты қозғаушы күшіне айналды. Индустрияландыру кезеңінде елімізде 1300-ден астам жаңа өндіріс іске қосылды. Нәтижесінде бұрын өндірілмеген көптеген тауар шығарыла бастады. Сондай-ақ, 200 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Азаматтарымыз заман талабына сай жаңа кәсіптерді игеруде. Осының бәрі халқымыздың әл-ауқатын және бәсекелестік қабілетін арттырады. Біздің мақсатымыз – Қазақстанды қуатты мемлекетке айналдыру. «Алтын сапа» байқауына қатысқан барлық бизнес өкілдеріне алғыс айтамын. Өндірген өнімдеріңіз елімізде ғана емес, әлемдік нарықта да үлкен сұранысқа ие болатынына сенемін, – деді ол.

Мемлекет басшысы көпшілікке жүрекжарды лебізін білдіріп, жұмыстарына сәттілік тілеген соң Алматы қаласындағы «КЕЛЕТ» АҚ «Үздік индустриялық жоба» номинациясы бойынша, «KSP Steel» ЖШС Павлодар облыстық филиалы «Үздік инновациялық жоба» номинациясы бойынша «Алтын сапа» сыйлығының лауреаты атанғанын жеткізді. Оларға марапатты Мемлекет басшысы атынан ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин тапсырды.

Ел экономикасын өркендету үшін өндірілген өнім мен көрсетілетін қызметтің сапалы болғаны жөн. Осы бағытта жұмыс атқаратын кәсіпорындардың күнделікті шығарған өнімі үнемі тексерістен өтіп, сапасын арттырып отыру назарда ұсталады. Сондықтан да бизнес құрылым жетістікке жету жолдарын үнемі жетілдіріп отыруы керек.

Шара аясында жеңімпаздар «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын», «Халыққа арналған тауар шығаратын үздік кәсіпорын», «Қызмет көрсететін үздік кәсіпорын», «Азық-түлік тауарлары және ауылшаруашылық өнімдерін шығарушы үздік кәсіпорын» аталымдары бойынша, ірі, орта және шағын кәсіпкерлік субъектісі санаты бойынша анықталды. Сонымен қатар «Алтын сапа» сыйлығының «Үздік индустриялық жоба», «Үздік инновациялық жоба» арнайы сыйлығы берілді. «Ұлы Дала елі» ортақ брендін иелену байқауының жеңімпаздары және «Іскер» арнайы сыйлығының 2020 жылғы лауреаттары анықталып, Supplier of the Year – 2020 байқауының «Бизнес кемелділік» сыйлығы табысталды.

Марапаттау салтанаты барысында өнімнің сапасы мен қызмет көрсету саласындағы жетістіктері үшін берілетін «ТМД сыйлығы» байқауының 2019 жылғы (байқау 2 жылда бір рет өткізіледі) дипломанттары мен «Аруана» бизнес құрметі» сыйлығының иегерлері аталды. Сол қатарда аймағымыздан «Kaz Organic Product» ЖШС «Ұлы Дала», балық өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және сатумен айналысатын «Рыбпром» ЖШС «ТМД сыйлығы», жол-құрылыс материалдарын шығаратын «Максдорстройсервис-21» ЖШС «Өндірістік мақсаттағы үздік кәсіпорын» номинацияларының жеңімпазы атанып, жетісулықтардың мерейін өсірді.

Еліміздегі шағын және орта бизнес нысандары арасынан облыстағы үш кәсіпорынның жеңімпаз атануы қуанарлық жағдай. Бұл аймағымыздың орта және шағын бизнес саласындағы әлеуеті мен өндіріліп жатқан өнімдердің сапалық өлшемінің де жоғарылығын көрсетеді.

Нұр-Сұлтанда өткен марапаттау салтанатына онлайн режимде қатысқан облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** салтанатты жиыннан соң облыстық басқарма басшылары мен орта және шағын бизнес өкілдеріне аймағымыздың осы саладағы жетістіктерін әңгімелеп, алдағы уақытта да жетістікті молайту жолында тыңғылықты жұмыс атқару керектігін тапсырды. Сондай-ақ, ҚР Президентінің «Алтын сапа – 2019» байқауында жеңімпаз болған кәсіпорын басшыларына өз атынан алғыс білдіріп, заттай сыйлық тапсырды.

Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің отырысы өтіп, еліміздің барлық аймағы жиынға онлайн қатысты. Тәуелсіздік мерекесінің қарсаңында өткізілген кеңес отырысын ашып, жүргізіп отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ алқалы жиында бірнеше мәселе қаралатынын жеткізіп, алғашқы мәселе – Қазақстан халқы Ассамблеясының биылғы жылы атқарған жұмыстары туралы баяндама жасау үшін сөз кезегін Мемлекеттік хатшы Қырымбек КӨШЕРБАЕВҚА берді.



ЛАЙЫҚТЫЛАР АНЫҚТАЛДЫ

Мәди АЛЖАНБАЙ

Баяндамашының айтуынша, күллі әлемді абдыратып тастаған биылғы жыл еліміз үшін елеулі оқиғаларға толы болды. Атап айтсақ, Ұлы Даланың айтулы тұлғалары Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және әлемнің екінші ұстазы саналған әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойлары, ҚР Конституциясының және Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдық белестері аталды. Енді келер жылдың басында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау науқаны тұр.

– *Халқымыздың бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыратын бұл атаулы даталар мен мәдени-саяси шаралар отандастарымызды Тәуелсіздікті нығайтуға жұмылдыруға серпін береді деп сенеміз,* – деген Қырымбек Елеуұлы Қазақстан Республикасының көпұлттылық татулықты сақтаудағы тиімді саясатын атап өтті. – *Ежелден «бірлік болмай тірлік болмайды» деген сөзді басты бағдар еткен халқымыздың асыл қасиетін ұстанған тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің сарабдал саясатының арқасында елімізде этносаралық татулықтың бірегей үлгісін қалыптастырды. Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы тағылымы мол, саяси дәстүрді сабақтастырып, ел бірлігін ең басты стратегия ретінде жүргізіп отыр.*

Біріншіден, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық жаңғырудың өзегіне айналуы тиіс. Қазақстандық қоғамды өзгерістерге дайындау индексі өте жоғары. Осы сәт ұлтты ұйыстырудың, сақтаудың, тәрбиелеудің, жаңа формацияға бейімдеудің нағыз уақыты. Екіншіден, ұлттық жаңғырудың басында мемлекеттік тіл мәселесінің тұрғаны рас. Соңғы есептер бойынша әрбір екі апта сайын әлемдегі екі мың тілдің бірі өліп жатады. Тілдің даму эволюциясына назар аударайықшы. Тәуелсіздік алған алғашқы елең-алаң кезеңде қазақ ұлтының саны 39 пайызды құрады. Сөйтіп, біз өз жерімізде тұрып, Ата Заңнан мемлекеттік тілге мәртебе сұрауға мәжбүр болдық емес пе?! Өйткені, ең бірінші тәуелсіздікті сақтау қажет еді. Тіл мәселесін саяси жағынан ушықтырмай, ішкі-сыртқы сілкіністерге жол бермей, кезең-кезеңімен шешіп келдік. Қазір жағдай өзгерді. Бүйырса, жақында халқымыздың саны 19 миллионға, қазақ ұлтының үлесі 72 пайызға жетеді.

Кеңесте қаралған келесі мәселе бойынша алдағы қаңтардың 10-ы күні өтетін ҚР Парламенті Мәжілісіне Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан ұсынылатын 9 кандидаттың тізімі таныстырылып, қатысушылардың қолдауына ие болды. Одан соң жарыс-сөзге шыққан Парламент Мәжілісінің депутаты Шәкір Хахазов, «Қырғызстан-Астана» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Шавхат Исмаилов, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ-ның басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі кезекпен сөз алып, ұсынылған кандидаттарды қолдайтындықтарын жеткізді.

◆САМҒАУ — 2020

Б. Римова атындағы облыстық драма театрында «Самғау» журналистер сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау салтанаты өтті. Ақпарат аламанында топ жарған журналистерді облыс әкімінің орынбасары Рустам ӘЛИ арнайы құттықтады.



АҚПАРАТ АЛАМАНЫНДА ТОП ЖАРҒАНДАР

Еңлік АРЫҚБАЙ

Жұмыс уақыты сегіз сағаттың шеңберіне сыймайтын, күнтүн демей жұмыс істейтін журналист еңбегі бағалауға лайық. Сондықтан, «Самғау» байқауы тілшілерді ынталандырудың бір жолы деуге болады.

Алдымен арнайы дайындалған бейнематериал көпшілік назарына ұсынылды. Бейнесюжетте журналистердің жанкешті еңбегі, ақпарат дайындаудың қызығы мен шыжығы, халық пен билік арасына көпір орнатып, келелі ойымен, шешен де шымыр сөзімен сан тақырыпта материал ұсынатын тілшілердің күнделікті жұмысы паш етілді. Бейнекөрсетілімде қазақ журналистикасында орны ерек, халықтың сүйікті перзентіне айналған Бейсен Құранбектің, өнір баспасөзіне елеулі үлес қосқан Ғалым Жазылбеков пен Гүлжиян Сүлейменованың жарқын бейнелері де айтылып, көпшіліктің көзіне жас алдырды. Шарада өмірден өткен журналистер еске алынып, бір минут үнсіздік жарияланды.

Көрсетілімнен кейін облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли жеңімпаздарды құттықтады. Ол өз сөзінде облыс әкімі Амандық Баталовтың ыстық сәлемін жеткізіп, әкімдік тарапынан БАҚ саласына қолдау үнемі жалғаса беретінін айтты.

– Облыс әкімі журналистерге арналған «Самғау» байқауына үнемі қолдау көрсетіп келеді. Алғашында 7 аталым бойынша өткізілсе, қазіргі таңда байқаудың аясы кеңейе түсті. Бүгінде 11 номинация бойынша БАҚ қызметкерлері марапатталады – деген облыс әкімінің орынбасары ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына тоқталды. Рустам Әли аталған тұжырымдаманы жүзеге асыруда журналистердің ықпалы зор екенін сөз етті.

– «Самғау» байқауы қолға алынған кезде ерекше қолдау білдіріп, ризашылық танытқан Бейсен ағамыз еді. Келесі жылдан бастап біз «Самғау» байқауына Дегенмен, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар саналғандар санатында бұқаралық ақпарат құралдары саласының 33 қызметкері бой көрсетті.

Айта кетерлігі, ғасыр асқан «Жетісу» газетінің биыл да бағы жанып, мәртебесі өсті. Олай дейтініміз, ата басылымның бірқатар қызметкері «Самғау» байқауының жүлделі орындарын иеленді. Мәселен, «Үздік желілік басылым» аталымы бойынша «Жетісу» газеті сайтының веб-редакторы Қуаныш Тұңғатар, «Үздік фотосуретші» аталымы бойынша фототілші Аслан Қажеке, «Баспа басылымның үздік дизайны, инфографика» номинациясында Аятхан Әбділдаева жүлделі 3-орын иегерлері деп танылса, аға фототілші Жұмабай Мұсабеков 2-орынды иеленді. Одан бөлек, «Баспа басылымның үздік дизайны, инфографика» номинациясының 1-орнын газетіміздің беттеуші-дизайнері Мөлдір Мұраталинова алды. Ал «Үздік блогер» аталымында газетіміздің журналистері Қажет Андас пен Мәулен Әнербай жүлделі 2 және 3-орыннан көрінді. Байқаудың үздік үштігінен көрінген жеңімпаздардың барлығына ақшалай сыйлық берілді.

Биыл «Үздік журналист» аталымы бойынша «Айқын» газетінен Болат Абағанға бірінші орын берілді. «Үздік тележурналист» аталымына «Жетісу» телеарнасынан Сәния Байтарова лайық деп танылды. «Жетісу» телеарнасының қызметкерлері Мұхит Тоқтасын, Шалқар Құсайынов, Ерлан Ошақбаев, Қарасай аудандық «Заман жаршысы» газетінің фототілшісі Ерлан Әлиасқаров, «Казахстанская правда» газетінің тілшісі Әсет Қалымов, «Кербұлақ жұлдызы» газетінің бас редакторы Ләйлә Оңалбаева, Үйғыр аудандық «Қарадала тынысы – Қарадала нәпәси» газетінің бас редакторы Анар Дүйсенбаева, Karasayinfo.kz сайтының веб-редакторы Атлана Исаева үздіктердің қатарынан көрінді.

Айтулы шарада халықаралық байқаудың жеңімпазы, қазақ ән әлемінде есімі енді әйгіленіп келе жатқан кішкентай қыз – Қарақат Башан, басқа да танымал жұлдыздар өнер көрсетті. Салтанатты шара соңы арнайы концерттік бағдарламаға ұласты.

✓АЛДАСПАН



Қатпар-қатпар тарих парақтарынан ескі күндерге сөз беретін болсақ, ежелгі жұрттың ескен желдей еркіндігі туралы толғай жоneледі. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған замандардан таңдайы кепкенше тәмсіл айтып, ел басына күн туған кезеңдерден жарылған мұздай күңіреніп күй төгеді екен. Әр кезеңде әртүрлі оқиғалар мен небір тағдыр таңбаланып жатса да бетіне майдай қалқып бір-ақ нәрсе шыға келеді. Ол – сол жұрттың дүниетанымы, рухы, тәрбие-тәлімі, еркіндікке деген құштарлығы.

Тарихты махаббатқа айналдырған

Адамды абақтыда ұстап азаттығынан айырса да оның жүрегі еркіндіктің ауасын аңсай береді. Бостандыққа шығудың бар амалын істейді. Ерте күндерін еске түсіреді. Бұл бір адамның жадындағы үміт сәулесі. Ал тұтас бір ұлттың үміт сәулесін сөндіріп, азаттық туралы армандарынан айыру үшін не істеу керек. Тарихын өшіріп, танымын сөндіреді, дінін дүдәмәл, тілін ламай етеді. Бұл алма ағашының бұтағын кесіп, өрік ағашының бұтағын жалғаған секілді. Түп тамыры алма, берген жемісі өрік.

Қазақ даласында да Ахмет, Мағжан, Ілиястарды атып, халқымыздың тарихын көміп мәңгүртке айналдыру саясаты санасында сәулесі бар зейінді ұлдарына оңай соқпаса керек. Мұндай ауыр ойларды алып жүрудің өзі азамат ерге аз азап емес еді. Бүкіл елдің жадын қайта тірілтіп, құрап бара жатқан тамырға қалай нәр тамызса болады? Бұл сұрақ сол кездегі жоғалып бара жатқан жауһарды санасының сандығына салып ғұмыр кешкен жыр қағаны Жұматай Жақыпбаевтың да жүйкесін талай тоздырғаны анық. Ол қазақ деген халықтың көрде туған Көрұғлыдай түнек арасынан шыға келгеніне сенген жоқ.

Шөлден де шөлін қандырған,
Жыңғылға тартқан ұл едім, – деп өзі айтқандай, әр жапырақ үшін тамырдай терең барып, нәр іздеді.

Кезінде ағылшындардың боданы болған Кариб аралындағы елдердің де тарихы ел жадынан әдейі өшірілген еді. Өздерін өткені жоқ, тегі жоқ дүбәра сезінетін. Ағылшын халқының бір бөлігі санағысы келетін. Олар тәуелсіздік алғанның өзінде де батыс әлемінің өгей ұлындай ғұмыр кешті, өз тегінен ұялды. 1930 жылы Тринидад Тобаго елінде Дрек Уолкет деген болашақ ақын дүниеге келді. Есейе келе өз елінің құл емес екенін, мақтанарлық тарихы бар екенін дәлелдеймін деп еңбек етті. Құлдық санадан құтқарамын деп кітапханадан шықпады, теңіз үстінде ғұмыр кешкен елдің ешкімге ұқсамайтын бай әдебиетін қалыптастырмақ болды. Ол халқының тарихын өлеңмен жазды, ескі сөздерін ел аузына қайта салды. Ақыры, 1992 жылы осы еңбегі үшін Нобель сыйлығын алды. Ол ұлттың өзін-өзі тануын былай жазды:

Болашақта соншалық таңқаласың,
Сен өзіңді өзге боп қарсы аласың.
Босағаңда жүздесіп һәм айнадан,
Бір-біріңе жымиып мәз боласың.

Отыр, – дейді тамақ іш,
Сонда мәңгі,
Өзің болған сүйесің өзге адамды.
Жүрегіңді, наныңды бер өзіңе,
Сені сүйген өзгеге бер ғаламды.

Шығамын деп әркімнің көңілінен,
Сен ұмытып кетіпсің оны мүлдем.
Сені жатқа соғатын сол жан үшін,
Оқып берші үзінді өміріңнен.

Сөреден ал хаттарды сағыныштан,
Жүректердің бүлкілін алып ұшқан.
Айнадағы бейнеңді шығарып ап,
Өмір үшін той жаса осы тұста. (ауд. автор)

Жұматай ақынның жырларымен бұрыннан таныспын ғой, кейін Уолкеттің өлеңдерін оқып, оның өмірімен танысқан соң ірілікте де ұқсастық болады екен ғой деп қатты таң қалдым. Мұндай сезімді Уолкеттің осы төрт шумақ өлеңін қазақ тіліне аударған кезде бастан кешірдім.

Біз әдетте Жұматай Жақыпбаевті махаббат жыршысы деп танып үйренгенбіз, кейін тағы бір қайталап оқығанда оның арман-аңсары тіпті арыда, тұңғиық тереңдікте екенін түсінгендей болдым. Әйтпесе, соншама біліммен, ұлтын сүйетін жүрекпен туған елінің өзін танымай бара жатқаны ойландырмай, алаңдатпай қоймайтыны анық қой.

Жыр қағанының өлеңдері негізінен оқырманды күйзеліске, қайғыға сүйреп әкетпейді. Сергек баяндау, өз мінезін көрсету ол ақынның шынайы болмысынан шыққан үні еді. Махаббат туралы өлеңдерінің ішінде де туған жерінің, елінің тарихы үнемі бірге ілесіп жүреді. Яғни, ақын қандай күйде болмасын, махаббаттан баз кешсін, бәрібір бодан елдің арман-мұңы ойынан бір сәт шықпаған.

Ақынның «Ләйлә» деген екінші кітабы «Көктемге хат» деген өлеңмен басталады. Расында өлеңнің бірінші шумағын көктемді аңсау, сұлулыққа құштарлық деп қабылдаймыз,

Сеңсеңі жасыл, көрпеші гүлді беткей, шың,
Көп болды көлбеп көзімнен бір сәт кетпейсің.
Көкекке мініп, италақазды жетекке ап,
Көктемім менің, көмекке маған жеткейсің.
Қарайған шақта қар жабу жапқан құба бел,
Тоң болып жатқан топырақтардан тұра көр.
Көктемім менің, жеті қат жердің астынан
Ит жуа болып, бәйшешек болып шыға кел!

Ақын ойының астарын өлеңнің екінші бөлімінен анық аңғарамыз. Бірақ, неге «көктемге хат» деп ат қойғанын жалпақ түсінікпен, үстірт шолып өтеміз. Көктемді не тура мағынасында не болмаса адамның балалық, жастық шағын аңсау деп қабылдай салатынымыз рас. Алайда, әңгіме біз қабылдап жүрген түсініктен әріде жатыр екен. Өлең былай аяқталады:

«Еркек тоқты құрбандық» дейтін шақтарда,
Дауылпаз тартып, қарауыл дабыл қаққанда,
Алты арыс елден шашақты найза оздырып,
Алдымен солар аруақтап жауға шапқанда.

Қырылған елден қауласа ұлдар алсындай,
Түтігіп түрі, тұлпары қатып қаншырдай,
Қол бастауын қоймаған ерлер солар ғой,
Қан тұмсық жебе қадалып жатса шаншудай.

Даладан тауға көшіріп барлық ұрысты,
Даққа бөлеп алдаспан ауыр қылышты,
Қанқұйлы жаудан босатқан ерлер солар ғой,
Ақжайықтан Алтайға жетер ұлысты.

Көктемім менің, бүгінгі түрім қалай деп, –
Қызыл тәжденсе қылтиып шыққан талай көк,
Қабанбай менен Бөгенбай батыр басына,
Мен қоймай жүрген бір құшақ гүлді қадай кет.

Жұматай ағаның хат жазып отырған көктемі кешегі еркін жортқан бабалар дәуірі мен өзі үміттенген жарқын болашақ. Тілінің, ділінің, дінінің қазақ болмысында көктеп өсіп жатқан шағы. «Қылтиып шыққан талай көк» деп айтып отырғаны болашақ ұрпақ. Ақын өзін болашақтың алдында кінәлі сезінетіндей. Елді, жерді басқыншыға бермей қорғап қалған бабаларын еске алады, оны ұрпақ жадынан шығармауға үндейді.

Тарих ұмытылмауы керек, ол ұлттық болмыстың жүрекке түссе көктеп шыға келетін дәні секілді. Жұматай ағаның кез-келген тақырыпта жазылған өлеңін алып қарасаңыз, ең болмағанда бір жол өз ұлтының тарихы жүреді. Абай ата «Қиыннан қиыстырар ер данасы» дегеніндей, аса ұқыптылықпен, шеберлікпен үйлестіріп жібереді. Ақынның жастайынан тарихқа қызығып, кітапханадан шықпай ізденетінінің астарында осы сыр жатыр деп ойлаймын. Ләйләға деген сезімінің ішінде бір бас жоғары болып елге, жерге деген махаббаты жүреді. Ләйләнің өзінен асқақ, керім жігітке бұрылып қарамайтын қазақ қызының образын жасап берді. Оның махаббат жырында ешқандай әдепсіздік жоқ, Ләйләні де қазақ қызына жат қылықтардан алыс ұстайды. Осы қазақылықты сүйетінін жасыра алмайды, жасырғысы да келмейді. Міне, үлгі. Жәй ғана махаббат емес, таным-түсінікке, тәрбиеге құралған махаббат. Таза саф шығыстық сарын, жыраулық поэзияның ішінен мөлдір лириканы суырып алып, алдыңа жайып салады. Жұматай ақын орта ғасырда ханның қас сұлу қызына ғашық болып жүргендей әсер қалдырады. Болмысымен көшпенді дәуірге өтіп кетіп, Кенежиренімен кең даланың төсін турап, қызға бұрынғының жігіттерінше сөз айтады.

Шақылдақ зытып, көз таса болған замatta,
Қыналы қойтас қисайған жасыл қабақта,
Аршаны кешіп, аршыңдап келе жатқанмын,
Шыбынсыз жазда шырмалып гүлдер балаққа.

Қолымда жүген, қой салған сүрлеу ізбенен,
Ала аяқ атты алқына басып іздегем.
Кестелі өңір. Келісті, көркем төккені-ай,
Табиғат ісмер сиқыры күшті бізбенен!

Атымыз қашқан, аяңдап жүрер жай бар ма,
Түскемін талай түптері сынап сайларға.
Алдымнан шелек сылдыры шыққан сылаңдап,
Сылтыңдай басып, су іліп жаттың қайнарда.

Ақын өлеңде еркін. Еркін жүргенді, Алтай мен Ақжайықтың арасын ежелгі қазақтай еркін аралағанды ұнатады. Мұның бәрін еркіндікке, азаттыққа деген үлкен жарнамасы деп түсінген жөн. Ол оқырманның бойына ұмытылып бара жатқан қазақылықты, танымды, дәстүр-салтты сіңіргісі келеді. Өзі арман-даған, өзі көксеген болашақты басқалар да сезінгенін қалады. Оқырманның есіне әрдік бұрынғы еркін жүрген қазақты, ен жайлаған, баһадұр қазақты сала береді.

Жалайыр Мұқа жауларын шауып алғанда,
Тебініп атын теңізге дейін барғанда,
Шұғанақ гүлдің төркіні, сені сағынып,
Өзіңе жетпей өтіпті дейді арманда.
Немесе:
Алдаспан бермек айқаста дәріптеп елді,
Бастаспақ Бабыр бақылық даңқпен енді –
Жалайыр менен Дулаттың «Кеу-кеулеп» шапқан,
Жауынгерлері киелі Гангке келді!

Кезінде осындай, рухты халық едік қой, қандай күйге түстік дегендей күмілжиді. Құс қанатын талдырған ұшы-қиырсыз өлкенің иесі өзі екенін, қазақ деген халық екенін айтады, қара қамытты қайдан тауып киіп алғанын түсіндірмек болады. Оған жауабын да өзі береді.

Өткенге өкінемін оны ұққалы,
Бір жерге тоғыспаған толық бәрі.
Ұраны, тұрағы бар өз алдына,
Рулар – көшпенді елдің полктары.

Құрымдай суға тиіп күнде іріген,
Кесіскен ат құйрығын бір-бірімен.
Шабысып сайға бола, тайға бола,
Құйқаны шымырлатқан қырғынымен.

Қырқысып жетпейтіндей жарық ғалам,
Полктер азған, тозған, арықтаған.
Алты арыс алауыз боп ақырында,
Үш жүзің үш майдан боп жарытпаған.

Мұның аяғы немен аяқталғаны бәрімізге белгілі. Ынтымақ, бірлік болмай тізгіннен айырылдық. Ошақтың үш бұтындай құтымызды теңшеп тұра алмадық, бөлінгенді бөрі жеді. Мақалды айтуындай-ақ айттық, амал қанша. Ақынның өз сөзімен айтқанда: «Үш хандық бір мемлекет бола алмадық»

Жұртының осы күйі Жұматай ақынды талай түн ұйықтатпай мазасын алған шығар. Әлбетте, елін сүйген ақынға оңай соққан жоқ. Махаббат туралы жазса да рухы жоғалып, барынан тоналып бара жатқан елінің күйі ойынан кетпеді. Бәлкім, тарихтан жұбаныш іздеген болар. Бірақ, ол жұбаныш болмады, қасіретке айналды. Ішіндегі отты өлең ғып шығарды. Еркін күнді, құрық-шылбыр тимеген заманды сағынды. Бабаларын ақтағысы келді. Кейде сарсаңға салған ойлардан қашқысы да келуі мүмкін. Алайда, өмірінің соңына дейін осы азалы ой оны мазалауын қоймады. Ол тарихты махаббатқа айналдырды. Бәрі тарихты оқысын, рухы оянсын, тамырына оралсын деді. Өз дүние танымына, тіліне, дініне, діліне махаббат болмайынша еркін ел болмайтынын жақсы түсінді.

Ол өзінің сол күйін «Махамбет әні» өлеңінде былай жеткізеді:

Керім едің, керімнің өрі де едің,
Шулайтындай: «Қой-Қойлап» төңірегім,
Кең далада кесілген басымды ұстап,
Келе жатқан адамдай көрінемін.

Бұдан артық не айтуға болады?! Ақынның осы өлеңді жазғандағы бейнесін көз алдыңызға елестетіп көріңізші, мүмкін елестетерсіз, бірақ оның теңселген арманын, жүрегін езіп бара жатқан мына шерді сезіну мүмкін бе?! Мұндай ойлар ұлтын шексіз сүйген адамның ғана жүрегін жұлмалай алады.

Бабаларының ерлігін жырлап, елінің өз аузына қолы жеткен егемендікті көксеп кеткен Жұматай Жақыпбаев Тәуелсіздік таңын көрген жоқ. Бірақ, ұлтының рухын тірілтіп кетті!

Айбек ЕРЕЖЕП,
ақын

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Кеген ауылының тұрғыны, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Райымбек, Көксу, Кеген аудандарының Құрметті азаматы, еңбек ардагері, «Жыл адамы», білікті режиссер, дарынды әртіс, абзал ана Нағима Бейсекқызы ТАЛАСБАЕВАНЫ елеулі де мерейлі, биік шыңдай 80 жасқа толуымен шын жүрегімізбен қуана құттықтаймыз! Нағимадай асыл да ардақты әкпеміз әрі қымбатты анамыз мәнді де мағыналы бар ғұмырын театрға арнады, өнерге жұмсады. Алғашқы еңбек жолын Талдықорған облыстық драма театрында бастады. Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің шақыруымен шаруашылықта көркемөнерпаздар үйірмесін құрып, театр ашып, театрдың халықтық атағын алуына тікелей атсалысты. Кеңес дәуірінде Бүкілодақтық I, II, III фестивальдерінің лауреаты атанды. Кеген халық театрының алғаш құрылуынан бастап өсіп-өркендеуіне, кемелденуіне қосқан үлесі орасан. Білікті режиссер, дарынды әртіс әлі де театрда жұмыс істеп келеді. Ауылдағы өнегелі отбасының иесі. Марқұм жұбайы Жұмаш Әлдибеков екеуі 2 ұл, 1 қызын қанаттандырды. Абзал ана қазір немере-шөберелерін сүйіп, бақытты күндерін өткізуде. Қымбатты әпке, мейірбан, ақылман анамызға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, бақыт пен қуаныш тілейміз!

Өнермен өткен өмір ғаламат ең,
Тұрсыншы гүлін сыйлап далаң әсем.
Құт болып есік ашқан сексеніңіз,
Ұлассын тоқсан, жүзге аман-есен!
Қуаныш қандай еді таңнан өрген,
Жүріңіз күліп қана жаз боп елмен.
Тілейміз өзіңізге бар жақсылық,
Көріңіз шөпшекті де Алла берген!

ІЗГІ ТІЛЕК, ТОЛАЙЫМ ҚҰРМЕТПЕН: Кеген аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі, аудандық Мәдениет үйінің ұжымы.

✓БАЙҚАУ

ҮЗДІК СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІ



Пандемия білім беру саласына көп қиындық әкелді. Десе де өткен бір жыл мұғалім еңбегінің қадірі мен қасиетін әбден түсіндірді. Әсіресе, биыл мектептер ашылған тұста бір жыл бойғы кемшіліктер көріне бастады. Бұл жалпы мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің шығармашылығын қайта ширатып алуға тағы бір қадам жасауды күн тәртібіне шығарды. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен Талдықорған қаласындағы №9 орта мектепте өткен облыстық «Үздік сынып жетекшісі – 2021» байқауы осы мақсат-міндетті орындаудың бастамасы болды.

Қажет АНДАС

Аталмыш байқаудың алғашқы кезеңінде сынып жетекшілері аудан, қалаларда бәсекеге түсті. Түрлі сыннан сүрінбей өткен 20 үміткер облыстық байқауда бақ сынады. Байқау шарты бойынша бірінші кезекте үміткерлер «Сынып жетекшісінің тәрбие саласында алатын орны» тақырыбында эссе жазып, өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Сосын жетістіктері мен сынып жетекшісі болудың жауапкершілігі тұрғысындағы ой-пайымдарымен таныстырды. Соңында «Мен – сынып жетекшісімін» атты шығармашылық жұмыстарын көрсетті.

Облыстық байқауға аудан, қалалардың мен деген мықтылары іріктеліп келгеннен кейін бәсеке де тартысты болды. Өйткені әрбірінің мойнында бір өңірдің намысы жатыр. Десе де байқау болғаннан кейін оның өз жеңімпазы да болатыны анық. Нәтижесінде қазылар алқасының шешімі бойынша Қаратал ауданынан Жаңылған Қайролла бірінші, Кербұлақ ауданынан Жұлдыз Баймолла мен Текелі қаласынан Жазира Ералиева екінші, Алакөл ауданынан Нұрбек Советжанұлы, Үйғыр ауданынан Фариза Абитаева үшінші орынға табан тіреді. Сондай-ақ, «Жаңашыл жетекші» номинациясына Сарқан ауданынан Елена Бирюкова, «Шебер жетекші» номинациясына Талдықорған қаласынан Жанна Смагулова, «Ізденімпаз жетекші» номинациясына Райымбек ауданынан Жұлдыз Келдибекова ие болды.

Байқау жоғары деңгейде өтті. Әділқазылар да барынша әділ бағасын беруге тырысты. Десе де, бұл байқаудың ойландырар тұстары да болды. Қатысушылардың, әділқазылардың және жұлдегерлердің 90 пайызы қыз-келіншектер болды. Демек, білім шаңырақтарында ер мұғалімдер аз немесе олар сыныпты жетектемейді деген ойға жетелейді. Әрине, ана тәрбиесінің балдырғандарды адалдыққа, жүрегі жұмсақтыққа баулитыны анық. Бірақ болашақ үшін ер мұғалімдер де керек қой.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 706 13 73, 8 747 410 69 09, Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55, Талғар ауданы — 8-701-400-28-49, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 5 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 978
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 20 010. Индексі – 65469.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ЖӘДІГЕР

Қазіргідей жаһандану дәуірінде халқымыздың бет-бейнесі, дүниетанымы, құндылығы жалғыз домбыраға байланысты болып тұр. Ол әлемге қаншалықты танылса, соншалықты қазақтың аты кеңінен таралады. Қадыр Мырза Әлінің: «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» – деген өлеңінің айтар ойы осыны меңзесе керек.



ДҮНИЕ. ДӘУІР. ДОМБЫРА.

Мәди АЛЖАНБАЙ

Әлем жұртшылығын ерекше дауысымен тәнті етіп жүрген Димаш Құдайбергеновтың жұлдызының биіктеуіне домбыраның ықпалы барын бәріміз көзбен көріп, құлақпен естідік. Сондықтан қазақтың жанын домбырадай ашқан, танытқан аспап жоқ деп айтуға қақымыз бар.

Ғасырлар бойы басқыншылықтың зардабын тартқан халқымыз тағдырдың сынағына ән мен күйдің арқасында төтеп бергені анық. Көкірегін ашытқан ащы зарды домбыраның шанағынан күй қылып төгіп, өзекті өртеген ауыр мұңды әннің қайырмасымен тарқатты. Талайды тамсантқан дәстүрлі әндеріміз бен күйлеріміз зарлы, мұңды болып келетіні сондықтан шығар?! Екі ішек, тоғыз пернеден әуен шығарған домбыраның шанағы, мойны ағаштан жасалады. Онда да әбден құрғаған, жеңіл, мықты, қарағай, арша сынды өзегі асыл ағаштан құралады.

Жалпы, домбыра жасаудың өзі үлкен шеберлікті, қабілет-қарымды қажет етеді. Еліміздегі домбыра жасаушылардың саны саусақпен санарлықтай ғана. Солардың қатарында Алакөл ауданының орталығы Үшарал кентінде тұратын Ертай Байжалғас та бар. Былтыр «Хабар» арнасында өткен «Асыл домбыра» тележобасындағы бас жүлдеге тігілген домбыраны осы Ертай жасаған. Негізгі мамандығы суретші. Толқынды Алакөлдің қайталанбас сәттерін тап басып, кенепке түсірген суретші соңғы кездері музыкалық аспап жасауды қолға алған.

– Қазір дүниежүзі жұртшылығы домбыраны түркі әлемінің аспабы деп есептейді. Соған байланысты ұлттық аспап жасаумен айналысқаныма біраз болды. Көбіне балаларға, әншілерге, шертпе күйге арналған домбыра жасап жүрмін. Солардың арасында Сарыарқаның, Ақтөбе өңірінің дәстүрлі әншілері тапсырыс беріп жатыр. Жылына жоқ дегенде 200-ге жуық домбыра жасаппыз. Қасымда екі шәкіртім бар, – деген Ертай Өміртайұлы өз ісінің құпиясымен бөлісіп, домбырасының бағасын атап өтті. – *Балалардың домбырасы 35 мың теңгеге бағаланады. Үлкен немесе кәсіби домбыралар 60 мың теңгеден басталады. Ең қымбаты 1 миллион теңгеге өткен. Белгілі кәсіпкер Дулат Тастекеевтің тапсырыс беруімен «Асыл домбыра» жобасына жасалған домбыра жұмсалған шығынының қымбаттығына байланысты 6 мың долларға бағаланған. Алтынмен қапталған «Асыл домбыра» 10 күннің ішінде жасалды. Осының өзі біз үшін үлкен тәжірибе әрі зор мәртебе болды. Себебі, еліміздің айтыс өнерін алға сүйреген жүйріктердің үздігіне домбыра жасау шынында оңай емес.*

Енді биыл өтетін «Алтын домбыра» байқауына қатысуды ойластырып отырмыз. Онда дауысы, пернесі үлкен саралаудан өтіп, белгілі музыка шеберлерінің бағасы беріледі. Әйгілі домбырашы, ұстазым Жолаушы Тұрдығұловтың бағасын алған домбыралар ғой. Дегенмен, нағыз күйшілердің көңілінен шығу біз үшін үлкен көрсеткіш.

Өнерпаздың айтуынша, өскелең ұрпақтың арасында қолөнершілікке құмартатындары баршылық. Тек дұрыс бағыт беріп, қабілетін ұштап жіберсе, шеберлер қатарын толықтырары анық. Орта мектепте оқытылатын «Көркем еңбек» сабағынан көп нәрсе үйреніп шығуға болады. Бірақ қазір еңбек жеке пән ретінде оқытылмайтыны өкінішті. Сондықтан аудан орталығында тұратын жоғары сынып оқушыларына ара-тұра дәріс беріп тұрады екен.

Домбырашы қазіргі өнерпаздарға мемлекет тарапынан қолдау керек екенін айтады. Әрине, кәсіпкерлік нысаны ретінде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасынан грант алуға болады. Бірақ оның өзі аздық етеді. Сол үшін қолөнер шеберлеріне мемлекеттен арнайы қолдау көрсетіліп, кәсіпкерлік нысандарынан бөлек бағаласа деген ойын айтады. Әйтпесе, азық-түлік немесе күнделікті керек-жарақ дүкені ұлттық құндылықтардың орталығы емес. Тауар саудалаумен ұлттың болашағын қалыптастыра алмайтынымызды алға тартқан Ертай Өміртайұлы көршілес Өзбекстан мен Қырғызстандағы қолөнерге деген құрмет пен ықыласты мысалға келтіреді. Оның айтуынша, өзбек және қырғыз шеберлері еліміздің базарларын музыкалық аспаптармен толтырып тастаған. «Олардың орнына отандық қолөнерді қолдау керек емес пе?!» деген өзекті сауалды ортаға тастаған Ертай Байжалғас қазақтың домбырасын, қылқобызын жасайтын жалғыз орын Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданындағы ұста Дәркембай Шоқпарұлы атындағы шеберхана екенін алға тартты. Сол шеберханадан оқып, білімін жетілдірген шеберлер Алматы қаласының маңында жұмыс істеп, қазақ қолөнерінің дамуына атсалысып келеді. Ондай өнерпаздар жасағанын саудалап, өз күнін өзі көргенімен мемлекеттен нақты қолдау таппай отырғаны ащы да болса шындық.

Отандық туризмнің маңызды аймағы саналатын Алакөл ауданының орталығында тұратын қолөнер шебері ұстаханасын әр жерден жалдайтын орынға көшіруден жалыққан. Себебі, өзіне тиесілі ғимарат жоқ. Соның кесірінен бірталай құнды затқа залал келіп, жоғалып барады. Мысалы, көне музыкалық аспаптар жинаумен де айналысатын шебер осы уақытқа дейін жинаған жәдігерлерін жаңа туындылармен толықтырып, көпшіліктің тамашалауы үшін арнайы көрме жасағысы келеді. Алайда оған қоятын орын жоқ болса, қажетті ақпараттық қолдау қомақты қаржыны талап етеді. Бұл – бір. Екінші, шипа сулы көлден шығып, аудан орталығына түстенетін шетелдіктер естелікке алатын зат таппай жүргенін талай көрген Ертай шебер бірқатарын өз орталығына шақырып, жұмысын таныстырып жіберіпті. Ұлттық нақышта кескінделген музыкалық аспаптарды көрген еуропалықтар қайта айналып соғып, таныстарына айта жүреді екен. Осыған орай әлеуметтік желілерде парақша ашып, насихаттауды қоса жүргізіп келеді.

Аядай ғана шағын шеберхананың таршылығын тартқан қолөнер шебері алған бетінен қайтпай дауылпаз, шылдырмақ, қылқобыз, нарқобыз, прима қобыз, жетіген сынды аспаптарды, астау, ожау, кесе сияқты ыдыс-аяқ жасаумен де айналысады. Бәрінің алушысы бар. Кейде арнайы тапсырыс беретіндер шығады. Соның бәріне үлгеріп, қарбалас тіршіліктің көрігін қыздырған қолөнер шеберінің жұмысына сәттілік тілеп қайттық.

Алакөл ауданы

✓ РУХАНИЯТ

ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАН СЫРЫ

Қазақ әдебиеті әлемінде кесек-кесек шығармаларымен есімін қалдырған бірегей болмыс тұлғалар жетерлік. Солардың арасында жазушылық шеберлігімен, сырбаз суреткерлігімен классиктер сапынан тұғыр сайлаған Сәкен Жүнісов есімін ерекше атауға негіз бар. Осынау бірегей тұлғаның шығармашылығына арналған «Сәкен сері шерткен сыр» атты әдеби кеш өтті.

Панфилов аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен өткен шырайлы шарада жазушы, драматург Сәкен Жүнісовтің өмірі мен шығармашылық әлемі туралы тебіреніске толы толғамдар жасалды. Әдеби пайымға негізделген терең талдаулар айтылды.

Қазақ музыка өнерінің шоқтығы биік өкілі, дәстүрлі өмір салтындағы серілік әлемнің серкесі бола білген Ақан Серіге арналған «Ақан сері» романын, «Жапандағы жалғыз үй» атты ғажайып шығарма қалдырған жазушы шығармашылығына арналған кешті аталмыш рухани орданың кітапханашысы Ақерке Аязбекова ашып-жүргізді. Ол әуелі классик жазушының өмір соқпағына тоқталып, қаламгерлік қасиетін айшықтады.

Оқырмандарға жазушы шығармаларын насихаттау барысында Б. Назым атындағы мектептің кітапханашысы П. Әбдіманапова прозалық шығармаларға тоқталып, «Аманай мен Заманай» романы жайлы сөз қозғады. Киноға арқау болған бұл туындының өнегелі тұстарын, ғибарт шашар шақтарын тілге тиек етті.

Өз кезегінде кітапханашы С. Сайтова «Ақан сері» романына талдау жасап, романдағы Құлагер бейнесін, сұлу мүсінін сипаттаған жазушы суреткерлігіне тоқталып, атбегілік өнер тұрғысында ой қорытты. Сонымен қатар, аудандық кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі С. Оспанова жазушының повесттеріне, әңгімелеріне, «Ажар мен ажал» драмалық шығармасына тоқталды. Өмірдің талай тауқыметін бастан кешірген Ажардың, жалпы қазақ әйелінің бейнесін қашаған жазушы шеберлігіне ерекше сүйсінгенін жеткізді.

Кеш соңында «Жазушының жан сыры» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.


Айғаным ӘБІЛТАЙҚЫЗЫ

✓ ҚЫЛҚАЛАМ

Балалар әлемі әдемі

Сурет өнері баланың ойлау жүйесін жақсартып, өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Қылқаламмен салған суретті неше түрлі түспен әрлегенде ғаламды жаңаша танып, ертеңнің еңселі болуына алғашқы қадам жасайды.

Жеткіншектерді бейнелеу, жапсыру сабақтарына деген қызығушылығын арттыруда А. С. Макаренко атындағы №6 орта мектептің шағын орталығының алар орны ерек. Онда тұрақты түрде «Балғын бояу шеберлері» атты көрме ұйымдастырылып, үздік шыққан туындылар қойылады. Әрине, бүлдіршіндердің ынтасын арттыруда тәрбиешінің атқарар рөлі зор. Бағдат Дәуітбаева тәрбиелеген балалар қай жағынан алып қараса да талантты. Әсіресе, бейнелеу, жапсыру сабағын ынтамен оқиды.



Адина Маратқызы



Дінмұхаммед Ернарұлы



Аруна Нұрланқызы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактордың орынбасары:
Жұматай ӘМІРЕЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76,
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілініп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 225
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015.
Индексі – 65469.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ИМАНДЫЛЫҚ

Рамазан – тәзім айы



Бисмилләһир рахманир-рахим! Алла қалап, ораза айын да аяқтап, қасиетті Қадір түніне де келдік. Ұстаған оразамыз бен дұға-тілегіміз қабыл болсын. Баршамызға тура жолда жүруді Жаратқан нәсіп етсін.

Қасиетті Рамазан айында адамдар ауызашар беріп, дәм татысып жақындаса түсуде. Ісі оңға басқан азаматтарымыз жақын туыстар мен көмекке зәру отбасыларға қайырымдылық шаралар өткізіп, сауапты істің үлгісін көрсетіп жүр. «Имандылық – Алладан, қайырымдылық – адамнан» деген осы болар. Рамазан – жақсыға да, жаманға да сабырмен қарайтын төзім айы. Ешқашанда пайда бермейтін кек, ашудан, жаман әдеттен, денсаулыққа зияны көп артық ас ішуден, артық сөйлеуден тоқталатын ай. 30 күн ораза ұстап, адал аспен ауыз ашып, 5 уақыт намазын оқыған адам өзін ақ қанатты періштедей сезінеді. Рамазанда Алла адамға сыйлаған, 1000 айдан да қайырлы Қадір түні бар. Мейірім түнін ақ тілекпен қарсы алуға амал жасайық, ағайын. Лайым дүниежүзіне тыныштық орнап, қазақтай текті ұлтымыздың аспаны шуақты, болашағы жарқын болсын!

Адам басына түскен ауыртпалықты тек қана сабырмен жеңе алады. Дін бар жерде тазалық пен береке бар. Мысалы, кезінде Кеңестік жүйе ыдырап, ел қатты қиналып күйзеліске ұшырағанда, ауылдарда көптеген мешіт салынып, дінге деген бетбұрыс басталды. Тәрбиені тал бесіктен бастап кеткен тәрбиешілер мен ұстаздар мектеп пен балабақшаларда діни-танымдық шараларын өткізді. Ата дәстүрімізді қайта жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жоспарланды.

Қадір түні

Ораза айы келіп жетті аңсаған,
Қуат берер, рух берер ол саған.
Пенделердің пейілдерін кеңейтіп,
Мейірімнің нұрын төкші Жасаған.

Періштедей жаман жерді баспаған,
Нәрестедей жаңа қадам бастаған.
Мұхаммедтің үмбеті боп жаралған,
Мұсылманбыз Құран, хадис жаттаған.

Қадір түн бар ораза айда аяулы,
Дәл сол түні барлық шайтан байлаулы.
Шапағаттан қалыс қалып жүрмейік,
Мүмкіндіктің сағаттары санаулы.

Қадір түнін Алла адамға сыйлаған,
Пенделерін жаман жолға қимаған.
Нұрландырып аспан жердің арасын,
Адамзатты тура жолға жинаған.

Қадір түнін қарсы алуға жарайық,
Намаз оқып, шыққан күнге қарайық.
Қадыр түнгі қабыл болсын тілектер,
Кел, мұсылман, қайырымды болайық.

Діни сауаты бар азаматтар уағыз айтып, азан шақырып, намазға үйірген амалдарды жүргізді. Халықтың Аллаға деген сенімін, келешекке деген үміт отын жақты. Мешіт қоғамға өте қажет рухани, мәдени орын екенін түсіндірді. Құран аяттарының мағынасын талдап, халыққа таныстыру өте сауатты имандардың міндеті. Байқасақ, әлі күнге дейін әртүрлі ағымның адамдары жастарымызды адастыру үшін түрлі әрекет жасауда. Солардан сақтану әр адамның өзінің діни сауаттылығына байланысты. Осындай келеңсіздікті тыю мешіттегі имамдардың жұмысы. Мұның жүгі күрделі де ауыр екенін сезінулері өте қажет. Сауатты, саламатты, сабырлы болып, көрегенділіктің тұтқасын ұстағандар озатын заман қазір. Жасаған құлшылығы шынайы болғанның ісі сәтті, басы аман. «Алла да сақтанғанды сақтайды» дегендей, жақсы өмір сүру адамның өз әрекетіне байланысты екені шындық. Осы Рамазан айында санамыздың көкжиегін кеңейтіп, Алланың нұрына бөленудің қамын ойлағанымыз жөн.

Ұлбатыр БАЙБОЛҚЫЗЫ,
зейнеткер

Талдықорған қаласы

Құттықтаймыз!



Саялы Сарқан өңірінде туып, осы өлкенің түп жусанынан түйір тасына дейін жырға қосқан Жомарт Игіманды халқы ақын ретінде айрықша бағалайды. Өзінің болмысына сай қоңыр-қоңыр ой кешіп, қоңыраулы белді, қоғалы көлді қарапайым қалпында бедерлеп келе жатқан ақынның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі қомақты. Журналистика саласында да облыстың, ауданның мәселесін көтеріп, пайым мен парасаты бөлек публицистикалық жазбалары арқылы жұртшылыққа танылды. 105 жылдық тарих түзген «Jetisý» газетінде де журналистикалық жазбалары, ақжелең жырлары басылып келеді. Осынау жетісулық ақынды, жерлесіміз Жомарт Мақатұлын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты атанған қуанышымен құттықтаймыз! Жазар таусылмасын, елге берер жүрек сөзі толымды болсын дегіміз келеді.

«Jetisý» газетінің ұжымы

✓ ЕҢБЕК АДАМЫ



Қазақ зергері мен шеберін айрықша бағалап, өнеріне сай өтемін берген халық. Сондықтан да даналық тізбегінде «Шебердің қолы ортақ» деген мағынасы терең мәтел қалыптасқан. Бүгінгі технология күрт дамып, әрбір бұйым мен зат жетіліп жатқан жаһандану заманында біздің дәстүрлі өмір салтымызға аса қажетті дүниелер толығымен зауыттан шығады деп айта алмаймыз. Осы себепті ел ісіне өнерімен септесіп жүрген шеберлерді жұрт арасынан іздеп тауып, олардың өмірі мен қабілетін барынша насихаттаған жөн.

Он саусағынан өнер тамған



Суреттерді түсірген Руслан ҚАДЫРОВ



Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Біз киелі Көксу ауданына барған сапарда шырайлы Шаған тауының манат беліне қоныстанған Ақтекше ауылына арнайы ат басын бұрдық. Мұнда темірді төске соғып қыздырып, шойынды шоққа ұстап, бабадан қалған көрікпен металл балқытқан шебер тірлік кешуде. Тергеусіз Құсайынұлы есімді кейіпкеріміз қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ауылдан қарға адым ұзамай, көнеден қалған балға мен қайланы, біз бен бәкіні жанына серік еткен жан. Оның он саусағынан шыққан бұйымның аты мен атауын санамаласақ толғанысымызды қозықөш жерден қайырарымыз да хақ.

Шүйгінді төбенің жазыққа жалғасар тепсеңінде тұғыр тепкен қара шаңырағына барғанымызда Тергеусіз Жұмағұлов үзеңгі баудың шетін нақыштай тігіп жатыр екен. Ақжарқын жан жылышырай танытты. Қазақы дағдыға басып ұзын сонар есендік сұрастық. Өз кезегінде шебердің шеберлігін білмекке құмарланып қандай бұйым жасайтынын сұрадық.

– Мен мынаны жасаймын, ана дүниеге қырым келмейді десем өтірік айтқаным, бәріне қабілетім жетеді дегенім мақтанғанға басқаным болар. Ат төбеліндей ауыл азаматтары тірлігіне керекті дүниелерді жасап беруін сұрайды. Бірі кетпен, күрек, бірі қайла жасатса, ендігісі арбасын жамап-жасқатып атқа жеккісі келеді. Сондықтан ізден келген ел көңілін жықпай, барынша сұранысын қанағаттандырып келеміз, – дейді әңгімеден гөрі қолындағы үзеңгі баудың тігісіне көп көңіл бөлген шебер.

Шындығында шеберхананың айналасы толған темір-терсек, жасалған бұйым мен нобайы жаңа ғана шыққан әлдебір тапсырыстар. Көз қыдыртып әрнені бір қарап алдық. Ара-арасында зауытта шығатын заттар да кездеседі. Десе де құрыш балқытып жасаған дүниеден зауыт бұйымдары сапалы болмайтынын жасыра алмаймыз. Шаруа баққан халық сондықтан базар бұйымын сатып алғаннан гөрі шеберге жасатып, сапалы дүниені тіршілігіне пайдаланғысы келеді екен.

– «Әу бастағы бабаларым шебер еді, солардан бойға жұққан сарқыншақ» деп жалған айта алмаймын. Қабілет-қарымы барлар болған да шығар. Бірақ мен білетін ата-әжелерім, бауырларым бұл кәсіппен шұғылданған емес, – дейді Тергеусіз ұста.

Бүгінде Тергеусіз Құсайынұлы ер-тұрман жасауға көп көңіл бөліп жүр екен. Қазіргі уақытта сайыс, көкпар сынды ұлттық ойындар күрт дамып, ат спорты жанданған соң әрбір ауыл мен ауданда жастар күлік кісінетіп жүр. Сондықтан да сапалы ер алып, белді ат баптауға жұртшылық ықылас танытқан. Соның себебінен шебердің тапсырысы да көбейген. Тіпті, Көксу ауданынан ғана емес, облыстың түкпір-түкпірінен азаматтар ат сабылтып жетіп, арнайы тапсырыс беретін көрінеді.

Бүгінде құран ер, қырғыз ер сынды тұрманның түрлісін жасап жүрген шебер ат әбзелдерін де сапалы етіп қолдан шығарады. Өмілдірік пен құйысқанды қайыстан өріп, жүгенді жібектен тігіп жасаған бұйымына осы уақытқа дейін шағым білдірген жан кездеспеген. Керісінше, қырғыз елінен келетін ер-тұрмандарын сүйретіп жетіп, сынған жерін жасатып алатындар көп екен. Өйткені зауыттан шығатын ол ердің де сапасы шекті һәм шанақты-мыс.

Бүгінде ердің қаңқасын 25-30 мыңнан бағалап, әбзелденген, бұйымы бүтін ер-тұрманды 200 мың теңгеге дейін сатып жүрген шебердің жағдайы жақсы. Өз кәсібінің берекетін емген. Міне, ұстамен өткен аз уақытта осындай мағлұмат алып, шеберлік өнердің қыры мен сырына қаныққандай болдық.

Көксу ауданы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі
Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК
Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71
Бас редактордың орынбасары:
Жұматай ӘМІРЕЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, бас редактордың орынбасарлары — **40-20-65, 40-20-67**, жауапты хатшы — **40-10-30**, бөлімдер — **40-00-98, 40-11-19, 40-00-15**, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — **40-20-78**, фототілшілер — **40-20-79**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**
Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Сарқан ауданы — **8 701 779 19 38.**
Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.
«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 463
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015.
Индексі – 65469.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓ ЖАНДАРБЕК БЕГІМБЕТОВ – 60





АҚЫН РУХЫ АСҚАҚТАДЫ

Жаркент өңірінің жұрты аудандық Мәдениет үйінде айтыскер ақын, сазгер Жандарбек Бегімбетовтың 60 жылдығына арналған халықаралық ақындар айтысын өткізді. Бұл додаға еліміздің түкпір-түкпірінен алдын ала іріктелген 5 жұп ақын қатысты. Сонымен бірге көршілес Қырғыз елі мен Қытай қазақтары, Моңғолиядан да айтыскер ақындар келіп, сөз сайысын қыздырды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Айтыстың ашылу салтанатында Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек сөз сөйлеп, жиналған қауымды құттықтап, дүбірлі шараның мақсаты мен мәніне тоқталды. Арқалы айтыскер ақын Жандарбек Бұлғақов Жандарбек ағасына арнаған жырын айтып, айтыскерлерге тілегін білдірді. Айтулы шараға Жандарбектің анасы Шәкен апамыз және Таразда тұратын жары Майра мен ұлы Олжас, жан-жақтағы бауырлары қатысып, көпшіліктің көзайымына айналды.

Жыр көгінен жұлдыздай ағып өткен айтыскер ақын, сырлы сазгер, әнші Жандарбек Бегімбетов көзі қарақты көрерменнің есінде қалғаны анық. Аз ғұмыр кешсе де көзі тірісінде өнерге табынушылардың сүйікті ақынына айналып үлгірген Жандарбек 1962 жылғы қыркүйек айының 28-жұлдызында жазиралы Жаркент өңірінде дүниеге келді. 1979 жылы Кішішығаң орта мектебін тамамдап, әскер қатарына шақырылды. 1988 жылы Тараз қаласындағы гидромелиоративтік институтты бітіріп, өз ауылына келіп, құрылыс инженері болып жұмыс істеді.

Жандарбек өнерге деген құлшынысын мектеп қабырғасында жүргенде-ақ танытып, дара дауысымен, ерекше талантымен ауылдастарының арасында айрықша көзге түсті. Кейіннен еңбекке араласқан кезінде замандастарын өнер әлеміне тартып, жас ақын, әншілердің қолдаушысы бола білді. Сол жылдарда аудандық, облыстық ақындар айтыстарында жеңімпаз атанып, республикалық айтыстарда жүлделі орын иеленді. Өзбекстанда Одақ көлемінде өткен «Наурыз» айтысында жүлдегер атанды.

Таланты жаңа-жаңа толысып келе жатқан ақын шеберлігінің шыңдалып, жыр көгіндегі жұлдызының жарқырай түсуіне қамшының сабындай қысқа өмірі мүмкіндік бермеді. Дей тұрсақ та сөз сайысына түсіп, айтысқа араласқан аз уақыт ішінде ол жырсүйер қауымның ілтипатына бөленіп үлгірген еді. Аудандық, облыстық жыр жарыстарын айтпағанның өзінде өткен ғасырдың 90-шы жылдары Алматы қаласында өткен айтыста Жандарбек өзіндік үнімен, ақындық, әншілік шеберлігімен ерекшеленген болатын.

Жандарбек жазба жыр мен айтысты ұштастыра білген, сөз өнеріне өте жауапты қарайтын жан еді. Оның ұйқастары шымыр, сөз қолданысы сұлу, көркем, ойлары ұғымды. Мысалы, бір айтыста «күйеубала» деп қағыта берген Әзімбекке:

Жүрегім сан жүйріктің ұқты арманын,
Сөзімнің тыңдаған жан құптар мәнін.
Жамбылдың фосфорының түтінінен,
Айып па бір қызыңды құтқарғаным, – деп ұтымды жауап қайтарған болатын. 1989 жылдың жаз айында өткен республикалық айтыста Жандарбек сан жүйріктің арасынан суырылып алға шығып, көрермен көңіліне жол тапты. Сол айтыста қарсыласы Әзімбек Жанқұлиевтің өз деңгейінде көріне алмағаны мәлім. Әріптестің күйін ұққан Жандарбек сол сәтте: «Әзіке, жүйріксің ғой, өздеріңдей тұлпарды тағ асырып суыту керек», – деп сыпайы ғана уәж айтып, әріптесін демеген еді. Ақындардың көпшілігі мұндайда қарсыласын сынап-мінеп, кемшілігін бетке басып отырады ғой. Мұндай әдеттен бойын аулақ ұстауы Жандарбектің адамгершілік, ізгілігін көрсетпей ме?

«Наурыз» айтысында Жандардың тағы бір жыр жүйрігі Қатимолла Бердіғалиевпен сөз сайысына шыққаны белгілі. Онда да ол ағасының жағасына жармаспай:

Бастама айтысының жол басы бар,
Пәк жанның Қызыры мен жолдасы бар.
Кестіңіз тұсауымды ел алдында,
Менен де өзіңіздей жорға шығар, – деп кішіпейілдігін, ізгілігін сақтайды.

Қатарлас құрбы-құрдастары да, ағалары да оның табиғи талантын, мол мүмкіндігін көре білді. Алматыда өткен республикалық айтыста сол өңірдің ақыны Нұрлан Әбдібековтің:

Армысың, о, Жандарбек, інішегім,
Жетісу бұлбұлының бірісі едің.
Жеріне аға түрік жолдама алған,
Ішінде талаптының ірісі едің, – деуі осы ойымызды айғақтары анық. Айтысты «айқас» емес, «өнер» деп түсінген Жандарбек те Нұрланмен сөз жарыстыра отырып:

Ұстайық қолымызға дұрыс тізгін,
Ашылар сонда ғана тыныс біздің.
Үркердей үміт күткен еліміз бар,
Тайындай тебіспеймін ырыссыздың, – деп жан сырын жария етеді.

Өкінішке қарай, бұл Жандарбек Бегімбетовтің соңғы жыр сайысы болды. Үкілі домбырасын қолға ұстап, ел алдына ақындар шыққан сайын күні бүгінге дейін сол арманшыл ақынды іздеп, елеңдеп, ел-жұрты сағынатыны шындық. Көкшетаулық құрдасы Құдайберді Мырзабековтың:

Әндері тұрақ тапқан заңғар көктен,
Айырылдым асыл досым Жандарбектен.
Мезгілсіз кете барды-ау бір сапарға,
Үзілген үмітінен жандар кеткен, – деп егілуі де, жерлес бауыры Айтақын Бұлғақовтың «Жұбанбайды жүрегім» деп ақын інісінің қазасына қайғыруы да оған деген ел сезімін, сағынышын сездіргендей.

Сол сағыныш пен құрмет Жаркенттегі айтыста тағы бір жаңғырды. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, айтыста әр ақын жыр көгінде жұлдыз болып қалған Жандарбек өнерін әр қырынан дәріптеді.

Айтысқа елімізге танымал арқалы ақындар Аспанбек Шұғатаев, Рүстем Қайыртайұлы, Серік Қуанған, Қанат Мырзахан, Мөлдір Айтбай, Нұрзат Қару, Шынарбек Тұрсын, Қырғыз Республикасынан келген Мамбет Тоқта Ораза, Қытайдан келген Ержанат Байқабай қатысты.

Ақтық кезеңге жолдама алған екі жұп – Рүстем Қайыртайұлы, Ержанат Байқабай, Қазірет Берікханұлы, Серік Қуанғанұлы сөз сайысына түсті. Айтыстың нәтижесі бойынша халықаралық ақындар айтысында бас жүлдені Қытайдан келген қандасымыз Ержанат Байқабай иеленіп, 1 млн. теңге алса, I орынды Қазірет Бердіхан қанжығалады (800 мың теңге). Ал Рүстем Қайыртай II орынды (600 мың теңге), III орынды Серік Қуанған және Қару Нұрзат қарындасымыз еншіледі (450 мың теңге). Сондай-ақ, айтысқа қатысқан барша ақындарға ақшалай сыйлықтар, бәріне домбыра табысталды.

Панфилов ауданы

✓ РУХАНИЯТ

«Роза – өлшем бірлік кестесі»

Қызылордалық оқушы Роза Садық математиканы оқытудың әдістемесін жетілдіретін жаңа кесте ойлап тапты. Зерттеу жұмысы нәтижесінде Ұлттық зияткерлік меншік институты талабына сай жас автор Роза мен жетекшісі Ғабиден Төлебайұлына сандық куәлік берілді.



Аталмыш кесте «Роза – өлшем бірліктер кестесі» деп ресми аталды.

Қызылорда қаласындағы И. Панфилов атындағы №5 мектеп-лицейінің 6-сынып оқушысының аталған жұмысы «Зерде» республикалық ғылыми-зерттеу жобалары конкурсының республикалық кезеңінде үздік деп танылып, ғалымдардың таңданысын туғызды. Нәтижесінде аталған жоба аталмыш байқауда Гран-при иеленген.

«Мұның бірінші ерекшелігі – ұзындық, қашықтық, аудан, көлем, масса өлшем бірліктерімен есептегенде жеңіл. Екіншіден, үлкен өлшем бірліктерді кіші өлшем бірліктермен өрнектеу, ал үшінші ерекшелігі – өлшем бірліктерді бағандап, қосып, азайту. Төртінші ерекшелігі – өлшем бірліктерді ондық бөлшек түрінде өрнектеу, ал бесінші ерекшелігі – үлкен өлшем бірліктерді кіші өлшем бірліктермен өрнектеу. Алтыншы ерекшелігі – үлкен өлшем бірліктерді кіші өлшем бірліктермен өрнектегенде теріс дәрежелі сандармен өрнектеу», – дейді жоба авторы.

Білім бәсекесінде 600-ге жуық қатысушының арасынан дара шыққан қызылордалық оқушының бұл еңбегі математика ғылымына тағы бір жаңа формула ретінде енгізілгенін айта кеткен жөн.

Ширек ғасырда 500 теңге қосылған

«Біздің нарық – жабайы нарық. Қойылған нақты баға жоқ. Бірақ дыбыс саласында көп дубляж актерлері жұмыс істеп, тер төгіп жатыр. Телеарналардың басым көпшілігі шығынын осы дубляжбен жабады», – дейді «Ел» бағдарламасына берген сұхбатында дубляж шебері Азамат Қанапия.



Бүгінге дейін отандық өнердің қарыштауына еңбек сіңіріп, кино саласындағы шетел өнімдерін қазақшалауға барын салған майталман маман әлгі ойын ары қарай жалғап: «Дауыс керек болса, тіпті парад жүргіземіз. Бірақ мемлекет бірде-бір мадақтама беріп, я болмаса алғыс білдіріп немесе мәдениет қайраткері секілді марапаттар табыс етпейді», – дейді ол.

Театр және кино актері мамандығын тамамдаған дубляж шебері Азамат Қанапия ел арасында дара дауысымен танылған жан. Ол «Сұлтан Сүлейман», «Көліктер» сынды фильмдерді дыбыстаған дубляж шебері.

Актердің айтуынша, сериал, киноға дубляж жасау бағасы әлі күнге өзгермепті. «Ашық айтатын болсам, 2001 жылдары «Асау жүрек» сынды сериалдар көп болды. 22 жыл бұрын сериалдың бір сериясына 3500 теңге төлейтін. Бір сериал шамамен 45 минут болады. Ол кезде 3500 теңге көп ақша болатын. Театрда сол жылдары айына 9 мың теңге айлық алатынмын. Бір айда шамамен 20-30 серия оқысаңыз, әжептәуір ақша. Енді, міне, сол уақыттан бері 22 жыл өтті. Қазір дубляждың бір сериясы 4 мың теңге», – дейді бұл мәселе жайында талант иесі.

АРДА БИ

БОС ОРЫНДАРҒА ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы облысы және Жетісу облысы «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, №183, №8 кабинет, анықтама үшін 8(7282) 60-79-51 факс, 8(7282) 30-82-76, «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағына және «Ішкі істер органдарына түсетін үміткерлер үшін бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және оны өту шарттарын, сондай-ақ, оларды бастапқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 211 бұйрығына сәйкес бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу жүргізеді. Негізгі талаптар: Қазақстан Республикасы азаматтарының ішкі істер органдарына қызметке орналасуға құқығы бар, Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, жасы 18-ден кем емес, денсаулығы жақсы және бойы 170 см.-ден төмен емес, тұрғылықты жері бойынша қорғаныс істері жөніндегі қалалық, аудандық бөлімдерде есепте тұрған және саптық қызметке жарамды деп танылған, қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына 35 жасқа дейінгі, мерзімді әскери қызмет өткерген, орта білімнен төмен емес білімі бар адамдар қабылданады, орта басшы құрам лауазымдарына жасы 35-тен аспаған (шекті жасқа жеткен кезде ІІМ желісі бойынша оларда зейнетақы құқығы туындаған жағдайда) жоғары заң білімі бар адамдар қабылданады, сонымен қатар, спорттық, жауынгерлік күрес түрлері және атыс бойынша біліктілік разрядтары бар адамдарға: спорт шеберіне, спорт шеберіне кандидаттарға ерекше көніл бөлінеді. Құжаттарды қабылдау бос лауазымдар тізімдері жарияланған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

2023 жылдың 25 мамырына Алматы облысы және Жетісу облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының бос лауазымдар Т І З І М І

Санаттар	Лауазымдардың атаулары	Біліміне қойылатын талаптар	Кәсіби мінездемелеріне қойылатын талаптар (қызмет спецификасын көрсететін)	МКҚБ бөлімшелерінің атаулары, бос лауазымдардың саны
С-SV-12	**Полицей**	Орта білім	Орта білім Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер. Тиісті ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларының бар болуы. Қарулы Күштер қатарында қызмет еткен.	2-полиция батальоны (Қонаев қаласы) – 20
С-SSP-7	**Аға инспектор-психолог**	Жоғары білім	Нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары психологиялық білім (Психолог) Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті тиісті дағдылар және басқа да міндетті білімдер.	2-полиция батальоны (Қонаев қаласы) – 1
С-SGU-13	**Инспектор-полиграфолог**	Жоғары білім		Кадр саясаты бөлімі-1 (Талдықорған қаласы)
Жалпы бос лауазымдар: 22 бірлік, оның ішінде: басшы құрам – 2 бірлік, қатардағы құрам – 20 бірлік.				

✓ CULTURE

Strong interest of young people to learn English language

In today's world, multilingualism is becoming more and more important. In addition to opening up employment opportunities, being able to speak a foreign language helps to make a real connection with people and to know more about diverse cultures, places and lifestyles. The more proficient you are, the better you can express yourself.

Out of the 6 500 spoken languages in the world today, why choose to learn English? As the third most widely spoken language in the world, English is widely spoken and taught in over 118 countries and is commonly used around the world as a trade language or diplomatic language. It is the language of science, aviation, computers, diplomacy and tourism. Last but not least, it is the language of international communication, the media and the internet.

Therefore, nowadays there is a great interest of young people in learning English. Let's look at the main interests:

1. Education

By learning English young people will increase their chance in continuing their education abroad. Most of scholarships offered will require minimum 6 or 6.5 score for IELTS or similar with any other English Proficiency Test. Therefore, young people learn English and take exams.

2. It is the best way to employment opportunities

From increasing your education of course it'll increase your chance in developing your career as well. English is also the language of business. So if you plan to enter a global workforce, learning English will surely be beneficial for you. It also can open many more future opportunities in your career path.

3. Young people Can Travel To More Countries

English is spoken as a first language in 53 countries and as a second language in over 118 countries, learning the language makes it much easier to travel anywhere. Indeed, airport announcements, train timetables, emergency information and street signs are often available in English, including in countries where the native language uses a different type of alphabet. It goes without saying that, when travelling to a country where you don't speak the language, you are practically guaranteed to find someone who understands at least some English.

In a word, interest in English is the most important starting-point for young people to learn English well. The interest for learning English is still increasing day by day and it will increase as well as it does not lose its relevance.

A. TURLYBEKOVA,
English language teacher of Education and methodological center "Til" of Zhetysu region

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактордың орынбасары:
Жұматай ӘМІРЕЕВ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Мәди АЛЖАНБАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілiп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 653
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы – 20 100, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы – 13 015. Индексі – 65469.

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

✓МҰҚАН ТӨЛЕБАЕВ – 110

САЗ САҢЛАҒЫ



Қазақ классикалық саз өнерінің негізін салушылардың бірі – ұлт мақтанышы Мұқан Төлебаевтың туғанына 110 жыл. Сазгердің соңына қалдырған мол мұрасы елімен бірге жасай беретіні сөзсіз. Туындылары елімізде ғана емес, әлем елдерінің сахна, театр төрлерінде қойылып, тыңдалып келеді. Ол туралы көркем шығармалар, естеліктер, ғылыми зерттеулер жазылған. Біз бұл мақалада Мұқан әкемнің анасы Тәжібала Ақшалқызы әжем жайында айтпақпын.

«Қазақстан тарихы» порталында 2019 жылғы 16 қыркүйекте «Символ музыкальной культуры Казахстана» атты Аян Әденнің мақаласы жарияланды. Біз іздестіріп жүрген мәліметті осы мақаладан оқыдық, автордың дұрыс дерегіне әрі риза болдық, әрі тан болғанымызды да жасырмайын. Алдында баяндағанымыздай, Тәжібала әженің көрген түсі, құсты «бопанай» дегені Әденнің



мақаласында орыс тілінде баяндалған, алайда дерек аз ғана адамдар еншісінде болатын. Десек те әкеміз Мұқан Төлебаевтың өміріне қатысты мәліметтердің жарияланғанына қуаныштымыз.

М. Төлебаев қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында сан алуан формада саз өнерін түрлендіріп, қазаққа мол мұра қалдырған халқының асыл перзенті. Анасы Тәжібала Ақшалқызы ешқандай мектепсіз сөзді түрлеген, табиғи дарыны баласына берілген бақытты ана. Ол 1946 жылы қараша айының 6-сы күні қазақ операсының жауһары «Біржан – Сараның» алғашқы қойылымын тамашалаған сәтін ешқашан ұмытпай, мақтанышпен баяндап отырушы еді. Сол күні ұлына бата бергені, Тәжібала әженің өз ойы мен арагідік айтып қалған сөз түйдектерінен жазылған батасы кітапқа енгізілді.

«Мен сенің тілегіңді өмір бойы тілеймін, жарығым, ал енді жай қолыңды!

Ол осыны айтты да көрпенің үстіне жайғасып отырып:

Өрнектеп өлең айттым күнімізде,
Сұңғыла сөз берген соң тілімізге.
Аққу-әнім бақ болып саған қонды,
Жалғап тәңір бірімізді бірімізге.
Көрген соң Сара ақынды,
сал Біржанды,
Күмбірлеп көңіл тасып, көз қуанды.
Алдында әлеуметтің
қайта айтысқан
Жүйріктер, желеп-жебе Мұқажанды...», – деп бетін сипады.

Мұқан анасының алдына келіп қолын қысты, мейірімге толы жанарымен аялай қарап, кішкене ғана анасын құшағына алды.

...Ол көп кідірместен, өзі айтқандай «Біржан – Сара» операсын қайта-қайта қарап, өңдеп, кей жерін қысқартып, 1949 жылы қайта қойды. Осы қойылымнан кейін М. Төлебаев Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

«Баталы ұл арымас» дегендей, 1958 жылғы соңғы көрсетуге орай КСРО Халық әртісі деген жоғары атақты Қазақстан композиторлары ішінде ең бірінші болып алған М. Төлебаев екеніне тарих куә. Ол сөз бен ән құдіреті арқылы Біржанға, Жетісудың бұлбұлы Сараға өшпес белгі – өміршең туындысымен ескерткіш қойып кетті. Сонымен бірге қазақ музыкасының алтын қорына «Біржан – Сара» операсын табыстап, еліне де, өзіне де мәңгілік бақыт сыйлады. Бұл туындысымен қазақтың біртуар композиторы тек қазақ халқының ғана емес, түркітілдес елдердің де мәдениетіне үлкен үлес қосты. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы Мұқаңның 100 жылдығы тойланған 2013 жылды «Мұқан Төлебаев жылы» деп жариялап, Түркияның Самсон қаласында бірқатар мәдени шаралар өткізді. Одан басқа композитордың атын ұлықтау, ұрпаққа насихаттау мақсатында әр жылдары Семейдің музыкалық училищесі, Балқаш көліндегі теплоход, бірнеше орта мектеп, Алматы қаласында, тағы басқа да елді мекендердегі көшелер қазақтың біртуар композиторының есімімен аталды. Мұқаңның 100 жылдығында Талдықорған қаласында ескерткіші, Лепсі стансысында Мұқан Төлебаев мұражайы ашылды.

Жетісу халқы – қадірлі төркін жұртымның Мұқандай төл перзентінің рухына арналған құрметін көріп, тамашалап жатқанына қуаныштымын. Сонымен бірге киелі Жетісу жерінің ардақты ұлы М. Төлебаевтың 110 жылдық мерейлі жылымен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз табысты болуын тілеймін.

Майра ТӨЛЕБАЕВА

Ақтау қаласы

беріп, перзентті болады екен, оның есімін Құраннан қарап қою қажет. Себебі, құдайдың мейірімі құс болып көрінген. Бірақ оның қандай құс екенін білмеген әжем немересі Бақытқа өз қалауымен лайықтап «бопанай» деп атағанын айтыпты. Кейінірек Бақыт менен бопанай деген қандай құс екенін сұрағанда, мен ешқашан бұл туралы естімегенімді, қандай да бір әдебиеттерден кездестірмегенімді таңдана отырып жеткізіп едім. Сөйтіп, менің есімнен бопанай шықпады, ойша іздестіре келе сөздің төркініне жүгіндім. Біздің туған ауылымыз бұрынғы «Үлгі», қазіргі Мұқан Төлебаев атындағы елді мекенде, соған жақын ауылдарда «бопа» деген диалект бар, ол әдеби ортақ тілдегі «бөпе» яғни – шарана, сәби. Әжеміз ділмар, шешен адам еді. Аталуын білмеген құсты бопанай деген екен-ау! Мен өзімше осылай топшыладым. Басқадай болуы мүмкін емес. Бақыт та біраз қазақ тілі, биология мамандарынан, жоғары оқу орындарында бірге еңбек еткен әріптестерінен сұрастырған екен, алайда бопанай жайында мәлімет болмайды.

...Біздер – Айдар, Майра, Дина, Бақыт, Гүлзира, Мұқанның кенже інісі Әбілмәжіннің балалары, ата-анамызбен, әжеміз Тәжібаламен бірге тұрдық. Әжеміз әдемі киінгенді, тазалықты ұнататын. Барлық көйлек-көншектері жеке сандықшасында ұқыпты бүктеліп сақталушы еді. Әсіресе әдемі кимешектері жинақыланып, теп-тегіс күйінен ауытқымай салынатын. Осы нәрселерін талай рет реттестіруге көмектесетінбіз. Әжемнің ақылымен Мұқан әкемізді Мұқан ата, ортаншы әкемізді папа, өз әкемізді аға деп атадық. Әкелеріміздің есімдері Мұхаметсәлім, Ахметәлім, Әбілмәжін деген күрделі атаулармен аталған себебін сұрағанымызда әжем жауап беруге асықпады да, жақтырмады. Біраз уақыттан кейін ғана ұлдарын құдай тағаланың аяушылықпен бергенін, енді бұл туралы сұрамау керектігін айтты.

Әжеміз айтқан әңгімелерден сіңлім Бақыттың есінде сақталып қалғаны – аяғы ауырлаған кезде көрген түсі. Ол түсінде ірі, қанатын қағып-қағып ұшып кетпекке ұмтылған құсты көреді. Ұшып кетеді-ау дегендей тез қимылдап, аяғынан ұстап қалады. Бірер күн өткен соң осы түсін айнытпай қайта көреді. Іштей таңырқап, ешкімге жария етпей, ауыл молдасына түсін жорытуға барған Тәжібала қуанып келіпті. Жорамалдаған молданың сөзі бойынша құдай тілегін

ТЫЛСЫМ ДУНИЕ

КҮН ЖҮЙЕСІ ЖАСАНДЫ ҚҰРЫЛЫМ БА?

Жеті қат көк пен жеті қат жер астының, одан да ары баратын болсақ, он сегіз мың ғаламның біз түсіндіріп бере алмайтын ғажайыптары көп қой. Сондай ғажайыптардың қатарында біз тіршілік етіп жатқан Күн жүйесінің ғаламаттарын да айтуға болады.



Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Ғалымдардың бір бөлігі Жер ғаламшары айналып жүрген Күн жүйесі өздігінен пайда бола салмаған, яғни бұл планеталарды әлдебір Жоғары сана иелері, оларды Жаратушы құдірет, жерден тыс ғаламда дамыған өркениет өкілдері десек те болады, қатаң есепке құра отырып белгілі бір тәртіппен орналастырған, басқа сөзбен айтқанда қолдан жасаған деген тоқтамға келіп отыр.

Мұндай тоқтамға келуге нақты себептер де жоқ емес. Соның ең бастысына тоқталар болсақ, жоғарыда айтып өткеніміздей, Күн жүйесіндегі планеталардың орналасуы бүкіл әлемге ортақ заңдылыққа, белгілі бір қисынға келе қоймайды.

– Осы уақытқа дейін бізге жақын маңдағы 168 ғарыш жүйесі зерттелді. «Ондағы» барлық планеталар жүйесі бір ғана принциппен құрылған – ең үлкен планета өз күніне ең жақын қашықтықта орналасады. Бұл жерде дәлме-дәл заңдылық байқалады – планета неғұрлым кіші болған сайын жұлдыздан соғұрлым алыстай түседі, – деп жазады Ресей Ғылым академиясына қарасты Ғарыштық зерттеулер институты планеталар физикасы бөлімі лабораториясының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы Леонид Ксанфомалити.

Ғалымның айтуынша, Күнге ең жақын орбитада кіп-кішкентай Меркурий айналып жүр. Ал алып планеталар Юпитер мен Сатурнның орбиталары жарық күнімізден айтарлықтай қашықтықта орналасқан.

Әрине, планеталардың бұлайша аномальді орналасуын негіздейтін ғылыми болжамдар да жоқ емес. Әйтсе де астрономдар осы күнге дейін телескоппен практика жүзінде бұған ұқсас бірдебір жүйені байқай алмаған екен.

– Біздің ғаламға ұқсас жүйелер, кім біледі, мүмкін бар да шығар, – деп сөзін жалғастырады ғалым. – Өйткені біз «аспанның» азғантай бөлігін ғана зерттей алдық. Әйтсе де Юпитердің қазіргі орбитасында пайда болу мүмкіндігін жоққа тән деп есептеймін. («Известия-наука» материалдары бойынша, 12.10.2005).

Бұл болжамды – Күн жүйесінің қалыптасуына сыртқы күштердің араласуы мүмкіндігін Ресей Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Күн-жер физикасы институтының аға ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының кандидаты Сергей Язев та жоққа шығармайды. «Осыдан жиырма шақты жыл бұрын өз абырой-беделін, болашағын ойламайтын ғалым ғана Күн жүйесі құрылымының қалыптасуына жерден тыс өркениеттің араласуы жайында сөз қозғай алатын еді. Дегенмен көзге көрініп тұрған нақты фактіні жоққа шығара алмайсың. Содан кейін де жаңағыдай керемет сәйкестіктерге түсініктеме ретінде жасанды араласу моделін де ұсынуға болады, – дейді ғалым бұл мәселе жайындағы ойын қорыта келе – Бұл жерде әлдебір саналы тіршілік иелері біздің осы күнгі жүйемізді мақсатты түрде қалыптастырды, құрды деп тұжырымдаудан аулақпыз. Барлық аномалиялар өзге бір өркениет өкілдерінің бізге түсініксіз күйде қалып отырған іс-әрекеттерінің жанама салдары болуы да әбден мүмкін».

Иә, байқап отырғанымыздай, Күн жүйесі планеталарының көпшілігі «өз орнында» тұрған жоқ. Егер әлдебір күш оларды сол орынға арнайы апарып қоймаған болса, физика заңдылығына сәйкес олар мүлдем басқаша тәртіпте орналасқан болар еді. Айталық, Уран мен Сатурн, Нептун ғаламшарлары Күнге жақын маңда айналып жүруі тиіс болатын. Жер-Ананы бізге қарай ұшып келе жатқан кометалар мен астероидтердің көпшілігінен қорғап тұрған Юпитер де сол маңнан табылса керек еді. Ең бастысы, адамзаттың талбесігі Жер – Анамыздың жарық Күннен ең оңтайлы қашықтықта, кереметтей қолайлы орында орналасқандығы дер едік.

Бұл сәйкестікке көптеген астрономдар назар аударды. Олардың бірқатары әлдебір Құдіретті күш шын мәнінде өздері жасаған планеталар мен олардың серіктерін бүгінгі орындарына қолмен қойғандай етіп орналастырған деген тұжырымға келді.

Серіктері демекші, осы жерде Жер серігі – Ай арудың ерекшеліктеріне де тоқтала кетейік. Физикалық қасиеттері жағынан алғанда бұл да таңғаларлық нысан. Ол шамалы соққының өзінен бірнеше сағат бойы қоңырау секілді сыңғырлап тұрады. Мұның өзі оның іші қуыс нысан екендігін айғақтайды.

Айдың тағы бір ерекшелігі – оның ауырлық орталығы Жерге геометриялық орталығынан 6 000 метр жақын болып келеді. Астрономдардың есептеп шығарғанындай, мұндай ерекшелігі бар жер серігінің орбитасы, барлық физика заңдарына сәйкес бұлталақтап тұруы, яғни бір шетінен келесі бір шетіне қарай тербетіліп тұруы тиіс болатын. Ондай құбылыс байқалмайды.

Жер тұрғындары қашанда Айдың бір ғана бетін көреді. Ғаламшарымыздың тартылыс күшінің Айға әсер етуінен туындайтын бұл құбылыс синхронды айналу деп аталады. Математикалық жағынан кереметтей дәлдікпен айқындалған бұл үрдіс әлдебір себептермен сәл ғана өзгеріп кететін болса Жер бетіндегі мұхиттардың толысуы мен қайтуы бейберекет сипат алып, кейбір болжамдар бойынша цунами мен зілзалалар қазіргіден жүздеген есе көп болар еді.

Ең бір таңғаларлық мәлімет – Күн Айдан тура 400 есе үлкен, сонымен бір мезгілде Жерден 400 есе алыс қашықтықта. Содан кейін де екеуінің көзімізге шалынатын көлемі шамамен бірдей болып келеді. Егер Күн мен Айдың, Юпитер мен Жердің орбиталары әлдебір себептермен бір ғана градусқа ауытқитын болса Күн жүйесінде планетарлық масштабтағы апаттардың орын алуы ықтимал екен. Содан шығара келе мұның қаншалықты жетілдіріліп, ойластырылған жүйе екендігін бағамдай аламыз.

Белгілі Ресей ғалымдары Михаил Васин мен Александр Щербаковтың 1969 жылы жазған «Ай – сананың жемісі» (Луна – творение разума) атты мақаласы көзі қарақты оқырманның ой-санасын дүр сілкіндірген болатын. Замандастарымызды осы күнге дейін толғантып келе жатқан мақала авторларының ең басты тұжырымы: Жерден тыс күштердің қатысы болмаса Айдың дәл қазіргі қалпында, қазіргі орнында болуы мүмкін емес.

– Бұл табиғи серік емес, жасанды аспан денесі, – деп жазады олар. – Айдың екі бірдей қорғаныс қабаты болуы мүмкін деп ойлаймыз. 4 километрлік тығыз қорғаныс қабаты, ал оның астында қалыңдығы шамамен алғанда 15 шақырымды құрайтын броньді қабаты бар.

Ғалымдардың бұл теориясын Ай бетіндегі диаметрі жүздеген километрге созылған кратерлер тереңдігінің 4 километрден аспайтындығы дәлелдей түседі. Ғылыми қауымдастықтың есептеп шығарғанындай, егер Жер серігін соншалықты алып метеориттер соққылаған болса, оның бетінде кем дегенде тереңдігі 50 километрлік кратерлер қалған болар еді. Бір ғажабы, олай болмай тұр. Метеориттер бейне бір Айдың ішкі бөлігіндегі аса берік қорғаныс қабатына соғылып, үгітілетін сыңайлы...

Мұндай «кездейсоқтықтардың» кездейсоқ бола беретіндігіне ғалымдардың өздері де сене бермейді. Кейбір зерттеушілер осыған орай: «Табиғат қаншалықты мінсіз, ұлы жаратушы болғанымен Ай осы қазіргі орнына мүлдем кездейсоқ келе қалды дегенге сенуім қиын. Одан бұрын мен оны Жер маңына арнайы әкелінген ғарыш кемесі дегенге иланамын. Жалпы алғанда бүкіл Күн жүйесі басқа ешбір жүйеге ұқсамайтын, ешбір ортақ ережеге бағынбайтын қайталанбас құбылыс!», – деп тұжырымдайды.

Жоғарыда айтылғандардан Күн жүйесі тіршілікті туындатуға арналған ғажайып машина, оны сол мақсатпен Жоғары сана иелері, Құдіретті күш қолдан жасады деген тұжырым туындайды.

Ғалымдардың болжамына қарағанда, алғашында тіршілік ұрығы, тұқымы Марс пен Жер, Шолпан планетасының бетіне «себілген» сыңайлы. Онда қолайлы жағдайлар да бар еді. Уақыт өте келе Марс пен Шолпанда тіршілікті дамыту перспективасы жоғы айқындалған кезде планеталар орбитасын өзгерту қажеттігі туындайды...

Енді мына бір ғажайыпқа назар аударайық. Юпитер мен Сатурн, Нептунның жылу шығару, сәулелендіру қуаты орасан. Олар Күннен алған жылу қуатынан екі есе артық жылу шығарады. Бір бүйіріне жатып алып айналатын Уранда ғана мұндай қуат байқалмайды...

Ғалымдар бұдан аталған ғаламшарлардың қойнауында шексіз деуге болатындай энергия көздері бар деген қорытынды жасап отыр. Соған орай көңілде планеталардың орын ауыстыруын басқаратын механизм де дәл сол маңда емес пе екен деген болжам қылаң береді.

Жоғарыда айтылғандардан Күн жүйесі, бұған талбесігіміз көгілдір Жер планетасы да кіреді, әзірше қайталанбас құбылыс, адамзат баласының өсіп-өнуі үшін арнайы жобамен, басқа сөзбен айтқанда Құдіреттің күшімен дүниеге келген ғаламат құрылым деген жалғыз тұжырым туындайды. Ендеше тылсымы терең, тіні нәзік осынау құрылымды мүмкіндігінше аялап сақтау, көз алдыға елестете алмайтындай ғаламат күш-қуатпен қалыптастырылған тепе-теңдікті бұзып алмауға тырысу асыл парызымыз болса керек.

Ұлт ұяты

Айтары айшықты айқара бет

СЕМСЕР СӨЗ

ӨЗ ҰЛТЫН СЫЙЛАМАУ,ОНЫ МАҚТАНЫШ ЕТПЕУ – САТҚЫНДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ. ӨЗІНІҢ ҰЛТЫН СЫЙЛАМАҒАН ҰЛТЫН МАҚТАНЫШ ТҰТА ДА АЛМАЙДЫ. ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШ – СОЛ ҰЛТТЫҢ АДАМЫ ҮШІН ҚАСИЕТТІ ӘРІ БҰЗЫЛМАС ЗАҢ.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ

✓ АЛАШ АМАНАТЫ



Білгені істемейді , наданы білмейді

…Ал енді қазақтың рухы, мінезі, талабы, жігері қандай? Мәдениетті Еуропаға, тез жетілген Жапонияға қазақтың мінезі жанаса ма? Еуропа адамы табанды. Жабысқақ, ісшіл, зерек, ерінбейтін жансебіл келеді. Жапония да сондай тірі, пысық, жігерлі жұрт. Біздің қазақ ше? Өзіміздің озық жұрттарда жоқ «жақсы» мінездің бәрі бізде: керенау, кежір, жалқау, салқам, табансыз, басын бастап, аяғын тастап жүре беретін, жуырда селт етіп ұмтылмайтын, өзіне-өзі сенбейтін, өлі сүйектік, ездік – бәрі біздің ауылда, қайтіп үміт қыларсың?!

Адамшылық, кісіге пайда тигізу, ел қамын ойлау, өнер, білімге ұмтылу деген сияқты жақсы ой, таза ниет қазақта әлі жоқ. Бас пайдасы, құлқын, мақтан, атақтан басқа қасиетті жоғары мақсат аз. Оқығандар болмаса, жалпы жұртқа кірген жоқ. Жазылған, айтылған жақсы ақыл, шын сөз желге кеткенмен бірдей, жұқпай өте шығады. Баспасөзге құмар болып, қолтықтап, қаламы, қаржысымен көмек керсетуші аз, бұл нені көрсетеді? Қамыңды қыл, балаңды оқыт, милиция бол, қазына толтыр, шаруа түзет, уақ қарыз серіктігін, ұйым дүкендерін аш, бірік, сыбағаңды жіберме, малыңды бір қолдан өткіз, пұл алсаң елге әділдікпен тарат, бірлік қыл, партияны таста, араздықты қой, ұрлығыңды жой, аурудан сақтан, таза бол деген сияқты талай қамқорлық сөздер айтылып жатыр. Бұларды орындаған жұрт қанша? Білгені істемейді, наданы білмейді, білейін деп ұмтылмайды. Жұртта жапатармағай оянған бір сезім, өзгеше бір ұмтылыс, бұлқыныс артық байқалмайды. Партиясын қойған, ұрлығын тыйған, береке қылған ел бар ма? Бұл халықтың рухын мәдениетке даяр еместігін, әлі тұнық жатқанын, жуырда қатарға кіре алмайтынын көрсетеді.

Қазақты жуырда жетілдірмейтін тағы бір себеп – діни фанатизм, надандық, ескі ғұрып, ғадат. Бұл қашаннан бойға сіңген дерт. Ескі молдамен алысып, елді адастырған қатесін жойғанша, тіршілік жұмысының барлығын дінге байлағанын қойғызғанша, жаңа оқу харам, жаңа мұғалім кәпір дегенін тоқтатқанша, талай заман өтер. Ақыл мен адамшылық сыйғызбайтын надан атаның ескі ғұрып-ғадатын жоғалту да оңай емес. Бұлар күшті тұрғанда мәдениет кірмейді.

Тәртіпті мектеп-медреселер жаңа ашылғалы жатыр. Олардың бөгетсіз іске асып, қандай жеміс беруі әртүрлі мәдени, мағлұм, саяси шарттарға байлаулы.

Саясат жүзінде ьәр халықтың өз билігі өзінде болуы бәсекелесіп, тез жетілуіне бір үлкен себеп. Қазіргі саяси қаліміз, мемлекет құрылысымыз не болары әзір белгісіз. Автономия алу мәселесі мен қазақтың тез жетілу мәселесі байлаулы деуге болады. Осы уақытта Россияда неше түрлі үкімет туып отыр. Олардың ішінде қазаққа автономия бергісі келмей отырғаны да бар. Ішіп-жеп, азық қылып үйреніп қалған жұрт тіліне тәтті, тісіне жұмсақ қазақтан айырылғысы келмейді. Қазақ сияқты жұрттар автономия болса, Россия бөлек-бөлек мемлекет болса, күші азаяды деп ойлайды. Ол адасқандығы, Россияны тез жетілсін демегені. Германия, Северный Американский Соед Штат, Швейцария неше автономиялы халықтардан құралған мемлекеттер. Олар кімнен осал болып отыр. Бізге автономия бермеймін дегені – жерімізге, елімізге қызыққаны, қомағайлығы, өзімшілдігі.

Ішке айбар, сыртқа қорған болатын ғаскерсіз қай жұрт болсын. Жұрттығын сақтап, ілгері баса алмайды. Онан соңғы зор керек қазына пұл. Екеуі де жуырда көңілдегідей бізде самдай болады деуге болмайды.

Ілгері тез басуға себеп болатын көршілес халықтардың мәдениетті болмағы. Бір көршіміз Япония өнерлі болғанмен жері шалғай, Қытай өзі ылғи қотан ақсақ, шылғи надан. Бұхара о да тоғышар, Ауған, Фарсы шала, орыс өзі шикі, не қылса тәуір көршіге жарығамыз жоқ. Міне, осы жоғарғы айтылған себептерді дәлел қылып, қазақ жақын арада жұрт қатарына кіре қояды деген пікірді асығыс көремін. Батпандап кірген дерт мысқалдап шығады. Сүйекке сіңіп, бойға жайылған қараңғы надандық қазақтың бойынан тез шығып, қазақ буынын бекітіп, оңалып жүріп кеткенше тамыздықтап талай жыл өтіп кетуі мүмкін. Қатты ұйықтаған алыпты қатты соққан боран, шатырлаған жай, сатырлаған оқ оятпаса, ірге желінің түрткенін, масаның ызыңдағанын, бүргенің шаққанын, тұрымтайдың шоқығанын елең қылып серпіліп оянбайды. Жұрт – сол ұйықтаған алып. Ызыңдаған тиіп-қашпа сөзіңді, кемеліне келмей, ұйқысы қанбай құлағына алмайды, міз бақпайды. Қазақ шаң жұтып, тесік өкпе болып соғыс көрсе, ер басына күн туса, қысылса, тез серпіліп оянар еді, ерленер еді, білімге тез бет қояр еді (қырғын көріп жатқан Жетісу елінің жансебіл ерлігі бұған дәлел) бірақ ғылымсыз, өнерсіз надан жұрт соққы көтере алмай шаруасы күйзелген соң басқа кәсіп тауып, жан сақтай алмай азып, тозып, құрып қалуы мүмкін. Ондай күнді қазақтың басына салмасын, мимырттап жетер.

Мұхтар ӘУЕЗОВ,
«Абай» журналы
1918 жыл, №9

✓ ТЕМІРҚАЗЫҚ

Тіл қартаймайды

Ана тіліміз – тарихи тірегіміз. Тіл – сыртқы және ішкі бейнемізді, дәрежемізді, мәдениетіміз бен парасатымызды көрсететін айна іспетті. Оның таза болуы бізге аманат.

Бүгінде жастар арасында қолданылатын жаргон сөздер тілімізді шұбарлап, адам санасын улап барады. Мысалы, «Мәссаған!» деп таңғалудың орнына «Базар жоқ!» дейтіндер шықты. «Дүкенге барсаң тіскебасар немесе тамақ ала келші» деудің орнына: «Магазиннен сушняк, хавчик ала салшы» деп сөйлеу, «Кешкісін қолың бос болса үйге қонақ болып кет» емес, «Кешке если че маған қарай тартыл», «Ата-анаң білмей ме?» деп сұраудың орнына: «Мамкабатялар курста ма?» деген неше түрлі паразит сөздер бар. Осындай сөздер ешқандай фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайды. Тек лексикалық мағынасы ғана болады.

Қаламгер Ғабит Мүсірепов: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді» деген. Сол айтқандай, халқымыздың болашағы мен өткені ұмытылып бара жатқан секілді көрінеді. Тіпті, бүгінгі әндердің көбі жаргон сөздерден құралған. Мысалға Бақай тобының «Опмай-опмай» деген әнін жатқызуға болады.

Опмай-опмай, мыналарың қайтеді?
Ал біреулер Астанада жоқ дейді
Ал біреулер Алматыда бар дейді
Шымкенттің қыздары «зың» дейді
Ақтөбенің қыздары «дың» дейді.

Өлең шумақтарынан ешқандай мағына көрінбейді, тек ұйқас ретінде жазыла берген. «Әні, әуені, ұйқасы мен мағынасы өзара үйлескен Шәмшідей композитор мен Динадай күйші қайда?» – деп қайран қаласың кейде.

Әрбір ел болашағын жастармен байланыстырады. Үміт еткен өскелең ұрпақ тіл үшін күреспесе, мән-мағынасы жоқ жаргон сөзбен алысқа бармаспыз. Онда ертеңгі күнге не қалдырамыз?! Барлығы отбасындағы тәрбиеге тікелей байланысты. Алғаш тілі шыққаннан бастап баланың сөйлеу мәнері үйде, балабақшада, мектеп қабырғасында қалыптасады. Ұлттық мәйекпен сусындаған тілге де орта керек. Сондықтан жастардың сөз қолданысына мән беру – қоғамның, ата-ананың басты міндеті дер едім. Өйткені, тілін сыйламаған адам өзін сыйламайды.

Дана САНСЫЗБАЙ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті

✓ ДЕНСАУЛЫҚ

Әлемді жаулаған фастфуд



ХХІ ғасырда адамға уақыт жетпейді. Ас ішсек те асығыс-үсігіс тамақтанамыз. Кейде жылдам дайындалатын ауқатты дүңгіршектерден ала саламыз. Көлемді шығарма оқуға, ұзақ бейнеүзіктерді көруге уақыт құртқымыз келмейді. Шаруамыздың тез аяқталғанын қалаймыз.

Бүгінде ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін адамдар баршылық. Жылдам жасалынатын затқа әуестігіміз күн санап артып барады. Тіпті, еңбектеген баланың өзі мультфильмнің ортасындағы 5 секундтық жарнаманы көргілері келмей жылап жібереді.

Дәмділеп ас әзірлеуге, оны шәймен асықпай ішіп отырғанға уақытты аяйтынымыз рас. «Fastfood» сөзі ағылшын тілінен «жылдам әзірленетін тамақ» деп аударылады. Fastfood жейтін адамдар оның қандай қауіп төндіретінін білмеуі де мүмкін. Ең зиян фастфуд өнімдеріне пицца, шауырма, фри картоптары, грильдегі тауық еті, хот-дог, чипсы, гамбургер, бургерлер және тағы да басқалары жатады. Бұл тағамдарға адам ағзасына зиянды қоспалар, қант пен тұздың жоғары мөлшері, темекі өнімдері сияқты тәуелділікті тудырады. Әлемнің көптеген елдерінде фастфуд ең арзан тағам болып табылады. Оның үстіне тағам көшеде, көпшілік орында дайындалатындықтан көптің назарын аударып, тәбетін ашады.

Тұтынушылар фастфудты бағасының арзандығына ғана емес, сонымен қатар, дәміне қарай да сатып алады. Түрлі қоспалардың әсерінен әдеттегі тоқаш пен шұжық ерекше нәзік дәмге ие. Фаст фудты үзбей тұтыну артық салмақ, бүйрек, атеросклероз, өтте тастың жиналуы, холестериннің жоғарылауы, қандағы қант деңгейінің көтерілуі, гипертония, бауыр мен ұйқы безі аурулары, кариес, асқазанның ойық жарасы және гастрит сынды кеселге душар етеді.

Бір қарағанда барлығымыз сүйіп тұтынатын фри картобының зияны жоқ сияқты көрінеді. Көкөніс ретінде қолданылып жүрген картоптың қуырылған түрі деп ойлаймыз. Ал сол картоптың маймен қуырылғандағы құрамы 2,5 қорап темекі шеккенмен пара-пар. Темекі шегу кезінде қан тамырларын түзетін жасушалар тобының қызметі 4 сағатқа дейін әлсірейді. Ал бір уыс фри картобын тұтынғанда жасушалар қызметі 24 сағатқа дейін қалпына келмейді. Бұл темекінің ағзаға тигізетін кері әсерінен 6 есе көп. Темекі шегудің жантүршігерлік салдары қораптарда бейнеленгендей, денсаулығымызға зиян келтіретін тағамдардың да салдарын солай түсіну керек.

Британдық жазушы Джордж Оруэлл: «Уақыт өте келе біз пулеметтен емес, консервідегі тамақтан қорқынышты қару болмас деген қорытындыға келеміз», – деген болатын. Кез келген өнім шамадан тыс тұтынылса адам ағзасын зақымдайтыны айдан анық. Үйде дайындалған тағамнан пайдалы ештеңе жоқ. Майлы тағамдар мен жоғары калориялы тағамдардан бас тартуға тырысыңыз. Зиянсыз аспентамақтану принциптерін ұстаныңыз. Бұл – сіздің денсаулығыңызды сақтаудың жалғыз жолы.

Айнұр РАХЫМБЕККЫЗЫ,
ЖУ-дің «Журналистика» мамандығының 3-курс студенті

✓ ҰЛТ ҰСТЫНЫ

Ежелден оюмен ой айтқан елдің ұрпағымыз. Халық даналығы да, ұлт парасаты да, өткеніміз бен бүгінгі дәстүр-салтымыздың жалғастығы да ою-өрнекпен тікелей байланысты өрілетіні тағы бар. Жанға ләззат сыйлайтын эстетикалық мәні зор бұл өнер түрі ата-бабаларымыздың ұлттық бұйымдарында да мықты сақталған. Аумалы-төкпелі заман талқысына түсіп, талай теперішті көрсе де бүгінге бүлінбей жеткен сол мұрамызды тереңдеп тану ұлттық құндылықтарды байытудың таптырмас құралы.

Оюмен ой айтқан

Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің құндылығы мен құпиясы жайлы халық суретшісі Әбілхан Қастеев: «Оюдың түп атасы әсемдеу, безендіру мақсатында туындаған» десе, Әмірғазы Қайыртай: «Классикалық ою-өрнектің 4 тобына: Геометриялық, жан-жануар, хайуанаттар, өсімдік тектес, космогониялық ою-өрнектер жатады», – деп нақтылайды. Қазақтың ою-өрнегін терең зерттеген және өзінің шығармашылығына арқау еткен тұлғалардың дәлелі мен дәйегіне негізделген де, жоғарыда көрсетілген суреттегі бірнеше атадан балаға мұра болып келе жатқан түскиіз өзіндік тарихы мен дәстүрлік шежіресі бар құнды жәдігер.

Атам марқұм Кеңес одағы кезінде жасаса да көне Құран кітабын, Мәзжан қажы атамыздың былғары сөмкесі мен күміспен көмкерілген тостағанын, атан түйенің бас ноқтасын, жоғарыдағы түскиізді сандығына салып, ұқыптап сақтап, бізге аманаттап кеткен еді. Мұндағы аты аталған Мәзжан қажы аты арғы беттегі қазақтарға етене таныс, XIX ғасырда өмір сүрген көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған-тоқығаны мол сауатты адам болған. Медресе ашып, елді оқуға үгіттеген, кәсіпкерлікпен айналысып, ауылдастарын заманға сай өндіріспен айналысуға жетелеген адам. Әкелеріміздің айтуынша, бұл заттар Мәзжан қажыға аталарынан аманаттап қалдырған дүниелер. Әкем Мұқаметқасым Мәзжан қажының кіші ұлы, қара шаңырақ иесі Әбдіқадырдан тарайды. Шешем Күлсімхан Әкпарқызы 1928 жылы туған. Ол кісілер де білімді, білікті жандар еді. Бұл жәдігер маған сол кісілерден қалған болатын.

– Бұл кестені атамыз арнаулы ісмерге тіккізіп, құлынды бие бергізген екен. Оған «Қызай кесте» деп аталатын кесте тігу өнерінің барлық элементін енгізген. Сондықтан қазақ кестесінің сыры мен қырын жақсы түсінетін басқа рудың кестешілері бұл кестедегі ою-өрнек түрін ешқашанда өз еңбектеріне қолданбаған, – деп тапсырып еді шешем.

Жоғарыдағы зерттеушілердің дәлеліне сүйенгенде, бұл ою-өрнекті өсімдік тектес ою-өрнек түріне жатқызуға болады. Демек, бабаларымыз өзінің дүниетанымын жаратылыс дүниесіндегі құбылыстармен тікелей байланыстырып отырған. Сондай-ақ, әр рудың кестешілік өнерінде айқын парық болғаны да анық. Кезіндегі ісмерлер оны жақсы түсінген және бір-біріне құрметпен қараған. Алайда, бүгінгі таңда кесте тігетіндер көп болғанымен оның ерекшелігіне үңілетіндер аз. Сондықтан қазақтың кестешілік өнерінің тарихи сипатын тереңдей зерделеудің қажеттілігі басым.

Фаруза БАЙЫСОВА,
Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі